

12016

2027 к

Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН

# ТАРТУ







*Осы еңбегімді әкем Дәулетхан  
Шылбыұлы мен шешем Жұмахан  
Қабылбекқызының рухына арнаймын!*

**Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН**

«Мерей» баспасы  
Алматы-2013

**Дәулетхан Ә.**

**Д 22 Тарту:** әңгіме, повестер, естеліктер, сын-зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / **Әлімғазы Дәулетхан**/ – Алматы, “Мерей” баспасы - 2013 - 364 бет

**ISBN 978-601-80371-9-1**

Белгілі тарихшы, әдебиетші Ә. Дәулетханның 70 жылдық мерейтойы қарсаңында жарыққа шыққан бұл еңбегінде қаламгердің әр жылдары жазып, баспасөзде жариялаған мақалалары, сұхбаттары мен көрмем шығармалары топтастырылды.

Зерделі оқырман парақтап-бағамдап, төрелігін айтады деген ойдамыз.

**УДК 821.572.922**

**ББК 84 Қаз-4**

**ISBN 978-601-80371-9-1**

**© Дәулетхан Ә, 2013**

**© “Мерей” баспасы**





*Әңгіме, повестер*



# КАНИКУЛДА

Әңгіме

Ақпан айының бір күні. Сәске түс. Мектеп ауласы талайдан бергі тыныштық қалпынан өзгеріп, қайнаған дыр-думанға айналулы.

Көктеуге алғаш келе қалғанда лек-легімен жамырасқан төлдердей, сағынысып табысқан жас достар, есендіктен кейін-ақ қолтықтаса жөнелісті. Олар о жер, бұ жерден көрген жаңалықтарын бір-біріне жарыса сөйлеп оқтын-оқтын иіріліп те алады. Танаулары желбіреп алқына сөйлейді, кейбіреулер біреулерінің сөзіне қонақ та берер емес.

Осылардың ішінде, бәрінен шоғыры көбірек бір тобы аласа бойлы, тәмпиіш мұрындау, дөңгелек жүзді сары балаға сөзді көбірек беріп тұр. Оның қой көзі ажарланып, томпақ бетіне тепсінген қаны бетінде ойнайды. Көңіліндегісін осы жерде-ақ сарқа айта салғысы келіп оқталып жұқа ернімен оны қайта тосады. Сөйтіп тұрып ол:

- Айтпақшы, әлгі тыңайтқыш жоспарларың не болды?- деп сұрап қалғанда өзінің орындалмаған әлпеті бар, күмілжи түсті.

- Оны класқа барғанда айтармыз. Өзіңде не жаңалық бар, түгел айтшы деді, - екінші бір бала.

- Менің жаңалығымның осы жерде түкей қоярын қайдан білдің? Көргенді айтсам да, естігенімді айтсамда мақұл ғой, жүріңдер класқа дегенді ол да қайталады.

- Бәсе, Қалидан бірдеме шығады деп кәукелектей жөнелген топқа «менің әңгімемді естігенде Бекей сяқтылар ерніне абай болсын» деп қалжыңдап та алды. Қалидың қағытқан Бекейі екеу ара қатты қалжыңдасатын салпы ерін болатын. Бәрі жабырласа кірген бөлменің маңдайшасында «орталау 3- жылдық 1- класс» деген жазу тұрды. Төрде көсемдердің рәсімі. Оның ортасында «тазалықта, оқуда үздік класқа тарту» деген екі мақтау қағазы тұр. Тәртіппен тізілген қызыл парталар өз иелерін үнсіз қарсы алды.

- Ал, бастадым әйтсе, деді Қали достарына айнала бір қарап алып. Мен бұл сапарда өліп-тірілдім. Алдашым боран, құтқарушым Ли ағай болды.

- Қалай- қалай? Тынымсыз қу едің, содан тапқан боларсың?

- Тұспал айтсаң да тура айттың, дегенмен өз ерніңе не бол деп Қали тағы бір қағытты.

Шынында өзім де мазасызақпын ғой. Ауылдап келетін атты тоспай, қырға жаю шығып кетпесім бар ма? Бекей бұл жерде тағы бір шалып қалды.

- Тегі, текең жамырап бара жатқан болар?!

- Ой бой, тұра тұршы Бекей ! Сенің ерніңді салпитқан осы қу сөз болар, сірә.

- Е, онда, мынаны өлтіріп тірілткен тынымсыздықты не дейміз?

- Жә, жә, қойыңдар, сөз Қалида...

Әреке сап болды. Қали бастан кешкенін, көргенін айта бастады. Жол-жөнекей сөзді кім бұзса, шөреге сол жығылады десті.

Қойнымда каникулда оқитын кітаптарым бар. Шаршаған бір жерімде аздап дем алып алайын деп, кітап оқи бастадым. Кітап қызығымен қайда отырғанымды ұмытсам керек. Әлде не уақытта айналама қарағанда бір-ақ білдім, сабаумен түтіліп көтерілген жүн будағындай Текестің басынан түтеген бұлттың түрі тым жаман екен. Астан-кестен бөп ұйытқыған ақ түтек ойнақ салып келеді. Білемін, боран айнала соның райына бағып тұна қапты.

Жүрегім қорқыныштан зуылдап жүгіре басып келемін. Амал не, ол менен әлде қашан бұрын қамданған сияқты. Қурай бастары селтендеп діріл қағады. Алдан үскірік, арттан ысқырып келген сұрапыл күш ортасына әудемде-ақ орап алды. Оң-солымды білмеймін. Дошы жел әумесерлене ышқынып, қар түіірлері бетімді осып-осып кетеді. Оның үстіне дәл алдымнан шыққан бұл дүлей күшке қалай төтеп берермін.

Етегімнен жұлқа тартып, өңіріме суық қолын сұқты да қойнымдағы кітаптарымды да додалап үлгірді. Әлгі бір мақтаулы силық қағазыма таласқандай ұйытқыған боран аспанға тік көтеріп әкетті. Қолымды оған созғанда қойнымдағы кітаптарым да ақтарыла шашылды. Бар қорғағаным «Лиу хулән» болыпты. Сол сәтте бойыма бір әл жинала қалды: «мен қайткен уақытта да үйге аман жетемін, жау қолында жадыға туралған Лиу хулән да. бас имей кетіп еді ғой. Міне мені осы күш көп жетеледі. Алға қарап тай-таластым «жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дегендей ішімнің кірнесі сап етер ме, «жүрегімді» төмен тартып түйеше шөгеруге айналды. Қолымнан бар келгені тістене беру болса керек. Балалар оның ернін сонда ғана байқады-ау деймін ерніндегі екі тістің табы әлі өшпеген екен. Қалидың жан азабы мен тән азабының қаншалық екені сонда байқалғандай.

- Өз ыркымның өзімнен кетіп бара жатқанын сеземін. Дүлей күш баса көктеп барады. Уысына «ұсақ ине салған» біреу мені мыты бастағандай болды. Жан-дармен «құтқар» деп бір рет айқай салғанымды білемін...

Уақыт қанша өтті екен білмеймін. Зорланып көзімді ашсам терезесіне перде ұстаған кішілеу бөлмеде жатырмын. Терезе алдында ақ халат киген орта бойлы, аққұба дәрігер қызы лампушканың жарығында кітап оқып отыр. Сырттан үздік-үздік әтештің даусы естіледі. Сірә, менің қыбырымды байқаса керек. Әлгі қыз алдыма жетіп келді. Өңінде қуаныштың күлімдеген ізі бар. Ахуалымды сұрады да диагнозын қойып білегімнен укол ұрды. Орамалмен бетімнің терін сүртіп, бас аяғыма үңіле қарап аз тұрды, сонан соң мені қинамайын дегендей оң жағына бұрылып біреумен әңгімелесіп кетті.

Мен де бұрылып қарадым. Иегін қырау шалған қалқаң құлақ қарт жатыр. Мөлшері алпыстарды алқымдаған адам. Тірінің жұмбағы мынау болды: «мені кім әкелді? Бұл қай жер? Кітаптарым қайда?...» Сұрауыма жауап жоқ, денем ашу аралас тызылдайды. Ауырған жерлерім де енді білініп жатыр.

- Балам ахуалың қандай, тәуірмісің?- деді әлден уақыттан кейін қарт. Мен әй- шәй жоқ әлгі сұрауларымды қоя бастадым. Ол, мүсіркей езу тартып күлді де:

- Асықпа балам, өз үйіміз ғой деді.

Мен тақат қылмай өз жайымды білгім кеп сұрай берсем керек.

- Тынымсыз неме сен тақат қыламысың ернінді қыршып жеп қоймағаныңа шүкір де, - деп Бәкей тағы ілді.

- Жесем сенің артық ернің бар ғой, қарыз ала тұрмаймын ба?- деп Қали қалжыңға қалжың қайтарды.

Көпшілік ду күлді. Қатты арбасатын екі құрдастың екеуі де сөздің мәртін тапты. Сөзге сөз сай келген соң күлмей қайтсін.

Біз келісім бойынша шөренің бірінші ескертуін Бәкейге бердік. Әңгіме бұрынғы арнасына қайта түсті.

- Әй, балам, мен де білмеймін ғой сол жайды, түнде келгенмін мен де, - деді қарт.

- Ал, сонда сіз қайдан келдіңіз? – деп сұрақты қайталадым.

- Мен осы жердегі «Алға коммунасының» арбакешімін. Коммуна құрылғаннан бергі аққұла кәсібім сол. Кешкі дүлей боран есінде шығар. Аржақтағы Темірлікке меймандарды апармақшы болып кеше танертең жолға шығып едім. Жол-жөнекей ақ боран іліп

ажетті. Мына Күнес өзенінің аңғарына түскенде боран бұрынғыдан бетер құтырына күшей соқты. Су өр жағынан ұрса, боран батыстан тықсырып аттарым тар қыспақта қалғандай болды. Сенген көлігіме тықыр таянды. Божыдағы атым сүрінгендей болып еді, қосар атым әлжуазда байтал болатын. Оның екпінімен байтал да омақаасты.

- Алла-ай суға кетті-ау деп тыңдаушысының бірі орнынан ыршып кете жаздағанда салпы ерін Бекей оны бүйірден шынтағымен түртіп қап «тыныш сөз бұзылады, аяқтаған соң Аллалап ал» деп келісімді екінші рет бұзуға себепші болды. Шөре алуға уақыт жоқ, ақырында көрмек боп балалар бір-біріне қарап ернін басты да Қалиға айтып жатқан шал сөзін қайта тыңдадық.

- Сөйтіп, байтал да омақаасты. Боран есімнен шығып сыртқы киімдерімді шештім де атты құтқару үшін суға күмп еттім. Атты қайткенмен ептеп тұрғыздым. Жиренімнің құлағына су кеткен секілді, есенгіреп тұрды. Енді арбаға шығып киінемін десем сол-ақ мұң екен, буыным дір етті де денем қоқшақтай бастады. Ақтық қайратымды жиып, бірқанша рет казекеңнің «аттанына» басып айғай салдым.

Естуімше, осы полктің жағадағы фермасының адамдары құтқарып қалыпты.

Шал міне, осыны айтты. Айтты да бір күрсініп.

- «Өлімнен ұят күшті» деген, екі ат сау екен, бірақ ұят болды ғой, «Тойшыбек бір борандық болмай, ауыл арасында жүріп екі атты суға жығып өзі больницаға түсіпті десе не дермін – деп камығып та қалды.

- Камықпаңыз ата, - дедім мен, кешегі боран барша халыққа аян ғой. Қайта сіздің ісіңіз мадақтарлық болды.

- Шыны солай емес пе? – деп Қали иығын қомдап, алақанын жайды. Оның бұл бейнесі сөзінің дұрыстығын көпшілікке мақұлдату еді, көпшілік «рас ерлік істеген» деп қосылды.

Терезеге қарасам таң да атқан екен. Есікті сықырлатып кірген аяқ дыбысы менің назарымды бөлді: Ал, дохторға мен қалай барғанмын?

- Бұ да бір сүре әңгіме екен, - деді Қали енді өз жайын жалғастырып.

Сестра қызбен келген орта бойлы, бетінің үстінде тамшыдай қалы бар, оң қолын иығына асып таңған сары жігіт пен сұңғақ қара

жігіт екен. Алдымен қартпен қолдасты да, онан соң менің қасыма келіп әлгі сары жігіт қолын нығыма қойды.

- Қалай, бауыр, жақсымысың?

Мен ерін жыбырлатып бетіне қарадым.

Ол жанқалтасынан қағазға ораған бір нәрсемен қоса әлгі кітаптарымды алып «мынаны танысың ба?» деді.

Өз кітабымды алдым да, қағаздағысын өзіне қайтардым.

- Мұны да саған әкелдім, азырақ кәмпит еді, жей ғой.

- Дохтордың кеңесін алайын, - дедім мен.

Салпы ерін Бекей тағы тыныш отырмады.

- Кеңесшілі-ай, шіркіннің, кәмпиттен өлген кімді көрген едің?

Тәртіптің «ала жібін» аттамайтынын өзінің, деп аузын салп еткізді.

Көз алдынан ала мойын кәмпиттерді жорғалатқандай болды.

- «Шөре» алудың шарты толды,- деді тыңдаушының ішіндегі біреу Бекейді бассалып.

- Токтаңдар, - деді тағы біреу сөз бітсін!

Қали жымың етіп Бекейге қарады да өз сөзін жалғап кетті.

- Сөйтсе, сары жігіт ауданнан атпен кеште шығады да, о да боранға тап болады. Мінген аты асаулау екен, әр жерден жалт етіп үркіп келе жатады, менің бастапқы жығылар шақтағы айғайым құлағына шалынады, «әлде кім екен» - деп ойлайды ол, боранда адасқан біреу болу керек. Дауысты естімесем игі еді. Ал, естіп тұрып тастап кетсем адамдық атыма лайық іс емес сондықтан «осы тұс-ау» дейді де шилі өзекке түседі. Аты аяқ астынан жалт береді. Қолы шылбырға тиіп жандәрмен атпен алысады. Топшысы сынған қаздай, қолы салбырап сала береді. Абайласа жол шетінде мен жатқанмын, қолтығыма қол салса жаным бар көрінеді. Атқа салайын десе, ат маңайына жолатпайды. Бір қолымен күштеуге сірескен мен де ырық бермесем керек. Сонымен аркалап алады. Аттың шылбырын беліне шалып алып, мені сыңар қолымен демеп зорға дегенде дохторға әкеледі. Қасындағы қара жігіт ана шалды әкелген ферманың бақташысы болып шықты. Ал, менің құтқарушым Ли фамилиялы адам екен. Жай-күйді айтып болып «жай осылай, жақсы дем ал» деп маңдайымнан сипады.

- Рахмет, аға! – дедім еңбегіңізді халық үшін істеп қайтарармын.

- Рахмет, балам!- дегенді қария жігітке шал да айтып қолын қысып жатты.

Сонымен, Тойшыбек карт 7 күнде жазылып шықты. Мен 12 күн дегенде шықтым. Міне менің көргенім. Боран өлімге алып сүйрегенде Ли ағам мені өмірге әкелді.

Өлгі тыңайтқыш дегендеріңе ұяттымын. Бастапта бұл жөнінде іштеңе дей алмай тайсақтағаным да осы еді. «Шурелеріңді» Бекейден ала беріндер, менің сөзім бітті.

Балалар Бекейді бассалып біраз жұлмалап алды. Шартты түрде «ағатай» дегенше жұлмалады. Демдерін иінінен алып қарқылдаған жас достар артынан өлтірген зиянды жәндіктері мен жиған тыңайтқыштарын тізімдетті, сәлден кейін:

-Тоқтаңдар деді Бекей қолын көтеріп мен де мынадай хабар жазғым келеді. «Каникулда» жиырма екі бала 7600 кило тыңайтқыш, 117 тышқан және «күтқару» деген темаларда.

Балалар қол соқты. Кеште Бекей қағаз қаламын алып хабар жазуға отырды.

*1962 жыл. «Шұғыла» журналы №5. Үрімжі.*

### ***Анықтама ретінде айтарым...***

Қадірлі оқырмандар, бұл шағын әңгіме осыдан 52 жыл бұрын, мен Шинжияң университеті, қытай тіл-әдебиеті факультетінің дайындық бөлімінде оқып жүргенде жазылып, 1962 жылы қазақ ақын-жазушыларының жалғыз әдеби журналы «Шұғыланың» 5 номерінде жарияланып еді. Әңгіме, менің тырнақ алды туындым болуымен де соншама балаңдығына қарамай, жазуға деген құштарлығымды да танытатындай еңбегім болған соң кітабыма енгізіп отырмын.

Бұл әңгіменің менің тағдыр-тәлейімді айқындағандай болған айрықша мән-маңызы да бар еді. Қытайдың жоғары оқу орнына қабылдау тәртібі бойынша емтихан тапсырғанда үш пәнді таңдап жазуың керек. Емтихан нәтижеде сол үш пәннің қайсысынан жоғары бал жинасаң, сол пән негіз болған факультетке сырттай-ақ бөліп жібереді.

Мен тарих-география бойынша жоғары бал алыппын. Сондықтан тарих-география факультетінің дайындық бөліміне бөлініппін. Тіл-әдебиет факультеті арман болып қалды. Бірақ, екі ай бойы тіл-әдебиеттің дайындық бөліміндегі журналда аты-жөнім болмаса да қыстырылып оқи бердім Сынып жетекшісі мен класком

ТАҒДЫР деген қатыгез-ау, сәулем! Мен өзімді меңдеткен ғашықтық дертінен айыға алмай сенделіп жүргенімде, жығылған үстіне жұдырық дегендей тағы бір көңіلسіздікке тап болдым. Сен көңілінде ешнәрсе жоқ алаңсыз көп қыздардың біріндей-ақ шарқ ұрып, жайраң қағып Алматыға тартып кетіпсің. Мен дал болған күйімде өзіңе таныс тіршілік күйбеңімен «Қайыңтөбе» бауырында қозысы бөлінген беймаза саулықтардың у-шуы арасында қала бердім.

Сәулем, сенің күн сәулетті Алматыға білім іздеп кетуіңе қуанбасам, ренжімейтінім өзіңе аян емес пе еді. Егер менің махаббат антына адал, ақ жүрегімді қатыгездіктің қара қанжарымен паршаламағаныңда, сені мына өмір сапарына өз қолыммен аттандырып, қайырлы сапар тілеп қала бермес пе едім. Онда мына қозысын жоқтап жарыса маңыраған саулықтар шуылы маған сан дауысты симфония оркестрінің әсем әуені болып естілмес пе еді. Қара күздің адамды мезі қылар мына суық желі де сенің аяулы алақаның болып жүзімді аймаламас па, алабұртқан ақ тілек «Көкайдын» көлінің сайраншыл құстарындай көңіл көгінде шарқ ұрмас па?!

Қалған көңіл сынған шыны сияқты деуші еді. Көңілімнің қалғаны, қалыбына келместей тоз-тозы шыға жаздағаны да рас. Бірақ ашу алды, ақыл соңы ғой. Тағы сабырмен күттім. Жастық албырттығы шығар, сабасына түсер, ақ ниет, адал жүрек әміріне әлі-ақ иілер деп ойлады. Жыл құсындай шарқ ұрған бірінші хатыңды екі көзім төртеу боп күттім. Әр нәрсенің өз мезгілі, өз орны бар ғой. Уақыт өткен сайын әлгі байсалды ойдың да берекеті кете бастады. Кейде сенің тұрақсыздығың сияқты бір құбыжық елестер көз алдыма келетін болып жүрді. Бірақ оған қалай ауыз барар.

Бұлтсыз ашық күні ойнаған найзағайдай сенен оқыс хат келе қалды. Әсия, сүйікті көгершінім менің! Қаншама сарғая күткен айлар өтіп кетті. Қалай ғана осыншама сабырлы болып кетіп едің? Не жазды екенсің? Оқып тауыса алмай есі шықсын дегендей, ерінбей көпірте жазған сияқтысың. Сасқалақтағаным сонша, томпайған қалың конвертті асығыс ашып жіберіп, қолым қалтырай отырып хатты оқи жөнелдім. О, құдайым-ай десеңші. Бұлтсыз ашық күні



ойнаған найзағай деген бәле аузыма қайдан ғана түсе қалып еді. Оның төбеме жасыл болып жайрата түсерін қайдан білейін. Бұл тағдырға не жазып едім? Қай қылығымнан таптым екен? Әлде, қуанышты кімнен тапса, ренішті де содан табарсың деген осы болғаны ма!

Сен бүкпесіздікпен ағыңнан ақтарыла, қанжылай отырып бәрін айттысың. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін сойқандарым. Әсия, сүйікті көгершінім менің! Сенен біржола айырылғаным ба? Мұнан бұрынғы алдан күтер болымсыз үмітімнің өзінен жүдә етпексің бе? Қабырғам қайысып, бұғанам сөгілер ауыр қаза мұнан артық болмас. Жетімдік қасіретін ерте тартқан мен бейбаққа бұдан ауыр тағы да қандай қаскөй қиянат болар дейсің. Өмірдегі бар жақын да жанашырым, көңілімнің көктемі, қиялымның қанаты сен ғана едің. Сен өмірімнің айрылмас бір бөлігіне, кем болса болмайтын керегіне айналып кетіп едің. Осы бір қиыр шетте сенімен табыстырған тағдырға айтар алғысым көп-ақ еді. Сенсең, сәулем, менің сенсіз, сені ойламай жүрген ешбір кезім болған емес екен.

Түу бастан-ақ солай еді.

\*\*\*

Мен сендердің ауылдарыңа бара қалған жылғы қыс өте қатты болып еді ғой. Күн құрғатпай соғатын ақтүтек боран, бет қаратпас қызылшұнақ аяз, үй-үйлер арасындағы шатырға дейін көтерілген жал-жал қасат қарлар талай уақытқа дейін әр үйді оңашалап, өзара көршілік қарым-қатынастан айырып тастады емес пе? Онсыз да ешкімді танымайтын мен сияқты бөгде жандар состиып, баяғы бөгделік қалпында қала берді. Түйілген қабақ пен томсырайған жатырқау тек көктемнің жылы лебімен әлде қайда ғайып болған сияқты. Мен ауыл адамдарымен көктемнің шым-шымдап бойға кірген жылуымен бірге кірігіп ішті-тысты араласып кеткендей болдым.

Сендер мен біздің үйдің арасын тосып тұратын қар дуалы әлдеқашан жоқ болған. Ауыл сыртындағы шетсіз, шексіз алып сахара менің көзіме азалы ақ көрпесін сыпырып тастап, керіле кең тыныс ап, аруақтанып көрінеді. Қызылды-жасылды көктем гүлдері күн өткен сайын өршіген өрттей алаулап кең даланы кернеп барады. Буыны бекіп қарақұлақтанған қозы-лақ, момақан

бұзау, құлдыр құлын өз тіршілігінің думанды бір кезеңіне енді жеткенін сезгендей шарқ ұрып асыр салуда. Жеңіл киінген ойыншыл ауыл балаларының қуанышында шек жоқ. Көше бойындағы балапан тал, теректер күн қызуымен бөрігіп, әлдене қарекетке, ашық қимылға әзірленіп жатқандай. Күншуаққа төселген кигіз үстіне орныға отырып алып, екі дүние тірлігінен түк қалдырмай әңгіме дүкенін қыздырған шал-кемпірлердің желпінген көңілді күлкілерін айтсаңшы.

Адам жанына ләззат құяр, тәтті сезімге толы жақсы күндер бірінен соң бірі өтіп, тіршілік тынысын кеңейте берді.

Көктемнің сондай жайдары күндерінің бірі еді. Менің есімнен кетпес қызықты хикая сол күннен басталған болатын. Амал қанша, сен оны менше сезе алмайсың. Сондықтан менше қадірлеп еске де ала алмайсың. Бірақ, ол үшін сені мен айыптап отырғаным жоқ. Өйткені онда алғаш тұтанған менің жүрек отым бар, сен ол кезде ешбір алаңсызсың. Кинодан алған әсерлеріңмен болып, құрбы қызың екеуің бір тәтті сезім әлдиімен қолтықтасып біздің алдыңғы жағымызда кетіп бара жатқансыңдар. Біраз жүрген соң қатарласа кеттік. Әуелі тосырқай қарасақ та, кинодан алған әсерлеріміз бізді әңгімеге онай тартты. Әңгіме домбыра, баян жөнінде болды. Сен қиялыңды әсем дүниеге елтігендей өте бір толқыған қалыпта келе жатып:

- Шіркін, жаңағы қыз сияқты саусағынан күй сорғалаған домбырашы болар ма едім, әттең! - деп барып үндемей қалдың. Сосын әлдене есіңе келе қалды білем, жалт етіп маған қарадың да, еркелеген баладай нәзік бір ұяң үнмен:

- Ағай, сіз домбыраны жақсы шертеді дейді ғой, маған үйретер ма екенсіз? Ерінбей-ақ үйренер едім, музыканы өте жақсы көремін! - дедің.

- О, қарындас, музыканы менің қаншалық сүйетінімді білсең ғой, шіркін! Музыканы өзі орындай алмаса да, сүйе білмеген адамнан бақытсыз жан болмас. Ал шын ықыласыңмен үйренуге бел байласаң, мен дайынмын, қарындас. Қуана-қуана қарсы аламын. Қаншалық өнерім болса, соны аямауға тырысармын. Бірақ менің өнер өрнегім сені қанағаттандыра ала ма, жоқ па, ол арасын білмедім, - дедім, қуанышымды да, күдігімді де жасырмай. Сен менен мұншалық ағыл-тегіл дархандықты күтпеген жандай

абдырап қалдың. Бірақ жас өспірім қызға тән алыпшұла қызу қандылығың өз ықыласыңды тез білдіруге итермелеп тұрғандығы айқын аңғарылды.

- Рахмет, ағай. Ықыласыңызға рахмет. Қайтсем де үйренуге тырысайын,- дедің.

Сәулем, содан бері қаншама уақыт өтіп кетті. Дегенмен қиын да болса, сол кезді есіңе алуға тырысшы. Әрқандай игі істің басталу сәті сүйкімді ғой.

Сәуірдің орта шені. Сенің қаладан жаңа келген кезің. Айлы түн еді. Дәл төбеге келген сүйкімді ай бізге ақ сәулесін молынан төгіп тұрған. Сәуір аспанын алып қаланың мерекелі кешіндегі нұр жайнатып жымыңдаған сан жұлдыздың жарасымын айсаңшы. Күңгейден майда самал есіп, сенің плашынды сусылдатып, төгілген кекіл шашышынды желкілдете желпіп тұрды. Әлі де салқын сазы айыға қоймаған кешкі шыңылтыр ауа бойымызды сергітіп жіберіпті. Бәріміз де бір көңілді әңгімеге, игі тілекті зауыққа апарар жол іздегендей әрнені бір айтып шүйіркелесе кеттік. Әсіресе мен бір түрлі жеңілейін, жан дүнием әлде қалай бір тілекті ойдың шарапатымен нұрланып кеткендей болдым.

Енді ойлап қарасам, сол бір қайталанбастай әсемдіктер әлеміне менің саған деген махаббат жұлдызым жарк етіп көтерілген екен. Содан бері жатсам да, тұрсам да сәуірдің сол бір қасиетті кешін, менің сүйікті жарық жұлдызымды көңіл көзімнен бір минут та шет қалдырған емеспін.

Махаббат! Сен бір ғажайып сырға бай сиқырлы дүниесің-ау. Кейбір қыздармен жастайыңнан бірге өсіп, біте қайнасаң да ешбір махаббат сезімі оянбай сіз-бізден әрі аспауы мүмкін. Ал кейде бір қыздармен сырласа келе нағыз сабырлы ой, саналы сезіммен құлай берілуің мүмкін. Ал кейбір тұста ол басқаша бір қырынан қылаң береді. Сезімтал ақынның соқпа шабыты сияқты ол кейде сүйкімді қыздың болымсыз бір қылығы мен жәй бір сөзінен де тұтанып, алаулаған өртке айналуы мүмкін екен. Менің жүрек төріме ұшып түскен сол кешкі кішкене шок күн өткен сайын ұлғайып, қызыл канатын кең жайып, тұла бойымды кернеп кетті. Сені көргім келеді, әлде қалай бір әуестік жанқұмарлығы мазалап тынышымды алады. Бұрынғыдай ешбір әзіл, қалжың, көз сүріндірер көрік мені өзіне тарта алмай қойды.

бердім. Бірақ айта келе тағы созып, ән ауенін әрбір сөзге бөліп, шегелеп айтып кетіппін. Сен кәдімгідей өкпелеп: «Апыр-ай, неге сонша созасыз деймін. Жылдамдатыңқырап, былай айтсаңыз жақсы болмай ма?» - деп, өзің айта жөнелесің. Мен дауласа кетемін. Мұндай әндерді жай баптап, жүрекке орнықтыра айтқан жақсы. Өзі орны толмастай өкініштен, махаббат мұңынан туған әнді қалайша ентіктіре, ентелете айтарсын деймін. Сен шынында солай шығар дегендей ойланғаныңмен, тағы жыға мойынсал болмайтынсың. Әсия, сол әнді дәл осы кезде менше нашына келтіре бір созып айтып көрші. Шын жүректен шыққан ән қашанда адаспастан жүрекке барып, өз қалпында ұялайтынын сонда сезінесің.

\*\*\*

Ауылдың сәні сендер екенсіңдер-ау қыздар! Сендер оқуға аттанғалы мен жұртта қалғандай құлазып кеттім. Осыншама кең дүние тарылып, менің екі өкпемнен қысып тұрғандай. Жаздың мына қызылды-жасылды әсем көрінісі де онша қызықтыра алмады. Жалғыз адамды ой ториды. Күндіз кешке дейін ең далада қой соңында жүру дегеннің қандай қиын екенін енді ғана сезінгендеймін.

Мен асыға күткен жазғы демалыс та келді-ау, әйтеуір. «Адам жылқы мінезді» деген ғой. Міне «Қарасу» өңіріне жаз да енді келді. Биылғы жаз қандай көңілді өтіп жатыр деймін өзіме өзім. Сендер келіп ауылдың бір беткей қалыпты тіршілігін өзгертіп жібердіңдер.

Мен енді қойға кеткім келмейтін болып қалдым. Бірақ тіршілік жөні бір басқа ғой. Өріске айдасаң да кеткісі келмейтін жаңа боталаған інгендей жалтақтап айналсоқтап жүріп әйтеуір кетемін. Бір абұйыры, жайлауымыз ауылдан алыс емес. Қойды кезектесіп бағып, демалыста үйде боламыз.

Адам неден тапшылық көрсе, ерегіскендей соны аңсап, армандай беретіні несі екен. Қарның ашып, ішегің шұрылдаса бір тояр асты да құмарта армандамайсың ба.

Саған деген махаббат күн өткен сайын меңдеткен ыстық сезімдер жайлаудан ауылға қарай дедек қақтыра әкелген болатын. Қыз-жігіттер көкмайсаға жиналып, доп ойнап жүр екен. Сонадайдан дегбірім таусыла сені іздеймін.

*...Сары ағаш сазға біткен секілденіп,*

*Қай жерде отыр екен бұраң белім* – деп, ыңылдап ән айтып та келеді екенмін. Әне, менің Әсиям. Мен жақсы көретін қызыл көйлегін киіп, мойнына көк жасыл орамалын бос салып, жайраң қағып үйінен шыға келді. Шашын бір бұрым етіп өріп, ұшын ақ бантиктен гүлдеп қойыпты. Өзін өзі еркелеткендей ырғала басып, жүрген жүрісінің өзі қандай әсем еді. Мен аттан түскен бойы жүгіріп барып құшақтай алғым, құшырлана сүйгім келді. Ауызыма әлде бір тәтті дәм үйірілгендей болады. Неге екені белгісіз, соның арасынша өзімді бейшара бақытсыз жандай сезіне қалдым. «Саған ондай бақыт қайда. Әсия сені сүйе ме, әне, саған қарай да қоймастан, төбеңнен жүріп өткендей қиыс басып, қыз-жігіттерге қосылып кетті ғой» деген бір оңбаған ой келе қалды.

Адам бір көңілсіздікке тап болса, қай-қайдағы жайсыз, үмітсіз ойлар жемтікке жиналған құзғындай жан-жақтан қаптап кететін әдеті емес пе. Міне, тағы бір ой маған «Қой, қалқам, Әсия онжылдықты бітірісімен оқуға кетеді. Сені не қылады?» десе, тағы бір ой «Әсияның анасы сен сияқты жетімге қызын бере салар» дейді. «Әнеу күні Әсия екеуің домбыра шертіп отырғанда «Ей, қарағым Әкпар, осы үйді жынойнаққа айналдырмасаң қайтеді. Әсия, мынау отырысыңды екінші көрсетпе. Дүкенге бар, үнді шайы келіпті» деп, есігін біржола жапқанын ұмытып кеттің бе» деп табалайды. Шынында осы мен құр тұлыпқа мөңіреп жүрген жоқпын ба. Апаңның мейіріне ілікпеген адам сенің үйіңде бір шыны шайды да сіңіріп іше алмайтынын мен ғана емес, бүкіл ел біледі.

Бірді айтып, бірге кетемін-ау. Ия, сен бұрала басып қыз-жігіттерге қосылып кеттің. Мен ұзақ жолда атынан айырылған бейшара жолаушыдай бір шетте жалғыз қалдым. Сендердің қол бұлғап шақырғандарың, тілті, мені мазақтағандай болып көрінді. Ызаға булығып кеттім. Үйден домбырамды алып шығып, орындыққа отырып, «Ақ бантикті» безектете жөнелдім. Әуендер тағы-тағы жалғаса берді. Мен бұл дүниенің көңілсіз көріністерінен біржола алыстап кеткендеймін. Бір кезде қолым талып, көзім қарауытқандай болды. Тұла бойым су болап терлеп кетіпмін. Қарным да әбден ашқан екен. Үйіріле бастаған кешкі алакеуім үйдің мен отырған жағын көлеңкелей бастапты. Кешкі серуенге дөңгеленіп Айсұлу шығыпты. Бірақ, әлдене көңілсіз

арудай бозарып солғын көрінді маған. «Қарасудың» майда қоңыр самалы кешкі тыныштықты бұза айқайласқан қыз-жігіттердің дауысын шалқытып, жаңғырықтырып жеткізеді. Әсия есіме түсіп кетіп тағы да тұнжырай қалдым. Бағана оны жек көріп қалған сияқты едім. Қайдам, оған деген құштарлығым енді мың есе асқан сияқты. Өзегім өртенгендей ду етті. Өз-өзімнен дірілдеп барамын. Әлдене дыбысқа селт етіп қйырылғанымда біреу келіп қос алақанымен қолымды баса қойды. Сондай ыстық, жұмсақ алақанды сірә көрмеген шығармын. Оның еңтіге алған демі төбе шашымды желпіп тұр. Өн бойымды бір нәзік саусақпен еркелете қытықтап тұрғандай рахат сезімге бөлендім. Егер ол сыңғырлай күліп жібермегенде көзімді басқан саусақтарын сипаған күйі отыра бергім бар. Ол алдыңғы жағыма шығып, ақсия күліп тұр.

- Әсия – деп, айғайлап жіберіппін.

- Отырыс сіздікі ғой. Елден ала бөтен бұныңыз не?

- Жай ғой, Әсия. Өзімше отырғым келген соң. Мына кеш қандай жақсы,ә! Ана айға қарашы, қандай нұрлы, қандай әсем! – деппін абдырап.

- Е, жай болғаны жақсы да.

Сен жеңіл күрсініп қойдың. Сосын зілсіз, кекесін үнмен:

- Мынау отырысыңыз айдың сұлулығын қызықтап отырғанға ұқсамайды ғой,- дедің. Мен өте қысылып қалдым. Бірақ, көңіл көгіндегі ала бұлттар әлде қашан ғайып болған. Жүрегіме шабытты сезімдер, құштарлық тілектер жан-жақтан тамшылап құйыла бастағандай. Сен қырындай келіп оң жағыма отырдың. Ай сәулесі әлі асып түсе алмай тұрған менің дөңбек орындығымның төңірегі алакеуім көлеңке еді. Ол бізді жат көздерден жасырып тұрғандай сезіледі. Ал мен болсам бара-бара еркінсіп, скеу ғанамызға арналған өз үй, өлең төсегімізде отырғандай-ақ батырланып кеттім.

- Әсия, сені құдайдың өзі әкеліп берген шығар маған. Әйтпесе келмес едің ғой, - деппін.

- Құдайдың өзі дейсіз бе? Егер өзім келген болса ше?

- Әй, қайдам. Өзің келетін болсаң, бағана қайда қалып едің? Иә, Әсия мен саған өте ренжідім.

Сен маған сұраулы көзбен қарап тұрдың да:

- М-м, солай деңіз. Ал сонда сізді ренжіткен мен болғаным ба? - дедің кәдімгідей танданған пішінде:

- Жай біреуге ренжіп қайтем. Әрине өзіңе.

- Сонда сізді менен басқа ешкім ренжітпей, қуандыра беретін болса, өміріңіз қуанышты күлкімен өтеді екен ғой.

Сен әлде қалай кекесін аралас айттың мұны.

- Әсияжан, мен өкпелеуді жақын адамдар арасында болатын базыналық, сүйіспеншілікті қызғыштай қорудан болатын сезім толғанысы деген мәнде айтып отырмын. Ал жай адамдар арасында ондай сезімдер бола бермейді ғой.

Сен менің домбырамның құлағын біраз сипалап отырдың да:

- Түсінсем бұйырмасын. Сізді ренжітейін деген ойым жоқ еді. Бірақ бар нәрсе ойлағандай бола бере ме. Мені бағана келмей кетті деп отырсыз ғой. Ренжімеңіз. Әйелдер арасында бір өсектер шығыпты деп естідім Мәриядан. Жынданар осы ел. Біздің өсекке ілінер неміз бар осы. Апам да қай-қайдағы бір нәрселерді айтып, құлағымды сарсытты.

Сен дауысыңды бірде қатайтып, бірде сыбырлағандай жай-жай шығарп, осылай толқи ұзақ сөйледің. Мен сені аяп кеттім. Қарап тұрып сенің шайқалмаған тұнығыңа тас лақтырғандай болғаным өкінгенім сонша, өзімді өзім сондай жек көріп қалдым. Сен менің қолайсызданған көңіл күйімді сезе қойдың білем, орныңнан лып етіп тұрдың да, алақаныңды сарт еткізіп:

- Мейлі, ел не десе ол дей берсін. Қанеки, ән айтайықшы. «Арайлымды» айтайық,- делің. Осы сөзіңмен мені шыңыраудан жұлып алғандай болдың. Екеуіміз қосылып «Арайлымды» сызылта жөнелдік. Сенің көзіңнен шабыт ұшқыны сияқты бір жарқыл көрінді. Жан дүниемді жарқылдатып жеңілдетіп жіберді. «Қарасудың» мөлдір аспаны әсем әуендерге толып кетті. Бар әлем бізге үн қосып, шапалақ соғып тұрғандай дүмбірлейді. Мен өзімді, басқа адамдарды бір жола ұмытып кеттім. Әлден уақыттан кейін қызу тілекті толқыған күймен шалқып отырып, өзіңе арналған әнім еді деп «Сәулешім» деген әнімді айтып бердім. Сен біреу шымшып алғандай селк етіп, кейін шегініп кеттің. Жанарың әлде бір арпалыс сезіммен жарқ етті. Шырқау биікке көтерілген ай сәулесі сенің нұр дидарыңдағы ұятты қысылыс ажарын айқын көрсетіп тұр.

- Маған ба? Қойыңызшы, мен ән арнарлық сіздің кіміңіз едім? Сондай да қалжың бола ма екен? Бір сұлуға арнаған әніңіз шығар, - дедің қызарақтап.

- Жоқ, Әсия, тұп-тура өзіңе арналған әнім бұл, адресі анық. Тек сенің кәдеңе жараса болғаны, - дедім мен де толқыған күйде. Сен қолыңды жай сермеп:

- Қойыңыз, ағай, мынаны ел естісе, апам естісе, не болғаны. Масқара ғой! Дауысың тарғылданып шықты.

- Әсияжан, мен жүрегімдегі сезімді айтып отырмын. Жүрек шіркіннің әмірінен күшті не бар бұл дүниеде. Ал оның несі масқара, қайта бақыт емес пе?

- Өтінемін, қойыңыз, ағай. Жүрегіңізде, өз ішіңізде арнап жүре беріңіз, әйтпесе. Құдай үшін солай етіңіз. Жалынамын, басқаларға айта көрмеңіз.

Сен жалбарынған үнмен осыны үзіп-үзіп жыламсырай айттың да, бетіңді басып, үйіңе қарай тұра жүгірдің.

- Әсия, Әсия, тоқтай тұршы, - деп, дауыстаған күйі орнымнан қарғып тұрдым. Бірақ аяғымда жан жоқ сияқты. Қалтырап кетіппін. Сен есігіңді асығыс ашқан күйі үйіңе кіріп кеттің. Мен тұра беріппін, тұра беріппін.

*Келді кеудем мұң-шері бір басылмай,*

*Ұзақ тәзді өзінен сырды асырмай.*

*Жетті сағат, ол-дағы уға толы,*

*Уға толған ажалдың құмырасындай.*

Есіме қайдан келе қалды екен. Байронның осы бір мөймілдеген уға толы аңы өлеңін күбірлеп оқып тұр екемін. «Апыр-ау, жанына көлеңке түсіп көрмеген көгершінімді қалай ренжітіп алдым, ә. Жылап кетті ғой деймін. Неғып ұстамсыздық етіп егіле қалып едім», - деп, өзімді өзім кіналаймын. «Қашанға дейін өзімді өзім алдаймын. Шыдамның да шегі бар ғой. Қайтер дейсің. Тосын сөзді тосырқап қалған шығар. Ой әлеміндегі бұл арналыстарға шыдай алар емеспін». Үйге кіріп жатып қалдым.

Күндер жылжып өте берді. Бірақ тек өтпей, мені біржола күйзелтіп, құлазытып өтті. Сен көзге көрініп, далаға шығуды қойдың. Үйіңе барып жағдайыңды білетін күй менде жоқ. Болдырған аттай сенделіп, ұсқыным кетті. Ешкіммен ашық жарқын сөйлескім келмейді. «Таз бастан тарақ қалғалы қашан» дегендей, есік алдына шығып ән айту қалғалы қашан.

Адамның көңіл қалуы деген де тентек бала сияқты тынымсыз, қанағатсыз. Әсіресе, алдағы болар қызығына тезірек жету



үшін уақыттың шапшаң өтуін құлшына тілейді. Күн өткен сайын қуанып, елегізеді. Сол көздеген күні жақындаған сайын қосқан бәйгесі мәреге жақындап қалған атбегіндей сабырсызданады. Амал қанша, біз сол сабырсыздығымызбен мына жарық дүниеде жасар ғұмырымыздың күннен күнге азайып бара жатқанын, тіпті өміріміздің тезірек өткенін тілегендей болатынымызды сезбей де қалады екенбіз. Бірақ шарқ ұрып өз бақытын іздеген жас жүрек қажетті кезеңін асыға күтпей қайтсін?

Менің асыға күтерім жаңа жыл еді. Міне, табаны күректей төрт айды да өткізіп салдым. Күткен жаңа жыл да келді. Қарсаң. Желтоқсанның соңғы кеші мерекелік кешке үйлескісі келгендей биязы мінез көрсетіп, жайдары тұр. Күллі әлем аппақ. Ағаш басындағы қырауларды жай желіп желтоқсан ызғырығы еседі. Тап-таза шаңылтыр ауа дененді ширатып, жаныңды сергітеді.

Кеш болысымен ауылдағы кәрі-жас клубқа қарай ағыла бастаған. Жарасымды әзіл-қалжың, көтеріңкі көңілді дауыстар. Аяқ астында тапталған шыны қардың қыршылы. Бәрі де бір қуанышты көңіл-күй үйлесіміндей жарасым тауып тұр.

Ауылдың кішкене клубы жас отаудай жайнап кетіпті. Айқұш-ұйқыш тартылған түрлі шырақтар сәулесі кемпірқосақша құбылап көздің жауын алады. Сахна алдындағы төбеге тіреле күлтеленген әлем-жәлем шырша бейнесі балаларды қарық қып тастапты. Улап-шулап әрнені айтып, әңгімелесіп жүргендей болады.

Ал менің қалауым, менің аңсауым олардан басқа сияқты. Ешнәрсеге байсалды көзбен тұрақтап қарай алмаймын. Ешкіммен де мереке қуанышына шешім ортақтаса алмай, алақ-жұлақ етіп байыз таппай жүрмін. Ауыл жастары жаңа жыл құрметіне ойын дайындағанбыз. Менің айтатын әндерім де болатын. Әзір ол да есте жоқ. Сахна артындағы асығыс жүріп жатқан соңғы жаттығудың у-шуы құлағыма кіріп шығар емес. Бір шегте омалып отырмын. Жайшылықта «көп адам алдында ыржақтап отыру – ынжықтың ісі» деген сөзді басқаларға өзім айтушы едім. Қызық емес пе? Міне, өзім ынжықтарша бейшараланып отырмын.

Қыздар топ-тобымен келе бастады. Сен неге көрінбедің, сәулем? Менің иығымнан масылша басып отырған осы ой ғой.

Уақыт зымырап өтіп барады. Міне, концерт те басталды. Мен кезекті нөміріме шықтым. Отыргандардың ұзақ уақыт ду қол

шапалақ ұрғанына қарағанда жаман айтпаған сияқтымын. Өзім де білмеймін, қандай күш жар болды екен. Мен айтқан ән соншалық әсерлі, тебіренерлік болды. Көпшілік тағы бір ән айтуымды қиыла өтінген соң, домбырамның құлағын бұрап отырып, ерекше толқыған күймен басқаларға таныс болмаған жаңа бір әуенді ақырын сызылта жөнелдім. Ән баяу көтеріліп, қалықтап біраз тұрды да, сан соққан өкінішті өксікпен шұғыл төмен шүйіліп, өзек өртер ащы зармен аңырап қоя берді. Сосын сәл байсалдау басып айтқандай, манаурай барып тоқтады. Ал осы сағыныш мұңынан туған шиыршық атқан әуеннің қайырмасына сүйген жүректің шын қалауы, адал тілегі мен қоса көздеген мақсатына жетпей қоймайтын жастық жалын қою сіндіріліпті. Әнді айтып отырып, өткен өмір елестерін, сарғайған сағынышқа толы күндерді, осы ән дүниеге келген әйгілі «Қайыңтөбе» бауырыңа көз алдымнан бір өткізіп шығыппын. Қуаныштан ба, әлде әбден елжірей пісіп, шырыны төгіліп кетуге шақ қалған жемістей сағынған жүректің моймилдеген мұңы ма, көзіме жас үйіріліп бет алдым тұманданып кетті.

Ән бітті. Мен басқа бір дүниенің, ұзақ уақыттан бері аңсап келген ғашықтар сейіл жасайтын әсем де еркін дүниені тамашалап отырғандаймын. Көпшілік ішінен «Ой, бәлі, жасап кет. Өзі жаңа ән ғой, кімдікі екен?» деген дауыстар шыққанын естіп қалдым. Әннің тарихын білетін достарымның біреуі: «Ол ән өзінікі. Күзде шығарған ән ғой, шіркін! Тұнып тұрған ғашықтық жыры ғой» - деп көтере мақтап, көсіліп сөйлеп жатыр.

Сәулем, бұл шынында ғашықтық жыры еді. Ақ ниет, адал жүректің бүгіп қалары, елден жасырары болмайды екен. Міне, енді өзіме де белгісіз бір күш шаршы топтың алдында айтқызып отыр. Сахнадан оралып, орталарына барғанда басқалар қатарында әнге құтты болсын. айтып, сен де қолымды қыстың. Кәдімгі бойжеткен, есті қыздың қысысы. Тіпті оларға да ұқсай бермейтін алабұртқан ынтық көңілдің қызулана, беріле қысысы еді. Осы жолы есейген сезіммен қарсы алғанына сонша разы болдым. Есті қызға он бес-он алты жастан былайғы әрбір сағат, әрбір күн, әрі сын. әрі кемелдену кезі екен. Қазақ «Қыз бала қылығымен» деп бекер айтпапты. Жарты жыл ішінде қанша есейіп кеткенсің деп мәз болып тұрмын.

Концерт соңынан би болды. Осы клубта екеумізден басқа

ешкім жоқтай-ақ жұбымызды жазбай бірді-бірге жалғап билей бердік. Бір-бірімізге сөз кезегін бермей самбырлай, қызулана сөйлеп жүрміз. Не жөнінде әңгімелескеніміз есімде жоқ. Бірде көзім саған түсті. Көңілінде әлде қандай түйткіл бар кейіп танытып, кірпіктеріңді төгілте төмен қарап келеді екенсің. Мен шошып қалдым.

- Не болды, Әсияжан? Көңілсізсің ғой, - дедім.

Сен басыңды наздана көтеріп «Жәй әншейін әлгі айтылған ән шынында өзіңіздікі ме? Тамаша екен! Қашан шығарып едіңіз? Маған үйретесіз бе?» - дедің. Үнінде болымсыз діріл бар екен,

- Иә, өзімдікі.

Мен әлдене сөзге дайындалғандай терсең күрсініп алдым да, сөйлеп кеттім.

- Иә, шығарған мен болғанмен, иесі басқа. Осы арада мен көңіл қалауымды саған ашық айтқым келеді. Қалайда жүрегім нені қаласа, соны айтуға әдеттенген жанмын. Ол біреуге ерсі көрінер. Біреуге есер көрінер. Қалай да жүректің әмірі бойынша өмір сүруді мұрат тұтындым. Тағдыр маған ата-ана мейірімінен, ең байлықтан сараңдық етсе де, осы ән-күй, өлең - жырдың кең дастарханынан қақпағанына разымын.

Кей-кейде адамның айға қолы жеткендей мерейленіп, шаттық, қуаныш теңізіне еркін малтитын көңілді кездері болады. Немесе көңіл көгіңді бұлт торлап, қайғы-қасыретке тап бола қалатының да болады. Жүрегің сыздап, әлде не іздеп шарқ ұрасың. Міне, сондай бір қалыптан тыс өзгере қалған көңіл шіркін жаңа бір сазды сарын, келісті әуен аңсайды. Үрдіс соққан жүрек әзіне үйлесетін ырғақ туғызады. Дәл сондай кезеңді ғанибет біліп, сағымдай ойнаған сиқырлы әуен сүрлеуін көзіңнен таса қылмай қуа берсең, тұтас тұлғалы әуенге кездесіп қаласың. Осы менің ән-күй шығарайын деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген дүнием. Тағдыр өзі жомарттықпен сыйлап отырса, рахметтен басқа не айтам. Мына ән де сондай бір тұста шығып қалған еді. Егер шын сөзге, адал сырға ортақтасқың келсе, айтайын. Тыңдайсың ба?

Сен әсем бір музыка әуеніне елтігендей, сүйсінген кейіпшен ұйып тындап қалыпсың. Маған қарамай-ақ сол қалпыңда: «Айта беріңіз, қалдырмай айтыңыз»- дедің.

... Сендер оқуға жүрер кезде мен жайлауда отар басында едім

ғой. Қой ұрықтандыру басталып, жанталасып жатқан уақыт. Үйге келуге мүмкіндік болмады. Өзіңмен әдейілеп бір әңгімелесу ойымда бар еді. Оған мұрша болды ма? Сендер 24 тамызда жолға шығады деп естігем. Көңілге бір медеу болары жол біздің қостың қасынан өтеді ғой. Ең болмағанда қол бұлғап қоштасып қалайын дедім. Қойды жолдың шетіндегі алаботаға иіре жайып, өткен-кеткен машина, автобустарды байқап жүрдім.

Күн арқан бойы көтерілген кезде үстінде бірнеше адам отырған жүк машинасы арғы беленнен қылт ете қалды. Мен солай қарай тұра шаптым. Соның арасында машина зу етіп өте шықты. «Ағай, сау болыңыз, керіскенше» деген іркес-тіркес таныс дауыс естілді. Дәл өзі, сенің дауысың. Алтын қоңыраудың әсем үніндей сыңғырлап естілді. Міне, әзір де сол қалпында тұр. Бұлғаған қызылала орамалың сағымдай ойнап барады. Машина бел асып, көзден ғайып болды. Мен жол жиегінде аңғарылып тұрғанымды сонда ғана білдім.

Жынданған адамдай басқа көзге сабалап, айғай салып арттарыңнан шаба жөнелдім. Шауып келемін. Айғайлап келемін. Сенсең, сәулем, өкінішті өксіктен тұла бойымды билеген бір сағыныш мұңы зілсіз жас болып көзімнен саулап келеді екен. Атым қара терге түсіп шабыстан қалыпты. Өзім де малмандай су болып терлеппін. Қойдан көп ұзап кеткенімді сонда біліп, атымның басын іркідім. Сол күні мас адамдай сенделдім де жүрдім. Кейде даланы басыма көтере айғайлап ән саламын. Кейдеқойды тастай салып «Қайынтөбеге» қарай бар пәрменіменен құйындата шабамын. Төбе басына шығып алып, алыс - алыстарда, шалқыған «Көкайдын» көліне, сонау көз ұшында бұлдыраған шоқ-шоқ қалың орманға, кең көсілген шетсіз-шексіз арқа өңіріне, іркес-тіркес жөңкіген күз бұлтына көз талғанша қараймын. Менің ел көшкен жайлаудай құлазыған көңілімді онан әрі тонағысы келгендей жыл құстары да улап-шулап жылы мекеніне қарай бет түзеді. Күздің ызғырық желі ызындап, мені мазақтап тұрғандай құйындатып тағы шаба жөнелем, тағы айғайға басам.

Тұманданып, қат-қабат жөңкілген қиял әлемінің бір бұрышынан әлдеқалай көмескі әуен естілді. Қысқа ғана елес беріп өтеді. Көңілімді солай аударып тыңдай қалсам, сайтан да жоқ. Оны ұмытып, басқа нәрсе ойлай берсем, тағы бір жақтан ыңылдап

шыға келеді. Солай қарай тағы ұмтыламын. Осы жай бір қанша рет қайталанған соң барып, мен бір әсем әнді қуып келе жатқанымды байқадым. Ол жеткізбей бұлтылдап, сағымша ойнап жүргенін анық сездім. Бойымдағы бар қажыр – қайратымды жинап, тас-түйін болып алдым. Әлігі әуен енді бір белгі бергенде соңынан қалмай қуа жөнелдім. Ол бейне қырқа-қыраттан бір елес беріп, ғайып болатын көктемгі сағымдай бұлдырады да отырды. Менің ақыл-есім, ой-қиялым сонда. Атпен қуып жететін кісіше далақтап шаба беріпін. Әбден шаршадым. Ес кетіп, жан шықты дегенде әлгі әуен үздіктерінің молырақ бір бөлігі қолыма ілікті. Сосын ол бір-біріне жалғасып, созыла берді, созыла берді. Міне, төрт аяғын тік басқан бір әсем сөз дүниеге келді. Сонда ғана бір кең тыныс алдым. Өз-өзімнен жымнып бір қуаныш құшағына кіргендей боламын. Алдымда күлімсіріп мейірлене қарап сен тұрсың. «Тамаша» деп қоясың. Дүниеге келген перзент қуанышынан шаттанған ана бейнесі көз алдыма келеді. Өнер дегеннің де ана толғағындай азапты екенін, бірақ адам жанына беретін ләззатты да мол екенін осы жолы сезген сияқтымын. Тұла бойымды кернеген шабыт шарпұымен, бар дауысыммен әлгі жаңа әуенге бастым. «Іштен шыққан шұбар жылан» деген өзімшілдігім емес, нағыз төрелігін айтсам, ол сағыныш пен мұңға толы нағыз махаббат жыры болып шығыпты. «Әсия, сенше қалай, естідің ғой, солай емес пе?» Сен басыңды изеп қойдың. Денең әлдене сезім әсерімен балқыған күйге менің құшағыма кіріп барады екен.

... «Міне, Әсия, сезім деген осындай оқыс нәрсе. Ол шиыршық атса, осылай оқыс дүниелер пайда болады. Сенін «Қош, көріскеншең» мен белден асқанша бұлғаған орамалың маған осындай шабыттты шақ ләззаттын сыйлапты. Оны өз атымен ата-сам – «төгілген ән, ағылған жыр ләззаты». Сол үшін айтуға тиісті алғысымды, жүрек сезімімді бүгінгі мереке қуанышымен қоса жеткізіп отырғаным үшін өзімді шексіз бақытты санап келемін. Мен әзір бақыт буына маспын. Мен бақыттымын. Рахмет, Әсия!

Сен «не айтам, бәрі түсінікті ғой, ендігісін көзімнен ұқ, жүрегіңмен сез» дегендей жаудырай қарадың. Көз жанарыңды түгел жауып тұратын мүләйім, қою кірпіктерің мөлдір шыққа шыланып дір-дір етеді.

Музыканың ентіккен әуеніде, аяқтардың тарпылы да басы-

лып, клубтын іші тың бола қалыпты. Екеуміз де селк етіп тоқтай қалдық. Қызық емес пе, музыка әлдеқашан тоқтаған. Қыз жігіттер бізге қарап әлденені айтысып күліскендей болады. Сол-ақ екен сен құлағыңа шейін қызарып, көзің ұшқын ата жалт-жұлт етіп абдырап қалдың. Ішкі жан дүниедегі аласапыран ой толқындары мен ұятты қысылыстан дір-дір етіп, жылап жіберуге шак тұрсын. «Ұят-ай, қалай сезбегенбіз!» дауысың қалтырып шықты. Менің ыйығымдағы білегінді баяу сырғытып түсірдің де, қыздар жаққа қарай үрке аяңдадың.

Ал мен ше? Мен өз жүрегімді кернеген шаттық сезімнің шарпуымен масайрап, бойым жеңілейін, жеңіс тұғырына көтерілген жеңімпаздай-ақ жай басып достарыма қарай келе жатырмын. «Бүгінгі ойын сендердікі болды ғой» деп, әзілдеп жатыр жігіттер. Қалжыңбастау біреуі келіп, төбемді сипап көріп, «е, түк те жоқ қой, мен де мүйіз шықты ма екен деп қалыппын» - деді. Би тағы жалғасты. Маған әдейі қысас қылғандай, енді сені басқа жігіттер босатпай қойды. Зілі, зияны жоқ екенін білсем де, ішімді қызғаныш сезімі тырнап барады. Кезек алып, биге шыққанымыз сол-ақ еді, сенің кішкене бауырың даладан жүгіре келіп, енгіккен дауыспен:

- Апам ұрысып жатыр, тез келсін дейді. Жүр, тез жүр, - деп қолыңнан тартты. «Барады ғой әзір. Мына биді билеп болайық та» дегеніме де қаратпай сүйреледі. Сенің албыраған бетің құдай болып бозарып кетті. Алақанымдағы саусақтарың дірілдеп тұр.

- Рахмет, Әкпар, ренжіме барайын. Апам ұрысып жүрер.

Сен тез-тез басып есікке бардың. Әлдебір айтар сөзің ұмыт қалғандай, сәл тоқтап тұрдың да, өзіңді - өзің зорлап ілгері жүріп кеттің. Мен сол орнымда тұрып қалыппын.

...Апам ұрысып жатыр дейді. Басқалардың апасы неге ұрыспайды. Міне, бәрі де жайраң қағып, алаңсыз билеп жүр ғой. Е, өгей шеше мейірімсіз тас бауыр, сезімі түлемеген қу тұяқ бедеу. Тасбауырлық, өгейсушілік жайшылықта соншалықты жексұрын нәрсе ғой. Ал ол ана бойындағы болса, не болғаны? Әсия, соны ойлағанда жүрегімді бір жыртқыш тырнақ мытып-мытып жібергендей күйзелдім. «Тағдыр – біреуге туған шеше, біреуге өгей шеше» деуші еді. Ойпырмай десенші, тағдырдың өгейлігінен сақтағайсың, Тәңірім. Егер екі өгейлік қосылса, күн нұрына талпынған ерте көктем гүліндей балауса нәзік жанды Әсиямның

тосын соққан бір боранның құлы болып кетуі кәдік қой. Менің басыма орала кеткен осы қорқынышты ой көпке дейін есімді шығарып берекемді алды.

\*\*\*

Қойшылардың қысқы тіршілігі өзіне мәлім. Міне, төл де туыла бастады. Енді бізде бұрынғыдай кезек те, жексенбі де болмайды. Таң қараңғысынан көзді тырнап ашып, қой қораға қарай жөнелеміз. Ұзына күнге созылған мимырт жұмыс әбден қажытып, дел-сал күйде үйге жетесін.

Солтүстіктің ақпаны да кәріне мінген кез. Дәл осы кезде мен жұмыс бабымен бастығыммен ұрысып қалғанмын. Бірер күнге рұқсат сұрап едім, жолатпады.

Осы күйбең мимыртпен мұрша келмей, жанталасып жүріп, көп арманды арқалап бұл дүниеден де өтетін шығармыз деп назаланамын кейде өзіме өзім.

Бірақ өмір реңі бұлайша дәйім сұрғылттанып көңілсіз бола бермейді ғой. Мына қыстың өзінде жайдарлы жаз дидарлы ашық күндер, тұңғыық терең ойға шомған қиялшыл арудай ақ түндер, арайлы таңдар қаншама десеңші. Әлігі ілкім созылған бұлтты күндер, адам өміріндегі аласапыран өзгерістер сондықтан сезімге жат, көңілге ауыр тиеді. Табиғаттың мейірбан жадыраңқылығын, дархан кең пейілін асыға аңсайсың. Армандайсың, шарқ ұрып көңіл қалауынды іздейсің.

Арман, тілек, О құрыретті өмір өзегі-ай, сенсіз адам баласы бір күн өмір сүре алар ма екен?! Өмір дегеннің өзі осы арман, тілек деген ағайындылар ауылының тіршілігі екен ғой. Мен осылайша әрнені бір ойлап, өз қиялыммен өзіме итжығыс түсіп жүргеніме талай болған. Бұл күн де солайша қиялдап, сенің үйіңе жалтақтай қарап келіп едім. Басқа күндерде ешқандай парқы жоқ. Кәдімгі қаңтардың қарапайым кешінің бірі болатын. Бұл кештің менің өмірімде соншама қадірлі де бақытты кеш боларын қайдан білгем. Жұмыстан келіп, әдеттегіінше жуынып жатқам.

Ассалаумағалеукум, аға. Бір сөз айтам, жақсы сөз. Не бересіз маған? - деп қулана сөйлеген баланың дауысы шыққан алақоленке бұрышқа жалт қарадым. Сенің кенже інің екен. Өнеукүні сені ертіп кеткен жүгермектің дәл өзі. Әлдеқалай бір маңызды сырдың

қожасы өзі екенін сезінгендей асқақ бейнеде тымырайып, менің жауабымды күтіп тұр.

- Қалағаныңды аларсың. Алдымен айтшы өзің, не сөз?

Жүрегім лүп ете қалды. Тұла бойыды бір алақайлаған баладай жеңіл қуаныш сезімі кезіп өтті.

- Жарайды, онда айтайын. Сізді тәтем келсін деді. Телевизор көрсін дейді. Өзі ғана келсін деген. Ұқтыңыз ба? - деді сөзін бөліп -- бөліп шегелеп.

- Алаң қайда? Үйде емес пе? – деппін алабұртқан көңіл күдігін жасыра алмай.

- Жок. Қасымның үйінде қонаққа шақырып кетті. Өзір мен де барамын, құлақ жеймін,- деп қутың қағады.

Бұл минуттағы қуанышымда саған, сенсең ініңе деген мейірімде шек жоқ еді. Құшақтай алып, қақпақылдап алдым. Бетінен шөлпілдетіп сүйіп жатырмын. Асығыс киіне салып, тамаққа да қарамай, сенің үйіңе тарттым. Жүрек шіркін алып-ұшып асығыс қаққан есіктей дүлсілдейді. Жан дүиіем күмбіреп, шиыршық атады. Аяғым анда бір, мында бір тиіп келе жатқандай.

Еркінсігеннен бе, әлде, есім шығып кеткен бе, есігінді қақпастан ішкі үйге кіріп барыпшын. Сен оң алақанына иегінді сүйеп, стол қасында телевизорға селсоқ қарап отыр екенсің. Шошынғандай селк етіп орнынан тұрдың. Маған тігіле бір қарадың да, жаудыраған жанарыңды тайдырып әкеттің. Үлбіреген ақша жүзінде бір түрлі мазасыз, толқу сезімінің белгісіндей алқызыл нұр ойнайды. Қара юбкаға жарастыра киген желбір жағалы ақ кеудешен ентіге алған деміңмен бір басылып, бір көтеріліп тұр екен.

Осы бір қас-қағым арасында болып өткен арпалыс жым-жырттығын бұзып бір нәрсе айтуға ұмтылсам да, аузыма еш сөз түспей дал болдым.

Әсия, сен жас та болсаң, істің жөнін білетін ақылды едің - ау. Менің тергеуші алдына әкелінген қылмыскердей берекетім кетіп тұрғанын сезе қалдың ғой деймін. Баяу үнмен:

- Сәлеметсіз бе? Жоғары шығыңыз дедің. Мен сосын барып есімді жинап, тілге келдім.

- Сәлеметсің бе, Әсия ? Рахмет!

Екеуміз төргі үйдегі столдың екі жағына отырдық. Көгілдір экранда сенбілік кешкі концерт жүріп жатты. Іштегі алай-түлей



жүйткіген асау сезіммен, жарық дүниеге талпынған тілекті ойлар берекемді кетіріп барады. Екі көзім экранда, көңілім сол арпалыспен дал ұрып отырғанда Роза Бағланова «Сен ғананы» сызылып сала жөнелді. Адамның жан дүниесін әсем де сыршыл сезімдерге тотырып, бір серпілтіп тастайтын осы бір сүйкімді әннің айтыла қалғанын көрмейсің бе? Бір ауыз сөздің қисынын таба алмай, күн жаумай су болып отырған мен бейбақты желіктіріп әкеткен қандай сиқыр екен? Әнге қосылып кетіппін. Ән Розаның сыңғыраған сүйкімді дауысымен тіпті әсемденіп кетті. Дәл осы бір минутта менің көз алдымда күллі ғашықтар мен ізгі жандардың жүрек сырын, ақ тілегін, сезім толғанысын мөлдіреген тұнық күйінде алабұртқан асау толқынымен қаз-қалпында көлденең тартқандай мен экраннан сол ғаламаттарды көріп отырғандай боламын.

Ән бітті. Екеуміз қалай екен дегендей бір-бірімізге қараппыз. Мен енді жан кіргендей желпініп:

Қандай тамаша ән. ә? Әсия, осындай ән шығарған адамдарда арман бар ма екен. Шіркін, бұл бір ғашықтың жыры жан тәнімен құлай сүйген жүрек сазы. Естіген адамды шарпымай қоймайтын жалын атқан от, - дедім. Сен көптен өзіме таныс болған ризалық бейненмен кірпігінді лып еткізіп наздана қарадың да басыңды изедің. Сосын сәлден кейін толқыған діріл аралас бір үнмен өзіңмен өзің сөйлескендей «Ту-у, әнде де адам еркінен тыс жатқан осындай құдіретті күш, таусылмас сыр бар екен - ау, әсем ән ләззаты адамды қалай-қалай толқытады, ә ... Қалай еді? «Бір өзің аңсарым, бір өзің жан-жарым»- деп ыңылдадың. Мен де қосылып кеттім.

Екеумізді де әйтеуір бір пендешілік пердесі тосып отырса керек. Өніміз қосылысымен жанымыз да қосылып кеткендей. Қатарласа барып төрдегі қызыл диванға отырдық. Үші күлтеленіп төгіліп тұратын балауса шашыңды алақаныма салып, жүрек кернеген шабытты сезіммен сипап отыр едім.

Сен енді басталған жаңа өмірдің тосын әсерінен тосырқап отырсың ба, әлде ұзақ уақыт жасырып, тұншықтырып келген махаббат сезіміне ие бола алмай, ұятты қысылыстан жан талас үстінде толықып отырсың ба, әйтеуір тынысың жиілеп, балғын жүзің алаулап тұр. Мүләйім қой көзін жаудырап, ұзын кірпіктерің астына әлсін-әлсін тасалай берді. Толысып келе жатқан құлын мүшең сол арпалыс сезімнің тегеуріне шыдай алмағандай ақырын дір-дір етеді.

Сенің осы бір отырысын маған ендігі тағдырдың бәрі-бәріне

мойынсал екенінді зілсіз де үнсіз мойындау болып көрінеді. Сүйікті Әсиям менің! Адам қол жетпестей тұрған арманыма айлар, жылдар бойы үмітсізденбей, арқасында енді жеткенін сезінген сәттерде қуаныштан жүрегі жарылып кетер деп ойлаушы едім. Жок, адам ондай жағдайда ойдан да, сөзден де, сапалы қимылдан да айрылып, таңғажайып бір танымдық әлеміне, күллі әсем де ізгі дүниелер ішіне біржола сіңісіп кетеді екен. Қарсылықсыз қауышу, ыстық сүйіс, махаббат антындай айтылып жатқан қысқа - қысқа сүйіктім, сүйем деген сияқты ынтызарлық сөздер. Дүниенің бәрін ұмыттырған мастық сондай бір ғажайып құдіреттің күші шығар.

Махаббат ләззатына мас қылып, ұйқылы ояу жандай маужырағанда сол құшақ қашан жазылар екен?

Біз неге есімізді жиып, көптен айтуға арнап жүрген ынтызарлық сөздерімізді айтысып, ағымыздан ақтарыла сырласып алмадық. Адамның ақылы іс өтіп кеткен соң кіреді. Біз сияқты алды-артын әлі бағдарлап үлгірмеген жастарға аңғалдық, тез әсерленгіш, ұшқалақтық дегендер орны толмас өкішін әкелер мінездер екен. Әлде «Махаббат тұрған жерге ақыл тұрмайды» деген сөз осындайда айтылған ба екен?

Масқара-ай десеңші ! Оны ойлаудың өзі қандай ауыр еді. Сен еңіреп жылап жібердің. Мен не істерімді білмеймін өліктей қатыппын да қалыппын. Дүние астан – кестен айран-ботка болып төңкеріліп барады.

Даладан айғайлай шапшығып кірген апаңның дауысын қалай естімегенбіз. Жайшылықта екеуіміздің басымыз емес, көленкеміздің қосылуына қаһарланып қарсы тұратын адам, енді мынадай есалаң мас кезінде не істемейді. Қылмыс үстінде қолға түскен ұрыдай бейшара халіміз мынау.

Бұрын апаңды жек көрсем де мұншалық көкайыл, тасбауыр адам деп ойламаптын. Ауызынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Сілекейі шұбатылып тілі күрмелгеніне қарамай, қай-қайдағы жексұрын сөздерді қарша боратты. Тәлтіректей барып сені шапалақпен оскылады. Ол аздай жаңа ғана аялап сиапап отырған қара шашынды білегіне орай салып, сүйреп жүріп сыбады. «Қаншық, жөргегінде бұзылған қаншықсың сен. Саған керегі бай болса, табылар әлі! Ол тағы әлденелерді айтып шатынап жатты.

Бұл сөздер менің жүрегімді шабақтағаннан бетер қинады.

Мынау көрінеу қорлықтан сені арашаламау—нағыз намыссыз ездiң ісі сияқты сезiлдi. Жүгiрiп барып апанның қолына жармастым. Тұла бойың қалшылдап шыыршық атады.

- Өлтіресіз бе, бұл не қылғаныңыз? Аясаңыз нетті. Мына мені ұрыңыз, ұрсаңыз! - дедім. Ол екі көзі қанталап, қолы ашудан қалтыраған күйі мені шапалақпен осып - осып жіберді. «Мә, саған бетің қышып тұрса». Ол оған қыбы қанбай қалғандай, төрде ілулі тұрған қос ауыз мылтыққа қарай жүгiрдi. «Қаранды бiр жолата батырайын қаңғырған ку жетiм сенi кiм сұрап алар екен менен!»

Әсия, мұны одан ары еске алудың керегі жоқ. Адамды тік тұрғызатын ар-намыс қой. Дегенмен дәл сол минуттарда мен апанмен салғыласып не бітірер едім. «Шық» деген соң салым суға кетіп, сүмірейген күйде шығып кеттім. Жүрегім құсалықпен қанға толып, сені аяп кеттім. Алды жар, арты сокпак махаббат тағдырының жайын ойлап түршігіп кеттім.

\*\*\*

Мен талай күнге дейін сенің жайыңды ойлап, сенделіп жүрдім. Қайтсем жолығып көңіліңді көтерем деп жанталастым. Бірақ ешбір қисынын таба алмай дал болдым. Сен көзге көрініп сыртқа шығуды қойдың. Менімен хабарласпай оқуға кетіп те қалыпсың. Сол кеткеннен мол кеткеніңмен қоймай, хабар – ошарсыз жатып алғаның жаныма батты. Ақыры шыдамым таусылған соң, хат та жаздым. Суға батқан тастай ол да зым-зия жоғалды. Енді шындап шошиын дедім. Қай-қайдағы көңілсіз ойлар есіме келіп әурелейді. Рұқсат сұрап өзім барып келейін деп жиналып жүргенімде сенен хат келе қалды.

О, сүйкімді көгершінім—ау! Жөн біліп хат жазғаныңа қандай қуандым десеңші. «Сүйіктім Әкпар» деп бастапсың. Қуаныштан өзімді ұстай алмай айғайлап жіберіптің. «Аман сау жүрсің бе? Көңіл күйің қалай? Хат жазбады деп ренжіген сияқтысың. Әйтеуір сен-ақ ренжуге дайын тұрасың. Қалжың ғой, жаным. Кешір мені түсінесің ғой. Мен қыстағы есеңгіреткен сокқыдан енді – енді ес жиып келе жатқан сияқтымын. Менің қандай азапты күндерді бастан кешкенімді білесің ғой. Сен ренжімек түгіл, мені аяғаныңнан жылап жіберер едің. Өз үйің өзіңе тозақ болса, одан азапты, одан бақытсыз қандай нәрсе болмақ. Әттең өгей шешенің тас

бауырлығы—ай. Мен қанша жабыссам да, тумағанның түбі шикі болды да отырды. Қанша тебінгенмен қытымыр, безбүйрек шеше иілмей қойды. Өз анам болса сөйтер ме еді? Мен ана мейірімінен, ананың аялы алақанынан жұрдай көз түрткі, көңіл күпті болып өстім. Білегін шығарсын, әкем осы кейінгі мамамды алған соң, екі жылдан кейін дүние салған. Өмірдегі маған тиесілі мейірбандық пен сүйіспеншілікті сенің ақ жүрегіңнен, дархан пейіліңнен тапқандай болып едім. Өмір енді ғана күле қарап еді маған. Осы бір бұлттан шыққан күндей болмашы шаттығымды тосын соққан кара құйын тоз-тоз етпеді ме?

Әкпар, сен барда ешнәрседен кенде болмайтыныма әбден сенемін. Мамамды қойшы. Не істер дейсің. Оқуға кетсем құтыламын ғой. Сен де сонда барсан, өмірді қол ұстаса тыннан бастамаймыз ба? Әзіргі ой-қиялым оқуда. Ақырғы жылды қалай сәтті аяқтаймын. Менің ендігі өмір жолым осы оқуда деп ойлаймын. Емтиханды көңілдегідей тапсырсам олжам сол. Саған тартқан тартуым да сол емес пе?

Жиі хат жазбады деп өкпелеме. Сәлеммен сенің Әсияң

Сенің осы бір ағыңнан ақтарыла отырып, төгіле жазған аяулы хатыңды күніне бір оқып шықпасам көңілім көншімеуші еді. Қалтада жүріп тозып та кетті. Бірақ сөздері жат болып кеткендіктен қағазға жай қарағаным болмаса, жатқа соға беретін едім. Сенен хат ала алмай зарыққан кейінгі уақыттарда осы бір мейірімді хатыңды оқып, мауқымды басып жүрдім. Блакнотыма түсіріп те алғам. Ей, сынапша толқыған өмір-ай десеңші. Мен өз бақытыма, өз махабатыма қалытқысыз сеніп, Әсиям жазған бір жапырақ қағаздың өзіне мәз болып жүре беріппін. Ал мынау өмір дегенің жай аққан өзендей беті көлкіп көрінгенмен, астында аласапыран сұрапыл ағысы жөңкіліп жатқан бір тынымсыз беймаза нәрсе екен.

Енді мен «Қайран ақпанның қасиетті кеші-ай! Ондай бақыт маған қайда. Қайран періштедей пәк жанды Әсиям-ай» - деп, күңіреніп отырмын.

Бірақ мен үшін бір ғұмырға жетердей жан ләззатына бағыштаған қаңтардың сол кешін, айқасқан білекті, ыстық құшақты, мәңгілік айырылмастай қосылған жан тағдырын қалай ұмытармын. Мен сені еске алғанда махаббаттың алтын бесігіндей қызыл диванның үстіне құшақ жазбастан сол қалпымызда отырғандай сезінемін.

Тәңірім осы аяулы сезімге ұзақ өмір берсін де.

Армансыз адам жоқ қой, сәулем. Біреу алдағы көздеген мақсатына жетуді армандаса, енді біреулер артта қалған өкінішті өксігін, дегеніне жете алмай қалған сәтсіз әттеген-айларын арман етеді.

Менің есімнен кетпес өкінішке толы бір ғана арманым бар сияқты. Кейінгі бір бақытсыздықты содан көремін де тұрамын. Ол қайсы дейсің ғой.

Сен оқуға кетер алдында не үшін ағымыздан ақтарыла бір сырласып қалмадық екен. Менің ренжігенім рас. Сен түйеден түскендей етіп, мәселені қабырғасынан қойдың. Апыр-ау, екеуміз ақылдассақ шешілмес қандай түйін бар еді. Екеуміздің қысы-жазы тер төгіп, табанынан тозып жүріп жинаған астығын қырман басына несіз тастап, жағ адамдарға, қарға құзғынға жем қылған есалаң дихандай іс істегенімізді қалай кешіруге болады. Оның орнын енді немен толтырамыз. Міне, сондықтан тағдыр бізге қатал үкім шығарып отыр.

Дегенмен іште шемен болып байланып қалар мерездей кесапатты қиялдарды сен өз хатыңмен айықтырып жібергендей болдың. Маған түсініксіз болып қалған көп жайларды, әсіресе, әлгі шешілмеген түйінімді шешіп бергеніңе рахмет. Сенің бұдан бұрын жазған көп хатыңның бірі де қолға тиген жоқ. Бәлкім, ол да мамаң құрған торға түскен болар.

Сүйіктім Әсия! Мен сені кінәлап қайтем. Жығылған үстіне жұдырық ұру білгендік емес қой. Оның үстіне мен кайбір айдарынан жел есіп, оңынан күні, солынан айы туып тұрған жан едім.

Міне, көп нәрсе біздің еркімізден тыс болып жатады екен. Шілдеде қар жауғандай мынадай тұтқиылдан соғып өтетін сойқандар қаншама десеңші. Сойқан емей немене, оны басқаша қалай түсіндіріп ақтарсың. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас қызды үйірлі аш қасқырдай камалап торға түсірсе, басқалардың қасыретінен шаттық іздейтін пасықтар қылығын сойқан демей, не дерсің?!

Сүйіктім Әсия! Өмір бізге май шеллек жегізбегені аян болды. Бірақ үмітсізденбе. Өмір әлі алда емес пе. Сен өзін кешірім бере алсаң, мен сені әрине кешіремін. Сен өз басыңнан кешкен қайғылы оқиғаларды ағыңнан ақтарыла бүкпесіз айтып отырғанда, менің

сені табалағандай тыныш жатып алуым орынсыз сияқты болып көрінеді. Міне, сондықтан мен де нағыз адалдықпен «Сырымды айтып» осыны жазып отырмын.

\*\*\*

Сүйіктім, Әкпар! Бұлай айтуға қақысыз болсам да, өзімсініп меншіктей жазғаныма кешірім сұраймын. Кешір мені, Әкпар. Ел құлағы елу емес пе. Жаман сөз жата ма? Сен де естіген шығарсың бәрін.

Жүрегім қиянатты қылмыстан пәре-пәре болып, өз ұятымнан өзім өртеніп жүрсем де, саған осы хатты жазуға ақыры бел байлап отырмын. Әйел заты қаншалық әлсіз, қаншалық нәзік дегенмен ол да қу ағаштай морт сына салмайды екен. Өз күнәмнің жазасы шығар. «Ит жанды болсаң, шыдап бақ» дегендей, жүрегім мен арнамысымның азаптауынан көрдім көресімді. Ол мені табалап, мың сан ине шаншып жанымды азаптап тұрғандай арпалыстым. Кейде осының бәрін қайырып, «Қояйыншы, болары болып, бояуы сінді ғой. Өткенді ұмытайын. Сені ұмытайын « - деп бекінем. Қайткенде мынау өмірге мойынсал боламын деп ойланып толғанам. Жұмыс басынан жағаққа кеткім келмейді. Оңаша қалып істей берсем деймін. Бірақ, сол оңашалану-ақ діңкемді құртты. Жүрекке жазылған жазуды өшіріп болмайды екен. Әсіресе сені ұмыту менің қолымнан келмейтін іс екеніне көзім жетті.

Кім біледі, сен мені кінәларсың. Менің баянсыз махаббатыма лағнет айтатын шығарсың. Тіпті, мені ұмытып та кеткен боларсың. Мейлің, қалай ойласаң да, не істесең де еріктісің. Мен саған не деп міндеттенем.

Әкпар, мен бақытсыз сорлы қыз болдым. Көкжиекте көрінген алдамшы сағымды қуалап жүріп, орға жығылып мертліккен бишарамын. Міне, жылап отырмын. Осы күні жылауға да көндігіп алдым. Жылағым келсе, жылаймын. Өз еркіне қоя берсем әлі-ақ құрғап кетеді. Содан кейін толған кеудем сәл де болса ортайып жеңілейіп қалам.

Енді ойлап отырсам, осы бақытсыздықтың қара жолына өзім келіп түскен сияқтымын. Хан қызына от әкелемін деп, қалбалақтап жүріп отқа күйген жанды көбелекше құрыппын. Білмеген у ішеді деген осы да.

Әкпар! Сүйіктім менің, сен ғажайып ақ көңіл, дархан жансың. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген осы шығар. Сен қасымда жүргенде қадіріңе жете алмаппын. Сені өзіме, тек қана өзіме меншікті затымдай көріп жүре беріппін ғой. Оқуда жүргенде сенен хатты жиі алсам да, дер кезінде жауап жазуға асықпаушы едім. Енді, міне, соған зар болып, бармағымды шайнап отырмын.

Орны толмас өкініш болып қалған бір қылығымды ойласам, төбе шашым тік тұрады. Апыр-ау десеңші, «шығасына несі басшы» деген осы болғаны ма? Оқуға аттанар алдында сені неге ренжітіп кеттім екен. Сенің не дерінді білмей дал болып қалғаның, соңынан маған қадала қарап тұрған бейнең көз алдымнан кетпейді. Сенікі де дұрыс екен-ау. Ол кезде өз сөзімнен дұрыс сөз бар деп ойладым ба? «Алматыға жүр. Сонда бұрын да істеген ісің. Жұмысқа орналасуың қиын емес. Сырттай оқуға да түсуіңе болады. Мен оқийын, қалғаны бола жатар» болды менікі. Ал сен оған көнбедің. «Кеңшарда» жұмыс істеймін деп, сол Алматыдан комсомолдық жолдамамен келдім ғой. Енді жыл өтпей жатып, шыдамағандай қайта барғаным жөн бе? Осында жүріп те, сырттай оқуыма болады. Ал сен жолыңнан қалма» болды сенің сөзің. Содан барып екеуміз сөз таласып, аяғы ренжісіп қалдық. Білместік, жастық, албырттық шығар. Сол арада сені жек көре қалдым. «Ынжық, өрге сүйресен, төмен тартады. Осында көң-қоқыр арасында, қой соңында салпақтап жүріп не табам дейді екен». Менің көз алдыма әсем Алматы көшелері, білім ордалары, ондағы көңілді жастар, кешкі серуен, кино-театрлар келе қалды. Сен барған сайын аласарып, құбыжықтанғандай көріне бастадың. Әрі мені өте жақсы көретінінді пайдаланып, тартынбастан-ақ: «Сен қой соңында қала бер. Бақытыңа ара тұрмайын, «герой» боласың. Мен-ақ жын қуып, қоңыз теріп кетейін» деп салдым. Сен арқана ине қадағандай кіржің етіп, қабағыңды шытындың. Көзің адам шошырлықтай жайнап кетіпті. Тіксініп қалдым. Бір ауыз тіл қатпадың. Сазарып тұрып алдың. «Қайтсем екен» деп, дел-сал болып тұрған шығарсың, бәлкім. Таразының өзім жақ басын қайқаң еткізу үшін салмақ салып қоштаспай үйге тартайын дедім де, жалт бұрылып кетіп қалдым. Бәлем, ойланып қалды. Қалай да Алматыға бірге кету керек. Бір басқа бір көз. Неменесіне аландайды. Бұл жерде тұрсақ апам біздің қосылуымызға жол бермейді» деп, өзімше алысты ойлап келемін.

Содан бастап саған жолыға алмадым. Рас, бір-екі рет жолықтық.

Елдің көзінше не деуге болады. Сен оңаша жолығайық деп хат беріп жіберіпсің. Оны мамам көріп қойып, «Әлгі сүмелек қу тұяқпен әлі шатасып жүрсін бе? Сен қыз айтқан тілді неге алмайсың,ә? Қане, қия басып көрші, қылтаңды қияйын!» - деп, жерден алып жерге салды. Қайтсем де қапысын тауып бір жолығамын ғой деп жүргенде апам қауырт жиналып, «нағашыларыңмен қоштасып келейік» деп, «Майлыкөлдегі» төркініне ертіп әкетті. Содан кейін: «Уақыт та аз қалды. Алматыға тарт, қарағым. Нағашы ағаңның үйіне барып орналас та, емтиханына әзірлен» - деп, билет алып беріп жолға салды. Алматыда апаммен немере ағасы тұратын. Айттып отырған нағашысы сол. Енді ойлап отырсам, апам осының бәрін жоспармен, зымияндықпен әдейі істеп жүріпті ғой. Ұрымтал жерге орналасқан мергенге қарай айдаған еліктің лағындай мен ақымақ секендеп кете беріппін. «Қайтсем сенен алыстатып, көздеген мақсатыма жетем» деген ой апамды мазаласа керек.

Міне, алыстатып тынды жексұрын. Ол өгей болса да ана емес па еді. Мен ана деп балалық мейірмен жүргенде, ол мені кім деп есептеді екен? ...

Әкпар! Бұл сөздердің мәнісі саған, бәлкім, түсініксіз де шығар. Бірақ, болған істерді ретімен баяндауға шыдамым жетер емес. Тұла бойымды кернеген ызалы кек қаламыма ерік бермей отыр.

... Әсия, хатыңды одан әрі оқуға шамам келер емес. Есімнен танып бара жатқандай көз алдым қарауытады. Құлағым шыңылдап, басым шырқөбелек айналып барады. Жігерім құм болып отыра кеттім. Жүрегім шанышып ауырғандай болды.

О, тағдыр! Бұл қай тәлкегің. Көгершінім-ау, не жазып жібергенсің. Сенен екі көзім төрт болып, сарғая күткенім осы ма еді. Мен сандырақтай бастадым ғой деймін. Бір арашашы ой сап ете қалды. «Бәлкім, ол сені сынап жазып отырған шығар. Айтқанының бәрі қалжың болар. Хатының соңында бәрін түсіндіріп айтар» - дейді ол ой. Өзім қиыстырып тапқан ой екенін сезсем де, дәтке қуат болды. Асығыстықты сайтан ісіне балап, умаждалған хатты оқи бастадым.

... Мұнда келген соң, мамам берген хаттағы адрес бойынша нағашымның үйін тауып алғанмын. Мен оқымақшы болған иниститутқа жақын жерде екен. Ауқатты тұратын сияқты. Бұларды бұрын көргенім жоқ қой мен. Нағашы ағайым, нағашы апайым



және Ақат дейтін баласы үшеуі тұрады екен. Ақат өткен жылы оқып жүрген институтынан шығып қалыпты. Денсаулығына байланысты шықты дейді. Әй, кім біледі. Ауырған адамға ұқсамайды. Дәйім арақ ішіп, мас болып жүреді.

Мен институт жатақханасына барып жатпақ ойымды айтып едім, нағашы апам: «Қарағым-ау ондай сөзді естіртпе. Осында тұрасың. Орын жетеді. Сен үшін қазан аспаймыз. Емтиханыңа Ақашым да көмектеседі. Ана көп шуылдақтың ішіне барып, миың ашып кетер» - деп тұрып алды. Олардың сөзінен аттап кете алмай, көңіл кимастықпен тұрып қалдым.

Қырсық шалайын десе оңай екен. Бар бақытсыздықтың сол тұрып қалудан басталарын қайдан білейін. Оны әзір қаз қалпында еске алып, саған баяндай беріге дәтім жетер емес. Өзің білесің, мен бұрыннан күнделік жазамын. Алматыға келгелі де үзбей жазып келемін. Солардың ішінен осы бақытсыздықтарыма қатысты кейбіреулерін көшіріп жіберуді жөн көрдім. Керек десең қалғанын да жіберемін.

1- тамыз. Күн ашық. Түнде жауып ашылған жаңбыр көшелерді тіпті әсемдендіріп жіберіпті. Ерте тұрып едім. Сейілдеп біраз жүрдім. Көңілім қуанышты желпіністен алып ұшады. Айнала төңірекке, аспанмен астасқан Алатау зеңгіріне құмарлықпен сүйсіне қараймын. Жүре бергім, қарай бергім келеді.

Бүгін бізде тұңғыш емтихан болады. Көңілімде бәрі сайрап-ақ тұр. Жеме-жемге келгенде құдай ұрмаса жарар еді деп сезіктенгем. Екі сезімім де алдамаған екен. Билеттегі сұрауларға едәуір қанағаттанарлық жауап берген екем. Қосымша сұрақ сүріндіріп кетті. Қанша ойлансам да есіме түсіре алмадым. Дәл бір ұмытылған таныс есім сияқты тілімнің ұшында тұр. Мейлі оқасы жоқ, төрт қойыпты. Жаман баға емес. Бәрінен осылай бола берсе жарар еді. Қуанышымнан жылап жібергелі тұрмын. Шіркін сол минуттағы қуанышымда шынында шек бар ма еді. Қанат бітіп ұша жөнелетіндей сезінем. Бетім дуылдап, денем қуаныш шарпуынан жеңілдірілдейді. Далаға ойнақ салып шыға келдім. Адамдарға ерекше сүйіспеншілікпен риза бола қараймын. Әлдекімді іздегендей боламын. Оны тапсам құшақтай алғым, құшырлана сүйгім де келеді. Әттең, Әкпар, осындайда сенің болмағаның ғой. Есіктен шыққан бойда саған қарай атылар едім. Осындай бір қуанышты

сезімді жақсы көретін сүйіктіңмен ортақтасқаннан артық бақыт қайда.

Ойда жоқта бір бұда гүл ұстаған нағашы ағайым Ақатқа кездесе кеттім. Таңертең «Емтиханнан шыққан соң есік алдында күтемін, құттықтаймын» - деп еді. Мен онша мән бермегем. Міне, «Құттықтаймын, Әсия» - деп күлімсіреп тұр. Қуанғанымнан көзіме зілсіз жас іркіле қалды. Нағашымның қолындағы гүлді алып, оның білегінен тас қып жабыса ұстап алыппын. Ол мені қолтықтаған күйі әлденелерді айтып келеді екен. Не айтқанын түсінбесем де, әйтеуір басымды изей беріппін.

«Жақсы нәтижең үшін сені таксимен серуендетем. Медеуге барамыз. Сейілдейміз, ішеміз» - дейді. Оған да мақұлмын. Әйтеуір осы кезде маған тек қуанышыма ортақ болатын адам керек еді...

18 – тамыз. Менің туылған күнім де таяп қалды. Аз күнде он сегіз жасқа шығамын ғой. Нағашыларым менен де алыбырынды болып, туылған күн әзірлігіне кірісіп кетті.

Кеше апамнан хат келген. «Туған күніңнен бұрын жетіп үлгіремін. Жақсы жүріп, жақсы тұр. Нағашы апаңның көңілін қалдырып жүрме. Ол алтын адам. Олар сенен ешнәрсесін аямайды. Дархан адамдар. Туылған күңіңе арнап қымбат бағалы тарту тартамын. Тек бізді ренжітуші болма. Өткенге салауат. Бәрін де кешіремін. Енді ақымақ болма...» депті. Мен ұятты қысылыстан өліп барамын. Былтыр қыста Ақбар екеумізді үйден қуып шығардағы жайды айтып отыр ғой. Қашан болмасын осылай көлденең тартады да отырады.

Ауылды сағынып жүрмін. Емтиханды тапсырып болғалы зеріге бастағандаймын. Бір нәрсем кем болады да тұрады. Жатсам-тұрсам Әкбарымды ойлаймын. Ол шынымен маған ренжіп қалды ма екен? Неге хат жазбай қойды? Әлде мені әдейі сынап зарықтырып жүрме? Көңілім әлденеден секем ала бастады. Бәлкім, менің жазған хаттарым жол ортада қолды болып жүрген шығар. Хат тасушы апамның сіңлісі емес па еді. Шынында осы күдік бұрын неге есіме келмеген?

25 тамыз. Кеше бастап жауған ақ жаңбыр толастамай әлі төгіп тұр. Төңірек қарауытып, асфальт жолдар жаңбыр суымен көлкіп жатыр. Ағаш бұталары мен үйлердің шатырларынан төгілген жаңбыр суы қала көшелерін одан әрі селдетіп жіберіпті. Жаңбыр

бір жауса, терек екі жауады деген ғой. Мен сол көріністерге марғау қарап, өз бөлмемде отырмын. Тереземнің әйнегінен аққан су акырын сусып жылт-жылт етеді. Елдің бәрі жағып қалған кез. Тұла бойымды масылша басқан ауыр ойдың соққысынан мең-зен болып, ұйқылы-ояу жандай мәңгіріп отырған мен ғана. Басым зырқылдап ауырады. Денем төмен тарта береді.

О, Құдайым-ай десеңші! Сонау бір қиырдағы туған ауылымнан өзіме сенген сеніммен, таудай талаппен келіп едім мұнда. Осы үшін сүйікті Әкпарымның да көңілін қалдырғандай болдым-ау. Енді міне өгіз де өліп, арба да сынып, бар үміт арманымнан тоналып отырған жайым мынау. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жан етімді жеп-ақ оқып едім. Бақытсыз сорлылығымнан болар конкурстан өтпей құлаппын.

Бүгін апам келетін күн еді. «Поезд станциясынан күтіп ал» деп, телеграмма жіберген. Ол да есімде жоқ. Үйге келген бетімде су киімдерімді шешпестен төсекке құладым. Үйдегілер әлденелерді айтып жұбатқан болады. Ол құлағымға кірер емес.

Айтпақшы, күндіз апам келіпті. Нағашыларым қарсы алыпты. Апам мені қолымнан тартып тұрғызды. Вокзалдан қарсы алмағанымды «Өзі болған қыз төркінін танымасқа» шығарып, біраз ренжігенін айтты. Бірақ, мен ойлағандай ешбір ызғар, ренішті танытпады. Тіпті, ешнәрсе болмағандай-ақ, «Ой, жаман қыз, емтиханнан құлағанға да осынша қайғыра ма екен? Кім құламай жатыр? Әлі жассың, оқып аласың. Мына нағашыларың аман болсын. Әлі оқудың түбіне жетерсіңдер» - деп жатыр. Мен күтпеген, бұрын кездестірмеген пейіл.

3-қыркүйек. Не жазсам екен? Айтар сөзім көп-ақ. Бірақ, мынау әппақ қағаз бетін аяп отырмын. Ондай жексұрындықтар жөнінде жазудың өзі адамға ауыр. Қолым дірілдеп, қаламды билей алмай отырғаным да сондықтан болар. Дегенмен іштегі шерімді ақтаруым керек. Менің енді басталған бақытсыз күндерімнің естелігі жазылуға тиіс. Оңбаған туыстарыма деген лагнет сөздерім ең болмаса қағаз бетіне айтылсын деп ойлаймын.

Әкпар! Сүйікті камқоршым менің. Бірақ, мұнан былай бүйтіп айтуға ауызым бармайды. Мен сенің алдында кешірілмес күнә істедім. Қарабет болдым. Қыздың абыройынан басқа қымбат несі бар. Одан айырылған қызды екі аяқты хайуан деп есептей

бер. Сенің бетіңді көру енді маған жоқ. Тіпті, жарық дүниеден, ондағы адамдардың бетіне қарауға да ұзданым шыдар емес. Осы оңбағандыққа қалай ғана тап болдым. Өткен өмір жолдарыма қайырылып қарауға қалайша ақылым жетпеді екен.

Отызыншы тамыздың кеші болатын. Менің туылған күн тойымды өткізгенбіз. Сырттан шақырылған ешкім жоқ. Тек әлгі ұзын бойлы таксист жігіт қана бар. Үйдегілердің әрқайсысы өз аттарынан менің мүшелді тойымды құттықтап, кәделі тартуларын тартып жатты. Бәрінен қымбаттысы да, көріктісі де Ақаттікі еді. «Е, менің сынық көңілімді көтергісі келген екен ғой» деп ойладым да, ағымнан ақтарылып рахметімді айттым. Көңілім шынында да көтеріліп қалды. Стол үсті тіпті көз тартарлық еді. Арақ-шараптың не түрлерінің бәрі бар. Шоколад пен тәтті тағамдардың да неше аталары бас қосыпты. Үйдің іші жұтынып тұр.

Маған арналып құлаш-құлаш ізгі сөздер айтылып жатыр. Маған аталып көбігі бұрқырап шампандар атылып жатыр. Маған арналып рюмкалар көтеріліп жатыр. Апам күндізден ішіп, қызу жүрген. Мына ішіс, оны ә дегеннен еңсеріп тастаған болатын. Мен ішпеймін деп қасарысып-ақ көрдім. Апам рюмканы қолыма ұстатып, іш-іштің астына алған соң, амалым бар ма, ішіп қойдым. Ішу тағы жалғаса берді. Аралап би де билеп қоямыз. Маған ән айт деп өтінген соң, ән де айтып бердім. Неге екені белгісіз жылап жүрмін. Барған сайын көз жасыма ие бола алар емеспін. Ән айтсам да, би билесем де, сөз сөйлесем де жылаймын. Әкпарымның «Сәулешімін» кемінде бес-алты рет айтқан шығармын.

Апам әлдеқашан құлап қалған. Нағашы апам да тұғырында қалғыған кәрі бүркіттей обиып әрең отыр. Үйдің іші барған сайын буалдырланып бара жатқандай көрінеді. Басым айналып беймазалана бастадым. Құсқым келетіндей лобли берем. Ақат қолтықтап далаға шығарды. Дала салқын екен. Бойым біраз сергігендей болып еді. Қайдам, біраздан кейін жел көтеріп кетті ме, буынымнан әл кетіп, көзім жұмылып қалғи бастадым. Онан кейінгісін , иә , онан кейінгісін білмеймін...

Жатқан үйіміз әлгі таксист жігіттің үйі болып шықты. Өзі әлі көзіме көрінген жоқ. Ол үйде жатқанымызға міне төртінші күн. Ақат мені далаға шығармай қойды. Дүниеден бөлектенген бір жан болдым. Ақат біресе жалынып кешірім сұрайды. «Сүйемін, маған

сенсіз өмір жоқ. Ақыры болар іс болды, ризалығыңды бер. Апаң да қарсы болмас. Той жасайық» деп қиылады. Оған көнбесем, «Сен қайтсең де мендік боласың. Қайда қашып құтыласың. Осы үйден өмір бойы шығармай қоюға шыдамым жетеді.» - деп қорқытады. Ертеңіне ол ыржалаң қағып, қуанышты адамдай қасыма келді де: «Апаң да ризашылығын беріп хат жазып жіберіпті. Міне, нанбасаң оқы» - деп, бір жапырақ қағаз берді. « ... Әсия, қалқам, бұларың не? Біздің басымыздан аттап өтіп, қашып кеткендеріңе жол болсын. Бұл қай бассыздық. Тумағандығыңды көрсеттің-ау. Мейлі, болар іс болыпты. Қайтейін, өз қолымды өзім кесе аламын ба. Бет алдыңнан жарылқасын. Дегенмен бақытты екенсің. Қалқам, асықсаң жақсылыққа асық деген шығарсыңдар. Қайтып келіндер, ұялмай-ақ келе беріңдер. Қалғанын көре жатармыз.» деп жазыпты. Мен бұл хатты оқып отырып, не болғанымды білмеймін. Денем қалтырап, жағым қарысып қалыпты. Құдайым-ау, бұл не деген сұмдық. Не деген қаскөйлік, не дерсің, не істермін?! Бойымдағы бар күшімді жинап, есі ауысқан адамдай жарғышпақтанған ащы дауыспен «Масқара, мынау масқара, апа, не қылғаның! Мен саған не істен едім» - деп, еңіреп жылап жібердім.

28-қараша. О, сормандай Әсия! Сорлағаның осы емес пе? Бақытсыздығың ту бастан-ақ мәлім екен ғой. Сен тек әлгі, жығылса да күреске тоймайтын сап бастар сияқты оған мойынсал болмай келіпсің. Енді міне... О, Құдайым-ай десеңші! Оны қалай аузыма алармын. Міне, ауруханада жатқаныма төртінші күн болып қалды. Әй, ақымақ басым-ай. Осы аңқаулығымнан сазайымды тартып келе жатсам да ақыл кірмеді-ау.

Бірқанша күннен бері сырқаттанып жүргенмін. Басым айналып, жүйкем босап, дел-сал болдым. Ешнәрсеге зауқым соқпайды. Сүйек-сүйегім шағып, қақсап ауырады. Заводтың емханасына барғанмын. Дәрігерге ауруымның жайын айтып беріп едім. Ол тексеріп шықты да «Сіңлім, паспортыңды берші» - деді. Мен неге сұрағанын түсінбей бере салдым. Ол қарап шықты да, әлдеқандай қамыққан мұңлы кейіппен маған қарап тұрып ауыр күрсінді. «Жігітің бар ма еді?» - деді. Мен шошып кеттім. Қалтыраған үнмен: «Жоқ, апай, жоқ» - дедім. Ой, масқара, әкесі өлгенді де естіртедінің кері келді. «Ішінде екі жарым айлық бала бар. Қайтесің, қалай да қалай болды ...»

Әлден уақытта есімді жинасам, ауруханада жатыр екенмін. Дәрігер қазбалап сұрай берген соң, бар жағдайды баяндап шықтым. Ауруынды жасырсаң, өлімнің әшкере деген осы емес пе. Есімнен танған күйімде неге өліп кетпедім екен? Бұл жарық дүниенің бетін қалай көремін. Оу, қарабет Әсия, тым құрыса өзіннің адал жарыңмен ... Әкпарыңмен ... бұл жазмышқа тап болсам, тағы бір жеңілдік болар ма еді, әлде.

Енді міне, айдай әлемге әйгіленіп кетті. Ақат пен апамның ісі тергеуге берілді. Таксист жігіт те сұраққа тартылып жатыр. Бірақ, мен сорлы біржола сорлап, ел алдына масқара болып қалдым-ау.

Әкпар! Сүйікті қамқоршым менің. Сен де мені масқаралап, табалап жатыр ма екенсің. Әлде мені аяп, менің аянышты тағдырыма ашындың ба екенсің. Сені қалай ғана ренжітіп кетіп едім.

Әне дәрігер келе жатыр. Тағы не айтар екен ...

\*\*\*

Сүйіктім Әкпар! Менің саған жіберіп отырған күнделіктерім осылар еді. Басқа не айтамын. «Сезікті секірет» деме. Менің шын сырым, бастан кешкендерім осылар. Мені махаббат эзезілі деп жиіркенбейтіңіз сенемін. Егер менің мына бақытсыздықтан пәре-пәре болған сорлы жүрегіме үңілсең, жаным мен арымның таза екенін, аяулы махаббаттың зәредей бөлшегіне қиялымда да қиянат жасамайтыныма көзің жетер еді.

Сен осыны ұмытпа, сүйіктім. Мені түсін. Мен бейбақты да ая. Бақытсыз тағдырыма жаның ашысын. Махаббатқа, ізгілікке адал ақ жүрегіңнің ең шеткі бұрышынан болса да мен бейбаққа титтей орын қалдыр. Бірақ, мен сенен баяғы сүттей ұйыған бал махаббатымды сұранып отырғаным жоқ.

Махаббатты сұрап та, тілеп те алуға болмайтыны түсінікті ғой. Сөздің тек кешірім, кеңшілік, аяушылық сезімдері жайлы ғана болып отырғанын ескер.

Егер осы хатым арқылы сенен сол «кеңшілікті» ала алсам, өзімді өле-өлгенше бақытты сезінер едім. Неге дейсің ғой, өйткені «мені өмірдегі сен сияқты ең адал, ең мейірімді, ең дархан адам сүйген. Қазір де солай сүйеді» деген сеніммен жүремін ғой.

Менің ендігі ғұмырыма сол сенім де жетіп жатпай ма.

О, қайран Әсия! Қанаты қайырылған сүйікті көгершінім менін. Оташылар бойынды арам еттен тазартар. Ал егер өз адалдығына сеніп, жүрегінді алдыға жайып салсаң, мына өскелең өмір де жаныңды тазартатынына сенемін.

Егер сенің бақытты болу, болмауың тек маған байланысты болса ...

Иә, сен онда мәңгі бақыттысың.

1972 ж.

## АРУЛЫ АҒАШ

*Повесть*

*Ойласаң өткен күнді айтады жыр  
Тыңдасаң естіледі, бір терең сыр.  
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған.  
Суреті өткендердің алдымда тұр.*

*Иса Байзақов*

### I

Менің есімнен кетпес бір сөз, және сол сөз айтқызуға себепші болған бір ғажайып хикая бар... қашан да оңашаланып жалғыз қалсам, не кездейсоқ бір сәтсіздікке ұшырасам, не болмаса қол жеткен аз ғана табысқа мастанып елеурей бастасам болды, сол ойыма орала кетеді. Шынын айтсам, ол хикаядан бұрын менің сүйікті нағашы атам, көкірегі күмбірлеген күйге, сан тағдыр тоқайласқан тарихи сырға толы абыз қариям көз алдымнан кетпейді. Өзі құрастырып алған екі доңғалақты жаман арбасының үстінде, сіңірі шыққан кәрі торы аттың қираландаған тірсегіне қарап отырып, күйіне айтқан аталық сөзін өмірімде ұмытпаспын.

«Балам, адам алдына қарап өседі, артына қарап ойланып-толғанады, тәубаға келеді, өткен өмір жайлы парасатты толғаныс пен тәуба өркендеп өсудің басы болмақ. Өйткені артта өз өмір жолың жатыр, теңіздей тұңғыық тарих жатыр. Ата-бабаңның кір жуып-кіндік кескен әзіз топырағында арпалысқа толы өмір

жолы, әруақты мазары жатыр. Онда небір аянышты тағдыр, өксігі басылмаған өкінішті қаза, көз жасы құрғамаған арулар бақытсыздығы бар. Оны еске алмау, оны қадірлемеу өте ауыр күнә!

Сен де кәмелет жасқа келіп қалдың, азамат болған деген сол. Кейбір, етегі далақтап шаба беретін есірік жолаушыдай аусарланбай ауық-ауық аялдап, алды-артыңа қарап, өзіңе-өзің есеп беруге дағдылан. Біздің көрі саулықтың жасындай жасымыз қалды. Қанжығаңа байланып жүре алмайсың. Заман болса мынау, қағынған қаңтардай үскіріп тұрған. Саған басалқы боп ақыл айтар әке-шешен жоқ, темір қанат балапандай ұяңды тастап, барған сайын шалғайға кетіп барасың, ол әрине өмір заңы, бірақ, біз көрде тыныш жататындай ұрпақ бол, болсаң ата-бабаң қабырының төбесіне ешкіше ойнақтаудан аулақ бол, балам»...

Бұл осыдан алты жыл бұрын, сонау қараңғы түкпірде атышулы «Мәдени революция» жүріп жатқан кезде, көрмегелі көп болған Қабыл атама сәлем бере барғанымда, жаман арбасын шикылдатып, күншілік жерден алдымнан шығып үйіне алып келе жатқанда болған әңгіме еді...

Атам мені әбден –ақ сағынған екен, бір күліп, бір жылайды, эрнені бір сұрап дегбірі қашты, көзіме тігіле қарап, қайта-қайта сүйеді. Аралап оқуымның жөйін сұрап қояды. Мен екі жылдан бері оқудың тоқтатылғанын айтам. Атам «түсінікті» дегендей ауыр күрсінеді. Атам да қартайып кетіпті-ау!...

Жолға шыққан соң талайға дейін әңгіме болған жоқ. Менің алып ұшқан көңілім ешнәрсеге байыз тауып тоқтар емес...

Сол күнгі табиғат та көз тойғысыз әсем болып кеткендей еді! Аспан шайдай ашық-тын, Хантәңірінің көк тіреген заңғар шоқылары басын көлегейлеген сұр бұлттардан айғыып, аруактанып, айбарланып тұрғандай. Көз ұшында бұлдырап Қабанбайдың қара шоқысы тұр. Көк-жасыл түске малынған Күнес көркі, әсем киінген нұр дидарлы арудай толықсып, көздің жауын алады. Май айының саумал желі-аққолтықтың алтын күрегі аңқылдап, туған жердің қасиетті иісін әкеледі. Төбемізде аспанға іліп қойған сиқырлы күй құдіретіндей бозторғай үні сорғалайды.

Шіркін, осындайда баяғы көк құнаным астымда болып, желмен жарыса, жер апшысын қуыра құйғытсам, балалық шағым өткен есіл тұрақтарымды армансыз араласам, қасиетіңнен айна-



лайын «Арулы ағаш» түбіндегі аяулы анамның көз жасы тамған топырағын аймалап сүйсем, көк тіреген басына бір шығу арман болған кайран үш түп Арулы ағаш бұл күнде күлтелене төгіліп, сан түрлі сазды әуенмен сыңсып тұрған шығар?!... Су бүркіттер әлі ұялай ма екен?...

Арулы ағаш көркіне құмартатын кара борбай достарым әзір қай қиырларға кетті екен? Бәрі де өсіп, ер жетіп кеткен шығар?

Мен кенет күрсініп салдым. Атам одырая қарағанда барып онымды ерсі көріп, сасқалақтап қалдым. Шынында, 17-ге жетпей жатып менікі не күрсініс?...

- Шіркін, салт атқа мініп шабар ма еді? Арулы ағашты сағындым, ата, қашан жетеміз?

- Е, балам-ай! Ол да арман ғой? Бірақ, арман сол ғана ма? Осы күні бір тоя тамақ жеу де, мейірлене бір күлу де, ағыцнан ақтарыла бір сырласу да арман болды ғой?

Атам терең күрсінді, әлдене есіне түскендей маған тігіле қарап сәл тұрды да:

- Осы сен де “Құн выйбин” болдың ба? Әлгі «төрт көнені жою» науқанына қатыстың ба? - деді.

- Болдым, басқалар не істесе соны істедік қой.

- Ә күшік, сен де сүйтіп пе едің? Оны қай бетіңмен айтып отырсың? Енді Арулы ағаштың қалған түбіртегін кесуге, тамырын қазуға асығып келемін десейші?! Өй, өңкей есалаң делбелер, тексіз дүбәралар, қолдарың қалай барады сондай сұмдыққа?!..

Міне, бағанағы “сөз” осыдан басталған болатын. Атам бірден өзгеріп сала берді, менен алыстап, жатырқап бара жатқандай. Япыр-ау, “Құн выбин” болғанда не тұр? Кім болмай жатыр?

Кенет жүрегім дүрсілдей соғып, абдырап қалдым. Көз алдым буалдырланып, қым-қиғаш суретке толып кетті. Көшеде кезіккен кемпір-шалдарды зар жылатып сақалын қырқып, шашын кескен, қыз-келіншектерді шырқаратып қуып жүріп бұрымын кескен, көне ескерткіштердің күл-талқанын шығарған 1966 жылдың тамызы көз алдыма келеді. Атама жалт қарадым. Атамның парасаттылық нышанындай төгіліп тұратын қап-қара бұйра сақалының жоқ екенін енді ғана аңғарыпшын.

Е, бұл сақалға да бір әдепсіз қол жармасқан екен-ау!

Арулы ағаш та кесілген болды ғой, япырау, айдаладағы үш түп

согет кімге кесір келтірді екен?.. Біз өз ойымызбен өзіміз арпалысып үнсіз келеміз.

... Адам алдына қарап өседі, артына қарап ойланып-толғанады, тәубаға келеді... Өлімнен ұят күшті болғанда, тәубаға келу өз қолымен өз шеменін кесіп тастау екен.

Торы ат баяғы қалпынан танбай арса-арса болған сал бөкесін өгізше ырғап ілбіп келеді. Атам терең ойға шомған күйде тұқырып отыр. Қашанғы әдеті бойынша атты ұрмаса да бишігін әлсін-әлсін көтеріп қояды. Торы мәстек құлағын жымырайтып, бес тал құйрығын шыжбаң өткізеді. Тозған киімдей кетеуі кеткен кәрі атпен мына ақ шашты, пышақ жанығандай ат жақты, әжім қыртыстанған жіңішке мойынды, иіні сұлжиген қара шал бейнесі соншалық аянышты-ақ! Тағдырдың қатыгез, мазасыз соққысы әбден меңдеткен екен!

Біз Тасбейіттің тұсынан өтіп барады екенбіз. Бұл араға келгенде, оң жағымыздан аспанға бойлаған Арулы ағаш мен мұңдалап шыға келуші еді. Өрлі-төмен, бұрағай-бұрылыс жолдан өтіп Тасбейіттің желкесіне шыға келгенінде алдыңнан көлең етіп көзге түсетін алып ағаш көңілді көкке көтеріп әкетуші еді...

Сол қадірмен Арулы ағаш қалай қарасам да көзіме түспей келеді. Басқа жерге келіп қалдық па деп жан-жағыма қараймын. Міне, шилі төбені айнала қойылған баяғы Тасбейіт, төмпешіктері көбейе түскені болмаса, бәз-баяғы қалпы. Анау Қыдыр шалдың жер кепесі, оның арғы жағындағы біз көк қарғаның жұмыртқасын аламыз деп Қыдыр шалдан таяқ жеген Ақжар. .. Бәрі бәрі орнынша, тек “Арулы ағаш” жоқ.

Шынымен кесілген екен ғой қайран Арулы ағаш!

Кең даламның гүл тәжіндей, қоңыраулы үкісіндей аяулым! Өзі аялап өсірген, қасиетті Қағбасыңдай қастерлеген халқың ара түсе алмапты-ау, саған!

Ойыма қалада өз көзім көрген сорақылықтар келе қалды. Кезінде солар не істеп тұрғанын ойланды дейсін бе? Қалалық драма театрының алдындағы домбыра шертіп тұрған халық ақынының кескіні бейнеленген ескерткішті қиратқанда, біз не ойлап едік? Е, ол кез шынында есалаң, делбе кезіміз екен ғой?

Бабалар сан ғасырлық парасатын жұмсап бізге асыл мұралар қалдырыпты, ал біздер мұрагерлер, көлденең көк атты бір

сұрқияның айтақтауымен оның күлін көкке ұшырыппыз. Қайта аруақтар қарғысы мен тірілер көз жасы бізді аяған екен? Кеш те болса, ес кіріп, етек жабатынына сенген ғой ұрпағының... өмір деген осы екен, біреу келіп жатса, біреу кетіп жатыр, біреу қуанса, біреу жылап жатыр, біреу күнәсына тәуба етіп жатса, біреу күнәға батып жатыр...

Осыдан алты жыл бұрын марқұм анам екеуміз арулы ағаш түбіне түсіп құран оқып едік. Айша апам көз жасын сорғалағып жүріп түбіндегі шөптерді жұлып еді. Қол орамалына бір уыс топырақты түйіп те алған. Әй балалық-ай, десенші! Арулы ағашты айнала секеңдеп жүгіре бергенше апамнан оның себебі жөнінде бір ауыз сұрап алсамшы? Апам байғұс қайта оралмасын сезгендей екен-ау! Агтанарда, «Қош бол қасиетіңнен айналайын Арулы ағаш! Қош бол, анашым!» деп артқа жалтақтай қарап кеткен болатын. Жаңа атам айтқан етегі далақтап шаба беретін есірік жолдаушыдай ақымақтығыма енді өкініп отырмын...

Арулы ағаш атам үшін де аса қадірлі еді, мен атамның қолында тұрғанда, алыста отырсақ та, жақында отырсақ та мені алдына алып осы Арулы ағашқа бір келмей қоймайтын. Ерінбестен қураған не жегім бұтақтарын қырқатын, тым болмаса, ат шалдырып, көлеңкесінде жататын, кейде көзіне жас алып жылайтын.

- Ата, не болды? Бұл не қылған ағаш? - деп сұрай қалсам.

- Жай әншейін, өткен бір істер ойыма түсіп көңіл босап кетті... Е, бұл ағашта сыр көп қой, балам, әлі айтып беремін. Саған айтпай кімге айтам, - дейтін. Мен:

- Айтыңызшы, ата, қазір-ақ айта беріңізші, - десем көзін жұмып, басын шайқайтын да қоятын...

Арулы ағаштың әруағын асырып тұратын бір ғаламат оның өскен жері еді. Айналасында бұдыр жоқ, терең шағылды сайдың қыр ернеуінде, жуан, қызыл-күрең тамырлары жер бетіне адырая шығып жатыр. Ол тіпті жылдан жылға көкке өрлеп бара жатқандай көрінетін. «Қасиетті, киелі ағаш, Бикемнің әруағы ғой көгертіп тұрған!» дейтін кейбір әжейлер.

Атам торы аттың басын үлкен жолдан бұрып, шөп басқан соқыр соқпаққа түсті. Арулы ағашқа апаратын Қасқа жол осы екен ғой, көптен адам жүрмегенге ол да көр білтелеңіп біткен жараның орнындай жолақтаныпты.

- Мұны да кесіп тынған екен ғой...

- Кесті, құртып тынды, Арулы ағаш та көне болыпты, кертартпа болыпты. Ол кімнің көзіне қадалып, алдына тосқауыл болды екен, егер көнеден келе жатқанның бәрін құрту керек болса мына бізді де, осы сойқанды шығарып отырған анау алжыған кәрі төбетті де құрту керек еді ғой...

Атам өзіне өзі сөйлеп, ызадан жарылардай болып отыр. «Тоқтаубикенің аруағын да сыйламады-ау ағайындар...» Арулы ағаш кесілгенімен түбіртегі анадай жерден көрініп тұрады екен. Қаулай өскен жетім шыбықшалар да бой көтеріпті. Сарыбалақ шөптер де шыға бастапты. Атам енді арбадан түсіп таямам (су-сыз жерде топырақпен дәрет алу тәсілі) жасап алды да жаяулады. Еңкіш тартқан арық денесін тік ұстауға тырысып, қыртысты қабағын түйіп алыпты. Бейне бір өлікке түсетін сүйекшідей екен кейіні.

Атамның айтуы бойынша атты доғарып, отқа қойып қасына келдім. Ой, құдайым-ай! Атама не боп барады, көз жасын сорғалатып, иығы селкілдеп түбіртекті құшақтап жатыр, қалпағы түсіп кетіпті. Аппақ құдай шашымен, қабындай өсіп келе жатқан бурыл сақалы тікірейіп күн нұрына шағылыса сансыз инедей жылт-жылт етеді. Мен қалпағын кигізіп, басын сүйей бердім. Торы ат сендерге не болды дегендей аңырып, алара қарайды. Сонау зенгір көкте батпырауықтай қалықтап бір құс жүр. Бәлкім Арулы ағашты мекен ететін баяғы су бүркіт пе екен әлде? Түстік жағымыздан Күнес өзенінің жәй аққан сарыны естіледі.

Иен далада жұлмалана кесілген Арулы ағаштың түбіртегін құшақтап жатқан жалғыз жанашыр адамының қасында ал-дал боп тұру қандай ауыр хал еді? Қабырғамды қайыстырған жетімдік шерім мені бордай егілтті. Еңіреп жыладым. Атамды тұр-тұрлап жұлқылаймын.

Аруақтай қалқайып басын көтерді ақыры. Жас жуып ісіне қызарған көзін жыпылақтатып, қарлыққан үнмен «Балам, анау жырада көмілген шыбықтар бар, кеше көміп кеткем, соның қасында шөптің арасында күрек те бар, соларды алып кел» деді. Мен жүгіре жөнелдім. Тамырымен қазылған бес түп қызыл соғет екен. Тағы отырғызбақшы екен ғой қайран атам!

Атам белін мата белбеуімен мықтап байлап алыпты. Түбіртектің терістік жағынан, ойпаңдау жерден, арасын екі қадамнан тастап бес орын көрсетті.

- Ал, балам, осы жерлерді жақсылап қаз, өзің де білесің ғой ағаш егуді,- деді де, бәкісін шығарып түбіртектің шыбықшаларын сирете бастады. Мен барымды салып, құлшына қазып жатырмын, анда-санда атама қарап қоямын. Әлденені күбірлеп айтып жүрген сияқты. Мен де ойға шомам.

... Көз алдыма көк тіреген зәулім Арулы ағаш келеді, жылай жүріп орамалына топырағын түйіп алған аяулы анашым есіме түскенде көзіме жас үйірілді... Ағашты кесуге келген тобыр, шақылдаған балта, сырылдаған ара көз алдыма келгенде ширап, түйіліп алдым...

Апырау деймін, атам осы Арулы ағашқа елден ерекше неге сонша елжірейді. Мықтағанда, бір кезде өз қолымен еккен шығар... Ал, ол кесілді деп күйрей беруге бола ма? Қарт адам, өзі аурушан. Не болмақ бүйте берсе.

Міне, қазып та болдым. Атам білегін сыбанып, алғашқы шыбықтыөз қолымен шұқырға түсіріп: «Бисмелла ррахман ррахим, ал, айналайын Қасентай, асықнай жұмсағынан тастай бер, сенің келгенің қандай жақсы болды, құлыным, өз қолыңмен отырғыздың, о, қалқайып жүрген қараңнан айналдым. Құдайдың мұнысына да шүкір,шүкір» деп қояды. Сосын тағы сөйлеп кетеді. «Ағаш егетін уақыт өтіп қалды, бірақ оқасы жоқ. Бұл қазық қақсаң бәйтерек болып шығатын құйқалы, құтты мекенім емес пе? Мына Арулы ағашты да мамырдың аяғында еккенмін. Өсіп кетті ғой, ниет тұзу болса болды, оның үстіне мына қызыл сөгет жарықтық онша күй талғамайды. Құдай қаласа әлі-ақ өсіп, әлгі сұмырайлардың көзіне қадалады...»

- Ата, мына Арулы ағашты сіз отырғызған ба едіңіз? Қашан? - дедім таңданып.

- Ә, мен еккенмін, балам, әлі білмеуші ме едің? Иә, көп адам білмейді. Әсіресе жастар, сендер білмейсіңдер. Ықылым замандар өтіп кетті ғой одан бері де, 60 жыл, аз уақыт емес әрине, ол кезде қылшылдаған жас едім, енді міне қаусаған шал болдық. Көне көздің көбі кетіп болды.

Атам теріс айналып, көзінің жасын сығып тастады. Апырау, сендер сияқты жастар білмегенімен, үлкендер жағы білуге тиіс еді ғой бұл Арулы ағаш жайын. Солардың ара түсе алмағанын айтамын, ау, кешегі қиянатқа?!

Шыбықтарды шаншып та болдық. Атам енді еңсесін көтеріп, көңілденейін деді. Орамалын алып бетін сүртті. Бейне немерелерінің желбіреген тұлымшағын сыйпағандай әлгі шыбықтардың басын аялай сипап ойға шомады. Мен атамның бұл тұрысынан «Сені отырғызу маған серт еді, сертіме жеттім, енді тамыр жайып өсу саған серт, кәне қайтер екенсің? Қатал тағдыр сынынан өте алар ма екенсің... Арулы ағаш атын сақтай алар ма екенсің? Ол оңай емес, жарықтығым» дегенді ұқтым.

## II

«Кіші бесін әлеті болып қалыпты-ау!»- деді атам шақырайған күн көзіне қолын көлегейлей қарап. Қайтқан күннің қапырық ыстығы тынысқа ауыр тиеді. Жарыса безектеген шегірткелер шырылы алып даланың азапты ыңқылындай еді. Көк жүзінде адасқан қаздай қалықтап ақша бұлт легі көшеді.

Ауа қапырық болса да, атам да, мен де, торы ат та сергек, көңілді келеміз. Атам ойға алған ісінің сәтті орыдалғанына көңілді шығар, торы тойып, бел жазғанына мәз. Ал, менің қуанышым аз алдына... Енді жол жүру де жеңіл болады. Атама «Арулы ағаш» хикаясын да айтқызамын. Өтер іс өтіп кетті.

Бірақ атам тағы түнеріп, түйіліп келеді екен. Бет түктері тікірейіп, әжімдері тереңдеп кетіпті. Апыр-ай, қартайған қасіретті адамның көңілі қандай құбылмалы еді? Әлгіндегі болымсыз қуанышты желпініс, жадыраңқы жайдарылығы кеш жүздің ілкім шуағындай баянсыз екен де, қайғы қасіреті, көк жиекті құрсаулаған түсі суық сұр бұлттай иектеп алған екен ғой... Қасында отырсам да, қадірменді қариямды бұл тұнғыықтан, тағдыр өзі құрсаулаған қасіретті кәрілік қыспағынан құтқара алмайтынымды ойлағанда, қандай азаптандым десеңші? Я уақыт қашан да, кімге де болсын осылай, ол жеңбейтін, ол дегеніне көндірмейтін құдіретті күш жоқ әзірше...

Менің де желпінген көңілім басылып қалды. Ол да жөн болған екен. Қайғылы қаза үстіне ыржақтап күліп баруға болмайтыны сияқты, Арулы ағаш хикаясын да тәубаға келген толғанис үстінде тыңдағаным жөн болыпты.

Атам, қайтқан күннің аптап нұрымен жалқындаған сонау Қабанбайдың қара шоқысына қадала қарап отырған күйі ежіктеп, тақпақтай сөйлеп кетті.

*Жүрегім менің қырық жасау,  
Қиянатшыл дүниеден.  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әр неден.  
Өлді кейі, кейі жау  
Кімді сүйсе бұл жүрек.  
Кімі қастық, кімі дау,  
Сүйенерге жоқ тірек.*

... Балам бұл өлеңді естіп пе ең? Өзіміздің орта жүзден шыққан әйгілі сөз зергері Абай атаң жазған. Қиянатшыл дүние опасыздығынан көңілі қалған есіл ер осылай күңірене жыр толғапты. Мен бұл өлеңді алғаш рет Тоқтаубике марқұмнан естіп едім. Оның Абайдікі екенін кейін білдік қой. Қайран Тоқтаубикем, көкірегі толған жыр, ашылмаған сыр еді... Мұндай өлең дегенін онда сан-санақсыз болатын. Оның біздің арамызға келуі қандай күтілмеген оқыс оқиға болса, арамыздан кетуі де сондай аяқ астынан, қапияда болды. Бақыт шіркін зарықтырып, тарықтырып, әрен, ілуде біреуге кездескенімен, мына бақытсыздық- оны тудыратын зұлымдық аяқ астында ғана жатады ғой...

... Иә, Тоқтаубике бақытсыздығы да сондай оқыстан болды. Мына Арулы ағаш хикаясы - сол Тоқтаубике тағдыры жөніндегі қаралы жырдың өзі балам...

### III

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген сөз бар, балам. Осы кейінгі елу жылдың ішінде-ақ менің көз алдымда талай аударыспақ –төңкеріспек оқиғалар болып өтіпті. Әр заманның өз заң, өз салты бар. Кешегі тұқымынан қара көк арылмаған, қандыбалақ Оқас бай тұсында нелер сойқан болмады? Осы өңірді жатқызып-тұрғызған бай қаһарын да бастан кештік. Ден сау болса бәрі де бір күнгідей білінбей өте шығады...

Мен ес білгелі Оқас байдың есігінде болдым. Оқас бай өз малының санын да білмеуші еді. Жер қайысқан көкала жылқы мыңдап-мыңдап саналады. Отар-отар қой, табын-табын сиыр жөні өз алдына. Көші-қон сәні үшін ұстайтын түйесінің өзі жүзге тарта болатын. Ал, Құлжа, Құшар, Қотан, Шәуешек саудагерлерімен жасайтын саудасына біздің ақылымыз жетпес еді. Мен саған Оқастың

байлығын адақтап, мадақтап бергелі отырғаным жоқ. Осыншама ең дәулетті бір өзі иемденіп отырғанына қанағат етпей кейінгі жылдары ұйғыр байларынан көргенін істіп диқаншылықпен де айналысқысы келгендігі еді.

Бар бәле осы егіншіліктен, тоған қазып, су шығару әлегінен басталып кетті. Тоқтаубикенің де түбіне сол жетті.

Мына Қарадала да Оқас байдың көктеуі мен күзеуі болатын. Соңғы үш жылдан бері осы Қарадалаға су шығарып, егін егемін деп Тасөткелдің тұсынан он шақырымға созылған бұқа тоған қаздыра бастаған.

Тоған жұмысы шыққалы менің иығымнан кетпен кеткен емес. Байдың елуге тарта қара табан жалшылары ұйғыр ұсталарымен бірге істейтінбіз.

Алғашқы екі жылда тоғанның ұзын ырғасын қазып бітіргенбіз. Ең қиыны Тасөткелден алынатын тоған көмейі, су қоя берсек болды астынан егіліп оппаға айналады да кетеді. Нияз-әканың кеңесі бойынша көк қасқа шыммен өріп, қомдап шығуға кірістік, қол созым жерде тұрған шым қайда? Қозы көш жерден шауып өгіз арбаға тиеп әкелу керек, қанша қиналсақ та ұсталардың айтқанын екі етпей орындап шықтық.

Күнес өзені жайшылықта алқынып-жұлқыпбай жәй аққанымен, тасығанда танымастай өзгеріп кетеді. Сол тасқынға төтеп береді деген тоспамыз түкке тұрғысыз бір нәрсе болып шықты. “Су шығаруды өз көзіммен көремін” деп келген Оқас бай ошақ бұт тоспамызды дүлей тасқын жұлып әкетіп деңгелек айналдыра ағызғанда ызадан жарылып кете жаздады. Қанша зорланғанымызбен ол жылы ешнәрсе өндіре алмадық. Байдың да, тоғаншылардың да үміті алдағы көктемде қалды.

Сен анау Қараөзектегі біздің жер кепелерді көріп пе едің? Орны әлі бар. Жолдан бұрыс болған соң бармай кеттік. Оның тұсынан өту де оңай емес маған.

Қараөзектің күнгей қабағында онға тарта жер кепе болатын. Тоти дейтін күң бәрімізге тамақ дайындап беретін. Біз бір қазаннан ас ішуді сол кезде-ақ бастағанбыз.

Бір күні жұмыстан келсем Тоти апайдың жанында екі жасар шамасында қызы бар жас келіншек жүр екен. Басына жақтауында не маңдайында кесте өрнегі жоқ ақ кимешек киіп алғанына



қарағанда қаралы жесір екенін айтпай-ақ білдік. Қайдан келген бейбақ екен?

Сол күннен бастап жесір келіншек Тотимен бірге аспаздық етті. Ара-тұра, тиіп-қашып тілдесіп те қаламыз. Аты Тоқтаубике екен. Кейін келе бәріміз оны Бике деп атап кеттік. Ой, өзі де алтайы қызыл түлкідей сүйкімді-ақ еді. Өңі сәл сынық демесең, нағыз сұлудың өзі еді. Сұңғақтау келген талдырмаш денесіне сән бере төгіліп тұратын ұзын қара шашты, бидай өңдінің әдемісі-тін. Жаратылысынан мөлдірей біткен қара көз қайғы бұлтымен тіпті тұңғыықтанып, ай сәулесі түскен қайнардай жәудіреді. Шіркін, сәмбі талдай солқылдаған он сегіз жасында, мынау ақша жүз төріндегі тұтылған айдай қара мең сәулетін бір көрер ме еді!

Ауыр жұмыс, үмітсіз тіршілік, таусылмас тақсірет жігерін құм қылған жалшыларға Тоқтаубикенің келуі жәрмеңке қызығынан бір де кем болған жоқ. “Басымыз қосыла қалса сол жөнінде әңгімелесеміз, тұлымшағы желбіреген Айшасынын бақытсыз талайын аяймыз. Өзі де адамды жатырқамаушы еді. Қолдан-қолға алып көтеріп ойнататынбыз. Айналайын Айшажанды мен тіпті жақсы көріп кеттім.”

Мені бұл есім елең еткізді. Менің шешемнің аты да Айша емес пе? Апам марқұмның аты аталғанда елеңдемей қалай отырайын?

Атам менің көңіл-күйімді байқап қалған сияқты.

- Анаң есіңе түсіп отыр ма, бала? Айтам әзір, бәрін айтам балам.... Сабыр етіп тыңда...

Иә, қанша араласып кеттік десек те, Бикенің атынан басқа, ешнәрсесін білмеуші едік. Қанша қазбалап сұрасаң да маңдытып ешнәрсе айтпайтын. «Өздерің сияқты, ырызығым болса терем, азабым болса көрем, ажалым жетсе өлем деп жүрген ғарыптардың бірімін, дәм айдап араларыңа келіп қалдық», дейтін де қоятын.

Тоқтаубике мен Тоти апалы-сіңілілердей-ақ тату-тәтті болып кетті. Қашан көрсең де қайғы-қасірет ұялаған мұңды жанарларын бір-біріне қадап салиқалы кейінде мұндасып отыратын.

Ей, сендер Тотидың қандай асыл ана екенін білмейсіңдер ғой! Көрмеген соң қайдан білесіңдер. Кедейдің қысы-жазы арқасынан ыңыршық, сауырынан таяқ кетпейтін көмліс өгзіндей жаны сірі еді. Құдайдың үш жүз алпыс күнінде елең етіп, еңсе көтергенін, жиынтойға барғанын көрген емеспін. Не көрмеді дейсің ол бейбақ?

Кейінгілер кім болғанын, бұл бақытсыздыққа қалай тап болғанын да білмейді. Көне көз қариялардың айтуынша қалмақ пен қазақ шабысқан аласапыран жаугершілік заманда Оқас байдың қайын атасы Оразбай жортушыларының Жұлдыздағы Торғауыттардан олжаға түсірген он бес жасар қыз екен. Оқастың бәйбішесі Жамал ханым ұзатылғанда шаңырағына мінгізіп әкелген күңі болады. Е, шаңыраққа мініп келген күңнің күнін Құдай ит екеш итке де бермесін... Көзіне көк шыбын үймелеп Жамал ханымның отымен кіріп, күлімен шығып, сорлап өтті өмірден. Бір ғажабы Тоти марқұм елдің көзінше жасып-жабықпайтын, не ауыр жұмыстан аң ұрып зарланбайтын. Қашан көрсең де әйтеуір бір нәрсемен айналысып, суық шыраймен іштей тынып қана жүретін. Кей жылдары, мамыр, маусым айларында ғана бай ауылы көкорай көктеуге шыққанда ғана айнала ызы-шуға толып, қырка-қыраттардағы көздің жауын алар бәйшешектерді Акқолтықтың алтын жүрегі аялай тербеткенде, ол тезек терген болып алысқа кетіп қалатын. Сауыстанып кеткен қырық шоқпыт көйлегі жалбырап шығысқа, сонау Көк шоқының мұнартқан басына, оның арғы жағындағы Жұлдыз көгіне қадала, сағыныш мұңымен егіліп тұрғанын көруші едік. Бақытсыз бейбақтың сол тұрысын аяп кетуші едім, өз басымда қаншама ауыртпалық тұрса да еркекпін ғой, туған жердің топырағын басып жүрмін ғой, ал бұл болса бәрінен жүрдай болып, тұрған тұрысы мынау. Кім біледі, ол сорлы сондай кездерде өзегін өртеп жүрген перзенттік жүрегімен, туған жерін, оның бал көктемін, сүйікті ата-анасын, құрбы-құрдастарын еске алып тұрған шығар? Бәлкім, махаббат жаршысындай жыл құсының қанатымен, көктемгі торғын самал лебімен, жұпар гүлдер иісімен, тау бұлағының мөлдір ағысымен оның жүрегіне алғашқы махаббат шарапаты дарыған болар? Сол аяулысын, қанбай кеткен сүйіспеншілік ләззатын зарыға еске алып тұрған шығар? Әйтеуір бейшараның сол тұрысы аянышты-ақ еді.

Қайғылы, қаралы адамдарда тілсіз-ақ, үнсіз-ақ жан-жүрекпен түсінісетін бауырмалдық болады. Тоқтаубикемен оны ажырамас жұп етіп қосқан соның шарапаты еді. Біз ойдан-қырдан жиналған алпысқа тарта бойдақ жігіттер де олардың қас-қабағына қарап, апа-қарындастарымыздай аяушы едік.

«Тұсында әр заманның бір сұрқылтай» дегендей, біздің көзге

шыққан сүйелдей жексұрын сұрқылтайымыз Шақшабас Кәріпжан деген болатын. Жактырмаған молданың демі де сасық дегендей. Ол бойы сорайған, шибұт, шақшабас, ежірек көз біреу-ді. Оқас байға жиеншарлығы бар дейтін. Оқас қайбір бауырмал адам? Оның алып кел, шауып келге бейім жандайшаптығына қызыққан болар. Тоған жұмысы шыққалы бізге бастық етіп құтыртып қойды. Жігіттер оны соншалық жек көруші еді, әсіресе мен оған Бикеме жасаған бір қиянатынан кейін тіпті жауығып кеттім. Ол да дұшпандығын аяған жоқ менен...

#### IV

Тоқтаубике келгелі Тоти апайдың арқа-басы кеңіп қалды. Тезек теруге кезек шығып тұратын болған. Біз ол кезде Ақкүнгедейден тас тасып жатқан едік. Арбамның жантағы сынып қалған соң жөндеп ала қояйын деп қосқа келсем, Айшаның шырқырай жылаған даусын естіп қалдым. Олар болса Айшаны былай шырылдатып жылатпас еді. Жер кепеге кіріп барсам ұмар-жұмар алысып жатқандардың үстінен түстім. Шақшабас мені көре сала атып тұрды. Суық торғайдың жұмыртқасындай секпіл беті онан әрі қуарып кетті. Сойған түлкідей ыжың-ыржың етеді.

- Құдаша екеуіміз әншейін, қалжыңдасып, ойнап, - деп міңгірлейді. Ыза болғаным сонша аузыма сөз түспей түйілдім де қалдым. Тоқтаубике ықылық ата көгеріп жатқан Айшаны құшақтай алып, өксіп-өксіп жылап жіберді.

- Қабыл аға-ай, бұл не деген қорлық еді, қайда барсам көзімді ашпастай құдайға не жазып едім мен? Сай сүйекті сырқыратар мына шағым мені тас қайрақтай жаныды. Денем калтырап, көз алдым бұлдырап кетті. Өзімді ұстай алмадым да. Кәріпжанға тура атылдым. Әйелге қодыраңдағаны болмаса, онда қайбір қауқар бар дейсің, ұшып түсті. Кеудесіне міне түскен мен, тақыр-тақыр қолтықтан тізелеп-тізелеп жібердім. Егер Бикем келіп қылқиған кеңірдегіне салған құрсуымды жазып арашаламаса, аяйтын түрім жоқ еді.

- Қабыл аға, болды, ашуыңызды қойыңыз, ол өліп кетсе бай түбімізге жетеді ғой, болды, болды», - деп қолымды босатып алды. Шақшабас қайраңдаған балықтай өкпесін соғып жатыр. Бикем қарысқан саусақтарымды аялай укалай, жаутандай қарайды. Бота-

сы өлген аруананың көзіндей мөлтілдеп тұрған мұңлы жанар шарасыз тағдырдың айнасындай еді.

Мен оны соншалық аяп кеттім. Бикем барып Айшасын қолына алды. Сілесі қатқан нәресте солықтап анда-санда ішін тарта өксиді. Қалайда бір сөз айтқым келеді, ес қатар, жұбаныш етер сөз айтқым бар. Өз ажары, өз соры болған бейбақ сұлулардың аянышты тағдырына ара түскім келеді.

Кәріпжан сасық қоңыздай теңкиіп әлі жатыр.

- Ей, шақшабас, батыр қараңды, екінші осындайынды көрсем, менен жақсылық күтпе!- деп қуып шықтым.

- Бике, қатты қорықтың ба? Бұл ит қайдан келе қалып еді?

- Қорқуын қорықтым, Қабыл аға, бірақ сол шақшабасты қойыңызшы, еркек пе тәйірі сол да, - деп зорлана жымыды.

Бикем жаңағының бәрін шынымен ұмыта бастады. Әлде қалай толқыған күйде, екі беті алаулап, деміге тыныстап тұр еді. Мені қайдағы бір пысықсыған ойлар тори қалды. «Қандай сүйкімді әйел еді, жақсы атқа жау көп, сол сияқты сұлуға да сұқтанушы көп, ондайлар бейбақтардың сорын қайнатып, бақытсыз етеді.» Бұл құдайға не жазып ем, көзімді ашпады-ау!»- дегені тегін бе әлгінде. Бұл сөз Бике бейбақтың шиыршық атқан жан ашуы ғой. Сонысына қарағанда сорлының көрмегені қалмаған-ау, сірә? Егер мен оны осы азаптан біржола құтқарсам қайтер еді? Бір әйелдің басына сая, жанына пана бола аларлық шама бар шығар мендеде?! «Мен Бикеме жаутаңдап қарай бердім. Осы ойларымның шет жағасын саумалап айтқым да келеді.» Ондай ойдың ұшқыны бұрын да бар-ды. Бірақ айта алмадым, өйткені бір ой келіп, «Сен сол үшін, қаралы жесірге көрсеткен болымсыз көмегің үшін, еркектік парызың үшін Бикеден өтеуін сұрағың келе ме? Ұят қайда? Бике солай десе не бетінді айтасың?»- деп тиып тастады. Шынында ұят екен-ау оным.

Бикемнің қасынан кеткім жоқ-ақ. Сырласқым келеді. Бірақ тағы сөзден сөз шығып әлгі ойдың шетін шығарып алып ұятқа қалмайын дедім де, арбамды жөндейін едім деп шығып кеттім. Бикем оны күтпегендей аңырып қалды.

- Балам, саған мұндай сөздерді айтып отыру қолайсыз да шығар. Бірақ өткен іс қой, өзі қиянаты мен зәбірі жоқ ақ жүректің әмірімен істелген адал істер. Өткенінді еске алғанда денен түршігіп, күнәңнан шошынатындай болмай, шүкіршілік ете оты-

рып, сағына еске аларың болса, ол да бір ғанибет қой!

Содан бастап, Бикемді қайдам, өз басым шытырман ойлар шырмауында қалды. Бикемді ерекше сыйлаймын ба, әлде одан қорқамын ба? Қалайша бетпе-бет келіп қалудан именіп, бүгежектей беремін. Айшаны да көп көтермейтін болдым.

Алғашқы кезде Бикем бұл өзгеріске түсінбей таңырқап жүрді ғой деймін. Кейін келе ол да әлденеден шошынғандай, менің бойымда бір қолайсыз нәрсе бардай алыстап жүретін болды. Көзінің астымен сүзіле қарап өте шығады ылғи. Дегенмен көңіл шіркін жүйрік қой. Оны ешқандай нәрсе тоқтата ала ма? Кезі келгенде оған ие бола алмай қаласың. Марқұм Асан ғой біздің арамыздағы тоң торыс жағдайдың тоңын бұзып, көңілімізді көтерген. Шіркін, Асан жігіттің төресі еді... Басқалар да оның адал, момын мінезін, сауықшыл өнерін жақсы көріп, сыйлайтын. Өзінде асып бара жатқан ерен өнер де жоқ. Бірақ ауыр бейнет пен иен даладағы жәпірейген жер кепе еңсесін басқан жалшылар үшін онан асқан әнші де, домбырашы да жоқ еді. Жұмыстан келісімен жер кепе алдындағы лапастың астына отыра қалып өзі қызыл талдан шауып алған домбырасын ерсілі-қарсылы көсілте шертіп-шертіп жібергенде бір желпініп қалушы ек. Ол кезде Нияз әка да «Ақ білік-аппақ білікқа» басып Күнес аспанын басына көтеретін. Сөйтіп жүргенде «Кемеші келсе-қайықшы судан шығады» дегендей, олар ән салудан безетін болды. «Тоқтаубике тұрғанда бізге ән салу ұят екен, нанбасандар айтқызып көресіндер! Керемет!» -деп Асан безек қаққан соң бәріміз жабылып, Бикенді қолқалайтын болдық. Бикемнің әнді керемет айтатынына мен тіпті күманданғаным жоқ. Оның қолынан келмейтін нәрсе бар деп білмейтін қалге жеткендеймін.

Бәріміз қолқалап қоймаған соң ол да көнді-ау, әйтеуір.

- Ән айтпағалы да көп болды ғой, қайбір жетіскеннен ән салады дейсіңдер. Әйтеуір амалсыздың күнідағы. Сәл де болса қайғымұнды серпілтсем деп анда-санда ыңылдаған боламыз. Қолқалап қалған екенсіңдер, айтайын, сосын сіздер де айтыңыздар», - деді.

Шынында ән айту Бикеге оңайға түспесе керек. Талайға дейін қиналып, даусын кенеп, әр әуенді бір ыңылдап әуреге түсті. «Ұзаққа, қыза келе шабатын бәйге атындай кібіртіктеп отыр» деп ойлады. Асан да оның ыңғайына қарап қайсы әнді ыңылдаса домбырасын соған ыңғайлап лыпып отыр.

Бикем ақыры ән бастады.

*«Аспанда ай болмаса адасады,*

*Көңілді көтермесе кір басады»*- деп ән құдыретін мадақтады. Көптің тілегін орындап ән айтып отырғанын, әйтпесе, жетіскенінен емес екенін айтып көпшілікке мұң шақты. Сосын сан тарау, сан сазды әндер айтыла бастады. Бикем айта келе ашылып, даусын еркін созып, ән қайырмасын дірілдете қалықтатып жан жүйені босата шырқайды. Айлы түн тыныштығын мұңлы ән, оған қосыла бебеулеген домбыра зары әңдилеп тербетіп отырғандай.

Бикем көзін алысқа қадап, ерекше толықныспен жаңа бір әнді бастады. Ән баяу, қалықтай көтеріліп барады. «Ата-анам, ақ батанды аттап кеттім...» Іштегі шер-шемен бір лықсып барып қайта ширай серпілді. «Тентек ел талқысына тастап кеттім...» Албырт жас шарасыздықтан еткен тәуекеліне өкініп жалбарына кешірім сұрайды. «Қарғама жалғызыңды», «Болсам да іштен шыққан шұбар жылан, қарғамас деген сенім сақтап кеттім».

Аһ ұрып зарланған қайырмадан соң, безектеген домбыра әуеніне ілесіп ән тағы жалғасты... зарлай күңірене жалғасты.

Тындап отырғандар іштей егіліп, әнмен бірге жылап отырғандай. Кеудесі қарс айырылардай аһ ұрған күрсіністер жиілеп, мұрындар қорсылдай бастады. Ай нұрына шағылысып тарамдай аққан көз жастар көрініп те қалады.

Апырау, Бикем не айтып отыр? Ән бе, жоқтау ма? Әлде жалбарына кешірім сұрау ма? Не болмаса, шалғайда қалған сүйіктісіне арнап айтқан жүрек зары ма? Жоқ! Бұл әнде бәрі бар. Сөзіңде болмаса, әуеніңде бар. Онда болмаса, иә, онда болмаса Бикемнің зарлаған даусында, көзінен аққан жасында, тұла бойында, жүрегінде бар. Асанның қара домбырасының қос ішегінде бар қалғаны. Қалайда соның бәрінде Бикемнің жан қайғысы, жүрек дерті жатыр онда...

Ән аяқталды. Көпке дейін есеңгіреп қалғандай ешкім тіс жарып ешнәрсе деген жоқ, іштей тынып, әлгі әннің әуенін өздерінше қайталап отыр ма, әлде әр кім өз басындағы қайғы-шеменін қозғап алып егіліп отыр ма, әйтеуір сүркейлі тыныштық біразға созылды. Оны Тоти апай ғана бұзды.

- Рахмет, Бикем, даусыңнан айналдым, сол! Көп жаса, бақытты бол!- деп көптің алғысын айтып жатыр. Асан да енді ес жиғандай тілге келді.

- Ән иесін енді тапқан екен! Рахмет, Бике!

- Бикем, даусыңнан айналдым, мөлдіреген көзіңнің садағасы кетейін. Тағы айтшы, тербей түсші жанымды. Торғын самалдай аймалаған үні мәңгі тоқтамаса игі!

Ел қатарлы алғысымды мен да актарып жатырмын. Бірақ ешнәрсе айта алмаған сияқтымын...

Бикемнің өтініші бойынша Асан «Адасқан Аққу» күйін шертті. Қанатына оқ тиіп, жалғыз қалған жаралы бейбақтың көл бетін сабалап жанталасқаны, сыңқылдай зарлағаны, бойынан қайраты кетіп, қанаты талған сорлы құстың үзіле әлсіреп барып үнінің өшкені...

Бәрі-бәрі көз алдына келеді. Бикемнің зар жыры, домбыра тілімен аққу сұңқылына ұласып кетті. Тағдырлар ұласындай.

Басқалар енді маған ауыз салды. Тәтті ауыздың дәмін кетірмейін десем де көнбеді. Басқалар болса да жуан мойынға салып кетер ем, Бикем мен Тоты апай да «Айт, Қабыл, ұялма, бүгін бір ән айтатын күн болып тұр ғой» деген соң, амалсыздан Асаннан үйренген «Майда қоңырды» айтып бердім. Айтқаным бар болсын қара терге түсіп, не айтып, не қойғанымды да білмедім.

- Қанекі, осы енді бәріміз қосылып айтайықшы. Асан аға, иә, солай...

*Шын ғашық бірін-бірі алдамайды.*

*Қайғысыз ғазиз жүрек зарламайды.*

*Қара тас ұйқың келсе болар мамық.*

*Ғашықтық сұлулықты талғамайды.* - деп өздері көтеріп әкетті, ән тағы жалғаса берді. Бәлкім осылай таң атқанша жалғаса берер ме еді, қайтер еді, егер үйде ұйықтап жатқан Айша шошына шырқырап қоя бермесе.

Қайран сол бір ән мерейі көкке өрлеген кеш-ай! Тәңірім біз пақырларға бір кештің қызығын да қимады ғой. Дүние аяқ астынан астан-кестен болды да кетті...

Айшаның жан даусы бәрімізді шошытып жіберді. Бикемнің артынан мен де жүгіріп жеттім. Бикем аялап жүгірген бойы жер төсекте шырқырап жатқан Айшаны көрпесімен көтере бергенде, «астапыралла», білектей қара жылан топ етіп жерге түсті. Шошынған қара тажал ұршықтай иіріліп, басын қақайтып шаншыла қалды. «Енді ажалың жеткен қайсың барсың? Кел қане?» деген сойқанды тұрыс. Жанымдай жақсы көретін Айшаның кегі мені

бір жола көзсіз батырлыққа бастады. Аяғыммен жыланды бастан басып тұра қалдым.

- Ойбай, байқа Қабыл, жазым боласың, - дегенге де қарамаппын. Жылан шиыршық атқан құйрығымен жіліншігімді әлденеше орап жіберіп, сықырлата қысты. Ақыры басы жаншылған соң орауын қойып көріскендей созыла жатты.

Кішкене жер кепенің іші анталаған адамға толып кетті. Сырттағылар «не болдылап» жүр әлі. Бейшара нәресте әп-сәтте көзін ашып-жұмып ықылық ата бастапты. Үйдің іші де пысынап тынысты тарылтып барады. Ой, сорлы Бикем мен Тотида ес қалған жоқ. «Құдайым-ай уайымсыз уақта қайдан ғана желіге қалып едім? Енді не болдым, жұртым ау! Қайтеміз? Қабыл-ау, бірдеңе десендерші, еркек емес пе едіңдер...», деп зар қағады. Көз алдым бұлдырап, басым айналып кетті. «Апыр-ау! Шынымен шарасыз болғанымыз ба?»

Жылан оң аяқтың білезігінен шағыпты. Сәтте, кара санына дейін у жайылып ісіп шыға келіпті. Енді сәл кідірсек нәрестеден көз алдымызда-ақ айырылып қалғалы тұрмыз. Тоқтаубикенің ашы зары жаныма батып барады. Шынында біз еркек емеспіз бе? Бұл не тұрыс? Жоқ әлде нәрестеден жанымыз артық па? Тұрып өлгенше, жүріп өлген армансыз болар? Бәлкім, жаны қалатын да шығар?...

Үлкендерден естіген бір кара дүрсін тәжірибе есіме келе қалған соң, дереу бекідім. Басқа не амал бар?...

Басқаларды далаға шығарып жібердім. Асан, Нияз әкалар ғана қалды. Нияз әканың шашқа түсетін өткір бәкісі бар болатын. Соны қонышқа жанып жанып жібердім де, Тоти апай берген торғын суыртпақпен баланың жылан шаққан аяғын тізеден төмен буып тастап, жылан тісі тиген жердің етін ойып алып тастадым. Бала жәй бұлқынып, ыңырсығаны болмаса қимылдай алмады.

Сары су толған кара қан аққан соң жата қалып, кесілген жерді аузыммен сора бастадым. Ауыз толтыра әлденеше рет төгіп тастадым. Аузым кара бұрыш жегендей дуылдап, қолқамды қабады. Тұла бойым шошына қалтырап кара терге түстім. Біраздан кейін басым айналып, көзіме ешнәрсе көрінбеуге айналды. Естен танып та кетіппін. Әйтеуір бір мезгілде ес жинадым.

Айналайын, Айшаның су ішерлігі бар екен. Менің көзсіз ерлігім сондай бір кәдеге жарады. Жыланның уы әлі күшеймеген көктем болса да Айша көпке дейін есін жинап, түзеле алмады. Жы-



лан уы буын буынды алып қалады ғой. Айша тұрмақ, дардай мен де бірнеше күн қалпыма келе алмадым. Әсіресе жылан уы ойып жіберген ауыздан көрдім көресіні. Не сөйлей алмаймын, не тамақ ішіп жарытпаймын. Бар қорегім Бикемнің суытылған тары көжесі болды.

Байғұс Бике мен Тоти апай біздің әбігершілігімізбен әбден қалжырап, жүдеп кетті. Шөжесін жаңа өргізген мекиендей қанаты жалбырап, үрпиіп, аянышты болып барады.

Ол сонда да сыр бермеуге тырысып, көбінше Айша екеуіміздің қасымызда болып қызықты әңгімелер, бәйіттер айтып беретін. «Мың бір түн» хикаяларын шұбыртатын. Қайдағы мұнлы әндерді сыңсып айтатын. Жетім бала, жесір әйел зарын, арманда кеткен ғашықтар мұнын жырлап беретін. Айшасын әубәйлап отырғанда, баяу дауыспен сөз бастай берсем болды, жүдеу бозғылт жүзі ду етіп, мөлтілдеген қара көзінің түкпірінде найзағай ойнағандай ұшқын пайда болып, сөзді басқа жаққа бұрып жіберетін.

Мұнда үлкен сыр бар. Қалайда өзі іштей қорқып, түршігіп жүрген бір ұятты сөздің тұтқиылдан айтылып қалуынан қорыққан адам ғана сөйтеді...

Мен оған шынымен ғашық екенмін. Кім біледі? Ол да сондай бір сезім арпалысында жүрген болар? Бірақ, бар сезім-серігін шау-жайлап, тұншықтырып дағдылаған қам көңіл, қаралы жесір ондай сырын қайдан сездірсін?

Дегенмен әр нәрсенің де шегі бар. Көңілде жүріп-ақ ержеткен еселі сөз әйтеуір бір айтылмай қоймайды. Оны өз басымнан өткіздім. Бірақ бәрін бүлдіріп ала жаздадым, сол аңғырттығымнан. Қалай да сөздің басы ашылды сонымен...

## V

Науқасынан айыға бастағалы Айша менен бір елі айырылмастай боп бауыр басып кетті. Бала да шешесінің қас-қабағына қарап, кімге қалай ықылас білдіруді біледі.

Бике мен Тотидың мейірбан көзқарасы Айшаны менімен әкелі-балалай жақындастырғаны даусыз. Ол да маған әбден бауыр басып кетті. Жаңа шығып келе жатқан балдай тілімен «Ата, апалап» қоймайды. Сақалымды сипап, құлағымды созып мәз болады. Садағаң кетейін сәбидің аузына құдай салған шығар деп іштей шүкіршілік етемін, ол аталап жүгіргенде...

Бір күні Айша солай «аталап» алдымнан шыққанда көтеріп алып құшырлана сүйіп тұрып, тамақ жасап жатқан Бикеге: «Айшаны әкесіз қалдыруға болмайды ғой, Бике, қарашы, ата-ата деп тақылдап тұрғанын» дедім.

Бике не айтып тұрсың дегендей аңыра қарады. Сосын енді түсінгендей түсі бұзылып, оқты көзімен ата, тез-тез келіп, Айшаны тыртысқанына карамай қолымнан жұлып алды да «Сіз не айтып тұрсыз, сізге әке тауып бер деп не еді? Құдай маңдайына жазбаған әке, сұм тілеу болып қаршадайынан жұтып қойған әке оған не керек?..» деп булығып жылап жіберді. Мен де қысылып қалдым.

- Ол тағдырдың жазуы шығар, Бике. Әлі басың жас, тілеуің алда. Сәбиді жетім қалдыру шариятқа да болмайды.

- Сіз не деп кеттіңіз, Қабыл аға-ау? Құдайдан қорықсаңыз етті, оның әкесінің қабіріне әлі шөп те шығып үлгірген жоқ қой, мені неге қинай бересіз осы?- деді жылап тұрып.

...Оны қайдан білгем? Білсем айтар ма едім? Жоқ. Әйтеуір бір айтар едім. Бірақ әзіргім ұяттау болған екен.

- Кешір, Бике, білмеген у ішеді ғой, не өзің біліп айтпадың мән-жайыңды. Марқұм қашан қайтыс болып еді, сүйегі кім болады, ныспы ше? Бағыштап құран оқи жүрелік.

- Жоқ, жоқ. Оны айта алмаймын, Қабыл, қажеті жоқ...Сіздің қайырымды, адал адам екеніңізді білемін, сізге қарыздармын. Құраныңызды аруақтарға бағыштап оқи беріңіз. Оған да тие жатар, қайтейін.

Ол Айшасын бауырына басып тұрып көз жасына тұншыға егілді.

Бакытсыз бейбақтар тағдырын аяп кеттім. Жиырмаға әлі жетпеген жап-жас әйел басынан соғып өткен қара дауыл қатыгездігіне лағнат айтып тұрмын. Бике енді іштей егіліп, өткен өмір елестерін көз алдына келтіргендей азапты қиналысқа түсті.

Мен де жанымды жегідей жеген алуан ойға ерік бердім. Бикеге тіл қаппай тұра алатын емеспін. Жүрегін сыздатқан қайғы-мұңына ортақтаспай болмайды. Жанындай жақсы көретін адамыңды аш қасқырдай торыған қиял талқысына қалдыруға қалай дәтің шыдасын?...

Қаншалық айтуға ауыр болса да Бикем ақыры сыр сандығын ашты. Қиянатты, қаскөй озбырлық, қайғылы қаза, азапты тағдыр тәлкегі күйзелткен мәзлүм жан екі жылап, бір сөйлеп отырып, өз мұңын былай шағып еді....

## VI

Атам мені біржола ұмытқандай, қайрылып та карамастан өзі бір жола берілген өткен өмір дүниесінен көз жазбастан әңгімесін соза берді...

- Тоқтаубике сонау Мұқыр өзенін мекен ететін Едіге руынан шыққан етікші Қажен дегеннің қызы екен. Әкесі жастайынан қайтыс болып, жалғыз шешесінің қолында өседі. Ес біліп, етек жапқалы Қасым төре дегеннің сауыншысы болып тесік өкпелікпен ержетеді. Көн-қоқырдың ішіндегі алтынның сынығындай жарқылдаған сұлу қыз сарыала етек сауыншы киімінің ішінде жүріп-ақ көзге ерте түседі. Қаженнің ақ Бикесі аталып дәмелілер үкісін желкілдетіп, сөлкебайын сылдырлатып ертелі кеш тыным бермейді. Байғұс ананың көңілі өсіп, есіктегі басы төрге жеткендей болса да іштей әлденеден шошып та жүреді.

Ақбике ешкімге жылы шырай бермейді. Өйткені оның жүрегін тау қыранындай өжет жылқышы Сейіт әлдеқашан жаулап алған еді. Сейіт ешнәрсеге алаңдамады. Өз бақытына қалтықсыз сеніп жастық қызығын қызықтаумен болды. Мұқыр өзенінің құрақты жағасын ақ отауларындай көріп ұзақ-ұзақ сырласатын, сүйіспеншілік ләззатына мастанып, айлы түн қызығына бататын.

Сол кезде алпысты алқымдап қалған Қасым төренің де көзі Бикеге түседі. Төске басар жас тоқалға содан қолайлысы табылмас та еді. Бас көтерер адамы жоқ, жесір сауыншы кімнің шікірәсі тәйірі? Араға қызын сұрата төренің қарғыбаушысы келгенде байқұс ана есінен тана жаздайды. Мойнына түскелі тұрған тұзақ жас сұлудың да зәресін кетіреді. Не істеу керек?

Ақыры анасының кеңесі бойынша екі жас бір түнде қашып кетеді де, таудағы Сейіттің нағашы жұртын паналайды. Қарғыбау байлап, қалың беріп, елге әйгілеуге үлгіре алмаған Қасым төре іштей тынып, түйілген кекпен қала береді.

Арада біраз айлар өткен соң Бикенің анасы қатты науқастанып «тым болмаса қос қақтарымды бір көріп өлейін, келсін» деп, Сейіттің достарынан хабар береді.

Қайғылы хабарды естігенде, Бике тағат таппай, тәуекелмен Сейітті ертіп, қайтып келеді. Әл үстінде жатқан ана ақтық батасын беріп, дүние салады. Әке-шешесінен қалған иесіз қара қостың отын өшіргісі келмеген Сейіт Бикенің сөзін қимай сонда тұрып қалады. Бар қырсық сол тұрып қалудан басталады.

Сейіт тағы да Қасым төренің малын бағады. Мал күзеуге келгенде, жаңбырлы түнде нәрестелі болады. Махаббат гүліндей сүйкімді сәби келеді дүниеге. Барша нәрестелер сияқты жылай ашты өмір есігін. Айша тіпті жылауық болады. Сәбидің көп жылағанын үлкендер ауыр алады. Ойлап отырсаң оның да өзіндік себебі бар екей-ау!..

Қырық найзалы кара лашық ішінде, бұл сүреңсіз дүниеге оқыс келе калғандай гүл жайнаған үш жастың балдай тәтті өмірі өтіп жатты. Қақаған қыс етіп, көктем де келді. Қардың астынан өніп шыққандай Мұқыр өзенінің бойы қалың малға, қайнаған тірлікке толады.

Сейіт көкпар десе ішкен асын жерге қоятын дүрмекшіл, сауықшыл жігіт болатын. Оның түбіне ақыры сол көкпар жетті. Тағдырға не дерсің? Өз ажалынан өлсе де армансыз ғой?...

Барлық өшепенділігі мен жаулығын ішіне сақтап қапысын күткен Қасым төренің қан ішер ұлдары көкпарға шыққан болып, жеке тартыспен алыстатып шығарады да үзеңгі бауға оралған лақты тартып алуға еңкейген кезде Сейітті кара құстан үзеңгімен ұрып жығады. «Аттан жығылып мерт болды» деп сендіреді жұртты. Жалғыз Айшасын құшақтап Тоқтаубике қалды артында. Қасірет бұғауындай кара жамылып, бетін жыртып, шашын жайып, жауыздарға лағнат айтып қалды.

Сейіттің қырқы өтісімен Қасым төре араға кісі салды. «Жазымыштан озымыш жоқ. Өлгеннің артынан бірге өлмек жоқ. Жалғызын жылатпай ризалығын берсін деп көлгірсіп сәлем айтты. Жас өліктің бетін топырақ жаппай жатып жаназаға таласқан арсыз молдалардай, бұл неткен тексіз тілек еді? Сейітті топ алдында жетім лақша бақыртып бауыздамаған соң, қапияда істелген қастандық сырын кім біледі дейсің деген зымыян ой ғой мұны айтқызып отырған. Шалғайына сүрініп, сақалына түкіріп отырған қандышелек кәрі төбет, бұршақ соққан нәзік гүлдей есеңгіріген жас ғұмырды тағы аяққа басып, қорлағысы кеген ғой».

Өмір қатыгездігі жүрегін шабақтап, мүйіздей бастаған кекшіл жүрек неден де болса тайынбайтын жауыздыққа жауыздықпен жауап беретін қалге жетіп қалған еді.

Қасым төре кәрі кеудесін сүйретіп, айғырсыз үйірге жоландаған жаман азбандай басынып Бикемнің кара қосына кел-

ген түнде, шайға укорғасын салып беріп сесней қатырады. Төренің атын мініп, Айшасын бауырына тығып, түн жамылып жоғалады...

...Балам, көрдің бе, өмір деген сол. Ерді қатын ете алады, қатынды батыл ете алады бұл өмір. Басқа түссе баспақшыл деген сол. Тағдыр жазып, дәм айдап Бике сонау Мұқырдан мына Күнес жағасына бір-ақ келеді. Өлім құрығынан, азап бұғауынан қашып бұтаға қорғалаған торғайдай арамызға келіп еді.

... Міне, сол күні көз жасын көл етіп отырып айтқан жан сыры, жүрек дерті осы еді.

«Бұл Тотт апамнан басқаға айтылмаған сырым еді, әйтеуір тағдырым қырын келіп, басымнан кара бұлт кетпей қойды ғой? Енді не көрсетер тағы? Әйтеуір Айшам жыламай ержетсе болды, армансызбын» - дейді мұңайып.

Мен бұл арада тағы өзімді ұстай алмадым. Көңіл қалауымды айтпай тұра алмадым. Өйткені өтірік айтуға арым бармас еді.

- Айша енді жыламайды, жылатпаймыз, Бике!... Мен оған Сейіттей қамқор әке болғым келеді. Жүрегім, ар-намысым солай дейді, Бике.

Ол бұл ретте үнсіз, іштей жылаған азапты қалыппен тыңдады. Тұла бойы, жан жүрегімен егіліп, үнсіз тыңдады. Баяу, мұңды дауыспен:

Сізге, не десем болар, жүрегіңізді, пейіліңізді түсінем. жақсы адамсыз, мейірбан әке бола аласыз, оған ықыластысыз да... Бірақ, бірақ ... Айшаның жолы бір басқа ғой. Әлі әкесінің жылы да өткен жоқ. Мен Сейіттің аруағын күңіреніп алмаймын... Менің маңдайыма Сейітім сыймағанда, сіз қалай сыйласыз? Сіздің бағыңызды байлай алмаймын, - деді.

Бұл сөздер менің оған деген құрметімді күшейтпесе, әлсірете алған жоқ. Оны Бикемнің өзі де сезіп отыр. Сезе тұра, шайлыққан жүректің шарасыз қарсылығын білдіреді. Қайғылы өткен мен боямсыз болашақтың қақ айырығында не істерін білмей дал ұрған әйелді тақымдай беру де қолайсыз екен...

... «Сейіттің жылы өтіп, көңілі тынсын. Тоғанның әлегінен де құтылармыз. Сосын ендігі өмір жөнінде шындап ойласармыз» деп ойладым. Амал қанша, мен дегеніме жете алмадым. Жазмыш солай шығар. Дегенмен тағдырмен тайталасып, арпалысу да керек еді. Жағаласпай жан қалмайды деп үлкендер бекер айтпаған ғой.

Не керек, ондай ақыл кеш кіреді, дер кезінде қарсы шаба білмедім. Болашақтың бәрін тағдырға тапсырып отыра беріппіз, ал тағдыр өз білгенін істеп тынды...

Атам енді өзін-өзі аяусыз тергегендей шиыршық атып, үнсіз келеді. Қабағын түйіп, әлі де оты қайта қоймаған қаршыға көзі қанталап, ақсұр жүзі сұрланып кетіпті. Айлакер, әккі түлкі жер соқтырып құса өткен кәрі бүркіттің көзіне қан тола қаһарланған жан ашуы, ар ашуы шарпысқан ызалы кейпі көз алдыға келеді. Кекшіл жүректің, ақырғы күшін жинап майдан жалауын көтерген қайсарлығы еді ол.

Күн сәждеге бас қойған қариядай маңдайымен құбыла тіреп тұр екен. Абыралы тауына жетіп, өткеніне тәубе етіп, мына қаралы жесірдей қара жамыла бастаған өлкемен қимастықпен қоштасып тұрғандай. Арбамыз да қайғы жүгін ауырлағандай сықырлай түсіп, әрең ілбіп келеді. Дегенмен батар күннің байыған сәулесінен шапақ шашқан биік таулар құммен ысқылаған самаурындай сәтке болса да жарқырай қалды. Күнес өңірінің алтын босағасындай тік шаншылған көк шоқы, ұзына бойын Жаутоғай жыныс орманы көмкерген Шақы тауы, Үшкептер, Темірлік таулары аумағымен көрініп аруақтанып тұр. Көңілім өсіп, жеңілденіп қалдым. Ал анау бағы заманнан бергі ата-бабамыздың жауынгерлік ерлігіне орнатылған ескерткіш мұнарасындай көк күмбезіне сұғынған Қабанбайдың қара шоқысына қарап тұрудың өзі не тұрады?!

Аты аңызға айналған батыр бабамыздың арғымағының басы сол шаншылған шоқының басында қалыпты дегенді осы атамнан естігем. Қалмақтармен қым-қиғаш соғыс салған қызылқырғын қанды жорықтар заманында батыр бабамыз дүниесінің төрт бұрышы көрінеді дейтін осы шоқы басына шығып, қарауыл қарайды екен. Содан «Қабанбайдың қара шоқысы» аталып кеткен көрінеді ол.

Төңірек барған сайын кеугімденіп, түн құшағына еніп бара жатса да, асқақ шоқы басы әлі жалқынданып, шаншыла көрініп тұр. Оның терістік шекесін ала күннен қалған ұшқындай жалтырап сары жұлдыз көріне бастады.

Атам торы атты еркіне қоя беріп, үнсіз келеді. Жол Күнес өзеніне жақындап, қатарласа кетіп барады. Өзен жағалай қапталдасқан тоғай қарауыта түксініп тұр. Бір қалыппен баяу сарылдаған су, білгір қарияның ұзақ әңгімесіндей әсер етеді.

Өзен сырылына елтіп, құлақ түрген атам өзіне өзі сөйлегендей

ақырыш сөйлеп кетті. «Ой, жарықтық өзенім-ай! Терен арнада жер бауырлай жатып аласың да сырғи бересің, жылжи бересің... Жер қозғалса да қозғалмайтын салмақты адам сияқтысың, ешкімге назарыңды да салмайсың. Ал, біз сен үшін қанша азап шегіп, құрбандықтар бердік... Қатыгезсің, қайырсызсың, Күнес». Ол кісі сөзін тоқтата қойып, маған жалт қарады да: «Балам, мына өзеннің неге еркек өзен аталғанын білесің бе? Мен басымды шайқадым, білмеуім де мүмкін. Сендер білмейтін істер қаншама, балам! Күнес өзені екі жағындағы дала деңгейінен тым төмен ағады. Құмдауыт арнасы өзгермелі келеді. Беті көлкіп жай аққанымен, асты шеңбірек ата бүлініп жатады. Одан су шығарып, егістікке пайдалану қиын. Сондықтан оны еркек өзен деп атаған көрінеді. Оқас байға Күнестің еркек-ұрғашылығының керегі не? Тамағы байдан, ажалы құдайдан делінетін жалшылардың қара күшін аясын ба? Оның бар ойлайтыны тоған жұмысын тез бітіріп, қара далаға екен егінге су шығару. Атақпен астыққа бірдей қарық болуда ғана.

Сол жылы көктемде, наурыз айында бәріміздің басымызды қосып, тайқазандағы тары көжеге бөктіре отырып бұйрық берген.

«Биыл қайтсендер де су шығаратын болындар, жеген тамақтарыңды ақтандар. Су шығарарда ат жетер жердегі елді шақырып, таудай ет. көлдей сорпамен той жасаймын. Мені ұятқа қалдырсаңдар жақсылық күтпендер», - деп сызданған.

Қар қалың жауып, көктемнің аяғы көкініп көпке созылды. Қар суымен мольққан өзен арнасын керіп, жыра-жылғаны тасқынға көміп кетті де біздің жұмысымызды ауырлатып жіберді. Шым төселіп болмаған жерлерге де су қаптап кетті, әр тұстан ойнап пайда болып есімізді шығарды. Бұл өтпелі тасқынның зиянынан басқа пайдасы жоқ еді. Көмей тоспа көңілдегідей бітпесе ертең зор тасқын келгенде жер соқтырып кетеді.

Нияз әка биыл бір көңілсіз сөздің шетін шығарып жүр. «Тоған көмейі дұрыс жерден алынбапты. Асты құмдауыт, әрі төмен, ойпан жер екен. Ақырын құдай оңғарсын әйтеуір», - дейді. Енді болары болып, бояуы сінді, іштей тынып, әліптің артын бағу ғана қалды. Әйтеуір барымызды салып істеп жатырмыз ғой.

Тоқтаубике де бұл тіршілікке әбден мойынсал болып көндігін қалды. Айша аурудан құлан таза айығып тілі шығып, асыр салып ойнайтын болды. Өзінің көнетоз көйлегінен кішірейтіп тігін берген желбірлі жейдесімен үш өңірі үш басқа матадан тігілген

кәзекейінің өңірі толған әр түрлі түйме, жеті қара тас, күміс жалатқан екі сөлкебаймен безенген. Садағаң кетейін тұлымшағы желбіреп, көзі ботаның көзіндей мөлдіреген сүйкімді еді. Балдай тәтті, тілін қызықтап сөйлестуден жалықпаушы едік. Маған әбден бауыр басып қетті, кей түндері менің қойнымда жатып қалатын. Алғашқы кездері Бикем ұялып зорлағандай етіп алып кететін. Кейін келе оны да қойды. Бике екеуміздің дәнекеріміздей болған қарашығым сол.

Жұмыстан келе жатсам: «Ата, ағалап» алдымнан тұра жүгіргенде Бикем көрмеген болып теріс айналып кететін де, Тоти апай «Ақылыңнан айналайын, құлыным, ақылы бар өзінің» деп мәз болатын. Тоти апай біздің арамыздың жақындай түсуіне бариыңша тілектес көрінетін. Шынында да солай еді.

«Мен болсам қартайып қалдым, балаларым, жасым жетіп тұрмаса да әбден қалжырағанымды байқап жүрмін. Бір-бірінді сыйлап, қадірлеріңе жетіндер, көмектесіндер» деп отыратын ылғи.

Тоқтаубикенің де көңілі құйын соққандай ауық-ауық өзгеріп қалатын болып жүрді. Мені қаншалық сыйлап, жақын тартып тұрса да, шектен аспайтын. Кейінгі кезде тілті жүдеп те кетті. Иә, көктем, мамыр айы ол үшін қаралы ай екенін білемін.

Жүрекке әмір жүрмейді ғой. Оның жүрегіне мәңгілік орнаған Сейіттей арыстың бейнесі менің де көз алдыма елестеп кетеді. Сонда өз ойымнан өзім шошып, аруақ аттағандай болдым ба деп түршігемін.

Хал-қадірімізше Сейіттің жылын атап өттік. Сол күні Тоқтаубике қанша сабыр сақтауға тырысса да, ақыры көз жасына не бола алмады. Айшаны бауырына басып Тоти мен Нияз әка, Асандар айтқан басу сөзге де тоқтамады. Олай жылайтын жөні де бар ғой!...

Жыла бейбақ. Бұл сенің жылайтын күнің. Бұл дүниенің зәредей қызығын көре алмай еңіреп өткен жапакеш ата-анаң үшін, қыршынынан қиылған жастығың үшін, қапияда, қастандықтың құрбаны болған сүйіктің Сейіттің үшін жыла, мейірің қанбай кеткен бал махаббатың үшін, жетім қалған Айшаң үшін, бақытсыз жаралаған Тоти апаң үшін, ие сенің жылауыңда не жоқ дейсін, бейбақ?!

Сонымен жылап-еңіреумен ол күн де өтіп кетті. Біздің еңсемізді басқан сүркейлі күн болды.



Бикенің көз жасы мені де есенгіретіп тастады. Көпке дейін оған ешбір сөз айта алмай жүрдім. Бір біріміз ойлаған ойымыздан да, айтар сөзімізден де шошитын сияқтымыз. Өйткені енді айтылар сөз біреу-ақ еді. Ақыры ол айтылды да. Мен оны өмір бойы айта алмас та едім. Аруағыңнан айналайын Тоти апай ғой бұл тығырықтан шығарған.

Бір күні мені оңаша шығарып алды да: «Қарағым, Қабыл, неғып жүдеп кеттің? Бике де азып барады. Қалай, сөйлестіндер ме өздерің? Екі жарты бір бүтін болындаршы осы. Бикемен де сөйлесем, мына тоған бір жақты болсын, сонан кейін бастарыңды қосармыз. Бикем сені Сейітінен кем көрмейтінін білемін», - деді.

Осыдан бірнеше күн өткен соң Бике екеуміз оңаша сырласып, бар жайды ортаға салыстық. Бикем қан жылай отырып өткенімен қоштасты. Ендігі тағдырын маған билетуге риза екенін білдірді.

Е, балам-ай! Біз бас қостық деп мәз болғанымызбен, қатігез тағдыр тауқыметі бізді зар еңірететінін қайдан білгіміз. Қайран Бикем, сенің орны толмас қазанның өтелмес қарызы мойнымда кетті ме деп қорқам...

Солай, балам, жыламай, өкінбей өмір сүру киын. Дүниеде құрлықтан су әлде неше есе көп дейді ғой. Сол судың тең жартысы зар жылаған жандардың көз жасы шығар!.. Иә, көз жасы көп ақты балам!!

## VII

Ол күндері Оқас бай ауылы көктеуден жайлауға көшуге әзірленіп жатқан. Көшер алдында ат жетер жердегі қызай баласын түгел шақыртып, Құлжадағы Жүсіп қазіреттің қызынан туған баласының сүндет тойын өткізіп жатты.

Жүсіп қазіреттің өзі де арнайы шақыртумен келіпті, керуен көшкендей артынып-тартынып байлығын мақтан қыла келіпті. Бұқа тоғанға су шығару салтанатына қатысып, батасын береді екен десіп ел гулеп жүр.

Оқас бай мен қазіретке құтты болсын айтып келіп жатқан елде сан жоқ көрінеді. Бегімбет, Дербіс, Әбікен, даукес Маман, гуілдек Бескөрік, Қонақбай, Тілесбайдың қасқа мен жайсандары, әулие-әмбиелері түгел бас қосып ошарылып жатса керек.

Шақшабас Кәріпжан бұл күндері тіпті қағынып кетті.

біткен жұмыстың өзін қайта-қайта істетіп, қайдағы бір өнімсіз жұмыстармен әуреледі. Әйтпесе тоған жұмысын бітіріп болып тек қожайынның көмейді ағыту бұйрығын ғана күтуде едік.

Күнес өзені де таси бастаған кез болатын. Мамырдың бас кезінде сонау аспанмен тілдескен таулардағы қарлар еріп, Күнес тасиды. Мына Шақпы, Қарағайлы су, Зекті, Түрген, Күнес басы өзендері де тасып Күнесті шанағынан шығарады. Бұл кезде өзен рені бұзылып, қара қойыртпақтанады. Түбімен қопарылған қарағай, қайың, тал, теректер өзен бетін жауып кетеді.

Күнес тасығалы талай болған. Ол барған сайын молайып, арнасын кернеп бара жатты. Неше күннен бері түнеріп жаумай тұрған күн де дәл сол күні кеште, Оқас бай, Қазірет атасы бастаған ел жуандарын тоған көмейіне әкеліп той жасап, су шығартқан кеште жауып кетті.

Алғаш көмейдегі тоспаны алып, Ошақ бұт тоспаны ағынға қарай қиғай салғанда, ентелеген дүлей тасқын тоғанға қарай лап қойғанда біз қалай қуандық десеңші! «Еңбегіміз жанды» деп төбеміз көкке жеткендей болып еді. Тоған жағалап сумен жарысқан адамдар балаша мәз болған-ды. Айшасын көтеріп келген Бикем қалай қуанды десеңші!

Бірақ ол қуаныш көпке созылмады. Жаңбыр сол кеште толассыз жауды. Біз түнімен зыр жүгіріп тоған жағалап, бұзылған, олла түскен жерлерді жөндеумен болдық. Өзен арнасы иіндей көтеріліп, аспанмен су тұтасып бара жатқандай еді. Сарылдай аққан көмей тоспаның даусы тіпті үрейлі болатын.

Түннің бір кезінде Нияз эка «Көмей тоспаның бір жерінен шатақ шықты, арғы жағынан су шыға бастапты, бұл сұмдық деген соң тексерсек, шынында тоспа астынан орып, мүжіле бастаған екен. Оны қармалап бекіте бергенімізде тоспаның суға сұғынған шетіндегі шымдар құлап мүжіле бастады.

Сонымен таң атқанша көмеймен арпалыстық. Сәскеге дейін жанталассақ та дүлей тасқынға төтеп бере алмаған соң Көріпжанды байға жібердік. Түс әлетіне елудей ауыл адамын бастап Оқас байдың өзі келді. Бәріміз жабылып жүріп тоспаның ішкі жағына бір қабат шөп, шілік аралас шым төсеп шықтық. Оқас бай әкесі өлгендей түнеріп алыпты. Кез-келген адамды тілдеп, кейбірін қамшымен ұрып жібереді. Су сорған аш адамда не хал бар дейсің?

Ақ жаңбыр толассыз сіркіреп тұр. Өзен еміздіктей иіндеп

тоспаны қаһарлана сүзеді. Әлден уақытта тоспаның қақ ортасы аласарып шөгіп бара жатқанын көріп шошып кеттік. Нияз әка дереу бірнеше жігітті шешіндіріп беліне арқан байлап суға түсірді. Астына тор көздеп ағаш байлаған жалпақ шымдарды судың түбіне сүңгіп барып қойып жатырмыз.

Берекеті кеткен істен не пайда? Сонша әуре болып апарған шымдармызды долы тасқын мүйіздей айдап тоспаның астындағы оппадан сыртқа қарай ағыза жөнелді. Су сарылдай ақты.

Нияз әка өз маңдайын өзі ұрғылап «Бітті, бәрі бітті» деп күңіренді. Оқас бай «не дейсің әй, әкеннің аузын...» деп ақырып қалды.

Бітті. Құрыды бәрі де, енді бізде де қайрат қылар шама қалған жоқ. Суық сорып қалжыратқан әлсіз аш дене жаңбыр суымен ақ жемденіп мүжіліп бара жатқандай. Күн де еңкейіп барады. Адамдар бірінің ойынан бірі шошығандай, тіке қарамай теріс айнала бүрсектейді. Кенет жер астынан шыққандай қалтырата созып Жақып мәзін азан айтты. «Намаз оқымақ па жарықтық мына сел қаптаған далада» деп таңырқадық.

Жақып мәзіннің қайтып келгенін де байқамаппыз. Оны мана Оқас бай ауылға қарай шапқылатып жіберген еді. Неге жіберді екен?

Азан күңірене ұзақ айтылды. Сарылдай аққан дүлей тасқын, сіркіреген жаңбыр сырылы мына азалы азанға қосылып өзен бойын күңіrentіп жіберді.

Бұл сирек шақырылатын тәуба азаны екен. Ол қатты жер сілкінгенде, дауыл тұрып, сұрапыл боран болғанда, не осындай су тасып, сел келгенде ғана Аллаға жалбарынып айтар азан екен. Оны Оқастың ауылда жатқан Қазірет атасы айтыпты.

Жаңбыр барған сайын үдеп, нөсерлете жауды. Оқас бай көз алдында селге кетіп бара жатқан байлық пен атак абыройға іші күйе, тиісерге кара таппай шиыршық атып жүр. Шақшабасты да өлтіре сабап қамшымен шықпыртып алды. Тоғаншыларды тоспаға қарай ықтыра айдайды. Осы аралықта Жақып молданы тағы ауылға қарай жіберді. Әлденелерді нықтай, жекіре тапсырып жатты...

Тісі-тісіне тимей қалтыраған жалшылар көздері бозарып, тағы тоспаға қарай жылжыды. Шайлыққан жүрек суға беттетер емес.

«Бізге не істе дейді? Қолымыздан не келеді?» Әр адамның басында осындай торыққан ой бар еді.

Күн кіші бесін болып қалған болар, бұлтты аспан барған сайын түнеріп, айнала меңіреулене түсті.

Өнімсіз қимылмен қыбырлап жүргенде ауыл жақтан жаңбыр суын шалпылдатып, жез қоңырау сылдырап, көп адам қоршаған арба келе жатты.

«Оқас байдың қайын атасы - Жүсіп қазіреттің өзі келеді, а, құдай, ақсарбас!» деп қуанып кетті жұрт.

Атағы Іле өңіріне жайылған атақты қазірет өзі келе жатса қуанбай қайтейік. Ол қалай да, мына апаттың алдын алуға тиіс деген сенім пайда болды. Қазіретпен бірге қонақтап жатқан қошаметші ел жуандары да келіпті. Бір қанша ауыл адамдары да келді солардың сонын ала.

Апырау, не істемекші, бұлар? Жаңбыр малмандай суғып жүдеткен ауыл адамдары арасынан Тоқтаубикені де көріп қалдым. Ол неге келді екен?

Қазіретті қоршаған ел басылары ентелей келіп су бұзып кеткен тоспаны көріп, Аллалап жағасын ұстап тұрысты. Қазіретке ілесіп бір дұға оқыдық бәріміз. Сосын Оқас бай Қазірет атасымен әлденелер жөнінде әңгімелесіп алды да, Жақып мәзінге елді Қазіреттің алдына шақыртты.

Төбесіне күндік ұстаған зор денелі, ұзын қара сақалды, көзілдірік таққан, ақ сәлделі осы адам бар күдіретті қолында ұстап тұрғандай байсалды, алаңсыз еді.

Адамдар жым бола қалды. Қатал өкім күтіп тұрғандай түйіліп алған. Тасыған өзен ышқына өкіріп, күш көрсетіп тұрғандай.

- Жамағат, жамағат – Оқас бай сарылды жаңғырта дауыстады. Аса күйінген қатал дауыс.

- Жамағат, мына апатты көріп тұрсыз ба, екі жылдан бергі еңбегіміз еш кетті. Онымен тына қалса да бастан құлақ садаға дер едік. Мұның ақыры немен тынар? Зауал болды ғой, зауал...

- Бізде не амал қалды, бай – еке? Қолдан келгеннің бәрін істедік қой. Құдай артын оңғармаса, - деді Нияз әке күдер үзе.

- Құдайдан медет сұрандар, жамағат. Құдайдың қолынан келмейтін не бар? Қазірет әулием бір ылажын табар. Бұл апат болды ғой, апат, - деді Жақып молда.

- Қазірет, Аллаға жалбарынып медет сұраймыз. Не айтасыз сіз, - деп күңіренді жұрт.

Жүсіп қазірет күндік астында Құранның аударыстырып біраз тұрды, тамағын кенеп қойып, Құраннан бір аят оқыды. Сосын сөйлеп кетті:

- Жамағат, бұл Құдай тағаланың күнаһар пендесіне жіберген зауалы, Құдайдың қаһар ғазабы. Апат, Құдайға құлшылық етіп, су қандау керек, құрбандық бермей болмайды. Шарифат жолы нені бұйырса, соны істейміз, - деді.

- Олай болса, деп қазірет демдерін ішіне тарта түйіліп тұрған көпшілікті бір шолып шықты да тағы. - Олай болса шарифат жолы - мұндай апатты тоқтату үшін Құдай жолына «Тоқтау, Тоқтасын, Тұрды, Тұрсын, Тұрған» аттас бір адамды шейттікке шығарып су қандау керек. Онсыз болмайды. Бұл жай нөсер, жайын тасқын емес. Құдай тағаланың күнаһар пендесіне жіберген зауалы, топан суы, - деді.

Көпшілік келісіп алғандай: «Алла, сақта Құдай!» деп күніреніп кетті. Ол рас дегендей жер әлемді зіл залаға келтіріп күн күркіреп өтті.

Мен тіпті шошып кеттім. Құдайым-ау, мына қазірет не айтыпкетті? Суды адам қанымен қандамақ па сонда? Тоқтау, Тоқтасын... Сұмдық қой мынау, көпшілік арасынан Бикені іздей бастадым, ә, анау шетте тұр екен ғой. Жәудіреген көзіңнен айналдым! Жаңбыр суы бетінен сорғалай ағып тұр, өңі қуарып кетіпті. Тоңғандыкі ме, шошынғандікі ме екен?

- Халайық, Шарифат жолы солай. Құран сөзі бұл, ал, Жақып молда, сіз не айтасыз? Шейттікке қандай пендеңізді атайсыз? Тездетіңіз, - деді қазірет бұйыра.

Бағанадан өкім сүрген сүркейілі тыныштықты шақшабас Кәріпжанның шіңкілдек дауысы бұзып жіберді. Ол тұттыға үрейлі үнмен:

- Қазірет әулием! Шарифат жолы солай болса, құрбандық беру керек болса мен Тоқ...т...ау бике деген әйелді дұрыс деп ойлаймын. Ол әлдеңе есіне түскендей қатуланып алды да Тоқтаубике шейттікке аталсын... деді.

Мен төбеме жай түскендей есеңгіреп, сілейіп қалыппын. Қасыма киіп – жарып Асан келді. Суық сорып бозарған түсі адам шошырлық екен .

- Не дейді, не дейді мынау сұм тілеу, қорқау?! - деп тұтығып

сөйлей де алмай қалды. Көпшілік құйын соққан құрақтай ұйқы-тұйқы болып күңіреніп кетті. Көзім бұлдырап, ешнәрсені көрмей қалды. Аспан төңкеріліп, жер диірмен тасындай толқып дөңгеленіп барады.

- Құдай алдында ер-әйел бірдей, бәрі де құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті, - деп ескертті қазірет.

- Олай болса, қазірет әулием біз сол Тоқтаубикені атадық. Ал, халайық, әулиемнің батасын алайық. Әумин. Ия алла тілеуімізді қабыл алып, күнәмізді кеш апатты тоқтата көр... Жакып мәзін қолын жайып, Жүсіп қазіретке қарап тұр екен. Көпшілік не істегелі тұрғанын білмесе де қойға бата тілегендей алақандарын жайып мөлііп тұр. Ой сұмдық-ай ! Мен де, Асан да, әне Бикем де қолын жайып тұр.

Біз не істегелі тұрмыз ? Тәңірім ау, Тоқтаубикенің төгілетін қаны үшін, қиылатын қыршын жаны үшін бе бұл . Өз ойымнан өзім шошып кеттім де:

- Қазірет әулием! Бұл сұмдық қой, сұмдық. Олай етуге бола ма? – деппін жыламсырап.

Тұрғандар тағы теңселіп, «сұмдық сұмдық» дей бастады. Қазірет кенет даусын қатайтып бір дұғалар оқыды да «әумин, аллауақпар» деп бетін сипады. Өзен бойы күңіреніп кетті.

- Болды. Құдай сөзі, шарифат жолы солай дейді, - деп нықтады Жақып Мәзін.

- Болмайды, бұл әділетсіздік, қазірет! – деген дауыс шықты саңқ етіп. Асанның дауысы екен. Жау жүрек қайран сабазым-ай ! Мұзбалақтың ащы шаңқылындай қаһарлана шықты ғой даусын. Жан ашуы ғой бұл.

- Бұл неткен қатігездік еді, қазірет? О заманда бұ заман адам қанымен су қандау дегенді кім естіген ! Қайт райыңнан, қазірет, Тоқтаубикемді бермеймін ондай қиянатқа... Бұл айтпақшы, ия, айттып тұрған сөзім еді, бірақ даусым шықпай қойды. Булығып, танысым тарылып барады, ығы- жығы адамдарды киіп-жарып Бикеме қарай ентелеп барамын.

«Қанішерлер! Жауыздар? Қорқау қасқырлар, ендігі ойлап тапқандарың адам өлтіру, қорғансыз жесірді лақша бакыртып бауыздау болды ма ?»...

Мен қанша ұмтылсам да Бикеме жете алмадым. Шақшабас Кәріпжан бастаған бір топ мені мен Асанды түйгіштей қақпайлап шетке алып кетті.

Нияз ақашы да біреулер төбелеп, сүйреп барады екен. Бикем кимшегі ағараңдап бір көрінді де, көзден ғайып болды.

- Айшам, сорлы жетімегім, қазірет әулием, Қабыл... Аманат Айшам... Тоті! Бикемнің ащы зары үзіліп-үзіліп естіледі. Бақытсыз бейбақтың жан даусы Күнес өлкесін күнірентіп жіберді.

Мені басқа, көзге сабалап, арқанмен шаңдып байлап тастады. Оған да қарамай ұмтылып ем, Кәріпжан қолындағы күрегімен басыма салып қалды да:

«Ә, Қабыл, қалай екен, адам ұрған деген?», - деді ол тістеніп масқаралай. Одан арғысын ести алмадым.

Аспаннан жаңбыр емес қан жауып тұрғандай, жер-әлемді қан селі қаптап мені де қанға шашалтып, тұншықтырып бара жатқандай болды...

## VIII

Күн әлдеқашан батып, қасқарайып кетіпті. Торы мәстек те өткен өмірінің қайғылы беттерін оқып, күйзеліп келе жатқандай басын салбыратып еріне ілбіп келеді. Менің көңілім әлемтапырық, қатігез жандардың қосқой озбырлығы, надандық пен әділетсіздіктің құрбаны болған Тоқтаубике тағдыры, жүрегіме өшпестей жарақат қалдырыпты. Мен тұңғыш рет жауыздықтың сойқанды қылмысымен бетпе-бет келгендеймін.

Атам әңгімесін одан әрі созбады. Созарлықтай не қалды? Жоқ, әлі де айтар сөз көп қой. Қыршын кеткен жас ғұмыр, ол қалдырған өлмес өмір жыры, жетім Айша, аяулы Тоті апай тағдыры бар емес пе?

Атам торы аттың шылбырын қағып қойып тіктеле, шаншыла отырды. Өмір қатігездігі әбден көңілін қалдырған кекшіл қарт ендігінің бәріне бекіген, ашынған бейне танытады. Өткен өмірдің сүркейлі көріністері озбыр қасқойлігі, нақақ қаза өкініші еңсемді басып отырған мен атамның ол бейнесінен қуат алғандай жеңілдеп қалдым. Қайран, қайыспас қара нардай қарттар-ай, десеңші?!

Торы ағ жол сілемінен адаспай ілбіп келеді. Бұл жолмен ол сансыз рет жүрген шығар. Көк жүзіне жыпырлап жұлдыздар шығыпты.

Тірлікте әйтеуір анау жұлдыздар құсап көзің жәудіреп жүре бересің... Дәм-ырзығың таусылғанда аққан жұлдыздай ілезде ғайып боласың. Артында томпайған топырақтан басқа ештеңе

де қалмайды. Тек Тоқтаубике сияқты топырағың торқа болғыр аруакты адамдардың артында ғана өшпес ескерткіш, ұмытылмас жыр қалады...

Топырағының торқа болғаны сол емес пе, анау қарғыс атқан аптап қарыған жыраның қыр ернеуіне еккен үш түп сөгетім гүл жайнап өсті. Ал, мына қасиетіңнен айналайын Күнес өзені қан ішер қорқаулардың жиіркенішті қылығынан шошыды ма екен, әйтеуір арнасын өзгертіп Тасөткелдегі тоспадан алыстап кетті. Арулы ағаштың тамыры жетім-жесірлердің көз жасынан нәр алып өскен екен. Бақытсыз жаралған Тоти апай мен Айшаның көз жасы көл болып ақты ғой оның түбіне... Қашан өле-өлгенше Тоти апай Айшаны жетелеп Арулы ағаштың түбіне келуді тоқтатпады. Айшаға жетімдігін білдірмей аялап өсірді. Айша сегіз жасқа келгенде Тоти апай қайтыс болды. Мен Тоқтаубике аруағы алдында берген антыма қиянат етпей өмір бойы үйленбей өттім. Айшаны жылатпай, мәпелеп өсірдім. Мен саған осы шындықты айтуға міндеттімін, балам, шындық ащы болғанымен қиянаты мен зәбірі жоқ. Сенің нағашы апан сол арманда кеткен Тоқтаубике болады. Міне, солай балам, сен өз нағашы апанның басына ескерткіш орнатып келесің... Менде енді арман жоқ, балам!

## IX

Менің есімнен кетпес бір "сөз" және сол "сөз" айтқызуға себепші болған бір ғажайып хикая бар. Оны естігеніме де талай жыл болды. Менің естімей келгенім болмаса, бұл хикая айтылып келе жатқалы көп заман болыпты. Мына жұмыр жер бетінде нелер сойқан болмаған? Өткен өмір шежіресін парақтай берсең бәрін де көресің, көресің де түршігесің, жауыздыққа лағнет айтып, қатігез, баянсыз тағдырға налысың...

Тағдыр – ешкімге де мәлімсіз, көзге көрінбейтін сыйқырлы қанды соқпақ сияқты. Не көрсең де кездейсоқ, қапылыста көресің. Ойлап отырсаң топырақтан басқаға көзі тоймайтын адамзат үшін ол да қажет сияқты. Тағдырының сондай беймәлім, кездейсоқтыққа байланысты екенін ойлап түршікпесе, Жүсіп қазірет пен Оқас бай сияқтылар мына дүниені әлдеқашан жоқ қып жіберер ме еді, қайтер еді...

Тоқтаубике! Бұл есімде тұрған қандай бақытсыздық бар?!



Қадірлі ата-ана баласы тоқтамай зар жылай берген соң жақсы тілеумен қойған аттың бірі. Суға кеткен тал қарамағандай, үмітпен қойған оны. Күндердің күнінде әлгіндей зұлымдықтың құрбанына айналуға себепші боларын білсе, қайсы ата-ана аузына алар еді сондай атты? Көңіліме бір медеу болары – Арулы ағаш тамырын жайып, бойлай өсіп барады. Туған жердің қасиетті топырағынан нәр алған тамырдың ешқашан түп орнымен жоғалып кетпейтініне сенемін. Ол да өлмес өмір сияқты. Табиғаттың өзіндей мәңгілік болмақ. Солай бауырым:

*Ойласаң өткен күнді айтады жыр,*

*Тыңдасаң естіледі бір терең сыр.*

*Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған,*

*Суреті өткендердің алдымда тұр.*

*1973 жыл.*



# БЕСІНШІ ПОСТУЛАТ

*Повесть*

*Ақылды адамның естен тана сүюі мүмкін,  
бірақ ол еш қашан ақымақтарша сүймейді.*

*(В.Г.Белинский)*

## I

Соңғы күндері Сабырхан қатты өзгеріп кетті. Ешнәрсеге елтіп қызықпайды, сіркесі су көтермейді. Бос уақытының бәрін өзімен-өзі болып оңаша өткізуді ұнатады. Ермегі - қара домбырасы. Қашан көрсең төсегіне шалқайып жатып алып қай-қадағы мұңлы әндер мен күйлерді зарлата шертіп жатқаны.

Талайдан бері жан жолдасы Махамбетпен де шүйіркелесіп әңгімелеспей кетті. Айтар сөз көп те, жоқ та сияқты...

Осындай жайсыз уақытта ерегескендей үшінші курста болатын тұңғыш педагогикалық практика да басталып кетті. Тіршілік жөні бір басқа. Ел қатарлы жұмысқа кірісіп кетуге тура келді.

Бұлардың тобындағы жиырма үш студент қаладағы екі мектепке бөлініп жіберілді. Сабырхан мен Гүлшәді 8 «а» класына математика пәнінен сабақ беретін болды. Класс жетекшілігін де қосымша атқаруға міндеттеді. Махамбет, Асандар басқа мектепке кетті. Анда-санда болмаса кездесе де бермейді. Сінбіруге мұрша жоқ.

Бұл уақытқа дейін талай мөңдыбас практиканттарды алдарынан өткізіп «тәсілденіп» алған қаланың пысықай қу балалары Сабырханды да қилы-қилы мінез көрсетіп қарсы алды. Олар жаңа келген жас мұғалімнің мінез-құлқын өз үйлеріндегі әке-шешелерінің мінез-құлқынан кем білмейтін шығар.

Мұндай болады деп бұрын кім ойлаған? Жылтылдаған жұлдыз жанарлардың қарсы алдында есіктен тақтаға дейін ақсаңдай басып бару қандай қиын еді? Мұнымен қоймай сабақ барысында бір орында қалшыып қатып қалмай, класты аралап жүруің және керек.

Бойында әлде қандай кемістігі бар адамдар, әсіресе жастар сонысы туралы біреудің оғаш бір нәрсе деп қалуынан қорқып, іштей қуыстанып жүреді.

Сабырхан балалардың әр қимыл-қозғалысын қалт жібермей бағып, қытымыр болып бара жатқан сияқты. Секемшіл сезім құландай сақ болып алған.

Себепсіз салдар болушы ма еді? Ортаңғы қатардың ең артқы орнында отырған Қанат деген қалқан құлақ бала оның мазасын әбден алып болды. Сабақ сұрасаң, жұмған аузын ашпай бедірейіп тұрып алады. Көзің тайып кетсе төңірегіндегілерге бүйідей тиіп шулатып жатқаны. Класс сағатында арнайы соның тәртібін қарады. Бұдан былай да осылай тәртіп бұза берсе ата-анасын шақырмақ болды. Бірақ ол қыртына келіп отырған Қанат жоқ. Әкесі аудандық милиция бөлімінде істейтін мойор, шешесі – дәрігер деседі.

- Шақырса шақыра берсін, олар маған ұрыспайды, қорықпаймын,- деп мақтанып жүргенін де естіп қалды.

Сабырхан алғашқы сабағын осы класта өткізді. Өзінің кураторы әрі осы реткі практиканың жетекшісі Болатхан Қоспановтан бастап практикант жолдастары, методистер, пән мұғалімдері болып оңға тарта адам иін тіресе отырды.

Қатысушылардың бәрі дерлік оның сабақты сәтті өткізгенін айтып мақтап жатты. Тек жастау пән мұғалімі ғана «Бір орында көп тұрмай балалармен араласа жұмыс істеу жағы жеткіліксіз екен» деп ескерту жасады. Сабырхан қып-қызыл болып, терлеп-тепшіп төмен қарап отыра берді.

Дегенмен, «жақсы сөз жарым ырыс». Сабырханның көңілі көтеріліп, өзіне деген сенімі арта түсті. Кешке дейін күліп-ойнап серіктерімен әзілдесіп сергек жүрді. Кешінде Махамбетті қояр да қоймай ертіп алып, Сәулелерді киноға шақыра барды. Бірақ, Сәуле бұларды салқын қарсы алды. Бұрынғыдай «отырып, шәй ішіндер» деп мезіреті де жасамады. Әлсін-әлсін есік-терезеге аландай қарап, әлдекімді тағатсыздана күтіп отырғандай болып көрінеді. Өңі сынық, көзі кіртіңкі, сөзі де сырдақ..

- Сендер осы бос уақытты қайдан табасыңдар? Тұмсығымыздан шаншылып әрең жүрміз. Ертең өтетін сабағыма керекті көрнекі құрал жасауым керек, бара алмаймын, ренжімендер деп шығарып салды.

- Сол қызды әлдеқандай ғып шалқақтатпай-ақ бармау керек еді, екуіміз қашан ұғысар екенбіз, достым?- деді Махамбет былай шыққансын.

Онсыз да меселі қайтып, іші алай-түлей болып, құлдырап келе жатқан Сабырханға ол сөз қатты әсер етті. Беті күреңіте түтігіп көзінің астымен сүзіле қарады да, тұншыға күрсінді.

- Әлде бармау керек пе еді? Кейінгі кезде, әйтеуір қатты өзгеріп кетті. Ауруханада жатқанымда бір рет те көңіл сұрай бармады-ау?! Сәуле мұндай жөн білмес жан емес сияқты еді ғой. Әй қайдам, оның да жанын жегідей жеген бір пәлелі ой болмаса не қылсын?.. Уайым-қайғысыз адам болушы ма еді.... Біреу күн жаумай су болып барды келістіре алмай ләйліп жүр, ал біреуді аш бөріше торуылдаған қырсық қыр соңынан қалар емес... Сонда не істеуім керек?..

Сабырхан өз ойымен өзі арпалысуда. Пәтерлеріне баратын жиек жолмен жүріп келеді. Дәл осы жолмен Сәуле екеуі талай-талай жүріп еді. Мына бір ағаштың түбінен өтіп бара жатқанда Сәуле абайсызда сілкініп қалып, жана жауған қарды мойнына құйылдырып сықылықтай қашып кетіп еді. Ойда қам, баста қиял жоқ алаңсыз күндер екен-ау ол - дағы. Енді ойлап қараса, соның бәрі елес сияқты. Иә, кәдімгі буалдыр-бұлдыр алдамшы елес...

Ол өз ойынан өзі шошып дір ете қалды. ...Сол шынында елес шығар?.. Бір кездегі оның ерке-назы мен мейірімділігі, сыйластық-жоралғысының бәрі де әлде кімді жалындай сүйіп махаббат шарабына мас болып шалқып-ғасып жүрген дарқан салтанаты болар!..

Қыздардың кейде өз бақытын өзгелердің де мойындап қошамет көрсетуін, ғашық жігітінің қызғаныш сезімін тудырап шалт қылықтар, шөлкем шекісулер болғанын жаны сүйіп тұратыны болады. Екі жігіттің арасына құстай ұшып жетіп келіп бір жымыспен барлық өкпе-реніш бұлтын аулаққа қуып тастау олар үшін таптырмас ермек.

Кеудесінде намыс-жігері бар қай жігіт басқаның ошағындағы отқа жылынып жан сақтамақ еді?

- Қайда кетіп барамыз? Киноны қойдық па? Қызсыз барған жігіттерді де кіргізетін сияқты еді ғой,- деп күлді Махамбет.

- Менің барғым жоқ. Үйге қайтамын, ертеңгі сабағымның жо-спары – деп күмілжіді Сабырхан дауысы қарлығып, өте ақырын шықты.

- Айтасың-ау сен де! Мейлің. Мен барып қайтам, тамақ дайындап қоярсың. Жақсы, - деп бұрылып жүре берді Махамбет. Сабырхан оған ренжіген жоқ, өзімен өзі оңаша қалғанын қалап тұр.

## II

Сабырхан пәтеріне бірден кірмей аулада біраз жүрді. Көңіл шіркін ерттеулі арғымақтай ереулеп әр қиырға бір тартады. Кезінде бұл пәтерге Сәулелер талай келіп думандатып қайтушы еді. Енді ел көшкен жайлау жұртында қалғандай құлазып жалғыз тұрғаны мынау. Байыз таппай ішке кірді. Төсегінің тұсындағы шегеге ілулі қара домбырасына көзі түсіп, әкесін көргендей қуанып кетті. Махамбет біреуге беріп жіберіп, неше күннен бері ділгір болып еді. Ол өзінің домбыраға соншалық бауыр басып, үйреніп кеткеніне таң қалады. Онсыз зерігіп, алаңдап жүретін әдет тауыпты.

Төсегіне отыра қалып домбырасын күйлеп алды да, аты белгісіз шертпе күйді майпаңдата жөнелді.

Бұлттаған күннің бәрі жауа бермейтіні сияқты өкпе-нала атаулының бәрі уайым-қайғыға айналып құсаландыра бермейді екен.

Ол Сүгірдің «Телқоңырын» күлдір-күлдір кісінете «Боз інгенін» боздата, аңырата толғап отыр. Қара домбыра салалы саусақтар арасында ыңырана өксіп, зар айтып жатқандай.

Енді бір сәт қоңырлата әнге басты:

«Кәмила», осы бір ән, ән емес-ау, жоқтау, зар, махаббат трагедиясының қаралы шымылдығы жабылар алдында соңғы рет айтылатын ғажайп арманды сәлем, салмағы қара жерден де ауыр ар аманаты ма қалай ол...

Мен қайтейін, қиғаш қара қасыңды...

Әурелікке салдың менің басымды.

Егер мені тастап кетсең, Кәмила-ау,

Мойныға артам көзден аққан жасымды!

Бұл жолдарды айту кам көңіл жігітке соншалық рахат... Іш толы шеміршектеп тұрған ой тұнбасын бір локсытып сыртқа шығарғандай жеңілдеп қалады.

Сабырхан «Кәмиланы» егілте айта отырып Сәулені көз алдына келтіреді. Оған деген зілсіз өкпесін, нәзік өтінішін, қапалы мұңын жеткізейін дегендей бар дүниені ұмыта, беріле, төгіле айтады.

Адамның дауысына қарап мінезін білуге болады, - деуші еді қариялар. Қандай әнді айтса да мамырлата, қырын сындыра жұмсартып айтатынын ол, әуенін тыңдаушысының жүрегіне баяу ағыспен шым-шымдап құятындай, пенде біткеннің басында болып

тұратын азды-көпті қам-қайғы қағын ән нөсерімен жуып-шайын әкететіндей еді.

Баяу, бірақ, қайырма бұрылысы көп аса жұмсақ, мұңлы әуен қыз мінезді Сабырхан жан-дүниесінің ән ырғағына айналып кеткендей болатын.

Ол орнынан тұрып әрі-бері жүре бастады. Чемоданның үстінде ашулы жатқан күнделік дәптер мен альбомын көріп денесі дір ете қалды. Кеше кешке жазған күйінше ашық тастап кеткен екен ғой. Махамбет оқып қойды ма деп зәресі ұшты. Бірақ оның ондай әдеті жоқ еді. Көңілі орнына түсейін деді.

Күнделіктерін парақтап, әр жеріне шұқшия қадалып біраз тұрды. Альбомын да сыдырта қарап шықты. Бұл да ермек, жұбаныш. Қуанышы мен реніші аралас ғұмырың бар болмыс-бітімімен көз алдыңнан өтіп жатады. Сен қас қағым арасында пәлен жылдық өміріңді қайтадан жасап шыққандай әсер аласың.

Әдетте көп жастар күнделік жазады, қадір-қасиетін жете білмесе де жаза береді. Бірақ, оны балалық ермек демей, өзінмен өзің тілдесіп, сырласатын көңілінде, жүрек төрінде жасайтын нағыз киелі естеліктер шежіресі деп білген жөн.

Сабырхан күрсініп қойды. Оның альбомы да, күнделігі де тек Сәуле деп айғайлап, әндегіп тұрғандай екен...

Шатырда өскен көгершіндей бейғам, шат-шадыман күндері есіне түсті... Әсіресе, Сәуленің балалық қылықтары, жарасымды әзіл-қалжыңдары ойына орала берді... Бала еді ғой, нағыз сары ауыз балапан еді ғой ол кезде - деп қояды іштей күбірлеп.

Мен аға, ол бір маған қарындастай,

Бір бүтін қайындай ек жарылмастай.

Сүюші ек, сүйемін деп айтпаушы едік,-

Жан сырын ұғушы едік, жазым баспай.

Әбділда ақынның бұл өлені оның жадында өзімен бірге шұбырған ой тасқынын ала келді. Айтарын емеурінмен түсініп, сөзден-сөз, ойдан-ой туындатып, болмашыға мәз бола күлетін қайран сол думанды күндер...

...Сәуле суретті әжептәуір жақсы салатын, әсіресе, қыз бен жігіттің суретін салудан жерікпейтін.

Сабырхан бірде оның дәптерінің ішкі бетінен салынған суретті көріп қалды. Мойны қылқиған ұзын бойлы жігіт әлденеге өзеуреп

үздігіп тұрғандай, соның астыңғы жағына:

Жылуы жоқ бойының,

Жылмиғаны неткені?! - деп жазыпты.

Бұл жолдардың Абайдікі екенін білмеген адам бір көргенде, суреттен өлең туғанын, әлде өлеңнен сурет туғанын ажырата алмай дал болғандай екен.

Сонда бұл қу қыз біреуді көз алдына келтіріп сызған шығар?- деп ойлаған еді. Сәуле білетіндердің ішінде өзінен өзге ұзын мойын кім бар? Ойына қайдағы бір қағытпа сөздер, оқыс теңеулер орала кетті де, әлгі екі жолдың астына былай деп көрнекілендіріп жазып қойды:

Білмедің бе соны да,

Саған ойы кеткені!

Сәуле оны оқып мәз бола күлді.

- «Сабырхан-ау ол саған арналған сөз емес еді ғой, Абай атаңның сондай өлеңі барын білмеуші ме едің, ал, мықты болсаң сол кісімен айтыс, жеңсең бәйгең дайын»...

Қалай десең де, ол екеуі үшін бұл әдеттегі қалжың да, көп өлеңдердің бірі де емес сияқты. Ерке қыздың бейғам тірлігінің бұлайша жеңіл әзіл-қалжыңмен өте бермеуге тиіс екенін емексітіп өткендей ишара болар.

Сәулені кім білсін, Сабырхан күннен күнге оған жақындасып, бауыр басып бара жатқанын сезініп жүр. Қорқыныш билеген қуаныш сезімі деуге болар оны.

Махаббатты әркім әр қалай ұғынады. Бір қалыптан шыққан махаббат та жоқ. Ол туралы айтылған сөздер мен жазылған кітаптар да сан жоқ шығар?.. Бірақ әзірге дейін ешкім де ақырғы сөзді айттып бере алған жоқ. Тек талас тақырыпқа өз көзқарасын білдіріп қана өтеді. Абзалы да сол.

Махаббат екі адамның бір-біріне ұзақ уақыт бауыр басып, етене тірлік ету талабынан туатын өте қарапайым нәрсе емес пе екен?.. Оның сыртқы көрінісіндегі әлем-жәлем жамылғы мен, айшықты сипаттамалар романтикашыл жастардың тауып жүрген «жаңалықтары» емес пе екен деп қаласың?

Неден басталғанын өзі де білмейді. Сабырхан әйтеуір сол қызды ерекше жақсы көріп кетті. Бәлкім, оларды жақындастырған да сол бір талас-тартыстар шығар?..

Сәуле пікір таластырғанды ұнататын. Адамның ойына кіріп-шықпайтын сауалдарды тауып алып сарт еткізетін. Егер өзі күткендей жауап бермесең, балаша мәз болып күлуші еді. Сабырхан онысын көңіліне алмайтын. Кейбір қыздар бас қоса қалса, жаңа модамен танысқан жігіттерінің түр-тұлғасы туралы мылжындап мезі қылып жатқанда, Сәуленің мұнысы да құптарлық қасиет емес пе?

Дайындық курсының соңын ала болса керек. физика сабағы жүріп жатқан. Алдыңғы партада отырған Сәуле қолтығының астынан бұған бүктеулі қағаз ұсынды. Жүрегі бүлк етіп бір бүлқынды. Қағаздың бүктеуін асыға жазып жіберді: «Сәлем, Сәке, (Сабырханды ол солай атайтын) Көңіл-күйің денсаулығың жақсы ма? – деп бастапты – көрмегелі көп болғандай-ақ. – Біз бір тұйыққа тірелдік (Гүлшәді екеуін айтады) құтқармасаң болмады:

1. Қандай көлге адам батпайды?
2. Жоғары қай жақ, төмен қай жақ?»

Лекция бір жақта қалып ол мына сұраулармен болып кетті. Көп ойланды «Мына қыздың пәлесін қарай көр-ей!» деп қояды ішінен. Ойлана келе мынадай жауап жазуды жөн көрді.

«Қандай көлге адам батпайды? Бар ма ондай көл? – деп сөзді сұрақтың өзінен бастады. – Ондай көл бар, қайда? Не үшін адам батпайды? Осы теореманы дәлелдеп көрейік:

Көл – сұйық зат. Сұйыққа дене батпау үшін меншікті салмағы сол сұйықтың меншікті салмағынан кем болуы керек. Демек, сондай суы бар көлге адам батпайды деген сөз. Мен ондай көлге мысал ғып өмір көлін алуды жөн көрдім. Ал, адамның меншікті салмағына, мен, оның адамгершілігін, ар-ұятын алып отырмын. Меніңше өмір көлінің (тіршілік ортасының) меншікті салмағы қашан да тұрақты болады, ауыр болады, Адам қаншалық арлы, ұятты, кішіпейіл болған сайын, кір-қоқыс пен күнә-қылмыстан аулақ періштедей пәк болады. Өмір көлінде еркін тыныстап, жүзі жарық, көңілі шат тірлік етеді. Егер күнәға батып былғансаң өмір көлі де сені тереңіне шым батырады.

Ал, екінші сұрағыңа да түрліше жауап беруге болатын сияқты: «Жоғары, төмен» деген сөздің мәнісін әлемдегі неше түрлі материялармен салыстыра, байланыстыра ашуға болады ғой. Сенің дәл нені айтып отырғаның өзіңе аян. Физика мен



астрономияның қағидаларын қайталай салғанда не мән бар? Сондықтан менің тағы өмірге - өзімізге оралғым келіп отыр. Ендеше, көп материяның орнына адамды алып, адам мен адамның бір-бірінен жоғары-төмендігінің өлшемін қарастырып көрсек қайтеді. Меніңше оның өлшемі – ой-өрісі, білім-тәжірибесі, адагершілік қасиеттері болмақ. Егер кім де кім білімді, ойлы, мінезді болса, ол ақымақтардан жоғары тұрады. «Жоғары-төмен» дегенді дәл сол екі түрлі адамдардың қоғамдағы екі түрлі орны деп қараған жөн. (Қоғамдық қызметі мен лауазымы деп қате түсінбе) Бойың қысқа болса да ойың қысқа болмасын! Айтарым қысқаша осылар. Ағалық ақыл екен десен біліп аларсың, басқаша ойда болсаң - рахаттана күліп аларсың.»

Сәуле жас қыздарша келте ойлап, кем пішіп рахаттана бір күліп алса керек. Келесі күні лекция үстінде тағы мынадай қағаз берді ол:

«Ой, Сабырхан қайда-қайда кеткенсің? Сонша әуре болудың не керегі бар. Бірінші тұзды көлге адам батпайды; екінші Әлемде - жаратылысты алғанда «жоғары-төмен» деген жоқ, бәрі де шартты түрде алынған... Ол осы жолдардың астына тағы мынадай сұрау жазыпты: «Сәке, ренжімей жауап берші – алыс деген қандай, жақын деген қандай? Алысты жақын етуге бола ма?»

«Жынды қыз десел!» деп қыжырта күлді. Бұған не деуге болады? Біліп тұрса менен несін сұрайды? Әлде, басқаша ойы бар ма екен?.. Сынамақшы ма?»

Ол неде болса ендігі жауапты шекеге нұқығандай қысқа да айқын етіп ызаландыра жазды.

«Сәуле, алыстың алысы – ақымақ пен ақылдының арасы. Алысты жақын етуге болады, ол үшін ақымақтарды қалың мұқабалы кітаптармен басқа ұрып ақыл кіргізу керек. Аюға намаз үйреткен таяқ. Ал, «жақын» деген түсінісе, сенісе білген адамдардың арасы. Өмірде одан бір-біріне жақын еш нәрсе жоқ. «Қандай затпен салыстырсаң да» Дегенмен, жақынның алыстап кетуі де мүмкін, егер біреуі тым «ақылды» болып ұшыраса... Мен солай ойлаймын, Сәулеш!»

Өз жауабына өзі сүйсініп мырс етіп күліп қойды. «Қашанға дейін май шелпекпен сыйлай берейін? Сыйластық екі жаққа бірдей емес пе?..»

Сәуле сол жауапты оқып болысымен қара көзінен от шаша жалт қарағанда «оғым енді дарыған екен» деп көңілі жай тапты.

Сәуленің құйын көтерген қауырсындай жеңіл ойлары мамырлап жерге түсе бастауының алды сол болса керек.

Сабырхан күнделіктерін ақтарысып отырып «дайындық курсы» тек институтқа түсудің ғана дайындығы емес, қызығы мен қиындығы мол үлкен өмір сапарына да аттанар алдындағы буынып-түйінген жол әзірлігі тәрізді екен-ау» деп ойлады.

### III

Кеше ғана бір-біріне шекесінен қарап оскырынып жүрген бейтаныстар еді. Айналдырған бірнеше айдың ішінде ұялас күшіктей ауыз жаласқан қимас жолдас болып кетіпті. Енді мынау «КПСС тарихы» сықылды пәндердің бірлесіп оқылатын лекцияларында шұққырасып табысып мәз-мереке болады. Әсіресе, Сабырхан ондай сағынышты сәттерді сарыла күтіп жүреді. Өйткені, Сәуле физика факультетіне оқуға түскен. Өрісі басқа... Бірге жүретін достардан Тельман да Пістегүлше айтқанда «жүз сомдық ақшадай» көзге сирек түсетін болып барады. Ол факультеттес болғанмен орыс бөлімінде еді. Ендігі іргесі ажырамай қатар келе жатқандар Махамбет, Гүлшәді және Пістегүлдер ғана. Олар математика факультетінің қазақ бөлімінде оқыды. Бір топтағы қалған жиырма бір студент биыл емтихан тапсырып жаңадан келгендер-ді. Сыңысқан қалың қыздың арасына сығылысып жалғыз Асан деген жігіт әрең еніпті. Сонымен, жігіт саны әзер деп үшке жетті.

Онда бәрі де жатақханада жататын. Қызықты, таңсық нәрселер көп сияқты еді. Ойлағаның ойлағандай орын-орнына қиюласып келе қалатын. Енді ойлап қараса оған дейін беті ешнәрседен қайтпаған бұланай жастықтың көңілді, өршіл тасқыны алға қарай кие-жара ұмтылып, кедергі атаулыны екпінімен-ақ ұшырып жүре беретін бір дәурен екен ғой.

Ол кезде «уақытым жоқ» деп шақырған жерге бармай қалу да, келген адамға «шәй ішіп кет» деп мезіреті жасамау да атымен жоқ болатын... «Туылған күн кештері» өтірік-шыны аралас өтіп жататын. Үйіне барып келгендер сыбаға сыйламаса тамағынан ас өтпейтін. Жігіттер нан пұл таппай қалуға бар, бірақ қыз бен «портвейн 12-ге» шапанын сатса да ақша таппай тыныш ұйықтай

алмайтын. Шетінен мәрт-ті. Еруліге – қарулы қыздар да қарап қалмайтын.

Сондай бір «науқан» кезегінде Сәулелердің бөлмесіне сыбаға жеуге барып еді. «үштік одаққа» Тельман да келіп қосылды. Ол мұндайдан қалмайтын. Отырыс өте көңілді, қызықты өтті. Би дегенің армансыз биленді, ән де аз айтылған жоқ. Бәрінен де қызығы – ауыздарының салымы жоқтығынан әлгі сыбаға да жатқа бұйырып құрамай қапты... Ол өзінше бір күлкілі әңгіме...

Бұл бас косудың өзіндік «ерекшелігі» бар екен. Сәуле мен Гүлшәдінің анау төсектерінің тұсындағы қабырғада ілулі тұрған суреттерінің бөлмеге келуін «жуып» салтанатына әдейі шақырылған «кезектен тыс жиналыс» екен. Пістегүл қысық көзі күлімдеп сол сөздерді айтып еді.

Бәрі де бір мезгіл Сәуле мен Гүлшәдінің бас түйістіре күлімсіреп түскен көгілдір түсті үлкен суреттеріне тамашалай қарап отырды. жарасымды-ақ. Егер достық осылай суретке түсіп, оны жолдастар алдында «жуумен» мәңгі кепілдікке не болса жақсы болар еді-ау!..

Ізгі ниет пен игі істің бастамасы емес пе? Жастардың әр нәрсенің ресми болуын, салтанатты болуын ерекше ұнататын әдеті бар. Әсіресе, достасу жөнінен олар уәде-антқа, заттық белгілерге құштар-ақ. Жасында кім «Қияметтік доспыз не көрсек бірге көреміз!» деп анттаспады дейсін?.. Бірақ достықтың не екенін әлі білмей тұрып айтылған ондай сөздердің үдесінен шығу екінің бірінің қолынан келе берер ме екен?..

Қыздар бөлмесі әсем жабдықталған. Есік-терезенің пердесінен бастап үй мүлкі түгел дерлік көгілдір түсті. оған «сирень гүлінің» мұрын жарған хош иісі қосылып көктемнің көк мұнарлы уыз шағын есіңе салады. Қыз бөлмесінде төрт мезгіл болмайды, қашан да көгілдір көктем...

- Осы бөлмеде билеу рахат, - деп қойып, Махамбет Сәулемен бірге вальске қайта-қайта шығады.

«Төрт мүшесі түгел болса, билей алса, вальске билегенге не жетсін»- деп, Сабырхан қызыға да, қызгана да қарайды. Тіпті көңілсізденіп, қабағына бұлт үйіріледі. Қыздардың біреуі: «Билемейміз бе, кел билейік» деп қалуынан қорқып қыпылдап отыр еді. Сәуле оның сол көңіл-күйін дөп басқандай алақанын шарт еткізіп былай деді:

- Жігіттер, қыздар! Енді бір сәт әнге кезек берсек қайтеді? Сабырханның дауысын естімегелі талай болды.

- Тағы біраз билесек болмас па еді?

- Жетеді! Ән тыңдайық.

- Онда, Сәке, эстрадалық әндерден, Ескендірдің жаңа әндерінен, - деді Пістегүл, - ахоу-иғайға түсіп кетпе тағы, - деп қосып қойды.

Махамбет қабағын кіржің еткізіп:

- Мүйіз шықса, күшеншек айғайды күндіз-түні естіп жүрсін ғой! Ахоу-иғай дейді, онда тұрған не бар екен? Өзіңнің әке-шешен, ата-бабан айтқан ахоу-иғай емес пе ол біле білсең, - деді. Дауысы гүрілдеп қатты шықты.

- Әр ұрпақтың өз талғамы, өз әні болмай ма екен? XX ғасырда, атом ғасырында жасап отырғанымызды ұмытуға болмайды, эстрада – заманымыздың мақтанышы, рухы, сарыны, оны өгейсітуге ешкімнің хақысы жоқ, - деді Тельман одан бетер қызынып.

- Қазақ коммунизмге де, космосқа да эстрада салдырынсыз-ақ ахоу-иғайын айтып бара алады. Кеше шығарған әні бүгін ұмытылып жатқан шығарғыштардан көрдік қой көресіні. Онысын эстрадалық ән деп дабырайтатынын қайтерсің? Шәмші ағамыз өйтіп алқынып-жұлқынбай-ақ не тамаша әндер шығарып еді ғой. Сонда заманның мотиві, рухы жоқ деп кім айтады, а?

Махамбет төбелесе кететін адамша қомданып орындықтан көтеріліп қойып, еліре сөйлеп отырды. Пістегүл талас сөзден қашты ма, коридорға шығып кетті, басқа қыздар «қай жеңгенің менікі» дегендей сыпайы күліп тыңдап отырды.

Сабырхан домбырасын тыңылдатып әлдене ой құшағында өзімен-өзі.

- Сәке, не айтқың келсе, соны айтшы, екі ортада халық жауы болып кете жаздадық қой, - деп Тельман Сабырханға қарап бір езуін қисайта кеңк-кеңк күлді. Екі алтын тісі жарқырай көрініп, аққұба жұқа өңіне сәулесін түсіргендей жарасып тұрады екен. Желкесін жапқан толқынды қара шаш пен қиылған қара мұрт кең жауырынды кербез жігітке өзінше сән беріп, көзге басқалардан оқшау көрінетін. Киімді де түрлендіре киіп, кезекті моданың алдын орап кететіні бар. Қыздарға сүйкімді көрінудің қыры мен сырына едәуір жетік ол құрбыларын бір көргеннен үйіріп әкете қоятын.

Есікті жұлқа ашып Пістегүл кіріп келді, өңі сұрланып, ерні дір-дір етеді:

- Өлә, қыздар, кәстрөл жоқ, ет-метімен біреу көтеріп кетіпті, енді қайттік?

- Не дейді, құдай-ау?!

- Қой, қалжың шығар?

-Е, өтірік айтып не жаныма зор күн туыпты сонша? Нанбасаң барып қара, әлгі спортсмен сымақтар көтеріп кетті ме екен деп тұрмын, олардың сондай жиендігі бола беруші еді ғой, - деді Пістегүл күйіп-пысып.

- Солар болмағанда кімдер дейсің, тұра тұр, мен оларға әзір бесбармақтың көкесін көрсетейін, әбден әлінен асқан екен,- деп Тельман орнынан жұлқына тұрды. Сәуле мен Гүлшәді шыр-пыры шығып оның алдын кескестеді.

- Еті құрысын, жанжал шығып кетер екі ортада, қой, Тельман отыр, - деп, екі қыз екі қолынан тартып орындыққа әзер дегенде отырғызды. Тельман өз тізесін өзі жұдырығымен ұрғылап:

- Мені жеп қояр деп пе едіңдер? Ондай таздардың талайын көргенбіз, - деп әлі сабасына түсе алмай кіжініп отырды.

- Қоя беріңдер, қыздар! Тауып келсін, ет жегіміз келің, сілекейіміз шұбырып отыр, - деді Махамбет суық күлімсіреп, қасын керіп қойды.

- Әй, сендерден еш мән шықпас, өзім байқап келейін, - деп Пістегүл жігіттерге ренжи шығып бара жатыр еді, Махамбет күле дауыстап тоқтатты:

- Айналайын, Пістегүл, ет жемей-ақ қойдық, енді сенен айрылып қалып құдай ұрар бізді. Қыз да - бір, кәстрөл де, пісіп тұрған ет те – бір, бұйырғанға нәсіп болатынын көріп отырған жоқпыз ба?

-Тапқанекенсің, ұстағанның қолында кете беретін мондыбасты! Ал, жазатайымда жоғалып кетсем іздемей-ақ қойыңдар, біреу-міреуден таяқ жеп қаларсыңдар!.. Сәуле, ана батырлаға орамал жауып шығарыңдар далаға...

Ол сықшылықтай күліп шығып кетті.

- Қап, мына қыз бәрімізді бір таяқпен ұрып алды-ау. Тельман-ай, шешінген соң судан тайынбау керек еді ғой, - деп Махамбет сылық-сылық күлді.

- Сәке, ән не болып кетті, айтсайшы, тым болмаса жоғалған

етке жоқтау болсын, - деді Гүлшәді. Сәуле де сыңғырай күліп әзіл тастады.

- Көңіл-күйлерің қарындарыңда-ау деймін, қабақтарың түсіп кетті ғой, ет болмаса шәй ішерсіңдер!

- Ә, көңіл енді орнықты, айтсам, айтайын, - деп Сабырхан домбырасын «Ақ Жайық» әніне ыңғайлай берді. Іле майда қоңыр дауысымен қоңырлата бастап ала жөнелді.

Ел басына күн туған сонау тар заманның зар күйін дәп басып айнытпай айта білген ақын мен композиторға алғыс-рахметімізді айтайық та! Ол ән Сабырханның жібектей созылған жұмсақ мұңлы әуенімен айтылғанда тіпті сүйкімді естіледі екен.

- Осы әнді біздің Сәкең үшін әдейілеп шығарған болар деп қаламын, - деді Сәуле ризалығын жасырмай.

Онан кейін де біраз әндер айтылды. Жігіттер риза-хошын айтып, бөлмелеріне тарасты.

Сабырхан көпке дейін ұйықтай алмады. Тыным-тиянағы жоқ шым-шытырық ойлар әбден мазалады. Қыздар бөлмесінде де үй ішінен үй тіккендей, өзімен-өзі болып оқшаулана берді. Өлсін-әлі қадала қарап Сәулені де қолайсыздандырды ғой деймін, ол бұған тіке қарамауға тырысып, қиылған қасы лып-лып етіп, жүзі сәт сайын құбылып, алабұртып отырды. «Сәуле не ойлап қалды екен? Мен туралы қандай пікірде екен» деп ойлады дөнбекшіп жатып. Сабағын ауырлап жүр ме, әйтеуір кейінгі кезде бұрынғыдай көп қыдырмайды. Ашылып сөйлей де бермейді. «Неге, бұл қалай?» секілді мазасыз сұраулары да азайып барады.

Бірде скеуі кештетіп кинодан қайтып келе жатыр еді. Не ойлап кеткенін сайтан біле ме, Сәуленің бір сұрауына дер кезінде жауап бере алмай өкпелетіп алды. Оның сондайға қылт ете қалатын балалық мінезі бар-тын. Ол бұртиып келе жатып: «Әттең қасындағы адамның не ойлап тұрғанын біліп беретін жабдық жасап шығарар ма еді?» деген болатын. Сабырхан кәдімгідей-ақ абыржып, қысылып қалды. «Неге олай деді екен? Менің ішкі сырымды білуге сонша ынталы болғаны ма? Жаным-ау, мен сенен басқа кімді ойлаушы едім? Нені ойлаушы ем?.. Шынына келгенде, ондай жабдыққа сенен гөрі мен ділгірмін ғой! Мен...»

- Сондай зат тек менің қолымда ғана болса қандай жақсы болар еді? Сенің нені білгің келетінін біліп алып сөйлер едім, деп ойларын айтып та қойды.

- Анашы қарай гөр.- Сәуле сұқ саусағын безеп күлді де, лезде томсара қалып, - ой құрысын, онда жаман болатын шығар... Біреудің біреуден жасырып қалар ешбір құпиясы болмаса, тіршіліктің не мәні болады? Тіпті, қорқынышты екен-ау! Кейде сөйтіп лағып кететінім бар, - деді.

Сабырхан әзір соны есіне алып жатыр. Басындағы қорқынышты ойды қуып тастағысы келгендей қолын ербендетіп, қатты сасқалақтап еді-ау!? «Сонда ол мен туралы не білгісі келді екен? Неден шошынды екен сонша? Әлде, мен жөнінде басқаша...» Ол осылай шатасқан сұраулар талқысында жатып ұйықтап кетті.

#### IV

Сабырхан Махамбет бірінші семестрді өте сәтті аяқтап, қара үзіп алға шықты. Сабырханның өлең жазатыны мәлім болған соң, комсомол ұйымы оған факультеттің қабырға газетін шығаруды міндеттеді. Махамбет группа комсомол ұясының жетекшісі. Олар бар өнерін салып, сегізінші март мерекесіне арнап бір номер шығарды. Өз кураторы Болатхан Қоспановтан бастап оқытушылардың бәрі мақтағанына қарағанда жаман шықпаған сияқты.

Сабырхан оқу залына келіп отырғалы үш сағаттай уақыт болып қалса да әлі ешнәрсе тындыра алмай әлек. Алдағы жұмада өтетін студенттердің ғылыми конференциясына дайындалып жүр еді. Көзі карауытып, денесінің салдырай бастағанын сезді. Басын көтеріп еді, қарсы алдындағы қабырғаға ілінген нұр жүзді Абай атасының үлкен суретіне көзі түсті. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз!» деп тұрғандай екен ол бейне. Қағазына қайта шүкшиды.

Оның артындағы қатарда Махамбет те шашы дудырап кітапқа төніп отырған. «Әл Фарабидің ғылымдарды классификациялау тәсілдері» деген тақырып еді оның баяндамасы. Жас шәкірттің балаң ойы біріне жетсе, біріне жетпей діңкелетіп отырған әлі. Ол біреу иығынан нұқып қалғанға жалт қарап еді, Асан екен.

- Сен тіпті алансыз отырсың ғой. Болатхан ағай шақырып жатыр. Кешке концерт қоятынымызды ұмытып кеткеннен саумысың? Тез жина мына шимайларыңды.

Асанның бұл сөздері дауыстап сөйлегеннен бетер, күңгірлеп

шықты. Басқалар қабағын түйе қарады. «Түбі түскен шелектей ғой, мынау», - деп мазақтап жатыр бір қыз.

Асан оны елең де қылмай, енді Сабырханға барып әлгі сөзін қайталады да, қорбандай басып шығып кетті. Сабырхан сағатына қарады. Концерттің басталуына бір сағатқа жетер-жетпес уақыт қалыпты. «Болатхан ағайдан ұят болды-ау» деп іштей әбіржіп, асығыс жинала бастады.

Факультетаралық өнер жарысы өтіп жатқалы бірнеше күн. Бүгінгі кезек бұлардікі еді. Екі айдан бергі дайындықтың көпшілік алдында сарапқа түсер сәті енді келді. «Ойын қояр алдында өзіміз тағы бір рет сыннан өткізейік, ертерек жиналындар» деп еді Болатхан ағайлары кешегі дайындықтың соңында. Сабырхан мен Махамбет жеделдете басып, мәжіліс залына қарай көтерілгенде алдарынан көп домбыраның қосылып тартқан күй әуені шалқи көтерілді. Көңілді күй сазы бойға шымырлай еніп, шаршап-шалдығудың бәрін аулаққа қуып тастағандай сергіп сала берді. Болатхан Қоспанов бұларды әзілдей қарсы алды.

- Әй, жайбасарларым-ай, ойынның басталуын күтіп отырдыңдар ма? Кәнеки, тездеп қатарға отыра қалыңдар! Махамбет шаңқобызың қайда? Кешегі олқылықтарыңның орнын толтырдың ба? Сол өте қажет болып тұр. Махамбет қалтасынан шаңқобызын алып, боздата бір тартты да «зар күйінде тұр ағай» деп күліп қойды. Оркестрге шаңқобызды қосуды ойлап тапқан да өзі еді. Орта мектепте оқып жүргенде аздап айналдырған екен, сонысы кадеге жарайын деп тұр. «Басқа факультеттен өзгеше, ерекшелігіміздің бірі осы болар» деп Болатхан ағайлары балаша қуанды.

Қыздардың бәрі желбірлі ақ көйлектің сыртынан оқаланған қыпша бел мақпал камзол киіп, бастарына зерленген үкілі тақия, аяқтарына оюлы етік киіп гүл-гүл жайнап кетіпті. Жігіттер де бойларына шақтап қошқар мүйіз өрнекті шолақ жең костюм мен зер балақ шалбар киіп, белдерін шашақты торғын орамалмен тарта байлап қойыпты. Оркестрге қатысатындардың ұзын-ырғасы отыздай адам. Дайындық көпке созылмады. Өйткені, залға студенттер топырлап келе бастады. Төрешілер алқасы да алдыңғы қатарға жайласып жатты. Сахнада әркім өз номерінің жайын ойлап, жүрегі лүпілдеп зыр жүгіріп жүрген. Болатхан Қоспанов оркестр құрамын



шақырып, сахнаға орналастыра бастады. Асан артқы қатардың ортасын ала дауылпазға төне таяқшасын көтеріп маңқиып отыр. Одан әрі шетірек қатарда примасын құшақтап Пістегүл де шаншыла қалыпты. Асанға қарап ойнақылана көзін қысып қояды.

- Ал, қарақтарым, жүрексіңбендер, факультеттің абырой-атағын қорғап, жеңімпаз атануларыңа тілектеспін! Асан, дауылпазыңа абай бол, кешегідей дауылдатып кетпе, әйтеуір, - деп баяу үнмен тілек білдірді Болатхан ағайлары.

Перде ашылысымен күй атасы Құрманғазының әйгілі «Сары аркасын» дүрілдете, ойнақтата бастап ала жөнелді. Көп домбыраның күмбіріне шаңқобыздың бебеу боздағы косылып, оны приманың нәзік те үнді сыңғыры нақыштап күй нөсері төлеп берді бір сәт. Серпінді күйдің желікті әсері залды дүр сілкінтіп жібергендей, шапалақ дуылы ұзаққа созылды. Гүлшәді жеке биге шықты. «Би күйінің» құлындай ұйытқыған сан бұрылыс құбылыстарын тал шыбықтай бұралған нәзік қыздың жеңіл де сүйкімді қимыл-қозғалысы айнытпай келтіріп, келісті билейді. Жайшылықта тымырайып жүретін Гүлшәдіден мұншалық өрен өнер күтпеген Сабырхан мен Махамбет бір-біріне тандана, сүйсіне қарап қалыпты. Би аяқтала бере музыка әуеніне төңкеріле шыр көбелек айналған бойы шегініп бара жағқан еді, зал жақтан қолында екі тал ақ гүлі бар Тельман емпеңдей ұмтылып, алға шықты да сахнаны көктей өтіп, Гүлшәдінің соңынан жүгірді. Зал толы студенттер қол соғып, ду-ду күліп жағты. Біреулер ысқырып та жіберді. Тельман оны елең қылмай, қолындағы гүлін Гүлшәдіге табыс етіп, желкесіне түскен ұзын шашын желкілдетіп қайта қайтты. Екі езуі екі құлағында. Маңғаздай басады.

Мұнан кейін де талай қызықты кездесулер болып жатты. Әркім шама-шарқынша өнер көрсетіп, алғысқа бөленді.

Кезек Сабырханға келді. Сахнаның айғай ортасына қойылған жалғыз орындыққа жүрегі таудай тулап, буыны дірілдеп, әрең жетті. Көзі ештеңе көріп тұрған жоқ. Ұрыста тұрыс бар ма? Нар тәуекелмен белгілі «Ақ Жайықты» аңырата бастап ала жөнелді. Жүре келе арнасына түсіп, байсал тапты. Әннің әрбір бұрма-бұрылыстарын түкпірлете, толғай тербеп, нәшіне келтіре айтты. Зор, сүйкімді дауыс залды еркін билеп-төстеп алды.

Ду қолшапалақ ұзаққа созылды. «Ақ Жайықпен» құтылмасына

көзі жеткен соң Сүгірәлі Сапаралиевтің студенттер сүйіп айта-тын «Жұлдызымын» баяу, қоңыр дауыспен дірілдете бастап, иін қандыра айтты.

Ол дүр-дүр шапалақ ұрған көрермендерге ұяла тағзым етіп, іштей шалқып, тасып қайтты.

Қолында екі-үш тал гүлі бар Сәуле өзі де бір десте әсем гүлдей жайнап, тұп-тура осылай қарай келе жатқанын көріп қалды. Жүрегі алқымын қаға соғып, толқып кетті. Оның сол бір қас-қағым сәт арасындағы өзгерісін дәп басып айтып беру қиын-ақ. Жүзі бал-бұл жанып, нұрланып сала берді.

Сәуле оның көзіне жылдар бойы сарыла, сағына күткен жүрегін алтын тұғыр етіп, мәңгі бауыр басып, мекендеп қалар бақыт құсындай болып көрінді. Ол ұсынған мына бір шоқ гүлді гүл емес, сүйкімді сұлудың сүйіспеншілігіне толы адал жүрегі алау махаббаты деп қабылдады. Ақ тілек бұл қуанышты алақайлап көзі арқылы да, сөзі арқылы да айтып тұр еді.

Концерт аяқталғанша Сабырхан осы сезімнен арыла алмады. Көңілі сергіп, әркімге бір әзілдеп сөзуар болып кетті. Дүниені құшағына сыйғызардай пейілі дархан. Олар ойын аяқталысымен ду-ду күліп, бірін-бірі көтере мақтап, далаға шықты. Есік алдында Тельман, Сәулелер күтіп тұр екен. Қайтадан шұрқыраса қауышып, қол алысып, құттықтасып жатты.

Науырыздың науетек ерке самалы аңқылдай есіп, жас өмірдің жалын-көрігін лаулата үрлеп тұрғандай.

## V

Күн жексенбі еді. Сәуле мен Гүлшәді бөлмелерінде онаша қалып, ұзақ әңгімелесті. Көйлек-көншектерін үтіктеп, таранып-баянып жүріп-ақ бәріне үлгерді, - күнделік сабақтан бастап, мұғалімдер, жігіттер туралы, махаббат, болашақ семья туралы, қайын ене, қайын ата жөнінде де аз айтылған жоқ.

Сұрау тастап, жетелеп отырғаны болмаса, Гүлшәді онша шешіліп сөйлемеді. Ақжүректік қып аңқылдап отырған Сәуле ғана. Қалай десек те қыздардың бұл да бір көңіл хошы ғой, құмардан шыға бір көсілді. Әңгіме қызып, нақты істер төңірегіне енді келгенде Сабырхан бөліп жіберді. Кешке киноға шақыра келіпті. Екі қыз біріне-бірі салмақ сала қарап, бір сәтке тандана қалды.

- Уақыт жоқ, Сәке, бір жерге баруға жиналып жатыр едік, ренжіме, - деді Сәуле. Беті дуылдап бара жатқан соң, алақанын басып теріс айналып кетті. Ары азаптап тұрғандай. Әлгінде ғана Тельман ресторанға шақырып қойған еді. Баруға келісім беріп, сыланып-сипанып әуреге түсіп жатқанында Сабырхан келді. «Бұл қалай, олар біріне-бірі сездірмей шақырып жүрген болды ғой», - деп ойлады Гүлшәді.

- Мен жаңағы сөзді дұрыс айтпадым-ау деймін, дұрыс айтпадым, Сабырханнан ұят болды. Тельманмен бірге ресторанға барғанымызды естісе ренжитін болды. Жаңа жасырмай айта салу керек еді, - деді Сәуле шұбатылған ұзын шашын жөнге келтіре алмай әуреленіп жатып.

- Мен де солай ойлап тұр едім, Сабырханнан ұят болды. Сондай жігітті ренжітуге бола ма? Мінезі қандай сүйкімді, мынау деген бір қызға жар болғандай-ақ жігіт. Өзі сен дегенде өліп тұрады...

Гүлшәді көзімен арбағандай Сәулеге тіктей қарап тұрып айтты бұл сөздерді. Сәуле қабағын шытып, жалт қарады. Жұтқыншағы бүлкілдеп, әлдене жайсыз сөз айтуға оқталып барып тоқтала қалды.

- Жақсыны жақсы деу керек қой. Өте сыйлаймын, туған ағамдай жақсы көремін. Онда тұрған не бар, - деді қызарақтап. Беті одан бетер қызарып, дуылдап барады. Ұялған тек тұрмас. Іле уяң, жасқаншақ үнмен тағы да тіл қатты.

- Гүлшәді, бір сөз айтсам күлмейсің бе, а? Ойыңды ашық білдірші, өтінем.

Гүлшәді оған жалт қарады.

- Ол не дегенің, айт! Сенен қашан сыр жасырушы едім?

- Айтсам, осы Тельман қандай жігіт, а? Менен гөрі сен байқағышсың, шыныңды айтшы, біз нағыз достар емеспіз бе?..

Гүлшәді оған кішкене қыздың қылығын тамашалағандай күлімсірей қарады. Айтар сөзі тілінің ұшында тұрса да әдейі іркіп қалды. Басқалар алдында барынша ашық-жарқын сөйледім дегеннің өзінде әлдененің ұшығын арыға тастап, қымтып қалатын әдет пайда болыпты.

- Ә, сұлуым, Пістегүлге күлуші едің, сенің де жайың белгілі болды ма? Кейінгі кезде тым әншіл, күлегеш болып кетіп едің. Байқа, байқа, деді сықылықтай күліп.

Сәуле не дерін білмей жаудырай қарай берді. Ұшқыр ой талай бел асып кетті соның арасынша.

- Неге күлесің? Өзіңмен ақылдасып тұрғаным болмаса, әлі еш нәрсе бола қойған жоқ. Басым катып жүр. «Сүйем-күйем» деп соңымнан қалмай қойды, не істеймін?..

- Ой, қайтер екен десем, шындап барасың ғой,- деп лекіте күлген Гүлшәді ілезде байсалды күйге көшті. Оны өзің білесің, мінезі жеңілтектеу демесең, былайынша жақсы жігіт қой. Үй-іші де жақсы, ауқатты адамдар көрінеді. Директордың келіні боласың... – деді әзіл-шынын араластыра.

- Қорқам, жігіттерге сене бергім келмейді. Олардың несі кетеді. Ұятқа қалатын қыздар. Үйге барған сайын анам да ақылын айтып «абай бол, қалқам» деп отырады. Өткенде өзің де естідің ғой үйге барғанда, ойнақтап жүріп от басып, опық жеп жүрген қыздарды өзіміз де көріп жүрміз ғой.

- Дұрыс айтасың, бірақ қорыққаннан жан қала ма? Мандайға жазған біреу бар шығар. Ойлан, сынай түс, шын жақсы көрсе қайда қашады дейсің, әзірше илікпе... – деді Гүлшәді нығыта.

- Өзім де солай ойлап жүр едім. Әй, қыз, қарашы, мынау прическа қалай? – деп Сәуле басын еркелей қисайтып тұра қалды.

- Тұу, тіпті керемет! Тельманың есінен танатын шығар әлі, тоқта, тоқта көздің бояуын тым баттастырып жіберген жоқсың ба, е, мейлі, ешнәрсе етпейді. Махамбет болса ғой мазақтар еді. Тельман мәдениетті жігіт қой, түсінеді.

- Айтпақшы, Махамбеттің ғылыми баяндамасын республикалық бәйгеге жіберіпті деп естідім, рас па? Сол бала еш қызбен жүрмейді-ау деймін, а?

- Солай деседі ғой, - дей салды немкетті үнмен, сосын оның «институтта бірде-бір оқыған қыз жоқ» деп шіренетін көрінеді, шаңырақтағы ет сасық дегеннің кері шығар, - деп күлді Гүлшәді. Сосын екеуі де біразға дейін үнсіз қалды, сәлден кейін:

- Е, өзің ше? Өзің туралы бір ауыз сөз айтқың жоқ, а, қуым, Пістегүл екеуімізді сөйлетіп қойып тымпиып жүре бермексің ғой, оның болмас ішің жарылып кетер бір күні, - деп Сәуле қулана күлді.

Гүлшәді алдымен сықылықтай күліп алды. Қасын кере жайдары әуенмен әзілдей бастады сөзін.

- Е, солай де, қол ішіне бүгіледі де... Дайындық курста жүргенде «скеуіміз бір күйеуге шығамыз» деп уәделесіп едік қой, енді қызғанайын дедің бе?..

- Әлі ештеңенің қарасы жоқ қой, Гүлшәді-ау, тіпті кимай тұрсаң өзің-ақ алшы сол Тельманынды, маған айтқан бір-екі ауыз сөзінен басқа өте кеткені жоқ. Қайта саған сонша адмның алдында қуалап жүріп гүл ұсынды ғой өткенде, - деді Сәуле де әзілге әзілмен жауап қайтара.

Гүлшәді жорта өкпелегенсіп бұртня қалды. Ол шынымен Тельманды қызғана ма екен, соны анық білгісі бар. өз жүрегінің терең қатпарында әлдене сезім құйын бұрқ етіп, шан бергендей болады. Атсыз, айдарсыз жұмбақ та дүлей сезім...

Әйел жанының қат-қабат құпиясын ашамын деп әуре болудың керегі қанша? Біз тұрмақ солардың өздері де ондай тәуекелге бара алмас... Оның қорытындысы мен салдарын түйіндеуге үлгіре алсақ та жарады... «Әзілдің» басы «Ә» болғанымен, аяғы «зіл» деген сөз бар. Есепсіз дүние қайда?

- Қызғаншақ екенсің, қойдық онда! – деді Гүлшәді томсарып.

- О, не дегенің? Мен әзілдеп айта салғанмын, - деді Сәуле қызарақтап.

Бір мезет іштей арбасқандай үнсіз қалысқан екеуі де барын киіп, бақанын қолға алып дегендей сайланып терезеге сүйеулі ашпалы айнаның алдына келіп тұра қалды. Бұл тұрыс сырт адамның көзіне «сен әдемімісің, әлде мен әдемімін бе?» деп, сұлулық таластырғандай болып көрінеді екен.

## VI

Үшінші семестрдің емтиханы басталғалы талай күн болған. Біреу қуанып, біреу ренжіп, үш сабақтың емтиханын өткізіп те жіберді. Күнделік лекцияға қалмай қатысып, семинарларға жақсы дайындықпен келіп жүрген студент қыстың қамын ерте жасап алған ұқыпты шаруадай абыржымай, емтихандарының бірінен соң бірін алаңсыз тапсырып жатыр.

Асан мен Пістегүлден маза кетіп, аяғы күйген тауықтай дызылдасып жүр. Пістегүл «шпаргалка» жасаумен әлек Асан кезінде жазбаған конспектілерін көшіріп, дәптерден бас алар емес. «Не ұйқы, не күлкі жоқ, қанша килограмм салмақ жоғалттым екен, құдай біледі деп әркімге бір шағынады.

- Қашарыңда қашарсың, бұзауларыңда сасарсың, - деп Махамбет оны одан әрі ызаландырып қояды.

Бұлар қазір философиядан емтихан тапсырып жатқан. Махамбет пен Сабырхан бірінші кіріп, бесті «қалпақпен ұрып алған». Енді Пістегүл мен Асанның шығуын күтісіп тұр. Гүлшәді Сәуленің жағдайын білейін деп жоғары көтеріліп кетіп еді, іштен Асан шыға келді. Зачет кітапшасын ұстаған қолының жеңімен тершіген маңдайын сүйкей салып, арсаландап келеді.

- Аға, құдай құтқарса құтылдық «кәрі қыздан да»; деп Сабырхан мен Махамбетті құшақтай алды.

- Қанша болды, әпшенің қалың малы?- деді Махамбет сонша қуанғанына қарап «бес» алған шығар деп ойлап еді.

- Қанша болушы еді, «халықаралық» баға да жетіп жатыр ғой бізге.

- Үш алу да - күш десенші! - деп күлді Сабырхан.

- Сіздің сабағыңызды «кәрі қыз» деп тәлкек қылады деп ағайға айтып, сол үшін зор қылайын ба? – Махамбет қабағын түйіп есікке қарай бір аттап еді, Асан жорта шошығансып безек қақты:

- Ойбай, батыр, құзырына құлдық оны шығарған мен емес қой, ағайдың өзі кіріспе сабақта солай демеп пе еді, естеріңде жоқ па?

- Әй, маубасым-ай! Ағай өйтіп айтқанда буржуазия философтарының теріс көзқарастарын сынап айтқан болатын, - философия басқа ғылымдардың бәрінен бұрын пайда болса да, одан әрі дамымады, бейне орнында отырып қалған кәрі қыздай, деген сандырақты жоққа шығару тұрғысынан айтпап па еді?- деді Махамбет қарқылдай күліп.

- Е, мейлі, әйтеуір солай айтылыпты ғой.

- Айтпақшы, Пістегүлдің халі қалай? Еңбегінің игілігін көріп жатыр ма? – деп Сабырхан оның сөзін бөліп жіберді. Соның арасында іштен жұлқына басып, екі көзі бұлаудай Пістегүл шыға келді де, бұларды көріп өзін ұстай алмай өксіп жылап жіберді. Қолынан зачет кітабы түсіп кетіп еді, долдана теуіп қалды. Бұл тұста жоғарыдан Гүлшәді мен Сәуле түсіп келе жатқан.

- Қалай болды, білмей қалдың ба, әлде ұсталып қалдың ба?- деді Асан бәйек болып. Пістегүл Сәулелерге қарай бұрыла бере тістеніп тұрып: «Ұсталып қалдым», - деді.

Пістегүл жай ғана ұсталып қалған жоқ. Масқара күйге

ұшырады. Талай киын-қыстаудан аман өтіп жүрген тәсіліне бағып билетті алысымен артқы партаға қарай асыға басып бара жатыр еді. Ағайы ерегіскендей:

- Қайырбекова, қайда барасың, мынаның бәрі бос тұр ғой, мында кел, - деп терезенің алдындағы бірінші партаға қақитып жалғыз отырғызып қойды. Пістегүлдің басында жаудыраған көз бен саудыраған тістен басқа ешнәрсе қалмай қалтырап кетті. Денесін суық тер басып барады. Билетке не жазылғанын ажырата алмай, сасқалақтап барып әрең оқыды. Қуанып кетті. Ол сұрақтардың жауабы қайда екені есіне түсе қалды. Ағайына қарап еді, өзіне қдалалып отыр екен. Ойға шомған адамша қабағын шытып, көзін аударып-төңкеріп біраз отырды. Бір қолын партаның үстіне қойып, екінші қолымен қойлегінің етегін түрс бастады. Неше күн еңбектеніп жазған екі метрдей шпаргалка қаттала қабатталып «сенімді» жерде тұр. Амалы таусылған соң қаламын әдейі жерге тастап жіберді де, алайын деп соған еңкейе берді. Алай да ол құрғыр дірілдеген саусаққа ілінбей, анадай жерге жылжып кетті. Амалсыз орнынан тұрып барып, іліп ала бергенде етегінен серіппедей атылып қатталған қағаз шыға келмесі бар ма? Пістегүлдің шошып кеткені сонша, «апа» деп баж ете түсті де, еденге жалп етіп отыра кетті. Ағайының өзі не істерін білмей абыржып қалды.

- Қорыққан бұрын жұдырықтайды демей тұр енді! Өзіңді өзің осынша масқаралайтындай не күн туды басына? Мә, кітапшан, бара бер, - деді ренжіп.

Серіктері Пістегүлді жөнсіз жәбірлендіге санамаса да, әрі аяушылық білдіріп, әрі жолы болмаған жолсыздықтан ұялып келе жатты. Тысқа шыққан соң Асан жаны күйзелген адамша қабағын түкситіп, қинала тіл қатты:

- Өзім өз болып мына соңғы емтихан құрметіне «Бөлтірік бөрік астындаға» алты билет алып едім. Барасындар ма, қайтесіндер? «Қайтеміз»- дегендей бәрі біріне бірі қарасты.

- Е, бармай ше? Менің көрген құқайым сол ғана деп пе едің? Барамыз! – деді Пістегүл тепсініп.

- Әй, жігітке бергісіз асылым-ай, жасыма! Аман болса басың, тағы шығар шашың. Көкең аман болса, әлі-ақ қойғызып береді. Мен мына алты билет күйіп кете ме деп қорқып едім. - деді Асан қуана күліп.

Асан қуанса қуанғандай еді. Алты билетті бұдан үш күн бұрын ешкімге білдірмей сатып алып, КШ-да оқитын «ғашығын» бірге тұратын қыздарымен қоса театрға шақыра барған-ды. Әлгі шайтан алғыр көкектеп көнбей қойды. «Уақыт жоқ, қалада оқитын жерлес қыз-жігіттердің бас қосу кеші болмақ, соған барамын. Общем, я не люблю это театр-меатр» деп шүлдірледі. Сонымен амалсыздан пластинканы аударуға тура келіп тұрған жай бар. Пістегүл болмаса, одан да ештеңе шықпас па еді, қайтер еді.

- Пістегүл-ай, сонау дайындық курста жүргенде осындай едің, әлі сол қалпың, қашан ақыл кірер екен саған? Театр қайда қашатын еді, одан да дайындалып, мына емтиханды қайта тапсыруға тырыссаң етті, - деді Махамбет оған тұнжырай қарап. Пістегүл қырыстанып, алая қарады да үндемей қалды.

Одан әрі көп сөз болған жоқ. Ендігі сөзді әркім өз жүрегінің бағанына оңаша салғандай үнсіз келеді. Пістегүл жолдан тауып алған асықтай мұзын қуалай теуіп, қаннен-қаперсіз алда кетіп барады.

Күн ашық. Оңтүстіктің қысы жайдары адамның зілсіз ашуындай ызғарсыз. Қырау жамылған ағаштар ақ гүлге оранғандай, момақан мүлгиді. Жолға ұмсынған ағаш бұтақтарындағы қар өткен - кеткен машина автобустардың екпінінен тозаңдана ұшады.

Сабырхан сол көріністерге сүзіле қарап келе жатып күрсініп қойды. Уақыт зымырап өтіп барады. Жанды жеген кеміргіш ойлар еңсе басып, тұқыртқаннан басқа, селт еткізер жаңалық жоқ. Тәуекелге дәрмен жетпейді. Қиялдағы батылдық жеме-жемге келгенде әдірем қалып, шоңқитып кетеді. Көңілің шауып, ынтаң ауып тұрса да, өз ойынды сүйікті адамына айтып жеткізе алмау, тіпті барғың келіп тұрса да, батылың жетіп қасына бара алмау деген өлшеусіз қасірет екен. Махаббат тілегі ұзақ уақыт іште тұншығып жата берсе, сөз жоқ күйзеліске апарады. Дауасыз кесел – сол. Ол өзін тежеп ұстаған сайын, Сәуледен алыстап бара жатқандай сезініп жүр. Оның өз тілегі, өз арманы бар болар, біреудің ішіндегіні біреу қайдан білсін? Қолыңды созған сайын алыстап, қияннан елес беретін бұлдыр сағымдай қыз махаббатының азабын тарту кімге жеңіл дейсің?..

Сабырхан өз ойымен өзі болып, артта қалып қойыпты. Алдында қолтықтасып бара жатқан Сәуле мен Гүлшәдіге көзі түсіп



еді, жүрегі қатты аунап түскендей солқ ете қалды.

Қандай әсем, сүйкімді жарасым!? Кекіл шашын бастырмай, маңдайлығын үшкірлей әкеліп, иектің астынан бір салған үлпілдек ақ орамал қандай жарасымды. Бойларына шап-шақ ақ пальто, қыз төсін, қыпша белін кынай, сәмбі талдай бұратылып, әсем көрсетеді екен. Тоқ балтырды кере тырсылдатқан сыдырма бауыр ақ етікті кішкене аяқтарын ырғала некей басады. Арқадан қылтаға қарай көлбеген қап-қара бұрым ақ түске шомылған балғын арудың бұла шағындай бұлғақтап Байронның «Еврей әуендеріндегі» мына бір жолдады еске түсіреді:

Қара бұрым ақ денеге жарасқан,

Бар тұлғада сол екі түс таласқан.

- Айтпакшы, Тельман қайда осы, емтиханын қалай тапсырды екен? – деді Гүлшәді Сәулеге қарап. Сәуледен бұрын Асан жауап берді: «Емтихан алатын өз көкесі ғой, оған не қам бар?»

- Өзі қайда жүр? – деді Сәуле алақтаған үнмен.

- Театр жақта болу керек, бір билет кем болған соң ертерек барып ізде дегенмін. Оның үстіне, бұйырса «шампан» да ішкізетін шығар. Кеше әкесі жиынға келіп кетпеді ме? – деп Асан дөңкиген мұрнын уқалап қойды. Пістегүл мұз сынығын бір теуіп, шетке шығарды да көзі күлімдеп:

- «Шампан» ішеміз дейсің бе, ей, аю (Асанды қорбиған денесіне қарап ол солай атайтын) жарайсың, күйеу бала деген солай зыр жүгіріп тұруға тиіс қой, - деді сықылықтап.

- Сен де қайдағы жоқты айтады екенсің, ұят емес пе?!- деді Сәуле екі беті қып-қызыл болып.

Сабырхан арқасынан жылан жорғалап өткендей тітіркеніп кетті. Махамбетке үрейлене жалт қарады.

- Е, оның несі ұят, күйеу екені өтірік пе?! – деп Пістегүл одан әрі өршеленді. Асан желкесін қасып көзінің астымен Сабырханға, одан Махамбетке ұрлана қарап қойды.

- Жақсы сөз – жарым ырыс. Күйеу құтты болғай, қыздар, тек апалы-сіңлілі Айман-Шолпандай екеуіңнің қайсынды құттықтауды білмей тұрғанымыз, - деді Махамбет кекесінді үнмен. Ол жайдан аздап хабары болса да, бұл сөзді әдейі айтты.

- Ай, құдай-ай, соған да сеніп келесіңдер ме? Пістегүлдің көп қалжыңының бірі-дағы, – Гүлшәді сөзін күле, әзілдеген болып бастап, Пістегүлге алая қарап:

- Екі елі ауызға не болу керек қой! – деп тістене сыбырлады.

- Е, оның сенбейтін несі бар екен, Тельман күйеу болуға жарамайтын жігіт пе? Білдей совхоз директорының еркесі, ағасы анау, біздің институттың бір босағасын тіреп тұрған. Өзі болса боксер, бір институтты орталап тастап, екіншісін дайындық курстан ерінбей бастаған нағыз інемең құдық қазушы...– деп, Махамбет гүрілдеген зор дауыспен одан әрі шұбыртып ала жөнелді.

Асан аузын аңқита ашып, жыпылықтап карап қалыпты. Басқалар арқасына ер батқан жауырдай кірзіңдеп, көздерімен жер сүзіп келеді екен.

Неден басталғанын өзі де білмейді, Махамбет әйтеуір, сол Тельманды жаны сүймейді. Көп себептердің бірі – оның бастықтың баласы болғандығы деу керек шығар. Өйткені, ол ұнатпайтын адамдардың бір тобы – үлкенді-кішілі бастықтардың балалары.

- Онда тұрған не бер екен? Бар болса әркім-ақ сөйтіп жүрер еді. Ол институтты ұнатпаған соң тастаған шығар. Сен құсап бар адам екі-үш жыл трактор айдап барып оқуға түсуі шарт па екен? – деді Гүлшәді.

- Ой, түсінігіңе болайын сенің, - деп кеңкілдей күліп алған Махамбет түсін суытып, дауысын катайта сөйледі:

- Шынымды айтсам, сол бір әке-шешенің абырой-атағына мастанған делбелерді жаным сүймейді, данышпан әкеге тартып, дана болып туған кім бар?! Керек десең ұлылардың тоқсан тоғыз проценті шаруаның құрым киізі мен диканның жер төлесінен шыққандар. «Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» дегендей олардың қай-қайдағы ұлылардың атымен аталатынын қайтерсің, өзгесі келісіп, тек сонысы ғана қалғандай. Өздерің-ақ айтыңдаршы, жоғары оқу орындарын былықтырып жүргендердің көбі сол лауазымды әкелердің осы Тельман сияқты телісі мен тентегі екені өтірік пе? Биыл оқудан қуылып, келесі жылы оқуға қайта алынып жататындар солар емегенде сені мен мен бе? Оның орнына ауылдың білім аңсаған талапты балалары оқыса, кімге пайда, кімге зиян? Біздің топтағы жиырма бес бала кешегі оқуға түсуге документ тапсырған екі жүз баладан озып шыққан жұлдегерлер емес пе еді?! Бүгін солар қалай оқып жүргенін, кімнің күшімен оқып жүргенін білмейсіңдер ме? Екінші курсқа жетпей жатып екеуінің мұрттай ұшқаны кімге абырой, соны көрмей, білмей жүрсіндер ме?..

- Махамбет, бояушы бояушы дегенге сақалыңды бояй беретін болып барасың-ау. Мен де шынымды айтайын, сен осы өзінді-өзің жек көрмейсің бе? Соны айтшы! - деді Гүлшәді табалағандай суық күлімсіреп.

- Е, тағы қандай шын сөзің қалды? – деп кекете бастады Махамбет. Сосын от шашқан қара көзін оған қадап және сөйлеп кетті:

- Өмірде жақсы адам қашан да көп, ақымақтар да аз емес. Егер, адалдықпен мойындасам, кейде өзімді-өзім жек көріп қалатыным рас. Өйткені, батыл емеспін, жалқаумын, кейде қыздарды «жақсы көріп қаламын», - деп зорлана жымыды. Бір кезде қалжыңдап «Гүлшәді, сені жақсы көремін» дегені бар еді, соны әдейі есіне алып тұр.

Бағанадан үнсіз келе жатқан Сәуле сөзге араласты:

- Махамбет, осы басқалар ұнатқан, жақсы көрген нәрсенің бәрін мінеп-сынай бергенде жұрт сені солардың бәрінен жоғары тұрған ақыл иесі деп қарайды ғой деймісің? Біздің бір мұғалім айтушы еді: «өз кісілігіңді ғана көздейтін болсаң, онда сен көребілудің шын ләззәтынан мақұрым қаласың» деп, қазымырлана беруің сені жасыңдағы адамға лайық емес.

Махамбет лықсып келген ашу толқынын зорға тежеп, күлген болды. Қиюы қашқан пейілсіз күлкіні долы ызақорлық тез тыйып тастады. Әдетте, айналасындағыларға өз сөзін дәлелді қисынымен де, өзімшіл өктемдігімен де тыңдатып үйренген адамдарда, әсіресе, беделді басшыларда өзі де байқай бермейтін дүлей өзімшілдік болады. Қарсыласын ылғи тұқыртып дағдыланған әлгі өзімшіл үйреншікті өрістен кездейсоқ қарсылыққа ұшыраса өршелене елеуреп кететін әдеті. Махамбет бүгінге дейін ешкімнен естімеген сөздерді естіп, зығырданы қайнап кетті.

- Ал, сонда - деп сыздана бастады сөзін,- ал, сонда, әлгі көребілудің яғни басқаларға жағғына білудің жолдарын айта кетпедіңдер-ау! – ол дауысын дереу өзгертіп, нықтай, шегелей сөйлеп кетті:

- Бірақ соны айтуға мәжбүрмін, Сәулешка /ол «ш» әрпін барынша тістене айтты/. Тоғышарлардың мен туралы не ойлағанымен шаруам шамалы. Көпке жаққыш көбегенің мен емес! Ешкімнің кайыр-дұғасына да зәру емеспін, маған десе Тельманды ақ киізге салып, хан көтеріңдер немесе қалағандарың тиіп алыңдар. Мен өз ойымды айттым. Бірақ, шындықтың алтын таразысы мен де

емеспін, сендер де емессіңдер. Көрерміз, кімнің кім боп шыққанын.

Сәуле мына сөздердің тегеурініне шыдамағандай жасып жылап жіберердей, көзін жыпылықтатып әрең келеді екен. Сабырхан оны қатты аяп кетті.

- Махамбет-ай, сен де бір от алсаң тоқтамай кетесің-ау. Сол сөздердің дәл осы жерде не керегі бар?

Махамбет Сабырханға түксие қарап қойды. Қатты ашудан болса керек, беті жыбыр-жыбыр ете қалды.

- Қай жерде не айту керек екенін білсең бұлай сөйлемеген болар едің. Сен шындықтың бетіне қасқайып тура қара. Көзіңді жыпылықтатпа, оған батылың бармайды екен, аяз әліңді біл, құмырысқа жолыңды біл!

- Құдай-ау осының бәрі қайдан шығып кетті, қойсаңдаршы енді, алатын біреу, тиетін біреу, бізге келер-кетері қайсы соның, - деді Пістегүл шіңкілдеп.

- Ал, онда шырықтарыңды бұзбай-ақ қояйын, мен кеттім, - деп Махамбет кілт бұрылды да, адымдай басып ұзай берді. Бағанадан қарымы кетпес қаржасудан қашып, шеттеп келе жатқан Асан оның шынымен кетіп бара жатқанына көзі жетіп, қорбаңдай жүгірді. Махамбет басын кекжиге көтеріп, тоқтамай кете барды.

- Батырыңның беті жаман, Қособада кездесуге ант еткен сияқты, - деп қайтып келді Асан.

- Ей, маған десе тескентау өтіп кетсін! Қойшы, соны, да-нышпансып килікпейтін жерге килігеді де жүреді, - деп Гүлшәді бұлқан-талқан ашуланды.

Басқалар ләм-мим деп ауыз ашқан жоқ. Сабырхан бәтеңкесінің тұмсығымен жер шұқып, тұнжырап келеді. Екі оттың ортасында қалып торғайы шырылдап тұрған жайы бар. «Не істеу керек?» Тағдырдай қатал осы сұрақ дәл қазір оның миына секунд сайын инеше қадалуда.

Театр алды ығы-жығы адам. Спектакльдің басталуына да онша көп уақыт қалмаған.

- Не тұрыс, жолдастар, жүрейік. Ә, әне, анау Тельман ғой, бізді іздеп алақтап жүрген. Ә, өзі де көрді, - деп Асан ысқырып жіберді. Ол сонадайдан арсалаңдап, сөйлеп келе жатты:

- Оу, осынша кешіккендерің қалай, тез жүрсендерші, уақыт бітті ғой! Кәне, бәрінді емтиханнан құтылуларыңмен құттықтап

жіберейін. Емтихан деген тілсіз жаудың бірі ғой. Біз түгілі қаһарлы Петріцтің өзі «дүниеде ең қорқынышты нәрсе не?» деп сұрағанда «емтихан!» деп жауап беріпті. Ха,ха!- деп күле жағалай қол қысып келіп, - иә, батыр қайда, келмеген бе?- деді қасын кере Сабырханға қарап.

- Батыр Қособада кездесерміз деп кетіп қалды. Абай бол, - деді Пістегүл кекете күліп. Сәуле оған тыжырына қарады:

- Сондай орынсыз сөз не керек?

- Бір жағдай болып келе алмады, - дей салды Сабырхан.

- Е, жөн әйтсе, киімді тезірек өткізіп, үлгірсек, аздап «шаңбасар» жасап алайық!

Олар шешініп болғанша бірінші қоңырау соғылып та қалды. Асан Тельманды былайырақ шығарып, сыбыр ете түсті:

- Ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ, Сабырхан болса да ішпейді, олар барып орын ала берсін, екеуіміз жүздетіп алсақ қайтеді, сөйтеік, бол!

Басқаларды жүргізіп жіберіп, екеуі баспалдақты қосарлай аттап, екінші қабатқа еңтіге шықты. Анталаған адамдардың арасынан Тельман жол тауып, «Портвейн 12-ні» сопаң еткізіп алып шықты да стаканға екі бөліп құйып, дем алмастан тартып-тартып жіберісті.

- Үһ, әлемнің жарығын бір көрдік-ау! Ал, кеттік. Зал қараңғыланса орын таба алмай қалармыз, - деп Асан есікке қарай қорбандай ұмтылды.

Олар келгенде спектакль басталып та кеткен екен.

\*\*\*

Олар далаға басқалардан бұрынырақ шығып алды. Ойын аяқталуға таяп қалған кез болатын. «Сапар мен Жәмиләнің тойы» үстіне Бекен ақсақал жетіп келгенде-ақ Тельман киімнің номрлерін жиып алып «Мен кеттім, шалдың айғайын жаратпаушы едім» деп шығып кетті де, барлық пальтоны құшақтап, есікке қарап, олардың шығуын күтіп тұрды. Көрермендер гу-гу етіп, күле дабырласып шыға бастады. Солардың ізінен Пістегүлдің таңқылдаған қатты күлкісі ерекше естіледі. Көзінен жасы ағып, кеудесін баса «Ой, Асан, ой, ішегім үзілер болды-ау» дейді үздігіп. Басқалар да Пістегүлше үздікпегенмен, булыға күліп келеді екен.

Асан қызарған көзін уқалап, шашы дудырап, теңселе басады. Тельман Сәулені өзі киіндіріп, жағасын түзеп берді.

- Әй, аюым-ай, театрда нең бар еді, тып-тыныш ұйқы соғып жата бермей, - деді Сәуле Асанды кекете. Мұны оята алмаспыз деп жаман қорықтық. Амал жоқ, қолына түйреуіш сұғып алуға тура келді.

Сабырхан езу тартқаны болмаса, күлген жоқ. Қабағы қарс түйіліп, әлдене мазасыз оймен әлек. Құлағынан бір сарын кетер емес. Алғаш перде ашылар алдында және ойын аяқталарда сырттан диктор оқыған Маяковскийдің құдіретті өлеңі оның жандүниесінде жаңғырыға қайталанып жатты.

Дүние көктем көркіндей шырайлы

Тазалық үшін дабыл ұрамыз,

Сақтаймыз

достық пен махаббат күшін!

Құлағында осы жолдар, көз алдында қайратты қалың шашы тікірейе бұлардан жиіркене безініп бара жатқан Махамбеттің өр тұлғасы. «Махамбеттің дабылына құлақ аспай кеттім-ау! Не достық та, не махаббат та жоқ, бұл не сандалыс?»

Сабырхан осылай өзін-өзі кінәлап келеді. Маяковскийдің өр дауысы дүрілдей лап қойған музыка әуенін баса, саңқ-саңқ етеді.

Тазалық үшін дабыл ұрамыз!

- Бәрімізден Асан олжалы болды-ау деймін, ұйқысын қандырып, - деді Тельман Гүлшәді мен Сәулені ортада қолтықгып келе жатып, - сендерді қайдам, өзіме «Бөлтірігің» ұнамады, Сапарды орынсыз кінәлайды. Махаббат мәселесі қағида қалыбына сия бермесе керек қой.

Сабырхан оған алая қарап, тыжырынды.

- Сеніңше, үйлену мәселесі соншалық оңай ма? Жаз шыға керексіз болып қала беретін қыстық киім емес қой ол!

- Кім олай деді, мен тек адамды түсіну керек, жүрекке әмір жүрмейді, махаббаттың дайын қалыбы жоқ демекпін.

- Мен ешкімді де кінәлай алмаймын. Өмірде не болмайды? Жалпы, Сапар – ақылды жігіт екен, - деді Гүлшәді.

Асан мырс етіп күліп жіберді: «Әттен, біздің Пістегүл мен Арыстан екеуін билетіп, қарап тұрар ма еді?»

Сәуле сықылықтай күліп, былай деді:

- Маған Марфуға ұнады. Мына біздің филфактың КШ-сында Асанның да бір қарындастары бар. Марфуға олардың қолына су құйып та бере алмайды, солай емес пе, Асан, ә?

- Мен соны салыстырып отырыпмын ба? – деп дүңк ете түсті Асан. Бәрі ду күлді.

Спектакль туралы талас одан әрі өрбімей қалды. Шынына келгенде бір нәрсеге таласып, дау айту үшін, ең алдымен адамда тиянақты көзқарас болуы, өзін де өзгені де иландыра алатын терең білім болу керек қой. Онсыз байсалды тартыс-талас болушы ма еді? Тельман шындап айтыса кетсең, «койшы соны, бізсіз де басын қатырып, шашын ағартып жүргендер аз емес» деп тайқып шыға келеді. Ал Асан өзі айтпақшы, «ешнәрсені салыстырып, әуре болып жатпайды».

Пістегүл мен Асан бірін-бірі қуалап, қар шашысып, ойнап кетті. Гүлшәдінің өзі келіп, Сабырханды қолтықтап алды:

- Әңгіме айтшы. Сәке, неге үндемей қалдың?

- Не айтайын, одан да өзің айтшы?

Ол артына бұрылып, қолтықтасып келе жатқан Сәуле мен Тельманға қарап қойды.

- Осы Махамбетті түсіну қиын болып барады-ау, бағанағысы несі? – деді Гүлшәді ренішін баса алмағандығын жасырмай.

Сабырхан үндемей күрсініп қойды. Жатақханаға жақындап қалыпты. Бұрыш-бұрышта екеу-екеуден оқшауланып, қабырғаға жабысып тұрған қыз-жігіттер көрінеді. Гүлшәді қолын босатып алды. Қабағын шытып, арт жаққа ол да біртүрлі қапалы көзбен қарап қойып; «Кеттік, Сәке, демалайық, бүгінге осы да жетер», - деп зорлана жымиды.

Сабырхан онымен қоштасқан соң бірден ішке кіргісі келмеді. Есік алдында арлы-берлі көп жүрді. Махамбетті көруге батылы барар емес. Ол ұйықтап жатқанда кіруді жөн көрді. Бір жағынан «Сәуле қашан келер екен, неге сонша кешігіп кетті екен», - деп өзінше әрнеге алаңдап та тұр. Біраздан кейін ішке кірді. Махамбет әлдеқашан жатып қалыпты. Стол үстінде ашулы кітаптар, қалам, блокнот шашылып жатыр. Ол шешініп жатарын жастса да, ойы онға, санасы санға бөлініп, көпке дейін ұйықтай алмады. Айналдырған жарты күннің ішінде осыншама алашапқын болады деп кім ойлаған? Ертеңнен бастап қысқы демалыс. Ауылға осы-

лай дүрдараз күймен аттанбақшы ма? Ол енді бір сәт Сәуле жайын ойлап кетті. Шет-шегі жоқ көп сұрақтар басын ауыртып жіберді. Махамбеттің кетіп қалғаны да жөн болды, әйтпесе одан ұят болар еді. Бір есептен соның айтқандарының да жөні бар-ау «Ол өткен жолы Махамбет айтқан бір сөзді есіне алды. Сәуле туралы көзқарасын сұрағанда айтып еді: «Біріншіден,- деген болатын бас бармағын бүгіп, - көкірек, паң, екіншіден: әсіреқызыл, көсреқызар, үшіншіден: қылықтарының бәрі жасанды - артист». Ауыр тиерін білсе де Махамбет бұл сөздерді оған әдейі айтқан болатын. «Көңілі суып, ойынан қайтар ма екен, бәрібір іске аспайтын құр қиял ғой, кейін өзіне қиын болар», - деп ойлаған. Бірақ Сабырхан ол сөзге тоқтай алмады. Сәулені ондайға қиғысы келмеді. Енді бүгін келіп соны ойлап жатыр.

Таяу арада тыныш ұйықтай алмайтынына көзі жеткен соң, орнынан тұрып, столға келіп отырды. Түн тыныштығын бұза қораздар шақыра бастады. Дәл төбеге келген толған ай, терезеден Махамбеттің бетіне түсіп, анық көрсетіп тұр. Ол әлденелерді былдырлап, тісін қышырлатып қояды Түсінде біреумен сөз таластырып жатқан ғой. Сабырхан одан көзін тайдырып әкетті. Стол үстіндегі ашулы жатқан кітапқа қарады. Оның жанында Махамбеттің оқыған кітаптарынан алынған үзінді сөздер жазатын блокноты мен майқаламы жатыр. «Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер» деген кітаптың «Қайта туған геометрия бөлімін» аяқтап қалыпты. Сабырхан әлденеден сескенгендей тыжырына қалды. «Аналитикалық геометрия» сабағында мұғалім ол туралы көп айтқан болатын. Евклидтің аты-шулы «Бесінші постулаты» салған ылаңдар туралы, бесінші постулат ғасырлар бойы іске аспайтын құр қиялға берушілердің текке ұрынуларын бейнелейтін белгілі сөз болып келгендігі, Н.И. Лобачевскийдің оны қалай дәлелдеп шыққан данышпандығы жөніндегі талай қызықты деректер келтірген еді.

Сабырхан өзінің махаббат хикаясын сыр етіп Махамбетке айтқанда ол бірден сол сөздерге жармаса кетіп еді. «Көңіліне келмесін, достым, сенің осы ойың дәлелденбейтін нәрсе ма деп қорқам. Евклидтің «Бесінші постулаты» сияқты дауасыз кесел болып жүрмесе не қылсын?»- деген болатын.

Ол Сәуле туралы ойласа болды, Махамбеттің осы сөздері есіне келіп, бойын үрейлі діріл билеп ала жөнелетін.



Сабырхан стол үстіндегі кішкентай қызыл блокнотты алып, терезе алдына барып оқи бастады. Блокноттың жоғарғы жағын ала үлкен әріппен «Венгер математигі Фаркаш Бояйдың баласы Янош Бояйға жазған хатынан» деп жазыпты да, астына мынадай үзінділер келтіріпті, «...Параллель сызықтар теориясын меңгеріп аламын деп, қарағым, сен де әуреге түсіп жүрме. Бұған сен өзіңнің барлық уақытыңды жұмсайсың, ал ондағы сөйлемді бәрің жиналып та дәлелдей алмайсыңдар... Бұл саңылаусыз түнек мыңдаған Ньютондық мұнараларды тұншықтырар...»

Махамбет одан әрі өзінің әсерін жазыпты. Бұрыннан сондай әдеті бар-ды. «Мына сөздерді менің мәжнүн досымның мойнына тұмар етіп тағып қойса болар еді. Бұл нағыз «азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтылдың» өзі ғой. Ақымақ тек өзіндей қуыс кеуде, ақымақ жігітті сүйеді. Данышпан болып кетсе де, кемпір жігітті сүйе алмайды. Өйткені, ол қызда сүйе білетін көңіл көзі жоқ. Ал, менің мәжнүнім Лобачевский болғысы келеді. Қайдан бола алсын? Болар еді-ау! Егер ол Лобачевскийше дәлелдеудің «қарсы ұйғарым әдісін» қолдана білсе... «

Сабырхан маңдайын алақанымен басып, терезе жақтауына сүйене берді. Тұла бойын діріл билеп, жүрегі шаншып-шаншып өтті. «Шынымен, Махамбет осылай ойлағаны ма, Сәуле соншалық ақымақ қыз ба еді. Мен ешнәрсе түсінбейтін, көрмейтін нәндан болғаным ба?.. «Қарсы ұйғарым әдісін қолданса», «кімге... қандай қарсы ұйғарым әдісі ол?...» Анталаған аш бөрі ойлар оның есін шығарды. Біраздан кейін соқыр тұман сейілгендей, басына әлдене серпінді ойлар келе бастады. Пендешілік намысы атой салып шыға келгендей. «Жоқ, «Бесінші постулаттың» бұл араға ешқандай қатысы жоқ. Болған күнде мен оны дәлелдеп шығуға тиіспін, дәлелдей аламын да!...Сәуле ондай қыз емес, ол мені түсінеді, түсінуге тиіс те».

Сабырхан көз алды буалдырланып, жүйке-жүйесі босап бара жатқанын сезді. «Сәуле ондай қыз емес, Махамбет, сен оны түсінбейсің, түсінгің де келмейді... Қатыгезсің, олай болуы мүмкін бе, қайтіп, қалайша, ол мені...»

Ол буыны сырт етіп, төсегіне әзер жетті. Көзі бақырайып, ұзақ уақытқа дейін төбеге қарап жатты.

## VII

Орта бойлы, кірпі шаш, тығыршықтай кара сұр оқытушы «саяси экономия « сабағынан «Товар және оның қасиеттері» деген тақырыпта лекция оқып тұр. Кітаптан басын көтерер емес.

-Көкең қалай жаңылмай оқиды, ә?!"- деп Асан алдындағы оқулығының бетін жолма жол сызып, күліп отыр. Сол сөзді естіп қойғандай оқытушы алая бір қарады да, пұштіған тәмпіш мұрнын быртіған алақанымен сипап қойды.

- Сен неге лекция жазбай отырсың?"- деп Асанға қадалды.

- Оқулығым бар, ағай. Сіздің айтқандарыңыздың бәрі бар, міне, -деді ол ыржия күліп.

- Көресің әлі, онда не барын? Тар көпірге барғанда кездесерміз сендей білгірлермен!

Оқытушы сәл тыныстап алып қыздарға назар аудара қарады. Сабақты өмірмен байланыстырғанның жөні сол деп екі сөзінің бірінде қыздардың айна-тарағы мен кремплин көйлектері, платформа туфлилерінің бағасы жөнінде мылжындап мезі етуші еді. Қазір де сол гөй-гөйіне басайын дегенін Сабырхан сезе қойды.

- Сендер оқиын деп жүрген жоқсындар, ойлағандарың кремплин көйлек, өкшесі бір қарыс платформа... оның қалай өнідірілетінін де, қасиетін де білмейсіндер... Мәселенки...Кремплин көйлек... товар...

Сабырхан оған құлақ та салған жоқ, терең ой тұңғығына сүңгіп, өзімен-өзі болып кетті. «Сонымен, үшінші курсқа да келіп қалдық па», - деп қояды іштей толғанып. Бәрі де кеше ғана басталған сияқты еді. Уақыт қалай зымырап өте шыққан? «Қолда өскен тайлақтың түйе болғаны білінбес» дегендей, бірге жүріп, бірге тұрған соң жолдастарың да кешегі қалпында тұрғандай көрінеді. Бір отар қойдың арасына абайсызда еніп кеткен түйедей жиырма қыздың ішіндегі үш-ақ жігіт оқшау. Қайсы аудиторияға барса да жұбын жазбай, үркердей болып бір партада, онда да арт жақта отырғаны.

Махаббет бірде: «Осы біздің қазақ әйелдері ылғи қыз туатын болып кеткен бе? Қай оқу орнына барсаң да қаптаған қызды көресің. Ал ұл балалардан ерекше қабілетті болған соң оқуға түсе алған шығар дейін десең көбі ілініп-салынып әрең жүреді» - деп күліп еді. Сол сөз есіне түсіп, қыздарға жағалай көз тастады. Бы-

лай карағанда, бәрі де әп-әдемі, томпиған, баяғы жәудір көздер. «Қайдан олай болсын?» - деп өзіне өзі күлді. Көздегі көк бояқ, сойдыған тырнақтағы қып-қызыл қына, өкшесі бір қарыс туфли мен көлкілдеген көнек шалбар, қалаға келіп қол жеткен «мәдени жаңалық» емес пе... Айтпақшы, жаңалықтың үлкені баста екен ғой. Бірінші курста Пістегүл бастаған жаңалық (кезінде оған талайы күліп еді-ау) кең қолдау тауып үлгеріпті. Сабырхан жағалай санап шықты. Он төрт қыз шашын шұңтита қырқыпты. Көбіне жарасса, жараспай кетсін. Ендігі ермек сол бес тал шашты қысқа күнде қырық бұрап бұйралау. Шаш бейшараға обал-ақ.

Кездескен сайын Сәуле де: «шашымды кесіп тастағым келіп жүр, жуып-тарау бір ақырет, қалай, шашымды кесіп, бұйралатып жүргенім жараса ма?» - деуші еді. Сонда ол заразеп болып: «Жындымысың, осындай шашты кесіп, өз көркінді өзің тонайтындай не көрінді?» - деп ұрыса ақыл айтатын.

Бұл күндері Сәуле де көп өзгеріп кетті. Қылтасына түсетін қолаң шашты да шұңтитты ақыры. Соған бұл бір шумақ өлең де жазды.

*Қырқыпсың-ау шашыңды аямай-ақ,*

*Көрген сайын тағдырын қалам аяп.*

*От кешкендей боламын жалаң аяқ,*

*Тонапсың-ау, өзіңді аямай-ақ.*

Өзіне бір жолыққанда оқып беріп еді, күрсініп: «Кесілер шаш кесіліп тынды ғой, өзім де өкінем, бөлмедегі қыздар «қысқа шаш жарасады» деген соң кескізе салып ем, оны қойшы, үміт кесілмесе болды да, мен содан қорқам», - деп еді қамыға. Бұл сөз Сабырханның есінен кетпей қойды. Сәуле шынында көп өзгеріп кетті. Қашан көрсең терең ой құшағында оқшау жүреді. Бұрынғыдай Гүлшатпен де көп араласпайтын сияқты. Жанын жегідей жеген бір пәләлі ой бары анық. Бірақ қанша қазбалап сұрағанмен ештеңе айтпайды. Өзінде де қаншама ой-арман жатыр десеңші тұншығып. Айтуға батылы бармай-ақ қойды. Махамбеттің бесінші постулаты (оны солай деп атап кетті) меңіреу-мылқау дуал болып, араларын бөліп тұрғандай. Тағы бір жағынан Сәулені аяйды. «Онсыз да көңілсіз жүргенде ренжітіп аламын ба? Маңымнан біржола бездіріп аламын ба?» - деп шошиды. Бұл жайында жан досы Махамбетпен де баяғы дұрдараз қыжылдан кейін әңгімелесе алған жоқ. «Блокнотындағы

үрейлі сөздерді айтып сала ма?» - деп іштей қорқып жүреді.

Достық шіркін бір қарағанда асқар таудай биік, болаттай берік сияқты көрінгенмен, тағы да бір жағынан шытынағыш шыныдай нәзік-ау! Абайламасаң бүлдіріп аласың. Шынайы достық басыңа іс түскенде байқалады. Ол екі жаққа бірдей сын. Қанша айтқанмен дау-дамайсыз, қыжыл-қылтыңсыз тірлік бар ма? Достар кешірімшіл, кең құрсақ болуы керек. Сабырхан достықты солай түсінеді. Махамбет те солай түсінетінін өмірдің өзі көрсеткен. Кеше кеште пәтерлерінде (олар жаңа оқу жылынан бері пәтерде тұрады) Махамбет екеу ара отырып, өткен-кеткен туралы көп әңгімелескен-ді. Баяғы «жанжал» жөнінде де сөз болды.

- Сонда мені дұрыс түсінбедің, достым. Орынсыз кінәладың. Сол арада не істерімді білмей дал болдым. Сәулені қатты аяп кеттім, - дегенде. Махамбет бірден іліп ала жөнелді:

- Білем, Сәке, білем. Бәрі де есімде. Сен сол жерде достықтың салмағы ауыр ма, махаббаттың салмағы ауыр ма дегенде бізді таразының екі басына қойып, әуреге түстің. Бауырым-ау, біле білсең, достық та, махаббат та бір нәрсе емес пе? Махаббат – қыз бен жігіт арасындағы достық та, достық ерлер арасындағы махаббат емес пе? Ол екеуінің арасында қытай қорған тұрғызуға не керегі бар еді?

Сабырхан бұл сөздерге қарсы ештеңе деп таласқан жоқ. Сондай бір екі ұдай сезім талқысына түсіп қалғаны рас...

Ол сағатына қарады. Қоңырауға әлі он бес минут бар. Алдына бүктеулі қағаз топ етіп түсті. Жазған Пістегүл екен. «Мынаның соңғы сыңарынан Асан екеуміз кетеміз. Базарға бару керек, үйді жөндеу керек. Гүлшәді қазір «ауырып» кетеді. Сендер пластинка (современный болсын) және би билейтін жігіт табындар. Әйтпесе қыздар зерігіп қалады», - деп жазыпты. Сабырхан жымиып күлді де, Махамбет пен Асанның алдына қарай сырғыта салды. Соның арасында Пістегүл де қол көтеріп: «Ағай, Терлікбаева ауырып отыр, рұқсат етіңізші!» - деп партаға етпеттей жатқан Гүлшәдіге мұная қарады.

- Е, не болды? Мақтаның хабары шыққанда талай қыз ауыра бастаушы еді. Содан сау ма өзі? - деді оқытушы күле сөйлеп.

- Жок, ағай, шыдай алмай отыр. Нанбасаңыз, көріңіз келіп, - деді ол тағы төндіре түсіп.

- Онда барсың, дәрігерге көріңсің. Қалай өзі бара ала ма, әлде біреуің бірге барасың ба? - деп қулана күлді ол. Гүлшәді қабағын қарс жауып, қинала түсіп, өңі қуқылданып, орнынан созалаңдай тұрды да, маңдайын бір қолымен ұстап есікке беттеді. Оның мына түріне қарап «шынымен ауырған екен бейшара» деп жаның ашиды. Ол есікті аша бере құдай ұрып мырс етіп күліп жіберді де, коридорға ытқи шығып тасырлата басып ұзай берді. Қыздар мұндай артистік өнерді онша жатырқамаушы еді. Сондықтан сәтке күліп тыйыла қалды.

- Апыр - ай, шығар мына тымпиған қарадан талай пәле?! - деп басын шайқап отыр Махамбет.

Қоңырау соғылды, оқытушы есіктен шығысымен Пістегүл орнынан атып тұрып, Махамбет мені деканатқа шақырып кетті дей салшы, мен кеттім. Ей аю, бол, жаныңды құдай алмайды, бір себеп айта сал. э, айтпақшы «Қан тапсыруға кетті, бір жолдасына операция жасамақшы екен» десең болды ғой. - деді де ойнақ салып шығып кетті.

Олардың сонша алашапқын болып, асығып жүргендері кешке қарай Сәуленің туған күні тойланбақшы еді. Кеше Сабырхандардың пәтеріне өзі барып ақылдасқан-ды. «Мақта теріміне алдағы дүйсенбіде жүретін көрінеміз. Соның алдында бір бас қоссақ деп едім. Көп болды бірімізді-біріміз білмей кеттік, соны өздерің бас болып өткерсеңдер, он шақты адамнан аспас келетіндер» деген болатын. Махамбет барғысы келмей, себеп айтып қисайып еді, Тельман бармайды деген сыбыс шыққан соң ғана «көрерміз, баруға тырысамын» деді. Сабырхан бұл хабарды қуана қарсы алды. әсіресе, Сәуленің көңіл көтеріп, сергігісі келгеніне қуанды. Тельманның келмейтіні де ұнап тұр. «Бүгін қалай да онымен жақсылап бір сөйлесемін. Мүмкін болса, сөздің басын ашып, бар шыным мен сырымды ақтарамын», -деп іштей бекінді. Сол ой кешелі бері оның тынышын алып, әлденені елегізе күтіп, әлденеден үрейленіп шошитын да сияқты. «үш жылға созылған махаббат шырғалаңы қалай шешілер екен, сөзді қалай бастап, қалай аяқтасам екен?» деген ой жанын жеп барады.

## VIII

Кешкі сағат онда отырыс басталып кетті. Жиын-той десе ішкен асын жерге қоятын Пістегүлдің осындайда пайдасы көп-ақ. Асанды қорбаңдатып, қосарына ала базар мен азық-түлік магазиндерін

шарлап жүріп, керекті заттың бәрін өзі тауып алады. Оңаша үй таппай қысылғанда: «Үйді мен-ақ табайын, нағашы ағайымның оңаша екі бөлме үйі бар, сұрасам бір түнге береді. Таң атқанша билеп, құмардан шықпаған соң оның несі день рождения болады» деп белсеніп шығып еді.

Ішкі бөлмесі тым тар болған соң ауыз үйге дастарқан жайып, айнала отырысты. Арзан да болса орын орнына сәнмен қойылған ішімдіктер мен көкөніс, шоколадтар мен торттар жайнап көз тартады. Ұзын ырғасы он бестей қыз-жігіт иін тіресе сығылысып отыр. Көбі Сәуленің құрбылары. Шеттен Асан ертіп келген екі жігіт пен Сәуленің көрші институтта оқитын парталас сабақтасы Женя деген ғана бар. Сәуле қақ төрде Сабырхан мен тағы бір қыздың ортасында отыр. Ол дастарқан басындағыларға сынық күлімсіреп, мөлдіреген қара көзінің астымен сыдырта қарап қояды.

Сәуленің өтініші бойынша болар, Асан кешті ашар сөзді Махамбетке беріп, былай деді:

- Ағайындар, елтірі тонның жағасы, тобымыздың ағасы, алтыннан қымбат бағасы, сөзінің жоқ аласы, өз құрбысының данасы, Өтеу жәкеңнің баласы Махамбетке сөз берсек деген ұсыныс бар, қалай қарайсыңдар?

Қысық көзі күлімдеп, кара торы өні күреніте, лепіре сөйлегеніне қарағанда алдын-ала «тастап» алған болса керек. Әйтпесе мұндай суырыла сөйлеу қайда оған? Махамбет ондай тосын сөзді күтпеген болар. «Мынау не деп оттап кетті ей», - деп күнк етті де, орнынан созалаңдай тұрып, сәл үнсіз тұрды.

Сосын:

- Не дейміз, туған күнің құтты болсын, Сәуле! Зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін! Басқа жақсылықтың бәрі өзіңе байланысты. Бақытты бол! Ол үшін бақытыңды тани біл, қорғай біл, күресе біл! Оқуыңды жақсы оқып, халқыңның қалаулысы болуыңа тілектеспін! Канеки, сол үшін алып қояйық, - деп отты қара көзі күлімдеп, рюмкасын алдымен Сәуленің рюмкасына тигізді. Қолы жетпегендер алыстан ниеттесіп, газы ойнақ салған шампан толы ыдыстарын бір-ақ көтерді. Алғашқы аяқ онша у-шусыз, салқын салтанатпен көтерілді. Тіпті кейбір қыздар рюмкасын ерніне тигізіп қана, ызднып отырды.

- Бір-екі көтерістен кейін көрермін сендердің қалай

сілтегендерінді, деп күлді Асан Пістегүлге қарап.

- Мен тарихи міндетімді өтеп болған сияқтымын, достар. Сайлау уақыты да таяп қалды. Асаба сайлап алайық осындай сау кезімізде,- деді Асан жағалай қарап.

Гу-гу талас, әзіл-қалжың айтыла бастады.

—Асабасы несі, тамада емес пе?

— Несе болса да өзі бола берсін.

—Жоқ, Сабырхан болсын, қанша айтқанмен ақын ғой.

— Махамбет болсын, мақтауын келістірді ғой.

—Сабырхан болсын дегендер қол көтерсін,- деп Асан өзі бірінші болып қос қолын көтерді.

—Түсіріндер, қарсы болған, қалыс қалған ешкім жоқ.

Толық басым дауыспен Сабырхан Толыбаев асаба болып сайланды. Кәнеки, ду қол шапалақтап жіберейік...

Одан кейін Сәуленің группаластары орталарынан шығарған ақшаға алған сый-затын табыс етті. «Майдандас достар атынан» (дайындық курста бірге оқығандарын айтады) Асан шығып, газетке оралған қомақты буманы Сәулеге ұсынды:

— Жолдастар, біздің сыйымыз анау-мынау емес, мақтана мәлімдеп, көпке көрсететін қымбат бұйым. Сондықтан Сәуленің өзі ашып көрсін.

Ду күлкі, қошемет сөздер іліп ала жөнелді. Сәуле екі беті қызара, күлімсіреп тұрып, буманы байлаған қызыл лентаны шешті. Одан кейін ораулы газеттің бірін алып, жерге қойып еді, қатарында отырған екі қыз таласа жармасып, екіге бөлді де, ашық тізелеріне жаба қойды. Газет бірінен соң бірі алынып, қолдан қолға өтіп жатты. Бағанадан шолтқан қысқа көйлектері жиырылып, қара санына жоғары шығып кетіп, тартқылап әуреленіп еді. Кейбіреулері жігіттерге қыр көрсете, аппақ сазандай сандарын әдейі көрініске қойып отырған-ды қымсынбай-ақ. Осы қыздар да қызық халық-ау, көшеде қайдағы бір ұятты жерлерде шолтита көйлек киіп жүргенінен ұялмай, осындайда өтірік қысылғансып, етектерін тартқыштай қалатыны несі екен?

Сәуле қып-қызыл ернін жымқыра тістеп, сыңғырлай күліп, газетті әлі ашып жатыр. Он тоғыз, жиырма, жиырма бір дегенде барып, оның ішінен ортан қолдай ғана қуыршақ пен баулы емізек және сүт құйылған кішкентай құты шыға келді. Шек-сілесі қата

күлген қыздарды әрең тоқтатып, Сабырхан емізiкті қолына алып, Сәуленің мойнына іліп тұрып:

- Жолдастар, Асан айтқандай, қымбат дүние екеніне көздеріңіз жеткен шығар. Дүниеде ананың ақ сүтінен қымбат не бар? Перзенттің ана алдында өмір бойы өтелмес парыз-қарызы болатыны да содан. Жиырма бір газет Сәуленің жиырма бір жылдық өмірінің бейнесі есебінде алынды. Оны тапқан Асан мен Пістегүл, -деді. – Ал, енді жолдастар, асабадан бұйрық: - Шарап құйылысн! Сәби емізiктен сүт ішеді, ал біздер, ересектер зәмзәм суынан ішеміз. Біздей болғанша қайда әлі оған,- деп Сәулеге еркелете қарап қойды. Одан әрі «таныстық көзесі» деп, «жеке тілек көзесі» деп шарап үсті-үстіне ішіле берді. Сабырхан шарабына «сарыағаштың» суын араластыра ішіп, ырымын жасап отырғанды. «Сәуленің парталас жолдасы» деп таныстырған Женя деген жігіт көзе көтеріп тұрып Сабырханға соқтықты.

- Хан ием, а, кешіресіз, асаба екен ғой. Сіз «Алға!» деп ұрандағанмен өзі окоптан шықпайтын корқақ офицер сияқты екенсіз. Өзіңіз неге ішпейсіз? Әлде бізді менсізбейсіз бе? – деді ол тілі күрмеле ыржиып. Оның бейнелі сөзіне ме, әлде мезгілсіз масаңдығына ма, қыздар ду күлді.

- Ішіп жатыр ғой, әркім шамасына, тәбетіне қарай ішсін, Женя, - деп Сәуле араға түсті. Женя одан бетер өршеленіп, «біз де көріп тұрмыз ғой, қалай ішіп жатқанын, шама дейтін не бар, дені сау жігіт адамға арақ ішу деген не тәйірі, осындай қуаныш үстінде» деді.

Бағанадан ас қамымен шеттеп жүрген Пістегүл мен Гүлшәді келіп сөзге араласты.

- Қыздар, жігіттер, қашанға дейін отыра береміз? Би билемейміз бе?

-Ура! Би билейміз.

- Аяқ ұйып кетті, ал, билейік.

- Музыка! Музыканы іске қосыңдар!

Қыздар дүр қозғалып, орындарынан тұрып кетті. Сабырхан денесін жеңіл діріл билеп, біртүрлі күйге түсті. Дүрмекпен далаға шықты. Байыз таппай қайта ішке кірді. Қыздармен оны-мұны туралы сөйлескен болды. Сөзінің де, жүріс-тұрысының да берекесі кете бастады.



Би басталып та кетті. Асан, Махамбет, Жениялар қыздармен шеңбер жасап тұра қалып, жеңіл секірме би әуенімен шырқ айналып, бүлкілдей тепсініп, қойқаң қағып жүр.

Сабырхан Сәулемен кештің қалай өтіп жатқаны туралы сөйлесіп тұр еді, қонақ қыздардың біреуі жанасалай келіп: «Неғып тұрсыңдар билемей?» деп өте шықты. Оның артынан Жения жетіп келіп:

- Асаба таксыр, өзіңіз билемегеніңізбен қоймай, той иесін де топтан бөліп әкеткеніңіз қалай?- деп Сәулені сүйрей-мүйрей ортаға алып кетті. Сабырхан не істерін білмей, сілейіп қалды. Пластинкаларды реттеген болып, аударыстырып біраз тұрды. Көзі еш нәрсе көріп тұрған жоқ. Іші де алай-түлей... Денесін суық тер басып, тізесі дірілдей бастады.

Ас үйдегі жұмысын реттеп, енді келген Гүлшәді жаңа би басталып кетіп, жұпсыз қалғандықтан: «Кеттік, Сәке, билейміз», - деп алдына тұра қалды. Сабырхан қабағын түйіп, өңі сұрлана кейін шегіне берді. Басын зорлана шайқап:

- Өзің билей бер, бар, баршы аналарға, - деп зекіп қалғанын байқамай да қалды.

- Билемесек те былай, жай жүрейікші, - деді ол киыла өтініп. Сабырхан қанталаған шүңірек көзін одан тайдырмай шаншыла қарап қалды. Құлағы шыңылдап, мең-зең күйге түсе бастағанын сезді.

- Баршы, аналарға қосылып билеші, - деді, ол. Бұл сөздерді қандай дауыспен айтқанын білген жоқ, Гүлшәді оның тарғылдана, қырылдап шыққан ызалы өңінен шошынғандай селк ете түсті де:

- Билемесең билеме, айғайламашы, айналайын!-деп кейін шегіне берді.

Кішкене бөлме іші ызы-қиқы шу мен бұрқыраған көк түтінге толды, біреуді біреу біліп болмастай.... Алас ұра жұлқынып, арыс-гүрсі ентіккен бишілерде ес қалмаған. Есік терезе жер сілкінгендей сықырлайды.

Сабырхан ілби басып, ішкі бөлмеге кіріп, есігін жауырынымен жауып, теңселе тұрып қалды. Алқымында құсалы өксік тығылып, екі иығы дір-дір етеді.

Қандай алаңғасар ақымақ, қатыгезсіндер, жастар! Кемтар жанның алдында өзінде бармен көзге ұрып, артылғың келе ме?

Әлде аңғармай сөйлеп, ауырмай өлгің келді ме?.. Неге сонша асқақтап, аспанға қарайсыңдар?!

Иә, басы ауырмағанның құдаймен ісі қанша?! «Билемейсің бе?!», «Кел билейік!», «Неге арақ ішпейсің?», «Ішпеймін дегені өтірік, назданба» - мұндай әулекі сөздерді ол осы қысқа ғұмырында қанша рет естіп, қанша рет жан азабына түсті екен? Бейтансытарды былай қойғанда өзін жете біледі дейтін жолдастары да жүз грамм ішіп алған соң төбеден ұрғандай етіп қойып қалатындарын қайтерсің. Бәрінен де жанына сол батады. Қандай сөз айтқанына көп адам есеп беріп жата ма? Аяушылық пен мүсіркеушілік жақсы-ақ қасиет. Дегенмен өмірдің аты өмір, оның өз заңы бар, былайша айтқанда. оны шексіз плюстер мен минустардан құралған деуге болады. Адам мен адам ешқашан нольдік қатынаста бола алмайды. Біреудің бойындағы кемшілігі көлденең көк аттының шүленсіген бірер ауыз сөзінен бүтінделе қала ма? Ал, соның бәрін қайырып қойып қандай жағдайда да «өкінбейтіндей қылып өмір сүру керек» дей алу үшін Николай Островский болу керек шығар. Бірақ ол екінің бірінің қолынан келе бермейді ғой.

Сабырхан солқылдап ауырған екі шекесін құрсаулап қысып диванда отыр. Басындағы қара орамандай қалың ойын шулатқан мазасыз арпалыс тынар емес. Бір сәтке мынау асыр салып билеп жүргендер арасында өзінің жоқтығы сияқты жарық дүниеде де оған орын жоқтай болып көрінеді.... «Ой түбінде жатқан сөз шер толқыса шығады» .

Сабырхан кенет өзін қунақ сезіне бастады. Шерлі жүректі қуатты ой толқыны кернеп, лекіте соқтырып, әлдене мұратқа жетелегендей болады. Арыдан лықси келген шабыт селіне шыдамағандай, көмейі бүлкілдеп, бойын нәзік діріл биледі. Дудыраған шашы маңдайына төгіле екі иығы бүлкілдеп, алдындағы қағазға төне шұқшия қалыпты.

*Дөңгеленіп билеп жүрсің, бірақ та,  
Менің тарту өрісімнен жырақта.  
Мен отырмын оңаша үйде сыр тартып,  
Бар әлемге қара тастай өкпе артып.*

*Ойлауыңша, шекарамыз — кемістік,  
Болса мейлі, оныңа да келістік.*

*Сен күн болып жарқырай бер көктегі,*

*Мені қойшы, ешкімге керегім де жоқ тегі!*

Ол осы жолдарды жазып болып, меңірейіп отырып қалды. Айтар ой, шағар мұң, өкпе-наз көп болса да одан әрі жаза алмады. «Мені қойшы, ешкімге керегім де жоқ тегі!» деген жолдар торыққан көңілдің тоспасындай көлденең тұрып қалды.

Басқалар оның бар-жоғымен жұмысы болмай, айғай-шуға басып тоқтаусыз билей берді. Әттең қатыгез тағдыр-ай, сен осылай сорлатып, шоңқитып кетпесең, ол да қыз жігіттер арасында жайраң қағып билеп жүрер еді ғой. Сәулені аш белінен қыса ұстап, от шашқан қара көзіне елжірей қарап жүріп, көкірегін кернеген ғашықтық сырын шабыттана шертер еді...

Болат серіппедей шиыршық атқан қайран жастық шақ, осылай құсалықпен, торығумен өткенің бе?..

Оның тұманданған қиял елесінің ішінен сонау қиянда қалған балалық шағының ұмытылмас бір сәті қылаң берді. Бес жасар кезі болса керек. Бір жыл төсек тартып ауырып, оң аяғы семіп, әрең бас көтергені сол еді. Ойын баласы дала тіршілігін, кішкентай достарының думанды ортасын сағынып келіп, көк майсада «жалақ» ойнап жүрген балаларға қосылып кеткен. Бірде «жалақ» мұның қолына тиіп ала қашты. Өзіндей қараборбайдың бірі өкшелеп қуып берді. Дені сау, желаяқ ақсақ, дімкес баланың адымын ашыра ма, қуып жетіп, «жалақ» ұстаған қолына жармаса кетті. Бұл бойының ұзындығын көрсетіп, қолын тік көтеріп тұрып алып еді, бұлай ала алмасына көзі жеткен ызақор бала кейін шегініп барып «ақсақ-тоқсақ, «жалағыңды» басыңа жақ», - деп тұра қашты. Сабырхан алғашында сілейіп тұрып қалды да, әлгі сөздер есіне түсіп, ызадан жарылып кете жаздады. Жан-дәрмен қуа жөнелді. Кеудесін өксік буып, жүгіріп келеді, жылап келеді. Қолына түссе, шайнап жеп қоюға бар. Ол барын салып өлермендене жүгіріп келе жатып, етпеттей құлады. Дүние шыр айналып барып, қара түнекке баты... Кемтар аяғы сау аяғына шалынысып жығылған екен. Ол ызалана өксіп жатып, туған жердің балауса көгін жұлып, топырағын тырналады. Жылай-жылай сілесі қатып, көгеріп-сазарып, ықылық атып жатқан жерінен естияр деген басқа балалар келіп тұрғызып алды. Ол балалардың бәріне, айнала төңірекке, тіршілік атаулыға жаулық, өшпенділік көзімен алая қарап түрегелді. Тұла бойы

қалтырап, тісі-тісіне тимей сақылдап ауыра бастады.. Тағы да төсек тартып жатып қалды....

...Содан бері, міне, жиырма жыл өтіпті. Жиырма жылды ақсаңдай басып, аяншақтап, қорғалай басып өткізіпті. Әлі қанша өмірі болса, сонша өтпек осы қалыппен. Иә, сонша жыл...Осы қалыппен... Өмірім ұзақ болатын болды-ау деп қайғыратын тірі пенде бар ма екен, сірә?! Жоқ емес-ау, бар... Бар ондай бейбақтар... Олардың алдында қаншама «жалақ» ойыны мен би кештері, сыбағалы шараптар мен махаббат трагедиясы табалай күтіп тұр десеңші. Сабырхан өз ойынан өзі шошына селк ете түсіп, айнала-сына алақтай қарады. Анадай жерде, есіктің кіре берісінде состия қарап Сәуле тұр екен. Көздері ұшыраса кетті.

- Саған не болған? Өңің бір түрлі болып тұр ғой,— деп қасына жетіп келді. Жаутандап қарай береді. Соның арасынша еңсесін басқан зіл батпан масыл ойлар әлдеқайда ғайып болғандай, орнынан лып етіп түрегелді де:

— Әшейін, өзімше отырамын. Қалай жақсы биледіңдер ме? Билемеген соң онда не бар деп осында отырмын...— деп Сабырхан балаша тәптіштеді.

Шіркін, ғашық жанның баладай сенгіш, кексіз жүрегі-ай десеңіші! Әзір жылап, әзір уанатын нағыз бала ғой ол. Сол бір өкініші мен өкпесі көп өткен өмірінің көлеңкелі елесі мен бүгінгі намысқа тиер о жарлықтардан кейін дәл қазір Сабырхан жүрегінде нәзік те өткір сезім сілкінісі пайда болып, тұла бойын өмірге деген құштарлықтың қуатты толқыны кернеп бара жатыр еді...

— Сен ренжімеші, Сәулеш! Мен көңілсіз емеспін, сенің қуанышыңа келіп отырып қалай көңілсіз боламын... Тек ана жақта тұра беруді қолайсыз көріп, түсінесің ғой...

— О не дегенің? Түсінем, Сәке, түсінем. Әрине, оңай емес... Жүр, зеріктің ғой отыра—отыра, далаға шығып сейілдеп қайтайық,— деп бұрыла бере стол үстіндегі таныс қолтаңбаны көріп, қадала қалды.

— Ә, бәсе, отырысың тым оғаш көрініп еді, оңашада өлеңдетіп отыр екенсің ғой,— деп күле үңілді қағазға.

— Соны оқымай-ақ қойшы, Сәулеш, жай бір шимай ғой... — деп бәйек болғанына қарамай:

— Көрмесем мейлі еді, міне, оқып та болдым, — деп Сәуле

қағазды алып қашты. Есіктің алдына таман барып, сол қолымен самай шашын ширата, әдемі қастары лып-лып етіп шұқшия қадалды. Жұп-жұқа қызыл ернін қырши тістеп алыпты. Өңі бір қуарып, бір қызара толқып тұрғандығы байқалады.

— Сәке-ау, не жазғансың? Солай деуге бола ма екен?...— деп барқыттай жұмсақ қара көзін жәудірете қарады.

— Оқымай—ақ қой, шимай шатпақ демедім бе қазір ғана?

Сабырхан беті күңіретте түтігіп, қысылып әрең тұр. Сәуле оны естімегендей өленді қайта оқып шығып, стол үстінде жатқан майқаламды қолына алды. Қабағын шытына түйіп, көзін бір сәтке жұмды. Одан қағазға тағы үңілді. Ерні жыбыр-жыбыр етеді. Сабырхан оның әр қимылын қалт жібермей бағып отыра берді. Соңғы шумақтың екінші жолындағы “келістік” сөзін қоршауға алып, тұсына “келіспеші” деп әдемілеп жазып қойды да, көзінің астымен жымия қарады. Сабырханның сезімтал жүрегі солк етіп бір бұлқынды. Бетіне қызыл арай жүгіріп, көзі шырадай жанды. Бір ғана сөз! Төрт-ақ буыннан құралған жалғыз ауыз сөз. Оның тағдырының киелі кілтін стол үстіне жарқ еткізіп тастай салғандай болды.

Ол Сәулеге күлімсірей қарады. Әлдене сөз айтуға оқталып барып, кілт тоқтай қалды. Сәуле соның арасында оның көз алдында өзгеріп бара жатты. Қыз жүгіндегі тылсым тыныштықтан еш нәрсе ұғып болмастай екен... Құдайым- ау, жаңағы шуақты көктем нұрын тұмшалай қалған қандай сиқыр?

— Сәке, біз бірімізді-біріміз жақсы түсінеміз ғой, олар уайымдай бермесенші, денсаулығыңа зиянын тигізер, — деді ол дауысын барынша жұмсартып. — Мен адамдарды түсіне алмай кеттім, Сәке. Осы Гүлшәді туралы не ойлайсың? Кейінгі кезде тым өзгеріп барады... Тельманға да түсіне алмай жүрмін, басым әбден қатты...— Сәуле өз сөзіне ерекше мән бере сөйлегендегі әдетімен иегін алақанына тіреп, бір қырындай жайғасып отырды. Сабырхан оған тесіле қарап қалыпты. Басына қайдағы бір берекесіз ойлар оралып, сөзді неден бастарын білмей дағдырды. Қабағын кинала түйіп, зорлана үн қатты.

— Не айтам? Басқалар түгілі өзімді өзім біле алмай, шақшадай басым шараді болып жүр. Гүлшәдіні жан досы сен білмегенде мен қайдан біле алам? Бір топта оқиды дегенімен қыздың сырына кім

қызығыпты? Ал, Тельманды тіпті аз білемін. Олар көкте, біз жерде жүрген жоқпыз ба?..

Сәуле оған жалт қарап, қып-қызыл болып кетті. Сыртқы бөлмеден Гүлшәді кіріп келді.

— Отырыс жайлы болсын! «Сәбиді» іздеп ел сабылсын, ал ол қаннен қаперсіз мұнда отырсын, айда, анда бар! Той несі жоқ деп, қыздар бүлініп жатыр.

Гүлшәді оның табанын жерге тигізбей, ауыз үйге шығарып жіберді. Көзі кіртііп, даусының қатты қатты шыққанына қарағанда қызып алған секілді. Сәуле шығысымен ол диванға отыра қалды да:

— Сәке, айтшы, не сөйлестіңдер сонша уақыт? Мен жөнінде не айтты Сәуле, — деді қадалып.

— Не сөйлесуші едік, әдеттегі көр-жер әнгіме-дағы... Өздерің ренжісіп қалғаннан саумысындар?

— Жоқ, әншейін сұрағаным ғой, — деп ол қызарақтап қалды. — Ештеңе де болған жоқ сияқты еді, білмеймін, кейінгі кездерде бір түрлі болып кетті ғой Сәуле. Саған сырын айтатын шығар деп ойлаушы едім, — деді күмілжіп.

Сабырхан столды тықылдатып үнсіз отырып қалды. «Не деуге болады, бұл не жасырынбақ ойын?» Оны бұл тығырықтан Пістегүл келіп құтқарды. Есіктен аяғы шалыныса, қысық көзі одан әрі жұмылып, сөйлей кірді:

— Асаба кетті бел асып, беліне белбеу жарасып...

Ол бір қолымен Гүлшәдіні, бір қолымен Сабырханды қолтықтап, тағы әлденелерді күрмеле айтып жатты. Олар Пістегүлге «жаттып, дем ал» деп еді, көндіре алмады. Қолтықтасқан күйі Сәуленің бөлмесіне кірді. Музыка бар дауысымен айғайға басып тұр. Шетелдің мән-мағынасыз даңғаза әнін біреу бақырғып-шақыртып даурыға айтып жатты. Салынып билеп жүргендер де шамалы. Екіден, үштен үйіріліп, темекі тартып, әңгімелесіп тұр екен. Махамбет көрінбейді. Асан қонақ қыздардың біреуін қолтықтап шығып кетті. Сабырхан осы студент жолдасының кейбір қылықтарына түсіне алмай басы қатады. Дайындық бөлімінде оқып жүргенде, тіпті бірінші курстың өзінде арақ түгілі сыра ішкен сөкет көрінуші еді. «7 ноябрь» мерекесіндегі бас қосуда қыздарға «Шепуши» ішкізе алмай қойып еді. Енді міне, «ішсең ақ іш, аз

болса тағы іш. Тұшымы жоқ қызыл арақ ішіп басты ауыртқаннан балдай батып, судай сіңетін ағым артық» деп жігіттермен жарыса, таласа ішетін әдет тауыпты. Темекіні бұрқыратып тұрғаны тағы анау. Есеюді осылай түсінетін есерлерге не дерсің?! «Арақ ішіп, мас болу - өз еркімен жындану» деген екен бір данышпан. Ойлап қарасаң, арақ ішкен қыз да, жігіт те ұят пен ардан аз да болса алыстай түсетін сияқты. Қанша көп ішсе, сонша алыстай береді...

Сабырхан сытылып далаға шықты. Сентябрьдің қапырық ауасы тазарып, жанға жайлы күз самалы есіп тұр екен. Үйдің бұрышында екі адам өліп-өше жабысып, аймаласуда. Одан әрірек ағаш арасында да біреулер күбір-күбір, сыбыр-сыбыр. Бұл не деген қаптап кеткен ғашықтар? Неткен арзан сүйіс? Сабырхан өзінен-өзі ұялғандай теріс айналып кетті.

Сүйіс – жүрек тебіrentкен ынтық сезімдердің еріктен тыс тасып-төгілер бір сәті, жан-дүние жаңғырығуының таңғажайып көрінісі. Аңсай сағынған ғашықтардың шөліркеп жетер кәусар бұлағы емес пе еді? Оның қадірін кетіріп, кез келген бұрыш пен аялдамаларда сиырша жаласа беруге бола ма екен?

Көп сүйістің арасына – көп алдау китұрқысы жасырынған. Ұялу мен тартыну жоқ жерде шынайы сүйіс те жоқ-ау, сірә?!

Сабырхан көшеге шығып, онаша көп жүрді. Есіне қай-қайдағы нәрселер түсіп, ұшығына шыға алмады. Әр қияға бір самғаған елгезек ой, қиял әлемін көп шарлады. Бірақ бапсыз қырандай құр далақтап қанатын талдырды. Жұлдыздар сиреп, түн аспанының сәні кете бастады. Таң да алыс емес. Шығыс көк жиек құлан иектеніп келеді. Құбыла тұс түксие қарауытып тұр. Бейне Сабырханның құбылмалы көңіл көгіндей екі ұдай кереғар көрініс екен.

#### IV

Оңтүстік алауы әлі қайта қоймаған, ыстық күні ертелі-кеш аздап шыңылтырланғанымен түске таяу қайта ысып, мақталы алқапты төстікше қақтайды. Үп еткен жел жоқ. Көкжиек мұнарта шаңғытып, бедірейіп тұр. Мақта тасыған машина, тракторлардың артынан будақтаған шаң алысқа ұзай алмай, талмаусырып барып, жер құшып жатыр. Күн түске тармасып қалған кез. Айналасы ат шаптырым мақта танабы құжынаған адамға толы. Таңертең қалың нөпір болып, бір шеттен түре тиісіп еді, ортасына жетіп,

үздік-создық шашырай жайылыпты. Әр жүйекте қапқа салынбаған мақта көпенелері жатыр. Басын орамалымен тұмшалап орап алған қыздар терлеп-тепшігеніне қарамай, ақ ұлпа мақтаны сыпылдата теріп жүр. Қозасы бңігірек өскен жүйектің арасына кіріп алып, екі - үштен әңгіме соғып отырғандар да, ауыл жаққа күн сала қарап, аңырып тұрғандар да бар.

Бұлар математика факультетінің жұмысқа келген студенттері еді. Оң жақ қанаттағы қызыл жалауы желбіреген қалың топ – физиктер. Жатын орыны қатар болған соң, өрістері де бір. Көрші екі факультет социалистік жарысқа түсіп, жанығып тұрған жайы бар. Алғашқы аптада математиктер алған жеңіс жалауын бұл аптада физиктер тартып алып ереуілдеп жүргені анау. Бұл жеңіліс Сәлім Сәменовке ауыр тиссе керек. Таңертеңгі линейкада студенттер мен оқытушылардың екі аяғын бір етікке тығып, ауыр-ауыр сөздер айтып тастады. «Жүз килограмм термеген бала жүйектен қайтпайтын болсын, оқытушы да бірге қалып нормасын орындайтын болсын»,— деп зіркілдеген болатын.

Пістегұл жарты қап мақтасын жерге атып ұрып, үстіне отыра кетті.

— Есіз қалғырдың зілдейін-ай, таразыға тартсаң қаңбақтай болып қалар еді. Жүз килоға өлсе жетер, бұл құрымағыр. Қыздар, су ішіп келейікші. Шөлдеп өліп барамын,— деді дауысы қарлығып.

— Түскі тамақтың уақыты болып қалды ғой. Біржола барайық, бір шөкім болса да қапқа түсе берсін, басқалар сияқты камқорымыз жоқ сенетін,— деді Айша деген сары қыз.

— Осы Тельманнан көрдік-ау көресіні. Әр барған сайын анағанмынаған деп екі-үш килограммды кем жазады. Өзі жақсы, көзі жақсыларға қосып жазғанда бәледей,— деп тағы бір қыз кіжініп тұр.

— Көр де тұр, осы жолы тағы сөйтетін болса, жағасынан сүйреп отырып Болатхан ағайдың алдына апарамын,— деді Пістегұл.

Олар әрнені бір айта жүріп, тағы біраз мақта теріп тастады. Гүлшәді ешкімге қосылмай, жалғыз тұр.

— Ура! Тамақ әкеле жатыр, кеттік,— деп бірнеше қыз қатарынан айғайлап жіберді. Ауыл жақтан үстінде екі-үш адамы бар жүк машинасы шаңдатып келеді екен. Жүйектің басына орналасқан жылжымалы таразыға қарай қап арқалаған қыздар ұбақ-шұбақ ағыла



бастады. Арбиган тележканың үстіндегі екі - үш жігіт өлшенген мақтаны қабымен қағып алып, бұрқырата төгіп жатыр. Үсті ба-стары шаң топырақ, жабысқан мақта. Тельман дағарадай ши қалпағын оқшырайта киіп, үш бұтты таразының имек теміріне қап ілінер- ілінбестен өлшеуіш темірді шақ еткізе сырғытып, жалаң қағып тұр. Таразының алдына келген қыздардың көзіне арбай қарап, кейбіреуіне жымия әзілдесе, кейбіреуіне дүрсе қоя беріп, зекіп ұрса жөнеледі.

– Дұрыс өлшемедің, қайта өлше, қарап тұрып екі килограмм мақтаны жоқ қылып жібердің ғой, – деп дауласа кетті бір қыз.

– Айналайын, басымды қатырма, олай дейтін болсаң, мақтаңды алмай қоямын. Теріп жатқаның «сыпырмай» емес екенін білмейсің бе? Ал, жол бер арттағыларға, бізге де тамақ керек шығар, – деп алдындағы қапты қағып жіберді. Қанша айтқанмен «бөріктінің» намысы бір ғой, қыздар шу ете қалды.

– Қайта өлше, біреуді шырылдатпа өйтіп!

– Қой, айналайын, ондай қикағынды!

– Мақта теруді ойыншық көріп тұрған ғой!

– Ағайға айту керек, тым еркінсіп кетті бұл.

Тельман кекете күліп:

– Бар, айта бер, қалтасында мақтасы болса, берер ағайың, – деді.

– Әй, өстіп дауласып тұрамыз ба? Сендер өлшетпесеңдер, жол беріңдер, – деп Гүлшәді суырылып таразы алдына келе беріп еді, Тельман лып еткізіп қабын ілмек темірге іле қойып, көз ілеспес жылдамдықпен тележканың үстіне ытқытып жіберді де:

– Он бес килограмм, – деп Гүлшәдіге көзін қысып қойды. Басқа қыздар оған алара қарап, таразы алдына жақындай бастады.

– Ә, «майдандас серік» келдің бе? – деп Пістегүлді күле қарсы алды.

– Жаным-ау, мынауың қанбақтай ғой? Бір амалын таппасаң, осы далаға түнеп шығарсың. Сәлім ағай сөзінде тұратын адам... Жә, он бір кило-ақ бола қойсыншы, – деп ыржия күлді Тельман. Ол дәптеріне еңкейе бергенде Пістегүлдің қырағы көзі Гүлшәдінің аты-жөні жазылған тұсқа түсе кетпесі бар ма? Ол бұрқ еткен ашу-ын баса алмай:

– Ей, мынауың не? Жаңа ғана он бес килограмм деп жалайырға

жар салып тұр едің ғой, соның арасынша қалайша жиырма килограмм бола қалады,- деп қадала кетті.

- Сен қыз неменеге айкайлайсың, көзің жетпеген нәрсеге? Алдыңғы жолы жазылмай қалған бес килограмм мақтасы бар болатын, соны қостым, маған қайт дейсің?

-Басқа ешкімнен қалмай, тек Гүлшәдінің мақтасы ғана қалады екен де жазылмай? Ондай екіжүзділігіңді қой, жарқыным! Махаббатыңды мақтамен өлшеме. Тым құрыса мынау көпшіліктен ұялсаңшы,- деді Пістегүл жиіркене қарап.

Тельман қап-қара болып түтігіп, теріс айналып кетті.

-Ақылың өзіңе, басымды қатырма. Тамақтан кейін қабылдаймын, кете беріңдер,- деді ол шырт түкіріп.

Қыздар оған наразы болып шу көтерді. Бірнеше қыз Болатхан ағайларына барып шағым айтып тұр еді, мына шуды естіген соң қолындағы ыдысын жерге қоя салып түрегелді.

-Әй, осы да бір оңбайтын бала болды-ау. жүрген жері шүшүрқын. Осыны таразбан қойып жүрген Сәкен де қызық адам-ау, - деп Болатхан Қоспанов ренжіп келе жатты. Өйткені, өткенде таразбандыққа Махамбетті қояйық дегенде көнбей қойған сол кісі еді.

- Қашанға дейін ол осылай білгенін істей береді?

- Күнде өстеді, ағай.

- Көзімізді бақырайтып қойып Гүлшәдіге қосып жазды ғой.

-Өлэ қыздар! Мынаны қарандар. Мынау он сегіз килоны Гүлшәді қай уақытта әкеліп өткізе қойды? Өзі жаза салған.

- Е бәсе, ол биыл неғып тергіш бола қалды деуші едік?

- Ағай соны ауыстырайықшы. Махамбет болсыншы....

- Махамбет болсын. Махамбеттің өзін қояйық.

Болатхан ағайлары оң қолын көтеріп, қыздарды тыныштандырды. Өңі сұп-сұр болып Тельманға шаншыла қарады:

- Мына жолдастарың не деп тұр? Мұндай саудагерлікті қайдан үйреніп жүрсің? Сыртың жылтырағаныңмен ішің бықсыған біреу екенсің ғой. Қой табаныңды жалтырат! Қолыңнан келетін істі істе, Қане, мақта теріп көрші. Махамбет, ей, Махамбет, мында кел,- деп дауыстады артына бұрылып.

- Ал, ана таразыны! Бірақ жөндеп істе, мынау құсап абыройсыз болып жүрме. Қыздар келесіңдер ме осыған? - деп жағалай көз

тастады. Олар қуанғанынан ду етіп, қол соға секіріп-секіріп алды.

- Ал, онда не тұрыс бар? Әкеліңдер қаптарыңды, - деді Махамбет аз үзілістен кейін, – тегінде сендерге таразышының жағуы қиын болар. Ертең менің де үстімнен арыз айтып жүрмесеңдер болды ғой.

- Анау құсап бұра тартсаң, әрине, тоңқалаң асырамыз! - деді бірнеше қыз көңілдене күліп.

Түскі тамақтан кейін Тельман Гүлшәдінің жүйегіне келіп, мақта терді. «Кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деген бар ғой, не көрсек бірге көрейік, - деп әзілдеген болады. Әп-сәтте терлеп-тепшіп, түтігіп кетіпті. Мақтаны шөп-шаламымен сыпыра жинап, әр жерге шокитып үйіп барады. Белі шодырайып ораң-оран ебедейсіз қимылдайды екен.

-Бүгін жүзден асыра алмасам, әлгілер табалайды-ау!- деп Гүлшәді мұңая күбірледі.

- Қорықпа, неден қорқасың мен тұрғанда,- деп Тельман мақтадан басын көтерді. – Мыналарды апарып өткізе бер! Маған келер пәле жоқ.Сәлім көкеме құдай қуат берсін де. Сен демесем әлде қашан бараққа кетіп қалар едім.

-Қой, мен үшін сөз естігенің де жетер! Сені ұятқа қалдырдым-ау! Кешір,- деді Гүлшәді мүләйімсіп .

- Пәлі, сол да сөзбе екен? - Тельман қарқылдай күлді.- Жаным-ау, мен сен үшін неге де болса дайынмын деп текке айтты ғой деймісің... Әлі сенгің келмейді, ә? Сенесің, сендіремін. Тельман сөзінде тұратын адам!..

Гүлшәт сыңқ-сыңқ күлді.Көзіне түскен кекіл шашын наздана сілкіп:

- Мұндай сөздің талайын естігенбіз, бәлкім, сен де талай қызға айтқан боларсың оны... Айтпадым депші, кәнекей,- деді қадала қарап.

Тельман оған арбай қарады:

- Айтсақ бір кезде айтқан шығармыз... Онда тұрған не бар екен? Біреумен жүрмек түгілі, он жыл отасқан ерлі-зайыптылар да айырылысып кетіп жатпай ма?

- Жә, жетер. Қайтер екен деп әзілдесем, шындап барасың ғой. Маған сенің осындай ашық мінезің ұнайды.

- Сенің де сондай мінезің үшін жақсы көремін ғой.

Анау философың (Сәулені айтады) құсап, ішімдегіні тап деп тымырайғандарды жаным сүймейді,- деді Тельман маңғазсып.

- Адамды түсіну қиын болып кетті ғой. Пістегүлге не жоқ деймін-ау. Ақ жүрек болу оның не теңі? Сәуле анау, сыздап жарылып кетейін деп жүрген... Махамбеттің ғой болса да атарға оғы жоқ... Кейде ойлаймын, солардың бізде не жұмысы бар?

Батыс жақ алаулап, күн ұясына ене бастады. Терімшілер топ-топ болып, қайтуға бет алды. Тельман Гүлшәді ашып тұрған қаптың аузына үйілген көпенелерді шөп-шалам, кесек-месегімен тыққыштап, нығарлай салып жатыр. Қаптын дәл ортасына шыныдай екі кесек топырақты тыға салып, көзін қысып қойды:

- Махамбеттің аузын өстіп аңқиту керек.

- Ойбай, біліп қойса, тағы пәлеге қаламын ғой.

-Түк те пәле жоқ одан келер. Мақта тиеуші жігіттер үндемесе болды. Махамбетке ақ сайтаны айта ма? Үстіне былай, ақ алтынның өзін саламыз. Әй, Гүлеке-ай,өмір сүре білу керек қой,- деді ол қаптың ауыз жағына ақ мақтаны себезгілеп жауып жатып.

Бас арықты бойлай баракқа қарай шұбырған студенттер ойнап-күліп, әндете думандағып бара жатыр. Олардың мына түріне қарап, ешкім де жүз-жүз елу килограмм мақта теріп қайтқан адам деп айта алмастай екен.

Шіркін, жастық жалын-ай десеңші. Студенттік орта сол жалынның нағыз алаулы мәртеңі ғой. Олардың осынау күш-жігерге толы өршіл тұлғалары, жарасымды әзіл-қалжыңдары, уайым-қайғысыз шат күлкілері, шырадай жанған өміріне құштар көздері өзінше бір әлем емес пе? Кешкі ауылдың абыр-сабыр тіршілігін одан әрі жандандыра түскендей. Өрістен қайтқан қой мен сиыр табыны азан-қазан шандатып, алдынан шыққан шал-шауқан, бала-шағаны кие-жара жөңкіліп барады.Асхана мұржалары да түтінге қакалып-шашалып, будақтап жатқанына қарағанда Асан жалқау отты кеш жағып, шайын қайната алмай жүрген болуы керек.

Барақтың алдын айнадай етіп тазалап, су сеуіп, тас қырмандай жайнатып қойыпты. Жұмыстан қайтқан студенттер көңілдене секіріп, қабырғаға ілінген құрмет тақталарына, «Найзағайға» бір-бір қарап өтіседі.

Асан бет-аузы май-күйелеш болып, буы бұрқыраған титандағы шайды термосқа аударып жатыр екен. Махамбетті сонадайдан көріп қалып, айғай салды:

- Бері тарт, бері, бастық бола салып, ескі достарды ұмытуға айналғансың ба, немене?- Ол ыржия күліп, күректей қолын ұсынды.- Жаңа лауазымыңмен! Ол итке сол керек еді... Болатхан ағай дұрыс істеген.

- Осы уақытқа дейін екі титанды қайната алмай не кара басты? Кочегарлықтан айырылып қалып жүрме бір күні?

- Бәрі де сол қыздардың қамы ғой. «Билейтін жерді тазалап қоймасаң, төбеңді оямыз» деп Пістегүл қорқытқан соң уақытымның бәрін есіктің алдын тазалауға жібердім. Ал, әйтсе, кейін сөйлесерміз. Бір жаққа кетіп қалма. «Битеміз» деп кеңірдегің шертіп қалды да, титанына қайта жармасты. Махамбеттің екі-үш қадам аттағаны сол еді:

- Тоқтай тұр, құдай ұрып, ұмытып барады екенмін. Сабырханнан хат келген. Ол қалтасынан қап-кара болып, ыс жұкқан ашулы конвертті алып берді.

- Байғұсың егіліп жазыпты. «Әбден зеріктім, сендерді сағындым» депті. «Дәрігерлер мақұл көрсе, бірнеше күнге барып қайтамын, Сәулелерге көп-көп сәлем айтыңдар. Хат жазсын», - депті.

Махамбет хатты жүре оқып бара жатып «Мақтаның мәліметін берген соң келемін. Оған дейін жұмысыңды ыңғайлай бер» деп көзін қысып қойды.

Жуынып-таранып, бір киерлерін ауыстырып киіп алған қыздар күндегі әдеттері бойынша тамақты ішісімен есік алдына жинала бастады. Радио «Дос-Мұқасан ансамблінің «Той жырын» шырқай жөнелді. Пістегүл бастаған қыздар тобы дөңгелене тұра қалып, апыр-топыр секіре биге түсті де кетті. Бос, қысқа шаштар желкілдей беттерін жауып, қарбалас жанталас басталды. Олардың арасына бірден түсе кетуге бата алмай, көздерімен ішіп-жеп, сырттай ойқастап ауыл жігіттері жүр. Бұл топқа май-май костюм-шалбарын ауыстырмай-ақ Асан келіп қосылды.

-Кел, аюым, жеттің бе қорбандап. Күнде осылай тазалап қоятын бол, әйтпесе, Тельманшылатымыз, - деп Пістегүл оның алдынан қырындай билеп, күле сөйлеп шыға келді. Екеуі би қызығымен болып кетіп, Сәулелердің келгенін байқамапты. Ол келгелі бірталай уақыт болған еді. Тельманды іздеп таба алмады. Біреулер Гүлшәді екеуі жұмыс басынан әлі келген жоқ болуы керек» дескен соң,

Пістегүлді көріп, бұрылғаны осы болатын.

- Сәуле, қашан келдің? Неге билемей тұрсың, халің қалай? Неге сонша жүдеусің, сырқаттанып жүргеннен саусың ба?

Пістегүл келе бастырмалатып ала жөнелді.

- Өз халдарың қалай? Қарыс жерде жүріп бір бармайсыңдар? Гүлшәді қайда? Асаннан басқа жігіттерің көрінбейді ғой?- деді ол төңірекке жалтақтай қарап тұрып. Пістегүл немкеттілеу үнмен:

- Кім біледі, жүрген шығар бір жерде, - дей салды.

Олардың қасына Асан келді. Аман-саулықтан соң Сабырханның сәлемін жеткізді

-Неге хат жазбайсыңдар, ауырып жатқан адамның көңіліне қарау керек емес пе,-деп өкпе айтты.

- Маған да бір хат келген. Жазамыз ғой, - деді Сәуле селсоқ қана. Әнгіме одан әрі өрбімей қалды. «Билейік» деп қанша қиылса да Сәуле көнбеді, - рахмет, қайтайын. Шаршап тұрмын, халдарыңды білейін деп келіп едім, - деп шеттей берді. «Тельманды көрсең айта салшы, маған жолығып кетсін», - деді былай шыққан соң Пістегүлге.

## X

Мақта терімінің қызу да қарбалас шағы өтіп кетті. Совхоз бен аудан жоспарын артығымен орындап қойғандықтан бастықтардың да қабақтары ашылып, көңілі тыншып қалған. Оқытушылар да бұрынғыдай таң бозынан есік қағып, дігірлеп тұрмайтын болды. Студенттердің қашан қайтатындығы жөнінде де сан түрлі жорамалдар, көкесі-жәкесінен естіген «сенімді» хабарлар тарай бастады. Жергілікті басшылар мен мектеп мұғалімдерінің ағайларын қонаққа шақыруының жиілеп кетуі де жақсылықтың нышаны.

Асан кеше кеште төрт-бес жігіт болып, бір шелек мүсәлласты ұрып алып, алаңсыз ұйқы соғып жатқан блатын. Әлдене дыбыстан шошып оянды. Басы быт-шыт болып, сынып бара жатқандай ауырады, дәл төбесінен төне қарап Сәлім Семенов тұр. Зәресі зәр түбіне кетіп, апыл-ғұпыл тұра бастады.

- Әй, маубас, шай қайда, шай қашан қайнайды енді? Дәл бір әкең төрінде жатқандай шалжиып жатырсын ғой, - деді зіркілдеп.

Асан киімінің бірін оң, бірін теріс кие салып, үн-түн жоқ далаға зыта жөнелді. Қасындағы серігі кеше «филология факультетіндегі

жүретін қызыма барайын» деп сұранған соң ішіп отырып «бара бер, Асанның екі титан шәйге шамасы келмей ме?» деп кеудесін ұрған еді. Қырсық бір айналдырса шыр айналдыратыны бар ғой. Бөшкедегі солярканың да таусылып қалғанын енді біліп, көзі шарасынан шығып кете жаздады. Енді не істеу керек? Қазандағы судың астына от жаққаннан басқа лаж жоқ. Бастың зырқылдап ауырғанына да қарамай, отын бұтай бастады. Шық түсіп, дымданып қалған ағашы түскір де тез тұтана қоймай, діңкелетті. Жүгіріп отырып, бараққа кірді. Бөлмедегі шашылған газеттерді жинап жүріп, ойына бір нәрсе түсе қалып қуанып кетті. Жалмажан жігіттердің аяқ жағында топырлап жатқан керзі етіктердің бірнешеуін ала салып жүгіре жөнелді. Алдымен қағаздарды жағып, кебу жаңқаларды тұтандырды да, лау еткен отқа етіктің бірін басынан ұстап, қонышын жақындатты. Құдай көзінді ашқыр, керзі етік, дуылдап жана жөнелді. Қонырсы иісіне де қарамай қалған етіктерді де отқа тастап-тастап жіберді. От енді маздап жана бастады. Ол тапқырлығына мәз бола жымыып, мұртынан күлді. Орта мектепте оқып жүргенде біреуден естіп, қызық көріп күресінде жатқан бір етікті әдейі жағып көріп еді, енді міне, сол тәжірибесі іске асты.

Радио бар дауысымен сарнап қоя берді. Студенттер көздерін уқалап, далаға шыға бастады.

- Біздің үйге ұры түсіп, барлық аяқ киімдерді сыпырып кетіпті, - деп екі-үш жігіт жалаң аяқ безектеп жүр. Асан қазанның астына карап отырып, мырс-мырс күледі. Етіктердің шегесінен басқа елесі де қалмай жанып үлгірді. Ол қанша жанталасқанымен шайды күндегі уақытында қайната алмай деканнан тағы сөз естіді.

Студенттер шайын ішіп жиналғанша күн көтеріліп қалса да Сәлім Сәменов бәрін линейкаға тұрғызды. Өйткені бүгінгі линейкада айтылар сөздің салмағы бөлекше еді. Кеше кешке Болатхан Қоспанов пен комсорг Махамбет келіп, өздері басқаратын топтағы комсомол мүшелерінің факультет пен институт комсомолдарына үндеуін жеткізген-ді. Сол туралы барлық студенттерге осы линейкада айту керек деп келіскен болатын. Көпшілік қолдаса, қаулы шығартпақ.

Линейканың дәстүрлі тәртібі бойынша өткен күннің қорытындысында мақтаны ең көп терген бір студент жарыс жала-

уын көтерген соң жалқаулардың аты аталды. Отыз килодан төмен тергендер қатарында шляпасын көзіне түсіре киіп, нығы құнысып Тельман да ортаға шықты. Ыржаң-ыржаң күле береді. Қыздардың кейбіреуі мазактап, шапалак соғып күліп жатты.

Декан ендігі сөзді Махамбетке берді. Ол ортаға шығып, тамағын кенеп алып, сөзін бастады:

- Жолдастар! Кеше біздің жүз он бірінші топ комсомолдарының бас қосуы болған еді. Сонда қаралған мәселелерді сіздерге жеткізу маған тапсырылған-ды. Ол айналасына шола бір қарап алды, - бәріңізге мәлім, біз осылайша бейбіт еңбекпен айналысып күліп-ойнап жүргенімізде вьетнамдық бауырларымыз толарсақтан қан кешіп, Америка империализміне қарсы қиян-кескі ұрыс салып жатыр. Бейкүнә сәбилер мен аяулы аналар қырылып, соғыс ауыртпалығын тартып жатыр. Дүниедегі барлық ақ ниетті адамзат қаһарман халықтың әділетті күресін барлық жағынан қолдап, қуаттауда. Оны күнде естіп-біліп жүрсіздер. Біз сол игі істерді сырттай тамашалап отыра береміз бе, әлде қолымыздан келген көмегімізді көрсетуіміз керек пе?!

Тельмандардың төңірегінен күбір-күбір сөз, қылжақ күлкілер естіле бастады.

- Сонда не істе дейсің? Барып соғысу керек пе?

- Күнде естіп жүрген сөз ғой. Оны қайт дейді?

- Тыңдаңыздар, жолдастар! Мен бір ешкім естімеген керемет сөз айтамын деп шыққамын жоқ мұнда. Біздің комсомолдар осы соңғы онкүндіктің еңбекақысынан екі сомнан ақша жинап, «Вьетнамға көмек қорына» қосуға қарарласты. «Көп түкірсе – көл», шынына келгенде, мәселе ақшаның көп-аздығында емес. Осынау киыр шеттегі Қазақстанның оңтүстігінен дүниенің екінші бір шетіндегі қаһарман халыққа білдірген ниетіміз бен жүрек сәлеміміздің өзі неге тұрады? Жолдастар, бәрілеріңіз де біздің осы бастамамызды қолдап, қуаттайтындарыңызға сенеміз. Ол сөзін аяқтап артқа қарай шегініп тұрды.

Студенттер ду қол шапалақтап жіберді. Қыздар жағы оған қызыға, риза бола, дуылдасып тұр.

- Дұрыс, қосыламыз!

- Вьетнамдық бауырларымыздан қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз.



Сәлім Семенов ду-дуды басып, жақсы бастма көтергені үшін Болатхан ағайға, топ комсомолдарына және Махамбеттің өзіне алғыс айтты. Барлық студенттерге де ризалығын білдіріп, «ал, әйтсе, жұмысқа тарта беріңіздер, жолдарың болсын!» - деді.

Қалың топ ду қозғалып, макта алқабына қарай әндетіп жөнеле берді. Жас өмірдің өр де өжет тасқыны жөнкіліп бара жатқандай.

## XI

Студенттер макта терімінен қайтып келген кезде Сабырхан ауруханадан әлі шықпаған болатын. «Сабакқа қатыса жүріп емделейін» дегеніне де қарамай, дәрігерлер тағы бір ай жатып емделуге қосты. Ол аяғының ұзаққа созылған сырқырамасына байланысты дәрігерлердің «тұрақты есебінде» тұратын. Мезгіл-мезгіл келіп емделіп тұруға міндетті еді. Өткен жылдардағы сияқты бұл реткі макта теріміне де жібермей, алып қалғаны да сол болатын. Болатхан ағайы келіп, дәрігерлермен келіспегенде ұстаздық тәжірибеден да қалып қоюы кәдік еді.

Сабырханның ауруханаға жатып емделіп жүргені бір бұл ғана емес қой. Солай болса да дәл осы екі айдағыдай ауыр азапты ол бұрын-соңды бастан кешірмеген болар. Алып-жұлып бара жатқан кесел де жоқ. Күндіз естен, түнде түстен шықпайтын мазасыз ой-қиял жанын жегідей жеп, қатты жүдеп кетті. Айналдырған жиырма үш жылдық өмірімнің қайталап еске алмаған бір сәті де қалмаған болар?.. Әсіресе, кейінгі екі-үш жыл төңірегін арқандаулы аттай шиырылады. Енді ойлап қараса, ол үш жылды күнгей мен теріскейдің ортасындағы қараңғы, суық аңғарда қалтырап өткізген сияқты екен. Соның бәріне кім кінәлі? Сәуле, тек қана сол кінәлі. Бәрінен де жазған хаттарын жауапсыз қалдырғанымен қоймай, макта терімінен келгеннен кейін де басқалармен бірге төбесін бір көрсетіп, жоқ болып кеткені жанына батты.

Ол бұл білетін Сәулеге бүтіндей ұқсамай барады. Күннен күнге Махамбет берген мінездеменің шындығын дәлелдегісі келгендей. Сонда не істеу керек? Әлде ол науқастанып жүр ме екен? Өңі тым жүдеу, жүзі сынық, көзінде көлеңкелі мұң бар сияқты болып көрінеді. Әлде, бір бақытсыздыққа тап болды ма екен?.. Өттең, келмейді-ау, бәрін анықтап білер еді, ақылын айтар еді.

Махамбет пен Асан келген сайын әрнені сылтауратып Сәуле

жайын сұраса да мардымды еш нәрсе ести алмай дал болаы. Кейінгі бір жалғыз келгенінде Махамбетпен онаша, ұзақ сөйлесті. Аурухананың сырт жағындағы шағын бақты аралап жүріп, өзінің іш өртеген дауасыз махаббаты туралы оның не айтарын сезе-біле тұрса да тағы айтып: «Мұның ақыры немен тынар екен, менің шыдамым әбден таусылды. Ол неге бұлай өзгеріп кетті. Сен не білесің? Жұмбақтамай айтшы!» - деп дегбірсіздене жауап күтіп тұрды. Махамбет баяғы «Бесінші постулат» туралы ойларын айтып қалар ма екен деп іштей қалтырап та тұрды. Бірақ ол сөзді алыстан орағыта, тұспалдап бастады:

- Қыз дегенді түсіну қиын, достым. Олардың ішкі дүниесі тайга орманынан да шытырман, қараңғы. Өзің ойлашы, жігіт алдында, әсіресе, оны жете білмейтін сырттай ғашық жігіт алдында қайсы қыз қылымсымай, тәкәппар, жұмбақ көрінбей тұрушы еді? Қолын жетер-жетпес болып тұрған сәттерде қыз ғажайып сұлу да сүйкімді. Сенің көзіңе оғаш көрінер ешбір қылығы да байқалмайды. Керек десең, сені тәлкек қылып жәбірлеген кесір-кердендігі де жарасымды наздай әсер етуі мүмкін. Қыз торға түсіп, томаға кигенше, қашан да солай шалқақтай бермек. Бұл мен алып отырған жаңалық емес, әрине. Сол аралықта қыз сенің шыбын жаныңның дәл өзіне айналып қалғанын да сезінесің. Қыздан айрылсаң жарық дүниемен біржола қоштасатындай үрейлі азапқа түсесің. Көп жағдайда бұл безгектің нағыз асқынған ұстамасына ұқсайды да, ұстама тарқап, жаның терезе тауып, бара-бара тәнің өз қалпына келетіні сияқты бір аламан-тасыр, өтпелі кезең кешесің. Бір мезгіл өткен соң өзіне өзің «Апыр-ау, мен бір кездерде сол қызға шынымен ғашық болып, өле жаздадым ба екен? Оның қай көркі, қайсы қылығы ұнап кетті екен? Елден ұят-ай!» деп қынжыла сұрақ қоюың мүмкін. Ол үшін уақыт керек, достым. Уақыт ұмыттырмайтын ешқандай қайғы-қасірет те өкпе-нала да жоқ. Уақыт бәріне төреші. Ол әшкерелемей жасырып қалатын құпия да жоқ... Кім біледі, күндердің күнінде әлгі пір тұтып жүрген сұлуыңның (сені айтып отырғаным жоқ қой) сен ғашықтықтан өле жаздап «аһ» ұрып жүргенде, түкке тұрғысыз бір қуыс кеуденің есігі мен жүрер жолын торуылдап, ақымақтықпен сенделіп жүруі де мүмкін ғой. Данышпан Бальзак айтқандай, «Іштен туа соқырларды туғызатын табиғат махаббат жөнінен де туа меңіреу, туа соқыр, туа мылқау әйелдерді де туғыза алады».

Махамбеттің бұл сөздері оны мақтамен бауыздағандай қинады. Оның блокнотындағы «Бесінші постулат» туралы ойлары мынаның қасында түк болмай қалды. Ол осының бәрін қайда жүріп біліп алады екен. Дос жылатып айтатыны талассыз шындық, сонда мен не істеуім керек? Шынымен-ақ еш нәрсе көре де, сезе де білмейтін топас болғаным ба?

Ол бұл туралы бұрынғыдан екі есе көп ойлайтын болды. Сәулеге қатысты бүкіл естеліктерін қайта екшеп, сарапқа салып көрді. Жүрек құрғыр оның ешбір мінезін жамандыққа қия алмай безек қағады. Махамбет айтқандай, күндердің күнін де мұның да «Ұят-ай», осының қай қылығы ұнап кетті екен?» деп айтуы мүлдем мүмкін емес сияқты. Мейлі, ол мұны сүймей кетсе де бұл ондайға бара алмайды. Өз жүрегіне өзі қанжар сұғуы мүмкін бе? Тым болмаса махаббатын елеске айналдырып, соны мәңгілік жолдас етер.

Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да! - ..деп, күңірене жырлап өтеді өмірден. Оның есіне Асан айтқан суық бір сөз түсе қалды. «Сәуле мен Тельман жүреді екен, жоқ Тельман оның сыртынан малданып жүр екен...» Сабырхан бұл сөздерді бос сандыраққа жорыды. Сәуленің оны жақсы көруі мүмкін емес, қыздардың шығарып жүрген өсегі болар...

Ауруханадан шыққаннан кейінгі бір апта тәжірибенің дайындық жұмыстарымен қарбалас өтті. Екі айлық өмірінің шымшытырық елесі быт-шыт болып, қайнаған тіршілік қазанына күмпете түскендей болды. Қалт еткен аралықта Сәуленің бөлмесіне барып асықпай шай іше отырып, өткен-кеткен туралы әңгімелесіп көңілін демдеп қайтты. Тельманды да сонда көрді. Есікті киыс ашып, Гүлшәдіні шақырғанда көзі түсіп қалды да, амалсыз ішке кірді. Ұялғандікі болар (ауруханаға көңілін сұрай бармаған еді) бетінен оты шыға қызарып кетті. Әлдене себептерді айтып, кешірім сұраған болды. Ренішін айтуға оқталып барып, Сабырхан өзін тоқтатты. Несі бар? Тельман оның қай бір қимасы еді?

Оны ғажаптандырған нәрсе, Сәуленің жүзінде жұмбақ, құбылмалы өзгерістер болды. Тельман есікті саусағымен шерте қаққанда ол орнынан ұшып тұрып, Гүлшәдіге жалт қарады да, қып қызыл болып, ұялып отыра қалды. Көзі жалт-жұлт етіп, әлдене сезіммен шиыршық атып отырғандай. Өңі бір қызарып,

бір қуарды. Сабырхан байқап қалды. Саусақтары дірілдеп, ерні жымырыла береді. Тельман «асығыс жұмысым бар еді»,-деп шығып кеткен соң, көп өтпей «әзір келемін» деп Гүлшәді де сып етіп коридорға шығып кетті. Сол кезде Сәуле бір жері ауырғандай қабағын шытынып, кәзін қинала жұмып сілейіп отырып қалды. Сабырхан еш нәрсе түсінбей дал болды. «Бәлкім, ауырып жүрген болар» деп өзін-өзі алдарқатты да, «бір жерің ауырып отыр ма, өңің бір түрлі болып кетті ғой? Үйге камалып отыра бергенше, таза ауаға шықсаң болмай ма? Жүр, кино көріп қайтайық!» - деп бәйек болды.

Ыңғайы келсе жүректің тәуекел түйінін шешіп көру де ойда бар еді. Оның жөні болмады. «Ауырып жүрмін, еш нәрсеге зауқым жоқ, өзін бара бер», - деп шығарып салды Сәуле.

Ол бұл сөзге ренжіген жоқ. Ауырса ауырып жүрген болар. Аурудың не екенін өзі жақсы біледі ғой.

Содан бері де бірнеше күн өтіп кетті. Алғашқы сабағы мақталып, көңілі көтеріліп қайтқан соң, үйде отыра алмай, Махамбетті қояр да қоймай ертіп алып, Сәулені киноға шақыра келгенде тағы да шағылып, ренжіп қайтты. Өзін түсінеді-ау деген Махамбеттің сөзі анау. «Сол қызды әлдеқандай қылып есіртпей-ақ бармау керек еді?.. Әттең оған бармай қоюға құдіреті жетсе, әлдеқашан-ақ ат кекілін кесер еді ғой?! Тағдыр оны еркінен айырып, сол қызға пенде қылып қойса не істей аласың!»

Міне, жаңа жыл да келіп қалды. Болатхан ағайдың тапсыруы бойынша ол өзі жетекшілік ететін 8 «а» класымен бірге болып, балмаскарадқа қатысты. Бірінші январь күні күндіз Сәулені іздеп таппады. Екінші январь күні кешке дейін пәтерінде қара домбырасын айналдырып алданыш етті. Ақыры ол да жұбаныш бола алмай, көшеге шықты. Беталысы - жатақхана. Көңіл құрғыр алып-ұшып, бір тәуекелге сүйреп келеді. «Егер бөлмесінде оңаша отырса, қайтсем де ашық сөйлесемін, бәрі-бәрін жасырмай айтамын. Сөйтіп, құдай құтқарса, үш жылға созылған азаптан құтыламын. Махамбетті қателестіре көр, жасаған. Оның пәлелі «Бесінші постулатын» дәлелдеп шыға алсам, қандай ғажап болар еді. Сәуле, жаным, ол саған байланысты. Өзіңді де, мені де жаман аттан құтқарар құдірет тек сенің қолыңда...»

Ол осы сөздерді тәңірге мінажат еткен діндардай жалбарына

қайталап, жатақхананың екінші қабатына көтерілді. Коридор тып-тыныш. Ол жүрегінің дүрсілін анық есітіп келеді. Басына ыстық қан шапшып, денесін діріл биледі. «Қалай болар екен? Сөзді неден бастағаным қолайлы? Шіркін-ай, ол не деп жауап берер екен десейші?» Бөлме алдында сәл тұрып барып есікті батылсыздау қақты. Басы бірікпей қалғыраған саусақтар есікке шерте соғылды. Бөлме ішінен: «Кір, кіре берсейші», - деген сүйкімді, назды дауыс естілді. Ол есікті ашып кіріп келгенде, Сәуле дудыраған шашын қолы-қолына тимей тарап жатыр екен. Сабырханды көріп, сілейіп тұрып қалды. Соның арасынша өңі сұп-сұр болып кетті. Үй ішінде киетін солеңдеген шұбар көйлек те оны бір түрлі ебедейсіз етіп жіберген.

- Ә, Сабырханбысың, кел, кел. Мен Тельман екен деп қалсамшы. Оның солай есікті шерте қағатыны болушы еді, - деді дауысы дірілдей, толқи сөйлеп.

- Иә, мен байқамай солай қақсам керек... Халің қалай? - Ол төрге қарай жоғарылап келе жатып, стол үстінде түтіндеп жатқан сіріңкеге сүйеулі сигаретті көрді.

- Сәуле-ау, мынауың жаңалық қой... Қашаннан бері?.. - деп зорлана жымиды.

Сәуле оның қарсы алдына келіп өз төсегіне отырды. Жүзінде тіршілік белгісі жоқ дерлік, сілейген бір жан. Қос жанар қолдан салған әйнек көздей қимылсыз. «Арада шөміш кепкендей де уақыт өтпей жатып бұл нендей сырлы өзгеріс?» деп, Сабырхан таңтамаша күйге түсті.

- Саған не болған, Сәуле? Неге сонша көңілсізсің? Бірдеңе болғаннан сау ма өзі?

- Сәке-ау.. Мен қандай күйге тап болдым, осымен бәрі біткені ме? Айтшы, ағатай, менің не істеуім керек?.. Ол бұл сөздерді бөліп-бөліп, дауысы дірілдеп, әзер айтты да, бетін басып еңіреп жылап жіберді.

« О құдірет! Мынау арманы алдап, маңдайын тас дуалға ұрған бейбақтың кенересінен асып төгілген қасірет жасы болмаса не қылсын?..» Ол біразға дейін не істерін білмей алақтап, абдырап қалды. Сәуле саусағының арасынан сорғалай аққан жасын сүртпестен солқылдап әлі жылап отыр. Сабырханның өзі де қосыла жылардай жүйкесі босап бара жатқанын сезді. Орнынан

қалбалақтай түрегелді. Оны не деп уатарын да, қалай демерін де білмей, берекесі кетті. Біресе шашын, біресе мойны мен арқасынан сипап:

- Сәуле, бала болып кеттің бе? Мұның не, қойшы, жыламашы, - деп бәйек болды.

Бұл сөздер оған тоқтау салудың орнына одан әрі егілтті. Екі иығы дірілдеп, Сабырханның бауырына бір уыс болып кіре түсті. Әлденелерді айтуға оқталса да, өксік буып, ықылық ата берді. Дегенмен, көз жасының да шегі бар ғой. Әуелгі жұбаныш жасын тыйып, тілге келу, сосын ел қатарлы тіршілік күйбеңіне кірісу керек болар. Әсіресе, әйел заты үшін көз жасының орны бөлек-ау деп қаласың. Іштегі шер-шемен су болып, өксік болып сыртқа шығып кететіндей, тынысы кеңіп, бойы байсал тартпай ма?

Сәуле басын көтеріп, көзін сұртты. Кеудесін толтыра күрсініп, темекісін тұтатып, құныға сорды: «Кешір, Сәке. Сен мені түсінесің ғой. Енді менің сенен басқа сенерім де, сүйенерім де қалмады. Бәрі сатып кетті... Осынша қысас қылып өштескендей мен оларға не істедім екен? Бар болғаны оған сеніп, оның сөзін жерге тастамай шын жүрегіммен берілгендігім, оны сүйгендігім бе? Сол үшін осылай жерге қаратып, жылатып кетпекші ме? Сен мені түсін, Сәке. Құдай-ау қандай күйге түстім!» - деп, ол тағы кемсеңдеп жылай бастады. Ащы түтіннен жүзі анық көрінбей қалды.

- Түсінсем бұйырмасын, Сәуле, не жағдай, жасырмай-ақ айтшы. Бәлкім көмегім тиер? Сабырхан бұл сөзді шын жүрегімен тебірене айтты.

- Саған сенем ғой, Сәке. Қазір айтам, өзіме өзім келе алмай отырмын... Жаңа есікті шерте қаққанға сол екен деп қандай қуандым десеңші. Сен өзің де білесің, Сәке, білуге тиіссің...

...Алғашқы кезде көп адамнан жасырып жүруші едім. Жан досым деп білетін Гүлшәдіден де жасырып жүрдім бір мезгіл. Қалай-қалай болып кетеді, сірә? Арты немен бітеді? «Көнсе-көнер, көнбесе қояр, нем кетеді?» деп аузына келгенін айта салатын жігіттер де аз емес қой?! Солардың бірі болмасын деп талайға дейін іштей арбасып жүрдім.

Ол осы сөздерді айтып, Сабырханға жасқана қарай берді. Өңі сәт сайын құбылып, толқып отырды.

- Саған бұларды айту біртүрлі ұят сияқты. Сен мені түсінесің

ғой, қайбіреулерше табалап, өсектемейтініце сенемін. Ішім толып кетті, құсалықтан тұншығып өлуге айналдым, Сәке!

- Айта ғой, айта берші, - деді Сабырхан сабырсыздана қарап.

- Дайындық бөлімінде жүргенде өзіннен басқа ешбір баламен араласып, сыр мінез болмапшын. Махамбеттен жасқанып, қорқағын сияқты едім.

Ол оқуға түскен жылдан бастап жалғыз өзі келгіштеп жүрді. Кинотеатрға жиі барушы едік. Сендермен де бірге талай бардық қой. Бөтен ой жоқ, ойнап-күліп жүре бердік. Былайша жаман көрмейтінмін. Бөлмедегі қыздар да мақтап отыратын. «Ашық жігіт, жақсы семьяда өскен, өзі боксер көрінеді. Биді қандай жақсы билейді» деп жер-көкке сыйғызбайтын.

Бірінші курстың соңын ала ол маған сөз сала бастады. Қай-қайдағы әдемі сөздерді қиыстырып, қиыла етінетін. Алғашқы кезде мазактап күлетінмін. «Қайсы кітаптан жаттап алған сөздер?» деп ызаландыратынмын. Солай десем де оны іштей жақсы көріп, көбірек сөйлеткім келіп тұратын. Басқалардың ол туралы мақтау сөздер айтуын жақсы көріп, жаман сөз айтқандарды жек көре бастадым.

Есіңде ме, Сәке. Асанның шақыруымен «Бөлтiрiк бөрік астындаға» барар жолда Махамбет ол жөнінде ауыр-ауыр сөздер айтып, қақтығысып қалып едік қой. Сонда мен шыдай алмай оған қарсы шықтым. Көңілі қалар сөздер айттым. Не деген ақымақшылық десеңші, Махамбет қандай білгір, байқампаз еді? Оның бетін көруге жүзім шыдамайды қазір.

- Иә, сонымен не болды?- деді Сабырхан төмен қарап отырып ақырын ғана.

- Сонымен ол келуін де, сөз салуын да қоймады. Мен әлі де сынап түскім келіп, әрі-сәрі күйде жүре бердім. Бір жолы оған әдейі «Мен сені эзірге дейін сүйе алғаным жоқ. Мұнан кейін қалай болатынын білмеймін, бәлкім, сүйе алмаспын да, дос болайық, - дедім.

- Мен сені дүниедегі барлық қыздан артық көремін. Менің махаббатым соншалық күшті, әрі түпсіз терең. Ол екеуімізге де жетеді. Сен соған сен! – деді лепіріп.

- Махаббатың соншалық күшті болғандығынан басқа қыздарға да шарпуы тиіп кетіп жүрсе қайтеміз? – деп қалжыңдап едім, ол ыза болып үндемей қалды.

Ол содан бастап бұрынғыдай ашық-жарқын жүрмейтін болды. Көрер көзге жүдеп, көңілсіз, ашушаң болып бара жатқанын іштей сезіп, аяйтын едім. Шынында адам аярлықтай еді оның түрі...

Ол бұл сөздерді мұная, естілер-естілмес етіп әрең айтты да, үнсіз отырып қалды.

Сабырхан оның мұңды кескініне, дірілдеген әлсіз үніне, өзі жылдарман болып отырып, басқа біреудің қайғысын қабырғасы қайыса уайымдағанына қарап әйел жанышың осы бір шытырман құпиясына қайран қалды. Қыз жүрегіне үңіліп көрді...

Қыздар әдетте өзінде көңілі бар-ау деген жігіттерді «байқап, сынап көрмей сөз бермеймін» деп өзіне-өзі серт етеді де, бойын барынша еркін, дербес ұстауға тырысады. Оған жолыға қалса, тіпті көрмегенсіп, басын кекжиге көтеріп, аяғын некей басып өте шығады. Былай барғасын өз қырының қалай әсер еткенін байқау үшін ұрлана қарап қоятыны бар. Сөйтп жүргенде құдай силап, табан тірер тиянағы опырылып, басының айнала бастағанын сезіп, қатты шошынады. Әрі-сәрі мең-зең күй кешеді. Дәл сол кезде өзіне жақын достарының, немесе сол жігіттің өзінің қиюын тауып айтқан бірер ауыз сөзі-ақ оны мұрттай ұшырғанын байқамай қалады. Содан бастап қыздан маза кетеді. Сөзшен, күлегеш., мейірбан болып, жүзі нұрланып, бақыт буына масаяды. Жолы болғыш жылпос жігіттер сол күйді дөп басып, екі жеп биге шыға келеді. Тәкәшпар періште момақан пендеге айналады.

Махаббат сезімі адам бойына батпандап кіріп, мысқылдап шығатын жұқпалы ауру сияқты. Шешекпен естен тана бір ауырып тұрмай қоймайтын сәбидей, ол күйді әрбір жас адамның басынан кешірмеуі мүмкін емес. Тек артында қорасан дағындай қара таңба қалмаса болғаны...

- Ол жөнінде Гүлшәдімен ақылдасып, бар сырымды жасырмай айтатынмын. «Өзің білесің, ойлан, сынап көр, шын сүйсе қайда қашады дейсің? Сөз беруге асықпа!» дейтін ылғи. Кейінгі кезде ол туралы естігісі келмейтін сыңай білдіріп, сырдақтап тұратын болған соң, мен де өкпелеп, ешнәрсе айтпауға тырысатынмын. Сол кезде ұялшақтықты қойып, өзіңмен бір ақылдасуым керек де еді. Сен ақылыңды айтар едің ғой. Бәлкім, онда мұндай азапқа түспес пе едім?..

Сәуле күрсініп үндемей қойды. Темекісін тағы тұтата беріп, қып-қызыл болып кетті де:



- Сәке, сенен ұят болды-ау мұным! Қайтейін, басым ауырып, кәңгіре берген соң ермек қылып жүріп дағды алып кетіппін. Ренжімесең, тартайыншы?- деді ол жасқаншақтап.

- Өзің біл, - деді Сабырхан төмен қарап түнеріп отырып, - бәсе, соңғы кезде Гүлшәді екеуіңнің араңда бір келіспестік бар-ау деп ойлаушы едім. Сенің туылған күн кешінде ол менен сен жайында тақпақтап сұрай беріп еді «Ол мен туралы не айтты, саған айтады ғой, Тельман жөнінде не дейді?» деп әбден мазамды алған. Сен де ол туралы бір-екі рет сұрадың. Сонда мен сол сұрақтардың мәнісіне жете алмай дал болғанмын.

- Рас айтасың, солай болды. Шынымды айтсам күні бүгінге дейін Гүлшәдінің не ойлап жүргеніне түсіне алмадым. Ол ешкімге сырын алдырмайтын тымнидың өзі ғой. Не болса да ішінде әйтеуір...

- М-м, солай де, Иә, иә, сөйтіп аяғы немен тынды? Сен, сен, се-е-н... келісіміңді бердің бе оған?

Сәуленің қабағы шытынып, өңі құбылып кетті.

- Не десем екен... Енді ойлап қарасам, өзі ұят та екен-ау!

Ол терең күрсініп қойды.

- Жазғы демалысқа шығардың алдында, емтихан кезінде үйге барып, апаммен Тельман туралы ақылдастым. Ол кісіден жасыратын нем бар? Бәр-бәрің айтып бердім. Апам маңдайымнан иіскеп, басымды сипап отырып, ақылын айтып, ризалығын берді. «Алғашқы бақ – бақ, кейінгісі – бейбақ» деген аталы сөз бар, құлыным! Көзің жетіп, көңілің кетсе, бағың ашылсын, бердім ақ батамды!» деп еді.

Ол тағы күрсініп, маңдайын қыса ұстап отырып, жас балаша кемседеп жылады. Дауысын өксік билеп, ықылық атып, қатты қиналды.

- Содан кейін не болды дейсің ғой, Сәке?! Адамша жүріп-жүріп, аяқ астынан жалт беріп кетті... Менің шын көңіліммен қалтқысыз берілгенімді ол бағалай білмеді. Ешбір себепсіз-ақ келуін сирете берді. Кездесе қалғанның өзінде сөйлескісі келмей сырдақтап, кеткенше асығатынды шағарды.

...Мен не істерімді білмей дал болдым. Ол маған келуін сиреткен сайын көргенше асығып, тағатым таусылатын. Ол қайда барса көлеңкесінше еріп жүретін күйге түстім.

Сәуле әлсін-әлі көз жасына ие бола алмай жылап, тоқтап-тоқтап сөйлеп отырды. Қарлығыңқы дауысы әрең шығады.

Сабырхан не істерін білмей одан бетер жан азабына түсті. Қапалы қыздың ағыл-тегіл көз жасын көріп отыру кімге жеңіл дейсің? Әсіресе, өзің пір тұтып жүрген ғашығың түкке тұрғысыз бір қуыс кеуде үшін зар еңіреп отырса, онымен қоймай сенің қосыла жылауыңды тілегендей мұңын шағып көмек сұрап отырса, не істер едің? Тағдыр тәлкегі деген осы да!

- Сабырхан, сен шынықты айтшы, ол қандай жігіт? Ол неліктен солай өзгеріп кетті? Мені осынша азаптауға дәті қалай барды? Ол жасқа шыланған кірпіктерін әсер көтеріп, әлденеден үміт күткендей жаутаңдай қарады.

- Мен қайдан білейін? Алғашқы кезде сен келісім бермей сүйрей берген соң, әдейі «қайтер екен, арттан ерген қандай болады екен, білсін» деп әдейі қашқақтағансып жүрген шығар...

- Сен солай ойлайсың ба? Солай болуы да мүмкін ғой, ә? – Оның дауысы дірілдеп, жанары жарқ ете қалды. Сосын тағы көңілсіздене кіржиіп:

- Әй, қайдам, оңдайға да ұқсай бермейді. Өткенде, туған күн кеші өтердің алдында әдейі іздеп жүріп сабағынан шығар жолда жолықтым. «Неге бұлай өзгеріп кеттің? Айтшы, не ойың бар» деп едім. Біржалаңдап «өзгерген ештеңе жоқ, не ой болушы еді. Уақыт жоқ, жұмыс көп...» дейді. «Туған күн кешіме кел, өзіңмен бірге дайындалайық» деп едім, «біріншіден, уақыт жоқ – ауылға бару керек. Екіншіден, анау Махамбет данышпаныңмен бірге отырғым келмейді» деді.

- Сәке-ау, сол үшін, тек сол риза болсын деп сендерді кешке шақырмауға да бел байлап едім, қандай ақымақпын десеңші? Ақыры онымнан да ештеңе шықпады. Ол келмейтін болған соң сендерді шақыруға тура келді. Кешіріндер менің ақымақтығымды...

Сабырхан әлденеден ұялғандай столды шұқылап, екі беті дуду етіп қысылып отырды.

- Солай де, – деді ол даусын зорға шығарып.

- Жігіттер бір-бірінен сыр жасырмайтын шығар. Сендер бәрін естіп жүрген болар деп ойлаушы едім. Қатты ұялатынмын да. Сондықтан кейінгі кезде сендерден қашқақтап жүрдім...

- Солай де, - деді Сабырхан тағы естілер-естілмес баяу үнмен.

Әйтеуір бір өзгерістің болғанын сезуші едім. Не екенін ойлап таба алмай дал болатынмын.

- Ол күзде, макта терімінде қарыс жерде жүріп бір рет те іздеп келмеді. Мен олардың жатағына қанша рет бардым деші. Оның былығып, абыройсыз болып жүргенін де есігіп жаттық. Гүлшәдіні де көре алмадым. Пістегүл екеуі бір-ақ рет келіп кетті. Сондай құлазып, жаман болып жүрдім. Мақтадан келген соң да жөндеп сөйлесе алмадым. Мен онсыз жүре алмайтындай халге жеттім, Сәке. Шыдамым әбден таусылды. Күндіз-түні ойлайтыным бір ғана сол. Жаңа жылдың қарсаңында балмаскарадқа да бармай осында оны күтіп отырдым, келмеді. Түнімен күттім. Қыздардың ешқайсысы жоқ еді. Мен өмірімде бірінші рет жалғыз түнеп шықтым. Сонда да ешнәрседен қорыққаным жоқ. Соны медет тұттым. «Менің осында екенімді біле тұра неге келіп кетпейді?! Дөп зарыға күттім.

- Бәлкім, ол мұны білмеген шығар?

-Білуге тиіс сияқты еді ғой. Қайдам, білмесе білмейтін де шығар. Әйтеуір, маған солай сезілді.

Дәл қазір Сәулені алдаркатудан оңай нәрсе жоқ шығар. Өз сезім күйіне үйлес, тілектес адамын тауып мұндасу, одан өзіне қолдау табуға барын салу – жалпы адам баласының әсіресе, ғашықтыққа елтіген әйел затының ындыны құри ансайтын жұбанышы көп жағдайда бұл «жұбаныш» оларға тым қымбатқа түсіп жатады. Тәжірибесіз жас қыз жүрегінің төрінде тайрандағысы келетін әжібайлар аз ба?

Сабырхан осыларды ойлап, әлденеден шошына бастады. Әлденеге қуана да бастады. «Бір есептен оның Сәуледен ертерек іргесін аулақ салғаны жақсы болған» деп ойлады. «Әйтпесе, мына түрімен бұл қандай күйге түскенін білмей де қалар?.. Бәлкім, иә, бәлкім, ол әлдеқашан құмарлық құлқынын тояттатып өз жөніне кеткен болар?.. Әйтпесе, кеше ғана «менің махаббатым екумізге де жетеді» деп кеудесін қаққан мықты неге аяқ астынан жалт береді? Бұдан басқа қандай себебі болуы мүмкін.?

Осыларды ойлай отырып Сабырхан Сәуледен көз алмай қараумен болды. Медет сұрап жауаңдаған жалынышты жанардан не ұғарсың?!

- Алғашқы күні білмеді-ақ делік, кеше кешке дейін де ешқайда

шықпай жалғыз өзім осында отырып тағы күттім ғой. Сонда да күні бойы келмеді. Мен қандай құлазып, жынданып кете жаздадым десеңші. Үмітім үзіліп, торыққанда, жастықты құшақтап жылап-жылап аламын. Кеше кеште ол ақыры келді - деді Сәуле бір тыныстап, - есікті шерте қаққанда қандай қуандым десеңші, мойнына асыла кетуге шақ қалдым. Өзімді қалай ұстауды білмей есім шығып кетті. «Е, сен осында ма едің? Шамдарың жанып тұрған соң кім бар екен деп кіріп едім, жақсы әйтпесе» - деп немкетті сөйлеп бұрылып кетуге айналды. Сол кезде менің не болғанымды білсең! Құсадан өліп кете жаздадым. Өзімді-өзім соншалық жек көріп кеттім. Сонда да оны қимай, бүйрегімнің бұрып тұрғанына қайранмын. «Қайтып келші, кетпеші, айтатын сөздерім бар еді» деген сөздердің аузымнан қалай шығып кеткенін де байқамаппын. Ол артына бұрылып, «не сөз, қазір-ақ айта берсейші» деп күнк ете қалды.

Мен жанұшыра жалынып та отырғыза алмадым оны. Саған не болды, а? Неге бұлай өзгеріп кеттің, сені ренжіткен жерім жоқ еді ғой. Тіпті абайсызда ренжіткен болсам, кешірші! деп те көрдім. Әрі-беріден кейін не айтып, не қойғанымды да білгенім жоқ. Әйтеуір, «соң риза болса екен, үн-түнсіз бұрылып кетіп қалмаса екен» деп іштей қалтырап тұрдым. Әсілі, өйтіп жабыса бермеу керек пе еді? Жалпы өзі берілген қыздың қадіріне жігіттер жете бермейді-ау деймін. Ақыры, жалынышымнан ешнәрсе шықпады, - деп Сәуле бір мезет үнсіз қалды.

- Мүмкін, - деп міңгір ете түскен Сабырхан Сәулеге қарап, - «Қыздарда да сондайлар болады ғой» деген сөзді қалай айтқанын байқамай қалды. Сәуле болса, тым қолайсызданып, оған жапақтап қарай берді.

- Сонда ол не деді дейсің ғой?- деді Сәуле біразға созылған үнсіздіктен кейін «Өзгеріп кеткен мен бе, сен бе? Әй, қойшы, тергесіп қайтеміз? Әзір уақыт жоқ. Бір-екі күнде бәрін де естисің, әзірше сау бол» деп шығып кетті.

- Ол не деген мейірімсіз, қатыбас адам еді. Мен оны бұрын қалайша білмедім екен. Ол неге сен сияқты емес,ә? Сен қандай адал, мейірбан жансың! Мен қыздарға айтпаған сырымды саған жасырмай-ақ айтып отырмын. Саған сенетінім сонша, оны сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Шынымды айтсам, сені сондай жақсы

көремін... Кейінгі кезде тек өз басыммен әлек болып кетіп, сені ренжітіп жүрген де болуым керек... Мен не айтып кеттім, құдай-ау?! Ойым шатасып кетті. Иә, ол туралы ойланып отыр едім ғой. Ол сенің ширегіңе де келмейді, сөйте тұра соны неге сонша сүемін? Өліп-өше жабысатындай ол маған қандай жақсылық істеп еді. жәбірленгеннен басқа? ...Жоқ, мен оны жек көруге тиістімін! Оған хақылымын да. Келмесе, қарсы емеспін.

Ол бұл сөздерді барынша кектене, жиіркене айтуға тырысқанымен дауысында қимаған жанталасу сарыны басым еді. Төгілген қалың кірпігіндегі мөлтілдеген жас тамшылары омырауына домалады. Кінәсіз жанның мөлдір жас тамшылары шырақ жарығында жалт-жұлт етіп, оның сәт сайын құбылған жүзіне бөлекше рең беріп тұрғандай. Сабырхан іштей тына отырып, оның дір-дір еткен саусақтарын алақанына салып, аялай сипады. Сәуле айтқан мына сорақы оның берекесін кетірді. Тельманның қылықтарына іштей қаны қайнап, ыза болып отыр. Осындай қыздың намысын аяққа басып, жылатып кетуге қалай дәті барды екен? Сәуленің оған деген осынау сезімінің титімдей бір ұшқыны өзіне арналса ғой, қандай бақытты болар еді бұл?.. Енді не болар екен? Ол екі-үш күннің ішінде не айтуы мүмкін? Кенет оның есіне Махамбеттің «Бесінші постулаты» түсе кетті. Денесі дір етіп, басы айналғандай болды. Сәлден кейін ғана өзіне-өзі келе бастады. «Мейлі, не болса ол болсын. Мен Сәулені осындай қиын шақта қорғансыз қалдыра алмаймын Қолымнан келгенінше көмектесемін. Одан арғысы өзінің ары мен ұяты білсін!» - деп түйді.

Дәл осы кезде коридорды тасырлата басып біреу келе жатты. Екеуі де елен етіп, құлақ тіге қалды. Соның арасынша есікті ашып, Пістегүл кіріп келді. Терлеп кетіпті. Өңі түтіге қарайып, қысық көзі әріден жылт-жылт етеді.

- Естідіндер ме, әлгілер қол ұстасып тайып отырыпты ғой, - деді ол ызалы үнмен.

- Кім? Не? Қайда кетіпті? - Сәуле орнынан ұшып түрегелді. Дауысы үрейлі шықты.

- Кім болушы еді? Гүлшәт пен Тельман болады да. Түстен кейін әкетіпті үйіне.

Сабырхан мен Сәуле бір-біріне жалт қарады. Сәуле соның арасынша өңі сақарға қайнатқан сүйектей қуарып, иегі кемсеңдеп,

көзі шапыраштана қабырғаға қарай қисая берді. Оның төсегінің тұсындағы түскиіз кілемшеге ілінген Гүлшәді екеуінің сонау бірінші курста түскен суреті жерге ұшып түсті.

- Ой, кілемге сүйкенбесейші, шегесін шығарып жібердің ғой, - деп Пістегүл суретті жерден аламақшы болып еңкейе беріп еді, «қозғама» деп айғайлап жіберген Сәуле оны долдана теуіп қалды. Гүлшәдінің де, Сәуленің де бетіне қап-қара дақ түсіп мылжаланған сурет босағаға қарай ұшып кетті.

- Ә, сайқал, өстерінді біліп едім-ау, жеңіне тыққын пышағы барын байқап қалып едім-ау!

Ол кемсеңдеп, өзін зорға тежеп, сыбырлай айтты бұл сөзді.

- Олардың өстетінін мақтада жүргенде-ақ байқағанмын. Күндіз-түні жұптарын жазбай, жабыса қалып еді. Махаббатын мақтаға сатқан азғындар, ұятсыздар! - деп Пістегүл күйіп-пісті. Желбезегі делдиіп, көзі ақшиып кетіпті.

Сабырхан ләм-мим деп жақ ашқан жоқ. Арқасына ыңыршақ батқан жайлауыштай кірбіндеп, тісін шықыр-шықыр еткізіп түнеріп отыр. Көзі ұшқын ата жалтылдып, арпалыс құшағында тұншығуда. Бөлмеде үнсіз тыныштық орнады.

## XII

Арада бірнеше күн өтті. Мектептегі тәжірибе де аяқталып келеді.. Сабырхан оның тезірек бітуін асыға күтуде. Өтетін сабағына дайындалып бару деген атымен жоқ. Методист ағайының ескертпесінен де ештеңе шығар емес.

Оның өмірінде талай-талай қиын кезеңдер болып еді. Бірақ, дәл осы жолғыдай тауы шағылып көрген емес. «Осының аяғы немен тынар екен?» - деп үміт пен үрей арасында сенше соғылысып жүретін бір кезгі алмағайып күндеріне зар болды. «Үміт те жоқ, үміт етер жай да жоқ, жүрек қана баяғыша тұр зарлап» деп ақын Байрон айтқандай, бәрі де бітті ғой!.. Өзінің махаббат мұңын шағамын деп тас-түйін болып барғанда, маңдайын меңіреу қабырғаға тарс ұрып, Сәуле көкірегіндегі шер-шемен тұңғиығына тұншығып, құр сүлдерін сүйреп әрең шықты... Өмірде небір қым-қиғаш оқыс оқиғалар болып жатады. Сонда да дәл мынадай кездейсоқтықты, - жап-жақын адамдар арасындағы (олар доспыз деп сан рет мәлімдемен пе еді) мүттейімдікті қиялына да келтірмеп еді.

Сәулені қатты аяды. Ақымақтығы үшін, өз бақытын көре алмаған соқырлығы үшін де, не де болса біреуді өліп-өше сүйе алғаны үшін де, әйтеуір аярылқтай болғаны үшін аяды... Өзінің халі одан бес бетер бола тұрса да Сәуленің ендігі өмір жолының шынға емес, шыңырауға тартып бара жатқанынан шошыл, түршікті. Сондақтан әр күні оның жағдайынан хабар алып, мүмкін болса, қасында болып, көңіліне демеу болар сөздер айту керек, ол менің достық парызым деп бекінді

Бұл туралы Махамбетке бір ауыз сөз айтқан жоқ. Не деп айтады? « Сенің айтқандарың дұрыс екен, «Бесінші постулатыңның» саңылаусыз түнегі мені де тұншықтырды... Мен оны дәлелдей алмадым», - деуі керек пе? Қанша адал болғаныңмен өз сәтсіздігіңді басқалар алдында ашық мойындау оңай болып па? Әсіресе, махабат жөнін...

Сабырхан пәтерінен күндегіден ертерек шықты. Беталысы - жатақхана. Өтетін сабағы түстен кейін - сағат бесте болатын. Соған дейін Сәулемен әңгімеселіп отырмақ. Олардың бөлмесінің ашық болғанымен ешкім жоқ екен. Көрші бөлменің қиыс ашылған есігінен қыздардың әлденеге таласа дуылдасқан дауыстары естіледі. «Бір күнгі өленнің үш күнге дейін ызыңы қалмайды» дегендей, Тельман мен Гүлшәдінің үйленуі туралы гу-гудің екпіні әлі де басыла қойған жоқ-тын. Бәрі де аяқ астынан, ойламаған жерден болғандікі шығар. Біреуі жақтап, біреуі даттап, сан-саққа жүгіртеді. Біреулер айтады: «Сәуле Тельманға сөз бермей, ұзақ уақыт сүйрей берген соң қыздар алдындағы беделін сақтау үшін бұрынырақ шегініс жасап, Гүлшәдіні айналдырып әкетіпті...» Енді біреулер айтады: «Гүлшәді бәрін біле тұра Тельманды азғырып, өзіне қаратып алыпты. Өйткені, әсілі, Тельманды шын «сүйетін» сол Гүлшәдінің өзі-мыс». Ал енді біреулер айтады: «Шынтуайтқа келгенде, Тельман ешқайсысын да сүйген емес, онікі әйтеуір, жалғыз жүрмеу, қыздарды ақымақ қыла беру...» «Аштық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді» деп мақалдап жүргендер де баршылық.

Мұндай сөздердің ұшығына әзірше ешкім шыға алмас. Күпірліктің керегі қанша?.. Соңғы сөз болашақтың үлесіне қалсын.

Сабырхан қыздардың сөзін сырттан ұрлана тындап тұрғандай болмайыншы деп есік қағуға ыңғайлана беріп еді, (өзінің сабақтас қыздары тұратын бөлме) бір қыз дуылды тоқтатып:

- Шуламай, тоқтаңдаршы! Кетер қыз кетті, болары болып, бояуы сінді. Бұйырса, алдағы сенбіде ыстық палауын жеп, шарабын ішеміз, - деп салды.

- Тойлары ресторанда өтеді десіп жүр ғой, - деді бір қыз.

- Өтсе өтеді де, директордың баласына ресторан деген сөз бе екен?! Оны қойшы, енді мына егіздің сыңары - Сәуле сұлу қайтер екен? Бұл да бір күні алды-артына қарамай, зығар ма екен?- деді тағы бір қыз.

Бөлме толы қыз. Әлгі сөзді ду етіп іліп ала жөнелісті:

- Осы ел аман, жұрт тынышта қашып-пысқанды қойыңдаршы! Арамыздан аттаңдырғанымыз қандай жақсы.

- Үндемей жүріп-жүріп, таксимен зыта жөнелу модаға айналып барады ғой, жүдә.

- Е, соның бәріне қыздар ғана кінәлі ме екен? Жігіттер алдап алып кетсе, қайтпек?

- Ешкімді ешкім байлап-матап алып кетпейді және барған жерінде зынданға салып сақтамайды. Өзінің де шатағы болады да...

- Енді сонда: «Қайтып келген қыз» атанып сұмырайдай болып жүре бер демексің бе?..

- Сендер тіпті сөзге қонақ берер емессіңдер ғой, - деді бастапқы сөйлеген қыз саңқылдап: - Өзі айтқысы жоқ қой мына Сәуленің. Менің естуімше, бұл да...

- Е, кіммен, қашан?

- Сабырхан ақынмен болады да. Қыздар солай десіп жүр ғой.

- Өзі айтсын да. Сендер де қайдағыны соға береді екенсіңдер.

Сабырхан жылан арбаған торғайдай құлағынан арқандалды да қалды. Іштей қалтырап, әлдене сөзді күтіп тұрғандай. Іштен тарс етіп еденге ұрылған ыдыстың сынған дауысы естілді. Қыздар салдыр-гүлдір өре түрегелді.

- Сендер не сандаласыңдар, бай тауып беріңдер деп қашан арыз айтып едім, ұятсыздар! - Ол долданып жылап жіберді, - мені енді қайдағы ақсақ-тоқсаққа қосақтағыларың келді ме? Табалап, келеке еткілерің келеді ғой... Ауыздарың... қалай барады... Мені сол ...Сабырханға қосақтауға?!

Ол осы сөздерді айтып, жылаған күйі есікті жұлқа ашып, коридорға шықты. Көзін екі қолымен баса өксіп, еденді тарсылда-



та басып, өз бөлмесіне кіріп кетті. Сабырхан не болғанын білмей есеңгіреп барады. Сәуле бейне оның дәл кеудесін басып тайраңдап өте шыққандай, қорланып, құсадан жаны түршікті.

Бұл арадан тезірек қарасын өшіргісі келіп, күшін салса да, табаны жерге жабысып қалғандай, қозғалар емес. Көз алды тұманданып, басы шыр көбелек айналып кетті. Бір қолымен қабырғаға сүйене баспалдаққа қарай ілби аяңдап келе жатып баспалдақтан құлап кете жаздады. Апыл-тапыл басып төменге әрең түсті. Коридордағы өткен-кеткен қыздар оған тандана қарап қояды.

Ол далаға шыққаннан кейін ғана есін жия бастады. Ызғырық суық жел гулеп тұр екен. Бет алған жағына сенделіп кете барды. Арада канша уақыт өтіп кеткенін сезбеді.

Жылдай ұзақ, минуттан да қысқа сағаттар зырлап өтіп жатыр. Басында берекелі ой да жоқ, құлазып, қаңырығы түтеген бір меңіреу күйге түсті. Ол үшін дүние – тіршілік, - ішіндегі бар асыл қазынасы тоналып, қаңырап қалған иен сарайдай болып көрінді...

Қай көшемен, қалай келгенін өзі де байқамапты. Тәжірибеде жүрген мектебінің ауласында тұрғанын бір-ақ білді. Сабақ, бесте өтетін сабағы бары сонда ғана есіне түсті. Он-ақ минут уақыт қалыпты. Асықпаса болмайды. Тезірек жүрейін деп адымдап еді, кемтар аяғы сырқырай ауырып, жанын көзіне көрсетті. Ернін қырши тістеп екінші қабатқа зорға көтерілді. Үзіліс екен. Коридор абыр-сабыр. Мұғалімдер бөлмесіне келіп, 8 «а» кластың журналын іздеп еді, таппады. «Менде, мұнда, Сәке сен келмей қалама деп алып едім» деп Гүлшәді журналды ұсынды. «Не болды, тағы ауырып жүрмісің, өңің тым сынық қой» деп жалпылдап жатыр. Сабырхан түнерген күйі журналды алып:

- Жок, еш жерім ауырмайды, - деп шығып кетті.

- Мен де барамын ғой, тұра тұрсай, - деп Гүлшәді де соңынан ілесті. Қоңырау соғылғалы екі-үш минут өтіп кетсе де, класс іші айғай-шу, тасыр-тұсыр болып жатыр екен.

- Жок, олай емес, ешқайсысың ұқсата алмайсыңдар. Міне, былай жүреді, нанбасаңдар, әзір класқа келгенде көрерсіңдер, - деп өкіректеген дауыстың тентек Қанаттікі екенін бірден таныды. Бір сұмдықтың болатынын сезгендей жүрегі өрекіліп, денесі қалш-қалш етіп есікті ашып, ішке кіріп кетті. Ол аяғын сүйрете басып,

екіге жарылып тұрған балалардың ортасында қисаландаған Қанат, басқалар дүр етіп орын-орнына қарай жүгіргенде де:

- Ағай, мыналарды қараңызшы, аяғымды сындарып жібере жаздады, - деп ақсаңдауын қоймай, ыржалақтап бара жатты.

Одан әрі өзін ұстап тұра алмады. Баланы құлақ шекеден ала шапалақпен тартып жіберді. Қанат жалп етіп ұшып түсті. Балалар шу ете қалып, қайта жым болды. Сабырхан қасқырға түскен бүркіттей жығылып жатқан баланың үстіне төне қарап тұр.

- Ойбай, не істедің, Сабырхан? Енді қайтеміз?- Гүлшәдінің дауысы тарғылдана бажылдап шықты. Құстай ұшып келіп Қанаттың басын сүйей берді. Бағанадан қорыққанынан үні шықпай қалған балалар енді бірден шу көтерді. Қыздардың жылап жүргені де бар. Қанат көзін бағжита ашып, төңірегіне үрейлене қарады. Сабырхан жалт бұрылып жүре берді.

- Сәке, қайда барасың, тоқта тоқтасайшы, - деп Гүлшәді де оның артынан коридорға ілесе шықты. «Қайда барады, мынау, басқалар білмей тұрғанда тыныштандыру керек қой тездеп», - деп ойлап келеді.

Бірақ Сабырхан ешқайда да бұрылмады. Мұғалімдер бөлмесіндегі пальтосы мен құлақшынын да киместен көшеге тура тартты. Гүлшәді қуып жетіп, тоқтатпақ болып еді, онысынан ештеңе шықпады. Ақсақ аяғын шойнаңдатып, аузынан жентек-жентек бу ата ілгері жөнеле берді. Оның шошынған көңіл құсы жылы мекенінен безініп, бет алған жағына шырлай ұшып бара жатқандай. Көзіне ешнәрсе көрінер емес. Жолдың екі жағындағы бой көтерген гимараттар қуарған тас дуалдар сияқты. Қыбырлағанның бәрі қызыл-күрең сәуле ішінде шыр көбелек айналған шым-шытырық бір дүние.

Сансыраған сана жетегі оны шет көшелердің біріндегі пәтер үйіне әкелгенін таныс қақпаға көзі түскенде ғана сезді де, бөлмесіне кіріп, төсегіне құлай кетті. Түйіліп бір аунап түсті, бетін жастыққа көме өксіп жылап жіберді. Арыдан лықсып шыққан құсалы өксік қолқа жүрегін суырып алардай түйдек-түйдек келеді. Ол осыған дейін өзінің не істеп, не қойғанын, енді не болатынын ойлайтындай да емес.

Айналасындағы адамдардың қас-қабағын бағып, жасқаншақтап, қорғалап өткізген жиырма үш жыл өмірінің ащы-

тұщы у-зәрі тамшылап, жинала келе дәл бүгін кенересінен асып-төгіліп, бөгеу бермей ағыл-тегіл ағып жатқандай. Сол қасірет сөлі дімкес жігітті салындыша ағызып, әлдеқайда апарып, шым батыратындай...

Ол осыдан бірнеше сағат бұрын алдында не қырсық күтіп тұрғанын білмегені сияқты, мұнан кейінгі шытырман шырғалаңнан да бейкабар-тын...

### XIII

Оның алды - жар, арты - сокпак өмір жолы осы тығырыққа келіп тірелді. Сол күн, сол сағатта-ақ мектеп пен институт басшылары хабарланып, ызы-қиқы көп айқай басталды да кетті. Кемтар жігіттің де кесірлі тағдыры қолдан-қолға өтіп, қақпақылға түсті...

Күнде бұл уақытта тарс жабылып, үнсіз мүлгіп тұратын кабинеттер де мезгілсіз ашылып қалды. Болатхан Қоспанов бұл дүрбеленді кешірек естіді. Алғашында сенер-сенбесін білмей, екі ойлы болып келе жатыр еді, факультет деканы Сәлім Семенов кабинетіне кірер-кірместен зіркілдеп ала жөнелгенде ғана істің насырға шапқанына көзі жетіп, шоши бастады.

- Міне, сіздің «болашағынан үміт күттіретін» ақын сымағыңыздың бізге әперген абырой-атағы, - деп ежірейе қарады Болатханға бар жайды айтқан соң. - Ендігі мәселе, - деді декан нығыта, - тездеп әлгі бұзақыны тауып әкеліп сабақтастарының талқысына салыңыз, алдымен комсомолдан, сосын институттан шығарып, ісін заң орнына тапсыру туралы қаулы шығартыңыз. ректордың тапсырмасы бұл. «Анау-мынау, кемтар еді, бейшара еді» деп немесе, «ақын еді» деп солқылдақ сөзбаққа салмаңыз. Әдебінен асқан екен бұлар,- деп ол столды қойып қалды.

Болатхан Қоспанов декан алдынан өте аландап түршігіп шықты. Жатақханаға барып Асанды тауып алды да, Сабырхан мен Махамбетке жіберді, бөлмелерінде бар қыздардың да бірнешеуін пәтерде тұратын студенттерді шақырып келуге жұмсады.

Күн батып, қас қарая бастаған кез, үскірік аяз бар. Болатхан Қоспановтың бойы далаға шыққанда тітіркеніп кетті. Бір жағынан енді не істерін біле алмай басы қатулы. Үш жылдан бері өзі жетекшілік етіп келе жатқан бұл топтың қыздарының да, ұлдарының да мінез-құлқын біршама білетін-ақ сияқты еді. Басқа

емес, дәл Сабырханнан мұндай мінез шығады-ау деп ойласайшы? Қашан көрсең әдептен озбай, жібектей сызылып тұратын, оқу озаты, қоғамдық жұмыстың белсендісі, өнерлі жігіт еді. «Қалайша, мынадай пәлеге тап болды екен? Жок, мұнда бір гәп бар, сөз жок, басқаша сыр бар мұнда! Жазалау қашпас, оның себебіне қалай да көз жеткізу керек. Әйтпесе...»

Әшейінде жиналысқа үздік-создық әрең келетін студенттер айналдырған жарты сағаттың ішінде түгел жиналып үлгеріпті. Бәрі де әбіржулі, сыбырлап сөйлеседі. Сабырханның келуін күтісіп еді, келе қоймады.

Күн батып, қас қарайып барады.

Болатхан ағайлары алға шықты. Өңі сынық. Дауысы жарықшақтанып, қарлыға сөз бастады.

- Махамбет, қағаз-қаламыңды алып, мұнда кел де жиынның барысын жазып отыр. Протоколға керек болады, - деді. Махамбет созалаңдай тұрып алдыңғы партаға отырды. Аққұба өңі жуған шүберектей ағарып, толқынды қара шашы дудырап, қауқиып көрінеді.

Ағайлары енді оларға бәрі асыға күтіп отырған істің өзінен бастады сөзді:

- Оқиғаның қалай болғанынан бәрінің де хабарың бар. Ол неліктен осындай дәрекілікке барды деп ойлайсыңдар? Себебі не? Менен гөрі сендер жақсы білесіңдер, бірге жүріп, бірге тұрған жолдастарың. Оның осындай мінезі бұрыннан бар ма еді, тайдай тал түсте, сонша баланың көзінше жұдырық жұмсап жүрген адам, шет жағада ешкімді аямас. Кане, жасырып-жаппай, асып-таспай, шындықтың дәл өзін айтыңдар, уақыт аз, басшылар күтіп отыр, - деп аудитория толы студенттерге жағалай көз тастады.

Үнсіздік біразға созылды. Махамбет партаны шұқылап, түнеріп отыр. Әншейінде ауыз жаппайтын Пістегүлдің де үні шықпайды.

- Е, бұл не тым-тырыс? – деп қайта түрегелді ағайлары. – Бүкіл қала шулап жатқан оқиға сендердің араларыңда, үш-төрт жыл бірге оқыған жолдастарыңның басында болады. Ал, сендердің отырыстарың мынау. Гүлшәді, сен айтшы, басы-қасында болдың ғой. Оның үстіне сонау дайындық бөлімнен бірге оқып келесің. Айт, канеки, тыңдап көрелік.

Ол орнынан лып етіп түрегелді. Екі беті қып-қызыл болып кетті. Тұрмысқа шыққаннан бері сабақтастарымен бас қосып отырғаны осы еді.

- Сондай бір жайсыз іс болды, ағай,- деп ол біраз тосылып қалды. Совет педагогикасына жат қылыққа барып, қылмыс істеді. Қалайша солай болғанына ақылым жетпейді Төрт жылдан бері біреумен ішай дескенін естігеміз жоқ. Не істеп қойғанын өзі де білмей қалды ғой деймін. Ауырып жүрген болу керек... Меніңше баланың ата-анасынан кешірім сұраса, қатаң ескерту беріп, сынға алып, сонымен тындырсақ деймін.

- Мен де солай ойлаймын, ағай, оны оқудан шығарып жібергенде не түседі? Обал ғой! – деді Пістегүл жыламсырап. - Өзі болса жарымжан адам.

- Біз аяғанмен заң аямайды ғой. Сәлім ағай да «оқудан шығару ғана емес, заң алдында жауап береді, сотталады» деп тұрған әлгінде... Жанымыз ашиды-ақ, қолдан келер не шара бар?- деді Жамал.

Содан кейін қып-қызыл талас басталды. Өркім әр жаққа тартып, өздерінше болжамдар айтты. Сөз кезегін Махамбет алды. Дауысы қатқыл шықты:

- Менің айтарым қысқа, - деп бастады сөзін, - мәймөңкелейтін не бар, өрескел қылмыс істелді, жазасыз қала алмайды ендеше! Қандай жаза беретінін басшылар мен заң орындары шешсін! Екінші айтарым, ер-азаматтың алтын басын кемітіп, қайыршыдай есіркеп-мүсіркемей-ақ қойындар. Төрт мүшесі түгел болғанымен рухани кемтар, бейшара, жарымжан адамдар да бар арамызда. Ондайлардың аяушылығына ешкім дәркем емес! – деп, шатынаған отты көзін Гүлшәдіге қадап барып, орнына отырды.

Аудитория іші сілтідей тұнып, тыныштала қалды. Болатхан ағайы оған тандана қарап, қозғалақтап қалды. Жуықта ешкім сөйлей қоймайтынына көзі жеткен соң өзі орнынан тұрды.

- Сонымен, қандай шешімге келетін болдық? Жолдастық сотқа беруді өтінеміз бе, әлде оқудан шығарып, ісін сотқа берген жөн дейміз бе?

- Жолдастық сотқа қалдыруды сұранайық! – деп қыздар шу ете қалды. Тағы біраз ырғаса келе сол сөзге тоқтап, өз шешімдерін жазып тапсыруға ұйғарысты.

Болатхан Қоспанов иығынан еңсесін езіп-жанышқан ауыр жүк түскендей жеңілдел, галстугын босатып қойды. Басқаларды қайтарып жіберіп, Махамбет екеуі әлгі қаулыны жазып жатқанда Сабырхан келді. Көзін жерден алмай меңірейіп тұр. Сүзекпен ауырған адамнан бетер, құр сұлдері қалған. Бетінде, маңдайында кекшіл таңба ізі көрінеді, бұл жақсылықтың нышаны емес...

Сәлден кейін Асан келді, онда да қан-сөл жоқ.

- Неге сонша кешіктіңдер?

- Біраз кешігіп қалдық, ағай. Кешіккен себебіміз... онда көп кешікпейтін де едік. Есік алдында Сәлім ағай кездесіп қалып, сол кісі біраз ұстап... – Ол бірді айтып, бірге кетіп тұтығып тоқтап қалды.

-Ендеше, сендер осында отыра тұрыңдар. Мен мына қағазды Сәкеңе апарып келе қояйын, - деп куратор балаша елпектеп шығып кетті.

Болатханның кіріп келгенін Сәлім Саменов байқамады. Телефон трубкасына жабысып, теріс қарап сөйлеп тұр екен, - Сереке-ау бұлай болады деп кім ойлаған? Сізді ұятқа қалдырдым. Басқара алмадым, жазалаңыз мені... – Ол тағы әлденелерді айтпақшы еді, бірақ арғы жақтан тек гуіл естілді.

- Мен балалардың шешімін әкелдім, Сәке.

- Ә, келдіңіз бе? Иә, айта беріңіз...

- Біз мынаған тоқтадық, - деп Болатхан қолындағы қағазын ұсынды. Оның алақ-жұлақ етіп тұратын кесірлі көзі қағазға үш бұрыштана шаншылып, беті тыржыңдап кетті.

- Мүйіз сұраймын деп жүріп құлақтан айрыларсыз, камқорым, егер абыройсыз болғыңыз келмесе, мынаны мен айтқандай етіп қайта жазыңыз. Шынтуайтқа келгенде, оның керегі де шамалы!- деді де орнынан шалт тұрып қағазды Болатханға қарай лақтыра салды.

- Сәке, бұл көпшіліктің еркі мен қалауы жазылған қағаз, неге лақтырасыз? Сол бір шарасыз, жарымжан бала жазасыз қалар деп қорқып отырсыз ба?

- Жарымжан екенін білген кісі тыныш жүрер болар! Ол үшін жауап беретін мына мен бе, әлде анау тобыр ма?

- Сіз де, біз де, олар да қысқасы бәріміз жауап беруге тиіспіз. – деді Болатхан да нықтап, шегелей сөйлеп.

- Сонда не демексіз? Бұл істен баланың әке-шешесі де хабар-дар. Милиция майорының баласы ол тағы, шешесі дәрігер екен. Бір құлаш анықтама жаздырып жіберіпті. Онан қалай құтылмақсыз?

- Құтылып кетейін деп, қулық жасайын деп тұрған ешкім жоқ, Сәке. Олар кім болса да ет пен сүйектен жаралған біз сияқты адам ғой. Бұл өте күрделі де нәзік іс болып тұр, Сәке. Сол бала ауырып жүр ме деп қорқам. Өзіңіз де көріпсіз. Түрі адам шошырлық. Түбінде өкініш болмасын. Мен сол баламен бір кездесіп көрсем деймін. Осында бір сыр бар сияқты... Ертеңге дейін сабыр етңізіші.

Декан саусағымен столды тықылдатып отырып:

- Мейліңіз, сөйлесе беріңіз, бірақ ол бәрібір жазадан құтыла алмайды. Әлде бір студент үшін жеп отырған нанымнан айрылар жайым жоқ, - деп кетуге беттеді.

Олар суық қоштасып, айрылысты. Деканның қайғысы «жеп отырған наны» болғанымен, Болатханның ой-қиялында сүйікті шәкіртінің тағдыры тұр еді.

#### XIV

Ұстаз бен шәкірт оңаша келе жатыр. әрі-бері өткен автобус-машина дүбірі болмаса, қала кешкі тыныштық құшағында. Оқтатекте жаяу жүргінші өтеді әрі-бері. Олар біразға дейін қысқа-қысқа сұрақ-жауаптан асып ешнәрсе деген жоқ. Сабырхан ендігі айтылар сөздің салмағынан қорқып, әбіржіп келеді. Әлгінде аюдай ақырған деканның алдында рухы сергек, жігерлі сияқты сезініп еді өзін. Қол астындағыларды мансап таяғымен жасқап, қорқытып ұстауды өзінше ел билеу тәсілі деп білетін сол бір қытымыр, жұғымсыз адамды жайшылықта жаны сүймейтін.

Әй-шәй жоқ, кіре бере айғай салып, намысына тиген соң шыдай алмай, бұрылып жүре берген еді. Енді мына адамның алдында кіреге тесік таппай әрең келеді. Аямай жер-жебіріне жете ұрысқанын қалап-ақ келеді. Өкінішке орай, ол кісі сөзді тіпті басқа жақтан бастады.

- Денсаулығың қалай, бір жерің ауырып жүр ме?

Сабырхан қабағын түйіп, кіржің ете қалды. «Осы кісі мені жүйке ауруына шалдығып, сорлап жүр деп ойлайтын шығар, неге сезіктене қарай береді? Маған жетпей жүргені сол еді енді!»

- Денсаулығым мықты, ағай. Еш жерім ауырмайды, - деді ол ерегіскендей нығыта.

Ағайы жалт қарады. Өнінде таңырқау мен жанашырлықтың тайталас шарпысы бар еді.

- Оның жақсы екен! – деп кең тыныстап алып, сөйлеп кетті, - ой, уайым-қайғы дегендерің де микробы болмағанмен еш аурудан кем соқпайтын пәле ғой. Содан аулақ болу керек. Мен бәрін де түсінем... Қателік, кемшілік тірі адамға, әсіресе, өсу, қалыптасу үстіндегі жас адамға тән сипаттар екені айқын. Бірақ ешкімнің заңнан тыс әрекет етуіне тағы болмайды.

Ол осыны айтып сәл кідірді де:

- Болар іс болды, бала! Басқа сөздің бәрі енді артық. Менің саған бір өтінішім бар, соны орындауыңды сұраймын, әрі талап та етем, - деп тура қарады, - сен бүгінгі оқиғаның барысын, себебін, әсіресе, дәл сол минуттағы найзағайдай жалт етіп өте шыққан сәтті нақтылап айтып, түсініктеме жазуың керек, ендігі түйін сонда қалды. Өмірде не болмайды?! Өз басым осы бір көңілшек тұжырымға қаншама қарсы болсам да осы жолы кәдеме асыруыма тура келіп тұр...

Сабырхан қинала ыңырсып барып, әрең тіл қатты:

- Ағай, ендігі мәселе, менің не ойлағаным туралы емес, істеген қылмысымның жазасын тарту керек болып тұрғанда ешнәрсемен де ақталғым келмейді, ақтала алмаймын да!.. Маған шын жаныңыз ашыса, аямаңыз! Есіркеп-мүсіркемеңіз!..

Сабырханның естігісі келмейтіні кімде-кімнің оны кемтарсынып, мүсіркеу сөзі еді. Төрт мүшесі түгел жандардың көңіл шүлендігі оның кем-кетігін қайдан толтыра алсын!..

- Сабырхан, - деп сөзін асыға, әрі аялай бастады ағайы, - сен мені дұрыс түсін, айналайын, қолмен істегенді мойнымен көтеру ер жігітке керекті қасиет екенін жақсы білемін. Бірақ намысты қорғаудың сан түрлі жолы бар екенін де ұмытпау керек. Жеке бастың ар-намысынан да жоғары тұратын коллективтің, ел-жұрттың ар-намысы мен абыройын қорғауға да міндеттісің. Ол міндеттен бас тартсаң, аямаудың көкесін сонда көресің!

- Ағай, мені неге қинай бересіз?! Не айт дегіңіз келеді? «Сені кем етіп, қор етіп жаратқан мен бе? Намысшылдық сенің не теңің» демексіз бе? Айтыңызшы, мен сонда ит пен құсқа мазақ боп қорланып жүре беруге міндеттімін бе?! Айтыңызшы, ойыңызды, ашық айтыңызшы! Естімеген тағы нем қалды екен?..



Ол осылай өршелене бастырмалатып келіп, өксік буып, ықылық атып, сөйлей алмай қалды. Аяғы шалыныса теңселіп кетті. Ағайы соны байқап қап, қолтығынан сүйеп демей берді.

- Сабырхан айналайын, тынышталшы, неге олай дейсің. Сабыр етші, саған оны жазудың қаншалық қиын екенін білем. Бірақ амал жоқ, совет педагогикасының ондай сорақылықты кешіре алмайтыны да рас. Дегенмен, заң, тәртіп, ереже деген де қатып қалған нәрсе емес қой! Заң шеңберіне симастай асқан жауыз қылмыс та бар. Оған жатпайтын өте нәзік те сырлы дүниелер де аз емес. Керек десең, жазалаудың да мақсаты – адамды тәрбиелеу ғой. Мені енді түсіндің бе? Басқалармен заңдасып, айтысу үшін маған дәлел керек. Ол – тек сенің қолыңда!

Ол өз сөзінің қисынымен әуре болып келе жатып байқамалты, Сабырхан аузын ашып-жұмып, ауа қармап, әлсіреп барады екен. Қолтығынан көтеріп, сүйегеніне қарамай, буыны босап, шөгіп созалаңдай берді. Еңгезердей жігітті көтере алмай, тәлтіректеп барып, ұмар-жұмар құлап түсті де, жалма-жан басын сүйеп, жана жауған қардан уыстап маңдайына баса берді. Ол оған да қарамай, әлсіреп өшіп бара жатты...

Болатхан жанұшыра айғайлап, көшеде кетіп бара жатқан бір жеңіл машинаны тоқтатты.

Сабырхан ауруханаға келгеннен кейін де талайға дейін есін жия алмады. Бетіне дөңгелек қызыл теңбілдер шығыпты. Ерні кезеріп кеткен.

Дәрігерлер тексере келе, қанның тасып төгілуі – гипертония деген ауру, ұйқысыздықтың, көп-ойланып қайғыра берудің әсері болған. Оған өзінің бұрынғы ауруы қосылып, осы күйге түсірген. Қатерсіз де емес, бірақ амалдап көрерміз, бүгінгі дәрігерлік өнер жетістіктері бізге көп мүмкіндіктердің көзін ашып берді ғой, - десті.

- Айтқаныңыз келсін! Өзі бір дарынды, нәзік жанды жігіт еді. Өмірдегі кейбір сәтсіздіктерді көтере алмай қалды-ау деп ойлаймын. Әйтеуір қолдарыңыздан келгенін аямассыздар. - деді Болатхан Қоспанов.

- Әрине, біздің міндетіміздің өзі де сол емес пе, алаңдамаңыз. тек ұзағырақ жатып қалатын шығар. Біздің тәжірибеміз бойынша мұндай ауруды дәріден гөрі ұзақ ұйықтау, ой-қиялдан аулақтатып

көңілдендіру жолымен емдеген пайдалы. Жора-жолдастары, ата-анасы, егер болса, сүйген қызы келіп, жүздесіп, көңілін көтеріп тұрғаны жақсы. Ол туралы кейінірек сөйлесерміз, әзірше қайта бергіз, - деді бас дәрігер.

## XV

Болатхан Қоспанов үміт пен үрей арасындағы алмағайып елесті, малданып далаға шықты.

Қыстың бой сергітер таза, шыңылтыр ауасын құшырлана жұтып, кең тыныс алды. Самаладай жарқыраған қала үйлерінің терезелеріне, одан әрі тұңғыық көктегі жыпырлаған жұлдыздарға көз тастады. Әлемдегі сан мың тіршіліктің үнсіз куәсіндей сансыз жұлдыздыр дәл мына оңтүстік аспанына жиналып, ұстаз бен шәкірт басынан өткен бүгінгі оқиғаның соңғы түйінін шыдамсыздана күтіп тұрғандай жәудірей қарайды.

Ерсілі-қарсылы екі жұлдыз ағып өтті. Қам-көңіл ұстаздың секемшіл жүрегі дір ете қалды. Сосын басына орала кеткен бір тосын ойдан қуанып, байсал табайын деді.

«Аққан жұлдыздың бәрі үзілген ғұмыр болса, аспанда бұл уақытқа дейін жұлдыз қалмас еді, жерде адам қалмас еді...

Бәлкім, ол қуанып хабаршысы болар... Қорыққан да, қуанған да бірдей емес пе?.. Ылайым да солай болғай...»

*1976 ж.*



# ГҮЛ МЕН АРА

*Новелла*

Таң шығыс әлемін бозамық, ақшыл сәулесіне малындырып тұрған көктем таңы, жаңа тіршілік, жас өмір күйін шертіп, жырын жырлаған бұла таң мені де өзімен бірге оятып, еліктіре ерітіп, осы гүлстан алқапқа әкелген болатын. Уыз ауа ләззатына масайып, шалқып келемін.

Менің атам үйден шықсаң, алыстап шық, алыстаған екенсің, биікке көтеріліп, қиянға көз сал, қиялда, арманда дархан табиғат құшағына ап өзінді деп отырушы еді. Ауылдан алыстап кетіппін. Қарауыл төбеге шығып, айналага көз салу деген бір ғанибет дүние. Мақпал көрпесін жайлап сырған керім дала, кербез таулар бар бітім тұлғасымен аумақтана көрінеді. Танның алаулаған арай шапағы табиғат дидарына жүгірген асау қандай құбыла тарап, нұрлана түсіпті.

Қауырт тіршілік, қарбалас шақ камы асықтырғандай жедел көтерілген сәуір күні шын басына жете бергенде дүм-дүние жайнап, шат күлкі, шадыман қуанышқа кенелгендей әсер етті.

Күн сәулесі нәр беріп жан бітіргендей байтақ дала қып-қызыл гүлдердің алау жалынына шарпылды. Сай-саланы қуалай өскен қызғалдақтар мен сарғалдақтар құшағын тоқтаған мөлдір шықты аунатып тастап, сілкіне бой түзеп, бастарын кербездене көтереді. Осы бір наз қимылдар сол қылдай тербелген нәзік дене балғын шақтың балауса күйін паш еткендей. Сан гүлдердің наз қимылы маған келер сүйіктісін алабұрта, елжірей күтіп тұрған жас арудай болып көрінді.

Күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Қалбақтай ұшқан қызыл қанат көбелектер тәтті ұйқыда жатқан барша көбелектерді оятып, тіршілік қамына кірістірді. Зулай ұшып жер арасы өтсе, момақан ызыңмен құмырсқа бел шөп аралары бал араларының тегеурінді екпініне ілесе алмай, жалт беріп, шетке шығады.

Қысқа қанатты бармақтай қоңырала ара екпіндей ұшып, менің басымнан әлденеше рет айналып өтті. Еш гүлге байыз тауып тоқтамай ызың қағады. Құмары қанбаған гүл арулар тынышы кете теңселіп тұрғандай.

Бірін-біріне құштар етіп, мұқтаж етіп қойған тіршілік-ай

десеңші! Көздің жауын алар сан гүлдер тұрса да, тентек қоңыр ара назалана ызындап жүріп, бітімі өзгеше сәнді, нәзік сұлудай гүлге барып қонды да, біз тұмсығын бойлата сұғып, шілтиген қанаттары қалтырай, топшысы бүлкілдеп, есі кете жабысып қалыпты. Гүл ару да қауышу ләззатына мастанғандай елбірей дірілдеп, қауашағымен орай көмкеріп алыпты. Мен ара мен гүлдің осы көрінісін қызықтап, еңкейе тым жақындап барыппын. Әлгі ара кенет басын көтеріп алды да, «әлде бір тосын жаулық пиғыл сезінгендей, бы-жылдай ұшып шыққан күйі көз ілеспестей жылдамдықпен келіп, маңдайыма сарт ете түсті. Жан дәрмен бетімді алақаныммен қорғап, ербендете беріппін.

Міне, қанаты сынып, мерт болған бейбақ алақанымда тұр. Шаққан жері қаншалық ауырып тұрса да, мына қызғаншақ, көзсіз батырды өте аядым.

Әсіресе, оның өзіне ешқандай дұшпандық ниетімнің жоқ екенін білмей өліп кеткені өкінішті... Әлде, мен ол туралы жаңсақ ойлап тұрған шығармын. Ол бәлкім сүйікті гүлі үшін, гүл өскен жер үшін айқасып, ерлік өліммен өлген шығар.

Ойлап қарасаң, қаза-қатер дегеннің өзі көп жағдайда кездейсоқ беймәлім, өзіңнен зорға тап болудан туатын сияқты. Дегенмен, өз сүйіктісін, туған жерін қорғау жолындағы қаза-қатер тауқыметі ешқашан кездейсоқ, ойламаған нәрсе деп ешкім айта алмауға тиіс. Мен өзі өскен жері мен сүйікті гүлі үшін, өмір нәрі үшін жер әлемді шарлап ұшып, қажет болғанда тайсалмай айқасқа шыға білген кішкентай жан иесінің үлкен ерлігіне дән риза болдым. Осы бармақтай ара құрлы адал еңбегімен өмір сүріп-ақ өліммен өле алмайтын басы артық кейбір жандар барын ойлағанда ара мен гүл қасиетіне иіліп тағзым еткім келді. Менің алақанымда тұрған өжет араны әлгінде ғана өзі қонған әсем гүл қауашағына апарып қойдым.

*1974 ж.*

## «БОЗТОРҒАЙ»

*Әңгіме*

Күздің сылбырақ ақ жауыны толассыз жауғалы бір қанша күн болған. Кесірлі, мылжың шалдың дәмсіз, нәрсіз әңгімесіндей әбден мезі еткен қараша жаңбыры қырық найзалы кедей үйлері мен түнгі күзеттегі жұқана жалшылардың берекесін кетірді. Жыртық шекпенді қаусыра қымтап, тұмсығын жағасына тыққан бала ақ таяғына сүйеніп кейде қалғып кетеді. Шым-шытырық суретті түстер көріп, әлсін-әлсін шошып оянып, жіңішке нәзік дауыспен түнек түндігін түргендей ащы айтаққа басады. Қойшылардың жаңбырдан ыққан аш иттері тұмсығын бауырына алып, кей-кейде маңқ етіп үрген болады.

Қойшы бала бұл көңілсіз тіршілікке де көндігіп қалды. Көндікпегенде қайтеді, жетпіске жетіп жер таянған кәрі әке күн көрісінің ендігі тірегі — қаршадай өзі екенін, қатал тағдыр қамытының қыл мойынға қылқындыра киілгенін мойындамауға шара бар ма? Ол аздай «Анасын жалмаған сұм жетімнің қырсығы тиеді» деп үйінен қуып шықты емес пе, туыс болмай туа шөккір Абданбайдың без бүйрек әйелі Әлиман, Зұлымдық тауқыметі еңсесін басқан сәби ендігі өмірінде атасы жасап берген қамыс сырнай мен қалақтай қара домбырадан жақын жан ашыр жоқ екенін түсініп, мұң-зарын, наз-наласын соған шағатын.

Отар шетінен енесін іздеп үздіге, зарлай маңыраған қозы даусы естілді. Денесі дір етіп, жүйкесі босап бара жатты. Жаздай қатпа болып жүріп алғашқы жаңбырлы күні-ақ өлген қара саулықтың әлі отыға алмай өгейсіген жетім қозысы екенін ол бірден білді.

Қойшы бала кеш туып, ерте жетім қалған қара қозы тағдырына да іштей күйзелді. Оған өз тағдырын үйлестіреді. «Жетім қозы, жетім бала» о, тағдыр-ай!» – Ол тағы бір егілді. Сол сәт алыстан талып естілген жалғыз тырна тырауына құлақ түре қалды. «Қандай зарлы еді? Бейшара, қайда кетіп барады екен?» Тырна тағы тыраулады. Жоқ, тыраулаған тырна емес, бала жадында жатталып қалған оның зар үні қайта жаңғырығып тұр екен.

Қам көңіл сәби ішінен тына бір күрсінді де, ыңылдап белгісіз бір әуенді айта бастады. Кейде ақырын ысқырып қояды. Ол суды шалпылдатып, ыңылдап ұзақ жүрді. Жалғыз тырнаның тыра-

уы жетім қозының шырылдаған аянышты маңырауы сияқты ма? Әлде, ағаш басын суылдатқан күз желінің үрейлі уілі ме? Әлде өз анасынан айырылып жетімдік ғұмыр кешкен төрт жылдан бергі қайғылы жүрегінің мұңы ма? Қалайда өзіне көптен таныс, жүрек дүрсіліндей, тыныс деміндей, тоқтаусыз сыңсыған мұңды ызың еді ол.

Еңсесін басқан күз түнін кеудесінен итеріп, кері серіткендей қайран қайырымды таң да атты-ау! Күзетші бала үшін әзірше одан қасиетті еш нәрсе жоқ. Жаңбыр да толас тауып, бұлттар жүгінен жеңілдегендей әлдеқайда асыға жөңкіп барады. Қой-ешкілер де дүр-дүр сілкініп, аяқтарын сілкілеп, тынышы кете бастады.

Бай үйінен жырақтағы сауыншы-қойшылардың қара қостарының түндігі ашылып, ауыл ояна бастады. От іздеп дірдектеген жалаң аяқ әйелдер үйден-үйге кіріп жүгіріп жүр. Кейбіреулері ішке кіріп кеткен жанбыр суын сыртқа ағызу үшін үйді айнала тоғанша қазып, суға күрекпен жол ашып жатыр. Әлде кім қалтыраған, жарықшақ айқаймен азан айта бастады.

Түн күдіретінен сескенгендей ығы-жығы қозғалған күз бұлты Қордай жотасына қарай жөңкіліпті. Шығыс дидары еш нәрсе болмағандай-ақ жайнап сала берді. Таулар ұйқысынан оянған алылтардай сорайып-сорайып көріне бастады. Алтын кірпіктерін төгілтіп күлімсірей шыққан күн дидары аса мейірлі еді. Жылай-жылай сілесі қатып өксік буған сәбидей қалжыраған қойшы балаға мына арай күн қос анары иіп, емірене қол созған мейірбан анасындай болып көрінді. Мандайын өпкен ыстық нұр бойын балқытып, маужыратқан бала қой өріске жетіп, байырқалай жайылғанда, күнде өзі аялдап, атасын тосатын төбешікке шығып отырды да, қалжырап ұйықтап кетті.

Аштық пен ұйқысыздық меңдеткен жас бала ендігі бар мейіршапағатты жер – ана төсінен тауып рахат ұйқыда. Жақ жүні үрпиген жүдеу жүзіне де болымсыз күлкі үйіріледі. Марқұм анасы түсіне еніп, маңдайынан сипап, бауырына басады. Кейде ол сандырақтап әлде неге құлақ түргендей демін ішіне тартып тына қалады. Тағы жалғыз тырнаның аянышты үнін естиді. Жо-жоқ, одан басқа, алыстан емес, жақыннан, тіпті дәл төбесінен естіледі бір сарын. Баланың бойы жеңілдей, жан сарайы ашылғандай. Әлдеқайдан арналы сары тасқыны ағыла келіп кеудесін керіп бара жатқандай.

Қойшы бала сазды сарынға елтіп оянып кетті. Күн арқан бойы көтеріліпті. Дәл төбесінде, аспанға іліп қойғандай жұдырықтай бозторғай қалықтап, шырылдап тұр екен.

Апыр-ау, мына құйтақандай жан иесі не айтып тұр? Ол мынау неше күннен бері сағындырып барып нұрын төккен арай шапаққа шаттанып шырылдап тұр ма? Әлде, аштық пен суықтан талмау-сырап жатқан қойшы баланың халіне жаны ашып жылап тұр ма? Оның тоқтаусыз шырылында қалайда аңсай армандау, не үрейлі зар, не өксігін баса алмай егіле жылау сияқты бір аянышты хал бары анық. Ол бозторғай шырылынан басқаның бәрін ұмытты. Әлемде одан өзге ешнәрсе жоқ. Кокейі кеңкілдеп, бойын жеңіл діріл билеп, сиқырлы саз сарынына елтіп ыңылдап отыр. Саз сарыны бірде бозторғайша жай шырылдап басталып, аспандап кете алмай, өксік бұғандай ентіге тоқтайды. Бірде адасқан тырнаның зарлы тырауындай сұңқылдап жан жүйеге тиеді. Сосын барып лықсып, булығып келген ән тасқыны байыз тауып, сабыр сақтай басу айтқандай созылады да, орындалмас арман мұңына тұншыға «а, ай, бозторғай» деп ащы зарға басады.

*Бозторғай шырылдайсың, шіркін-ай,*

*Құтылар күн бар ма екен,*

*Қой жаюдан бір күн-ай, Бозторғай!*

Шерлі жетім, өз үнінен өзі тұншығып, бетін жуған кермек жасты да сүртпей бозторғайға жаутандай қараған күйі әннің кейінгі жолдарын тоқтаусыз қайталай берді. Зарлы саз өзінің арман-тілегі мен мұңласын паш етер аталы сөз тілейді.

*Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,*

*Мен жүрмін кешке дейін тамақ іштей...*

Бұл жолдардың калай қабысып кеткенін қиял жетегінде отырған бала байқамай да қалды. Қойшы қауымы үшін ең қадірлі құрал-ақ таяқ та өлең жолына келіп, қаз тұра қалыпты:

*Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,*

*Сандалып қой артында азар кешке-ай!...*

Ән әуені одан әрі қойшы баланың еркінен тыс бір күшпен өзіне керекті сөздер легімен табыса берді, қауыша берді. Қойшы бала қарнынын ашқанын да, түні бойы тоңғанын да жем болған аяғына кірген шөгір азабын да ұмытып, бозторғай шырылына қосыла өз «Бозторғайын» сызылта айтып ауыл жакка көз сал-

ды. Төменде, күндегіше бір қолына мыс құман, бір қолына таяқ ұстап, беліне баласының кара домбырасы мен қамыс сыбызғысын қыстырған Әзірбай қарт келе жатыр екен. Ол әлде нені таңырқай тыңдағандай бір жүріп, бір тоқтайды. Алыстан зарлай, талып есітілген мұңды әуен шер көңіл қартқа түні бойы дірдектеп қой күзетіп, енді қоймен бірге өріске аш кеткен жетімегінің жылағаны сияқты болып естілетін де шығар...

\*\*\*

1895 жылдың күзінде, қарт Қордайдың қойнауында, жетімдік пен жарлылықтың қарғыс қамытын киіп, көңілі күпті, жүрегі қаяу боп өскен, он бір жасар қойшы бала көмейіне бозторғай жұмыртқалап, ән құдіретін осылай дарытып кеткен еді. Қазақ даласын қасірет бұлтымен тұмшалаған кешегі кара түнек заманда зар жылаған жарлылардың «Гимніндей» болған «Бозторғай» әні осылай дүниеге келген-ді.

*1974 ж.*





# КІЛТСІЗ САНДЫҚ

Әңгіме

*Аспанда ай болмаса адасады,  
Көңілді көтермесе кір басады,  
Кеудесі жақсылардың алтын сандық,  
Сандықты кілт болмаса кім ашады?*

*(Халық әні)*

Раушан кезекті демалысына шығарын шығып алса да мына аңырайған үш бөлмелі үйде жалғыз отыра-отыра зерігіп, өзін қоярға жер таппай жүр. Бірқанша күн үй-ішін қағып-сілкіп, еденді сырлап, ермек етіп еді, енді істер жұмыс та қалмады. Осындай зеріге қалғанда парақтап өткен өмір жолдарын еске салар альбомнан да жеріп шықты. Оның ішінде көзге күйік болар күйкі суреттер де аз емес еді... Апыр-ау, студенттік бал дәуреннің тоналған көңілге жұбаныш болар камсауы қалмай, осылайша жат болып кеткені ме? Мүмкін емес, бір Әлжан үшін барлық достарынан, асқақ арманға толы шат-шадыман күндерінен өгейсуі мүмкін емес... Әсіресе, өздері үшін де, бүкіл группасы үшін де ұмытылмас мереке болған, мына тұла бойы тұңғышы – Қадыры дүниеге келгенде түсірілген сурет қандай қымбат.

Қадырын қолына алған Раушанды қоршап тұрған өңкей өрім талдай қыз-жігіттер екі езулері екі құлағында, кейбіреулерінің көзі күлкіден жұмылып кетіпті. Раушан қасын керіп, жымың етіп қойды. «Қайран қасиетті күндер-ай» деп соңынан күрсініп жіберді.

Кенет Қадырының әлі тамақ ішпегені есіне түсіп, альбомдарын жимастан орнынан тұра беріп еді, есіктің қонырауы шылдыр ете қалды.

– Е, Қадыржаным екен ғой, кел айналайын, - деп есікке бара бергенде, қолында кішкентай ақ сумкасы бар, талдырмаш денелі аққұба қыз имене басып кіріп келді де:

– Кешіріңіз, апай, Садырова боласыз ба? – деді көзін жыпылықтатып.

– Иә, айналайын, төрлет, кел-кел, - деп төргі үйге апарды.

– Мен мына мектептенмін, апай, оқу жасына толған балаларды тізімдеуге келіп едім. Сізде бір азамат бар деген соң... –Қыз әдемі қой тістерін жарқырата күліп қойды.

– Ә, мына батыр шығар, бәлкім? – деді төрде ілулі тұрған Қадырдың жөргектегі кезінде түскен суретіне қарап. Раушан оны жаңа көргендей елжірей қарап:

– Сол, соның өзі, садаған кетейін, әзір келіп те қалар, – деді.

Мұғалім қағаз-қаламын алып Қадырдың туылған жыл, ай, күнін жазып алды.

– Балаңыз ержетіп, азамат болды деген осы ғой апай, әлі той жасап шақырарсыз бізді, – деп әзілдеді. – Иә, айтпақшы, Қадырды 31 август күні сағат 10-да мектепке апарыңыз. Класқа бөлу, партаға отырғызу, қатарда жүру сияқтыларға жаттықтыру болады. Басқа керек-жарағын дайындай жатарсыз. Ал мен қайтайын, апай. Баратын жер көп еді, – деп орнынан тұрды.

Раушан жалғыз ұлының көзіне қарап, мәпелеп өсіргенде күнделік тіршілігінің таусылмас қызығының қайнар көзі Қадыржанның жетіге жетіп, оқуға баратын уақты болып қалғанын әлі ойламапты. Мұғалім қыздың бұл келісі оны алғашқыда қуандырса да, енді әлденеден абдырап не істеп, не айтқанын білмей қалды. Қызға дайын тамақтан жеп кет деп те айтпапты. Ұят-ай?

– Сүйтіп, Қадыржаным мектепке баратын уақыт та болып қалды де. Ой зымыраған уақыт-ай! Раушан өзімен-өзі сөйлесіп, төрдегі суретке тағы қарады. «Томпылып отырған түрішпен айналдым, қаршығам» деп қойды. Сол-ақ екен ойына қай-қайдағы нәрселер түсіп, көз алды тұманданып, жылағысы келді.

Бұл сурет осыдан жеті жыл бұрын Қадырдың бесік тойы болған күні түсіріліп еді... Айнала төңірекке момақан сәби көзімен тандана, құштарлана қараған нәрестенің уыз тамған нұр дидары ананың тұла бойына ыстық мейірім ағысын құйып өткендей болды.

Иә, ол кез қандай еді?! Жарық дүниеге алтын асықтай ұл әкелген жас ана мерейі қандай үстем еді... Өзін Әлжанмен табыстырған тағдырға риза болып, болашаққа қаншалық зор сеніммен қарап еді... Ата-ананың ақ батасы мен дос-жарандардың ағынан ақтарыла айтқан игі тілектерінің өзі-ақ Әлжан екеуін таусылмас бақытқа кенелтіп тастағандай болмап па еді? ...

Өздерін жас ұрпақтың төл басындай, жаңа салт-сананың жаршысындай сезінетін студент достары шілдехана кешінде дуылдасып отырып талай-талай қызықты әңгімелер айтып еді...

Бесікке сүйеніп отырған Раушан аядай төрінің алдындағы дастарханы мәңгі жиылмастай, мына қыз-жігіттер жұбын жазбай осылайша әр қуаныштарының куәгері болатындай сезініп еді. Ой, қайран алтын достар-ай! Қайдасындар қазір!

Раушан орнынан жеңіл түрегеліп, ішкі үйге қарай аяғы шалыныса ұмтылды. «Ойбу, мені құдай атайын деген екен. Өстіп жүріп қияли болып кетпесем жарар еді», - деді өзіне-өзі ренжіп.

Е, Раушанда қайбір ес қалды дейсің. Кейінгі уақыттағы тағдыр соққысы есенгіретіп-ақ кетті ғой оны...

Раушан осыдан жеті жыл бұрын Қадырына арнап бірге оқыған достары әкелген ақ сандықты стол үстіне әкеліп қалтырай қойды. Ішін ашуға батылы бармағандай сипалап біраз тұрды да өз сандығында сақтап жүретін оның кілтін іздей бастады. Сол-ақ екен ол төбесінен жай түскендей сілейіп тұрып қалды. Сәлден кейін бетін басып, еңіреп жылады.

«Оңбаған, азғын-ай, қараңды батырғаныңмен қоймай, баланың сандығының кілтін қоса алып кетіпсің-ау! Енді қайттім. Достарым аманат еткен кілтті Қадыржаныма өз қолыммен табыс ете алмай, енді бұзып ашпақпын ба? Жолыңа жуа біткір, Әлжан-ай!» Ол ақ сандықты аялай сипап, ұзақ жылады. Көз алдына шілдехана күнгі достарының қуанышты жүздері келеді. Сандықты қолына ұстап, жиен ағасы Ахмет сөйлеп тұр. Толқынды шашын артына қарай сілкіп қояды.

– Жолдастар, достар! Раушан мен Әлжан арамыздан түлеп ұшқан темір қанаттарымыз болғанда, мына атын қойып, ардақтап отырған Қадыр төлбасымыз ғой. Дәл қазір басқаны былай қойғанда өз Отанымыздың талай шаңырағынан мыңдаған, миллиондаған Қадырлардың інгәсі естіліп, қасиетті адамдық ат қойылып жатқан шығар. Бірақ, Раушан, Әлжан, біз солардың бәрінен ерекше бір жаңалық ашайық деп тұрмыз, күлмендер, жаңалық, жаңа салт-дәстүр дегендер дүниеге өзі келмейді, немесе бір әулиелер ойлап таппайды. Мәселен, өзіміздің мына көккөз Қалиымыз-ақ мынадай бір ғажайып сандық ойлап шығарды. Оның ішінде қасиетті пакеттер сақтаулы... Ол 15 жылға сақталады. Сонда мына сіздер мен біздер қырыққа қиялаған қырқылжың шал-кемпір болады екеміз...

– Ой, шал болсаң сендер боларсындар. Өзіміз өйтіп уақытқа күрессіз беріле салатын қорқақ емеспіз, – деп күлдіріп еді қалжыңбас Қали.

– Мейлі. Көгерміз сайтан болып кеткеніңді, енді сәл мақтасам Прометей болып кетерсің, -- деп қалжыңдады Ахмет те. -- Сонымен ақ сандық не айтады дейсіңдер ғой? Міне, мынау үстінде тұрған пакет Қадыр жеті жасқа келіп, мектепке барардың алдында ашылады. Осы отырған бәріміз бас қосып, оның ішіндегі Қадырға арнап тігілген киімді кигізіп, қалам-қарындаш ана тілі оқулығы, ақ дәптер салынған кітап қапты мойнына асып, той жасаймыз. Ол күні шарап ішпеген, би билемеген жан болмайды. Оны бір деп қойыңдар.

– Ал, екінші пакетте Қадыр пионер қатарына өткен күні тағатын галстук пен бір пар пионер киімі бар. Мұны ашарда да Раушан мен Әлжанды тағы бір шала шауып кетуге тура келеді.

– Ахмет пен Қалидың ішкі есебі екеуіңді майлы ішекше айналдыру болды ғой, -- деп әзілдейді Жанат деген құрбысы.

– Балам, о не дегенің, келіп тұрыңдар. Дидарласып тұрғандарыңның өзі неге тұрады. Ақ түйенің қарыны жарылып жатқан заман ғой, -- дейді шілдеханаға әдейі шақырылып келген Раушанның анасы. Немере сүйген өз ананың жүрекжарды тілегін айтып еді осылай.

Қайран ана, сүйікті немересінің тірі жетім қалған қасіретті тағдырынан хабарсыз ғой. Раушан қамкөңіл анасынан сүйінші сұрамақ па, Қадырың жетім қалды деп.

Есіл достар-ай! Тым болмаса алғашқы пакетті ашуға да келе алмайтын болды-ау! Шақырса келе алғанынша келер еді ғой. Олардікі игі тілек, уыз бата емес пе? Әйтпесе тамақ-шарап іздеп жүр дейсің бе?

Қой, не деп шақырам? Масқара халімді көріндер демекпін бе? Тағдырдың жазуы солай шығар... Мына ағын судай баянсыз өмір кімнің пал ашуы бойынша өтеді дейсің... Әркім өз тағдырының тасын айналдырып, қыр-қияға кеткені-кеткен ғой. Тек ақ баталар мен адал ниеттердің ғұмыры ұзақ болғай...

Раушан шым-шытырық қиял тұманынан сәл айығып, өзіне-өзі тоқтау айтқандай. Қадырының ер жетіп, достар сыйлаған алғашқы пакетті ашқалы тұрғанын медеу етті.

...Е, өмір жетсе, бәрі де болар достары Қадыржанына үлкен сенім артып, өз заманының, туған халқының қалаулы ұлы болуына тілек білдіріп еді, мына үшінші пакет сондықтан да Ленин

комсомольның қатарына өткен күні ашылсын деп, комсомол значегі, Уставы және бір пар киім салыпты. Қандай жақсы тілек еді. Ата-анаға перзентінің қуанышына ортақ болудан артық тағы қандай бақыт керек. Олар сыйлаған киім кішкене болып сирағы шығып тұрса, не тар болса, соның өзін қызықтап қарап тұру неге тұрады десеңші...

Ахмет сол сөздерді күлдіре айта келіп, өзі сүйіп оқитын Төлеген Айбергеновтың «Бір тойым бар» өлеңін жатқа айтып берген болатын:

«Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,  
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.  
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,  
Казанымда бір асым ет қалмауын».

Осы жолдарды саңқылдай қайталап тост көтерткен еді жүзі күйгір Әлжан сол кеште.

Раушан өзегін өртей аққан өкінішті өткеннің кермек жасын тамшылатып ақ сандықты аялай сипайды. Сақтай алмайтын болған соң неменеге аласың дегендей ақ саңдық тымырайып сырт беріп жатыр. Бейкүнә ананы бұл біржола тұқыртып тастады.

Апыр-ай, бұлай болады деп кім ойлаған? Өз бақытына қалтқысыз сендірген жас отаудың алау ыстығы, пәк күлкісі, ақ дастарқаны, қадырлы қонақтары қайда? Қайда кетті сол асыл арман аркалаған жақсы күндер?!

Раушан бір сәт Әлжан екеуі бөгде адам болып, Ахмет болып сұраққа тартады. Кім кінәлі? Әлде менен де өтті ме білместіктер? Шапалақ екі алақан ұрылғанда ғана шығушы еді ғой. Ал сонда алдымен ұрған кім! Пендешіл жүрек өзінен мін таппай әуре. Дегенмен, Раушанды айыптауға басқа түгілі сол Әлжанның өзі де ешнәрсе таппаған сияқты. Сондықтан кетерінде бет жыртысар жекпе-жекке де шыға алмай, қос шамаданды қолтықтап, тайып отырды емес пе?

Жұмыр басты адам болған соң Раушанда да ағаттықтар кетсе кеткен шығар. Алайда, ол Әлжанға барынша адал еді. Ту баста, кенересінен аса шалқи аққан жастық, махаббат дариясының мөлдірінен шайқап ішіп, жігіт таңдап жүрген студенттік өмірдің өзінде Раушан Әлжанға барынша сеніп, қасиетті сақинасын қолына абыроймен табыс ете тағдыр тізгінін біржола ұстатқан еді.

Өзіне сөз айтпақ түгілі тіктеп қарауға батылы бармай сенделген сан жігітті сендей соғыстырып еді-ау, кезінде. Сол кінәсіз жандардың кесіріне жолықты ма, әлде? Раушан оны ойлағанда жүрегі жаншыла қысылды.

... Алғаш бәрі де өз орнында сияқты еді. Жас отаудың жарасымды сыйластығын қожыратпай-ақ соңғы курсты тауысыпты. Группаның ұлы ұяға, қызы қияға қонар аласапыран көші-қоны тұсында Қадыр келді дүниеге.

Ащы-тұщыны бір татып, төрт жыл бірге оқыған достар студенттік, жастық кесесінің түбіндегі соңғы тамшыны тамсана жұтып отырғанын бәрі де сезеді. Сол сезіну кім үшін болса да рухани дауылдан кем емес еді.

– Қадырдың пакеттерін ашуға жиналамыз деп отырмыз-ау, ол игі тілек қой. Бірақ, дәл осылай төрт көзіміз түгел жиналу қайда? Тағдыр кемесі кімді қай қиырға әкетіп, қандай құрғаққа шығарып тастарын қайдан білейін. Өмір заңы, тіршілік қамы солай ғой әуелден, – Той басқарушы Ахмет шарап шарпуынан ба, әлде шын жан тебіреністен бе, осылай тебірене сөйлеген-ді.

Раушан енді ойлап отырса, Ахметтің сол сөзінде терең мән жатыр екен. Шынында содан жеті жыл бұлардың үркердей тобын қайда адастырып әкетті?

Уақыт шіркін зымырап өте беріпті. Бір ұядан ұшқан түлектердің біразы қонар биігіне талмай самғап, шығандап барады. Ал кейбірі не қыран емес, не жылан емес бір нәрсе болып құлқын қуып кетіпті. Әлжан, сен дәл сөйтін кеттің. Бір қуыршақтың шылауында кеттің. Алғашқы жарына, тұңғыш перзентіне опасыздық еткен адам ешкімге опа қылмауы, Отанына да опасыздық жасауы сөзсіз...

Семья дегенің лаулап жанып жатқан от сияқты. Ерлі-зайыптылар оған үзбей тамызық тастап, маздатып отырмаса, алауы әлсіреп барып, суық күлге айналуы мүмкін.

Қоламта арасында қалған жалғыз шоқтай мына кішкентай Қадыр болмаса, Раушан мен Әлжан жаққан от әлдеқашан күлге айналып кетпес пе еді?

«Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген қандай даналық еді.

Тұмсығын тасқа ұрмай қайтпайтын мекіредей қайсар жастық шақ адамға көп кедергіні елетпейді ғой. Раушан да жұмыс

бабындағы және үй іші күйбеңіндегі көп келіссіздікті талайға дейін елемей жүре берді. Өмір туралы оның өзінше түйгені бар-тын.

Әлжан екеуі алыс ауданның бір шетіндегі шалғай мекенге қызметке жіберілген еді. Жаңадан ірге көтеріп, бас құрап жатқан шаруашылықтың өзіне жетерлік әуре-сарсаңы бар. Әлжан мен Раушан өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты. Ел қатарлы өмір өткізіп жатқан сияқты-ақ еді. Әлжан бір жыл істемей жатып «кетемізді» шығарды.

– Апыр-ау, кешегі жайдары Әлжан қайда? Шынында зерігіп жүр ме? Қалаға бара қалғанда кім бұларға үй, қызмет дайындап тұр екен? Осыны неге ойламайды ол?

Бір күні Әлжан аяқ астынан Алматыға оқуға баратынын айтып, асығыс жиналды.

– Бұйткен мұғалімдігі құрысын! Күндіз-түні тыным жоқ. Айлығы да аз. Мен техникалық мамандық алатын бір оқуға сырттай түсіп келемін. – деді де жиған-тергенді қалтаға салып аттанды.

Раушан өзінен кеңес сұрамаған соң тілін алмайтынын біліп іштей тынып қала берді. Содан бастап өз өмірлерінің жаз жәрмеңкесі тарап, төрт қабырғаға қамала бастағанын ол анық сезінді.

Әдетте әрі-бері өмір кешіп, бұйырғаны менікі, «таңғы қызық тәңірден» деп жүре беретін мақсатсыз, жігерсіз адам үшін көп нәрсе елеусіз де мәнсіз болып сезіледі. Ал болашақтан күтері де, өзінің оған берері де көп деп білетін адам үшін ешнәрсе немкетті ете алмайды. Ол ізгілік атаулыны қызғыштай қорғап, жанын салады, күреске шығады.

Раушан үй-ішіндегі бей-жай тірліктің астарына жасырынған Әлжан қылығының әлеуметтік сипатына көз жібермей тұра алмады. Өмірде техникалық мамандығы жоқ адамдар аштан өліп, көштен қалып жатыр ма?

Бұл ойларын құдай қосқан қосағына шет-жағалатып айтты да. Бірақ, оны елеген Әлжан болған жоқ, оған Раушанның сөзін тыңдағаннан гөрі ұтыс кестесі басылған газеттерді тесіле оқу қызық сияқты көрінетін.

Раушан жарының шын бейнесін енді-енді көре бастағандай. Дүние не боп барады? Пір тұтып келген Әлжаны осындай құбыжық па еді?

Жок. Ошыц да бір ойлағаны бар шығар, қанша айтқанмен үй иесі ғой. Бала-шаға қамын ойлау күнә ма?

Раушан кейде осылай тебіренетін. Ақыры Әлжан сөзі бойынша қалаға көшіп келіп, аядай екі бөлмеге пәтерге тұрды. Жұмыс табыла қоймаған соң Раушан үйде отырып қалды. Екінші перзенттің дүниеге келуі де алыс емес.

Аңсаған қала тіршілігі жұқана жас семьяға онша жайлы болмады. Әлжан қабағындағы бұлт біржола үйелеп, тұнып қалды...

Арақ пен темекі келді көмекке. Кейде үйге келмей, басқа жақта қонып қалатынды шығарды. Алғашында қайдағы бір себепті айттып, ақталушы еді. Келе-келе солай болуға тиістідей-ақ үнсіз кете беретінді шығарды.

Раушан екінші перзентін босанған соң көп ұзамай жұмысқа орналасты. Әлжан Қадырының артынан еріп жүрер Бақытқа онша қуанбаған сияқты.

Бақыт үш айлық болып қалған. Сүйкімді Раушанға айланыш болып, кейде әкесінің назарын өзіне аударатын.

Күйеуінің бір күн ашық, бір күн жабық, ойнамалы мінезіне де дағдыланып қалып еді. Күтпеген бақытсыздық оның тас-талқанын шығарды...

Раушан жұмыстан үйіне оралды. Әлжан әлі келмепті. Кішкентай Бақытын төсекке ұйықтата салып, нанға кеткен болатын. Жақындағы нан дүкені жабылып қалғандықтан кешігіп келді үйге. Есіктен кірген бойы төсекте аузынан құсығы ағып, қорылдап жатқан күйеуін көріп, зығырданы қайнады. Соның арасынша төсекке жатқызып кеткен Бақыты есіне түсіп, шошына жүгіріп барып, Әлжанды жұлқи тартты. Бақыт көрпеге ораулы күйінде тұншығып өліпті.

Раушан көпке дейін есін жия алмады. Сырт көзге әр түрлі себептер айтып ақталған болады. Амал не, болар іс болды. Әлжан өз кінәсін мойындағаны ма, әлде басқа себебі бар ма, әйтеуір Раушанға тіке қарап сөйлеуден қалды. Арақ та ішпейтін болды. Екеуі бірге тұратын сияқты, бірақ...

Иә, бірақ екеуі де арадағы ерлі-зайыптылық жібі әлде қашан үзіліп біткенін іштей мойындасады.

Міне, осылайша бітеу жара өмір кешкелі бірқанша жыл болыпты. Әлжан техникалық мамандығына да жақындап қалды. Өзір сол бойынша облыстық мекеменің бірінде істейді.



Раушанның ендігі бар алданышы – жалғыз Қадырын жұмыстан қайтысымен бала бақшадан алып қайтады. Аналы-балалы екеуінің әңгімесі таусылмайды. Бірқанша жыл пәтерші болып қолы жеткен үш бөлмелі үйге кірісімен, олар үнсіздікке ауысады.

Раушан бүйтіп өмір өткізудің қаншалық азап екенін сезіне бастады. Әлжан именетін шығар деп арадағы тоңторыс тоңын жібітуге күш салды. Курортқа да бір рет әдейі жіберіп алды.

Амал не, қиюы қашқан жұбайлар жігі күнде қалған ағаш ыдыстай ашыла бергендей...

Әлжан қайта ішуді бастады. Командировкашыл болып алды. Оның қайда барып, қайдан келгенін сұрамайды да.

... Жұмыстан Қалипа деген досы екеуі қайтып келе жатыр еді. Қастарынан зулай өткен көк «Москвичтің» ішінде отырған Әлжанды көріп екеуі бір-біріне қарады. Рутьде отырған әйелдің иығына қолын артып, әлденені жампандай айтып барады.

– Біздің Әлекең командировкадан келіп қалған екен ғой, – деді Раушан ұялғанынан.

– Ол осында жүргелі үш күн болды ғой, жігіттік дәурен сүріп жүр ғой бұның. Үйге бармап па еді? – деді Қалипа әзіл-шыны аралас.

Раушан не дерін білмей қалды да Қадырды аламын деп, бала бақшаға қарай бұрылып кетті. Ағыл-тегіл жылап келеді. Осындай бір сұмдықтың боларын іші сезіп, шошынушы еді. Құдай қосқан қосағы мен жалғыз ұлын төрт доңғалаққа айырбастайын деген екен ғой опасыз...

Екі күн өткен соң Әлжан келіп, отырар-отырмастан жинала бастады. Диплом қорғау үшін Алматыға баратынын ғана айтты. Өзі тұрмақ көлеңкесін көргісі келмей, ысырынып отырған Раушан тіс жарып ешнәрсе деген жоқ. Жуып жатқан кірін малшылап ваннадан шықпай қойды.

Сәлден кейін екі чемоданды сықай толтырып, қаздаң-қаздаң басып келіп есіктен: «Ал, Раушан, сау бол, Қадыржанға жақсы қара», - деп күлімсіреген болды.

– Қадырда жұмысың болмасын, қараң өшсін сенің! – деп салғанын байқамай қалды. Қалауың болсын дегендей ол иығын аярлана қиқаң еткізіп, қасын керді де бөгде біреудің үйіне жаңылыс кірген жандай асығыс басып шығып кетті. Төменде машинаның сигналы естілді.

Содан бері жылға таяу уақыт өтіпті. Қадырдың әкесіз өткен бір жылы болды бұл. Әзірше Әлжанды іздеп жатқан ол да жоқ.

Қаншалық ауыр соққы болса да Раушан иілгенмен сынбады. Жалғызын ес көріп, алаңсыз жүре берді.

Дегенмен, әкесіз бала тағдыры ананы қатты толғандырады. Әсіресе, ақ бата берген ата-ана мен ақ тілеу тілеген достар сөзі есіне түскенде азаптанып, жарық дүниені тәрік еткісі келеді.

Мына кілтсіз ақ сандық оның берекесін кетіріп, есеңгіретіп тастады. «Жолама маңыма, сендердің мені ашуға праволарың жоқ деп ашу шақырып тұрғандай.

Менің не кінәм бар? Неден жаздым? Сонда қалай ашамын енді? Бұзу керек пе? Жо-жоқ...

Раушан орнынан жер таянып әрең тұрды. Бұлаудай болып ісіңген көзі қарауытып, теңселіп кетті. Ол өзін осы аз ғана уақыт ішінде қартайып кеткендей сезінді, ақ сандықты аялай сипап, өзіне-өзі амалын тауып ашамыз қалайда, – деді күбірлеп.

Қызық ойын желігін баса алмай, сырттан ентіге елеуреп кірген кішкентай Қадыр шешесінің мына бейшара түрін көріп, неге жорырын білмей, аңтарылып тұрды да, әлдене сұмдықтан шошынып жылап жіберді:

– Мама, саған не болды? Кім жылатты сені? – деп жүгіріп келіп құшақтай алды.

– Жай, әншейін, бір нәрселер есіме түсіп... ой, айтпақшы үлкен жаңалық бар, балам, – деп көзінің жасын сүртті. – Сен оқуға баратын болдың, мұғалім апайың келіп, шақырып кетті. Әлі үлкен той жасаймыз... – Раушан баласының көңілін көтеремін деп не айтқанын байқамай қалыпты.

«Үлкен той жасаймызым не, Құдай-ау!?»

«Е, той жасаса несі бар. Опасыз әкесі кетті екен деп достарының ақ тілегін аяқсыз, сандықты ашусыз қалдырмақ па? Ахмет пен Қали арман еткен жаңа дәстүр тағдыры жоғалған кілтке, төрт доңғалаққа сатылған әкеге байланысты болғаны ма?»

– Онда неге жылайсың? Той жаман ба? деп таңдана сұрап тұр Қадыр.

– Шынында мен неге жылаймын, ауруыңды жасырғанмен, өлімің әшкере болмай ма? Одан да әдірісін білетін достарға теле-

грамма жіберу керек. Достар өздері жапқан сандықтарын өздері аша алар... Сеніп, аманат еткен кілттерін сақтай алмадым. Кешірер достар, түсінер мені де...

– Қадыр, жүр айналайын, почтаға барайық, тойға қонақтар шақырамыз, жүре ғой, тамақты келіп ішесің, – деп Раушан ұлын жетелеп далаға шықты.

Дала қандай тамаша еді. Августың тамылжыған сүйкімді ауасы қамкөңіл ана көңіліндегі жабық сандықты да ашып жібергендей болды.

Алда Қадырдың қадірлі тойы...

*1975 ж.*



# АҚША ҚАР

*Әңгіме*

Жігіт-желең әлі серуеннен оралған жоқ. Бөлмеде жалғыз отырмын. Менің де жаңа жыл таңын өз көзіммен көріп, сейіл-серуен құрғым бар еді. Оған Қадиша да қарсы еместін. Әйтсе де осы отырысты жөн көрдім. Жаңа жыл – жаңа өмір табалдырығында тұрған сәтте бір мысқал ойды ізін суытпай қағаз бетіне түсіргім бар. Бірақ, ол таңғажайып нәрсе де емес, басталуы да, аяқталуы да қарапайым...

\*\*\*

Үсен деген досым жаңа жыл кешін бірге өткізейік деп, шақырған еді. Тіршілік күйбеңімен жүріп біраз кешігіп қалыппын. Дастархан басы енді-енді қызған шақта жеттім. Бәрі жұп-жұбымен келіпті. Көбісі таныс. Бейтаныстар ішінен төрге таман отырған ұзын бойлылау, аққұбаша қыз. Екеуміздің көзіміз ә дегеннен түйісіп қалды. Ол әлдебір сезім толқынынан алабұртқан кейіпте үрке әрі таңырқай қарады. «О, несі екен?...» Әлде маған солай көрінді ме?

Үсен мені қақпайлап, «осы жер де жетеді ғой» дегеніме көнбей, бірден сол қыздың маңынан шығарды. Ең жақын көршім болған соң, қол беріп, сәлемдестім. Үні де, жүзі де таныс па қалай? Аты – Қадиша екен. «Япыр-ау, сол болса неге жалғыз келген?» – деген ой сап ете қалды. «Иә, иә, сол Қадиша?! Қалайша өзгеріп кеткен?!» Балғын жүзі солған гүл іспетті. Ауық-ауық болмашы ғана күрсініп қояды.

Әлсін-әлсін есіме түсе бастады. Осыдан бірер жыл бұрын, онда да осындай жаңа жыл кеші еді. Ол жолы да кілең жастар бас қосқанбыз. Сол кеште Қадиша да болған. Қасында кара мұрты тікірейген бір жігіті бар еді. Ол Қадишаның жаңа қосылған қосағы екен. Біреу алып қашып кететіндей әлгі мұртты Қадишасының етегін жанбасына баса отырды...

Той-думан әбден қызған шақ еді. Сызылған би ырғағы басталды. Қадиша да, әлгі мұртты да тапжылмай отыр. «Мұнысы несі, әсте жігіт би білмей ме екен?» – Осындай оймен әлден соң қызды биге шақырдым. Әдептен аспай, әуелі қасындағы жігіттен иіліп, рұқсат сұрадым.

– Пейіліңізге рахмет, билегіміз келсе, өзіміз де билей аламыз, жолынды тап! – деді жігіт сыздана.

Менің де жігітке намысым қозып кетіп:

– Көргенсіз екенсіз, – деп қалдым.

– Әйелдер бар жерде мықтысынып қайтесің! Ал, көргенділікті үйретуге болады саған! – деді ол тағы да нығыздап. Сол сәт араға Қадиша түсті.

– Жігіттер, бұларыңыз қалай? Көкен, саған не болған?

Сосын ол маған көз қиығын тастап, «кейін билерміз» дегендей ым жасады.

Би жалғаса берді. Шарап мол. Мұртты кара Қадишасын қасына алып, бір маңызды іс жайлы толғанып отырғандай, қабағын түйіп қойып, алдындағы шарапты сораптап сіміре берді, сіміре берді.

– Жолдастар, сағат он екіге таянып қалды. Соңғы екі минут! – деді үй несі Үсен бір кезде.

Жаңа жылға арналып атылған шампандар, жамырай айтылған ізгі тілектер, көңілді күлкілер Үсеннің үйін көкке көтеріп кеткендей болды. Содан кейін ішу де, билеу де, ән айту да, тіпті сыртқа шығып, серуендеп қайту да әркімнің өз ықтиярына берілді.

Мен Көкеннің бағанағы сөзіне едәуір ызалансам да, жаңа жыл кешінің шырқын бұзбайын деп, оны ұмытып кеткенмін. Ол «далаға шығып, сейілдеп келейік», – деген соң қасына еріп, коридорға шыға беріп едім, мұрттының аяғы шалыныса, құлауға шақ қалды. Көзі бозарып, шашы дудырап кетіпті. Ол тілі күрмелген күйі:

– Иә, жігітім, менің Қадишаммен билегің келді ә, ха-ха-ха! Ей, ол сенің не теңің! – Осы сөзбен қабат құлақ шекем шың ете қалды. Мас адамның жұдырығы онша мықты тимесе де жұрттың алдында намысым қорланды. Ол тағы ұрмақ болып ұмтыла бергенде, қолын қағып жібердім. Тәлтіректеп тұрған ол сүріне құлады. Қомакты мұрнын еден ысырып, қанап қалды. Анадай жерден жыламсырап жүгіріп келген Қадиша мына масқарашылықтан төбеге ұрғандай есеңгіреп қалды.

– Көкен-ай, сен-ақ тірідей өлтіретің болдың-ау! – деді ол өксіп. Содан соң жасқа шыланған көзінен от шаша маған бір қарады да теріс айналып, жүріп кетті...

Енді міне, сол Қадиша жанымда отыр. Жалғыз отыр. Әлгі

қосағы – мұртты қара жоқ. Менің үнсіз кейпім Қадишаға да қолайсыз тигендей. «Жоқ, ол әуелі сүйіп қосылды ғой. Бәлкім, «Бас жарылса бөрік ішінде» деп, оның кейбір қылықтарын кешірген де шығар Қадиша» Мен Қадишаның жүзінен осының жауабын іздеп барлай қарадым. Ұзын кірпіктері асығыс қағылған құс қанатындай лыпылдап, әлде қалай жан толқынысын паш етіп тұр екен. Аяп кеттім.

– Қадиша қарсы болмасаңыз, билейікші? – дедім батылсыздау. Ол не істерін білмегендей сәл отырды да, қиналып орнынан тұрды. Билеп жүрміз. Жүзіне ауық-ауық көз тастап қоямын. Сипай тараған мақпал қара шаш, аппақ ақ мойын, лағыл иек, пісте мұрын. Сезімталдығын жұқа мұң пердесін көлегейлеген тұңғиық жанар. Ботаның өркешіндей тік біткен қос анар... Табиғаттың шебер қолымен жасалған сұлу мүсін... Мұртты қара қызғанса қызғанғандай-ау өзі. Жоқ, қызғаныш жігіт адам үшін бейшаралық болмақ. Шарасыз адам әрі қызғаншақ, әрі күншіл келеді. Егер сен өз жүрегіңе, өз бойыңдағы асыл қасиеттеріңе толық сенсең, несіне қызғанасың, кімнен қызғанасың?

Менің бір ақын досым мынадай бір өлең жазғаны бар:

Өмірде биік те бар, аласа бар,  
Жақсы да, жаман да бар жанаса алар.  
Жүрсе де мың толқынның арасында,  
Жақсы жар алтын басын арашалар.

Меніңше Қадиша өзінің алтын басын арашалай білетін жан сияқты. Әй, кім біледі, осы күні бақыты мінезін безеген, мінезі көркін безеген арулар азайып бара ма қалай?!

– Қар, Оңтүстіктің мақпал қары. Қыздар, жігіттер, далаға шығыңдар! – деп жар сала кірді үйге Үсеннің келіншегі. Бәріміз елең ете қалдық. Қар, ақша қар. Әр нәрсенің өз сезімі бар-ау! Солтүстікте қар, боран – ауыр еңбек. Ал, Оңтүстікте – алысқа сапар шеккен сүйікті адамың іспетті. Табиғат, тағдыр диалектикасы қандай шытырман еді? Үйдегілер дүрліге сыртқа шықты. Қадиша екеуміз де соңын ала шыққанбыз.

–Ту, шіркін! Қандай ғажайып түн! Айналайын табиғат-ай, шеберсің-ау! – деп ағынан ақтарыла сөйледі Қадиша.

–Шынында да табиғат шебер және сезімтал-ақ, бәрін де біледі. Ал, біздер, адамдар әлі күнге дейін кейде не істерімізді білмей

қаламыз. Адам санасының табиғат стихиясынан кешеуілдеп қалғаны ма, қалай? – дедім мен де тебірене.

Қадиша менің бетіме таңдана қарады да байсалды үнмен толқи сөйлеп кетті:

–Дұрыс айтасыз, таласым жоқ. Бірақ дәл қазір оны неге айттыңыз. Өттең, жігіттер-ай, әйтеуір бірінді-бірін мінеп, шенеп жүрмесендер болмайды-ау! Мейлі, табалай беріңіз, өтер іс өтіп кетті. Сіз Көкеннің жайын айтып тұрсыз ғой. Жастық, албырттық, көрсе қызарлық қой менің түбіме жеткен. Мен бар бақытты Көкеннің сырт көрінісінен іздеппін. «Өзінің сұлу ажарымен пышақпен ойнаған баладай ойнайтын, сөйтіп өзін жарақаттап алатын әйелдер болады,» - депті ғой кеменгер Гюго.

Мен оған қиыла, құмарта көз тастадым. Аспаннан төгілген ақша қар соншалықты пәктігімен, кіршіксіз тазалығымен оның сонау бір кезгі сәл шалыс басқан ізін, өкініш-мұңын біржола бүркеп, көмкеріп тастағысы келгендей ақ жүзіне, арай кірпігіне, алау ерніне үсті-үстіне қонып жатты.

*1975 ж.*



# ТҰТҚЫН ЖОЛАУШЫ

*Әңгіме*

Жаз жайлаудың қақ ортасы. Өр Алтайдың түрленген көркем табиғаты бұлықсып, кемеліне келген шағы. Аспанмен астасқан заңғар шоқыларды бауырлай біткен қалың қарағай, қайың, терек етекке қарай үйір-үйір, топ-топ болып тықыр кердің кигіздей ұйысқан қоңыр бас бетегелі белегірі мен құйқалы текшелеріне ұласып кетеді. Аспан көк, сай сала, тау дала көк. Сәске түстің көгілдір ауасы маужыратқан күллі әлем тыныштық құшағында мызғып кеткендей. Шоқ-шоқ бәлекей қарағайлар арасында үйір-үйір көкала, тобылғы торы, мақпал қара айғыр үйірлері, байырқалай жусап кейбірі, легімен изектей үйездеп суатқа қарай ақырын сырғуда. Бөктердің теріскей бетіндегі қайың шоғырын қапталдай қой тастай ұйлығып мың-мың актылы қой жусап жатыр.

Жылдағы дағдысымен Көксаланың Қасқабұлағына лыкси келіп қонған Бежең ауылы көшпелі қазаққа тәңірі силаған аз күнгі қызықтың думан көрігін құлаштай басып, шалғыны жапырыла қоймаған масаты көктің үстінде қаздай қалқып тұрған шағы.

Аумақты көк текшенің ен жазығына тігілген еңселі ақ ордалардан ауашарақ әлденеше мама ағаштың арасына керілген ешкі жүнін араластыра өскен жұмсақ қыл арқанды кермеде кекілдері күлтелене шұлғыған оншақты ерттеулі ат тұр.

Ортадағы ақорданың төріне жағалай жайласқан Бежеңнің сыйлас, дәмдес, қадірлі үзенгілестері, сары сүйек құдалары, күй атасын пір тұтатын өнерлі шәкірттері кердің бал қымызына мелдектеп, балдай тәтті күй бұлағынан да мейірі қана сусындап үй иесінің ыңғай беруімен сыртқа қарай ошарыла бет алды.

Ұлы қазақ даласынан киыр қонып, шет жайлап шығандап шыққан жауынгер он екі ата Абақкерейдің бір бұтағы Жанаттың елі қадірлеп Бежең атап кеткен әйгілі төрт би бір төресінің бірегейі Бейсенбі би құдай берген бақ-дәулет пен киелі өнерінің арқасында бұл күнде аумағын иекпен өргізіп, қабақпен жусатады дейтін дер шағында еді.

Ел ішіндегі жер дауы, жесір дауынан ұшығып кететін бір ала бүлік дүрбелең болмаса талай жылдан бері керейдің Бежеңді пір тұтатын жас-кәрісі етек жеңі жиналып төр жайлауға орныққан соң



осылайша жан-жақтан жиналып қонақ үстіне қонақ болып, құлақ құрышын қандыра күй тындайтын, келелі кеңес құрып, аталы ақыл, баталы тілектерін айтысатын.

Қымыз дастарканы жиналып жұрттың соңын ала қозғалған Беженнің алдына өзінің елгезек қолғанаттарының бірі жүгіне отыра қалып сыбырлай тіл қатты:

- Тақсыр, малшылар таңға жуық бір ұры ұстап алыпты.

- Е, қайда? Қалай ұсталыпты?

- Осы орданың іргесінен, қалғып отырған жерінен ұсталыпты. Малшылар қарсыласқан соң байлап біздің үйге әкеліпті. Менімен сөйлеспей қойды.

- Не дейді? Өзі ұры болады да іргеге келіп қалғып отыра ма? Оның ұры екенін қайдан білдіңдер?

- Тақсыр, ұры емей, мүсәпір деп пе едіңіз. Бізді шеніне де жуытар емес, бидің алдына апарыңдар, жауапты орда иесінің өзіне ғана қайтарамын деп қасарысады.

- Қызық екен. Тілегені би болса, алып кел онда, жауабын тыңдап көрелік.- Бежен басын шайқап жымың етті. Іштей «қалай да көп талқысын көріп, қар басқан түлкідей тәсілденіп алған құдың бірі болды ғой» деп ойлады.

Бидің сыйлы қонақтары түзде біраз сейілдеп, дәрет алып, бесін намазын көк майса үстінде оқып алды. Үйге жамырай кіріп жайғасқан соң түстікке арнайы сойылған бағланның уыздай тәтті етін сүйсіне жеп ас қайырды. Сәлден кейін екі жігіт екі шетінен қайқайта көтерген нөпір бауырсақ, шақпақ қант пен кесек-кесек науат, өрік-мейіз сықалған дастарқан қайта жайылды.

Ендігі сөз, жайлау салтанаты, биылғы шөптің жұғымы, малдың бажысы мен берілер зекет жайына ауыса бастады.

Бежен олардың әңгімесіне онша араласпай аршадан ойып жасатқан тоғыз перделі қызыл-күрең домбырасын қолына алды. Ойы ұйқышыл ұрыға қойылар сұрақ пен ол қайтаруы мүмкін беймәлім жауаптың мөлшерін сараптауға кетіп еді.

Кенет, есіктен соза сәлем беріп, кою, ұзын мұртты, қызыл шырайлы, төрт сайлы керей қалпақты, ықшам сыптығыр киінген отыздар шамасындағы еңгезердей жігіт кіріп келді де, екі қолын кеудесіне айқастыра ұстап ізет жасады.

Оны ертіп әкелген ауыл жігіттері босағаның екі жағына тұра

қалды. Үй толы қонақтар бейтаныстың өктем сәлемі мен мына монтаны тұрысының ара-жігін ажыратып бола алмай үздік-создық селқос амандасты.

- Иә, сен кімсің? Таң атқалы ауыл азаматтарын пішту құрлы көрмей менменсінген баукеспе неме осы ғой. Ал, сөйлегіш болсаң, сөйлеші енді, бидің алдында деп,- ауылдың тезқатарлау шақар кәриясының бірі қолма-қол жауап алғысы келіп.

Бежеңнің көп жылғы сарабал тәжірибесі бойынша белгісіз дауды шешудің кейбір тосыннан, төбеден ұрғандай шарай топтың алдына тастай салу арқылы да айбатын асырып, тығырыққа тіреудің ұтымдылығын білуші еді.

Ненің не екеніне түсінбеген аң-таң жұрт бірден шешіле алмай, биге жалтақтап отырғанда әлгі пысықай кәрия бұл адамның ұсталу, осында әкелу жайын айтып та қойды.

Ұры делінген бейтаныс жұрттың не айтқанына елең етпей қолын қусырған күйі үй-ішін жағалай шолып шықты. Төрдің оң жағын ала отырған домбыралы кісіге, одан сәл жоғары отырған бұқа мойын, ақ сары адамға шаншыла қадалып тұрып қалды.

Басында қара барқыттан сырып тігілген өрнекті тақия, үстіне қара пүліш пен жұрындалған қысқа жең, мәри жүнді құлын тері тайжақысын желбегей жамылған, беліндегі күміс сапысы оң жамбасына салбыраған Бежең салтанаты кімді де болса жалт қаратар еді.

Домбыра сыңар ішектеп ойлы, мұңлы күй тербейді. Бидің екі көзі жауапкердің қас-қабағын, ішкі жан толқынысын қалт жібермей бақылап, ақтара тексеріп қадалып тұр. Ал жауапкеріміздің де от шашқан өткір жанары күйшінің саусақтарымен бірге қозғалып былайғы дүниеден бейкабар жандай алаңсыз. Сәлден кейін, ол, алдыңғы үзіліп қалған әңгімесін жалғап әкеткен адамдай-ақ сөзді жай, нықтай бастай жөнелді.

- Жер көріп, ел тану ағамыздың салты, азаматтың міндеті екені белгілі ғой. Өздеріңіз сияқты аузы дуалы билер мен шешендер айтпаушы ма еді, торқалы той, топырақты өлім ортақ, батырдың маңдайы, шешеннің таңдайы ортақ, жүйріктің жүлдесі, балуанның білегі ортақ, шебердің қолы, қыранның қияғы ортақ деп. Сол бәрімізге ортақ қазынадан сыбаға дәметіп, жортып жүрген жолаушының бірі едім. Алдарыңызда кінәм болса да күнәм жоқ

екені Аллаға аян. Қан майданнан жау түсіргендей тектеп-тергеусіз байлап-матап тастау сіздің елдің қай жосынына жататынын сұрап білгім келеді, жақсылар.

- Әне, бұл өстіп кергиді, сен алдымен өз жөніңді жөндеп ал. Орда иесінің алдында ғана сөйлегіш, шіренбей сөйле қанекей. Көптің алды-талқы, бидің алды- тез. Қисықты тез ғана түзетеді. Сөз – шынына, пышақ – қынына тоқтайды, сен осыны есіңнен шығарма,- деді. Оны күні-түні әурелеп сөйлете алмаған ызалының бірі.

Бежең домбырасын кілт тоқтатып «жә, болар енді» - деп қалың қасты үлкен көзі жалт етіп жауапкерге бір, әлгі ауыл азаматына бір қарады. «Әй, дәу де болсаң қотандағы қойдың ірге жауы емес, алыстан ансап, қияннан тоят іздеген көкжалдың бірі болдың-ау.

Бопсалауын қарашы, өзінің. Өтініші – өкімдей. Шынында айшай жоқ байлап-матап тастағаны әбес болған екен. Бұл сойқаның өзімізді ұятқа қалдырмаса жарар еді. Жүйелі сөз жүйесін тауып жатса не шара.»

Мың өлшеп, бір пішетін ақылды би осыларды ойлап іштей шиыршық атып киналып отыр еді.

- Отыр, отырып-ақ сөйлей бер, жолаушым. Жол болсын демей сөз таппайтын, жоғары шық демей орын таппайтын мәнжубасқа ұқсамайтын көрінесің ғой. Қымыз құйындар, алдымен сусындап алсын.- Бежең дауысын жұмсарта айтты бұл сөздерді.

- Рахмет, аға, саяк кетсең басыңнан таяқ кетпейді дегенге онша сене бермеуші едім, амал нешік, оны да көріп жатырмыз. Мақұл, айтайын. Төрешіден қалса қалсын, айтушыдан қалмасын деген бар ғой.

Қобық жағын мекендеген аз уақтың баласы екен, бойындағы күші, жүрегіндегі жалын оты жас жанына тыным бермей қайда жиын, қайда той, сұлу қыз, көркем жігіт жағалап Ертістен өтіп Қаба, Буыршын елін аралап сауық-сайран құрғалы айлар өтіпті.

Жігерлі жігіт жүргіш, әрнені білгіш, іліккенін ілгіш келетіні бар емес пе, талабы тасқындап, жалыны жарқылдап тұрған сегіз қырлы бір сырлы жігіт жүрген жерін ән мен күйге бөлеп, күндердің күнінде Жантекейдің бір ауылына көбірек айналсоқтап қалса керек. Байдың меймандос думаншыл қыз-келіншектері жібермей танды-таңға ұлап сауық құрады.

Жолаушылап кеткен бай нөкерлерімен үйіне қайтып келгенде сол дырдудың үстінен шығады. Қыз-келіншектерін қызғанған ауылдың боқбасарлары байға шағым айтып шағыстырса керек. Жалғыз атты қаңғыбас біреудің бүкіл ауылын ауызына қаратып, шырқ иіріп алғанына намыстанған бай жолаушыға «әдейі жер шолып жүрген жансыз, баукеспе ұры екен» деп жала жауып ұстайды да «соңынан іздеушісі келгенше жібермеуге кісендеп тастайды.

Өнерлі өжет жігітті нақақ жазаға кимаған ауылдың қыз-келіншектері жесекшілерге сездірмей егеу апарып береді. Кісенді бұзған жаралы көкжал өш алғысы келіп қанша ширықса да өзіне тілеулес қыз-бозбаланың көңілін қимай, тып-тыныш ізім-қайым жоғалғысы келіп, өрістен алғаш кезіккен бір жаман керікті ұстап мініп жолға шығады. Қойшының мың салса бір баспайтын жауыр қу тулағы жүрісін өндірмей қашқын жігерін құм қылып, одан құтылғысы келеді.

Жер шолып, аныс аңдап, аш бөрідей алақтап тың тыңдайды. Арманы жел қанатты бір «жүйрікке қол жеткізіп туған ел қайдасын деп құстай ұшу. Осындай тәтті қиял жетегінде тепеңдеп келе жатып жарты түнде бір белегірден аса бергенде, төменнен, айлы түнге шағылысқан ақ ордаларға көзі түседі. Түнгі жортуылдың талай сынағынан сүрінбей өткен көкбөрің, ортадағы ақ орданың сыртында, керме толы қаңтарулы аттарды жазбай таниды. Арықты мінгенше аяғымды мінсемші деп құсаланып келе жатқанда құдай өзі беріп тұрған мынау жаратулардың бірін мініп, бірін қосарға алып тартып кетпей немене.

Таулы өңірдің мөлдір зенгірінде қалқыған толған ай жамбасқа келіп, түн ауса да ауыл әлі жатпаған екен. А, құдайлап Кермеге жақындаған қашқын елең етіп тоқтай қалды.

Міне, ғажап, дәл ортадағы ақ ордадан түнгі тұнық аспан әлеміне сиқырлы, сырлы әуен тарауда. Мың құбылып, асыр салған ерке әуен барған сайын анық, айқын естіліп баурап әкетіп барады. Құлағынан арқандалып қалғандай, қадамы кермеге емес, ақ ордаға қарай тәй-тәй басылғанын сезер емес. «Осындай да болады екен-ау, өңім бе, түсім бе? Дүние не боп барады, тіршілік тоқтап қалғандай, бұл не тылсымат?»

Таң асып шиыршық атып тұратын керме толы аттар да үнсіз мүлгіп, қалбаңдаған бейтаныс жанды елер емес. Жайшылықта

болмашыға елеуреп маңайды у-шу қылатын сақ төбеттер де үнсіз. Құлақтан кіріп бойды алған әсем үн, керім келісім, ерке ағыс неше күннен бергі аштық пен мимырт жүріс, шер көңіл, сезімтал жолаушының буынына түсе маужыратып, естен тандыра масайтып бара жатыр еді.

Алғашқы ойнақтап асыр салғандай делебесін қоздырған тентек ағыс бара-бара сылқым сылдырлы, құмбыл күбірлі шымырлаған терең нірімге шым батырып бара жатқанын бұл бейбак сезбей қалды.

- Мінеки, оның ақыры мынау болды, күй құмарлықтың пайдасы да, зияны да аз болмайды екен, тегінде менің бағым да, сорым да осыдан болатын шығар. Шынымды айтсам, мен ішпей-жемей-ақ масаңмын. Күй құдіреті мені еркімнен тыс жағдайға түсіргенін мынау ұр да жық тасыраңбайлар қайдан түсінсін.

- Айтыңызшы, сол ғажап күйлерді тартқан сіз емессіз бе? Жанаттың майталманы Бежең сіз емессіз бе?

Жын-перінің салқыны тиіп шалықтаған жандай елеуреп, алқына сөйлеген бейтаныстың мына кейпі кімді де болса бей-жай, сұле-сапа күйде қалдырмастай екен.

-Атың кім, қарағым,-деді Бежең елең етіп, өзіне аты таныс белгілі күйшілердің бірі емес пе екен деген әуестікпен.

-Атым елде Бәзғалам, түзде Жайыр болады.

Бежең оған сұраулы көзбен таңырқай карап бейтаныс қосар есімді кезек ырғап көрсе де дәп басып тани алмады. Сонда да «күй құмарлықтың пайдасы да, зияны да аз болмайды екен» деуіне қарағанда кейін шыққан жас перілердің бірі болар деген оймен:

-Ал, қанекей, күйге құмар болсаң, күйші шығарсың? Тартып жіберші,- деп өз домбырасын ұсына берді.

Ұй толы жан тым-тырыс, бейтаныстың қылт еткен қимыл қозғалысын қалт жібермей ентелей қалыпты.

Бұның да қайтпас көктің өзі сияқты. Іркілместен Бежең ұсынған домбыраны алған бетте ұзын, әлуетті білегін түре сыбанып жіберіп, малдас құра құлшынған алпамсадай жігіт көзі бал-бұл жанып, айнала топқа, сонсын Бежең от шаша қарады да:

- Иә, аруақ, өзің жар бола гөр. Дегеніңіз болсын, аға, - деді де дыңғыраған кішкентай қызыл домбыраның құлақ күйін тексермей-ақ өрлі төмен қағытып-құйғытып алды. Иә, шынымен кешелі бері

армандай аңсаған құс қанатты пырағына тақымы енді тигендей екпіндетіп, алды-артынан жел тұрғызар ереуіл күйдің бірін көсіп-көсіп жіберді.

Сонсын «аяқ алысым қалай екен» дегендей Бежеңе бір қарады да, отты жанарын аударып-төңкеріп қабағын шаншылта түйіп, домбырасын тыңқылдатып сәл байыз тапты. Сол-ақ екен қызылға төнген қырандай екі иығын қомдап, домбыраның астыңғы ішегін желпи орағытып, шымши шекіп, кейде сыдырта, орғыта ойнақтатып, ақ орданың сыртынан түнде естіген сарынды қоңыр шертпелерді бірінен соң бірін төпей сорғытып, сыдырта шертіп шықты. Салалы саусақтардың елпең қимылынан кейде еркелей ойнақтап, кейде мамырлай майпаңдап, кейде бебеулей зарлап, кейде ыңырана өксігендей сырлы саз әуені мол-молынан төгіліп жатыр. Кәдімгі майталман Бежеңнің кемел, шебер тартыс мәнерінен бір ауса-шы.

Соңғы бір жаңа, таныс сарынға ауысқан тұста бірер бұрма-бұрылыстан кейін сорғыған сұлу сарын кілт тоқтап қалды.

Қабағын ауырсына түйіп, тыжырынған қайсар жігіт, қарысқан оң саусақтарын сом білегімен қоса сипалағанда қыл арқан буындырған білеу-білеу көкала із тұтқынның бұл ауылдан көрген қорлығының куәсіндей бар адамға анық көрініс берді.

Аяусыз қинауды елемей сонша күйді мүдірмей тартып шыққан мына өлермен өжет тұтқын бөтендер алдында сыр бергісі келмегендей лып етіп орнынан тұрды. Домбыраны оң қолымен кеудесіне баса иіліп барып Бежеңе ұсына берді де:

- Айыпқа бұйырмаңыз, аға, одан арғысын есіме түсіре алмадым. Құдай ұрып сол тұста қалғып кетсем керек. Мынау құрғыр жаман қолмен /ол оң білегін жалаңаштай тағы сипап қойды/ құсалы ойдан қажыған жады жаңылып, күй ырғағын бұзып қате басқан тұстары болса, кешірім өтінемін. Мінеки, мендегі бар жағдай түсінген адамға осы. Енді не істеймін десеніз де өз еркіңіз біледі. Мен айтарымды айтып болдым, биеке. Тек естеріңізде болсын, мені ешкім де шоқпармен түсіріп алған жоқ. Мені тұтқын қылған аналар емес /ол босағада ауыл жігіттерін иегімен нұсқалды/ сіздің күй күдіретіңіз еді.

Тұтқын жігіттің найзағайдай жарқ-жұрқ еткен өжет қимылы, қол жетпестей асқақ дарыны, әсіресе, құйма құлақ тұтқырлығы

жұртты есінен таңдырғандай аң-таң күйге түсіп отырғанда, оның түптен тарта күмбірлей шығатын жігерлі үні мен дақ-дақ дәлелмен айтылатын қылаусыз сөздері еңселі ақ орданы билеп-төстеп алғалы қашан. Сөз құдіретіне табынып өскен Бежеңдей өнерлі жампоздың ауылында бөтен елдің мынадай майталман жорғасын байлап-матап ақ тәніне қара дақ түсірген оजारлығы жанына қатты батты.

Күйші жігіт ұсынған домбырасын аларын, алғанымен не істегіні біле алмай әре-тәре болып отырған Бежең ойы әр саққа кеткен еді. «Қазақта менен асқан қай күйшің бар?» деп іштей өзін-өзі мақтан көріп жүретін күпір ойынан ыңғайсызданып қалғандай ма, әлде сонша күйді үй сыртынан бір тыңдағаннан қағып ала қойған ала құйын жын перілігінің мысы басты ма?..

«Қалай десең де тегін адам болмады. Ел ішің – алтын кенішің. Күнмен тең нұр бар, мыңмен тең бір бар деген осы шығар. Найзағай да асылы бар жерге түспей ме? Бұл да болса құдайдың маған тартқан бір сыйы шығар. Тәуекел, ырғасып көрелік, қаншаға шабар екен».

- Жә, жолаушым, осы аңдысқанымыз да жетер, енді, түр орнынан, келші мына жерге, мұнда, - деп өзінің оң жағындағы аю терісі төсенішті алақанымен сипай қақты.

Сол-ақ екен, ілкіге созылған үнсіз сүкінатқа жан кірді. Кең дастарханды алқалай отырған бір өңкей қорғасындай салмақты игі жақсылар қоғадай жапырылып, қауқылдаса қошамет көрсете, қопандасып әбігер болды да қалды.

Жиегін алтындатқан сырлы аяқ толы қоңыр күрең қымызды күйші інісіне Бежең өзі ұсынып ілтипат көрсетті. Қымызға қанып, ащы тері бұрқырай шыққан қызыл шырайлы, науша жігіт мынадай сияпаттан кейін жұрттың көз алдында барған сайын жоталанып, аруағы аспандап бара жатқандай еді. Ұзын қара мұртының шалғысын құлағына қарай серпе қайыра тастап, дөңгелек шоқша сақалын салалы саусақтарымен қамти сауып, үй толы меймандарды, Бежеңнің таныстыруы бойынша жағалай, сынай қарап шықты. Керейдің біраз жақсы-жайсаңдары жиналған екен.

Оның көзі, осында кіргеннен шырамытып отырған өзінен жоғарырақ екі адамның аржағына шалқалай жайғасқан ақ сары өнді, құныстау, ет жеңді, бадырақ көз адамға шұқшия қадалды. Алғыр жады жаңылмапты. Береке төре деген берекесіздеу ескі та-

нысын жазбай таныды. Ол әлгінде ғана дәркүмәнді тұтқын ретінде босағада отырғанда кекетіп жанына тиетін сөз де айтып қалып еді.

Қайтесің, дүние кезек деген осы да. Шыңыраудан шыңға шыққандай желпінген жалау көңіл ойға алғанын айтқызбай қоймастай еді.

- Сіз мені таныған жоқсыз ба, төрем? –деп Береке төреге қарай еңсеріле бұрылып шалқалай, қиғаштай қарады.

- Жоқ, алла сақтасын, танымадым, көрмеген адамымсыз. – Төре өзін әлдене куәлікке тартардай абдырап, тұтыға кекештеніп қалды.

Тұтқын күйшіміз алдымен кеңкілдей күліп алды да, жағалай бір қарап қойып, тақпақтап сойлеп кетті.

- Е, қайдан танысың, танытын жөнің де жоқ шығар. Найман мен керейдің сорпасы мен қымызына әбден тойып, жалың құлағыңнан асқан соң, есің екеу, көзің төртеу бола қалған екен ғой. Әттең, астыңда маңдамы көк шолақ атың болса, үстінде жалба-жұлба сұр шекпенің болса, қолыңда қара шашақты мұқыл найзаң болса, өзің қашып-пысып кірерге тесік таппай жүрсең, мені бағана танып бас салар едің-ау! Мұның жөн-ақ. Үріккенде түйе жаман, қорыққанда төре жаман деген рас екен, сен төресің ғой. Күн ыстық болса саңмүйізіңмін деп тасқа шығып аласың, осылайша. Күн суық болса мүсәпіріңмін деп қуысқа кіріп аласың.

Бауыры суық, тегі жат сендердің тектеріңді кім тектепті?..

Бәженнің қадірлі қонақтарының үстінен жай түскендей болған мына пәлелі сөз шынында үлкен зілмен, қайнаған қыжылмен айтылып еді. Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты деген осы шығар. Кешелі бері қошамет-қолпашпен әуектетіп отырған ақ сүйек төре әп-сәтте жүні жығылып, аласарып кеткендей тұғжындап жалтақтайды.

Тұтқын «күйші» кеден, кеден болды, кедергі неден болды» деп ненің не екенін айыра алмай аңтарылған жұртқа осыдан он жыл бұрын ауылын Дәрбіттер шауып, өзі әрең бас сауғалап қашып жүргенде паналатып ес қатқан бозбала күйшіні ұмытып қалған төренің айыбын бетіне басып, бар жайды әңгімелеп берді...

Қиялы қияндағыны қалт жібермей қағып түсетін Беженнің сұңғылалығы бұл жерде де бір ес қатты. Ұшығып келе жатқан жайсыз әңгіменің бетін күлтелей көлегейлеп, май сылақпен жымын білдіргісі келмей, дауысын көтере:



- Тілеу – достан, қаза – қастан. Бары игінің – бәрі игі. Құдайдың пендеге көрсеткенінің ауыр-жеңілі. жақсы-жаманы бола ма? Кеңес – ақылдың кілті, ашу – сөздің бұлты. Кеңесімізді жалғайық, - деді,

Ол домбырасын құлшына қолға алып белгісіздеу саяқ әуенмен өрлі-қырлы шоқытып алды да, саған керегі осы емес пе еді, дегендей әлгінде ғана шертіп аяқтай алмай қалған күйі «Кеңесін» тарта жөнелді. Көбінше астыңғы ішекке салмақ сала ырғап толғай тартылатын бұл мұңлық, қиялшыл сарын қандай дүлей екпінді болса да шаужайлап тәубаға келтіріп, сабырға шақырып тоқтатпай қоймаушы еді.

Тұтқын күйші, шынымен күй мәжнүні екен. Жаңа ғана Береке төреге төнген дүлей ашудан жұрнақ та қалмаған сияқты, екі көзі шырадай жанып Бежеңнің саусақтарына қадала шаншылып отыр. Кейде алға қарай еңсеріліп-еңсеріліп қалады. Күй аяқтала бере қопан етіп, қолын домбыраға қарай соза берді. Бежеңе керегі де сол еді, домбыраны ұстата қойды.

Арқалы күйшінің былайғы дүниені ұмыта құлшынған мына қимылы кімді де болса сиқырдай арбап, қаумалай баурап алғандай еді.

Ол Бежеңнің «Кеңесін» айна қатесіз сылқылдата сыдыртып шықты да бұл өңір әлі ести қоймаған шыт жаңа, ерке сазды әуен қалықтады. Гүлдей әсем, көбелектің қанатындай жеңіл, кәусар бұлақтай мөлдір күй ырғағы алпыс екі тамыр бойлай шымырлай бүлкілдейді.

Дүбір шыкса аруақтанып, ауыздықпен алысатын қас тұлпардай елеуреп алған қос жүйрік қызыл күрең домбыраны кезек қақпақылдай түннің біруағына дейін өнер сайысына түсіп кеткенін ешкім де байқамай қалды.

Көкірегі күмбір күйге, дуалы сөзге қойма болған қайран Бежең тебірене толғағандай «мұны тағдырдың жомарт сыйы демей не дерсің? Керей керей болғалы тау жайлап, қыс қыстап талай сауық-сайран, той-думан көрген шығар, ал мынадай екеу ара, жеке дара өнер бәсекесіне түсіп таңды таңға ұлап арбасқан жекпе-жекті бұрын-соңды кім көріп, кім естіпті?

Үліңгір көлінің думанды құс базары мына ақ орда ішіне орнағандай. Мың сан құбылған сиқырлы әуен аспан астын, жер үстін кернеп, билеп-төстеп алған. Дыбыр-сыбырсыз ыммен ғана қозғалған күтушілер болмаса күй тұтқынына айналған былайғы

жұрт отырған орнында, әрқалай бейнеде қимылсыз қатып қалған.

Иә, дәл солай өр Алтайдың төр жайлауында, керейдің қасиет тұтқан қадірменді күй атасы Бежең ауылында әйгілі батыр Баянның өнерпаз ұрпағы Бәзғалам серімен болған күй бәсекесі келесі күнгі ұлы сәскеге дейін жалғасқан болатын.

Жүйріктен жүйрік шықса төрт аяғы тыпырлайды. Қос тұлпар ауыздықпен алысып, сардала төсінде бірде сар желіп, бірде екпіндете құйғытып, бірде майшаң жорғамен тайпалтып, жұп жазбай бір көсілтті-ай дерсің.

Өнерде шек жоқ, жақсыда кек жоқ дегенмен, сайыстың аты сайыс, күш атасын тани ма?

Қос саңлақ алдымен жеке дара көсіліп өздері білетін күйлердің бірыңғай інжу маржандарыш төгісіп еді. Сосын бірінші тартқанын бірі ізбе-із қайталап алғырлық-зерде сынына түсті. Сол екпінмен біраз сілтесіп барып, табан астында атын атап, түсін түстеп, жандарынан жаңа күйлер шығарып тартысты.

Құдай қуат беріп, аруақтар желеп жебесе адамның қай-қайдағы түсіне кірмес ғажайыптар жасай беретін көрінеді ғой. Ес кетіп, жан шықты-ау дейтін талма сәтте, күн ұлы сәскеге таянған шақта қонақ күйші бұған дейін көз көріп, құлақ естімеген жаңа өнер ашты. Ол қарысқан саусақтарын сипай уқалап Бәжеңе, одан айнала топқа жалт-жұлт бір қарап шықты. Аяғын көсіліп жіберіп, өкшесіндегі батқысы шодырайған биік өкше көксауыр етігін жұлып-жұлып тастады да, бір жамбастай отыра қалып оң аяғының бақайымен майпаңдатып жаңа бір күйді тартып ала жөнелді. Күй мың құбылып, әр саққа жүгіріп жолаушының шым-шытырақ, тар жол тайғақ кешуі өмір жолынан, тағдыр-тәлейінен сыр шертіп тұрғандай еді. Күй аяқталды. Алты айырығынан тер шүмектеген олермен күй жампозы Бежеңе айқұлақтана еркелей қарап:

- Би аға, егер қабыл алсаңыз осы күйімді сіздің асқақ тұлғаңызға бас иіп, құрмет еткенімнің белгісі ретінде арнағым келіп отыр. Сізге ұнаса атын «Жолаушы» деп қойсам деймін, - деді.

Онсыз да адам қабілетінің шексіз мүмкіндігіне тәнті болып әрең отырған Бежең уақтың даусыз өнер саңлағын жерден тік көтере тұрғызып, тершіген ай маңдайын, арай жүзін өзінің кестелі шайы орамалымен аялай сүртіп, құшырлана құшақтады.

- Бәрекемді, қабыл алдым. Жемнің сабазым! Оздың пырағым! Жол сенікі, жеңілдім. Талабың өр Алтайдай асқақтасын. Мерейің

кара Ертістей тасысын! – деп бата берді.

Домбыраның қатты бұралған ішегіндей шиыршық атып дыңылдаған алқынды көңіл ауаны орнына келейін деді. Күні-түні әлемнің бар салмағы иықтарына түскендей шаншылып отырған тыңдарман көпшілік «Уһ» десіп кең тыныс алды. Жамырай сөйлеп рахмет алғыстарын жаудырды.

Жұрт сырлы тостағандар толы салқын қымызға бас қойғанда Бежең домбырасын қайта қолға алып, мейірімге толы қара көзі бал-бұл жана белгісіз бір жаңа сарын, тың әуенге құлаш ұрып отыр еді. Күй әуені бірыңғай асып-төгілген асау арыннан көрі сабасына түсіп, сабыр сақтаған, маңғаз аянмен баяулай аяқталады екен.

Бежең дауысын кеней жұмсақ мейірімді, бипаз үнмен күйшіге қарап:

- Бұл күйімнің аты «Жеңілдім» болсын. Өзіңе арнадым, жүйрігім. Орамал тон болмайды, жол болады демекші жолыңды да аларсың, жоралғың да жасала жатар. Біз жақтан кеткен ағаттықтарға кешірім сұраймын. Ер шекіспей, бекіспейді. Бекіскеніміздің де, қияметтік достығымыздың да куәсі болсын мына ақ дастархан, мынау тартылған сенің «Жолаушыңмен» менің «Жеңілдімім». Келші, бауырым, атам қазақ жолымен төстесіп қауышайық.

Керей мен уақтың біртуар ұлы перзенттерінің айкасқан қолдары жазылмай айқара құшақтасқан күйі ұзақ тұрды.

Неше уақыттан бері жолы болмай, құсаланып жүрген уақтың шерлі өнерпазы Бөжеңнің мына ақ еділ дарқан пейіліне, жомарт, мәрттігіне дән риза болғандығы сонша, көзіне ыстық жас алып, тебіреніс үстінде өлендетіп жіберді:

Шыға алмай жаман жүрер туған жерде

Қайда да ер жүреді сыйған жерде.

Сайраңдап сардаланы кешіп келіп,

Өнерпаз атым шықты-ау сіздің елде.

Рахмет, би аға, мен де қарыздар болып қалмаспын, жүрген жерімде атыңызды дұғамдай жаттап, даңқыңызды асырып жүрермін. Сіз жеңілген жоқсыз, олай деменіз, сіз жеңілдім десеніз де, менің алдымда жеңімпазсыз. Маған ешқандай жолдың да, жоралғының да керегі жоқ, осы көрген сыйым да, баталы тілегім де қалған өміріме жетерлік азық деп білемін.

*01.08.1991 ж.*



*Естелік - эсселер*



## ДОС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНҒАНДА...

Адам баласы қандай да бір нәрсені өз басынан өткермей өмірдің мән-мағынасын, әсіресе адамдардың өзара қарым-қатынасындағы кісілік пен пендешіліктің, ірілік пен ұсақтықтың, адалдық пен опасыздықтың ара жігін ажырата танып білуге келгенде ылғи да мұлт кете беретіні несі екен?

Бір қарасаң адамнан өткен кемел жаратылыс жоқ сияқты, ал бір шегініп өткен-кеткенге, жан-жағыңа, алыс-жақыныңа көңіл көзімен барлай, сынай, таразылай қарасаң адамнан өткен қатігез, жауыз әрі тұрақ-тұрлауы баянсыз, қанағат-шапағаттан жұрдай қара тобырдан басқа еш нәрсе көре алмай, тіршіліктен түңіліп кетесің.

Мен кейде өзімді жүз жасаған қарттай сезінсем, бірде жарық дүниеге жарқ етіп келе салып, жалт етіп өте шығатындай еш нәрсе де көріп үлгірмеген бір кездейсоқ жан иесіндей сезінетін болып жүрмін. Өмірдің көбі өтіп, азы қалыпты. Кеше ғана көз алдында мәңгі бірге жүре беретіндей көретін ата-әже, әке-шеше, аға-апайларың түгілі, өмірдің «тар жол, тайғақ кешулерін» бірге басып, біте қайнасқан қатар-құрбы, дос-жолдастарының өзі жыл сайын бақилық сапарға аттанып, қатарың өрт шалған ормандай сиреп кеткенін ойлағанда басыңды үрей билеп, жігерің құм болғандай бейшара хал кешеді екенсің. Данышпан қазақ ондай ауыр халды жеңілдеткісі келгендей сыпайылап қана, «шеткі ауыл көшсе, ортаңғы ауыл шет болады» - деп алдарқатады, әрі ишарамен «етек-жеңілді жина, шырақ» деп ескерту жасайды.

Осыдан түп-тура 16 жыл бұрын, дәлірекайтқанда 1993-жылдың көктемінде бәрімізге сүйікті, бек мейірбан, баладай пәк көңілді жолдасымыз Асхат Бабалық 4 мүшелінде бейдауа бауыр ауруынан қайтыс болып кеткенде жора-жолдастар алдында мен сол халық даналығын еске алып, «ағайындар біздің ауылға да жау шаба бастады, біздің өрісімізге де өрт ұшқыны іліне бастады, қамшының сабындай қысқа ғұмырдың қадірін білейік, осы күнгідей бір-бірімізге орынсыз өкпе-реніш артып тоң-теріс жүргенді қояйық, қатын-баланың ұсақ-түйек ызыңына елтіп қиын-қыстау күндерде ес қатқан, бір-біріне сүйеу-тіреу болған достық қарым-қатынасқа селкеу түсірмейік. Бір-біріміздің қадір-қасиетімізді бағалап, аялап жүрейік, киімнің жаңасы жақсы болғанмен жолдастың ескісі жақсы екенін ұмытпайық» - деп едім.

Олай деуге себеп жетерлік болатын. Бірақ сол сабан-топыр себеп дегендерінің өзі шынтуайтқа келгенде түкке тұрмайтын, пенделік өсек-аяндар екеніне қарамай, кеше ғана «Өлсек бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбеден табыламыз» деп анттасқан қанды көйлек жолдастарды «суық соғыс» жағдайына жеткізе шақ қалған бір тұс болатын.

Содан бері талай таң атып, талай күн багты, жылдар жылжып өтіп жатыр. Сол аралықта талай ардақты адамдарымызды келмес сапарға аттандырып аһ ұрсақ, өмірге талай ұрпақ келіп «ат тұяғын тай басар» болып жатыр.

Мен талай ақын-жазушылар мен көрнекті тұлғалар жөнінде естелік жазған замандастарының аса бір қиналыспен, терең тебіреніске түсіп «...ол туралы жазу маған сонша ауыр, сонша қиын» дегендеріне онша мән бермеген екенмін. «Өзі сонша жақсы білетін адам жөнінде жазудың қаншалық қиындығы бар екен?» - деп таңданғандай болатынмын.

Бұны «таңданыс» дегеннен көрі пендешілік, басқалардың басына түскен ауыртпашылықты сезіне алмаған бейғамдық деген жөн сияқты. Қазақтың ауыр сөздерінің бірі «өз басыңа келсін» емес пе еді?.. Мінеки, сол азапты қиналыс менің өз басыма келіпті. Осыдан 10 жыл бұрын, 37 жылдық қанды көйлек досым, тағдырлас бауырым Айтан Нүсіпханды мәңгілік сапарға аттандырып, артында аңырап қалып едік. Аяулы дос туралы естелік жазу қажеттігін сезініп, қолыма қалам ұстағалы жылға таяу уақыт өтіп барады екен. Денсаулықтан айрылып қалғаным өз алдына, ең бастысы – марқұм досың туралы жазудың азабы, қиындығы екендігі.

Өткен өмірің алақандағыдай айқын бола тұра нені жазу керек, нені жазбау керек дегенде біресе сайқал саясатқа, біресе алыс-жақындағы тағдырлас достарыңның қоғамдық жағдайына, тағдыр-тәлейіне алаңдасақ, бірде марқұм досыңның өзіне қатысты өмір жолдарында кездескен қилы-қилы көшулердің бәрін ашып жаза алмайтынын сарсаң күйге түсіреді екен...

Біз, Айтан екеуіміз Қытайда туып-өстік, мен орта мектепті 1961 жылы, ал Айтан 1962 жылы бітірді. Біздің бағымызға қарай орта мектепті негізінен Қазақстанда басылған қазақ мектептеріне арналған оқулықтар бойынша оқып білім алдық. Сорымызға қарай, 1962 жылғы аты-шулы «29-май Іле-Шәуешек қанды оқиғасынан»

бастап ашық жауласқан қытай-орыс қарым-қатынасының кесірінен бүкіл оқулықтар тәркіленіп қапасқа камалды да, оның орнына алғашында жеке авторлар дайындаған конспектілік оқулықсымақтармен, кейінірек Білім уәзірлігі дайындаған ұр да-жық саяси ұранға толы қытайлық бағдарламалар бойынша оқи бастадық.

Бір жамандықтың бір жақсылығы болары да ақиқат қой. Біз қытай тілін оқып-игеру арқылы бай қытай әдебиетімен танысу орайына ие болдық. Қытай тіл әдебиеті факультетінде оқитын біздер мен саяси заң факультетінде оқитын Айтан сияқтылыр қытай әдебиетінің классигі саналатын Ли Бэй, Ду Фу, Бэй Жуи, Лу Шүн мен Го Моролардың ұйғырша, қазақша аудармаларын, кейінірек өзіміз де түп нұсқасын жұлып-тартып оқи алатын дәрежеге жете бастап едік.

Өткенді еске алып отырған осынау ал-дал сәтте менің есіме Лу Шүннің «Егер өлгендер тірілердің жүрегінен орын ала алмаған болса, онда оның шынымен-ақ өлгені» дейтін катал өкімдей сөзі орала кетті. Сол сәтте, әрине мен Айтан туралы ойладым. Егер де тарихи шындықтың бетіне тура қарап, әділін айтар болсақ, менің ғана емес, XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Қытайдағы және Қазақстандағы көзі ашық, көкірегі ояу талай қазақ, ұйғыр, моңғол, қытай, орыстардың да жүрегінен өз орнын алып, бедер бейнесін орнықтырып кеткен Айтан Нүсіпханұлы туралы еш қорашсынбай марқұмның рухына арнап мадақ сөз айтуға тиіс екенімізге көзім анық жетті.

Қайран, Айтан! Жанпозым-ай, сен кеше ғана қабырғаң қайыса мұнайып тұрып, арнап «Қайғынды қайран қазақ арқаладым» деп шерлене жыр төгіп едің-ау. Сен шынында халқыңның қайғы қасіреті мен аманатын арқалаған кәтепті қара нар едің.

Иә, марқұмның бұлай айтуға моральдық құқы бар еді. Осы арада Айтанды жерлеп қайтқан күннің ертеңінде жазған жүрек жарды күнделігімнен үзінді келтіре отырып шерімді ақтара айтқым келеді...

«01.12.1999 жыл. Жексенбі. Күн шайдай ашық. Қоңыр күздің жылымық бір сәті. Сонымен Айтан байғұсты Кеңсайдың бір төбесінің басына шоқитып қойып қайттық. Кеңсай бейітіне барып жату талайдың пенделік арманы екені жасырын емес. Бірақ шы-

нын айтқанда түкке тұрмайтын тыраш, мақтан, мағынасыз арман ғой. «Өлдің, қор болдың Мамай!» демей ме! Өлімнің ақиқаты сол-ақ.

Мен қаралы жиында екінші болып сөз сөйледім. Сөйлегенім құрысын, үгіліп, егіліп шашылып қала жаздадым.

*Өмір деген шолақ депті,*

*Жан кеудеге қонақ депті.*

*Ақирет деген бір киім,*

*Алып қайтар сол-ақ депті!*

Паһ, шіркін! Шал Құлеке данышпаным мың-мың жылдық тарих пен пәни ғұмырыңның жұмбағын төрт-ақ жол жырға қалай сыйғызып айтқан десеңші! Шынында бар болғаны «Сол-ақ» екен ғой.

Өзегімді өкініш атты алау өрт өртеп, жан азабына түскенім-ай... Орны толмас, аяусыз өкініш...

Біз бір жылдан бері қалада тұрып, мүлдем хабар-ошарсыз кеткен едік. Бұл бір ақылға сыймас, кешіруге келмес, естіген құлаққа түрпідей тиер сорақылық еді.

Шындығын айтқанда, соңғы жылдары себепсізден-себепсіз арамыз суып, барыс-келіс, алыс-берісіміз сирексіп кетті.

Адам пенде өзін кінәлауға келгенде мүлде қауқарсыз ғой, әйтсе де мен өз тарапымнан байланысымызды үзіп алмауға мүмкіндігінше тырысып, телефондасып тұрғаным рас еді. Бірақ, марқұм өз тарапынан бір рет болса да ондай қадам жасамады.

Біздің соңғы кездесіп сөйлескеніміз 1998-жылдың соңғы айларының бір күні болды. Ол кезде Айтан Нұрқаділов басқарып тұрған Алматы қалалық әкімшілігінің Мұрат Әуезов жетекшілік ететін «Тілдерді дамыту» бөлімінде қызмет ететін. Мен Ғылым Академиясының тарих және этнология институтында істеп жүргем. Жұмыстан етререк қайтып өкімет үйіндегі Айтанның кабинетіне іздеп бардым. Екеуіміз түстеніп алып үйге қайту үшін ескі алаңды кесіп өтіп аялдамаға келе жатқанымызды ол маған қатқыл үнмен: «Сен, осы, әлі күнге дейін 17 жыл бойы азаматтық ала алмай «Лицо без гражданствомен» жүргенінді менен көретін сияқтысың ғой. Олай ойлауға қандай негізің бар? Менің жанымды неге ауырта бересің,- деп зіркілдеді. Мен оған былай дедім: «Айтеке, сен де менің ескі жарамның аузын тырнама. 17 жылдың



дауын сен Мәскеуде жүргенде 1984 жылы өзіне жазған бір хатымда ашына отырып жазған едім ғой. Есіңе түсіріп көрші, болмаса үйіңе барған соң хаттарды парақтап көр. Сол хатымда сенің атыңа ауыр-ауыр сөздер айтқаным рас. Ал, сен ол кезде менің басымнан нелер өтіп жатқанын білсең еді. Екі күннің бірінде КГБ мен учаскелік милицияның сүмелектері менің соңыма түсіп, аңдуын күшейтіп, алақандай Шұбар ауылында көзге түрткі болып жүргем. Сондай бір тексеріс кезегінде Шымкент облыстық КГБ-ын аға лейтенанты мен учаскелік милиция мен істейтін №146 СКТУ-дің (СПТУ) жұмысшылар комитетінің басшысы Молдияр ағамызды алдына салып біздің үйге келіп мені сұрайды. Мариям менің үйде жоқ екенімді айтса сенбей, үйге кіріп шифоньерді ашып, төсектің астына үніліп, бала-шағаның берекесін алады. Мен үйге келсем балаларым үрпісіп, болған оқиғаны баяндап берді. Ызыдан, намыстан жарылып кете жаздадым. Кімге тиісерімді, кімге мұң шағарымды білмей құсалықтан саған ұзақ хат жаздым. Хаттын тоқ етер мазмұны шамамен есімде: Айтан-ау, сен екеуіміздің өмірбаянымыз бен тағдыр-тәлейімізде не айырмашылық, не өзгешілік бар еді. Екеуіміз бір адам сияқты ғұмыр кешіп едік қой. Не көрсек бірге көрмеп пе едік. Енді келіп. Мен мынадай бейшара күй кешіп жүргенде сен орыстың бел баласындай болып Мәскеуде алшаң басып жүрсің. Сен өзі кімсің? Кім болып кеттің?

Баяғы 37-нің зобалаңында басын бәйгеге тігіп «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деп қасқая сөйлепті дейтін Ғабит Мүсірепов құсап «Әлімғазы сенімсіз болса, қытайдың адамы болса, мен де солмын», - деп достық, жолдастық сөзіңді неге айта алмайсың? Әлде менің өлігімді баспалдақ етіп Мәскеуге жол таптың ба? Мені сатқан опасыз «отандастар» қатарына сен де қосылып кеткеннен саусың ба? Мен осылай сорлап жүргенде, сен қай бетінмен Мәскеуде тайрандап жүрсің?» - деп қатты ашына сенің намысыңа тие жазғаным есімде.

Енді қайтейін? Қайда, кімге не айтармын. Жаны күйген тәңірісін қарғайдының кері ғой, баяғы.

Ал содан бері мен кімге, не деп сен туралы жаман сөз айтыппын? Оны не үшін, қандай қажеттілік үшін айтуға тиіспін? Ештен де кеш жақсы демекші 1986-жылдың 15-қыркүйегінде мен де азаматтық паспорт алдым. Жолым ашылды. Алматыда бір жер-

де болайық, бала-шаға жат болмасын,- деп осында бас қостық, сондағы жеткен жеріміз мынау болды.

1999 жылдың 1 қарашасындағы күнделіктің осы арасына бір қосымша қыстыра кетуді қажет көрдім: «Иә, сонымен мен де сарыла, сансырай жүріп 1986 жылдың 15-қыркүйегінде Кеңестер елінің азаматтығы төлқұжатына ие болдым. Төлқұжатты алатын болғанымды сол кездегі Шымкент облысы МҚК (КГБ) басқармасынан үйіме арнайы «сүйіншілеп» келген екі «үндемес» қазақ офицері жеткізді. Бұған дейінгі 17 жылдық запыран басыма шапшығандай бір азапты күйге түскенім әлі есімде. Мен сол сәтте қой соңында сандалып өткен үш жылымды, толықсыз орта мектептің куәлігі мен толық орта мектептің аттестатын алу жолындағы сарсандарды 40 рубльдік шәкірт ақымен пединститутта оқыған қиындығы да қызығарлығы де жетерлік төрт жылды, МҚК бақылауынан аулақ кеткім келіп (олардың қолы ауылға жетпейтіндей-ақ) Бөген ауданының Шұбар селосына барып, сонда өткізген азапты 10 жылымды, Мәскеуден Алматыға дейінгі партия-өкімет басшыларына азаматтық алу жөнінде жазған 7 арызыма ешбір анықтама-түсініктемесіз бір жылдан кейін «временно отказать» деп келетін мазақ жауаптарын есіме түсіріп, көңілім астаңкестең болды. Іштей бір тегеурінді қарсылық жиіркеніш сезімі бойымды билеп әкетті.

...Сүйіншілеріңе еш нәрсе атағым келмей отыр,- деп өңімді суыта қарадым екеуіне.

Мінеки, құжат бойынша жасым 43-ке толыпты. Өмірімнің ең жігерлі, жалынды, құлшынған 17 жылын сендердің кесірлеріңнен еңіреп өткізіппін, шығармашылықпен, ғылыммен айналысар алтын уақыт зая кетті. Енді маған осы совет паспорты неме керек?

Екі «үндемесімнің» үні ішіне түсіп маған ытырына қарады - Иә, ағайындар сол қызыл қапсырмаларыңды алмай-ақ қояйыншы, бұрындары облыс көлемінен шығармаушы едіңдер, кейінгі кезде бір ауданнан, тіпті Шұбар селосынан шығармай мырза қамақта 17 жылды өткіздіңдер, енді маған Алматы, Мәскеу барудың қажеті де қалған жоқ осы ауылда балаларымды өсіріп, осы ауылдың анау төбесінен екі метр жер бұйырса соған разымын, - дедім.

Екі үндемесіме тіл бітті. Мені олай да бұлай да ырғап көрді. Мен оларға мынадай талап қойдым:

- Мақұл, алайын-ақ, бірақ бір шартым бар; мені 17 жыл бойы совет Өкіметінің жауы, қытай агенті етіп шығару үшін қолдарыңнан келгенінің бәрін істедіңдер. Мен осы күнге дейін өзіммен Қытайдан бірге келген алыс-жақын жолдастарымның бәрінен күмәнданып, «мені қайсысың, қалай саттыңдар-ей» деп келдім. Ендігі қалған өмірімді тағы да солай күмәнмен өткізіп күнәкар болғым келмейді. Сондықтан сендер сол азаптан құтқару үшін мені кім сатқанын айтып, арылыңдар,- деп қасардым.

Үндеместерім: Оған сен туралы дұрыс мәлімет бермеген жолдастарың кінәлі, ал сол мәліметтің дұрыс-бұрысын дер кезінде анықтап бермеген біздің адамдар да кінәлі. Бірақ өтер іс өтті. Біздің елдің заңы бойынша сенің талабыңды орындай алмаймыз 37-жылдың қара материалдары да құпия күйінде сақталып, жойылды. Адамдар арасына өшпенділік, кекшілдік ұрығы себілмесін дегенді басшылыққа аламыз. - деп заңын көлденең тартты.

- Сендердің кінәлі екендерің онсыз да белгілі ғой. Жерлес жолдастарымның ішінде кімдер сатқанын да шамалаймын. Бірақ соның анығын білгім келеді, егер ол талабым орындалмаса, айтқаным айтқан, паспорттарыңды алмаймын, - дедім.

- Ойланып сөйлеңіз. Совет өкіметімен олай ойнауға болмайды. Совет азаматтығын жазуға өтініш жазып, енді бас тарту сізге қымбатқа түседі. Қытайдағы әке-шешенізді шақыртып отырсыз. Қолыңыздағы «Лицо без гражданства» бойынша сіз оларды шақырта алмайсыз. Тіпті ата-анаңызды мәңгі көре алмайтындай жағдайға душар боласыз, - деп менің ең жанды жерімнен ұстап, белден ұрғандай сылқ еткізді.

Мен ойлана келе, амалсыз көндім. Көнбей қайтейін? Қартайған әке-шешемді көзі тірісінде бір көруден артық не бар еді?

Мен өзімнің 17 жыл бойы төлқұжатсыз бір ауылдан шыға алмай кенбай болғанымды, Совет Одағы азаматтығын қалай алғанымды, үндеместермен болған соңғы сөз қақтығыстарымды марқұм Айтанға да, әңгімеден әңгіме шыққанда басқа ортада да айтып жүретінмін. Бірақ, ешқашан да және ешкімге де ол үшін Айтекенді күнәкар етіп айтып көрген емеспін. Ашу үстінде ондай күнәкар сөз айтуға қажеттілік те болған емес. Мен екі дүниеде де Айтан досымды ондай қиянатқа қия алмасым Аллаға да, адамға да анық еді».

- Мен хабарласпасам айтап-жылдап хабарласуға құлқың жоқ. Мұны қалай түсінуге болады?- дедім.

- Хабарласқың келсе хабарлас, үйге келгің келмесе кафеде, асханада бас қосып әңгімелесерміз,- дедің.

- Оу, Айтеке, өйтіп зорланбай-ақ қояйық, біз ондай жерде бас қосып, қонақ болысатын неміс емеспіз ғой.- дедім.

Содан кейін ай аттап, жыл жылыстап, 1999 жылдың қарашасы келіп қалыпты. Таңертеңгі шай үстінде Мәжит деген күйеу жігіт үйге келіп «Айтан ағадан айрылып қалдық» деп еңіреген бойы мені құшақтап қаралы хабарды жеткізді.

Төбемнен жай түскендей болып есеңгіреп қалдым.

Өзегім өртеніп кетті. Бұдан өткен сұмдық, өкініш болар ма, сірә?! Тірі адамның ертелі-кеш әйтеуір бір күн өлері, жанған шырағы сөнері хақ қой. Бірақ, мынадай өлім, мынадай қаралы естірту мен үшін өте ауыр болды.

Қолымды көкірегіме қойып айтайыншы: Мен өзімді Айтанның жарты бөлшегіндей, егіздің сыңарындай көруші едім. Жан серігімнен айрылудың өкінішті өксігі көкірек қуысыма сыймай тұла бойымды кернеп барады. Жыладымы... Қан жұта жыладымы. Өксігімді баса алмай еңіредім...

Айтаным-ау! Біз бұлай айрылысуға тиіс емес едік қой. Өкпеге қиғанмен сені өлімге қалай қиярмын... Сен қиналған, сен жан-тән азабына түсіп жатқан сәттеріңде қасында болуым керек еді ғой. Тым құрысы ақтық минуттарыңда бақиласып, арыздасып қалуымыз керек еді ғой! Біз өйте алмадық, қаралы хабар біреу арқылы жетті. Не деген итшілік, не деген опасыз едің жалған дүние! Біз осылай айрылысамыз деп ойлап па едік?!

Менің тауым шағылды! Айдын көлім суалды! Қанатымнан қайрылды-ау шынымен-ақ! Бәрі бітті!..

Мен ғана емес-ау! Ей, тайқы маңдай қазақ, сен кімнен айрылғаныңды білсең ғой! Марқұм ұланның өзі сонау жылдары жазып кеткеніндей:

*Жанатұғын жерімде жана алмадым,*

*Қанатұғын көлімнен қана алмадым.*

*Қайда менің уыздай пәк арманым,*

*Тағы алдадың, сұм тағдыр тағы алдадың?!*

Сұм тағдыр бұл жолы алдап қана қойған жоқ, қапыда

опасыздықпен бассалып біржола сорлатып кетті.

Әттең, мына алмағайып заманда сен бәрімізге керек-ақ едің. Алаулап жанатын, небір тамаша, ойлы, отты шығармалар жазатын шағың енді туып келе жатыр еді.

Сен шынымен-ақ жаңа ойлар мен жаңа, ділгір идеялардың көсем, шешен сөздердің бұрқырыған қайнар көзі сияқты едің. Сенімен бірге болған 40 жылға таяу уақыт ішінде саған әбден бауыр басып кеткенім сонша, сен мен үшін де, басқалар үшін де не керегін біліп, түсініп тұрғандай алаңсыз болатынымын. Сен ылғи да мен ойламаған, ойласам да түкпірлеп жеріне жеткізе қоймаған ойлар мен ұсыныстарды топ-тобы, лек-легімен ағылтушы едің-ау! Әдетте, елеусіз, қатардағы бір нәрседей көрінетін мәселелер сенің аузыңнан шыққанда, іріленіп, түрлене құлпырып, салмақтанып сала беруші еді.

Сен шын мәнінде жаңа идеялар мен тегеурінді қозғалыстар үшін, мемлекеттік ірі істер үшін жаралған жан едің.

Мен оны сен жоқ жерде жора-жолдастарыма еш қысылмастан ашық айтып, сенімен мақтанушы едім.

Ал, жеке адам, ет пен сүйектен жаралған пенде ретінде бір басыңда жетерлік міндерің, кемшіліктерің де бар еді-ау! Оларды тізбелеп бір нәрсе айтайын деп отырғам жоқ.

Айтекем-ау, бұл өмірде сені менен артық білетін, сені менен артық түсінетін, бағалай білетін, керек жерінде сынап-міней алатын кім бар еді? Өзіңе де талай айтып едім ғой. Сені туған әкен мен шешен де, қойнындағы қатының да менен артық білмейді. Сен де мені дәл солай білесің деп... Анық ақиқат солай болатын.

Өмір жетсе, орайы келсе сен жайлы ең мағыналы, ең кемел де көркем сөзді қағаз бетіне мен ғана түсіретін шығармын. Ол менің сенің аруағың алдындағы парызым деп білемін. Басқаша не деуге болады?!

Ертең 4-қараша, сенің жетінді беріп, ата дәстүрді, мұсылмандық сүннәмізді орындаймыз. Қабыл болғай!»

Қаралы күні қабырғам қайыса отырып жазған күнделігімді толық көшіруге бекідім. Өйткені не жазылса да, қалай жазылса да сол сәттердегі жүрек лүпілі, сезім толқынысы бүкпесіз, есеп-қисапсыз қағазға түскені анық қой.

Иә, сен жәйлі жазылар «ең мағыналы, ең кемел де көркем сөзді

қағаз бетіне мен ғана түсіретін шығармын», деп серт еткендей болғаныммен ол оңай шаруа болмай шықты.

Өмірден өткен ең жақын адамың жөнінде естелік жазудың қиындығын айтып толғанған қаламгерлердің көңіл-күйін енді ғана түсінген сияқтымын. Ал, 40 жылдан бері құдайдан жасырмағанмен адамдардан жасырып айта алмай келген сұрапыл жылдар шындығын ашып айтпай тұрып Айтан туралы, сайып келгенде өзім туралы жүрек жарды сөз айттым деудің жөнсіздігін біле тұра әлі де көп нәрсені бүгіп қалуға мәжбүр екенімді ойлап қатты ширықтым...

Әтсе де сөзді арыдан – жастық шақ естеліктерінен бастап көрсем қайтеді? Қанша айтқанмен біз өмірді солай бастап едік қой.

*Бәріміз де жас едік, жігерлі едік,*

*Асқарына өмірдің бір өрледік.*

*Бәріміздің жанымыз сүттен аппақ,*

*Судан таза еді зой түгел дерлік.*

*От сезімге ораған парасатын,*

*Ортамызда көп еді тамаша ақын.*

*Көңілдердің ұшырған «ағаш атын»,*

*Арманымыз әдемі жарасатын.*

Осынау жалын атқан жыр жолдарын Айтан 1973-жылы Алматыдағы жиһаз фабрикасында жұмысшы болып істеп жүгенде жазған. Ойлаған ой, аңсаған арман әдірем қалып, бас бостандығына зар болып жүргенде «Қайда менің уыздай пәк арманым»?! – деп, әлемге жар салғандай болып еді.

1961 жылы Іле қазақ облысына қарасты Күнес ауданындағы 10 жылдық қазақ орта мектебін тамамдап 9-айда Үрімжідегі Шинжияң пединститутының дайындық бөліміне қабылданып, қытай, ұйғыр тілдері бойынша дайындықтан өтіп жатқан кезіміз. 1962-жылы дәл сол қоңыр күзде Айтан көршілес Бұратола Моңғол автоном облысы орталығындағы ұйғыр-қазақ аралас мектебін бітіріп келді.

Алғашқы таныстық сәгіміз есімнен кетпейді. 1962-жылдың қарашасы болар, Үрімжіде, Шинжияң университетінің қытай тіл-әдебиеті факультеті жатақханасы алдында 6-сыныптан бері бірге оқып келе жатқан досым Қасымхан Уатхан екеуі кездесе кетті. Таныстық, қою кара шашы артына қайрылған, еліктің асығындай ғана шағын денелі, қараторы бозбаланың күлімдеген отты жанары,

екпіндей сөйлейтін жігерлі үні жадымда қалып қойды.

Үрімжінің мазасыз қара суығы ызғып тұрған, жатаққа кіріп әңгімемізді жалғастырдық. Беу, шіркін, ол кездегі таныстық та, әңгіме сұхбат та тек өлең-жыр мен ән мен күй төңірегінде өрбуші еді-ау! Өмірдің бар мазмұны мен мәні, мақсаты мен мұраты өнер арқауына байланып тұрғандай-ақ жарыса сөйлеп, екпіндете өлең оқып елеуреп, елбіреп тұрған бір қауым ел едік...

Айтанның өлеңдерін тыңдап, жамырай мақтасып, арамызға бір ақын келіп қосылғанына мәз бола құттықтастық.

Содан былай жиі бас қосып тұрдық. Арада жылыстап жылдар өтіп жатты. Талай саяси дүрбелеңдер, айтыс-тартыстар, қоғамдық дүмпілер, тазалау, жаныштау наухандары жүріліп бүкіл қытай «пролетариат диктатурасының» зілбатпан күрзисі астында жаншылып жатқан тұс.

Сондай кезекті бір дүрбелең науқан Қытайда 1964-жылдан басталды. Ол «Ауыл-қыстақта социалистік тәлім-тәрбие жүргізу науқаны» деп, соңынан «төртті анықтау» науқаны деп аталды. «Төртті анықтау» дегені – 1. Таптық құрамды анықтау: үш әулеттің архивін жасау, 2. Идеяны анықтау – кім, қай бағытты қолдайды. 3. Есепті анықтау. 4. Қамбаны анықтау болатын. Бұл анықтау 1966-жылдың маусым-шілде айларына дейін бүкіл қытай ауыл-қыстақтарындағы «халық коммуналарында» сұрапыл қатігездікпен жүргізіліп жатты. Оның аяға аты шулы «мәдени революцияға» ұласты. Ол науқан бүкіл қытай ауыл-қыстағында, сол қатарда Шинжияң ауыл-қыстағында да жаппай өрістеді. Науқанға ҚКП Орталық комитеті тікелей басшылық жасады. Әр өлкелік партия комитеті әр облыстар мен аудандарға «қызмет группасы» деген арнайы топ аттандырды. «Қызмет группа» дегені жәй сөз, ол жүздеген, мыңдаған адамдық қалын топ, Оның құрамында 1-партия қызметкерлері, 2-есеп қызметкерлері, 3-қызыл армия офицерлері, 4-жоғары оқу орындарының соңғы 4-5 кірс студенттері болды. Студенттерге ауыл-қыстақтарға барып өмір көрсін, кедей, төмен орта шаруалармен еңбекте, тамақта, жатын орында, саяси үйренуде бірге болып идеясын өзгертсін,- деген талап қойды.

1965-жылдың 4-айында біздер Тұрпан ауданына Айтандар қанаттас Тоқсұн ауданына баратын «қызмет группасына» қосылып ұйғыр коммуналарында тамыздың орталарына дейін болдық.

Біз сол төрт айда шынымен-ақ өмір көрдік, онда да Қытай ком-

партиясы талап еткендей емес, ұйғыр халқының нағыз аянышты, мүшкіл халін көріп, өмірдің шын бет-бейнесін танып, бүтіндей басқаша ой-пікір түйіп сана тоң-керісін бастан кешіп қайтқанымыз әлі есімде.

Университетке қайтып келгеннің ертеңінде-ақ бір-бірімізді тауып алып, университеттің көкөніс, бау-бакша өсіретін алаңына барып көрген білгенімізді жарыса ортаға салыстық.

Құдайым-ау, біз, бәріміз басқаша тілде, басқаша өмір жайлы, бөтен-бөгде адамдарша сөйлеп кеткендейміз.

Кішкентай қойын дәптерлерден от шашқан, кекті, әзілді өлең жолдары атылып, қайнап шығып жатқандай...

Марқұм Қалибек пен Айтандар кезек-кезек өлең оқып жатыр, өлең жазбайтын Ұлықпан өзі қолдан қиып жасаған қойын катіресінен маржандай тізілген қара сөзбен жазылған күнделіктер тізбегін ағыта оқыды. Мен де барымды ортаға салып жатырмын-ау!

Сонда оқылған өлеңдер мен күнделіктер не дейді дейсің ғой?! Бәріміз бір мезгілде келісіп алғанжай-ақ, өмірдің шын бет-пердесін дар-дар айырып тастап бұл қалай? Неліктен бұлай сорлап қалдық, бұлай өмір сүруге болмайды, күресу керек. Әділеттілік үшін айқасқа шығу керек деген қорытындыға келіп, дүниені төңкеріп тастардай екпінмен жатақханаға қайттық. Әсіресе Айтанның өткір, нанымды, тұрлаулы ойлары, жалынды саяси лирикалары бәрімізді желіктіріп, желпіндіріп әкеткені әлі есімде.

Бір ғажабы Қалибек марқұмның туған жер, өскен отанын сағынған, перзенттік жүрек толқынысының бізге түсініксіздеу мағынадағы тұспалды, ишаралы иірімдері бар екенін сол арада сезіп біле қоймаған екенбіз...

Ол өзінің тұтқырлау қарлығыңқы тамағын әлденеше кеней отырып, баптай салмақтана ыргатылып «Қайран жер» деген өлеңін жатқа айтып беріп еді.

*Қайран жер сағымды алқап, шоқы құздар,*

*Қайран ел, қырғи жігіт, тоты қыздар.*

*Сағындым сені.*

*Жүрмін мен бейтаныс бір жат өлкеде,*

*Жаныма сартамызда өтіп ызғар.*



*Жалғызбын, кім естімек мұңды әнімді,  
Кім көрмек жаспен бетті жуғанымды.  
Сағындым сені.  
Ұмыттың-ау сен де бәлкім, қайран ана,  
Жүгірмек бейбағыңды туганыңды.*

*Жалған-ай, жанымда мұң, қасірет көп,  
Жас ғұмырым қалайынша жасып өтпек?  
Сағындым сені.  
Қайран жер, топырағыңа аунатсаңшы,  
Қайран ел, бауырыңа басып ептеп...*

20 жасқа енді келген бозбаланың қасіреті мен мұңы қайран туған отанның, туған халқының мұң-зарымен астасып аталасып жатқанын уақыт өте келе жан-жүрегімізбен сезіне түстік. «Адамның басы, алланың добы» деген бір зілді сөз бар ғой. 1965 жылдың жазында қалың ұйғырдың қайнаған ортасы Токсұн ауданы жерінде жазылған осынау мұңлы жырға 1970 жылы сонау бір қиырдағы Көкшетаудың Уалиханов ауданына қарасты «Золотая Нива» совхозында қой бағып жүргенде ән шығарамын деп мен түсімде ойлаппын ба? Қазақтың дауылпаз ақыны Таңжарық Жолдыұлының 1946 жылы ұсталып, Үрімжі түрмесінен босап елге келе жатқанда жыр нөсерін селдете:

*Көп заман көкірекке шер байланып,  
Еріксіз елден алыс жерді айналып.  
Адасқанел-жұртынан шерлі Тәкең,*

*Саламат жеті жылда келді айналып,-* деп ағынан ақтарыла жырлағанын бала күнімізден жатқа заулатушы едік. Содан 25 жыл өткенде сол бір қайғылы тағдырды қайталаймыз деп кім ойлапты?

Көкшенің ақ түтек боранында қой соңында саңсырап жүрен бір күнде шерлі жүрек бұлқынысынан Қалибектің «Қайран жеріне» арнап мен ән жаздым. «Золотая Нива совхозының «Қазанқап» деген бөлімшесінде Айтан екеуіміз бір жатақта жатушы едік. Осы ән шыққанан кейін басымыз қосыла қалса ащы судан ұрттап алып, қалмақша дулып барып, бір-бірімізді құшақтап жылап жатып, ұйықтап кетуші едік.

Ән әуені ән мәтінімен табысып, қабысып кеткені сонша, екі елде, екі басқа саяси жүйеде, араға бес жыл салып барып дүниеге келгені мүлде білінбеуші еді.

*Қайран жер, сағымды алқап, шоқы құздар,  
Қайран ел қырғи жігіт тоты қыздар.  
Жүрмін мен бейтаныс ел, жат өлкеде.  
Жаныма сартамызда өтіп ызғар!..*

Осы жолдарды айтқанда қайран Айтан аһ ұра: «Қайран Қалибегім-ай қайда жүр екен, не күйде жүр екен, әлде жауыздардың қолынан мерт болды ма екен, тірі болса жарар еді?» - деп солқылдап жылағанда, бәріміз қосыла күңіренуші едік.

Иә, сонымен, біз сол күннен бастап бір-бірімізді қасиетті өнер тілімен жетік танып-біле түстік, басқаша өмір сүру жолындағы «тар жол - тайғақ кешулі» азапты сапарға қол ұстаса бірге қадам басқандай болдық. Біз «Социалистік тәлім-тәрбие науқаны» арқылы Қытай компартиясы талап еткендердің, керісінше, нағыз адамдық, ұлттық-отаншылдық тәрбие мектебінен өткендей болдық. Содан бастап Айтан біздің өзіміздің ішкі-екінші өміріміздің ұйтқысына, көшбасшы серкесіне айнала бастағанының куәсі болдық. Куәсі ғана емес бәріміз бірлікте ержеттік, бірлікте тұлғаландық, бір кемеге отырып өмірдің дүлей, асау толқынды айдынына қол ұстаса сапар шектік.

Біздің өміріміз бен тағдыр-тәлейімізді астан кестен егер алапат өзгерістер қарсаңы таяп келген екен. Өзіміз сол тұста қызыға оқып жүретін орыс ақындарының бірі Твардовскийдің «Василий Теркин» атты поэмасы «жортуыл жолын басып, жай ойнап жалын шашып, жойқын жыл он сегізге келді бір» деп басталмаушы ма еді?! Сол айтпақшы уақыт шіркін бүкіл қытай халқының басына он жылдық қара түнек орнатып кеткен мәдениетке қарсы «мәдени революция» басталар қаралы 1966-жылға келіп жеткен еді. Жүн Нэнхайдан шыққан қара құйын санаулы күндер мен айларда алып қытай айдаһарының шақ-шәлекейін шығарып, біреуді-біреу білместей ала топалаң күн туды. Ол күндерді басынан өткермеген, өзі куә болмаған шетелдіктер түгілі, бүгіндері 50-40 жастардағы қытайлықтардың өзі сенер-сенбес нағыз қилы заманды көріп, тауқыметін тарту біздің тайқы маңдайымызға жазылғаны қандай аянышты?!

*Данышпан Абай атам айтқан алмағайып заман сол еді.  
Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек?*

*Заманға жаман күйлемек,*

*Замана оны шлемек.*

Жиырмадан жасы енді асқан боз бас бошаландау біздердің шағымызға түскен жүктің ауыртпалығынан жаншылып, азып-тозып кетпегеніміз, кейбір замандастарымызша заманы күйлеп, илеуіне көнбей ағысқа қарсы құлаш ұрғанымыз кеше ғана өткен тарихтың беттерінде ап-анық жазулы тұр. Дұшпандарымыз дұшпандық қара бояуын баттастыра жазса да, тілеулес халқымыз шын жанашырлықпен мақтап-марапаттаса да біз бір дәуірдің дабыралы оқиғаларының танымал тұлғаларына айналғанымыз анық

«Айтан-Әлімғазы» ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұранға айналған, ұлт мақтанына айналған жарқын есімдер екенін Шығыс түркістандықтар әлі ұмыта қоймағанына куә болып жүрміз.

Кейде маған біздің атымызды елге әйгілеп, жұртқа танымал еткен «мәдени революция» болғаны да тарихтың бір оғаш сыйы, «терісті терістеу» сияқты бір кереғар нәрседей болып көрінеді. Оның мәнісін ұғыну үшін Айтан марқұмның 1980-жылы «Қазақстан» баспасында басылып, 2002 жылы «Қоғам және қылмыс» баспасынан қайта жарияланған «Қайғыңды қайран қазақ арқаладым» атты екі томдық жыйнағын тауып оқығандарыңызды қалар едім.

Иә, біз шамамыздың жеткенінше ағысқа қарсы жүздік. Қытайда «Қызыл туды көтеріп, қызыл туға қарсы шыққан топ жауларына қарсы күрес» деген ұран болған. Жеке басқа табыну дегенің әбден шектен шыққан «ұлы көсемге», «данышпан компартияға» ашық қарсылық көрсетудің барлық мүмкіндіктері қалмаған бір жағдайда «қызыл туды көтеріп тұрып, қызыл туға қарсы тұрудан» басқа саңылау жоқ еді.

Біз құрған бұқаралық – хұн вейбиңдік ұйымның аты да алғашында «Мау Зыдұң идеясын қорғаушы зау пан туан» деп, соңынан «үш қызыл ту зау пан туан» деп айғайлап тұрды.

«Үш қызыл ту дегеніміз – социализм сара жолы, халықтық коммуна және секіріп ілгерілеу» дейтін Маолық авантюралық саяси ұрандар жиынтығы болатын. Біз сол «айбарлы қызыл туды бетке ұстай отырып сол тұстағы жергілікті ұйғыр-қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтауға кірісіп едік. Қытайдағы аз санды ұлттардың өмірлік мүддесі Мао тобы жүргізіп келген ұлы хандық шовинизм-

нен зардап шегіп, ұлт ретінде жойылып кетуге бет бұрған заманда өмір сүріп жатқан біздер оны анық көріп-біліп отырғандықтан алғашқы сөзді дәл осыдан бастауды жөн көрдік.

ШУАР-дағы хұн вейбиндік қозғалыс Шынжиянды он жылдан аса билеп төстеген Автоном райондық парткомның 1-хатшысы Уаң Ынмауды Маоның адамы ма, әлде Маоға қарсы топтың басшысы Лю Шаушидың адамы ма деген талас-тартыс негізінде қалыптаса бастаған болатын. Біз Айтан бастаған «үш қызыл тушылар» екінші топтағылар көзқарасын жақтаушылар болып көріну керек деп шештік. Бұл көзқарастағылар өздерін «зау панпайшылар – төңкерісшілдер – күрескерлер деп атады да хұн вейбиндік 2-штаб маңына топтасты.

2-штабтағылардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдерінен құралғанымен билік басында біздің университеттің Айтан оқитын «Саяси-ағарту» факультетінің соңғы курс студенттері Ху Луан Шуаң мен Ху Далуан дегендердің қолында болды. 11 адамдық бас штаб жоралының тек екеуі ғана ұйғыр, қазақ еді. Бірі – мен, бірі – 1-Аугуст ауылшаруашылығы институты студенті ұйғыр жігіті болатын. 1967-жылдың май айында мен 2-штабтың Бейжиңге баратын 9 ауылдық делегациясына қосылып, екі ай Қытай астанасында тұрған кезімде бас штабтағы жоралық орынға Айтан қабылданды да, соңына дейін сол орында қызметін жалғастырған болатын.

Біз Уаң Ынмауды сынағанда оны «Ұлы көсем Маоның ұлттық саясатын дұрыс жүргізбей, ұлы хандық шовинизм саясатын жүргізді» деп әшкерелеуші материалдар легін жариялаумен болдық. Бүкіл ШУАР аймақтары ауыл-қыстақтарынан жиналған қыруар әшкерелеуші материалдарды Ленин мен Сталиннің ұлт мәселесіне арналған шығармаларындағы принциптерге сала отырып соларды қалқан етіп пайдаландық. Маоның сол кезге дейін жарияланған 4 томдығын қалай ақтарсақ да ұлт мәселесіне қатысты бір-ақ сөйлемнен басқа ешнәрсе таппадық. Ол бір сөйлемде 1963 жылы 8-айдың 8 күні шетелдік тілшілерге берген бір сұхбаттың ішіндегі «ұлттық мәселе – сайып келгенде топтық мәселе» дейтін доп-домалақ, өктем өкім тәрізді бір нәрсе болатын. Бізге қарсы ұйымдастырылған жалдамалы топтың ұйымдық аты – сол бір сөйлем жарияланған атаулы күн атымен «63.8.8» деп аталғаны тегін емес еді.

Данышпан Абай қазақ даласының бір қиыр түкпірінде жатып-ақ «Заманды қай жан билемек?» деп тұтас бір заман-қоғам атынан текке сұрақ қоймаған болар?

Жастығымызға, тәжірибесіздігімізге қарамай біз де өзімізге сол ауыр сұрақты қоя біліп едік. Айтан осынау зілбатпан сұраққа жауап іздеген үлкен-кішілер арасынан суырылып алға шықты. Адамды өсіретін де, өшіретін де уақыт деген жойқын бір тарту күшке ие құдірет бар сияқты. Заманға күйлейтін жамандарды илеп-билеп әкететін уақыт тасқыны жақсылар мен таңдаулыларды іріктеп, сұрыптап шығаратын тазартқыш өткелек те бола алады екен. Айналырған бір ғана жыл ішінде Айтан Нүсіпханұлы ұлт теңдігі мен ұлт мүддесін қорғау жолындағы бұқаралық-саяси қозғалыстың білгір теоригі, шешен насихатшысы әрі шебер ұйымдастырушысы ретінде суырылып алға шыққаны 60-жылдар куәгерлеріне әбден белгілі. Оны таратып айтып беру үшін том-том кітап жазуға тура келеді.

Айтан басшылық еткен «жазу группасы» «ұлы көсемнің ұлттық саясатын қорғап, Уаң Ынмаудың ұлы хандық шовинизмін әшкерелейміз» деген «қызылту» астында үлкенді-кішілі жүздеген әшкерелеуші мақалалар жазып бүкіл Шинжияның ауыл-қыстақтарына дейін таратып дабыл қақты. Халық шындық бұлағынан сусындап, шел басқан көздерін жуып, айналасына сұраулы көзбен қарай алатын дәрежеге жетті. Шығар жол іздеуге кірісті.

Бұл жағдайдан шошынған лоталық өкімет біздерді қоғамнан оқшаулаудың қитұрқы жолдарын іздеп, ақыры 1968-жылдың 9-айында «зиялыларды қайта тәрбиелеу» дейтін науқан бастап ауыл-қыстақтағы «халық коммуналарына» енбекпен өзгертуге жаппай жер аударды.

Біз бір топ курстастарымызбен Қазақстанмен шектесіп жатқан Моңғол Автоном облысына айдалдық. Айтанды ешқайда жібермей Үрімжіде университет аумағынан шығармайтын мырза қамақта ұстап қалды. Түрмеге қамау жөніндегі құпия мәліметтен хабардар болған тілеулес жолдастардың көмегімен өзінің туған жері Бұратолаға жасырын келіп астыртын күрес жолын жалғастыруға мүмкіндік алды. Екеуіміз жасырынып кездесіп жүрдік. Ашық күрестің уақыты өтіп кетіп еді.

Бүкіл Шынжияң жаппай аңдыу, жаппай тұтқындап, атып-шабу алаңына айналып қалғаны анық. Біздің суреттеріміз көбейтіліп, сақшылар мен олардың жалдамалы агенттерінің қолына берілгенін өз көзімізбен де көрдік.

Ақыры бес айлық жасырын жүрістен кейін 1969 жылдың 23-ақпанында Айтан бастаған бес адамды Қазақстан шекарасынан өткізіп жібердік те, тұп-тура бір айдан кейін мен 23-наурызда үш адам болып жолға шығып көп азап-мехнат көріп 2-сәуірде Қазақстан жеріне аман-есен жетіп едік.

Сонымен біздің өміріміздің бір дәуірі ең мағыналы, ең мәнді күреске, асқақ арманға толы жалындаған ой, хой жиырма бесі артта қалды. Жаңа өмір басталды. Әрине, айтарға, көрер көзге солай, жаңа өмір біздерге жаңа сынақтар мен жаңа азап, жаңа тосқауылдары мен озбыр-өктемдігін ала келді. Біз үшін дүние астаң-кестең, зілзалаға түскендей болды... Оның қайсыбірін айттып тауысарсың? Қайсыбірін өз атымен, өз жөнімен ашып айта алмайтының қандай қорлық екенін басқалар қайдан білсін-ау?!

Дауылпаз күрескер Мәди асқақтата шырқаған «Қарқаралы» әні менің жаныма бәрінен де жақын еді.

*Атыңнан айналайын, Қарқаралы,  
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.  
Сайыңнан сайғақ құрлы пана таппай,  
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы.*

*Немене көрген қызық көрмегендей,  
Жас дәурен жасауар бұлт өрлегендей.  
Жігіттік көк семсердің жүзі емес пе?  
Қайрап ап қалың жасауға сермегендей.*

Біздің басымызға түскен небір ауыртпалықтар мен қорлық зорлықтарды елең құрлы көрсетпей, аздырып-тоздырмай алып шыққан көк семсердің жүзіндей қайраулы жігіттік, жастық екенін күш-қайраи қайта бастаған мына шақта сүйіспеншілікпен еске аламын. Әзір ондай қиындықтың мыңы түгіл, бірін көтерер шама қайда?..

Айтанмен қол ұстасып өткізген өмір өз алдына бір өзгеше дәурен еді-ау!.. Айтан марқұмның тұла бойы тұнған поэзия. Толқын атқан асқақ арман мен тың, кесек идеяларға толы асау

арна тәрiздi едi. Өн айтарлық дауысы мүлде жоқ екенiн бiле тұра «Қарқаралы» сияқты әндер айта бастасақ барылдаған жарқышақ дауысымен киiп-жарып ала жөнелетi. «Ой, әндi бұздың ғой, тұра тұршы» дегенiндi елең қылмай одан бетер өршелене айғайлаушы едi.

- Ендi қайтеiн, дүбiрдiң тұқымы емеспiн бе, айғай шыққанда қалай тұра аламын»,- көзi күлмiндеп, екi езуi құлағына жетердей ақсия күлiп тұратыны қызық едi.

Иә, Айтан шынында да ұранды дүбiрдiң, екпiндi тегеурiндi адамы едi. Агам қазақ «болар бала боғынан» деп текке айтқан ба? Қаршадайынан ат құлағында ойнап өскен бала Айтанның даңқы бiр рулы елдiң ұранындай болған Нүсiпханның бәйге бурылымен қатар шыққанын көзi көрген үлкен-кiшiлер әлi күнге жыр қылып айтады.

Бурыл аттың әңгiмесiн айтқызсаң Айтанда ес қалмаушы едi. Оның суреттеп, мәнерлеп айтуына қарағанда Бурыл ат Ақан серiнiң әйгiлi Құлагерi секiлi айтулы жүйрiк болған көрiнедi. Шамамен 40-50 шақырымдық аламан бәйгеде қатарынан 7-8 жыл алдына қара салмаған Бурыл атқа мiнiп шапқан шабандоз баланың атақ-даңқы да он жыл бойы әйгiлi Сайрам көлдiң жағасын жайлаған моңғолдар мен қазақтың төрт Қызай, төрт Самасы және Қара керейге тегiс жайылғаны өткен 50-жылдардың жырдай әңгiмесi едi.

Сол тұлпар тектi Бурыл атты бұл күндерi Талдықорған облысы, Қабанбай ауданында тұратын Сахан сұлуды ұзатқанда мiнгiзiп жiберудiң өзi Қарға-Тоқпақ елi iшiнде үлкен әңгiмеге арқау болса керек. Өйткенi бiр рулы елдiң мақтанышыны айналған бәйге атты ұзатылған қызбен бiрге бөтен елге өткiзiп жiберу қазекем үшiн оңай шешiле қалар дау емес екенi белгiлi. Демек, Сахан сұлудың да, ол барар елдiң де бет-беделiнiң қаншалық жоғары болғанын да осыдан шамалауға болады.

Айтанның артынан ерген жалғыз iнiсi Сламның айтуынша Бурыл ат Тақия деген жердегi Қара керей iшiнде Мәмбет атасынан тарайтын Қожақұл елiне барғаннан кейiн де үш жылдай бәйгеге қосылып, озып келiп отырған көрiнедi. 1958-жылы қазақ шаруалыр аты шулы «халық коммунасы» дегенге бiрiккенде Бурыл ат сол елдiң ауыл бастығы Жасыбайдың қызмет көлiгi ретiнде пайдаланылып 34 жасқа дейiн өмiр сүрiптi. Бәйге көзден қалып, қолға

қарап қалғанда жылқы киесін қадірлей білген Жасыбай мырза Бұрыл атты бауыздап, еті мен сүйегін ит-құсқа жегізбей арулап көміпті де, бас сүйегін қол жетпес жерге жасырған екен.

Мінеки қазекем ер қанатын осылай қастерлеген ғой.

Желмен жарысқан жүйріктің құлағында ойнап, топ жарған шабандоз бала Айтан, жастық, жігіттік шағында да өз қатарының алды болып жарқылдап жүруші еді.

Жоғарыда атап өткенімдей Айтан сайқал саясат үшін емес, періште табиғатты өнер үшін, поэзия үшін жаралған жан болса да, заманы, халқының талап-тілегі оны өз еркінен тыс саяси талас-тартыстар мен саяси қозғалыстар иіріне тартып әкетті. Әсіресе, аты шулы «мәдени революция» кезінде ол тіпті жарқырап топ алдына шықты. Шыңжияндағы «мәдени революцияның» Жұң Нэнхай сілтеген бағытын түбірімен өзгертіп, ұлы хандық шовинизмді әшкерелеп, айыптау арнасына бұрып жібергендей болған бір оқиғаны айта кеткім келеді...

1958-1959 жылдар бүкіл Қытайдағы «оңшыл оппортунизмге» қарсы күрес науқаны Шинжияң өлкесінде «оңшыл оппортунизм мен жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күрес» деген жалалы науқанға ұласып, ұйғыр, қазақ, монғолдың бетке ұстар көш бастар азаматтарын жаппай жазалап түрмелер мен қытай қаторгасы аталған Тарым шөліне айдалып нағыз репрессиялық сипат алған еді.

Одан кейінгі 1962-1963 жылдардағы КПК мен КПСС арасындағы теориялық айтыс-тартысқа байланыстырыла жүргізілген «үш бір мәселесін бір жақтылы ету» (бір Отан, бір партия, бір көсем) немесе «шетке байланған қос жүректілерді тазалау» (СССР мен әсіресе Қазақстанмен түрлі қарым-қатынасы бар адамдарды солай атаған) кезінде және 1963-1966 жылдарда жүргізілген «социалистік тәлім-тәрбие» немесе «төртті анықтау» науқандары кезінде әсіресе, «мәдени революцияның» алғашқы дәуірі тасқынында ойрандалған жергілікті ұлттардың мәдениеті мен ұлттық зиялылығына тағылған айыптардың басым көпшілігі 1958 жылғы пәлелі «жергілікті ұлтшылдық» қалпағының астынан ізделуші еді.

Біз әшкерелеген Уаң Ынмаудың ұлы хандық шовинизмінің қайнар көзін аршып, жалпақ әлемге жария ету үшін сөзді төтесінен сол 1958 жылдан бастау керек деп шештік.



Айтан осы тұста өзінің шынайы азаматтық, саяси қайраткерлік бейнесімен теориялық дайындығының жоғары деңгейін көрсетіп зор беделге ие болғаны анық.

Ұзақ дайындық пен ізденістің арқасында бүкіл Қытайды дүр сілкіндірген «1958 жылғы оңшыл ұлтшылдыққа қарсы науқанның басты бағыты дұрыс емес» деген айдармен ұзақ мақала жазылып «дазыбау» (үлкен әріппен жазылып қабырғаға жапсырылатын әшкерелеуші материалдар газеті дегенді білдіреді) түрінде орталық көшедегі шамамен 150 метрлік бұрынғы СССР бас консулдығы, кейінгі Ұйғыр драма театры ауласының қоршау дуалына жапсырдық.

Халықтың көкейіндегі сөз жазылғандықтан болар халық күндіз-түні кезекке тұрып оқығаны, бұзақылардың жыртып-бүлдіруінен қорғаған калың нөпір күні бүгінге дейін көз алдында. Сол бір ашық күні ойнаған найзағайдай жойқын қуатқа ие «дазыбау» газетте көтерілген ең негізгі түйін оның тақырыбынан менмұндалап айғайлап тұр еді.

Жеке басқа табыну шектен шыға асқынып «тап күресі» деген саяси репрессиялық науқан бас көтертпей тұрған бір дәуірде төраға Маодан бастап, компартияның саяси бюросы бекітіп, мақұлдаған 1958 жылғы «оңшыл-ұлтшылдыққа қарсы күрестің ұлы жеңісін» жоққа шығарудың қаншалық қауіпті екенін Сталин зұлматын бастан кешірген қазақ халқы жан-тәнімен сезінеріне сенемін.

Осынау бас кетер, тағдыр таразыға тартылар аса қатерлі жолға біз бәріміз саналы түрде барып едік. Айтан марқұм жарқұлағы жастыққа тимей осы жауапты іске басшылық жасап, пікірлес достарын жұмған жұдырыққа айналдыра алды, әрі мақалада көтерілген пәктілер мен дәлелдерді барынша нақтылап, шашау шығармастай қисынды мантиқамен негіздеп беріп еді.

1958 жылда біздер әлі де бозбас бала едік. Көптеген істерден хабарсыз едік. Сол бостықты толтыруға қазақтың көрнекті ақын-жазушылары Омарғазы Айтанұлы мен Рахметолла Әпшеұлдары бел шеше кірісіп, орасан үлес қосты.

Олар дәл сол 1958 жылдар зобаланының құрбандары болатын. Саяси қарақалпақ астында бақылауда жүрген абзал ағалармен түн қараңғысын жамылып әрең-әрең жолығушы едік. Жасы 40 таяп қалса да Омарғазы ағамыз әлі сұр бойдақ болатын Ал, сол

кезде 44-45-тер шамасындағы Рахметолла аға өзі сүйіп қосылған сүйікті жарынан 59-60 жылдары айдауда жүргенде айрылып, төсек жаңғыртқанына көп болмаған.

Саяси қысым мен андып-арбаудың қандай болғаны жөнінде бір мысал келтіре кеткім келді.

Рахметолла ағамыз тұратын орыс консулының ескі төрт бөлмелі үйінің екі бөлмесінде ол кісіні бақылауға жауапты бір шолақ белсенді қазақ жігіті тұрады. Ал, олардың көмір түсіретін аядай тошаласындағы, көмірдің жиегіндегі бір керует қазақтың ұлы ақыны Омарғазының жатын орны үйі екен.

Жан-жағымызды торуылдап анталаған ашкөздерден жасырынудың бір амалы Омекеннің елеусіз күркесіне бір-бірлеп кіріп бас қосу болды. Сол кеште бақылаушы көрші түнгі кезектегі жұмыста болса керек. Ол жерге Айтан екеуімізден бұрын Омарғазы ағаның жиені – біздің сүйікті досымыз Қалибек Бабайұлы барған еді.

Қалибек аса дарынды ақын, есте сақтау қабілеті ешкімде жоқ, құйма құлақтың өзі еді. Ол Омарғазы нағашысының жаттамақ түгілі, түсініп оқудың өзіне қиналатын шашпа ақ өлеңмен жазылған құлаш-құлаш поэмаларын жатқа сыдыртатын, өз өлеңдерін де, өзі ұнатқан ақындардың шығармаларын да бір оқығаннан ұстап қалатын қасиетіне бәріміз тәнті болушы едік. Ең бастысы – Қалибек досқа шын адал, дұспанға тастай қатал, нағыз ер көңілді қазақтың өзі болатын. Қалибекке тапсырылған әрқандай істің толық орындалатынына ешкім де күмән келтіріп көрген емес.

Біз Омекеннің кең сарайдай көмір күркесінде шам жақпай, қаранғыда отырып-ақ, жарық дүниенің күллі өзекті мәселелерін сөз етіп, поэзияның папхат нұрымен нұрландырып бір шалқып алғанымыз естен сірә да шықпас.

Үй иелері өздерінше дайындалып қойса керек. Қытайдың «жүн-жүн» дейтін, сәрілеп (грамдап) құйып сататын сасық арағынан аздап ала отырып, әңгіме көрігін қыздырып жіберсек керек. Қайда отырғанымызды естен шығарғандай Рахметолла ағаның марқұм жарына арнап шығарған әні бар екенін естіген соң қолқалап айтқызып едік, әннің маған қатты әсер еткені сонша, бір айтқаннан жатталып қалыпты, үйреніп алып орай келген жерде ылғи айтып жүрдім. Қазақстанға келген соң 1971 жылы болар

қазақ радиосының алтын қорына өткізіп, үн таспаға алдырдым.

Ән өте баяу көкірек қуысыңды толтыра көмекейдің дірілді толқынымен тербетіле басталып тұла бойыңды кернеп ала жөнелгендей тегеурінмен айтылушы еді. Оның сөзі де, әні де Раханның өзінікі екен.

*Жаныңды жарқылдаған іздеп көктен,  
Ай-күнге көп қараймын нұрын төккен.  
Төсеймін көкірегімді шұғыласына,  
Мейірім қана ма деп қанбай кеткен.*

*Қайырмасы:*

*Осы әнге салдым баяу,  
Сағынып сәулетай-ау.  
Сағынып, сағынып, сәулетай-ау!*

*Екенсің ашсам да жыр, жапсам да жыр,  
Сенің жаның көкірек бақшамда жүр.  
Секілді қызыл жұлдыз көрінесің  
Туатын екінті мен ақшамда бір.*

Сүйіп қосылған сүйікті жарының қазасын естісе де, айналдырған бірер жүз шақырымдай жерден келіп арулап қойып топырақ сала алмау, оған ерікті бола алмау дегеннің қаншалық қасірет екенін шамалауға болатын шығар?..

Рахметолла ағаға қайырмасын қайталап айтқыза алмадым. Тұла бойын кернеген толқынысты басуға шамасы жетпей өксік буып үні шықпай қалды. Сол аралықта есіктен қолында шелегі бар жеңгеміз кіріп келіп: Өй немене қалмақтарша дулып жатырсыңдар? Далаға дауыстарың естіліп тұр ғой, - дегенде барып қайда отырғанамыз есімізге түскендей болды.

Шелек күнделікті пешке көмір таситын шелек екен. Бетін оралмен жапқан шұңқыр табақшаға салған қуырған картошканың иісі бұрқ ете қалды. Содан бері талай-талай үлкенді-кішілі дастарханнан дәм татып жүрсек те сол шелектің ішінен шыққан картошканың дәміндей тәтті тағам жеп көрмегендейміз, әсіресе, Раханның «Сәулетай» әні айтылған сайын Айтан марқұм таңдайын тақылдатып, «ой сондағы картошканың тіл үйірер дәмі-ай» деп тамсанып отырушы еді-ау!

Сол қасиетті дәмнен ауыз тиген үлкен-кішіден қалған жалғыз мен екем. Қалибек Бабай, 1970 жылы болар, орман шаруашылығында істеп жүргенде найзағай оғына ұшып жастай қыршын кетіпті. Омарғазы мен Рахметолла ағаларымыз он жылға таяу абақтыда, бақылау астында жүріп, Қытайдағы әйгілі Дең Шияупин реформасынан кейін бас бостандығына ие болып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік алып, том-том кітаптар жазыпты.

Омекең 1997 жылы 66 жасында қайтыс болыпты. Айхай 25-ке дейін-ақ бүкіл өлкедегі қазақ-ұйғыр әдеби ортасына танымал болған өр талант, терең философиялық иірімдерімен, кең ауқымды еліктіргіш қуатымен сомдалған Омарғазы поэзиясы қазақстандық жыр сүйер қауымға тым кеш жеткені қандай өкінішті. Кеш болғанда да өнер мен поэзия туы жабайы капитализм соқтырған қара құйынның екпіне шыдамай қалтырап тұрған басы бар, аяғы жоқ «өтпелі кезеңге» тура келгені тіпті өкінішті-ақ.

Мұңлық ақынның:

*Өлеңім менің азабым*

*Азабым өзі - өлеңім.*

*Рақатым аулақ жүр,*

*Азабым, саған көнемін,-* деген жан сырына сене отырып, жыр сүлейінің тәтті мұңына ортақтасқың келеді. Бүгін болмағанмен таяу болашақта Омарғазытанушы талапкерлер қазақ поэзиясына олжа саларына кәміл сенемін.

Жас біраз жерге келіп өткенді ой көзімен шолып отырғанда ұлы Абайша:

*Қайда екен, қайда сол жылдар,*

*Махаббат қызық мол жылдар.*

*Ақырын-ақырын жылыстап,*

*Алыстап кетті-ау құрғырлар,-* деп уақыт деген қайырым-қайтуды білмейтін бір қатыбасқа мұңая наз айтудан басқа қолдан келер жоқ екенін мойындауға тура келеді екен.

Иә, біз де жас болдық. Махаббат дертіне шалдығып талай сұлудың оның емін сұрап үздігіп жүргеніміз кеше ғана сияқты еді. Сол бір сұрап алған дерт мендіткенде көкіректегі сыр мен мұң махаббат мұңы жыр боп ақтарылып, ән боп әуелеп ортамыздың сәні мен мәніне айналып жатушы еді.

Айтанға ана сүтімен дарып, ата күшімен орныққан ерекше бір қасиет – оның нені сүйсе де, неден жиренсе де, қандай іске тәуекел етсе де алған бетінен қайтпай, біржола сеніп, біржола бекітін тұрақтылығы деуге болады.

«Мәдениет төңкерісінің» жан алып, жан беріскендей болған ең ауыр кезеңі 1967-1968 жылдар еді. Махаббат дегенің басы көзі жоқ бір дүлей күш тәрізді бір нәрсе ме деп қаламын кейде. Айтекеңді сол дүлей күш алдына салып деңгелек айналдырып әкеткенін кешірек біліп қалдық. 1968 жылдың басында бізден бір курс кейін оқитын (Қалибектің сабақтасы) Әннибал дейтін сары қызға ғашық болып, екеуі өмірлік серіктестікке қол алысып, жүрек тапсырысып қойынты. Үйленетінін, ауылына апарып, әке-шешесіне табыстап қайтатынын бір-ақ айтты. Біз біраз қарсылық көрсетіп әр түрлі себептер айтып тоқтатпақ болғанымыздан еш нәрсе шықпады. Айтекең өз дегенін істеп тынды.

Айтан туа бітті ақын болса да өлеңмен жүйелі айналыспағанын айтып едік. Соның қаламынан туған жыр жолдары екі томдық шығармалар жинағында 100-ақ бетке сыйып тұр. Сол шағын жырлардың едәуір бөлегі өлмес махаббат сол бір аяулы Әннибал сұлуға арналған екен. Шерлі ақын бір өлеңінде былай деп шерлене толғанады:

*Сонау Шығыс Түркістанда қалды менің жастығым,  
Жастығымда жатыр толып махаббат пен ащы мұң.  
Өмірбақи ұлып өткен мен жсаралы қасқырың,  
Тоқ күнінен тоят таппай, сағынатын аш күнін.*

*Құлай сүйген сүйіктімді таңдайынан бал берген,  
Жат қолында тастап кеттім, жан сауғалап жан-дәрмен.  
Жиырма бес жыл өтті, міне, естен бір сәт кетпейді,  
Хабарын ап отырамын анда-санда әр жерден.*

*Ұмытайын десем дағы екі көзді тарс жұмып,  
Санамдағы сәулең өшпей тұрып алды қас қылып.  
Өлең болып өрілесің еркімді бір билеп ап,  
Құпиямның қоймаларын өз қолыммен аштырып.*

15 шумақтық осынау шер толғаудан Айтан ақынның, Айтан ғашық жардың, Айтан азаматтың бүкіл болмысы, жан дүниесі, арман тілегі әйгіленіп, әспеттеніп тұрған жоқ па?..

Бұл жыр, осы күндері ескі модадай әтуерленуден қалып бара жатқан жасанды күйдім-сүйдімдерден мүлде бөлек, мүлде өзгеше жаратылысты жүректің таза дүрсілінің өзі болатын.

Мен марқұи Айтанның жан дүниесін, мінез құлқын, адами қасиеттерінің үлкенді-кішілі артықшылықтарымен кемшіліктерін бес саусақтай білетін әрі сол аурада бірге жасап, бірге тыныстап өскен рухани сыңары ретінде айтарым – ол нақ сөз мағынасындағы періште жаратылысты жан екендігі еді.

«Айтанның күлкісі» деген өзінше бір сырлы, жырлы әлем тәрізді өзгеше дүние болатын. Ол күлгенде тұтас дене бітіммен, көкірек қуысын шаттық пен сүйіспеншілік нұрына толтыра, айналасын нұрландырып, шаттандырып жіберуші еді. Ол кейбір жылпос, күшікес пысықайларша көмекейге де жетпейтін, ауыз қуысынан зорлана, тарқылдай, дарақылана күлетіндерді итің етінен жек көріп, қатулана теріс айланып кететін.

Айтекең шынымен-ақ махаббатқа, уәде мен сертке беріктігімен біздердің алдымызда ерекше құрметке ие болып еді.

Мен 1963 жылдан бастап көңілдің қалауына қарай ән шығарып, өз ортамыздың дыр-думанын қыздырып «әнші-композиторы» атанып жүрдім. Қытайда шығарған «Мөлдір көз уәлісі», «Достық жыры» қатарлы әндеріме ақын Қасымхан Уатхан сөз жазса, «Неге?», «Нағымға», «Қайран жер» қатарлы әндерге Қалибек Бабай сөз жазған болатын. Ал, Қазақстанға келген 1969 жылдан бері шығарған он шақты әннің бәріне дерлік сөзді Айтан жазған екен. Ол дайын болған ән әуеніне қарай сөз жазуға шебер еді. Екеуіміздің ойлаған ойымыз, жүрек қалауымыз әпсәтте бір жерден шыға келетін. Мен кейде бұл әнге мынадай мазмұнды сөз лайық болар еді деп бағыттайтынмын, ал кейде ол өзі теріс қарап отыра қалып бірдемде жарқ етіп «мынау қалай болар екен» деп менің көңілімдегі сөзді маржандай етіп тізіп бере қоюшы еді-ау!

1969 жыл біздің өміріміздегі аса манызды тарихи жыл болып қалды. Айтан екеуіміз араға ай салып Қазақстанға өтіп, Алматыда қайта бас қостық. Ол тұстағы көңіл-күй, ой-қиял, жоба-жоспар дегеннен бас айналғандай-ақ еді. Айтекең өзі жырға қосқандай «көп сыр жатыр көңілдің толқынында, қиял жүрер қиырда, жортуылда» деген кезеңнің дәл өзі. Әлі есімде, 24-мамыр күні күндегіден де ерте оянып, ала кеуімнен далаға шығып, үй сыртындағы тау-

ды өрлеп ұзап кетіпін. Медеу шатқалы аяқ астында көгілдір мұнарға шағылып маужырап жатыр. Алатаудың қарлы шыңына шағылысқан таң шапағы баяу жылжып, әлем нұрланып сала берді.

Менің қапастағы көңіл құсым кеудемнен пырлап ұшып әлде бір шабыт шалқарына қанат қаға самғап барады. Қалың арша, шыршаны аралай қанша жүргенім есінде жоқ. Әлде қайдан, ғайыптан әрине, бір әуен майдақоңыр әуез тоқтаусыз сорғалап ағып, шөпірлей құйылып жатқандай күй кештім. Қарным әбден ашып, дінкем құри шаршағанымды сездім де көк майсаға құлай кетіп, көгілдір аспанға қарап жатып бір жаңа әуенді қайталап айта беріпін.

Мына ғажапқа не дерсің... Мен жынды адамша сол әуенді қайталап қанша айтқанымды білмеймін. «Ей, болды ғой, сен түгілі мен жаттап алдым, құттықтаймын Әлекем, мінеки әніңнің сөзі де дайын», - деп қапталдағы қалың ағаш арасынан айғайлаған күйі жүгіріп келіп Айтекем мені құшақтай алды.

-Жынбысың, перімісің, сайтанның сапалағындай сарт етіп қайдан келдің, жаным-ау!- деп таң тамаша болдым. Сөйтсем, менің сыртқа шығып кеткенімді біліп, ол да соңымнан ере шыққан екен. Мен айдалада өзіммен өзім болып, тау жаңғырта әндетіп жүргенімді білгеннен кейін көңілін бөлмейін деп қапталдаса жүріп отырып, бұрын естімеген жаңа әуен айтыла бастағанда «Е, мына қызайдың жыны буган екен, үйірімен үш тоғыз» деп жаңа әнің кіндігін кесуге асыққанын айтып қаркылдай күліп еді.

Ол мамырдың бізге қайырлы 24-жұлдызы болатын. Сол мүбәрәк күнде алатаудың Көктөбеге созылған алып аяғындай болған салмау жотасында бір емес, екі бірдей ән дүниеге келді.

Алғашқысы «Сағыныш», екіншісі «Аңсаған махаббат» деп аталды. Ол күнгі біздегі қуаныш пен шаттықты тілмен айтып жеткізе алмас едім. Елде жоқ, ерекше ән шығардық деген өзімшіл мақтан емес, елден-жерден шалғайда, алмағайып өмір «табалдырығында» тұрып, таң бозынан иен тауда екеуіміз уәделесіп алғандай кездесіп біріміз әнін, біріміз сөзін жазған махаббат жырының дүниеге келу тарихын ерекше тебіреніспен, сарғайған сағыныш мұңына батып отырып еске алуымды былайғы жұрт дұрыс түсінсе екен деген базынам ғой.

Айтекем ауызша шығарған «Сағыныш» әнінің сөзі:

*Алысқа көз сап сені іздедім,  
Қайдасың сен жан-жарым.  
Сағыныштың отына ыстық төзбедім,  
Сен жайлы әндер асқақтата салғаным!- деп басталып,*

*Нендей күйде жүрсің сен ардағым,  
Сен де, бәлкім, сарғайдың.  
Көтере біл тағдыр басқа салғанын,  
Кім біледі, туар тағы қандай күн?!*

*Сағыныштың нәзік сырларын  
Сағынбаған ұғынбас.  
Өзің ғана жүрегімде, біл, жаным,  
Біздің сүю мәңгілікке суынбас, - деп аяқтаған еді.*

Ал, екінші «Аңсаған махаббаттың» сөзін екеуіміз ақылдасып отырып-ақ жазған сияқты едік. Мәтін дайын болғанда оның тағы да өз жүрегіне, өз қалауына қарай бұрып әкеткенін байқап:

- Ой, Айтеке, сенде бір ұят, ынсап дегеннен ештеме қалмаған ба, немене? Тағы сол Әннибалдың жырына басқансың ба? Бізде де бір адамдар бар сияқты еді ғой, бір тойда екі жар болмас. Бірін маған қалдырсаң нең кетер еді, - деп өкпелеген едім.

-Ой, Әлеке, сен солай ойлап қалдың ба? Жо, жоқ, әсте олай емес, қарашы, тыңдашы, мінеки, мына жолдар саған бөтен бе?

*Махаббат дертінен,  
Айықпай жүдедім.  
От тастап ертіп ең,  
Өртенді жүрегім.*

*Қайырмасы:  
От тастап ертіп ең,  
Өртенді жүрегім.  
Қалайша кетірем,  
Қайғының түнегін?!*

Ол елбірей, елжірей отырып ән мәтінін түгел қайталап айтып шыққанда көзіндегі мөлдір тамшыларды көріп, інші-бауырым езіліп түсіп қалардай күйге түстім де, оны құшақтай алып, көз жасыма ие бола алмай зілсіз өксіп, бір-бірімізге басу айтқандай ұзақ отырып қалып едік.



Күн көтерілгенде жатақ тұрағымызға қайттық, көз қызарған, дауыс қарлыққан, бас мең-зең, тұла бой зіл батпан. Түнгі жортуылдан жау түсіріп қайтқан жортуылшылардай түске дейін ұйықтап тұрғанымыз әлі есімде.

1969 жылдың сол жазында Айтекең екеуіміз нағыз шығармашылық көңіл-күйде жемісті еңбек етіппіз. Сол тұстағы біздің көңіл-күйімізді білдіретін жаңа шығарманың бірі «Азамат атқа мін» дейтін марш екпінді ән еді. Егер естір құлақ, көрер көз болса, бұл ән бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің де бір кдесіне жарап калар еді-ау, деген оймен мәтінді толық елтіре кеткім келді:

*Өмір сырына ылайық,  
Жаңа дәуірді құрайық.  
Сол үшін бауырлар, белді буып,  
Сыбанып күреске шығайық.*

*Қайырмасы:*

*Құлдықтан сақтанғың,  
Келсе егер жатпағың.  
Азамат атқа мін,  
Атқа мін!*

*Асу аспаған тұр алда,  
Асамыз, қаймықпа, жүр алға!  
Күреспен келеді бақыт өзі,  
Жалынып өзгеден сұранба!*

*Тіліп түнекті бауырдай,  
Айдап қаһарлы дауылдай,  
Азаттың алтын таңын атырайық,  
Бас исін біздерге жау ұдай!*

Бұл әндер алдыңғы әндерді тудырған киелі махаббат күдіретінің әлдиімен бір күннен кейін сол көңіл ауанына еліктеп жүргенде 1969 жылдың 26-маусымы күні дүниеге келген еді. Ал, содан бір күн өткенде, яғни 28 маусымда бізді білетін, бізбен аралас-құраластығыбар алыс-жақындағы талай адамдарға таныс олардың ортақ жырына айналған «Сайрам көлім» әні дүниеге келді.

Айтан поэзиясының шоқтықты бір саласы оның өр рухты, азаматтық жырлары болатын. Саяси күрескер Айтанның асқақ азаматтық лирикалар жазбауы тіпті де мүмкін емес еді. Ол осы қарымымен басқалардан оқшау, айырықшаланатын. «Сайрам көлім» Айтан ақындығының бір белесін танытар мұрасы болғандықтан мәтінін толық бергім келді:

*Атыңнан айналайын Сайрам көлім,  
Өмірге сенен құлаи жайған едім.  
Үн қосып күңіренген зар күйіңе } 2 рет  
Жағаңда қалды-ау менің қайран елім! }*

*Ойлаймын ылғи сені жан егіле,  
Сүймесем түсер ме едім әлегіңе?!  
Дүниенің кеземдағы талай жерін, } 2 рет  
Теңерлік жыр татпадым дәл өзіңе. }*

*Сен жайлы көкіректе ұялаған,  
Қайдасың сонау кезгі қиял-арман.  
Мөп-мөлдір толқыныңның бір тамшысын, } 2 рет  
Қалайша жауыздарға қияр адам?! }*

*Жанымды толқытпайсың бекер менің,  
Білемін парызыңның өтелерін.  
Жағаңда азат күндер атпен шауып, } 2 рет  
Пай, пай, пай, құйындатып өтер ме едім. }*

Амал қанша, тағдыр Айтекеме ондай арманға жетуге жазбапты. «Сайрам көлім» жазылғаннан тұп-тура 30 жыл өткенде арман мен аңсарға толы есіл жүрек мәңгі тоқтап, болашаққа аманаттай ардақтаған асыл жырын қалдырып кете барды. Баба түрік аталарымыз айтып кеткендей «Тағдырды Тәңір жасар, адам баласы бәрі өлмек үшін туған» деп тағдырға мойынсал болдық.

Шіркін, жалындаған жастық шақ-ай десеңші, сені әспеттеп, сенің құдіретіңе бас имеген, сені жырға қоспаған кім бар екен бұл өмірде... Арман қуған, қиял қуған ойхой жиырма бестің тау бұзардай екпінімен қайтпас қайсарлығының бағасын кезінде шамалап жатпағанмен, талай бел-белесті артқа тастап барып еңтіге алқынып тоқтаған мына шақта басыңды шайқап, шошына жаның

түршіге отырып қалай да бір ризашылықпен, шүкірана күй кешеді екенсің...

Біздің өміріміздегі ең қиын кезеңнің бірі, 1970 жылдан – 1972 жылға дейін Көкше жерінде еңіреп өткізген екі жылдық сұргің кезең болды.

Ол тұста орыс-қытай шекарасында әйгілі «Дамански» аралы мен Қазақстанның «Жаланаңаш көл» маңындағы екі үлкен қанды оқиға болып өткені белгілі. Бізді Көкшетаудың «Еңбекші» ауданына қарасты түкпірдегі «Золотая Нива» совхозына апарғанда жергілікті халық «қытайлықтар келіпті ол шекара соғысында қолға түскен қытайлықтар екен» десіп жатырқай, жауыға қарсы алғандай болғаны жанымызға қатты бағты. Оның бір себебі, бізді осы совхоз көлемінен сыртқа шығуға рұқсат етпей әрқайсымызды бір-бір аға шопанға көмекші етіп, солардың бақылауына тапсырғанын кейінірек білдік. Қазақша сөйлеп тұрсаң «ой, мына қытайларың қазақша біледі екен ғой» дегенін де мына құлақ талай естіп құсалықтан өліп кете жаздап жүрдік.

Совхоздың бригадирлері мен аға шопандарының сөздері де іріленіп бір-біріне «Ей, істесең жөндеп істе, әйтпесе кет, сенің орныңа бір қытайды әкеліп істете саламын» дейтінді шығарыпты.

Совхоздың біз істемеген ауыр жұмысы, онда да жалақысы мардымсыз қара жұмысы қалмады. «Жастық» дегенің таусылмас күш-қайратқа толы бір дүлей тылсым нәрсе болса керек.

Бір ұйықтап тұрсаң шаршағаның жоқ болып, дыңғырап шыға келесің. Шаршағанда біз құлақтан, дөкір-надандардың, қансыз-жүрексіз, мән-мағынасыз оттамаларынан шаршап, жігеріміз күм болушы еді. Сондай аса құлазыған торыққан сәттің бірінде жатаққанада отырып Айтан марқұм мынадай жігерлі өлең жазып, бәрімізді бір сілкініп тастағаны әлі есімде. Бұл өлең Айтан қайтыс болғаннан кейін баспадан шыққан «Қайғынды қайран қазақ арқаладым» атты екі томдықтың 2-томында «Өлімғазы Дәулетханға» деген атпен жарияланған еді:

*Шертші Әлеке, домбыраңды шертші кеп,*

*Қайғы-дерттен жеңілдер ме ет жүрек.*

*Емін тапшы, ортақ ең ғой сырыма, -*

*Жара еткен көкірегімді тепкілеп.*

*Шертші, қане, қосып елдің зар-мұңын.*

*Көрмегелі болып қатты-ау жылы жарым.  
Шерте берші, бастан өткен күндерді,  
Бұған дейін не көрмеді бұл жаның?!*

*Жүрегімде бар еді зой сыр тұнық,  
Кететұғын мұндайда бір құлтырып.  
Күйге қосшы, әнге қосшы ел-жұртты,  
Әрең-әрең айрылып ек-ау жыртылып.*

*Достар қайда, отты жүрек қызу қан,  
Қыздар қайда, бізді сыйлап сызылған?!  
Күндер қайда қол ұстасып солармен,  
Бірге татқан өмірдің дәм-тұзынын?!*

*Шырыққанда шықты-ау бойдан суық тер,  
Не боп кеттік жандар ек қой үміткер.  
Бар еді зой алдан күткен нұрлы күн,  
Босамайық, сілкініші бір жігіттер!*

*Домбыраның қайта бұрап құлағын,  
Шертші, Әлеке, бар еді зой бір әнің.  
Мүмкін, мынау шерлі көңіл уанып,  
Қояр бір сәт, зар еңіреп жылауын.*

*Болмаса егер осындай бір басытқың,  
Шанағынан кетер қайғы асып тым.  
Біле тұра бұл өмірдің азабын,  
О, гажайп, оған тағы гашықың!*

*Көкішетау. 1970.*

Бұл өлеңде ағылшынның ұлы ақыны Жорж Байронның екпінді әсері анық байқалып тұрғандай. Айтекең Байронның 1960 жылы Алматыда басылған «Байрон» атты өлең-дастандар жинағына енген көптеген өлеңдері мен «Чаиль Гарольдтың сапар шегуі» және «Теңіз көкжалын» жатқа сыдыртушы еді. Әсіресе оның «Еврей әуендерін» шабыттана, жан-тәнімен беріле айтқанда тыңдаушысын елттіріп, делебесін қоздыра ілестіріп әкетуші еді-ау!

Ата жұрттағы менің замандастарыма Байрон поэзиясымен та-

нысу қандай әсер қалдырып, нендей үлгі-өнеге бергенін қайдам, 60 жылдары қолына қалам алған Қытайдағы қазақ жастарына, соның ішінде өзім араласқан қаламдас достарыма өлшеусіз ықпал еткенін ауыз толтыра айта аламын.

Байронның «Бақыттысың» дейтін әйгілі өлеңіне арнап мен гитарамен айтуға ылайықтап ән де шығарып едім, 1972 жылы. Ал, Айтан марқұмның жоғарыдағы өлеңінде емеуріндетіп айтқан, «бар еді ғой бір әнің» деп отырғаны өзі сөзін жазған «Бақытым едің» атты сағынышқа толы махаббат жыры болатын.

Бұл әннің шығуына да сүйінішпен, сағына еске алар бір сәттер оралып отыр. Ол былай болған еді:

1971 жылдың 10-қаңтары болатын. Көкшенің әйгілі «Сырғымасы ма, әлде Май бораны ма» аспан астын ақ түтекке айналдырып, совхоздың жатаған барақтарын шатырға дейін сықап сыртқы дүниеден оқшаулап тастаған бір күні болатын. Жатақканада бұйығып отыра-отыра іш пысқан соң мен домбырамды алып біраз күн шертіп өзіммен өзім отырғанда, әлде бір әуен оралып, әп-сәтте жаңа бір әнге айналып сала берді.

- Иә, мінеки, жаңа ән, міне дегенше қайырмасы да келе қалды. Арлы-берлі тарта келе домбыраға қосылып әндетіп біраз отырдым да, ұмытып қалмайтыныма әрі шынымен жаңа ән дүниеге келгеніне қуанып керуеттерінде кітап оқып жағқан Айтан мен Жәркенге:

- Ей, жігіттер, сендер не білдіңдер, дүниеге жаңа ән келді, тыңдаңдаршы, міне, былай деп әуенін айтып шықтым.

Айтекем өзіне ғана тән қуақы, елгезектігімен орнынан қарғып тұрып, қасыма ентелей келіп жанаса отырып:

- Иә, қайталап айтшы, асықпай қайталашы, мынауын тәп-тәуір бір нәрсе болайын деп тұр ғой, тіпті мынауыңның болмыс бітімі өзгеше, өзінше бір сарынға келіпті ғой, - деді.

- Қалай, ұнады ма, шынымен бұрынғы әндеріме ұқсамайтын басқаша сарынды ән болайын деп тұрған сияқты. Ал, екі ақын, олай болса, екеуіңе ән сөзіне бәйге жариялаймын, қай жеңгеніңе бір шиша шампан, бір шиша арақ, бір қалбыр жеміс-жилек тіске басар атадым. Бәйгелеріңді бізбен бөлісулеріңе де, бөліспей жеке иемденулеріңе де болады деп едім, Жәркеннің көзі жайнап кетті.

- Рас айтасың ба, ей, шынымен атағандарыңды бересің бе, - деп өрепкіді.

- Әрине берем. Мен қашан айтқанымды орындамай жүр едім. Бірақ, бір шартым бар: ән мәтіні менің көңілімнен шығуы керек. Мазмұны – алыста қалған, арманға айналып сағындырған ғашық жарға арналған мұңлы, сырлы жыр болуы керек.

Сол-ақ екен, екеуі қалам қағаздарын алып өз керуеттеріне теріс қарап отыра қалып, өлең жазуға кірісіп кетті. Көп күттірмей алғашқы нұсқалар дайын болып, екеуі кезек-кезек оқи бастады. Шынымды айтсам, ешқайсысынікі де ұнап, көңілімнен шыға қоймады. Олар қайта құнжындаса кірісті. Әрқайсысы екі-үш нұсқасын жазып үлгеріпті, бірақ ешқайсысы қайырмаға бара алмапты. Өйткені қайырма әжептәуір ұзақ әрі көп сатылы болатын. Біргасып, толғасып дегендей біраз кеукілдесіп алғаннан кейін, мен Айтанның соңғы-үшінші нұсқасына тоқтағанымды айттым. Ал, қайырмасына өзім, ойыма оралған мына жолдарды салып айтып көріп едім, олар – «бұл да болады екен» дей келіп, ең соңына «жаным сәулем» деген екі сөз қосты. Сонымен қар қамауда отырып «Бақытым едің» атты бір әннің тұсауын кесіп, бәріміз қосыла әлденеше рет айтып мәре-сәре болып едік. Айтекең өзіне ғана тән барылдақ, бірақ өте жігерлі даусымен бәріміздің даусымызды баса көктеп біраз әурелеп еді.

- Е, тағы Әннибал қарап тұр ғой мына жолдардың арасынан, саған дауа жоқ, бірақ менің өз Әннибалым да көз қиығын салып тұрған сияқты,- деп әзілдесіп едік.

Айтекең олжасын бәрімізбен бөлісіп мәре-сәре болып отырғанда:

- Мынау кәдімгі ән-романс жанрындағы туынды болған сияқты. Шіркін-ай Роза мен Бибігүл апаларыңның аузымен айтылса бағы жанар еді-ау, - деп армандады.

Сол ән-романстың мәтіні мынау болатын «Бақытым едің»

*Шолпандай көрінетін таң алдында,*

*Арман мен өкініштен жаралдың ба?*

*Қайда сол, сонау күндер оттай ыстық,*

*Енді мен іздегенмен табармын ба?*

*Қайырмасы:*

*А-а-а,*

*Сағындым бір өзіңді,*

*Нұр жүзіңді,*

*Қой көзіңді,  
Бал сөзіңді,  
Мінезіңді,  
Жаным, сәулем.*

*Бақытым басымдағы секілді едің,  
Мәңгілік айрылмасқа бекіп едім.  
Тағдырдың бір соққысы кетті-ау бөліп,  
Өмір-ай неге бұлай сетінедің?!*

*Қайырмасы.  
Мөлдір көз, сүмбіл шашты қарындасым,  
Бұл жүрек қайтіп сені сағынбасын?!  
Секілді қол жетпеген бір арманым.  
Бәлкім, сен, енді маған табылмассың?!*

*Қайырмасы.*

*Көкшетау, 9-қаңтар, 1971 ж.*

Біздің Көкшетаудағы өміріміз шынымен өте ауыр, өте көңілсіз болды. Қарнымыздың ашқанына емес, алтын басымыз аяққа тапталғандай, қадырымыздың қашқанына налып, аңсап, әлде қандай ес, пана көріп келген Кеңес өкіметінің қатыбас саясатына лағнет айтып торыға күйзеліспен екі жылды өткіздік.

Мұндай сұрқай, қапас тіршілік адамдардың нағыз адами артықшылықтарымен, пендеуи осалдықтарын паш ететін нағыз катал сынақ алаңына айналдырып жіберетін болса керек. Сондай бір көңілді күйді басынан кешкен адам ғана Айтекеңнің мына жыр-жолдарының мән-мағынасын түсіне алады деп ойлаймын, ол әрі бәріміздің жан күйзелісімізді білдіріп тұрғаны да анық.

*Бірімізге біріміз ұнай алмай,  
Басымызды жүрміз зой құрай алмай.  
Мақтайтұғын жерінде мақтай алмай,  
Сынайтұғын жерінде сынай алмай,  
Не оған да жақпайсың, не бұған да,  
Бүйткенінше қоймады-ау құдай алмай!*

Рухани күйзеліс – түйыққа тірелген пендені жағасынан

алып алуан күйге түсіре сілкілеп барып, не оны біржола тұқырта жеңіп тәркі дүнияға ұшыратады, не қайыспас қайсар азаматтың ерік-жігерін камшылап өршелендіріп, өсіріп жібереді. Қайсар қазағым ондайды «жігітке сейілде сейіл, сергелдең де сейіл» деп өрлік, ірілік танытады. Мұндайда жігітке ең керегі – ең ес қатар тиянақ сүйеніші бір-бірі үшін жанын да малын да аямайтын нағыз адал жолдас, ізгі дос болса керек. Ежелгі Баба түрік заманынан бері қастерленіп келген достықтың ортақ атауы – андалық еді. Андалықтың қадір-қасиеті мен әлеуметтегі ролінің қандай болғанын Шыңғыс қаған мен Жамуха сардар жөніндегі аңыз бен ақиқаттан айқын байқауға болады.

Қазақ даласына Ислам өркениеті орныққан 1000 жылдан бері «Андалық», «ахиреттік достық» ұғымына ауысып, тек пәни дүнияда ғана емес, мәңгілікпен астасқан «бақилыққа» азбай-тозбай жететін қасиетті достық жөніндегі ұғым-түсінікті қалыптастырып кетті. Коммунистер жалаулатып орнықтыруға тырысқан «товарищ-жолдас» пен «бейбауырмал достық» (интернационалдық достық немесе ел аралық мәңгілік достық) дегендер сайқал саясат пердесін жамылған көлгір, алдамшылықтан басқа еш нәрсе емес екенін танып, біліп жетпеген жасамыс коммунистер мен маргинал қазақтар арамызда толып жүр.

«Достық» дейтін аса киелі, бек қастерлі сөздің мән-мағынасын жүрегімен сезіне алмау момын қазақтың соры екенін мойындамау болып табылады.

«Достық» жөнінде сөз айтпаған, кітап жазбаған адам жоқ шығар. Бірақ достықтың да уақытқа, ортаға адамдар қарым-қатынасын қалыптастырар ұсақ-түйектерге де тікелей қатысы бар екенін, соған орай өзгеріп, құбылып тұратынын, тіпті опасыздық пен сатқындыққа ұласып кететін тұрлаусыз достықтың болатынына мән бере бермейміз.

Мен өз өмірімде ондай-ондайдың талайын көріп, басымнан өткізген адамның бірімін. Абай атам айтқандай «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?»- деп оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ ұпайын түгендеп жүрген пысықайлар мен жүрген ортада да аз болмаған екен.

Бір кедей байғұс қысылғанда айтқан екен: «бар айтарым дам-балым бүтін» деп, сол айтқандай Айтан марқұммен жолдас болған қиын-қыстау күндердің бәрінде де аброй төгілерлік иттікке



бармаған екенбіз. Ал әр адамның басында бар талай мін, айып, кем-кетік мінездерден туындап жататын пенделік ұсақтықтардың кесірінен ренжісіп, араздасып жүретін кездеріміз де болып тұратын. Сондай бір тарғалаң тіршілік тауқыметінен туған ойларымды күнделік дәптеріме түртіп қоятын әдет бала күнімнен бар еді.

1971 жылдың 24-қыркүйегінде, көкшетау қаласында құрылысшы болып істеп жүрген кезімде «Достық» туралы біраз толғанған ой үзіктерін қаз-қалпында бере кеткім келді.

Дос, достық ізгілік адам өмірінің ең бір қастерлі нәрсесі, оның күдіретті күшін, арналы ақыл-ойын, тәтті сезіммен ащы запырандай өкінішті өксігіне әмсе ортақтасуға дайын тұратын жомарттығын дұрыс бағалай алудың өзі қасиет.

Достық – мәлім мәннен айтқанда жемісті бау-бақша сияқты, оны тәжірибелі де қамқор бақташыдай аялау керек, жемісі мәуелеген кезде қалай мейірленсең, табиғаттың дүлей дауылды зымыстан қысында да сол пейіліңнен, қамқорлығыңнан айныма. Сонда ғана бау-бақшаң гүл жайнай береді.

\*\*\*

Достар! Шіркін-ай, осы бір арпалысқа толы өмірде ауа мен судай қажетсің-ақ. Қиналған, қуанған әр сәтінде бірге болса деп армандайсың, сөйте тұра мен ет жақын достарыңмен күндіз-түні бірге болып, адам мінезіндегі сан қилы ұсақ-түйектерді дәйім көріп ығыр болатын, сөйтіп адамның бір-біріне деген қадыр-қымбатын елеусіздендіретін, күйкі тіршіліктің әрбір сәтін көзге ұрып мезі қылатындай дәрежеге жеткізбеуін тағдырдан жалбарына тілер едім. Оным алыста жүрсе кісінесіп, жақында жүрсе тістесетін пыйғыл-қарекеттен емес, шын достыққа деген құрметіммен жауапкершілігімді сезіну деп біліңіз.

\*\*\*

Бір қарағанда, достық асқар тау сияқты, мұқалмас болат сияқты, тағы бір жағынан өте нәзік хрустал сияқты ма қалай?

\*\*\*

Достық дипломатия емес, бірақ дипломатиялық нәзіктік пен сарабалдықты да қажет ететін сияқты.

\*\*\*

Достық нағыз сыйластық, тең құрметтеушілік, бір-бірінің айтар сөзі мен істер ісін шахмат ойыншыларына қырағылықпен сезіну, бірақ оларша қарсы шара қолдану емес, игі қадамына ізгі ниет, адал көмек көрсетуге дайын тұру деп білемін.

\*\*\*

Достар, терезесі тең адамдар боларға керек. Бірақ күйбен тіршілікте нағыз достар дәйім тең бола ала ма?..

\*\*\*

Мүмкіндік болса шын достарыңмен алысырақ жүріп, (24 сағат, жыл он екі ай бірге болудан Алла сақтасын) жақыннан сыйласқанға не жетсін?!

\*\*\*

Ойхой, арман-ай! Адамдар сияқты сен де алуан түрлісің-ау! Оның кейбірі бос-болбыр болғандықтан еңсеңді басып, езіп-жаншып жігеріңді құм қылып кетуі ондай өмірге не өзің өкінесің, не сен үшін өзгелер өкінеді. Ал, кейбірі шиыршық атқан шымыр, өр, асқақ, ол сенің сүйенішің, қанатың, бауыр етің, дәм-тұзың, тиянағың, әттең оған нағыз адал досың, қайсар да өжет тілеулесің келіп ортақтасар болса мына ит тірліктің басынан аттауыш алып кетідің не қиындығы болар еді деп армандайсың.

\*\*\*

Бұл олармен түйткілді толғаныстар бұдан 38 жыл бұрын қағазға түскенімен кейінгі өміріме нұсқаушы болғанына уақыт шіркін куәлік етеді.

Мен осы естелікті жазып жүрген күндерімнің бірінде өзім сыйлап құрмет тұтатын акын інілерімнің бірі Есенғалидың «Жас Алаш» газетінен «Жапанда жалғыш ағаш» атты әдеби портретін оқып, көптен бері таныс-біліс Аманхан ақынның жан дүниесіне терең бойлағандай әрі Есенғалидың азаматтық тұрғысын нақтылай түскендей болдым.

Осы барыста марқұм Айтанның жеке басымен, ол араласқуралас болған адамдары жәйлі, тізбекті ойлар жағымды-жағымсыз

бейнелер көз алдымнан тағы бір рет қайшылыса көлбеді.

Есенғалидың «әлбетте өнер адамының қанша ерік-күші мықты болса да, іштей жаситын, өкінетін, опынатын, кейбір достарының сатқындығына, бейшаралығына атаққұмарлығына зығырданы қайнайтын кездері болатыны анық» дегеніне тек өнер адамы ғана емес, саналы адамның деп қосымшаласа қайтер еді деп ойладым. Өйткені ондай көңіл-күймен сезім сергелдені барлық адамға дерлік ортақ болады емес пе. Әйтсе де Айтан сияқты дара тұлғалардың жан жарасы мен көңіл-қошы да өзгеше, табиаты да басқаша бола ма деп те ойлаймын.

Айтан өлеңді көп жазбаған тек жазбаса болмайтын, ащы толғақ қысқанда ғана қолына қалам алғанын жақсы білемін. Оның 1974-жылы Алматыда жазған бір өлеңі:

*«Менің жсырым, жаным-ау жаралы жыр,*

*Қарс айрылып көкірегі жаралы жүр.*

*Жогын жоқтап халқымның қалам алдым,*

*Маған қойған уақыттың талабы бұл,* - деп шамырқана ба-сталушы еді. Айтан қаламынан туған өлең-жырларды мазмұнына қарай топтастыра қараған адам, оның шын мәнінде «уақыттың талабы» бойынша ғана шығармашылықпен айналысқанына көз жеткізер еді.

Ал «уақыттың талабы» дегенді кешегі партиялық науқандар мен саяси ұрандар алға қойған талаптардан, кітап шығарумен мемлекеттік сыйлық, атақ-дәреже үшін жаныққан ит жандылықтан мүлде басқа азаматтық, жауапкершілікпен ар-ұят алдындағы үлкен жүректің лүпілдей аққан дүрсілі деп біліңіз.

Айтан 1976 жылдың күзінде Мәскеудің қалауымен Орталық радио комитетіне жұмысқа кетіп табаны күректей 13 жылын қалың орыс пен жойттардың арасында өткізді.

Мәскеу оның ұлтшылдық, отаншылдық көзқарсын бұрынғыдан бетер асқындырып, кездескен сәттерімізде, жазысқан хаттарымызда ол туралы талай рет пікір таластырып жатағын едік.

Сондай кздерде ол темірдей қатты, запырандай ащы өмір шындығын бадырайта тізбелеп, өзіне ғана тәнақылды талдау тұжырымдауларымен мені иландырып, өзімен бірге ілестіріп ала жөнелетінін байқамай да қалушы едім. Ол әсіресе шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық дегеннің қандай нәрсе екенін талдауға кел-

генде нағыз шешен теоретик екеніне қайыл қыла алатын еді. Ұлы қытайшылдық пен ұлы орысшылдықтың сыр-сыйпаты мен мән мағынасы, қоғамдағы көріністерін салыстыра талдап, жілікше шағып беретін.

Мен сондайда, Айтекем-ау, зор қытайшылықпен күресеміз деп жеткен жеріміз мынау болды, енді ұлы орысшылдықпен күрескенде, барар жер, басар тау таппай қалмаймыз ба? Байқап сөйлесеңші, Мәскеу сенің әкеңнің үйі емес қой, қаптаған қызыл көздердің қақ ортасында жүргеніңді неге ойланбайсың?- деп басу айтатынмын. Ол терең күрсініп алып:

- Әлеке, құдай берген жанды құдай алады, менің анық көзім жеткен бір шындық – ақ ит, көк ит бәрі бір ит екен. Шындық, әділет іздеп Кеңес еліне келіп едік. Мен Мәскеуден оның елесін ғана көрдім. Отаршыл империялар ешқашан да өзі жаулап алған бөгде халықтардың мұң-мұқтажын ойлап басын қатырмайды, оның тәуелсіздігі туралы өңі түгіл түсінде де еш нәрсе көргісі келмейді екен. Сондықтан қалай да шаманың келгенінше, тілдің жеткенінше ұлт бостандығы жолындағы күресті жалғастыра беру керек. Бір қалыпта тұрған дүние болған емес, бәрі де өзгереді, тек біз ол күндерді көре алмаспыз, кім біледі үмітсіз сайтан деген де сөз бар ғой. Мынау Балтық жағалауы елдері мен кавказдықтардың, тіпті хохолдарың мен сонау Тайгадағы саха-якуттарыңның озық ойлы азаматтарының бет алысы, сөз ауаны мүлдем басқаша. Мен олардың талайымен достасып кеттім. Алдымызда қалай да бір зор дүрбелеңдер күтіп тұрған сияқты деп еді.

Сөйтіп жүргенде уақыт шіркін зымырап 1986 жылдың желтоқсанына да жетіп келді. Мәскеуде жатып Алматыда болған ұлы қозғалыстың ішінде бола алмағанына шыдай алмай алас ұрды. Маған да бірнеше хат жолдап оқиғаның мән-жайын сұрастырды.

1987 жылдың ақпанында менің қолыма пошта арқылы үлкен пәкет келді. Ашып оқысам, өзінің Шыңғыс Айтматовқа жазған хаты мен екі кітапшасы және маған аманаттап жазған хаты екен. «Мына хатты Шыңғыс ағаға жіберіп едім, әлі жауап жоқ. Бәлкім, үндеместердің барымтасына ұшыраған да болар-ау, сондықтан өз архивіме де сене алмай бір нұсқасын саған жіберіп отырмын. Келешектің бір керегіне жарап қалар, үміт дүниесі ғой», - деп жазыпты.

1987 жылдың қаңтар, ақпан айларындағы қыс ызғары қандай қатты болса, саясаттың, диктатураның ызғары да одан кем емесі жұрттың есінде болар. Айтекең сол қаһарлы зымыстаннан қаймықпай «Адамзаттың Шыңғысына» шағымданып қазақ халқына араша сұрайды, әрі Шықаң ағасына ұлт мәселесін қалай шешуге болатыны жөнінде аса келелі, ақылға қонымды ойлар ұсыныстар айта алады.

Сол үрей билеген сұрапыл қыста еш қысылмастан; өз жерінде азшылыққа айналып қалған қырғыз, қазақтардың мемлекеттігі правосын толық қамтамасыз ететін арнайы заң шығаруды талап етіп былай жазған екен: «Мұндай заңның керек болатын себебі, өзін-өзі билеудің беделін көтеру қазіргі кезде күн тәртібінде тұрған мәселе деп білемін. Орыс халқы жағынан бізге көрсетілетін құрмет ең алдымен біздің бірінші дәрежелі правомызға – мемлекеттік правомызға қаратылуы тиіс. Бізбен болған қарым-қатынастың қандай екенін қалт жібермей өлшеп отыратын «барометр» дәл осы араға орнатылған.

Шыңғыс аға! Өзіңіз ойлаңызшы мемлекеттік право құрметтелмеген жерде қандай сыйластық болуы мүмкін?»

Мінеки, марқұм Айтан осылайша Адамзаттың Айтматовына бағыт сілтеп, ой жарыстыра қузау салады.

Айтанның хатын оқыған соң мен бір жарым бет қағазға өз ойларымды түсіріп қойған едім. Онда, Әй баладай сенгіш ақ көкірек досым-ай, сен сонша зор үміт артып, араша сұраған Шыңғыс ағаң ондай-ондайға мән беріп басын қатыр қояр ма екен. Кремілдің биік астауынан жем жеп үйренген үлкен кісілерде үлкен нұқсандар да пендешіліктер де аз болмайтын сияқты еді. Сен хатым үндеместерге қолды болды ма деп алаңдайсың, ал мен болсам, Шықаң интернационализммен әлемдік идеялар шырмауынан шыға алмай басы қатып жүр ме екен деп алаңдаймын. Ылайым да мен-ақ қателесейін...»- деп жазып қойппын.

Тағдырдың тәлкегіне, уақыттың қатал куәлігіне не деуге болады? Тасқа басылғанды өшіруге тасқа басқандардың өзі шарасыз болса қайтерсің.

Шыңғыс Айтматов марқұм (жаны жәннатта болғай) «Желтоқсан оқиғасына түп-тура он бір жарым болғанда қазақ халқының қанды мойын күнікері Колбие туралы «Қырғызстан

маданиятының» 1987 жылғы 17 желтоқсанында жариялаған мына сөздерін Айтан марқұмның оқымай көз жұмғанына қандай жақсы болған деп ойладымыз:

«... Была у меня продолжительная беседа с товарищем Колбиным. У меня в результате осталось хорошее впечатление об этом руководителе. Думаю Казахстану повезло и казахи начинают это понимать».

Біз бастан өткерген өмір де, біз араласқан адамдар да барынша күрделі, қайшылықты болғаны ақиқат. В.В.Белинский айтпақшы «замандастар қашан да бір-біріне әділ бола алмайды». Бәріне де уақыт төреші деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз.

Мен 1986 жылдың 15 қыркүйегінде азаматтық төл құжат алдым. Сол күннен бастап астана алматыға жетуді армандап, Айтанға да астанада бас қоссақ, бала-шағаларды араластырып, қалған өмірді бірге өткізсек деп қузау салдым.

Айтекең де сол ойда екен. Ақыры 1989 жылдың күзінде алматыда бас қостық. Ол Қазақ теле радио комитетіне қарасты «Алатау» каналына бас редактор болып келді. Мен теле журналист болып орналастым.

Мен ауылда қаймағы бұзылмаған Оңтүстік Қазақстанда тұп-тура 17 жылымды өткізіп тап-таза қазақ күйімде жеттім. Ал, Айтекең тұп-тура 13 жылын қып-қызыл орыстың астанасы Мәскеуде өткізіп кәдімгідей өзгеріп, орысшаланып келгенін өзі де байқамай қалса керек.

Екеуіміз бозбала күнімізден жұп жазбай бірге өмір сүріп келгендіктен болар ол білдей бастық болса да көбінше еркінси, өзімісіне сөйлейтін болсам керек. Соның аяғынан екеуіміз қатты ренжісіп қалға жаздаған бір күлкілі жағдай есіме түсіп отыр.

Кезекті бір дүйсенбілік бас қосуда мен бірнеше рет сөз алып «Айтеке, ол былай ғой, Айтеке былай істесек қайтеді» деп белсенділік танытқан сияқтымын. Айтекең менің белсенділігімді ұнатпағандай сыңай танытып, қабағын кержете жақтырмай отырғанын байқадым. Жиын соңында жұртпен бірге кабинетінен шығып бара жатыр едім, ол дауысын көтере:

- Жолдас, Даулетханов, сіз қала тұрыңыз, - деп бұйырды. Қарсы алдындағы орындыққа жайғаса бергенімде бірден:

- Сен немене, Айтеке, Айтеке деп дікілдеп сөйлейсің, ана жұрт

сияқты Айтан Нүсіпханович десең аузың қисайып кете ме, этика, субардинация деген қайда?- деп дүрсе қоя берді.

Мен не дерімді білмей аңырып қалыппын, сосын әлгі сөздерді іштей қайталап барып:

- Ой, не деп тұрсың, ей! Сонда менің Айтекем сенің ович-совичыңнан сорлы болғаны ма? Айтан Нүсіпханович, овичынның тақ әкесінің аузын... оған тілім де келмейді, сен қашаннан бері Нүсіпханович болғаның? Айтан десем өтің жарылып кетер ме еді,- деп қатты дауыстап жіберсем керек.

- Ой, болды, болды сырттағылар естіп қалса ұят емес пе, олар сенің Айтекеңді қалай қабылдайды, сыйламайды екен бастығымызды дегенім ғой, - деп менің иығымнан басып отырғызды да мырс етіп күліп жіберді.

Менің Айтекем сондай еді, айтуы да, қайтуы да тез еді. Аса үлкен принципал саяси мәселелер жөніндегі талас-тартыста, нақтылы саяси шешімдер қабылдар тұста ол алған бетінен еш қайтпайтын, өзінің дұрыстығын соңына дейін дәлелдеп, тиянақтамай тоқтамайтын. Ал, тұрмыстағы, жұмыс барысындағы үлкенді-кішілі кикілжіңді балаша ұмытып, қарқ-қарқ күліп аңқылдап жүре беруші еді.

Мен өзіміз бірыңғай отырған дастархандарда кейде «Айтан Нүсіпханович» десем, көзі күлміндеп, бір түрлі ынғайсыздана «ей, қойсаңшы сондайды» деп тыйып тастайтын.

Біз шын мәнінде әзіл-қалжыңы жарасқан, бір-бірімізді қас-қабақтан танитын нағыз жақын достар едік.

Мен білетін кейбір азаматтар «шын достарың бар ма» деп сұрағанда «жоқ» деп дүңк еткізе, тіпті батырсына жауап бергенін естіп жүрміз. Құдайым-ау шын досы жоқ адам да өзін дені сау, ақыл есі толық адам деп есептей ме екен?

Шын досы болмау мақтан емес, қасірет емес пе? Әлде, досы жоқ болса, кілең қара ниет жаулармен жалғыз айқасып жүрген қаһарман болып көрінгісі келгені ме? Әлде қайсар ақын Мағжанның «Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын шертер қаламына» деген күйзелісі кімге де болса ортақ дейтін пенделікке иек артқысы келе ме?

Ақын Айтанның өлендерінің ішіндегі ең шұрайлы ұйкастар мен мағыналы мадақ сөздер өзінің достарына, аға-інілері мен ел

мақтанышына айналған ерлерге арналғаны белгілі.

Сондықтан Айтан Нүсіпхан нағыз адал дос іздей жүріп шынайы достықты жырлап өткен үлкен жүректі ақын болған еді деп ауыз толтыра айта аламын.

\*\*\*

Айтан Нүсіпханның бүкіл саналы ғұмыры қазақ халқының, қала берді бүкіл түрік халықтарының бостандығы мен бірлігіне қызмет етуге арналған ірі қайраткердің мағыналы ғұмыры еді. Марқұмның ағынан ақтарыла айтқан мына жыр жолдарының шынайылығына, оны білетін жандар кәміл сенуші еді:

*«Елім» деп ес білгелі еңіредім,*

*«Жерім» деп жеті түнде тебірендім!*

*Қайғыңды қайран қазақ арқаладым,*

*Түс екеш түсімде де сені көрдім!*

Біздің тоталитарлық, әміршіл әсіре қызыл қоғам қалыптастырған саяси-әлеуметтік ұғым-түсінігімізге салсақ, Айтан Нүсіпхандай саяси қайраткер, қоғам қайраткері жоқ, өйткені ол партия-кеңес органдарында жоғары лауазымды қызметтер атқармаған, саудырағын орден-меделдары жоқ, қатардағы көп журналистің, кіші-гірім чиновниктің бірі ғана.

Ал, 55 жылдық қысқа ғұмырында тындырған қоғамдық саяси қызметтері мен оның қаламынан туған том-том кітаптарда көтерген тақырыптарды көзден кешірген адам біз мадақтап, мақтаныш етіп отырған Айтанның «Қайғыңды қайран қазақ арқаладым» деп айтуға толық хақы бар екеніне шәк келтіре алмас еді демекшіміз.

Айтан өмірінің соңғы он жылын астана Алматыда өткізді. Қазақстанның тәуелсіздігі үшін болған қалам күресіне бір кісідей ат салысып, қоғамдық пікір дайындау жолында қалам мен көгілдір экранды ұтымды пайдаланып отырды.

Қазақтар үшін 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қалай баға беру мәселесінен маңызды еш нәрсе жоқ еді. Ресми баспасөз аузына келгенін айтып, сатыншақ зиялысымақтар «Правда» мен «Социалистік Қазақстан» газетінің әуеніне қарай мәлімдемелер жариялап жатқанда Айтекең еш тайсалмастан «Меніңше, Алматы оқиғасы - жәбірленген ұлттық сезімнің терең түкпірінен қайнап шыққан ашу-ыза мен тегеурінді қарсылықтан бұрқ етті» деп сөзді



төтетісінен бір-ақ қайырған болатын.

Айтан баспасөзде көтерген басты тақырыптарды атап өтудің оны білгісі, танығысы келген замандастары мен ұрпақтар үшін пайдалы болар деп есептедім. Мәселен:

1. Тіл теңдігі саяси мәселе.
2. Кепілдік суверенитетте.
3. Василев не дейді, біз не дейміз?
4. Егемендік томаға тұйықтық емес.
5. Ұлт тәуелсіздігі хақында.
6. Тәуелсіздік бағытымен.
7. Көсегеміз қайтсе көгереді?
8. Тәуелсіздік және ұлттық сана.
9. Жириновскийді жырлатқан кім?
10. Қытайдағы қазақтарды атамекенге қоныс аудару хақындағы кейбір ой-пікірлер.
11. Сын сағаты соғып тұр, не істеу керек?
12. Тәуелсіздікті тәлкек етпейік.
13. «Ұлттық», «мемлекеттік», «егемендік» және басқалар.
14. Президент Назарбаев туралы не ойлаймыз?
15. Чешен оқиғасы және ұлт мәселесінің кейбір жайттары.
16. Мемлекеттік тіл ұлыққа емес, ұлтқа қызмет етеді.
17. Тәуелсіздік және демография.
18. Ұлттық мектеп идеясы: Үміт пен күдік.
19. Сенім дағдарысы және тәуелсіздік тағдыры.
20. Заман және зиялы.
21. Саясат ғылым ба, өнер ме әлде ойын ба?
22. Бізге керегі ұлтшылдық болар.
23. Ел мүддесін ойласақ.

Бұлар өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары мерзімді баспасөзде жарияланған проблемалық мақалаларының бір бөлегі ғана. Егер әділін айтар болсақ, ол жылдарда ұлттық-мемлекеттік мәселелерге жүйелі талдау жасап, оқиғаларға дер кезінде баға беріп отырған басқа бір қоғам қайраткері мен саяси шолушының атын атап бере алар ма едік? Әрине, ауызды ку шоппен сүртуге болмас. Марат Қабанбай сияқты от ауызды, орақ тілді көсемсөз саңлақтары көсіле шаба бастағанын да білеміз. Айтанның олардан өзгеше артықшылығы – оның терең, жан-жақты теориялық

дайындығы мен саяси көрегендігі, батылдығынан менмұндалап тұратын.

Тәуелсіздігін алып, азат өмірге қадам басқан Қазақстанның тәуелсіздік жолында күресіп, тәжірибе жинақтаған дайын кадрға мұқтаждығы шаш етектен еді. Кешегі партком хатшылары мен коммунист кадрлардың тәуелсіздік жөніндегі ұғым-түсініктері мүлде жоқ болғанына, тіпті іштей қарсылығына қарамай жас қазақ мемлекетінің билік орынтағына қонжия салғанына қатты алаңдаған Айтанның президент Назарбаевқа арнайы хат жазғанын біреулер оның «мансапқұмарлығы» ретінде бағалағанын да естіп жүрміз. Егер бұл хаттың жазылуы мен оның мазмұнына әділ баға бергісі келген адам боса хат иесінің ағынан жарыла айтқан мына сөздерін есіне сала кетейік:

«Құрметті Президент! Осы хат арқылы Сізге айтайын дегенім мынау еді. Мен өмір бойы Қытайды зерттеп, қытай мәселесімен шұғылданып келген адаммын. Шыңжаңдағы өткен өмір өз алдына, ал Мәскеудегі он үш жылдық қызметім де қытаймен тікелей қатысты болды. Сол себепті, бұл ел бойынша біршама мол білім мен тәжірибе жинағанымды ерсілеу болса да өзіңізге жеткізуді лайық көрдім.

Жаңадан шаңырақ көтерген қазақ мемлекетінің Азия және Тынық мұхит аймағы елдерімен, әсіресе Қытай Халық республикасымен арақатынасын айқындап, қалыптастырып, дамытуына мен өзімнің көп жылдар бойы жиған-терген білімім мен тәжірибем арқылы шамамның келгенінше көмектесе алар едім...

...Егер мүмкіндігіңіз болып жатса, аз уақытқа болса да, қабылдауыңызды көптен-көп өтінемін». 1991 жыл.

Амал қанша өкінішті-ақ! Сонша үміт артқан президенттен де, оның көжеден көп көмекшілерінің бірінен де «лэм» деген жауап болған жоқ. Сол бір аласапыраң кезең түгілі, тәуелсіздігіміздің 20-жылына аяқ басқан бүгінгі таңда қазақ мемлекетінің сыртқы істер уәзірлігі мен президент аппараттарында Айтан сияқты жан-жақтылы дайындығы бар қанша маман кадр бар екен? Бардың қадіріне жетпеу, қазақтың бір туар ұлдарын жағымпаздар мен жандайшаптардың тәлкегіне тастап беру біздің бейбақ халықтың маңдайына жазылып қойған ба дерсің!

Қазақта «мүйіз сұраймын деп жүріп құлақтан айрылыпты»

дейтін ащы сөз бар. Айтан марқұм дәл соның кебін киіп далада қалар ма еді, егер Мұрат Әуезов пен Заманбек Нұрқаділов сияқты жан ашыр азаматтар ие болып, қолтығынан сүйемегенде...

Астана Алматыдан Ақмолаға көшерде Тоқаев бастаған сыртқы істер мекемесі Айтан сияқты «қолайсыз» адамдардан құтылудың орайы келді деп көшкен жұртына тастап кетіп еді.

Айтқандай қазақтың бір туар ұлы қазақ мемлекетіне неге керек болмай қалды? Бұл бір жеке дара кездейсоқтық па, әлде кенес дәуірінен қалған қытымыр, қатігез кадр саясатының еш өзгеріссіз бүгінге дейін жалғасып келуінде ме?

Айтанды тәлкек қылған кесірлі саясат қана емес, басшыларымыздың құлдық-көзқамандық кесапатында жатса керек.

Осы арада айта кетпесем болмайтын бір ащы шындық бар. Әрине, жылағанның көзі жаман, айтқанның аузы жаман қашан да.

Айтан Нүсіпханды теле-радио комитеттен де, сыртқы істер уәзірлігінен де кетірген пәлекеттің жіп үші көршілес қытай айдаһарының аузынан шыққан зәһарлы лепке барып тіреледі...

1992 жылдың басында болар, алматы-Үрімжі әуе жолы ашылып, алғашқы ұшақпен вице президент Ерік Асанбаев бастаған Қазақстан үкімет делегациясы баратын болады. Делегация құрамында «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртаза, радио-телевидение комитетінен бас директор Айтан Нүсіпхан да Үрімжіге ұшып барады.

Үрімжіде СУАР өкіметі басшыларымен кездесуде Айтанды танытын Мәметимин Зұнұн деген (бұрын Шыңжаң университетінде мұғалім болған) мәдениет назыры жағымпаздынып қытай басшыларына жеткізеді. Келесі күні жағдай мүлде өзгеріп сала береді. СУАР қауіпсіздік мекемесінің генералы Асанбаевқа келіп дүрсе қоя береді.

- Сіздер достық нистпен келдіңіздер ме, әлде басқаша ма? Неліктен бұл делегация ішінде біздің еліміздің дұшпаны жүр? Мұны қалай түсінуге болады?

Кремілдің қас-қабағын бағып үйренген құлдық психологияның әсері болар Ерік Мағзомұлы қытай генералының алдында күмілжіп.

- Мен ондай ешнәрсені білмейді екенмін, елге барған соң анықтап білейін,- деп міңгірлейді.

Сол күннен бастап Айтанды қонақ үйден шығармай мырза қамақта ұстайды. Телефон байланысын үзіп тастайды.

Тәуелсіз Қазақстан елінің вице президенті бастаған өкімет делегациясы қытай генералының алдында тізесі қалтырағанымен Алматыға келген соң арыстанша ақырып радио-телевидение комитетінің төрағасы Ғазілбек Шалахметовты қыспаққа алады.

Айтан марқұм осыларды зығырданы қайнай отырып әңгімелеп беріп еді. Шіркін-ау, тәуелсіз мемлекеттің басқа бір елге баратын өкімет делегациясын қашаннан бері ол елдің әскери генералдары белгілейтін болған еді? Осындай да бейшаралық болады екен-ау! Айтан соғыс қылмыстығы немесе халықаралық іздеуде жүрген қылмыскер емес еді ғой.

Дипломатиялық сауаттан, халықаралық заң ережелерінен мүлде хабарсыз бір партоқраттар жас қазақ мемлекетінің мүддесімен аброй беделін қорғай алмай қоластындағыларға қожырандаған мәтібилігіне не дерсің?

Қытай компартиясының жауы Қазақстанның да жауы болуы керек деп есептеді ме екен, қайдам, сол зіркілден хабардар «Социалистік Қазақстанның» бас редакторы Шерхан мырза теле-радио комитетіне төраға болып келісімен, көп өтпей бас директор Айтан Нүсіпханды ешбір себеп-сылтаусыз аттан аударып тастап, оның орнына өмір бойы «Правда» мен «ТАСС тың» бас мақаласын оқуға машыққан Тыныс Өтебайды қонжитты. Шер аға онымен де тоқтаған жоқ, орынбасарлар мен бас редактор бөлім бастықтарына дейін тасқаяқтай соғыстырып түгелдей дерлік жамбыл-шымкенттік бауырларын мәнсапқа қарқ қылды.

Кешегі бас редактор екі ай бойы өз кабинетінде ешбір міндет-лауазымсыз сенделіп жүрді. Бұл жағдай менің жаныма қатты батты. Қанды көйлек досым үшін күйініп, шыдамым таусылған бір күні, кезекгі «лездемде» трибунада сіресіп отырған Шерхан Мұртаза бастаған бес-алты нояндар алдында зал толы журналистер көзінше былай деп араша айтып едім:

- Құрметті төраға, Шеке, сіз бізге басшы болып келгенде өлген әкеміз тіріліп келгендей қуанғандардың бірі мен едім. О, Шер аға келді, енді қазақ тілі мен қазақ журналистерінің бағы жанатын болды, әділет салтанат құратын болды деп мәз болдық. Уақыт өте келе бұл қуанышымыздың баянсыз, алдамшы нәрсеге айналып бара

жатқанын көріп, «бұл қалай болды» деп бірімізден біріміз сұрай бастадық. Басқасын қоя тұрып, мен өзімнің қанды көйлек досым, 30 жылдық жан жолдасым Айтан Нүсіпхан туралы айтқым, сізден оның себебін сұрап білгім келеді. Сіз кадрды қандай принцип бойынша іріктеп алып жатқаныңызды білуге хақымыз бар ма, жоқ па? Сіз біздің байқауымызша биографиясына, қабілет-қарымына қарай емес, географиялық принцип бойынша қабылдап жатқан сияқтысыз. Құдайшылдығын айтар болсам (жігіттер кешіре көрсін) мына екі жағыңызда отырған төрт орынбасарыңыздың төртеуінің басын қоса есептегенде бір Айтанның алтын басына тұрмайды ғой. Айтанның кім болғанын, не істегенін Үрімжіге бірге барғанда көріп-біліп қайтып едіңіз ғой.

Біз 22-23 жасымызда-ақ ұлт азаттық жалауын көтеріп, Мау Зыдунның қанда диктатурасына қарсы қозғалған Шығыс түркістан халқының бостандық жолындағы күресіне басшылық жасап едік. Айтан Қытайдағы әміршіл-тотаритарлық режимнің жауы деп күні бүгінге дейін қудалап келеді.

Ал сондай ер азаматты осылайша елеусіз тастап, неге қорлайсыз? Оныңыз қай жөн-жосыққа келеді? Айтанды шешесі директор етіп тумаған шығар, оған жұмыс табылар-ау. Сізден неге бір орын табылмады? Қытайларда «шисы» деген зұлым сөз боушы еді, мағынасы жауын «құсаландырып өлтіру» дегенді білдіреді. Айтан бұл елде, өз елінде ешкімге жау емес сияқты еді. Ол неге құсаланып өлуге тиіс? Мен сізден Айтанды қандай кемшілігі немесе қандай қателігі немесе жарамсыздығы үшін көшеге шығарып тастғаныңызды сұрап білуіме бола ма? Көпшілік алдында соны айта аласыз ба?- деп қадалдым. Ол сөзіме сонда залда отырған теле-радио журналистер қауымы куа. Алып-қосқаным жоқ.

Шер ағам не деді?- деп сұрарсыздар. Ештеме демеді. Иегін екі алақанына тіреп, мұрты жыбырлап маған бедірейе қараған күйі отырды да «лездемені» аяқтады.

- Сенің өзің не, сөзің не?- деген астамшылығы шығар.

Әйтсе де мен шарай топтың алдында қанды көйлек досымның тәлкек тағдырына арашаға түсіп өзімнің азаматтық, достық сөзімді, имни шындығымды ашық айтып, арылдым. Ол менің қасиетті парызым, дос алдындағы қарызым болатын

Уақыт өте келе төраға Шерхан Мұртазаның Айтан Нүсіпханды

қудалауы тек жершілдік пен рушылдықтан болмағанын, Қытай қауіпсіздік генералының Ерік Асанбаевқа ауызша тапсырған нотасының жаңғырығынан туындап жатқан құлдық-көзқамандық пыйғылдың зардабы екеніне көзім жетті.

1997 жылы Айтанға сөгістен сөгіс жариялап (сыртқы істер министірлігінде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін көтерген батыл бастамалары ұнамағаннан) Ақмола көшінен қалдырып көшеге тастап кетуінде де айдаһардың зәрлі демінің зардабы тиген болар деп шамаладым.

Шын мәнінде Айтандай жан-жақтылы даярлығы бар, көп тіл білетін, тәуелсіздік жолына бүкіл ғұмырын арнаған бір айтулы тұлғаның елеусіз қалуы елдігімізге үлкен сын емес пе еді?

Айтанның қайраткерлігі мен білгір саясаткерлігінің жұрт мойындаған бір белесі оның тұтас түрік идеясын ту етіп, сол жолда бүкіл түрік әлемінің көсеміне айналған Мұстафа Шоқаймен мақсаттас, тағдырлас болып, ұлы тұлғаны қазақ еліне таныстыруға қосқан орасан зор еңбегі еді.

Айтан бұл жұмысқа кездейсоқ кірісе салмаған болатын. Ол аса зор ынта-ықыласпен, ыстық махаббатпен барын сала күндіз-түні тыным көрмей жүрек қанымен өзі жазғандай-ақ құлшына аударды ұлы көсемнің ұлы шығармаларын сондықтан да Мұстафа Шоқай халқымен аса түсінікті, жатық, байырғы қазақы тілмен қауышып көптің алғысына бөленген болатын.

Халқымыздың бір туар азаматтарының бірі, Айтанды жете танып білген көзі қарақты қамқор Қалтай Мұхаметжановтың мына бір жалынды сөзінде терең мән, телегей сыр жатқандай. 1998 жылы Мұстафа Шоқай атындағы сыйлыққа ұсынған хатында Қалекен былайша ағынан жарылған екен:

*«Халқымыздың бір туар ұлы Мұстафа Шоқай атындағы халықаралық сыйлыққа Айтан Нүсіпханды ұсырудан бұрын біз көп ойланып толғандық. Мұншама беделді сыйлықтан үміткер адамға қойылатын шарттарды сараладық. Біздің түсінігімізде Мұстафа Шоқай атындағы сыйлық ең алдымен, өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ ұлтының қала берді түрік жамиятының азаттығы мен еркіндігі жолындағы күреске біржөла бағыттаған, ел басына күн туған екі талай шақтарда халқының ар-намысын ешбір қобалжымастан қорғап, сөзін сөйлеген, ешқашан*

жұлдызынан жаңылмаған, осы жолда айрықша сіңірген еңбегіне сай жұрт құрметіне бөленген қайраткерге берілуі тиіс.

*Айтан Нүсіпханның өмірі мен қызметі осы айтылғандардың бәріне сәйкес келеді».*

Мұқаң одан әрі Айтанның өмірдеректері мен қоғамдық-саяси қызметіне қысқаша шолу жасайды.

Соңына: *Құрметпен;*

*«Түркістан» газетінің бас редакторы, Қазақстанның халық жазушысы ...* деп қол қойыпты.

Халық жазушысының жүрек жарды сөзіне анықтама беріп жатудың қажетсіз екенін біле тұра, Айтанды сол бір қастерлі адам атындағы сыйлыққа ұсынуға түрткі болған негізгі тиянақ – оның қолымен аударылып, алғы сөзімен түсініктемелері берілген 2 томдық «Мұстафа Шоқай» кітабы болғанын, сондай-ақ осынау трагедиялы тұлғалардың (екеуі де белгісіз жағдайда уланып өлгенін қоса есептегенде) саяси өмірбаяны мен партиялық, журналистік, оппозициялық қызметтерінің соншама ұқсастықтары болғанын, бір-біріне рухани мұрагерлікті жалғастырушы тұтас түрікшілдігі екендігін тағы бір рет нықап айта кетуді жөн көрдім.

Амал қанша, жақсы бастама тағы аяқсыз қалды. Біздің пәруайсыз, ұлтсызданған мемлекеттік чиновниктер тұтас түрікшілдік түгілі, қазақшылдықты қазақтың мемлекетшілдік идеясына иедершілік ете алмай лағып кеткенін кейінгі он жылдар жетерлік дәлелдеп берген сияқты.

Осы арада Мұстафа Шоқай мен Айтан Нүсіпхан аруағын шақыра отырып замандастарыма, қазақ елінің тізгін-шылбырын, қазақ елінің атынан сөз сөйлеп жүрген үлкен-кіші мансап иелеріне мынадай сұраулы үндеу тастағым келеді.

Данышпан абайдың «Біріңді қазақ бірің дос, етпесең істің бәрі бос» деген өсиеті неге бүгінгі қазаққа керек болмай қалды? «Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» деген кесірлі сөзді Абай атамызға теліп жүрген сұмырайлар кешегі большевиктік тап күресі, пролетариат диктатурасы дейтін адамзатқа қарсы нағыз фашистік ұрандарды іске асырушылардың жыртысын жыртушылар емес пе екен? Әйтпесе, қаны бір, жаны бір, тағдыр тәлейі бір қазақ бір-біріне неге тас бауыр, неге өзінен-өзі жау іздейді?

Басқасын былай қойғанда патшалық Ресей мен қызыл

империяның тепкісіне шыдамай жат-жұрттарға телім болып кеткен 4-5 миллион қазақтың елім-жерім, бауыр-туысым деген азғантай бөлегін де сыйғызбай біреуін қытай, біреуін қалмақ, біреуін қалмақ деп түртпектейтіні несі? Қайран Мұстафа әкеміз, тұтас түріктің бірлігін армандаған ұлы тұран перзенті біздің бүгінгі сыйқымызды көрсе құсадан тірідей өлер ме еді, қайтер еді? Ал, марқұм Айтанның қайғылы қазасы да құсалық пен қыстақтан болмаған еді деп айта алмас едік.

Кеше ғана қазақпен қарайлас мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізген Балтық жағалауы елдер мен кешегі социалистік лагерден шыққан Еуропалық елдер демократияның шарапатымен әрі ұлттық-мемлекеттік санасының қуатты күшінің арқасында парламенті мен президенттік сайлауларында сонау жарты ғасырдан да көп уақыт бұрын шетелге кеткен эмигранттарының ұрпақтарын жатсынбай, жаусынбай, қасиет-қарымына қарай сайлауларға қатыстырып, президент сайлап жатқанда, біздің сорлы, құл қазақ орыс пен жебірейді, неміс пен хохолға екі туып бір қалғанындай жарбақтап шеттен келген өз бауырын маңайына жолатпай қойғанын қалай кешіруге болады?

Соңғы 20 жыл мұғдарында Моңғолия мен Қытайдан келген аса көрнекті қоғам-мемлекет қайраткерлері мен әлденеше әлемдік тілдер мен ділгір мамандықты меңгерген мамандардың артына шола байлап бақылап тексергенін тоқтатпақ түгілі, өз мамандықтары бойынша мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға жолатпай қойған басырлығы мен тасырлығын қалай кешіресің? Оны «мемлекеттің қауіпсіздігі үшін істеліп жатыр» депақталғысы келетін патриотсымақтарды да көріп жүрміз. Ал, Қазақстанда туып-өсіп Кеңес өкіметін орнатысқан қызыл коммунистердің бүгінгі ұрпағының мемлекеттік органдарда не істеп отырғанын көріп те біліп те жүрміз ғой. Түрмені толтырып жатқан дөкей қылмыскерлердің арасында әзірше шетелден келген қазақ азаматтарының кездесе бермейтіні қалай?

Қазақ халқының басынан өткерген тар жол, тайғақ кешулі қапалы-қанды тарихынан сабақ алып, етек-жеңін жинайтын, дос-дұшпанын айыра білетін уақыты жетпек түгіл, зымырап өтіп барады.

Абай ағамыздың «рахымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе



адам баласын өз бауырым деп өзіне ойлағандай оларға да болса игі демек» керек дейтін өсиетіне адал болу үшін ең бастысы қазақ алдымен өзіне, қандас бауырына болсын дегеннен бастауды үйренсе, басқасын оңай үйреніп кетер еді-ау,- деп армандайсың.

Менің осы араға дейін жазған азды-көпті естеліктерім мен ой-толғаныстарым 37 жылдық жан досым, қалың қазақтың қайғы мұңын арқалап жүріп қапыда мерт болған арысым Айтан Нүсіпханға қатысты айтылар сөздің үзіп-жұлған мыңнан бірі ғана.

Мен өзім «ақиреттік дос» деп білетін марқұмның рухына барынша адал болуға тырыстым, артына қалдырып кеткен қыруар жазбалар мен, алысқан хат-хабарларын мұқият зерделеп, жүйелеп, төте жазумен жазылған күнделіктерін бүгінгі жазуға түсіріп 2002 жылы «Сорос-Қазақстан» қайырымдылық қорының қаржыландыруымен «Қоғам және қылмыс» баспасынан шыққан «Қайғынды қайран қазақ арқаладым» атты екі томдықтың жарық көруіне тікелей ат салысқанымды шүкіршілікпен еске аламын.

Тіршілікте, әсіресе қолында азды-көпті игілік, мансап барында жора-жолдас дегеннен қашсаң құтылмайсың. Ал, басыңнан бақ тая қалса, немесе қаза жетіп өле қалсаң сол қаптаған дос-жолдас дегендерден мыңнан бірі ғана сені еске алып, жоғын жоқтайды екен.

Айтан Нүсіпханда дос та, жолдас та, аға-іні де жетерлік болған. Айтекең дүниеден кеткелі де он жыл болып қалыпты. Осы он жыл марқұмда қанша дос-жолдас болғанын анықтауға жетерлік болды.

Айтекең қазасының он жылдығына арнап естелік кітап шығарсақ дегенді айтқанымызға да 4-5 жыл болып қалыпты бір айтқанға он айтқандай болып жүріп әрең дегенде біраз қолжазба жиналып қалыпты. Мен өзім екі жылдан бері науқастанып, өлім аузынан жан олжалап жүрген адаммын. Бел шеше, жұлқынып шыға алмағанымға қатты өкіндім. Амал қанша?!

Осы естелікті аяқтар алдында шын адал, шын берілген санаулы азаматтардың бірі – қазақтың бір туар марқасқа ұлы Әбдісаттар Оспановқа, оның құдай адалынан берген жары мен ұл-қыздарына ерекше рахмет айтқым келеді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы аласапыранда бала-шаға асыраудың өзі мұң болған жоқшылық заманда өз қаражатымен, өз техникасымен 700 беттік екі томдықты әлденеше

рет басып, редакциялап, корректурасын қарап, дизайнының үйлестіріп кітап етіп шығару Әбекеңнен басқа ешбір қазақтың қолынан келмес ерлік, жомарттық, адалдық ретінде мадақталуға лайық іс еді. Ол үшін ешкімнен бір бет қағаз, бір грам бояж, оны аларлық тыйын да сұрап көрген жоқ.

Сабақты ине сәтімен демекші, сол жылдарда Айтанның жан жолдасы Мұрат Әуезов «Сорос-Қазақстан қорын басқара қалды да, баспаға төлеуге тиісті 7000 долларды сол қордың есебінен белден баса аударып берді. Құдайшылығын айтар болсам егер де Әбекең мен Мүкеңнің жанкешті тәуекелі болмағанда, мен тындырдым дегендерім әдірем қалып, Айтан Нүсіпханов туған халқымен бет көрісе алмай шын ұмытылып, шынымен-ақ арманда өлер еді. Сондықтан осы екі азаматқа шексіз алғыс айту Айтан рухын қадірлейтін, Айтан артына қалдырған аса бағалы рухани байлықтан бағырман болған жанкүйерлер атынан «Алланың нұры жаусын» деуді парыз санадым.

Мінеки осы реткі марқұм рухын асқақтатып, ол туралы жазылған естелік кітаптың жарық көруіне тағы да Әбдісаттар Оспанов тікелей себепші болып отырғанын қанағат сезіммен оқырмандарға мәлімдегім келді.

Қазақ «орнында бар оналар» деп артында шаңырағының отын өшірмей түтінін түтететін ұрпағы болғанына шүкіршілік етеді.

Айтекеңнің артында қалған ұлы Әлібек, қызы Сәуле, жұбайы Айгүл әке мұрасына иедершілік етіп, баспа бетін көруіне тікелей қаржылық қолдау көрсетіп отырғаны да білгендік, көргенділіктің бір көрінісі болып табылады.

Қадірлі менің замандастарым, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ, бәріміздің есімізден бір минут та шығармайтын бір ақиқат бар; ол – ешнәрсе де, ешкім де мәңгілік емес, бәрі де өзгереді, бәрі өтеді... Тіршілікте бібіріміздің қадіріне жете білейік. Хакім Абайдан асырып не айтарсың:

*Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ,*

*Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.*

*Ертең өзің қайдасың, білемісің,*

*Өлмек үшін тугансың, ойла, шырақ.*

## ӨЗІ ДЕ ОТ ЕДІ, ОТҚА ОРАНЫП КЕТТІ!..

Мен өзі көп жылдардан бері бүгінмен немесе келешекпен емес, өткен шақ естелігімен өмір сүріп, өткенді сағынып, емірене сүйсініп, тамсанғандай көңіл күйде жүргенді ұнататын болып алғанымды мойындаймын. Соған қарағанда менің балалық, жастық шағым бүгінімнен әлде қайда мағыналы, ертеңімен тіпті де өзгеше мәнді де сәнді болып өткен сияқты ма, қалай?..

Сөйтсем, өткен өмір, оның ішінде жігіттік, айхай жиырма беске дейінгі бұла, өр, қайсар да қайтпас шақ қызығы мен шыжығын бірге өткізген аңқылдаған ақ көкірек достарыңның мінез ерекшелігі, кісілік тұлғасы, талант-дарыны, күйіп-жанған албырт махаббат шырғаландарына қатысты естеліктермен мәнді, қызғылықты екен ғой. Ал, ондай мәнді естелігі, өмір кешірмелері жоқ пенденің артқа алаңдар, сағына, зарыға еске алар ештенесі болмаған соң көз алдындағы итшілеген тіршілік күйбеңімен, бұлдыр болашақ тауқыметтері алдында тізесі қалтырап, көрінгенге жалтандап, жалпақтап өмір өткізуден басқа ермегі де, алданышы да қалмауы белгілі ғой. Ондай пенделердің сенімен ортақтасар несі болсын-ау. Солай бола тұра – ондайлардың өзін емес, сені қорашсынып, сені мүсіркегендей қоқиланғанын көру екен...

Бүгіннің ғана ұпайын түгендеумен күнелтіп жүрген, үй құстарындай қорғансыз бұл тіршілік иелерін менің соншама аяйтынымды, мүсіркей қарайтынымды оларға білдіре алмайтыным қандай қиын десеңші. Өйткені дана қазағым айтқандай «тазды таз десең өлгісі келеді, ал сауды таз десең күлкісі келеді» емес пе?..

\*\*\*

Иә, сонымен мен аяулы досым, қазақтың маңдайына симай тым ерте өмірден озған аса зор дарын, қабілет иесі Қалибек Бабай жөнінде естелік эссе мәнзелдес шағын дүниені қағазға түсіріп қоюға ниет етіп отырмын.

Қалибек аса зерек, алғыр, есте ұстау қабілеті өте мықты болып туылған табиғи дарын иесі еді. Ал, адамгершілігі, досқа - достыққа адалдығы мен іскер-шөгелдігі, тиянақты-тындырымдылығы жөнінен ешкімге ұқсамайтын айрықша азамат еді.

Дене бітімі жөнінен басқалардан тым өзгеше болмағанымен

орта бойлыдан жоғары, екі иығына екі кісі мінгендей дейтін еңселі, қақпақ жаурынды, аяқ-қолдары сіңірлі, сом, басы денесіне қарағанда шағындау, шүйделі, өңі қараторыдан гөрі бидай өңділерге келетін, кішірек қой көзді, қайратты қоңырқай шашты, мығым жігіт болатын.

Даусы жарықшақтаныңқырап, барлығып шығатын, ән айту түгілі, әу деуге келмейтін өте жайсыз, бірақ барынша нығыз, жігерлі, аңқылдақ болатын. Достар бас қосып көңіл көтере ән шырқар тұста Айтан Нүсіпхан екеуі барқырай қосыла кетті дегенше, ол ән байғұсты аяқтап шыққанша маза кетті дей бер.

- Ей, тыңдаушы да керек емес пе, айналайын сен екеуің жақсы тыңдаушы болып отыра тұрыңдаршы, - деп жалынғаныңа қарамайтын, күжілдеген бұқа дауыс одан бетер өршіп кететін.

Бар ынтасымен жанын сала, шын беріле елтіп, елжірей күлімдеп, нұрлана ажарланып кететін түр-тұлғаларына қарап, іштей сүйсініп, өнерге деген құштарлығымен, ынта-ықыласына риза болып қосыла улап-шулаушы едік. Шіркін, сол бір риясыз, аңқылдаған сәбидей албырт та арманшыл жас достарым-ай!

Біздің өмірімізде ондай шын бақытты, алаңсыз, бейғам сәттер онша көп болмаған да екен-ау. Біздің бозбалалық, жастық ғұмырымыз тым қысқа, тым қатігез, әрі тым қайшыласқан қарама-қайшылыққа толы болған екен-ау?

Қалибек 1962-жылы Тарбағатай аймағынан он жылдықты бітіріп Шинжияң университетінің қытай тіл-әдебиеті факультетіне оқуға келді. Олардың сыныбы Қытайдағы қалыптасқан тәртіп бойынша оқуды бітіретін жылының ретімен «67-1» деп аталатын. Ал, біздікі «66-1» деп аталушы еді. Бұл күндері Қазақстанға кеңінен танылған ақын Жәркен Бөдешпен бір сыныпта оқуына тура келді, оның өзіндік бір себебі де бар болатын...

Жәркен 1961-жылы бізбен бірге оқуға түсіп бір жыл «дайындық бөлімде» қытай, ұйғыр тілдерін оқып-үйрендік. Ол тұста «Үш аймақ» аталатын Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарының негізгі халқы қазақтар болатын. Әсіресе, Алтай мен Тарбағатайда тұратын ұйғыр, өзбек, татар, моңғол-қытай, дағур сияқты шағын халықтарың қазақшаға ағып тұратын. Сондықтан ол жердегі қазақтар қытайша, ұйғырша дегендерді мүлде қажетсінбегендіктен ол тілдерге өте шорқақ болатын. Ал, мен өзім туып-өскен Іленің

## ӨЗІ ДЕ ОТ ЕДІ, ОТҚА ОРАНЫП КЕТТІ!..

Мен өзі көп жылдардан бері бүгінмен немесе келешекпен емес, өткен шақ естелігімен өмір сүріп, өткенді сағынып, емірене сүйсініп, тамсанғандай көңіл күйде жүргенді ұнататын болып алғанымды мойындаймын. Соған қарағанда менің балалық, жастық шағым бүгінімнен әлде қайда мағыналы, ертеңімен тіпті де өзгеше мәнді де сәнді болып өткен сияқты ма, қалай?..

Сөйтсем, өткен өмір, оның ішінде жігіттік, айхай жиырма беске дейінгі бұла, өр, қайсар да қайтпас шақ қызығы мен шыжығын бірге өткізген аңқылдаған ақ көкірек достарыңның мінез ерекшелігі, кісілік тұлғасы, талант-дарыны, күйіп-жанған албырт махаббат шырғаландарына қатысты естеліктермен мәнді, қызғылықты екен ғой. Ал, ондай мәнді естелігі, өмір кешірімелері жоқ пенденің артқа алаңдар, сағына, зарыға еске алар ештеңесі болмаған соң көз алдындағы итшілеген тіршілік күйбеңімен, бұлдыр болашақ тауқыметтері алдында тізесі калтырап, көрінгенге жалтандап, жалпақтап өмір өткізуден басқа ермегі де, алданышы да қалмауы белгілі ғой. Ондай пенделердің сенімен ортақтасар несі болсын-ау. Солай бола тұра – ондайлардың өзін емес, сені қорашсынып, сені мүсіркегендей қоқиланғанын көру екен...

Бүгіннің ғана ұпайын түгендеумен күнелтіп жүрген, үй құстарындай қорғансыз бұл тіршілік иелерін менің соншама аяйтынымды, мүсіркей қарайтынымды оларға білдіре алмайтыным қандай қиын десеңші. Өйткені дана қазағым айтқандай «тазды таз десең өлгісі келеді, ал сауды таз десең күлкісі келеді» емес пе?..

\*\*\*

Иә, сонымен мен аяулы досым, қазақтың маңдайына симай тым ерте өмірден озған аса зор дарын, қабілет иесі Қалибек Бабай жөнінде естелік эссе мәнзелдес шағын дүниені қағазға түсіріп қоюға ниет етіп отырмын.

Қалибек аса зерек, алғыр, есте ұстау қабілеті өте мықты болып туылған табиғи дарын иесі еді. Ал, адамгершілігі, досқа - достыққа адалдығы мен іскер-шөгелдігі, тиянақты-тындырымдылығы жөнінен ешкімге ұқсамайтын айрықша азамат еді.

Дене бітімі жөнінен басқалардан тым өзгеше болмағанымен

орта бойлыдан жоғары, екі иығына екі кісі мінгендей дейтін еңселі, қақпақ жаурынды, аяқ-қолдары сіңірлі, сом, басы денесіне қарағанда шағындау, шүйделі, өңі қараторыдан гөрі бидай өнділерге келетін, кішірек қой көзді, қайратты қоңырқай шашты, мығым жігіт болатын.

Даусы жарықшақтаныңқырап, барлығып шығатын, ән айту түгілі, әу деуге келмейтін өте жайсыз, бірақ барынша нығыз, жігерлі, аңқылдақ болатын. Достар бас қосып көңіл көтере ән шырқар тұста Айтан Нүсіпхан екеуі барқырай қосыла кетті дегенше, ол ән байғұсты аяқтап шыққанша маза кетті дей бер.

- Ей, тындаушы да керек емес пе, айналайын сен екеуің жақсы тындаушы болып отыра тұрыңдаршы, - деп жалынғаныңа қарамайтын, күжілдеген бұқа дауыс одан бетер өршіп кететін.

Бар ынтасымен жанын сала, шын беріле елтіп, елжірей күлімдеп, нұрлана ажарланып кететін түр-тұлғаларына қарап, іштей сүйсініп, өнерге деген құштарлығымен, ынта-ықыласына риза болып қосыла улап-шулаушы едік. Шіркін, сол бір риясыз, аңқылдаған сәбидей албырт та арманшыл жас достарым-ай!

Біздің өмірімізде ондай шын бақытты, алаңсыз, бейғам сәттер онша көп болмаған да екен-ау. Біздің бозбалалық, жастық ғұмырымыз тым қысқа, тым қатігез, әрі тым қайшыласқан қарама-қайшылыққа толы болған екен-ау?

Қалибек 1962-жылы Тарбағатай аймағынан он жылдықты бітіріп Шинжияң университетінің қытай тіл-әдебиеті факультетіне оқуға келді. Олардың сыныбы Қытайдағы қалыптасқан тәртіп бойынша оқуды бітіретін жылының ретімен «67-1» деп аталатын. Ал, біздікі «66-1» деп аталушы еді. Бұл күндері Қазақстанға кеңінен танылған ақын Жәркен Бөдешпен бір сыныпта оқуына тура келді, оның өзіндік бір себебі де бар болатын...

Жәркен 1961-жылы бізбен бірге оқуға түсіп бір жыл «дайындық бөлімде» қытай, ұйғыр тілдерін оқып-үйрендік. Ол тұста «Үш аймақ» аталатын Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарының негізгі халқы қазақтар болатын. Әсіресе, Алтай мен Тарбағатайда тұратын ұйғыр, өзбек, татар, моңғол-қытай, дағур сияқты шағын халықтарың қазақшаға ағып тұратын. Сондықтан ол жердегі қазақтар қытайша, ұйғырша дегендерді мүлде қажетсінбегендіктен ол тілдерге өте шорқақ болатын. Ал, мен өзім туып-өскен Іленің

Күнес ауданы орталығы Бестөбеде қытай атаулы мүлде жоқ еді., бірнеше үй ұйғыр мен дүнген, бірер үйлі сібе қазақша судырайтын.

Содан бері жарты ғасырда дүние астын-үстін болған ба дерсің. Әзір сол үш аймақтың орталық қалаларында жүз қытайға 10-20, ал ауылдарында 50/50-ге жетіп, қазақ мектептері түгел дерлік жабылып, қытай тілінде оқуға мәжбүрленуде.

Мен Үрімжіге қытайша түгілі ұйғырша нан сұрап жей алатындай жағдайға жетпей барған тап-таза дала қазағының баласы едім, ұйғыр сабақтастар сондықтан бізді «тілін қарға шокып кеткен коңқыбай қазақ» деп мазақтаушы еді. Біз осындай кемсітуді ести жүріп, намысқа тырысып, ұйғыр тілін де қытай тілін де тезірек меңгеруге барымызды сала ұмтылғандықтан үшінші курсқа барғанда ұйғырлармен сөз таластырып, көп жағдайда оларды сөзге жығып, жетегімізге алып желкілдететін жағдайға жеттік. Ал, қытай тілінен 4-5 курстарда қытай балаларының өзімен сөз жарыстыратын жағдайға жеткенімізді замандастарымыздың бәрі мойындайды.

\*\*\*

Мен бірнеше күннен бері марқұм Қалибек Бабайұлы жөнінде естелік-эссе жазып жүр едім. «Қазақстан» газетінен №16. 06.05.2010 «Батыстың күні батты, Шығыстың таңы атты» деген мақаланы оқып өте сүйіндім. Бұл дегеніңіз XX-XXI ғасырдың ащы шындығы, біз үшін аса сүйінші жаналық болатын. Сол газетте 1836 жылы Пушкин күйзеліспен: «Осыншалықты рухани дүнием және қабілиет қарымымен мені Ресейде дүниеге келтіруді сайтан ойлап тапты» деп жазғаны келтіріліпті.

Ал, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген орыс ақыны Ф.Тютчев: «Ресейді ақылмен ұғу мүмкін емес» депті. XX ғасырдың 60-жылдарында өмір сүрген менің аяулы досым Қалибек те дәл осы мазмұндас ой-толғамдарын жиі қаузаушы еді. Бүкіл Қытайды дүрліктірген, 5000 жылдық бай мәдениеті бар деп даритатын қытайдың заттық һәм рухани мәдениетін астан-кестен еткен жабайы «Мәдениет төңкерісінің» зардабы алдымен азғантай ұйғыр мен қазаққа тигенін күнделікті көріп те, біліп те жүрдік. Баяғы «түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көрерсіңнің» кері ғой. Қалибек сияқты тумысынан ерекше жаралған дарын иесінің

Пушкинше күйзеліп, күңіренуі табиғи нәрсе болса керек.

Сіздер мен біздер өмір сүруге мәжбүр болған мына қатігез ХХ-ХХІ ғасырда кешегі нар қазақша «бас кеспек болса да , тіл кеспек жоқ» деп қасқая сөйлеу бұйырмаған екен.

Ақиқаттан, шын сөзден, әділ төреліктен жаны қалмай қорқатын коммунистер тілден, кәдімгі қарапайым жұп-жұмсақ екі елі тілден, отыз тістен зәрезеп болушы еді. Соны жан-тәнімен сезінген Қалибек ішкі әлемін, жүрек сөзін ашып берер жалынды поэзияға өте салқын кандылықпен қарады. Мүмкіндігінше өлең жазбауға, ал жаза қалса қағазға түсірмей жадында сақтауға тырысатын. Өйткені, оның өлеңдері бас кететін, тіл кесетін ашы, бүлікшіл тентек, ағысқа қарсы ереуілшіл болатын.

Біздің Қалибектей құдай берген сонша талантымен қарым-қабілетін паш етерге мүмкіндігі мүлде болмаған қара түнек қытай қоғамында дүниеге келтіруді ойлап тапқан да Пушкиннің «сайтаны» болса керек. Менің өзгені зор, өзін қор санаудан намыстанбайтын сылтыңшыл замандастарым Пушкиннің «сайтанын» дәл бүгіндері менен басқа ешкім танымайтын Қалибегіме қия қоймасын білсем де, өз ұғым-түсінігім мен қазы көңілімнің қалауын бұқпантайламай ашық айтқым келгені анық.

Ресейді ақылмен ұғу мүмкін болмағанда ХХ ғасырдағы ала бүлік, қанды қара түнек Қытайды ақылмен ұғыну тіпті де мүмкін емес болатын.

\*\*\*

Қалибек Бабайдың қаламынан туған өлең-жырлар едәуір мол еді. Оның бір де біреуін ол қағазға түсірген емес. Себебі екеу:

Біріншісі - «бунтар-ереуілшілдігі» болса, екіншісі – ол өзінің кереметтей құйма құлақ жадына сенгендіктен болар. Оның миы ерекше жаралған., бүгінгі, компьютерлік миға ұқсайтын. Ол өзі ұнатқан әркандай, өлең-дастан, поэма – тіпті прозалық шығармаларды дереу есінде сақтап сөзбе-сөз қайталап бере салушы еді. Өзі жазған өлеңдерін бір рет оқып болып, жыртып тастай салатын. Қайтала десең еш іркілмейтін.

Қытайдағы қазақтарға жастай танылып жұрт мойындаған аса көрнекті ақын Омарғазы Айтанұлы дейтін ақынның жазу мәнері, өлең құрылысы, көтерген тақырыптары ешкімге ұқсамайтын, Ма-



яковскише ақ өлең үлгісін өзінше дамытып, жетілдірген, бірақ көп казакқа оқып-түсінуі ауырлау ұзақ-ұзақ толғаулары мен поэмалары болушы еді. Оның кейбірі 1959-жылға дейін баспа бетін көрсе де, көпшілігі қолжазба күйінде шашылып, ретсіз жатады екен.

Қалибек Омекеннің жақын жиені, әрі сенетін қаламдас інісі болғандықтан болар өзінен басқа біреудің танып, оқуына ауыр соғатын қолжазбасын таза дәптерге көшіріп шығуды Қалибекке тапсырыпты. Қалекен еш ерінбей неше мың жолдық өлеңдер мен дастандарды өзінің маржандай жазуымен таза дәптерлерге көшіріп отырып көкірек көзімен, майлы бояудай тұтқыр жадымен есінде сақтап, жаттап алғанын өз құлағымызбен естіп, өз көзімізбен көргенбіз.

«Азия үстіндегі көше», «Табиғат философиясы» т.б. ұзақ өлеңдері мен поэмаларын біз Қалибектің жатқа айтуынан естіп едік.

\*\*\*

Жылдар жылжып, заман өзгеріп, саясат деген сайтаның күніне мың құбылып, бүгінгі ертеңге жарамай, оқыған-тоқығандардың шақшадай басы шарадай болып, енді қайту керек, қайтсек мына пәлелі араннан аман өтіп жан сақтаймыз дейтін мың сан сұрақтар қамауында қалған заман. Жас та болсақ біз де мұндай пәлелі сұрақтарға жауап іздеуге мәжбүр болғалы талай болған еді.

- Бұл қалай, неге бұлай болады?...

- Не істеу керек?

Бұл бізге дейін де, біздің тұсымызда да мың сан саналы тіршілік иесінің алдынан қасқая шығып, шақшадай бастарды шарадай етіп келген ең пәлелі де. жалалы сұрақ емес пе еді. Пәлелі болатыны, бұл сұраққа әр адам өз тұрғысынан, өз шама-шарқынша жауап табуға талпынып жүріп қалыптасқан қоғамдық жүйемен заң-ережелердің әділетсіздіктері мен қияңқы озбырлықтарына қарсы әрекеттер жасауға құлшынып жүргенін андамай араңдап калуы әбден мүмкін. Ал, жалалы болатыны – сол бір қағынған құтырық заманда сен қанша құлшынып, әділет жалауын тік көтеріп, ақырып теңдік сұрамай-ақ жай бір шындық, әділдік жөніндегі аңғал сұрақтарыңды абайсызда айтып қалсаң болды, айықпас, ақтала алмас жалаға қалып, «кертартпа күштердің» қак

ортасына лақтырылып тасталғаныңды сезбей қаларың күнделікті жағдай еді.

Әйтсе де сол бір пәле-жала өрттей лаулап, қаулап тұрған түнек ХХ ғасырдың 60-70-жылдарында бізбен замандас болған жастардың арасында «не істеу керекке» дұрыс жауап таба алғандары саусақпен санарлық қана еді.

Қытай империясының бодандығында тұншыққан азғантай казак пен ұйғыр түгілі қара ормандай қазағым өмір сүріп жатқан Қазақстандағы саяси, әлеуметтік жағдайдың әуселесі де белгілі еді. Мен 1993-жылы жазып, 1994-жылғы «Жұлдыз» журналының №4-5 сандарында жарияланған «Мағжан және казак поэзиясы» деген көлемді зерттеу мақаламда, кешегі Орыс-Кенес империясы билігі тұсында көршілес орыс, украин, әзербайжан, грузиндер, татар-башқұрттар, тіпті іргеміздегі өзбек пен қырғыздардағыдай эмиграциядағы диссиденттік әдебиеттің болмауын, 1929-жылдан 1986-жылға дейін халық басына төнген алапат ойрандармен зұлматтарға қарсы дауыс көтеретін бір шумак өлең, бір жол қара сөз жазылмауын мектеп жасындағы бірнеше жас балалар құрған ереуілшіл топ жетекшілері жазған балаң жырларды айтпағанда, құлдық, ездік психологияның үстемдік алуымен ғана түсіндіруге болатынын ашына жазып едім.

Ойлап қараңыздаршы, не бір мүйізді қарағайдай, атағы дардай делінген қаламгерлеріміздің суырмасы мен сандығынан да сталиндік зұлматты әшкерелеп, халқының сөзін айтқан бір шығарманың табылмауы мақтан ба, әлде масқара ұят нәрсе ме?

Онымен қоймай «Советтік сөзге қаламы, көрмеген әсте мұқалып» дегенді мақтан тұтқан жасанды алыптар тобын көкке көтеруден қымсынбайтын болғанмыз қалай?

Мен бұларды неге қазымырлана айтып отырмын? Әрине, казак ақыл-ойының, оның ұлттық, мемлекетшілдік сана-сезімінің ХХ ғасырдағы деңгейін салыстыра, салғастыра қарау үшін 20 жасар бозбала Қалибек Бабайдың 1965-жылдың шілінгір шілдесінде әйгілі Тұрпан, Тоқсын жерінде, атышулы «социалистік тәлім-тәрбие» науқанында жүрген кезінде жазған «Қайран жер» дейтін өлеңімен толық таныстыра кетуді жөн көрдім. Төрелігін көзі қарақты қазағымның өзі айта жатар.

## ҚАЙРАН ЖЕР

*Қайран жер, сағымды алқат, шоқы-құздар,  
Қайран ел, қырғи жігіт, тоты қыздар.  
Жүрмін мен бейтаныс ел, жат өлкеде,  
Жаныма сартамызда өтіп ызғар.*

*Жалғызбын, кім естімек мұңды әнімді,  
Кім көрмек, жаспен бетті жуғанымды.  
Ұмыттың-ау сен де бәлкім, қайран ана,  
Жүгермек-бейбағыңды туғаныңды.*

*Жалған-ай жанымда мұң қасірет көп,  
Жас ғұмырым қалайынша жасып өтпек?!  
Қайран жер топырағыңа аунатсаңшы,  
Қайран ел бауырыңа басып етпен!*

Бұл өлеңді сол жылдың тамыз айының соңына ала Тұрпан мен Токсұн аудандарына «тәрбиеге» кеткен біздер университетке оралған күннің ертеңінде, университетті көкөніс, жеміс-жидекпен қамтамасыз ететін қосымша шаруашылық алаңында, оңаша бас қосқан Айтан, Ұлықпан, Қалибек төртеуіміздің алдында, өзінің күжілдеген жігерлі, әрі айқын да айбарлы дауысымен Бабай баласы жатқа айтып беріп еді.

Біз, е, қайтсін-ай, елін, туған Майлы-жәйірін, ата-анасын сағынғанда шыққан перзенттік жүрек лүпілін, мұңлы-сырлы күйге бөлей әдемі бере алған екен-ау, дестік.

- Әй жігіттер, нә ол да бар, сәл арырақ барып үңіле тұссендер, одан басқасы да бар екенін байқар едіңдер-ау деп жымия күлімдеп еді, сабазым.

Басқасын қайдам, өз басым Қалибек ақын нұсқаған ой орманы жаққа талай үніліп, талай-талай сырлы әлем сырына қаныққандай болғаным үшін марқұм дос рухына тағзым еткендей болушы едім.

Беу, жалынды отаншыл боздағым-ай! Туған жердің сағымды алқабы мен шоқы құздарында сайран салып жүрген, қиянды шалған қырғи жігіттер мен тотыдайын таранған аруларды «бейтаныс жат өлкеде» сартамызда жанын ызғар қарыған бейбақтың сарғая сағынбауы, құсалана мұңаймауы мүмкін бе?! Оның үстіне

ол байғұстың қайшалысқан қалың ұйғыр мен қытайдың арасында жүргенін, мұңлы әнін тыңдатар жан таппай, көз жасын көрер, көңілін аулар мұңдас таппай жүрген «жалғыз» екенін көзалдыңызға келтіріп көріңізші!

Оның үстіне, шет шалғайда, елден аулақта шерленген перзентін бір көруге зар болған «қайран анасының» тайқы маңдай жүгермегін ұмытып кетуінен өткен бақытсыздық бар ма? «Қайран ана» перзентін ұмытты деп, налығандықтан емес, әрине. Осылай екі жақ та аңырап жүре берсе, ана алдындағы борышын өтеуге жарамаса, жарай алмаса, «қайран ананың» оны ұмытуға да, лағынат айтуға да қақысы бар деп шошынған күпті жүрек дүрсілі естіліп тұрғандай ма, қалай?!

Оның үстіне, мәзлүм перзенттің жаны жаралы, тәні құрсаулы болса қайтпек керек? Солай да, «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы едім»,- деп шерленген орыстың Татиянасындай күйдегі шерлі ақын:

*«Жалған-ай, жанымда мұң, қасірет көп,*

*Жас зұмырым қалайыңша жасып өтпек?»* - деп ширьға аруак шақырғандай, түнек түннен шығар жол іздеп, тегеурінді текпін көрсеткісі келгендей болғанына риза болып, әлденеге үміттене түсесің. Өйткені, жас пері оның амалын, дерттің ем-дауасын тапқандай болып ертеніне сенім артады.

Сол бір қиын-қыстау, шырғалаң заманда қазақ баласын жалғыздықтан, шер-мұннан, қайғы-қасіреттен құтқарар киелі күдірет-қасиетіңнен айналайын қайран жер мен қайран ел, оның ыстық құшағы екенін анық сезіп, айқын ұғынған 20 жасар боздаққа қандай құрмет көрсетсең де, қандай алқау, мадақ сөз арнасаң да аздық етер-ау! Мінеки, біздің Қалибек осылайша кеңге құлаш ұрып, тереңге бойлай алатын кемел ақыл-ой иесі дәрежесіне жетіп калған екен-ау.

Басқасын былай қойғанда, Қалибектің «... Ол да бар, сәл арырақ барып үніле түссендер одан басқасы да бар екенін байқар едіңдер»,- дегенінде жас перінің қиял құсы шекараны көктей өтіп, кең байтақ қазақ даласын, қара шаңырақ ұлы Отан, Қазақстанның киелі топырағын меңзеп тұрғанын түсіне қоймағанымызды ишаралағаны екен-ау!

Шын дарын иесінің ой-қиялы өз заманынан, һәм өз заманда-

## ҚАЙРАН ЖЕР

*Қайран жер, сағымды алқап, шоқы-құздар,  
Қайран ел, қырғи жігіт, тоты қыздар.  
Жүрмін мен бейтаныс ел, жат өлкеде,  
Жаныма сартамызда өтіп ызғар.*

*Жалғызбын, кім естімек мұңды әнімді,  
Кім көрмек, жаспен бетті жусанымды.  
Ұмыттың-ау сен де бәлкім, қайран ана,  
Жүгермек-бейбағыңды туғаныңды.*

*Жалған-ай жанымда мұң қасірет көп,  
Жас ғұмырым қалайынша жасып өтпек?!  
Қайран жер топырағыңа аунатсаңшы,  
Қайран ел бауырыңа басып етпел!*

Бұл өлеңді сол жылдың тамыз айының соңына ала Тұрпан мен Токсұн аудандарына «тәрбиеге» кеткен біздер университетке оралған күннің ертеңінде, университетті көкөніс, жеміс-жидекпен қамтамасыз ететін қосымша шаруашылық аланында, оңаша бас қосқан Айтан, Ұлықпан, Қалибек төртеуіміздің алдында, өзінің күжілдеген жігерлі, әрі айқын да айбарлы дауысымен Бабай баласы жатқа айтып беріп еді.

Біз, е, қайтсін-ай, елін, туған Майлы-жәйірін, ата-анасын сағынғанда шыққан перзенттік жүрек лүпілін, мұңлы-сырлы күйге бөлей әдемі бере алған екен-ау, дестік.

- Әй жігіттер, нә ол да бар, сәл арырақ барып үңіле тұссеңдер, одан басқасы да бар екенін байқар едіңдер-ау деп жымия күлімдеп еді, сабазым.

Басқасын қайдам, өз басым Қалибек ақын нұсқаған ой орманы жаққа талай үңіліп, талай-талай сырлы әлем сырына қаныққандай болғаным үшін марқұм дос рухына тағзым еткендей болушы едім.

Беу, жалынды отаншыл боздағым-ай! Туған жердің сағымды алқабы мен шоқы құздарында сайран салып жүрген, қиянды шалған қырғи жігіттер мен тотыдайын таранған аруларды «бейтаныс жат өлкеде» сартамызда жанын ызғар қарыған бейбақтың сарғая сағынбауы, құсалана мұнаймауы мүмкін бе?! Оның үстіне

ол байғұстың қайшалысқан қалың ұйғыр мен қытайдың арасында жүргенін, мұңлы әнін тыңдатар жан таппай, көз жасын көрер, көңілін аулар мұңдас таппай жүрген «жалғыз» екенін көзалдыңызға келтіріп көріңізші!

Оның үстіне, шет шалғайда, елден аулақта шерленген перзентін бір көруге зар болған «қайран анасының» тайқы маңдай жүгермегін ұмытып кетуінен өткен бақытсыздық бар ма? «Қайран ана» перзентін ұмытты деп, налығандықтан емес, әрине. Осылай екі жақ та анырап жүре берсе, ана алдындағы борыншын өтеуге жарамаса, жарай алмаса, «қайран ананың» оны ұмытуға да, лағынат айтуға да қақысы бар деп шошынған күпті жүрек дүрсілі естіліп тұрғандай ма, қалай?!

Оның үстіне, мәзлүм перзенттің жаны жаралы, тәні құрсаулы болса қайтпек керек? Солай да, «Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы едім», - деп шерленген орыстың Татиянасындай күйдегі шерлі ақын:

*«Жалған-ай, жанымда мұң, қасірет көп,*

*Жас зұмырым қалайыңша жасып өтпек?»* - деп ширьға аруақ шақырғандай, түнек түннен шығар жол іздеп, тегеурінді текпін көрсеткісі келгендей болғанына риза болып, әлденеге үміттене түсесін. Өйткені, жас пері оның амалын, дерттің ем-дауасын тапқандай болып ертеніне сенім артады.

Сол бір қиын-қыстау, шырғалаң заманда қазақ баласын жалғыздықтан, шер-мұннан, қайғы-қасіреттен құтқарар киелі құдірет-қасиетіңнен айналайын қайран жер мен қайран ел, оның ыстық құшағы екенін анық сезіп, айқын ұғынған 20 жасар боздаққа қандай құрмет көрсетсең де, қандай алқау, мадақ сөз арнасаң да аздық етер-ау! Мінеки, біздің Қалибек осылайша кенге құлаш ұрып, тереңге бойлай алағын кемел ақыл-ой иесі дәрежесіне жетіп қалған екен-ау.

Басқасын былай қойғанда, Қалибектің «... Ол да бар, сәл арырақ барып үңіле түссендер одан басқасы да бар екенін байқар едіңдер», - дегенінде жас перінің қиял құсы шекараны көктей өтіп, кең байтақ қазақ даласын, қара шаңырақ ұлы Отан, Қазақстанның киелі топырағын мензеп тұрғанын түсіне қоймағанымызды ишаралағаны екен-ау!

Шын дарын иесінің ой-қиялы өз заманынан, һәм өз заманда-

старынан қашан да оза шауып, қиянға құлаш сермей алары белгілі ақиқат еді ғой.

Осы арада Қалибекті ерте есейтіп, елдің сөзін сөйлетіп, ердің ісін істеуге түрткі болған жағдайлар туралы айта кеткен жөн сияқты. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында бүкіл Қытайда, соның ішінде ұйғыр-қазақтардың ата-мекені Шығыс Түркістанда жүргізіліп жатқан антисоветтік, әсіре солшыл саясаттың кесірі сол жергілікті халықтарға, оның енді ғана қалыптасып келе жатқан зиялы қауымына өте зардапты болды.

1962 жылы Қытай компартиясы жергілікті халықтың алдына «үш бір мәселесін айқындап алу» міндетін көлденеңнен қойды. Нақтылап айтқанда:

Бір партия – Қытай коммунистік партиясы.

Бір Отан – Қытай халық республикасы.

Бір идея – Маузыдұң идеясын сөзсіз мойындауы, оны ашық мәләмдеуі талап етілді.

«Үш бір мәселесі» айқын еместерге «қос жүректілер» деген саяси қалпақ кигізіліп, «тап жаулары» қатарына қосылып «пролетариат диктатурасы» астына алынды.

Осынау қылышынан қан тамған саяси күрес 1958-1959-жылдарда бүкіл Шинжиянда жүргізілген «оңшыл-ұлтшылдарға» қарсы күрес дегеннің басқаша атпен қайталанған, жаңаша тазалау науқанының өзі болатын.

1962-жылдың жаз айларынан басталған сол бір қатігез саясаттың улы жемісіндей болып 1962-1963 оқу жылында Шинжияндағы барлық жоғары оқу орындарында «ұлт мәселесі» деген жаңа сабақ түрі оқытылу міндеттелді.

Сол бір ғылымға, адамгершілікке мүлде жат «жаңа сабақтың» теориялық негізіне диктатор Сталиннің «ұлт» жөніндегі төрт тармақты анықтамасы алынды, яғни ұлт тарихи қалыптасқан территориялық бірлікке, тіл бірлігіне, мәдени бірлікке және экономикалық бірлікке негізделеді, ол бірліктің біреуі болмағанда ұлт біртұтас ұлт ретінде өмір сүре алмайды делінді. Мәселен, Қазақстандағы қазақтар мен Қытайдағы қазақтарда территориялық бірлік пен экономикалық бірлік мүлде жоқ. Сондықтан Қытайдағы қазақтар өзінше бір ұлт, Қазақстандағы қазақтар басқа бір ұлт ретінде қалыптасуда. Олай болса, осы екі қазақты тұтас ұлт ретінде

қарайтындар «қос жүректілер» болып, Отанның тұтастығын бұзатындар «тап жаулары» деп таңбаланатын болды.

Сонымен, Қазақстанда туысы барлар, алыс-берісі бар былайғы қазақтар «шек-шегарасын ажыратып» «үш бір мәселесін» түбегейлі шешу үшін қағаз жүзінде өзін-өзі тексеріп, жұрт алдында ашық мәлімдеме жасау науқанына кірісіп кетті.

Сол жылдарда біз қатарлы жастар күн сайын дерлік «бұл қалай болды, не істеу керек мынадай озбыр, дүлей, ұрда- жық саясатпен қалай келісуге болады, бұдан артық ұлтыңды, елдігінді қорлап, тәлкек ету тарихта болып па еді? «Не істеу керек, қолдан не келеді?» - деген зілбатпан сұрақтарға жауап таппай дал болушы едік.

Қалибектің тапқан жауабының бірі – Қайран жердің топырағына аунап, қайран елдің құшағына оралу болса керек. Бірақ қалай, қай жол, қай мүмкіндікпен ол арманға жетуге болады, дегенге келгенде тұйыққа тірелетін сияқты.

Мына жазмышқа, тағдыр тәлкегіндей болған мына бір кездейсоқтыққа не деуге болар екен?

«Қайран жер» жазылған 1965-жылдан төрт жыл кейін, яғни 1969 жылдың ақпанында Айтан Нүсіпхан шекара аттап Қазақстанға өтсе, сәуір айында мен бірнеше адаммен «Қайран жер-Қазақстанға» қытайлар «аспанға тор, жерге қақпан құрып қойдық» деп даурыққан шекарасын бұзып өтіп аман-сау жеттік.

Иә, аман-сау жеттік дегенім шартты сөз ғана болатын. КГБ-ның жер асты зынданынан бір-ақ шықтық. Бірнеше айдан кейін бас бостандығынан жұрдай болып, баяғы аты шулы «КАРЛИАК-тың» ең шеткі аймағы болған, Хрущовтың жылымығы тұсында жер аударғандардан құралған «Золотая Нива» совхозына жер аударылдық. Бір совхоз түгілі, бір бөлімшеден екіншісіне рұқсатпен ғана баратын қатаң паспорттық режимде қой бақтық, егін ектік, бастықтар қайда ауыр жұмыс болса, сонда айдап жегілетін, тілсіз құлдарға айналдық.

«Қайран жерге» аман-есен жетсек те, сол қасиетті ата мекеннің өгей баласындай күй кешкендіктен Қалибек достың «Қайран жері» естен бір кетпей, күндіз-түні құлағымның түбінде сарнап, зарлап тұрғандай болушы еді.

О ғажап, мен іштей сан рет қайталаған «Қайран жер, қай жер



болды екен? Менің мазамды алып, тынышымды кетірген» Қайран жердің адресін таппай, оған анық жіп таға алмай сансыраған көңіл-күйімді жан азабымды қайтсем екен? Біз аңсап, армандаған қайран жер, атамекен осындай ма еді? Қалибек қасымызда болса оған бұл сұрақты мың рет қойған болар ма едік, қайтер едік?

Халқымызда ашылау болса да әділ айтылған бір сөз бар; қорлық деген екі түрлі болады, бірі – жат қорлық, екіншісі - өз қорлық, қорлықта – қорлық өз қорлық жаман деуші еді. Жат қорлыққа қасарыса қарсыласып, намысқа шауып шыдауға, төзуге тура келеді, өйткені жаттың жаттығы, жаулығы, азап-тозағы дегенің, ол табиғи, солай болуға тиісті екені белгілі. Ал, «өз қорлық», бұл ең дауасыз, ең шарасыз, намысыңды, жігеріңді құм қылар қорлықтың қорлығы екенін біз сияқты өзекке тебіліп, ондаған жыл бойы сенімсіз, қауіпті жау ретінде шетке қағылған бейбақтар ғана жан-жүрегімен сезіне алса керек. Басы ауырмағанның құдаймен не ісі болсын-ау!

Иә, сонымен мен, апталап, айлап, тіпті жылдап дерліктей «Қайран жер» зарымен ауырып, шерлене жүріп 1970-жылдың ақпанындағы ақырған ақ түтегі бораған «Қазанқал» бөлімшесіндегі жатаққанамызда Қалибектің «Қайран жеріне» менің «Қайран жер» атты зарлы да мұңлы ән әуенім қосылып, жұптасты.

Жатақтас достарым Айтан Нүсіпхан, Жәркен Бөдештер қосыла «Қайран жерді» көз жасына көміле тұншығып сілеміз катқанша аңырата айтқанамыз әлі есімде.

О, қасиетіңнен айналайын қайран жер, сүйікті Отан, кара орман қалың қазағым-ай. Орыс пен қытай отаршылдарының бодандығына түсіп телім-телім болған пәк ұлдарың мен пәкіза қыздарың басынан өткерген қасіретті өмірі, қайғылы тағдыры қаншама «Қайран жерлерді» дүниеге әкелмеді дейсің?

Көп, тым көп, сан жетпестей көп қой ондай қаралы, жаралы, назалы жырлар!... Олардың көбі мынау Көк байрақ астына жиналып, тәуелсіздік таңын бірге қарсы алған «Алты Алаш» баласына беймәлім болып қалып жатқаны жаныңа тыным-тыныштық бермейді екен. Осындайда есіңе қай-қайдағы түсіп шерленесің дауылпаз ақын Таңжарық Жолдыұлының (1903-1947) қытай түрмесінде алты жыл, жеті ай жатып азап-тозақтың бәрін көргенде де жасымай, жігеріне-жігер қосар жалынды өлең-толғауларын ай-

тар тамаша әндер шығарғаны, қытай жендеттерінің қолына қапыда түсіп өлім құшқан қайсар Бүркітбайдың (1906-1944) елімен қоштасар «Ой, Қайша» сияқты өр рухты әні:

*Артымда мен өлсем де елім қалды,  
Айдың көл, асқар, шалқар белім қалды.*

*Арман емес өлгенім елім үшін,*

*Алып берер кегімді елім қалды!*,- деп бар арман тілегі, жалынды жыры арқылы алаш баласына аманатталып еді.

Бүркітбайдың замандасы Сұлубайдың қытай жендеттері қолынан қаза болар алдында шығарып айтқан өзек өртер отты жыры «Сұлубайдың әні» деген атпен жұртқа жайылып еді.

Ондай, ондай шерлі де мұңлы ән-жырлар мен, оның өр рухты қайсар авторлары іргедегі Шығыс Түркістан жерінде қаншама десеңші?! Бірақ соның көпшілігі мына тәуелсіз қазақ елінің өскелең ұрпақтарына жетпей, оның орнын батыстың қайдағы бір құтырық, есалаң у-шулары басып бара жатқаны намысыңа тиеді екен.

Осындайда 117 жыл өмір сүрген (1805-1922) әйгілі Бодау ақынның мына бір өршіл жыры еске түседі:

*Жер дегенде тебіренем,*

*Ел дегенде еңіренем.*

*Ездерін көрсем күйінем,*

*Ерлерін көрсем сүйінем.*

Әрине, елім, жерім деп еңіреген ерлер осылай тебірене жыр төгіп, намыс отын лаулата жалындатпаса не болар еді десеңші!

Сол арманшыл ерлердің рухы алдында арылу үшін болса да осы жолдарды жазып «Қайран жердің» қадір-қасиетін асқақтатар Алаш баласының құлағына жеткізгім келіп еді.

\*\*\*

Жоғарыда қысқаша баяндап өткенімдей біздердің жастық-жігіттік дәуреніміз мүлде келте, тіпті өте қорқынышты бір қатігез заманға тура келген екен. Қытайдағы ХХ ғасырдың 60-жылдарындағы саяси-әлеуметтік жағдай кеңестік Қазақстандағы 29-39-жылдарда қазақ халқының басына төнген зұлматқа өте ұқсап кететін еді.

1958-жылдан басталған «оңшыл-ұлтшылдыққа қарсы күрес» дейтін саяси террор арқылы ұлт зиялыларына аяусыз соққы бере

отырып, коллиktivтендіру науқанын аса катігездікпен жедел жүргізді.

1958-жылдың соңғы екі-үш айында бүкіл қытай халқы «халық комунасы» дейтін ұжымдық тобырдың «тайқазанына» телміріп 500 грамдық нормалы үлеске тәуелденді. Жүз миллиондаған халық әскери-казармалық тәртіпке бағындырылды. Бұйрықпен жатып-тұру талап етілді.

Сөйтіп «он жылда Англияны басып озып, 15 жылда Американы қуып жетіп, сексенінші жылдары «жатып ішер коммунизмге жетеміз» деген есалаң ұран «үш сара бағыт» дейтін елірмеге (сара жол, халық комунасы және секіріп ілгерілеу) айналып дүниені астан-кестен етті.

Біздің бозбалалық шағымыз осы дүрбелең науқандар тасқынында тұншығып, үсікке ұрынғандай жүдеп, жадаумен өтті. Ал, жігіттік шақ дейтін жалынды шағымыз да күшігінде таланған дейтін бір сүркей заманға тура келіпті.

1962-жылдан былай қарайғы орыс-қытай қатынастарының бұзылуынан ең көп зардап шеккен халық біздің тайқы мандай қазақ халқы болған еді. Қазақ зиялылығы, өскелең ұрпақ Қазақстаннан келіп тұратын оқулықтар мен газет-жорнал, кітаптардан біржола қол үзіп рухани жұтқа тап болды. Ол ол ма сол кітаптарды оқып, білім алғаны үшін енді күн сайын қытай коммунистері мен шолақ белсенділерінің алдында есеп беріп, өкініш-тәубанамалар жазып ақталудың «үш бір мәселесіне» байланысты, өзіңнің «қазақ екеніңнен бас тартып «жұң хуа перзенті» болғаныңды дәлелдеуің керек болды.

Адамдар бір-бірінен күдіктеніп, бір-бірнен қарадай жау іздеп аласұрып жүргендей болып көрінуші еді. Мұндайда ішкі ой-пікіріңді, нала-күйіңіңді көкірек қуысында тұншықтыра тежеп ұстауға, ешкімге ашылып сырласпауға мәжбүр боласың.

Қалибек сияқты ұлттық ой-санасы ерте оянып, қиял құсы қиянды шарлап жүрген боздақтар өзін мылқаудай үнсіздікке, бұйығы оңашалыққа дағдыландыруға мәжбүрлегендей болушы еді.

Қалибек әу бастан – тумысынан ақын болып жаратылған бөлек бітімді дарын иесі болса да, оны білетін замандастары ақын екенін мүлде білмей кеткенінде осындай саяси-психологиялық себеп-салдар бар болатын.

Қалибектің 1965-жылдың күзінде, менің өтінішім бойынша, мен шығарған ән әуеніне лайықтап жазып берген мына өлеңін оқып, талдап көрелікші. Кім не ұғар екен? Қандай баға берер екен. Мәтін мынадай:

**ҒА....**

*(вальс ырғағымен)*

*Махаббат - теңіз толқыны,  
Алдығой орап құндаққа.  
Кетер ме тартып тұңғыық төмен,  
Шығармын ба әлде қырғаққа.*

*Теңіздің беті көк тұман,  
Ол да бір теңіз – тыншыған.  
Телегей толқын қақпақыл қылып,  
Бір шөгем, қайта бір шығам.*

*Талықты талды білегім,  
Малтауды шала білемін.  
Не салса иді тағдырға басын,  
Сүюге құмар жүрегім.*

*Жанымның осы жәй-күйін,  
Жүрсің бе сезбей әлде шын.  
Шығып бір жақын арал боп алдан,  
Қалсаңшы қорғап сәулесім.*

\*\*\*

Мына байғұс денсаулыққа не дерсін? Қолға қалам алмағалы тұп-тура 33 күн болыпты. Ауырдым. Көңіл-күйім бір көтерілмей-ақ қойды. Әйтпесе, сол май айындағы екпінмен жылжып отырғанда 2-3-ақ күнде бұл жазу аяқталуы мүмкін еді.

Енді міне, бүгін ғана бір нәрсе жазамын ба деп талпынып отырмын, бірақ басым өзіме онша бағыныңқырамай, кежегем кейін тартып тұр. Сонда да тәуекелге тән беріп көргім келеді.

Мені жазу столына отырғызған біріншіден, оңала бастаған денсаулығым болса, екіншісі – талайдан бері іздеп «Ұлттық

кітапханадан» тапқан Лермонтовтың «Заманымыздың геройы» мен, 28-мамыр (2010) күнгі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ұлы ақынымыз Мағжанның сонау 1925-жылдары қолға алып, көп ұзамай жұртшылыққа (жақын аға-інілеріне) мәлім болған «Табалдырық» және «Алка» атты мақаласындағы теориялық талдаулары мен ұлттық-алаштық идеяларының тегеурінді түрткісі десе мән болар.

Арамызда жарты ғасырға жуық уақыт пен кеңістік алшақтығы жатса да біз тағдырлас, пікірлес, армандас адамдар болған екенбіз десем, мені, менің достарымды қорашсынатын кейбір ағайындар табылып жатса сылтың сөзін айта жатар, оған не шара?..

Қалибек сөзін жазған бұл әннің аты «Ға...» болатын. 1966 жылдың мамырының басында шығып, бізді білетін аралас-құраластығы бар қазақ студенттері арасында айтыла бастады. Олар бұл әнді махаббат сезімін ашып айта алмай іштей булығып, сезім сергелденіне түсіп жүрген бір мәжнүннің шерлі сыры деп ұғып, солай қабылдады. Мен де сол сарында туған бір шығарма деп, әсіресе, ақын досымның қиыннан қиыстыра табиғат аясында, көркем де бейнелі теңіз құбылыстарына шендестіре шебер жырлаған талантына тәнті болып едім.

Былай қарағанда, сүйіспеншілік-ынтызарлық меңдете бастаған жас адамның буырқанған ессіз сезімін дауыл толқытқан, «Қарағай бастауынан» басқа үлкен өзен мен көл де көрмеген дала перзентінің ұшқыр қиялы мен көк тұман бүркеген теңіз бетіндегі айшықты көріністі «Ол да бір теңіз тыншыған» деп әсерлеуі, сол бір көк пен теңіз астасқан ғаламат ортада құндақтаулы сәбидей қорғансыз, теңіздегі өмір тайталасынан мүлде бейхабар, тек махаббат буынан басы айналған бір мәжнүннің «телегей толқын қақпақыл қылып, бір шөгіп, бір шығып» жүргенін, сөйте тұра ешнәрсеге өкінбестен «не салса иді тағдырға басын, сүйоге құмар жүрегім» деп нар тәуекелге бел буғанына әрі риза боласың, әрі аяйсың да.

Сөйтсек, иә, өлеңнің соңғы бунақтарына назар аударсақ, сол алмағайып арпалыспен өмір-өлім тайталасында жүрген боздағымыз бар үміті мен зар, тілегін «шығып бір жақын арал боп алдан» қорғап қалар сәулешінің тұрлаулы махаббатына, жарқын болашағына деген нық сенім атойлап тұрған екен ғой.

Әсем поэзияның нәзік өлшемдері мен талаптары тұрғысынан карағанда осы бір арасы бөтен сөзбен былғанбаған, жұп-жұмыр тамаша лирикалық жырдан саяси астар, тұснал идея іздеудің жөні жоқ сияқты еді.

Иә, біз одан басқаша мағына іздесек бұл өлеңнің ән болып жастар арасына таралып кетуі бәріміз үшін қауіпті ұрыну болары анық.

Ән шыққан 1966-жылдың мамыр-маусым айлары біз оқып жатқан Шинжияң университетіндегі саяси-рухани ақуал барынша бұзылып аты шулы «социалистік тәлім-тәрбие науқаны» енді «Мәдениет төңкерісі» дейтін есалаң, жойымпаз науқанға ұласқан тұсқа тура келді. СУАР парткомының ұйымдық бөлім бастығы орынбасары Құрбан Мамытов дегеннің басшылығында келген жүздеген адамдық «қызмет группасы» университеттің бар билігін қолдарына алып басшылар мен ұстаздарға қоса «үш бір мәселесі» анық болмаған ұлтшыл-ревизионист студенттерді де әшкерелеп-соққы беру объектісіне айналдыруға кіріскен болатын. Әсіресе, өшіге қудалау «буржуазиялық сары кітаптар мен сары әндер, студенттердің қойын дәптеріндегі күнделіктерді талдап, сынауға ұласты.

Сондай құтырық күндердің бірінде Қалибек досым мені оңашалап алып шығып аса бір ызалы, әрі күйінішпен былай деп еді:

- Әлеке, сендер өздері біліп, мына қағынған заман қабағына қарай жүретін шығар десем, әлі мұрындарыңа ештеңенің иісі жетпеген екен. Әлгі «Ға...ны» сұңқылдатуды қоймасандар, ертең арылмас пәлеге қаласыңдар, сен әлі күнге ол өлеңнің ішкі астарына, арыға жасырған бунтар ойларына мән беріп көрмеген сияқтысың. Сен Ұлықпан екеуің анау ақсары қызға емешен үзіліп, сол естісін, сол ойлансын деп сұңқылдатып жүрген бұл өлең нағыз пәлелі, ереуіл ойдан туған болатын. Әлгі «қырағы достарың» бір күні жағаңа жармасып «Сен қайдағы теңізге тұншығып, кімнен, қайдан құтқарушы іздеп жүрсің, мына ұлы көсемнің шексіз қамқорлығы, бүкіл әлемге түсіп тұрған нұры саған аздық етіп жүр ме?», десе не деп жауап бересің? Сондықтан қойын дәптеріңді бір жерге жасыр да, мына әнді енді айтушы болма, ұқтың ба? Әзір махаббат дағуасын даңғырлатар уақыт емес, ұқтың ба?»- деп шегелей айтқаны есімнен кетпейді.

Қалибектің жорамал ескертпесінің шындыққа айналуына көп уақыт қажет болмады...

Маусым айының соңғы күндерінің бірі еді. Біздің «қытай тіл-әдебиет факультеті» сабақты біржола доғарып таңертеңнен кешке дейін Маузыдұнның «үш жауһары» мен қысқа үзінділерін жаттап, сол кездің сөз саптау мәнерімен айтқанда «Ең жоғарғы нұсқау» бойынша бір-бірімізді, онан қалса өзді-өзіміздің «буржуазиялық идеяларымызбен» теріс әрекеттерімізді әшкерелеп, сын тезіне алумен арпалысып жатқанымызға талай уақыт болған. Біреуді біреу білмес, ес кетіп, ақыл алжасқан бір зобалаң күндердің бірінде, түскі тамаққа (Қытайда түскі тамақ уақыты тұп-тура 12-14 аралығына тура келеді) қоңырау шалғанда коридорға дүркірей шықсақ, біздің аудиторияның қабырғасына жапсырылған «дазы бауға» (үлкен әріпті қабырға газеті) үймелеп тұрған басқа топтың балаларын көріп, солай назар аударғаным сол еді, денемді ток соғып өткендей дір ете қалдым. Бадырайта жазылған тақырыбы «шек-шегарамызды ажыратуға бел байладық» деп айғайлап тұр. Кім-кімнен қандай шегара ажыратпақ екен?

- Біз ххх,тер Ұлықпан, Әлімғазы, Қалибек қатарлы бұзақылардың махаббатты перделеп, алдап-арбап өздерінің реакция ұйымдарына тартпақшы болғанын кеш түсініп қалыппыз. Ұлы көсемнің «Ең жоғары нұсқауын» басшылыққа алып өз кателіктерімізді мойындап, олардың партияға, социализмге, отан тұтастығына қарсы айтқан реакция сөздерімен, іс-әрекеттерін батыл әшкерелеп, шек-шегарамызды ажыратуға бел байладық. Революцияшыл саптастар бізді кешіріп, қатарыңызға алуларыңызды өтінеміз» деп жазылыпты.

Төбемнен бір шелек су құйып жібергендей түршігіп кеттім. Құдайым-ау мына қыздарға не болған, қайдағы «реакция ұйымды» айтып тұр? Ұлықпан екеуіміздің ол қыздарды шынымен-ақ жақсы көріп қалғаннан басқа қандай кінәміз бар?

Менің өтінішіммен әніме сөз жазып, бұл қыздардың алдында қуана марқайғаннан басқа Қалибек байғұстың не айыбы бар еді?

Сол күннен бастап біздің «66-1» мен Қалибек, Ұлықпандардың «67-1» дегі ұрынарға қаратаппай құтырынып жүрген белсенділеріне ермек табылып, айғай аттанның астында қалдық. «Реакция ұйымды» әшкерелеуге құлшына кіріскен «бес қызылшылар»

(жұмысшы, кедей, төмен орта дихан, қызыл армия – коммунистер мен революциялық кадрлардың балаларын солай атайтын, ал оның керісінше «бес қаралар» деп, бай, помещик, контрреволюционер, оңшыл, ұлтшыл және бұзақылардың балаларын атайтын) құлшына кірісіп кетті. Ақыры, 1966-жылдың 4-авгусында университет бойынша саяси қалпақ кигізіп, көше-көшемен масқарай аралатқан 375 мұғалімдер мен студенттер қатарына қосып араларынан аластап бір-ақ тоқтады. Біз аласталған 375 адам қағаз қалпақты милықтата киіп, көше сыпырып, дәретхана тазалап, аскананың картошкасы мен капустасын тазалап болғаннан кейін, өз-өзімізді әшкерелеп, тәубәнама жазуға отырушы едік. Ара-тұра тергеу сұрақтар да болып тұрады.

Қалибек екеуіміздің махаббат жырымыз осылайша махаббат трагедиясына айналып 1966-жылдың қыркүйек айына дейін бізді тағдыр тәлкегіне салып еді. Бізді бұл жалалы қара қалпақтан құтқарған басқа емес, дәл «ұлы көсем» мен Лю Шауши арасындағы тақ таласында Мау Зыдұн жеңіп, бізді қияметтің қыл көпіріне айдаған қызмет группасын айыптап, кері шақырып әкетуінен болыпты. Біреу өлмей, біреуге күн жоқ дегеннің кері дағы...

\*\*\*

XX ғасырдың 50-70 жылдары қытай қоғамында мылтықсыз майдан жүріп жатқан, адамының қадір-қасиеті қашып, бір-біріне қарадай жауыққан, бітбес, бітірмес «тап күресі» деген барынша құтырына дәріптеліп тұрған бір зобалаң қаралы оқиғаларға толы болды.

Менің замандастарыма ұғыныңқы болу үшін Шинжиян университетінің тіл-әдебиет факультетінде оқып шыққан ұйғыр-қазақ жастарының аянышты тағдырын айғақтар мына бір қарапайым санды мәліметті келтіре кетейін.

Құрбан Мамытов басқарған «қызмет группасының» әшкерелеуші материалдары бойынша 1956-1966-жылдар аралығында оқу бітірген ұйғыр, қазақ, моңғол, қырғыз жастарының 42 пайызы түрмелер мен лагерлерде қамауда отырса, 44 пайызы «сенімсіз элементтер» деген қалпақ астында қатаң бақылауда жүргені белгілі болды. Ал, мына бірнеше айдан бері тоқтаусыз жүргізіліп жатқан жаппай тазалау науқаны барысында ол пайыз



еселеп артпаса кемімесі әзірдің өзінде белгілі болды. Солардың қатарына енді біздің «ғашықтар» әшкерелеген «реакцион топ мүшелері» қосылды.

Міне, осылайша Үрімжі аспанын «қызыл террор» тұманы еңселетіп тынысым күн сайын тарыла түсті, бір-бірімізді көру, сөйлесу мұң болды.

Әйтсе де бөгесін, тосқауылды білмейтін «уақыт» деген дүлейің өз жолымен, өз заңымен жылжып, ыңыранған, күңіренген миллиондардың тағдыр-тәлейіне куә болып өтіп жатты. Уақыт – 1967-жылға аяқ басты.

Мені «уақыт» деген тылсыматтың қазақ халқының басына төнген нәубеттер тұсындағы әлдеқалай «сәйкестіктері» таң қалдырады.

1928-1929-жылдары Қазақстанда басталған сталиндік-голощекиндік «кіші октябрьдің» кара дауылы араға тұп-тура 30 жыл салып Шығыс Түркістанды мекендеген қазақтардың қара орманын жайпап, тас ошағын талқандап кеткен 1958-1959-жылдардағы «халық комунасы» дейтін құбыжық ұжымдастыруға (қытайларша айтқанда комунизм қара дауылына) ұласты.

Қазақ бірнеше-ақ күннің ішінде жиған-тергенінің бәрінен жұрдай болып бейшара «жатаққа» айналып шыға келді. Ал, 1937-1938-жылдардың қанқасап қырғыны да сол 1958-1959-жылдары ұйғыр-қазақ зиялыларын жаппай жазалау арқылы қайталанғандай болды. Ресей империясының Сібірлік которгалық лагері – Шығыс Түркістанның адам баспаған, құм-дауыл бораған Тарым құмынан орын алды. Он мыңдаған «оңшыл-жергілікті ұлтшыл» қазақ-ұйғыр зиялылары 1979-1980-жылдарға дейін сотсыз, кесікті жаза мерзімінсіз ит өмір өткізіп жатты.

1966-1978-жылға дейін бүкіл СУАР өңірінде жүргізілген жаппай қудалау, жаныштау тұсында саяси соққыға ұшыраған бейкүнә жергілікті халықтың басына түскен тақыметтің жай-жапсарын қазақстандық отандастарыма айтып жеткізу, олардың көзалдына келерліктей картина сызып беру мүмкін емес. Әйткені, сол бір адам ақылына, сана сезіміне мүлде жат, қытайлық жабайы жаппай террорда қолданылған саяси ұрандар мен жазалау, қинау амал-тәсілдерін айтып жеткізу қиын еді.

Марқұм Айтан Нүсіпханның сол зобалаң жылдар шындығын

эшкерелеуге арналған «Аласапыраңмен өткен төрт жыл» дейтін еңбегінде («Қайғыңды қайран қазақ арқаладым» 2-кітап. «Қоғам және қылмыс» баспасы. 2002. Алматы. 47-156) бүкіл СУАР аумағында тән-жан жазасында жаппай қолданылған 60-тан аса жаза түрлері атап көрсетілген еді. «Тән-жан жазасы» деген сөзді әдейі қолданып отырмын. Ал, қызыл орыс отаршылдары жергілікті ұлт зиялыларын жазалаудың табанда атып-шабу және жер аударып Сібірдің қақаған аязында шақталар мен Тайга ормандарында ауыр қара жұмысқа салып, азаптап өлтіру тәсілін қолданғаны мәлім. Ал, қызыл қытай коммунистері «чи сы - құсаландырып өлтіру» дейтін зұлымдық тәсілін арсыздықпен қолданып келді.

Партия мен өкіметке, социализмге, қытайға қарсы жергілікті ұлтшыл деп айыпталған адамды түрмеге тоғытудан көрі, өзі жұмыс істеп жүрген ұжымында туыс-туған, дос-жаран, бала-шағасының көзінше масқаралап, неше түрлі айып-кіно тағып, басына қағаз қалпақ кигізіп, мойнына ескі шелек-данғара іліп, колына қара шүберек байлаған таяқша ұстатып, арқасына және кеудесіне аты-жөні, қылмыс түрлері жазылған тақтайша іліп көше аралату, сағаттап көпшілік алдында басын игізіп қойып қылмысын мойындау, тәубесіне келуге зорлау, тіпті молда атасы мен келіндерін, ұл-қызын тыр жалаңаштап мешітке қамау деген сұмдықты гитлерлік фашистер де істемеген болар.

Мен бұларды неге тәптіштей, қазымырлана сөз етіп кеттім? «Ала қаптын аузы ашылып кетті» деген сөз осындайда айтылған болар, бәлкім.

Біздің және біз сияқты жастардың 60-70-жылдардағы көңіл-күйімен идеялық-саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға ой жібергенде тағы бір кездейсоқтық сияқты, бірақ шын мәнінде өте табиғи әрі заңды ұқсастықтарға кез бола беретініме қайран болам.

Өткен ғасырдың 60-70-жылдарындағы рухани бұлқыныстарымыз бен ізденістеріміздің жарқын мысалындай болған бір әннің дүниеге келу тарихын баяндай кетудің реті енді келгендей. Әннің аты «Неге?» авторы Қалибек Бабай, әні менікі. Идеясы Лермонтовтың сүйікті геройы Печериннің княжина Мери-ге айтқан төмендегі монологы негізінде менің ұсынысым бойынша туып еді.

Бізге – атап айтқанда Алтай, Тарбағатай, Іледе өмір сүріп жатқан қазақ азаматтарына Қазақстан әдебиеті мен өнерінің ықпал-әсері төтенше білініп тұрушы еді. Сол кереметтей тарту күшіне ие рухани әлемді одан әрі нұрландырып, айшықтап тұрған орыс және еуропа классиктерінің таңдаулы шығармаларының көркем аудармалары екені баршамызға белгілі болатын. Солардың ішінде біздің қалта кітабымызға айналып кеткен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Лорд Байрондардың аудармалары мен Белинский, Добролюбовтардың сын-зерттеулері; қос Толстой мен Гогол, Чехов, Горький, Шолоховтардың прозалық шығармалары; Гюго мен Бальзактың романдары, ой, санай берсең қазақ тіліне аударылған күллі шетел әдебиеті үлгілерін түгел обырлана, ашырқана парақтап шығуға құмбыл едік.

Оны айтамыз-ау Қазақстанда шығатын әдеби басылымдар мен газет-журналдарда жарияланған қатардағы жас талапкерлердің ұнаған өлеңдеріне дейін жаттап тақылдап тұратын Қалибек, Құмарбек, Ыбырай, Айтан, Жәркен сияқты поэзия пәруаналары қаншама еді десеңші.

1962-жылғы Құлжадағы «29-май қанды оқиғасынан» кейін орыс-қытай шекарасы тас бекігенімен қоймай, бізді азықтандырып, нәр беріп келген рухани қайнарларымыздың көзін де тарс бекітіп, қараңғы бұрышқа апарып қамап тастағандай бейшара күйге тап болдық.

Ал, қытай әдебиеті мен мәдениеті бөлсе, бізге мүлде жат, бөтен, бөгде әлем болатын. Өйткені, біз біріншіден қытай тілін әлі жөндеп игере алған жоқпыз, екіншіден қытай әлемі, қытай мәдениеті дегенді біз шын мәнінде мойындамайтынбыз. «Жастық» деген бір жөн білмес, бас бермес дүлейің, сол заманның өзінде 600-650 миллиондық қорқынышты санға жеткен қытайлар билігінде өмір сүріп жатқанымызды да елетпей – бізге қытай тілінің керегі не, одан да орыс тілі мен ағылшын тілін неге оқытпайды дегізгенін қайтерсін?..

Е, өткен ғасырдың 50-60 жылдарындағы шығыс-түркістандық жастардың ноктаға басы сия қоймаған бір тобының сол бір асау сөзі мен атойшыл көңіл-күйі жыл өткен сайын бұлт басқан айлы түндей қарауыттып, су тиген жалаудай жиырылып, тіпті ертеңгі

күнінің не боларына көздері жетпей, сенделе бастағаны күні бүгінгідей көз алдымда.

Менің сүйіп оқитын, жаныма жақын, күпті көңіліме жұбаныш сыйлар шығарманың бірі – М.Ю.Лермонтовтың «Біздің заманның геройы» еді. Поэзиядан ағылшын бунтары Лорд Байронның өлеңдері мен поэмалары болып алғалы қашан?..

Мен әлденеге ренжіп, қинала қалсам, немесе айналамызда, қоғамда болып жатқан жан түршігерлік саяси террорды, ұлттық кемсітушілік пен зорлық-зомбылықтан мезі болып, не боп барады мына өмір, не істеу керек? – деп ширыққанда, неге екені белгісіз, ешбір қатысы болмаса да Лермонтовтың «Печерині» есіме түсе кететін болғанына таң қаламын.

...Печерин княжина Меримен қол ұстаса тауда қыдырып жүріп адамдар туралы, өзі туралы жан тебіренгерлік катал да, бұлжымас өмір ақиқатын жайып салар әңгімесі бар емес пе? « - Сіз қауіпті адамсыз! – деді ол маған: Сіздің тіліңізге душар болғаннан гөрі мен ағаш арасында кісі өлтіретіндердің пышағына кез болуды тілер едім... Ойын емес, шын тілегім. Мен туралы жаман сөз айтқыңыз келген кезде қолыңызға пышақ алыңыз да мені бауыздай қойыңыз, - бұлай істеу сізге аса қиын болмас.

- Тегінде мен кісі өлтірушіге ұқсаспын ба?

- Сіз одан да жамансыз...- деген Печерин өзі туралы аса қорқынышты сөздерді лек-легімен былай ақтармаушы ма еді.

- Солай, менің тағдырым бала күнімнен осылай болатын! Бәрі де менің қияпатымнан жамандықтың белгісін көреміз деуші еді, ол белгі менің жүзімде жоқ та болса солай болар деп ұйғарушы еді – ақырында солай болды. Мен инабатты едім. Маған монтаны деп айып тағатын, ақырында мен тұйық болдым. Мен жақсылық пен зұлымдықты терең түсіндім; мені ешкім мәпелеген жоқ, қайта бәрі де сөгіп балағаттады: Мен кекшіл болдым; басқа балалар әрі көңілді, әрі сөзуар болғанда, - мені үнсіздік басты; өзімді олардан артықпын деп ойласам, - мені жұрт төмен санады. Мен сондықтан күншіл болдым. Бүкіл әлемді құшақтап сүйуге дайын едім; - бірақ мені ешкім ұқпады: Сондықтан мен жек көруді үйрендім. Менің қияпатсыз жастық шағым өзіммен және өзгемен күресте өтті; өзімнің жақсы сезімдерімді жұрттың мазағынан қорқып жүрегімнің терең түкпіріне көміп тастадым: Олар сонда

өлді, мен шындықты айттым, - бірақ маған ешкім сенбеді..- Содан кейін мен де алдай бастадым; өмір тұрмыс ғылымына өте жетік болып алдым. – Сол арқылы жанталасып мені іздеп жүрген сол артықшылықтармен басқалардың тегін-ақ пайдаланып, өнерсіз-ақ бақытты болып жүргенін көрдім. Содан кейін менің кеудемде ыза-күйініш туды, бұл күйініш пистолет аузымен емделетін күйініш емес, бауырмалдық пен қайырымды күлкінің көлеңкесіне жасырынған суық, әлсіз күйініш еді. Мен жан дүниесі жарымжан адам болдым: Жанымның жарым-жартысы өмір сүруден қалып, кеуіп-семді, суалды, өлді, мен оны кесіп алып лақтырып жібердім. Ал, бөтен жартысы қимылдап, кімге де болса қызмет етуге даяр, өмір сүре берді, бірақ жанымның өлген жарымын білмегендіктен, тірі жағына да ешкім көңіл аударған жоқ; міне сіз қазір ол туралы менің есімдегілерді ояттыңыз. Сондықтан мен сізге оның қабір басындағы жазылған сөздерді оқып тұрмын. Көп адамдарға жалпы қабір басындағы жазулар күлкі тәрізді, ал, маған олай емес, әсіресе оның астына не көмілгенін есіме алғанымда, мүлде олай емес болып көрінеді.»

Мен, ешкімнің алдында көпіріп мақтанайын деп отырған жоқпын. Егер құдайшылығын айтар болсам, менің және мен сияқты қазақ-ұйғыр жастарының ол жылдардағы көңіл ауаны, қайтқан тауаны, тәлкекке түскен тағдыры Печериннің княжна Мериге шағынған жазмыш-болмысына өте ұқсас еді. Ал, ұқсамаған жақтары мен өзгешелігі жөнінде айтар болсам, біздің өлген жанымыздың қабір басындағы сөзін айтуға әлі ертеректігі ғана... Біз шырылдаған шындық іздеп шарқ ұрған бейкүнә, жас жанымызға төнген қауіп-қатердің алдын алу үшін амал-айла, шығар жол іздеп «Неге, не істеу керек?» деген пәлелі сұрақтардың жауабын табуға барымызды салып жүрдік.

Мен Қалибек досыма бірде былай дедім:

- Печеринмен жақсылап таныс, сырлас, мұндас, сөйтіп Печериннің қан жылаған қаралы диалогын монологқа айналдырып «Неге» дейтін ұзақ толғау жаз да, мына тұйыққа тіреліп басы қатқан замандастарыңа ой таста, босқа елең-селең етіп жүрген селтеңбайлар жан-жағына ойлы көзбен қарайтын шығар, бәлкім?

Қайран, қиялы ұшқыр, ойы орамды, пәлсапасы қат-қабат, шер көкірек досым ай! Қалекем араға бір-ақ күн салып мен ойлағаннан

да арыдан – тереңнен толғайтын 25 шумақтық «Негені?» жарқ еткізіп алдыма тастады. «Тастады» дегенім жәй сөз «Неге» тілдей қағазға тек әр шумақтың басқы әрпі немесе басқы бір сөзі ғана тізіліп жазылған шифровкаға ұқсайды екен. Соған анда-санда бір қарап қойып жас перің өлеңін жатқа сырғытты.

«Неге?» Нағыз замана жөніндегі, сол күндердегі жүректі езгілеп, бас сүйекті кемірген ой азабын, тағдыр тәлкегін жырлаған ереуіл жыр болып дүниеге келген екен. Ол толғау қағаз бетіне толық түссе, күндердің күнінде салпанқұлақтар арқылы қытайлардың құлағына жетсе төбеңе жай оғы болып жайрата түсері сөзсіз еді. Қалибек сондықтан ол өлеңді қағазға түсірмей жатқа айтып жүрді.

Күндердің бір күнінде, дәлірек айтқанда 1968-жылдың 3-наурызында мен бір ән шығара қалдым. Ән әуенін ұмытып қалмау үшін Қалибектің «Негесінің» есте қалған бір шумағымен қайталап айтып есте сақтадым.

Әнді тыңдаған достарым Қалибек, Айтан, Ұлықпандар риза болып құттықтап жатты. Келесі күні Қалибек бес шумақтан тұратын тағы бір «Неге?» атты өлеңін маған беріп тұрып былай деген еді:

- Әлеке, кешегі 25 шумақтық ұзақ өлең шынымен өзін айтқандай Печеринмен сырласып мұңдасудан туған болатын. Мына әнді ол мәтін бойынша айту обал сияқты, әрі жұрт алдында айтып жүру үшін ыңғайлы бола ма деп мынаны жаздым. Айтып көрші, қалай болар екен, - деп өлеңді қолыма берді.

Оқып та шықтым, іле-шала әуенге салып екі-үш рет айтып та бердім. Қайран аңқылдаған ақ көкірек боздағым-ай, мені алпамсадай құшағына қыса тартып, даусы барлығыңқырап: Құттықтаймын, досым, өте сәтті шықты, үйлесе кеткенін қарашы екеуінің деп ағынан ақтарыла елжіреді. Даусының дірілін сезіп, бетіне қарасам көзі дымданып тұр екен. Екеуіміз құшақтасқан күйі «Негені?» бірінші рет қосыла айтып тұсауын кесіп едік.

### **НЕГЕ?**

(өте баяу айтылады)

*Самұрықтай талған ұшып,  
Қас қарайып қалғыды құз.*

*Жалғыз қайың түбін құшып,  
Жылап отыр қайғылы қыз.*

*Жуып шыққан қасіретін,  
Сортаң жасы сорғып ағып.  
Бейбақ сұлу басты бетін,  
Жылады екен сорлы нағып?*

*Жылай-жылай тағдырға сұм,  
Кеткен шығар қалғып талай.  
Құрғата алсын жаңбыр жасын,  
Алақандай жаулық қалай?*

*Мен ғой жігіт секілденіп,  
Аялауға жарамаймын,  
Өзім де бір зеку көріп,  
Кемсеңдеген баладаймын.*

*Бұзып бағын, қызық күнін,  
Өмір неге соқты оны?  
Жүрмей таудың үзіп гүлін,  
Ару неге еңіреді?  
Ару неге егіледі?...*

*03. 1968. Үрімжі.*

Шинжияң университеті тіл-әдебиет факультеті оқу бинасының (корпусы) 2-қабаты, 38-бөлме. Қалибек екеуіміздің жатын бөлмесіміз.

Біздің «жатақханада емес, оқу үйінде жаттық» дегенім сіздерге ерсі көрінер. Бірақ ол кездегі жағдай шынымен солай болатын. Оқу дегеніңіз жоғарыда айтып өткенімдей 1966-жылдың көктемінде толығымен тоқтатылып саяси террор, жаппай қудалау, көшеге шығып ұрандау барынша белең алып, бара-бара бүкіл студенттер мен мектеп оқушылары, ал, 1967-жылдан былай қарай жұмысшы, шаруа, қызметкерлерге дейін қарама-қарсы екі қоғамдық ұйымға бөлініп қырқысып жатқан болатын.

Шинжияң университетінің негізгі массасы біздің «2- штабтың» көзқарасында болғандықтан бізге қарсы топтарды университет аумағынан аластап тастаған болатынбыз.

Біздер 2-штабтың үлкенді-кішілі ұйғыр-қазақ басшылары тіл-әдебиет оқу үйінің 2-қабатын әрі жатақ, әрі жұмыс орны етіп тұрдық та 1-қабатта қарулы жасақтардың қорғауында қауіпсіздікті қамтамасыз етіп едік. Осы мекен-жайда өмірге келген «Неге?» өзіміз сенген сабақтастарымыз алдында айтылып, бірте-бірте тарала бастады. Бірақ, авторы кім екенін былайғыларға айтылған емес.

Көзі қарақты жыр сүйер, сөз таныр адамдарға «Негенің?» неге солай жазылғаны туралы бұдан әрі езбелей берудің қажеті жоқ сияқты.

Ал, 25 шумақтық «Неге?» авторы көрсетілмеген күйі машинкаға басылып қолдан-қолға өтіп тарала бастады. Бір өкініштісі, сол 25 шумақтан бір шумақ та менің есімде қалмапты. Айтан марқұм білетін сияқты еді, ол қайтыс болып кеткеннен кейін «Қайғынды қайран қазақ арқаладым!» дейтін екі томдығын дайындау барысында, оның қолжазбалары арасынан кезіктіре алмадым.

Менің өз басымда басқаларға ұқсай бермейтін бір кемшілігім һәм бір артықшылығым бар екенін жора-жолдастарым айтып жүреді.

Кемшілігім - өлең жаттауға, әсіресе өзім айтатын әндердің де өлеңін жаттауға шорқақтығым еді. Оған кінәлі мен ғана емес Қалибек, Айтан, Қасымхан сияқты құймақұлақ достарм деуге болар. Өйткені, солар қасымда отырып ән мәтінін ылғи бәсең дауыспен ілесіп айтқанына иек сүйеп жаман үйреніп кетсем керек. Ал, артықшылық деп даритарым – естіген, ұнатқан ән-күйді еш ұмытпайтыным деуге болар.

Өлгіндей салғырттықтың кесірінен жыр жауһары «Неге?» қағазға түспеген, жатқа алынбаған күйі шекараның ар жағында, Қалибек марқұмның өзімен бірге қалып қойды.

Бір жұбанышым, марқұмның менің әніме жазылған үш өлеңі аман-сау бүгінге жетті. Арманда, қыршын кеткен талантты ақын достан қалған үш тал өлеңді, оның дүниеге келу тарихын баяндай отырып отандастарыма таныстыруды көптен ойға алсам да, сәті енді ғана түсіп отырған жайы бар.

\*\*\*

Мен осы естелік-эссенің алғашқы сөзін өткен өміріміздің



сарғайған сағынышқа толы шақтарын сағына-зарыға еске алудан бастап едім. Әйтсе де Некрасов акынша ағынан актарылар болсам «Сұм тағдыр мен дегенде болды кәрлі, Басталды туған жерден соның бәрі» деп түңіле, тіпті қорғана қолды бір сілтей салуыма да болатын сияқты. Бірақ мен өйте де алмаймын ғой. Өйткені өзімнен өзім қашып құтыла алмайтыным сияқты, кешміш-тағдырымнан аттап қайда бармақпын. Ешқайда әрине!..

Иә, мен сүйікті оқырмандарыма Қалибек Бабайдың тағдыр-тәлейі жөнінде айтарымды айтып болмаған екем ғой.

1968-жылдың тамызының соңғы күндері біздің жеті жыл бойы бауыр басқан Шинжияң университетімен, соңғы екі жыл бойы дүбірлеткен Үрімжі қаласынан, сүйікті дос, құрбы-құрдастармен қош айтысар шаққа тура келді.

Халқымызда «өз жынын шақырып еді, өзі ие бола алмай қалған бейбақ» деген ащы сөз бар емес пе еді.

Маузыдұн бастаған «мәдениет төңкерісшілдері» алып қытай айдаһарын ұйқыдан оятып алып ақырында оған ие бола алмай, неше түрлі айла-шарғы мен жаңа ұрандар даурықпасынан екі топқа бөлініп, әбден өшіккен хұн вейбиндерді айтқанына көндіре алмасына көзі жеткенде армияның күшімен 1966-1967-жылдар оқу бітірген жоғарға оқу орындары студенттері хұн вейбиндерді «зиялылырды қайта тәрбиелеу» деген ұранмен ауыл-қыстаққа жер аударуға кірісті.

Қалибек бізбен бірге Бұратола Моңғол автоном районы деп аталатын шекара өңірге жіберілген еді. Бұл жазмышқа мынау катігез тағдырға не айтарсың?! Қалибек қоярда қоймай сұранып жүріп Тарбағатай аймағындағы әке-шешесін бір көріп қайтуға сұранып кетті. Екі жылдан бері елін көрмеп еді.

Қош айтысар сәттің қобалжыған көңіл-күйімен әре-тәре болып жүрген бір күнінде ақын Қасымхан іштей ширыққан көңіл күйін ақтарғысы келгендей:

*Жас достар жазды күні тұрып таңнан,*

*Тоғайы өзенді өрлей әнге салған.*

*Тамаша сол бір күндер қызық еді-ау,*

*Аң қуып қолға түзу мылтық алған,* - деп әлде бір тегеурінді жыр жолдарын бастай бергенде, келісіп алғандай-ақ жас пері Қалибегім іліп ала жөнеле:

*Кей шақта жаның шошып тұс азара,*

*Ойлайсың сол күндерді құсалана.*

*Әр нені көп алушы ек нысанаға,*

*Ал бүгін тұрғандаймыз нысанада,* - демесі бар ма, тыңдап отырған Айтан. Ұлықпан бәріміз бір-бірімізге суық қабақпен сұрлана қарасып қалыппыз.

Иә, бұдан әрі не айтуға болады? Өмірдің ащы шындығы бізді күтіп тұрған қатал тағдыр өкімі жыр тілімен айтылып қойған жоқ па? Қатал өкім қатігездікпен орындала бастады.

Біздің қатарымыздан нысанаға алғаш ілінген құрбандық сәбидей пәк жанды Ұлықпан дос болыпты. Ол 1970-жылдардың басында әйгілі Бағыраш көлін жағалап жүріп, әлде бір тылсым жағдайда суға кетіп өліпті. Ал, Қалибек еліне барып, әке-шешесінің өтінішін аттап өте алмай мектептегі парталас құрбы қызына үйленіп ауылда қалып қойыпты. Біздер – Айтан, Жәркендер 1969 жылдың көктемінде Қазақстанға қашып өттік.

Ажал айла таптырмас деген рас-ау! Қалибектің үйлі-баранды болып, бала сүйіп әке-шешесін қуандырған бақытты күндері көпке созылмапты. Қаптаған қалың қытайдың арасында жүрсе де, тағдыр оғы нысанаға Қалибекті алыпты. Найзағай да асылы бар жерге түседі деген рас шығар.

Орман аралап жүргенде Найзағай түсіп есіл ер жарық дүниемен кош айтысыпты деп естідік.

Сол қаралы хабарды естігенде Айтан марқұм: Өзі де от еді, отқа оранып кеткен екен ғой сабазың, - деп аһ ұрып еді.

25.05.2011.



## ШӘКЕҢНІҢ ОРЫНДАЛМАҒАН БІР АРМАНЫ...

Мен Шәкеңмен алғаш рет 1979 жылдың күзінде, сол кездегі Шымкент облысына карасты Бөген ауданының (қазіргі Ордабасы ауданы) Шұбар (Чубаровка) селосында кездейсоқ кездесіп атүсті танысып қалып едік. Біздің танысып араласуымызға менің досым, әуесқой композитор Сүгірәлі Сапаралиев себепкер болды.

Біз сөйлесе, араласа келе, жақындасып, бара-бара сыйлас ағани, сырлас-мұңдас дос болып кеттік. 1982-жылдан былай қарай менің өмірімдегі бір шырғалаң жағдайларға байланысты тіпті жақындасып, нағыз қамқоршы, қормалыма айналып кетті. Ол бір өз алдына жазылар ұзақ әңгіме, кезі келгенде айта жатармыз. Жок, міндетті түрде жазамын, өйткені кейінгі өмір соқпақтарыма апарар бұрылыс – Шәкеңнің бір сөзінен, бір ғана шарапатты қамқорлығынан басталған болатын.

Мен ол кезде Шұбар селосындағы №146 СПТУ-дың (селолық кәсіптік-техникалық училище) филиалдар меңгерушісі болып істеуші едім. Менің жұмысым тек жылдың аяғында, жиын-терім аяқталғанда басталып, келер жылдың наурыз айларына дейін қарбалас болатын. Жылдың қалған айларында негізінен қолым босаулы еді.

Шәкеңмен танысып, араласқалы бері кейде бірнеше күнге, кейде апталап дегендей жұмысты, үйді ұмытып, ел аралап, қонақтан қонаққа кете баратынды әдетке айналдырып алдым. Сол тұста біздің училищені қазақтың жаны жайсаң, ер көңілді, сауықшыл Бақтай Шәметов деген жігіт басқарушы еді. Бір кездескенде Шәкең директорға қалжың-шыны аралас: Ей, Бәке, мына орынбасарың жұмыста болмай қалса іздеп, ұрсып әуре қылма, менімен бірге кеткен екен ғой дей сал, жарай ма, - деп ескертіп қойған.

Обалы кәнеки, Бақтай шынымен-ақ, менің жүген-ноқтамды сыпырып қоя бергендей-ақ алаңсыз қыдыра беретін болғанмын.

«Сыған серенадасында» қатысты жазбаларымда айтылғандай біз уақытты тек ел қыдырып, ішіп-жеп, дыр-думанмен ғана өткізбеуге келісіп едік. Орайы келгенде, көбінше жол үстінде белгілі тақырыптар бойынша әңгіме-дүкен құрып, кейде пікір таластырып, ой жарыстырып дегендей жол қысқартуды әдетке айналдырып алғанбыз.

Шәкеңнің 05 жигулиі машинасындағы радиосынан «Шалқар» бағдарламасы бойынша концерт беріліп жатқан. Роза Бағланова апамыз Шәкеңнің «Ана туралы жырын» әсем де ерке назды үнімен майын тамызса орындап шықты.

- Паһ, Розаның дауысындай дауысы бар әнші енді қайтып тумамайтын да шығар, ә, Шәке, осы әнді қанша тыңдасам да жалыққан емеспін, апамыздың даусында бір сыйқыр бар, сыңғыры сыңғырға ұласып, наздана еркелей мың құбыла шыққанда қалқа жүрегің қозғалып аузыңа тығылғандай, денеңді әлде бір сыйқырлы дұға, тылсым күш қаусыра, қусыра қысқандай ала бөтен күйге түсемін. Сізге қалай әсер етеді, аға, әлде мен бұйырмаған тәтті тағам буына елтіген кезбенің дәмесін айтып отырмын ба? Әннің иесі ретінде қандай әсерде боласыз, нақтылап айтқанда дәл қазір қандай көңіл күйдесіз? – деп елбіредім.

Шәкең де алабұрта толқып, толғанып келе жатса керек. Маған біртүрлі ойлы, орнықты жанармен елжірей қарағандай болды да:

- Ой, Роза деген құдайский әнші ғой, тек сахна үшін жаралған қазақтың маңдайына біткен бақ жұлдызы, шолпаны десе болар. Менің ендігі арманым Роза апамның орындауымен жанкүйер қазағыма шүйіншілей жеткізер «Әке туралы жыр» дейтін ән шығару болып қалды. Ол «Ана туралы жырдан» бір кем болмауға тиіс Сонда ғана менің перзенттік парызым толық өтелген болады. Ой, сен менің әкемді көрмедің ғой. Ол кісі қазақтың оқымаған даналарының бірі еді ғой. Шебер ұсталығы өз алдына, адамгершілігі, уәдеге беріктігі, қанағатшылдығы, бауырмалдығы, діндарлығы қандай мықты болған десеңші! Ол жағынан біз көріп жүрген советский зиялылыр мен қызыл билетті кеудесін ұрғыштап өкірештеген каменістеріңе мүлде ұқсамайтын, нағыз періштедей иманы кәміл адам еді. Сондай асыл әкеге, сол сияқты қазақтың оқымаған данышпан әкелеріне арнап бір тамаша ән шығарсам деп жүргелі көп болды. Қара жаным аман болса сөзсіз шығарамын, - деді сөзін нықтай.

Мен ол кісіге, өзіме де түсініксіздеу бір шарасыздық па, жан ашырлық па немесе, әлде не алаң көңілмен мінгірленкіреп:

- Шәке, оныңыз да жөн ғой, әсілі солай болуы керек-ақ еді, әттең сонау 60-70 жылдардағы шабытыңыз шарықтап тұрған шақта, «Ана туралы жырма» ілесе, «Әке туралы жыр» дүниеге

келуі керек еді ғой. Шығармашылық өмірден азды-көпті хабардар, оның ашы толғақты азабын аздап болса да тартып көрген мына пақырыңыз, ендігі жерде, шәу тарта бастаған мына шағыңызда Аналар рухын шат еткен ғаламат әніңіз деңгейлес әке туралы керемет ән шығара алмай қалмас па екен деп алаңдайды.

Шәкең менің сөзімнің ақырын күтпестен ашулы үнмен:

- Немене, сонда, сен шынымен солай ойлайсың ба, мені таусылып, сарқылып қалған шолақ өзенге ұқсатқың келді ме? Көресің әлі, көрсетем әлі сендерге таусылғанды. Мен қайтсем де әке туралы бір тамаша ән шығарамын. Сонда сөйлесем, сен қытаймен, кара мұны өзінше сәуегейсіп, қамқорсынып айтып тұрған сөзінің түрін кара,- деп түкірігіне шашала тоқтап қалды.

- Шәке, дедім мен, сол үзілісті пайдалана актала сөйлеп, Шәке сіз бір нәрсені есіңізден шығармауға тиіссіз; сіз әлде қашан қазақтың өнер тарихына алтын әріппен жазылып қойылған айтулы адамсыз, тіпті, бұдан 10-20 жыл бұрын өліп қалған болсаңыз да дәл сондай аброй атақпен ел жадында, өнер тарихында жарқырап тұра берер едіңіз. Менің айтайын дегенім, өзіңіз де менен артық білетін өнер тарихында, әсіресе ұлы сазгерлер тағдырында жазылмаған заңдай бір талассыз ақиқат бар сияқты, ол дегеніңіз ұлы сазгерлердің шығармашылық ғұмырындағы буырқанған күш қайраты шалқып тасыған шабыт жалыны алаулап нұр шашып тұрған айқай жиырма бес пен орда бұзар отызы, қырка асып шыңға шығар қайран қайратты қырықтарында ғарыштан төгілер ғажайып мүһжизалар тәрізді болса керек-ті. Ал, сіз болсаңыз, соның бәрін артқа тастап өзіңіз арманды өкінішпен шерлене айтатын «Кекілді-айдағы»:

*Көшіп жатыр ауылым, қонып жатыр-ау;*

*Қай айтқаны пенденің болып жатыр.*

*Қырқасына қырықтың келгенімде,*

*Арман деген кеудеде толып жатыр,* - деп аһ ұрғандай, бір өліара шақта тұрған адамсыз. Ендігі жерде «Ана туралы жырдай» ән шығарамын деп, немесе сондай ән шығара алмадым-ау деп өзіңізді зорлап кіналағандай болмай-ақ қойыңыз. Сіз қалай болғанда да қазақ деген халық барда, оның өлмес өнері барда, сонымен бірге мәңгі жасайтын ұлы композиторы болып үлгергеніңіз ақиқат. Сіз енді сол асқар шыңнан төмендеуге тиіс емессіз, мен

соны айтпақшы едім. Ал, кәнеки, өзіңіз армандағандай кереметтер дүниеге келіп жатса неге қуанбасқа, неге мақтаныш етіп көкке көтермеске, - деп едім.

Байқап келем, қайран Шәкем қатты қорланғандай ызаға булығып сөйлей алмай жөткіріне берді. Машинаның артқы орындығында отырған менін жұбайым, Шәкеңнің қарындасы Мәриямгүл иығымнан ақырын тартып ескерту жасағандай болды.

Түнгі мезгіл еді, сағат тілі он екіден аунап кеткен. Біз осыдан бір күн бұрын сол кездегі Ленин ауданына қарасты «Турбат» дейтін қазақ-өзбек аралас тұратын ежелгі елді мекендегі Шәкеңіні болып кеткен Келдебектің үйіне қонаққа барып қайтқан бетіміз болатын. Мені Шәкеңнің «қайтарма шабуылынан» сақтап қалған бір оқыс жағдай, қожанасыр хикаяларына бергісіз күлкілі жағдай туралы айтпай кетуге болмас.

Шәкеңнің 05 жигуліні жүйткіп Шымкент қаласының қақ ортасындағы №18 почта мекемесінің тұсынан өтіп бара жатқанда екі жол сақшысы ысқырық шалып тоқтатты.

Ағамыз өзіне тән ұқыптылықпен керекті құжаттарын алып әлгі жас жігіттерге барды. Неге екені белгісіз, ұзақтау тұрып қалды, қолын сермелеп, дауысы қатты, қатты шыға бастады.

Шәкең әдетте өте қарапайым киініп жүргенді ұнатушы еді. Жазды күндері ролде отырғанда үстіне қысқа жең жейде, аяғына сүйретпе шәркей іліп жүре беретін. Қонаққа, немесе ресми орындарға киіп барар сәнді киімі мұздай қатталып ілгішке ілінген бойда машинасының артқы орындығына ілініп тұратын.

Сол күні Келдебектің үйінен шығарда өзі айтатындай кәдімгі «шоферлік формаға» көшкен еді. Сырт көзге шынымен оғаш, қораш көрінетініне тіпті мән бермейтін де.

Шәкең күйбеңдей тез-тез басып келді де машинаның артқы есігін жұлқа ашып киім ілгіште тұрған костюмына қол созып жатып күйгелектене:

- Үй мына шешенді ұрайын сүмелек-падсандардың қорлығы өтіп кетті-ау, жеке құжаттарымды көрсетіп. Мен Шәмші Қалдаяқов деген ағаларың боламын десем:

- Ой, аға, сіз де қайдағыны айтады екенсіз, Шәмші баяғыда арақтан өліп қалмап па еді? Фамилиялас біреу шығарсыз. Жол ережесін бұзып алып ақталу үшін өстіп қайдағыны айтатын адам-

дар көбейіп кетті, – дей ме-ау, мен көрсетейін бұларға баяғыда өліп қалғанды, мына комсомолдың лауреаттық төс белгісін де біреуден ұрлап алған шығармын...

Апырай, мына надан балалар шынымен Шәкенді танымай келемеждеп тұр ма, ұят болды-ау, – деп мен де машинадан шығып жүгіре басып бардым да:

- Ей жігіттер, бұларың не, ұяттарың қайда, көздеріңе не көрініп тұр? Қазақтың ұлы композиторын танымағандарыңмен қоймай, тірідей өлтіріп тастағандарың қай сасқандарың. Бос сөзді доғарып ағаларыңнан кешірім сұраңдар. Сауатсыз неме болмасаңдар қолдарыңдағы құжатқа жөндеп карамайсыңдар ма? Бұл неткен ұятсыз сорақылық деп қатты жекірдім.

Шәкең қатты қорланғандай, ызадан кекештеніп, булыға:

- Ей, шешенді... ертең генералдарыңа айтып погондарыңды жұлғызамын. көрсетемін сендерге өліп қалған Шәмшіні... деп айғайлады.

Құжаттарға қайта үңіле шұқшиған екі сакшы саусақтары дірілдеп, дауыстары да бұзыла қарлығып жалынышты үнмен:

- Кешіріңізші Шәмші аға, бір білместік болыпты, ұятқа қалыппыз. Жұмыстағы бір қу ауыздардың қысыр әңгімесінен сондай бір қаңқу сөздер естіп едік. Кешіре көріңіз, ағатай деп Шәкенді құшақтай шалғайына оралды.

- Қап, мына иттерге дауа жоқ екен, болды, болды, кеттік Әлеке, тірімізде үйге жетіп алайық, – деп күлді.

Біздің үйге де жақындап қалғанбыз. Мен қалжың-шыны аралас былай деп едім:

- Шәке, әлгі жігіттердің сөзінен не ұқтыңыз, ал менің ұққаным, олар композитор Шәмші Қалдаяқовты біледі, құрметтейді, бірақ өткен шақпен... Мына 60-жылдары дүниеге келген ұрпақ сізді әке-шешелері айтатын әндермен, сіз туралы айтылатын сылтын, қылжақ әңгімелер арқылы білетін болса керек. Әлгілердің сөзін ауыр алмай-ақ қойыңыз. Кейінгі жылдарда бұрынғыдай ай сайын бір тамаша ән шығарып дүрілдетпей қалғаннан кейін... Оның үстіне мынау эстрадалық даңғаза дегендер эфир мен сахнаны билеп-төстеп бара жатқан заманда жастардың талғам-түйсіктері де қарабайырланып, ұлттық, халықтық үрдістен алыстап бара жатқан жоқ па? Данышпан Абай атам тауып айтқандай:

*Әркімді заман сүйрепек,  
Заманды қай жан білемек?  
Заманға жаман күйлемек,*

*Замана оны илемек...* дейтін бір уақытқа тап болдық қой.

Кім не десе де, қалай болғанда да, әлгінде айтқанымдай сіз сонау 50-60 жылдарда-ақ ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов болып исі қазаққа танылып қойған адамсыз. Дұрыс айтпасам, алдын-ала кешірім сұраймын.

Сіздің кейде өзіңізді әке алдындағы перзенттік парызыңызды өтей алмаған жандай кінәлі сезінетініңізді байқап қаламын. Сөйте тұра ондай көңіл күйді мойындағыңыз келмейтін сияқты. Бір жөнінен айтқанда, оныңыз да дұрыс шығар.

Сөйте тұра, апырау Шәкең өзі айтқандай шынымен «Әке туралы жыр» атты тамаша ән шығара алар ма екен, егер орта қол қоңыр төбел бір нәрсе болып шықса, ол кісінің асқақ аброй-атағына нұқсан келтіреді ғой деп қарадай ұайымдаймын.

Құдай-ау, анау бір шет-шегі, тоқтау-толасы жоқтай шалқып, толқын атқан, мың құбыла түрленіп, нөсерлеткен, айтушысын да, тыңдаушысын да шалқыта, балқыта ереуілдетіп жіберетін «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Қайықта», «Бақыт құшағанда», «Ақ ерке – ақ Жайық», «Сыр сұлу», «Сыған серенадасы», «Ана туралы жыр» (ой бой, бұл тізімді соза беруге болады ғой) сияқты «құдайски» әндерден кейін сол деңгейлес ән шығара алмай қалса қайтпек керек. Одан да Шәкең осы заңғар биіктен түспеу үшін ендігі жерде ән шығармай-ақ қойса жақсы болар ма еді, қайтер еді? – деп те ойлаймын.

- Шәке, мені дұрыс түсініңіз, мен сізді шын жүректен құрметтеп, талантыңызға бас иетін, сізге тілеулес жанашыр інілеріңіздің бірі екенін есіңізден шығармағайсыз, әйтсе де, ылайым да мен-ақ қателесейін. Мүмкін «екінші тынысыңыз» ашылып кетіп, небір тамаша әуендерді бұрқырата төгілдіретін шығарсыз. Өмірде не болмайды дейсіз?!

Шәкең бұл жолы шамыркана шамдана қоймады. Менің сөзімді үнсіз тыңдап, анда-санда маған сүзіле шаншыла қарап қойып машинасының жылдамдығын арттыра жүйткітті. Өне-міне дегенше біздің үйге де келіп жеттік.

Шәкең аулаға машинасын кіргізіп өз сөзімен айтқанда «атын



тұсап, өрелеп бекіткеннен кейін» маған онша зілсіз болса да қатқылдау қарлығыңқы дауыспен:

- Сендер не десеңдер, о дей беріңдер, мен все равно «Ана туралы жырдан» еш кем емес «Әке туралы жырды» жазбай қоймаймын. Көресің әлі, мен сен қытаймен сол кезде сөйлесемін... деп еді.

Шәкең кейде маған ренжіп қалғанда «сен қытайлап», кейбір сөзім мен ісіме көңілі толып, риза болғанда да «мына қытай қайтеді-ей» деп жұртты күлдіруші еді.

Мен үшін ең ауыр сөз, ең намысқа тиетін қорлау дәл осы «қытай» деген сөз еді. Қытайды ата жау көретін, сол үшін атысып-шабысып келген қазақ, ұйғыр, дүнген, моңғолдар біріне-бірі ашуланғанда «қытай» деп кемсіте тілдейтін. Ол - ол ма, қытайдың өзі басқа ұлттарға өздерін «қытай» деуге әсте жол бермейтін, «хан зу» (ер, батыр ұлт дегені) деп айтқызатын.

Солай бола тұра мен Шәмші ағаның «қытайын – айналайын» деген мәнде қабылдап күлетін де қоятынмын.

- Жарайды, келістік Шәке, ылайым да солай-ақ болсын! Тек менің ізгі ниетімді дұрыс қабылдасаңыз болды. Менікі шын жанашыр жанның шып-пыр алаң көңілі ғой. Шабытыңыз шалқыр сәттер көп болғай! - дедім.

Қайран Шәмші ағам, шынымен-ақ қалай да «Әке туралы жыр» жазуға бекініп, сол бір шабыт нөсерін селдетер бақытты минуттарды тағатсыздана күткен екен-ау.

Өзі туып өскен Отырар ауданы орталығы Шәуілдірде ашылған «Шәмші Қалдаяқов атындағы саз мектебінің» естелік кітапшасына: «Ана туралы ән шығарған едім. Әль Фараби елінің жігітімін ғой, әке туралы, жерлестерім туралы ән шығарамын, қыздарым, інілерім» - деп қолтаңба қалдырған екен. Жазмышқа шара бар ма? Ауру меңдете бастағанына қарамай, жерлестеріне берген уәдесін жартылай болса да орындап кетіпті. «Шәуілдірдегі ұлы тойдай» асқақ әуенді тамаша әнін аманаттап қалдырып кетті, әйтсе де әттең бір кем дүние-ай десеңші! Шәкең «Әке туралы жыр» жазу арманын данышпан әкелер рухын ардақтап, асқақтатқан перзенттік жүрегінде аялаған бойы бакилық сапарға өзімен бірге алып кетті. Бұл дүние, осынау фәни жалғанда бәріміз де:

*Бір арманға қол жетсе,  
Екінші арман туады.*

*Арман қызыл түлкідей,*

*Қыран боп адам қуады,* - деп өзімізді өзіміз алдарқатып, арсалаңдап жүріп арманмен өтерімізді білсек еді-ау!

Арман! Сен адамзатқа осыныңмен ұлысың, осыныңмен мәңгіліксің! Шәкеңнің орындалмаған арманы сол мәңгіліктің бір аялдамасы ғана болар!

*Алматы. 07.09. 2010 жыл.*

## **ДАРХАН ТАЛАНТ ИЕСІ**

*(Жақсылық Сәмитұлы туралы)*

1993 жылдың мүбәрәк сәуір айы. Алматының сағымдай құбылып, сабындай бұзылатын құбылмалы 4-ші сәуірі, түске дейін бұлыңғырланып тұрып, түс ауа жайдарланып сала берді.

Біз Жағда Бабалық, Қабдеш Жұмаділ, Жәркен Бөдеш, Несіпбек Айт, Қажытай Ілияс, Оқап Қыдырхан, Қапшағай қалалық сотының басшысы Белгібай Сахари қатарлы оншақты адам «Сайран» авто-станциясында жиналып тұрғанымызға бірқанша сағат болған.

Бұл күтістің жөні бөлек күтіс, былайша айтқанда 1963-жылдан бергі 30 жыл бойы мүлде тоқтап-тоқырап қалған қазақ көшінің алғашқы қарлығаштарын қарсы алу күтісі болатын.

Иә, Қытайдан 30 жылдан кейін, екі елдің арасындағы түсіністіктің нышаны ретінде заңды жолмен қытай қазақтарына аты мәлім жазушы Жақсылық Сәмит бастаған төрт қаламгер отбасын алып келе жатқан автобус көлігін тағатсыздана күтіп тұрмыз.

Табан аумай 6 сағат тік тұрып күткен жолаушыларымыз мінген автобус та еңтіге келіп тоқтады.

Өз басым бұрын-соңды түр-түсін көрмеген қаламдас бауырлармен құшақтаса қауышып көзжастарына ерік беріп біраз кемсеңдеп алдық.

Оларды күтіп алған өкімет емес, осы тұрған тілеулес ағайын болғандықтан алдын-ала келісіп алғанымыз бойынша мен Жақсылық Сәмитті сол тұста қаланың іргесіндегі Райымбек ауылына алып кеттім.

Райымбек ауылында 1992-жылы Моңғолдан көшіп келген

белгілі жазушы Жақсылық Сәмиттің немерелес ағасы Сейітхан Әбілқасым тұрушы еді. Ол кісі Түркияда тұратын Дәлелхан Жаңа Алтай дейтін ақсақал сатып алған үлкен үйде әйелі мен кішкентай қызы үшеуі тұратын. Жақанды уақытша сол үйге орналастыруға келіскен болатынбыз.

35 жылдан бері бірін-бірі көрмеген бауырлар жылап-еңіреп көрісті. Содан былай қарай біздің үй мен ағайынды қос жазушының отбасы жиі араласып, екі күннің бірінде дерлік бас қосып өткен-кеткен тағдыр тауқыметтері жайлы, шығармашылық өмірбаяндарымыз жайлы ұзақ-ұзақ әңгіме дүкен құрысып бір жасап қалушы едік.

Біз күн өткен сайын жақындасып, көрмесек тұра алмайтындай жағдайға жеткенімізді мойындай бастадық.

Бізді сонша етене бауырдай туыстастырып жіберген тек тағдырластығымыз ғана емес, эстетикалық талғам-талабымызбен шығармашылық өмір тіршілігіміздің біте қайнасып кеткендігінен болса керек.

Сөйтіп, бара-бара бауыр басып кеткен сүйікті ағаларым Сейітхан ақсақалдан 1997 жылы, Жақсылық ағадан 2008 жылы айрылып қамқөңіл болып қалдым. Бір жұбаныш етер, көңілге медеу тұтарым – ол ағаларым жайлы, олардың тамаша шығармашылық әлемін ашуға талпынған, дер кезінде жазып қалдырған күнделіктерімдегі жүрек жарды сөздерім болып қалған екен...

Енді күнделік беттеріне түскен кейбір жүрек лүпілін, әдебиет дейтін киелі өнерге, көркем прозаның тылсыматтарын ашуға тырысқан талдауларымды оқырмандар назарына ұсына отырып марқұмдар рухына тағзым еткім келді.

19.04.1993 жыл, дүйсенбі.

Күн бұлыңғыр, шымылтыр, суық қабақпен түнеріп тұр...

Мына қызықты қараңыз. Мен күтпеген жерден. Ойым түгіл түсіме енбеген талайдан бері тұрлаусыз, мағынасыз рухани ашаршылыққа ұрынып жүрген бір әре-тәре күндерімде мамырайқан шабыт шуағына шомылып, жан жүрегім өрекліген, толқынған, іштей түлеген бір ғажап күйге түскенімді байқап жүрмін. Менің мына жасымда мынадай тұйықталған, тоқтап тоқыраған, рухани һәм тұрмыстық (жұмыссыз жүрген кезім) жағдайымда тәнірден мың мәрте жалбарына тілеген еміне сұранған азапты бақытым

бәр-бәрін ұмыттырар алданышым, жүрек қалауым не болды екен? Бәлкім, осындай бір жан, рух шарпысуы, зіл-зала шабыт сілкінісі емес пе екен? Өтген, сондай бір асыл арманды, таудай талапты, дүлей екпінді минуттарым мен сағаттаға, күндерім түндерге апталарым айларға ұласар ма екен!? Көз бұлдырлап, тіл былдырлап кекестенсе де Алла тағала адал еңбектен, көз майы жүрек қанымен жазылар дүниелерімнен айырмаса, тыным-тыныштық, тоқтау-толас бермесе екен деп тілеп жүрмін.

Ебешке – себеп. Сөзден сөз туады, сөйлемесе қайдан туады. Кезі бір келген күндерде келіннен бұрын қыз туады деп қырғыз бауырлар тақпақтайды екен. Шынында, себепсіз не бар бұл жалғанда. Жатқан қоянды қашқан қоян үркітетіні сияқты 1991 жылы менің тоқыраған қаламыма Оралхан Бөкей бауырым түргкі салғандай болып еді. «Ұйқым келмейді» сыйлаған берекелі минуттардан басталған ұбақ-шұбақ шабытты күндер мен түндердің тізі осы дәптер бетінде сайрап тұр.

Енді мінеки, Жақсылық бауырым сыйлаған «Ақ сәуленің» арайлы нұры менің тұманды, меңіреу шатқалдай мүлтіген жүрек түкпірімді жарқыратып, жыл келгендей жылылық, ізгілік шуағына шомылдырып жіберіпті. Сарайым ашылды, бас сүйегімнің ішіне ми қағпарларына ұйлыға шөгіп еңсені басып тұратын бір беймаз, бейдауа әрі-сәріліктен арылғандаймын.

Бұл дүниеде мықты жазушылар көп қой, бірақ бар ұлылық, барлық уақытта, барлық адамға оның ішінде мен сияқты өзіне өзі ұнай бермейтін қырсық қаламгерге шапағатын тигізе бермейді-ау. Күндердің бір күнінде бір жағдайлардың бір ғана шығарманың нәзік те тылсым еліктіргіш қуаты сенің жүрек қылыңды дәп басып, Архимедтің сиқырлы сүймені қолына түскендей талайдан бері қанша күшенсең де орнынан жылжыта алмаған қырсықтың зіл батпан қара тасын жолыңнан сылқ еткізіп аударып тастай салуы әбден мүмкін.

\*\*\*

Әлкисса, мен Жақсылық шығармаларымен сонау 80-жылдардың бас кезінен радио арқылы таныспын «Гүлсара» атты повесін Шинжиян халық радио станциясынан тындағам. Радио повесті апталап жалғасты түрде берген болатын.

Апырау бұл кім болды екен, мен білетін шығыс-түркістандық

қаламгерлерден мүлдем басқа сарынды, терең ағысты, иірім-ініні мол бір жаңа дүниеге кезіккенімді біліп күнделік дәптеріме (Жақсылық Сәмит – бұл кім?) деп жазып қойған едім. Талай жерде оның атын айтып сұрастырып та жүрдім. Кейінірек (1991 жыл болар) «Әке бейіті» деген әңгімесін «Қазақ әдебиеті» газетінен оқып «тамаша» деп сүйсінгем. Шынында бұл әңгіме асырып айтсам нағыз классикалық деңгейге көтерілген үлкен жазушының айта қаларлық кемел туындысы еді. Қысқалық, дәлдәік, образдылық, психологиялық тереңдік, жан дүние толғанысының шиыршық ата ширатылып, буырқанып барып өз уғында, өз орынмен сыртқа ашылатындығы сөйтіп, диолог шарпысының ғаламат жаркылы, нұр сәулесі оқырман көз алдымда ойнап тұрғандай болатын. Қасқағым сәттегі үш адам – Жүкең, Бөкен, Ерубай (Жүкеңнің кемпірі де үлкен тұлға) арасындағы жауаптасулар мен сәттік шегініс арқылы тұтас бір ғасырдағы, тұтас бір халықтың жан түршігерлік, құлақ естіп, көз көрмеген зұлмат тағдырын ашып бере алуымен жазушыны құттықтауымыз керек.

Ұлылықты, классиканы сырттан, алыстан, басқа халықтан іздеп абырой-атақты өзімізге қимайтын ит мінезімізді, өгей, тасбауырлығымызды бір сәтке тыйып емірене білсек қазақ деген дана халықтың жаңа атқан бостандық таңының шырқау көгіне Жақсылық Сәмит атты бір жарық жұлдыздың көтерілгенін көріп шаттана қуанған болар едік. Иншалла, қуанып, құтты болсын айттып та отырмыз, мінеки!

«Ей, құдай тағала-ай, кабырдың топырағына да таластырдың-ау!» – деп ышқына айғайлап, өкіріп қоя берген Ерубайға қаны, намысы бар қазақ баласы үн қосып, «ой бауырымдай» аттандап, ХХ ғасырда атсыз, атақсыз тіпті моласыз жоқ болып жойылып кеткен үш-төрт миллиондық қандас бауырларымыздың құнын даулап, жоғын жоқтап қытай мен орыс отаршылдарының қанды мойын жағасына жармасқың келеді екен. Кек қылышын қайрап, жаның жай таппай ереулдей өреки бастғаныңды сезесің.

Әлқисса, өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңынан бастап диктатор Маузелдүн жүргізген жаппай құдалау мен солақай асыра сілтеудің, жойымпаз коммунистік ұрандардың құрбаны болған миллиондардың бірі Бөкен мен Ерубайдың әкелері аштан өліп, бір тұмсықтың аржағында тоған қазып жатқан балаларына

хабар бергізбегендіктен өлмелі Жүкең қария қатты науқастанып қалжырағанына қарамай сірескен тонды сабан өртеп жібітіп жүріп екі сүйекті бір қабырға жерлегендігі жайлы мұңлы сыр шертеді.

Әке алдындағы перзенттік борыштарын өтемекші болып бейіт басын қарайтуға талпынған екі бейбақ мола басында осылай тоқайласады. Сырттай қарағанда қазақы өзімшіл ауылдық мінез-құлық уақыт дүрбелені тудырған саяси сұмдықтың құрбандарын жоқтаудың өзіне кедергі келтіріп еңжарлық етеді. Қабырдың топырағына таласып, жағаласып болып бар шындыққа көзі жеткенде де кесепат кесірдің, бәле-қазаның қайнар көзін іздеуге екеуі де құлықсыз болып шығады. «Ей, құдай тағала-ай» ашу-ызасын, өкпе-наласын еш күнәсіз құдайға арнайды. Зұлымдық жүргізіп отырған қызыл өкімет, оның жойымпаз саясаты, азған заман, заманға күйлеген бейшара жандайшаптар мен оның қақ басында тұрған диктатор туралы ойлап та ойланып та қоймайтын сияқты. Бірақ та жазушы назалы қаралы кейіпкердің шарасыз бай-байын ышқынта айғайлату арқылы ойлы оқырманға қанды мойын құныкердің кім екенін ишаралап, нұсқап та тұрғанын ұғады-ау, сірә.

Жазушылық шеберлік, жымнан, түнектен жол тауып шыққан көркем тәсіл, аз сөзбен көп мағына ұқтыра білу шебердігі деген осындай-ақ болар.

Жақсылық қуантқан тамаша дүниелердің қатары бәраз. «Ақ сәуле», «Арманның ақ құсы», «Қаданның қатын баласы» әсіресе, біз сөз еткен «Иендегі екі бейіт» әңгіме, повестері белгілі дәуірлік шындықты аса алуымен «Жаңа бекеттесі» де өзіндік өзгеше өрнегі бар сәтті туындылар екенін де дау жоқ.

Егер үздік шығарманы ұлттық, халықтық мінез-құлықты, сын-сипатты, ғұмыр-тіршілікті бұлжытпай ашып бере алуымен бағалайтын болсақ автордың «Арманның ақ құсы» повесі қазақ әдебиетінен өзіндік орнын ойып алар тұғырлы шығарма. Әуезов, Мүсіреповтер сомдаған халықтық образдар қатарын толықтырар Құрмаш сияқты кесек тұлға жасалғанын танып білуіміз керек. Құрмаш – Бақтұғыл текті кекшіл де ержүрек әрі адал жанды қайсар қазақ. Тез өзгеріп, күрт құбылған қитұрқы заманның мән-жәйін түсіне алмай, оған үйлесе алмай морт кеткен қайран қазақтың көп шермендесінің бірі.

Жазушы алдыңғы планға Нұрғазы сияқты қара ниет, жылпостарды шығарып, соны кінәлі айыпкер ретінде көрсеткісі келгендей болады. Нұрғазы болмаса Құрмаш трагедиясы болмас еді деген жаңсақ ұғым тудырады. Ал, Нұрғазыға жел беріп, дем беріп желеп-жебеп отырған қандай күш, қандай адам. Нұрғазы сөзін өткізер, соған жағдай жасар қытай өкіметі болмаса ол не істей алар еді. Құрмаш та оған дес беріп ыға қояр ма еді? Бұзылған заман, қатігез заң өктемесе қазақтың мына кең даласында Құрмаш қыранының қызығын көріп сайран салып жүрмес пе еді?

Ал, анау «Иендегі еі бейіт» тұтастай қазақ халқының ұзақ тарихындағы сансыз қайғы-қасіретінің оқшау бір белгісіндей, қаралы ескерткішіндей, бөлінгенді бөрі жейтін, алтыбақан алауыздықтың бізге қандай сойқанды-жобаландар әкелгенін тағы да бір рет ескертетін тағылымдық дүние екен.

Жазушы Жақсылық шығармаларынан әсіресе «Иендегі екі бейіт» біз тағлым алар бір сұмдық тарихи шындық бар: Бұл жақта орыс отаршылдары, ол жақта қытай отаршылдары мұсылмандарды мұсылмандарға айдап салып тыңшылыққа, баскесерлікке жұмсау арқылы атадан балаға кешпес кек, айықпас араздық зһарын себетіндігі. Тарихқа қарап отырсақ, қытайлар Шығыс-Түркістанды отарлау жолында дұнғандар мен манжұрларды кейін келе монғолдар мен ұйғырларды қазақ пен ұйғырларға шүйлеп салатындығы аянышты-ақ. Дінді, діндестікті, туыстықты перде етіп сенгіш, аңқау мұсылмандарды алдап соғу тұтас тарихи сипат алған десек асыра айтқандық болмас. Қолына құран ұстап, мойнына белбеуін асып ант ішкен Ви дарын сияқты қара ниеттердің өлермендігіне, ардан, ұяттан, иманнан безген кәззаптығына сенбеуге Қылаң сияқты ер көңіл, аңғал, бірбеткей, діндар қазақтың шарасы жоқ еді. Мұндай мысалдарды әдеби шығармалардан ғана емес күнделікті өмірден де көптеп кездестіретініміз шындық қой. Жазушы Қылаң трагедиясы арқылы баршамызды тағы бір рет ескертіп, дос пен дұшпанды айыра білмеудің қаншалық қасіретті екенін тағылым етіп көрсетеді.

05.05.1993

Көңіл күйім жаман емес «Кішкене әңгіме көтерген үлкен жүк» атты сын зерттеу жазып бітірдім. Шабытпен, сүйіспеншелекпен

жазылды. Таңғы төрттер шамасында соңғы нүктесін қойдым. Шүкір, шүкір аз да болса жұмыс - жаным сүйген жұмыс тындырдым.

Мынау Жақан мені мүлде баурап алды. «Айым менің», «Саған бақыт тілеймін» әңгіме-повестері табысты шыққан дүниелер екен. Әсіресе соңғы повест өзім аса құрметтеп тәнті болатын психологиялық тебіреніске құрылған нағыз классикалық прозаға тән сипаттар мол, байсалды шығарма. Шығыс-Түркістан түгілі Қазақстан прозашыларының қолы жетіп үлгірмеген, кемелденіп, толысып бола алмаған асқақ арманға Жақсылық бауырым едәуір жақындапты. Әсіресе, өнер адамдарының нәзік те қорғансыз жан жүрегі, сүйеге де күйеге де толық дәрменсіз, баянсыз табиғаты, адалдықтан, аңғалдықтан ойыны осылып, омыртқасы үзіліп жататын аянышты қалдері нанымды суреттеліпті.

\*\*\*

07.06.1993

Жақсылықтың «Ата мекен» повесін оқыдым 1982 жылы жазылыпты, жақсы-ақ дүние. Әттен, тұзы бір жерге көп, бір жерге аз түскен палаудай іркіс-тіркіс ала-құлалық та бар екен. Өзі қанша жақсы көрем дегенмен «Иендегі екі бейітке» жетпейді-ау.

\*\*\*

14.06.1993

Дүйсенбі, күн ашық.

Кешелі бері тағы да Жақанды айналдырдым. Өзінің өтініші бойынша «Ата мекенін», «Гүлсарасымен» салыстырып көру үшін, әрі өзім көптен сары майдай сақтап, соңына сырғытып жүрген повесті оқуға кіріскем. Өзім бірыңғай шығарма жазып кетерге бір шарт әлде бір соңғы көмбе іспетті бір жоралғыға жорығанмын. Онша қателеспеген екенмін. Жалпы алғанда «Гүлсарамен» ертеректен таныс екенімді, радиодан естігенімді жазғанмын да сол кездегі тәтті әсер, жоғары бағам алдамағанына қуандым.

«Гүлсара» лирикалық, қасіретті махаббат жыры өзімнің «Сырымды айтам» повестіммен табиғаттас, тағдырлас. Көлемі 200 беттей. Дегенмен, егер бүгінгі кемел талаппен қайта қарап үстінен



шырли, қырпи қарап шықса көлемі одан көрі ықшам, шымыр дүние болып шығар ма еді деп ойлады.

«Гүлсара» қытайлық социализмде ойран болған қазақ отбасыларының тағдыры, аяқ асты болған қыршын жігіттер мен ару қыздарымыздың намысын жоқтауы, қор болып құсалықтан дертке шалдығып, ажал құшқан мыңдардың аянышты тағдыры жөнінде жазылған азалы жоқтау іспетті шығарма. Басына шеге қағып, қарғаша салсаң да селт етпейтін дүлей Құмаштарға қараған ел тағдыры, арулар тағдыры, ата-ене, әке,-шеше тағдыры қандай болмақшы еді. Құмаштың кім екенін, олардың қытай қоғамында қандай рол атқарғанын білу үшін повесті оқу аздық етеді, повест оқырманды бей-жәй қалдырады, сендіре алмайды дегендіктен емес, сол бір қарғыс атқан есалаң, құбыжық «Құрымбайлар» билік құрған 60-70 жылдардағы қытайлық социализмді, тұрпайы «Мәдени революцияны», жиып айтқанда анайы-қытайлық өмірді мынау бейтаныс қазақстандық жұртшылық түсіне алмай қалар ма екен деген күдік бар. Сондықтан онда сөз болған әрбір оқиғалар мен саяси ұрандар, атаулар тіпті жеке сөздерге түсінік беруге де тура келетін сияқты. Яғни, 1958 жылдан басталған қытайлық социализмнің дүрбелеңге, қан-қасапқа толы 20 жылындағы қанды соқпаққа арнаулы анықтама беру керек-ақ.

Гүлсараның бақытсыз, сормандай әке-шешесін зарлатқан, өзін құсалықпен өлтірген Құмаштар Маозедұң идеясымен қаруланған миллиондаған бас бұзар, жойымпаз тобырлардың типтік өкілдері еді. Құмашта әке де, шеше де, дос-жар да, халық, ұлт дегендер мүлде жоқ, сондықтан онда қасиетті махаббат туралы түсініктің елесі де жоқ. Онда тек алдына көлденең келгенді қағып, қиратып, зар қақсатып, сыпыра жоюға деген қызыл көз қатігездік қана бар. Повесть аты шулы «Мәдениет төңкерісінің» алдындағы «социалистік тәлім-тәрбие» дейтін мәймөңке науқан кезінен басталып, жаппай қырып-жоюмен аяқталған «Мәдениет төңкерісінің» лаңы мен аяқталады.

Гүлсара сол қияң кескі террор заманының Маолық қанды төңкерістің – қытайлық социализмнің құрбаны, оның туылуы, өсіп ержетуі ата-ана мақтанышы болып бой жетуі қандай табиғи болса, осындай қара түнек қоғамда дертті болып құсалықпен өлуі де сондай табиғи. Жазушының шеберлігі де сондай болмай қоймас

аянышты тағдырды ашып беруінде. Махаббатқа, достыққа, бауырмалдыққа адал ақсақ жігітіміз негізгі планда алынғанымен Гүлсара тағдырының жәй бір себепшісі, куәсі ғана. Гүлсараның әкесі ер көңілді, әділ сондықтан да бірбеткей, қикар қара қазақтың бірі, көп соғылып тәлкеке түскен, ақыры бала-шығы, өрен-жараны түгілі өз басын арашалап, қорғап қалуға шарасыз қалған бейбақ қазақтың бірі.

Қазақ оқырмандары ескеруге, білуге тиісті бір сойқанды шындық бар, ол қытайлық социализм дегеннің қаралы шындығы.

Қытайлық коммунистердің күрес-тәсілі тек қытайша болды. Қытайда чи сы-құсаландырып өлтіру деген сөз бар, қытайлар өз жауларын топты халық алдында итше атып тастап та күш көрсетеді. «Маймылдың алдында тауықты жазалау тағылымы» деп атайды оны. Ал, көпшілік жағдайда тап жауы дегендерге «саяси қалпақ» кигізу арқылы жылдар бойы бала-шаға, ел-жұрттың көзінше маскаралап, ұрып-соғып, тілдеп ит рәсуасын шығарады. Күні бойы ауыр жұмыстарға салып, кеште көпшіліктің алдына шығарып ойына келген тән жазасын береді. Қылмысын мойындатуға зорлайды, бұл жылдарға созылады, өлмей құтылмайды. Сондықтан шорт мінезді, намысқой адамдар бұл қорлыққа шыдағанша өзін-өзі мерт етуді шығар жол деп тандайды. Гүлсараның әкесі де әне сондай жол іздеушінің бірі еді. Нәзік жанды Гүлсара әрине, ондайға бара алмайды. Оның өлімі құсалық өлім, азапты өлім.

Повест психологиялық тереңдіктің, адам жанының шырқырай шыңғырған жан даусының, өксікті қайғы-қасіретінің тұңғық иірімдеріне құрылған. Қазақ әдебиетінің өзіндік табысы.



## «ЦЫҒАН СЕРЕНАДАСЫНЫҢ» МЕН БІЛЕТІН ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ

*«Дара тұлғалар туралы сөз қозғап, ой толғарда ең бірінші, «осы кісіні жазуға моралдық хақымбар ма?» деген сұрақты қою керек. Бұл образға барар жолдағы естен шырмайтын шарттың бірі ғана...*

*Бауыржан Момышұлы.*

Мен қолыма қалам аларда батыр Баукеңнің осы бір қатал өкімдей кесетпе сөзіне жүгіндім. Шүкіршілік. Иә, Шәкең туралы жазуға моралдвқ хақым бар екен, өйткені ол кісінің алдында арым таза еді.

\*\*\*

Шәкең өмірінің соңғы 7-8 жылында мен жиі араласып, ұзақ-ұзақ сыр шертісіп, жүрек түкпіріне терең бойлауға саналы түрде ұмтылыс жасағаным бұл күндері шүкіршілік етемін. Өйткені қазақтың ұлы перзентімен бірге өткізген асыл уақыттың қадірін біліп, танып-білгім келген сұрақтардың жауабын өз аузынан естігім келді. Ол кісі туралы жеңіл-желпі қаңқу сөздер мен қылжақбас Шәмші жөніндегі әзіл-оспақтардың шындыққа жанаса бермейтін жамау-жасқаулары көп екенін бұрын да шамалаушы едім.

1983 жылдың жаз айларының бір күнінде біздің Шубаровка деп аталатын ауылдағы (сол кездегі Бөген, бүгінгі Ордабасы ауданы) үйімізден аттанып Шымкент қаласына келе жатып ролде отырған Шәкеңмен әңгіме арасында көңілімде көптен жүрген бір базыналы өтінішімді айтып едім.

- Шәке, мені көптен бері бір ой мазалап жүр. Сізбен танысып, араласа бастағалы да бірнеше жыл өтіп кетіпті. Қашан болсын, қайда барсақ та жүрісіміз бір өңкей сірескен дастарқан басындағы дыр-думан, ішіп-жеу, қошамет-қолпаш, мадақ-мақтау, бас мүжіп, бата берумен аяқталып келеді екен. Келесі күнге шаршап-шалдығып әрең жеткендіктен салиқалы әңгімеге мүлде зауыксыз, марғау, есінеп-құсынып кезекті қонақтарда отырамыз. Кездесулеріміз осылай жалғаса берсе, келешекте сіз туралы бір нәрсе жазуға тура келсе, есте қалар не барын ойласам жаным түршіккендей шошы-

намын. Қай үйден қанша бас жегенімізді, қанша шапан-шақыт кигенімізді, кімнің қанша арақ ішкенін, қандай қошамет сөздер айтқанын тізбелегеннен не шығады?

Шындығын айтар болсам, табиғаттың заңы бойынша бұ дүниеден алдымен сіз кетуге, артыңызда біздер қалуға тиіспіз ғой. Қазақтың ұлы композиторы Шәмші Қалдаяқпен аға-іні, дос-жаран болып едік деп құр мақтанғаннан басқа, танымдық, үлгі-өнеге боларлық, әсіресе сіздің шығармашылық ғұмырыңыздың қырсырына үңіліп, әндеріңіздің дүниеге қалай келгенін ашып-көрсете алар тағылымдық естеліктер қалдыра алар емеспіз. Сондықтан дей бергенімде Шәкең машинасының жүрісін баяулатып, маған еңсеріле бұрылып:

- Ей, сен не деп кеттің, а? Мені өлтіре алмай, менен құтыла алмай жүрген байғұстар аз болғандай, сен де қайдағыны көйтіп отырсың ғой. Мен өйтіп аяқ астынан ит өліммен өле қалар шақтан өтіп кеткенмін, құдай қаласа баяғыда цыган қатынның палында көрсетілгендей 82 жасқа аттай шауып барамын, - деді екпіндей сөйлеп.

- Е, Шәкем-ай біз пенделер айта береміз ғой, кім біледі, осыны айтып отырған мына мен дәм-тұзым таусылса сізден бұрын кетіп қалатын шығармын. Лауқұл-мақпұздың кінагасына не жазылса сол болады ғой.

Ұлы Абай атамыз сол бір мәңгілік ақиқатты қайталай нықтап:

*Дүние – үлкен көл,  
Заман соққан жел,  
Алдыңғы толқын ағалар,  
Артқы толқын інілер.  
Кезекпенен өлінер,*

*Баяғыдай көрінер,* - деп жазып кеткен жоқ па?- дедім.

Шәкең өте сергек ойлы, ақылды адам еді ғой. Оның үстіне мен анау-мынау емес ұлы Абай атамызға жүгініп, алдын орап кеткендей болдым емес пе?

Шәкең біраз үнсіз қалды. Сәлден кейін өзінің қарлығыңқы, тұтқыр даусымен «Дүние бір қисық жол бұраңдаған, бақ тайса ерге дәулет құралмаған, күніне мың бір пәле кездесе де, жігіттер күдер үзбе бір Алыадан»- деп терең күрсініс аралас ысқырықпен тоқтады. Іле-шала ол қара шалға айтар уәжді қайдан табамыз, солайын-солай екен-ау,- деді.

Мен осы үзілісті пайдаланып, талайдан бері сұрап, білсем-ау деп жүрген бір түйткілді әңгімеге ойысым келді.

- Шәке, таяудан бері сіздің «Сыған серенадасы» дейтін әнінің жиі айтыла бастады. Әннің табиғаты өзгешелеу, орындалуы да соған лайық үйлесім тауып алған сияқты. Ал, осы «Серенада» дегенді қалай түсінуге болады, оның сығандарға не қатысы бар, сізді біраз уақыт сығандар табуында болып қайтқан екен дейтін сөз де бар, шыны қандай?- деп сұрап едім. Шәкең алдымен қарқылдап күліп алды да:

- Е, сен әлгі картожник цыган қатынның әңгімесінен кейін қадала қалған екенсің ғой. Цыган қатынның менің өмірім туралы пал ашқаны, 82 жас бергені рас. Кезінде Пушкиннің тағдырына қатысты цыган қатын ашқан пал да айнымай келгенін білемін. Пушкин сол бір қаралы мерзім жақындаған сайын алабөтен күйге түсіп, алда болар қанды жекпе-жекті тездетуге әлде қалай бір желікпе құлшыныстың жетегінде жүргенін ұлы ақын өмірін зерттеушілер ашық жаза бастады. Мына Шымкент көшелерінде сенделіп жүрген «қалдун қатындар» мен шын палшыларды шатастыруға болмайды. Мен өзім туралы ашқан палға сенемін. Сондықтан аркамды кеңге салып, алаңсыз жүрмін, әйтсе де олардың айтқаны құдайдың сөзі емес екенін де түсінем ғой.

Ал, осы жаңағы сен айтқан сұрақты басқалардан мен де естіп қалып жүрмін. Мен, өзі бір қызықтау адам болсам керек. Бір іске, немесе бір сөзге елең етіп, көңіл аударсам соның қыр соңынан қалмай індете қуалап, әуреге түсетін әдетім бар. Сен білесің бе? Мен, маған, менің шығармашылық өміріме де, былайғы тірлігіме де ешбір қатысы да, қажеттілігі де болмаса да, мына жан-жануарлар жөнінде, әсіресе, балықтар, теңіз жануарлары мен жыландар жөнінде білгім келіп қанша энциклопедиялар мен кітаптарды іздеп жүріп оқыдым. Иттер мен тазылардың түрлері мен мінез-құлқы, адамға қарым-қатынасы жөнінде қаншама іздендім десеңші. Лев Толстойдың иттер жөнінде жазған қаншама ақылды тағылымдық сөздері бар. Сол сияқты бір кездері, әрине жастау кезімде цығандар өміріне, олардың ешкімге ұқсамайтын тіршіліктері мен ән-би өнеріне ерекше қызығушылық, әуестік пайда болып, олар жөнінде жазылған кітаптарды қалай да тауып оқуға құмарттым. Әсіресе, олардың нәзік те одағай мінезді сұлу қыздарының сан құбылған

билері мен сыйқырлы көз жанарларының отты лебі менің жан-жүрегімді шарпып, бөлекше бір сезім күйге бөлеуші еді. Шынымды айтсам, құлазып жүрген бір шақтарымды сол сыйқырлы әлемге елтіп, солардың арасына қойып кеткім де келуші еді. Алматыда соларды жағалап, сауықкештерін сырттай тамашалап жүрген кездерім де болған. Былайғы жұрт соны сан-саққа жүгіртіп гүілдететін болса керек. Бірақ, цыган деген күні бүгінге дейін бөгде халықтар үшін бөлекше бір тылсым әлем екенін, оның арбаның үстіндегі сол бір баянсыз, тұрлау тұрақсыз жабайы тіршілігін әлем-жәлем, сән-салтанатты хан сарайына айырбастағысы келмейтінін, ғасырлар бойы бұлжымас заңға айналған табурлық әдет-ғұрыптарын, сөзсіз орындалуға тиісті тәртіп-ережелерін бұзуға ешкімге, ешқашан жол бермейтінін оны бұзғысы келетін тентектер мен телілер тағдыры тек қанжардың жүзімен шешілетінін әбден оқып, зерделей білген екі қазақ болса соның бірімін, ал, бірі болса тағы менмін. Сондықтан цыгандар арасына кіре қалайын деп ажалына асығатын ақымақтар қатарына өзімді жатқыза алмаймын. Ал, қаңғыған бір қазақ тентегін араларына кіргізіп, өздері бір-бірінен қызғанып пышақтасып жататын сұлу бикештеріне жолатпасы тағы белгілі.

Цыгандарды түсіну үшін тек цыган болып туылу керек. Ал, цыганның музыка өнерін, би өнерін, түсініп, оған еліктеп шығарма жазу дегенің өзінше бір дүние ғой. Оның қандай қиын шығармашылық толғақтан туатынын мен ғана білемін. Шынында, таяудан бері бір жас жігіт гитарамен сол әнді тәп-тәуір орындар жүр. Әннің ішкі мазмұнына, табиғатына бойлай кіруге деген ынтасы ұнады. Әнші әдемі әннің бағын ашатыны сияқты, жақсы ән де жақсы орындаушысын елге танымал етеді ғой.

- Шәке, сонда Серенада деген нені білдіреді? Ол неге қазақ немесе орыс серенадасы болмай «Сыған серенадасы» деп аталды? Уәжін айтыңызшы? – деп жабыса кеттім.

Шәкен өзіне ғана жарасатын бір мысқылды, бірақ зілсіз майда күлкісіне жалғастыра былай деп еді.

- Осы біздің қазақтар қызық-ей. Өздеріне түсініксіздеу бір нәрсеге кез болса осқырынып шыға келеді, сосын оның бір жерінен орыстікіне ұқсастық іздеп тыпырлайды. Бір нәрселер тапса, е, бәсе, сол баяғы орыстардың әсерінен туындамағанда қайтушы еді деп, немесе мүлде жатырқап ойқастап шыға келеді.

Мен бұл әнді «қазақ серенадасы» немесе «орыс серенадасы» деп атасам не дер едіңдер? Алдымен, сендер «Серенада» дегеннің не екенін түсініп алуларың керек емес пе, сосын барып, я содан кейін ғана дәркүмәндарың болса айтуларыңа болады, әйтпесе... Иә, «Серенада» әу баста француздардың «Серенаде» - кешкі ән, былайша айтқанда әйелдерге арналған махаббат әні дегенді білдірген. Ол көбінше мандолин мен гитараның сүйемелдеуімен орындалады. 18-19 ғасырларда ол Еуропада, одан Ресейде әртүрлі аспаптың ансамблдер мен оркестрде де орындалатын болған. Әйтсе де «Серенада» цыгандардың ең сүйікті аспабына айналған гитараның сүйемелдеуінде ХХ ғасырда солардың ұлттық музыкалық жанрына айналып кеткендей әсер қалдырды. Ендігі жерде «Серенаданы» гитарасыз елестету мүмкін емес сияқты.

Менің Серенадам да дәл сондай. Оны мандолинмен сүйемелдесең де, оркестрмен сүйемелдесең де гитарамен орындағандағы «эффектіні» то есть (Шәкең кейде осылайша орысшаны әдейі араластыра сөйлеуші еді) әуеннің грациясын жеткізе алмаған болар еді.

Мен «Серенада» жөнінде қанағаттанарлық жауап естігендей болып келе жатқанымда енді «грация» деген қазақтар үшін тосындау сөздің төркінін қаузау керек болып еді, әдетте мен де өзімше, орыс тілінде сауатты сөйлей алмасам да, сөздік қорым, тіл байлығым ешкімнен кем емес деп мақтанушы едім. Мен орыс тілін мұғалімнен арнайы оқыған емеспін. Күнделікті өмірде тірі орыспен аралас-құралас болып сөйлесіп те көрмеген екенмін. Қытайдан келісімен «үндемес» қазақтармен қазақша сөйлестік, Көкшетаудағы екі жарым жылымда тек қазақ қойшылармен, отар қоймен қазақша тілдестім. Ал, қара ормандай қалың қазағы бар Шымкенттің қала, даласында тек қана қазақша сөйлеспегенде қай орыспен орысша сөйлесе қалайын.

Менің орысшам кітаби орысша болатын. Айтан Нүсіпхан марқұм екеуіміз КГБ-ның жер төлесінде жатқанда қазақ мектептеріне арналған орыс тілі оқулығының 5 сыныпқа дейінгі бағдарламасын өздігімізден үйреніп «Правда» газетін «Сөздік» бойынша оқи алатын деңгейге жеткенбіз.

Қағазға түсіріп жаттаған сөздер мен сөз тіркестері 48 беттік 8 дәптерге жазылған болатын. Ұзын саны 10 мыңға жеткен, соның

кемінде 7000-8000 дайы толық жатталып есте сақталғаны анық. Одан кейінгі өмірімде де мен орысша-қазақша, орысша-қытайша, түрікше-орысша сөздіктерді пайдаланып сөздік қорымды ұдайы байытып, толықтырып отыруды дағдыға айналдырғанмын.

Шәкең қолданған «грация, грациозный» сөздері де маған онша түсініксіз болмаса да оны музыкалық әуенге тіркестіре қолданғанына тосырқай қарағаным рас.

Сонда Шәкең ерекше шабыттана сөйлеп «грация» сөзінің түп атасынан қайыра, әсіресе бұл сөзді мың құбыла, сан бұрала толқи, шалқи асқақтап, әрі наздана, әрі тақаппарлана шырқалатын ән әуендеріне, оның ішінде сыған әуендерінің табиғатын ашып, ләззаттану үшін қолданғанда тұрған ештеңе жоқ. Өн-күй әуенінде келісті ырғақ, әсем қозғалыс, назды қылық, сәнді үйлесім болмаса, яғни грация болмаса «кұлақтан кіріп, бойды алар» ұлы күдірет қайдан пайда болады,- деп еді.

Мен Шәкеңе шын ризалықпен бас шұлғып, құмарта елтіп отыра бердім. Ол кісі төгілте талай сөз айтты.

- Сонда сіз, сығандар табурында болмай-ақ қазақтың халық әндеріне де, өз әуендеріңізге де онша ұқсай бермейтін Серенаданы қалай шығара алдыңыз, - дедім сөз арасында. Шәкең сәл ойланып отырды да, ауыр күрсінді.

- Сен ол әннің қашан, қалай шыққанын білмеген соң солай ойларсың, бірақ «Серенада» деп айғайлай ат қоймаса да шетсіз-шексіз кең даламен асқар тауларда еркін өскен бұла қазақтың халықтық әуендерінде, халық композиторларының шалқымаларында «қазақы серенада» дегенің жетіп артылады. Ал, менің Серенадам, ой, ол өзінше бір тағдырлы жаратылыс қой...

Мен 1962 жылы кейбір тоң мойын орысшыл-еуропашыл оқымыстысымақ басшылардың озбырлығынан консерваториядағы оқуымнан айдап шығарылып далада қалғандай болған едім. Ол кездегі менің көңіл-күйімнің қандай болғанын әзір саған айтып жеткізе алмаспын. Менің мұңдас, армандас досым Қадыр Мырзалиев дәл басып анық жазды-ау деймін. «Сыған серенадасында» қалай еді... Иә, «Күн туса басына, мойыма, жасыма, жігіт болсаң!- деп қайраттандыра гитара арқылы жігерінді жанып: «Оу, жан серігім, төгілсін күй тарап! Жаның тарықпасын! Ән шарықтасын! Қайран басың, ғарып басың, көзінді жұмбай қамықпасын! Қамықпасын»,- деп әруақ шақырғандай ұрандайды.



Шәкен сол жолы шынында барынша ашылып, толқи, тебірене ұзақ сөйлеп еді. Мен есімде қалған негізгі мазмұндарын күнделік дәптеріме түсіріп қойған болатынмын.

Менің сол ұзақ әңгімеден түйгендерім: Өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдарында қазақ халқының басына қайтадан қара бұлт үйіріліп, қазақ зиялылары қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына қатты ренжіп, іштей ширыға бұлқынып жүрген кезі екен ғой...

Сырттай қарағанда Никита Хрущовтың жылымығына шуақтағандай Сәкен, Бейімбет бастаған арыстарымыз ақталып, халқымен қайта қауышып, мәре-сәре болып жатқанымен, «Тың игеру» дегенді желеулетіп жеткен миллиондаған келімсектер салған ылаңнан қазақтың 700 мектебі жабылып, қазақ баспасөзі орыс басылымдарының аударма-көшірмесіне айналып рухани апат төніп келе жатты. Қазақ жері ту талақай бөліске түсіп Мырзашөл аймағы өзбектердің қанжығасында кетті. Енді Солтүстік облыстарға орыс аюының табанына тапталу қаупі күшейсе, батыстағы мұнайлы өңір түрікпен мен әзерилердің өнешінен өтіп кетуге айналғаны белгілі.

Жығылғанға жұдырық дегендей, соның бәрі Қазақстандағы партия билігі әдейілеп тапсырылған ұйғыр Исмайл Юсупов пен Кремл жіберген орыс мансаптыларының қолымен қазақ халқы мен қазақ өкіметінің атынан істеліп жатты.

Сойыл тисе – сорлыға тиеді демекші, сол тұста студент Шәкеннің қыр соңына түсіп, тақымдап жүрген Дубобский сияқты шовинист мұғалімдердің сөзін сөйлейтін басшы да табыла кетіпті. Құрманғазы атындағы консерваторияның ректорлығына Академик Ахмет Жұбановтың орнына Юсуповтың шарапатымен композитор Хұдұс Қожамиров ректор болып келе қалған тұс еді. Алдына араша сұрап, әділдік іздеп келген ұлы композитордың көзіне шұқығандай:

- Сендердің әкелеріңді таныту керек. Сендер әбден құтырып құдайларыңды танымай кеткенсіңдер. Саған оқудан шығару әлі аз, есің барда елің тап дегенді білесің бе?- деп зіркілдеп еді.

Сондай бір рухани күрсініс пен сілкіністер тұсында әйгілі «Менің Қазақстаным» атойлай дүниеге келген болатын. Ал. «Сыған серенадасы» нәзік жанды, кеудесі мұң мен шерге өкпе налаға

толған жас композитордың сығанның сиқырлы әуендеріне елтіп, өректіген шексіз кендік пен бостандыққа жан ұшыра ұмтылған рухани толғақты бұлқыныстарының тегеурінді екпінімен дүние есігін ашқан сүйікті перзенті болса керек. Ол сондықтан да сүйкімді, тәтті «құлақтан кіріп бойды алар» әсем ән болып шыққан.

Мен білетін, мен естіген «Серенада» шындығы осы мәнзелдес еді. Алайда кейінгі кезде ол жөнінде неше түрлі аңыздар, әңгімелер айтылып жүр. Марқұм Оразбек Бодықовтан басталған ол әңгіменің жалғасы ақын Исрайыл Сапарбаевтың «Цыган серенадасы» пьесасына арқау болып көрермендер кезайымына айналды. Сәтті шыққан көркем туындыға мін тағайық деп отырғанымыз жоқ. Ұлы композитордың өмірі әлі талай көркем шығармаға арқау болары сөзсіз. Алайда ұлы тұлғаның тар жол тайғақ кешулі ғұмыр жолындағы соқтықпалы тіршілік хроникасын нақтылай жазудың, өмір шындығынан ауытқымау жауапкершілігі бар екенін ескерсек, айтар сөз әрине табылады. Бұл жөнінен мол тәжірибе жинаған өркениетті елдердің үлгісі назарда болуы керек.

Ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың академиялық шығармашылық өмірбаяны тіпті қарапайым адамдарға тән пенделік тыныс-тіршілігі жан-жақтылы қамтылған «Шәмшітану» мектебі қалыптасар күн де алыс емес. Ал, бүгінгі үлкендер келер ұрпақты шатастырып, ұлы тұлғаның бетіне шіркеу келтірер барды- жоқты тергіштеп қызыл кеңірдек болғаннан бойды аулақ ұстағаны жөн. Шәкеңнің өмірде көп қиыншылық көргені, қалты-соқтыға көп ұшырағаны шындық. Әйтсе де одан да мәнді, одан да қастерлі, өнегелі тарихи шындық бар екенін де естен шығаруға хақымыз жоқ. Нақтылап айтар болсақ; Шәкеңнің алдына кесекөлденең тұрған жетесіз басшысымақтар мен бақталас күншіл замандастарын кінәлаймын деп сүйікті перзентін алаканына салып, төбесіне көтерген дарқан қазақ халқын, оның дана ұлдары Димаш Ахметұлы, Еркін Әуелбек, Өзбекәлі Жәнібектердің дер кезінде көрсеткен көмектері мен қамқорлықтарын ұмыт қалдыруға, бағасын кемітуге әсте болмайды. Ал, Шәкеңмен бірге шығармашылық достықта болып оның даңқты саз әуендеріне тамаша мәтін жазып беріп, даңқын асқақтатқан қазақтың жайсаң ұлдары Мұзафар Әлімбаев, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Қуандық Шаңғытбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Сабырхан Асанов,

Ізтай Мәмбетов, Зейнолла Шүкіров, Еркеш Ибрагимов, Нұтполла Шәкенов, Мұхтар Шахановтардың әрқайсысы қазақтың бір-бір заңғарлары емес пе еді! Ал, Шәкеннің әндерін нәшіне келтіре орындап халқына ерекше сүйіспеншілікпен насихаттап келген бұлбұл көмей Роза Бағланова, Бейбүгіл Төлегенова, ағайынды Абдуллиндер бастаған әншілер мен өнер қайраткерлерінің еңбектерін неге ілтипатпен атап көрсетпеске?!

Сондай-ақ ерте болсын, кеш болсын әр кезде алған орден, медалдарға ие болған жұлдызды сәттері де Шәкен өмірінің жарқын беттері болатын.

Тәуелсіз Қазақстан көгінде көк Туы желбірген осынау мүбәрәк күндерде ұлы композитордың нағыз жарқын ғұмыры – екінші ғұмыры, қазақ халқымен бірге жасар мәңгілік ғұмыры басталғанының куәсі болып отырмыз. Әрине, оған мың да бір шүкіршілік етеміз, Олай болса ендігі жерде Шәмші Қалдаяқов туралы естелік немесе арнаулы зерттеу еңбегін жазғысы келген ағайындардың есінде болар бір ақиқат бар. Ол – қазақтың ұлы композиторының мәртебесін көтері үшін одан азаптанған Мәсіх жасаудың қажеті жоқ. Сондықтан, кейбір ағайындарша Шәмші барар жер, басар тауы жоқ болғандықтан «Жамбылда шатыры жоқ үйде тұрған» деп, «Өмірі жарымай жоқшылықта өткен еді» деп, немесе «Көзі тірісінде сый-құрмет көрмей кетті» деп әлдекімдерге шағынып келгірсудің қажеті жоқ.

Шәмші еркіндіктің, бостан, азат өмірдің адамы болатын. Ол сондықтан қалжың-шыны аралас «Мен осы жүрісіммен-ақ ең бақытты, ең азат адаммын. Менің құдайдан басқа бағынар қожам да бастығым да жоқ. Менде еңбек кітапшасы деген де болған емес. Комсомол, партия билеті дегенінді де ұстап көрген емеспін. Сондықтан маған сөгіс жариялайтындар мен кінәлайтындар табылғанымен оны жаза қояр орын табылмай діңкесі құриды ғой, деп күлуші еді.

Мінеки, мен білетін Шәкеннің өмір шындығы осындай болатын. Ал, Шәкен жарасатынның бәрі басқаларға да жарасады екен деп жалаулата берудің де қажеті бола қоймас. Қазақта сазгер де әнші де көп, бірақ Шәмші біреу-ақ қой, онымен бақталастырғандар да аз болмаған шығар, бірақ қазақ ешкімді де ұлы композиторымен – «Менің Қазақстанымдай» азат елдің әнұраны авторымен шендестіріп тайталастыруға жол бере алмайтынына кәміл сенемін.

## ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ АРАСЫ...

*(23 жылдан кейін Димаш ағаға жорытқан бір түсім жәнінде)*

Бала күнімізде үлкендердің аузынан «адамның басы Алланың добы», «түс түлкінің боғы», «қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген сияқты тұспал сөздер мен мақал-мәтелдерді жиі естуші едік. Басқасын қайдам, дуалы ауыз қариялардың өзі аса мейірбан, парасат иесі деп мадақтайтын жаратушы Алланы, адамның басын доп қып тебетін ойын баласына теңегендей болғанына илана алмай, екі дай күй кешуші едік.

Өмірдің талай бел-белесін артқа тастап, тауқыметті тағдыр талқысына сан мәрте түсіп жүріп «Лаухул Махфуз» кітапшасының соңғы тараушаларын парактап отырған мына шағымызда, әңгіме арасында өзіміз де «адамның басы Алланың добы» дегенді шынымен-ақ өмір ақиқаты ретінде күмән-күдіксіз мойындайтындығымызды айтып жүрміз.

Көресінді көрмей көрге кірмейсің дегенді қазақ қатыгездігінен емес, маңдайға жазылған тағдырға мойынсал болғандықтан айтқан болар.

Иә, сонымен, бүгінгі әңгімеміздің тақырыбына орай айтар сөзіміз қазағым қосарлай тақпақтайтын дидак ғайып, нәсіп ғайып дегендей, ел ағасы, жұрт мақтанышына айналған Димаш көкемізді өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен лұғатты әңгімесін тыңдап қана қоймай, өз қолынан дәм тату мүмкіндігі туған 1992 жылдың 25-қыркүйегі күніне арналады.

Мен ол кезде Қазақстан теле-радио комитетіне қарасты «Ала-тау» каналында журналист болып істеп жүрген едім. Дәм айдап, сол жылдың 30-наурызынан 1-шілдесіне дейін Түркия жұмһриятының үшінші астанасы болған Стамбол қаласында болып түрік тілін үйреніп қайтқан болатынымын. 90 күн бойы, күндіз-түні дерлік түрік тілін үйренуге барымды салып едәуір сауаттанып қайтқан едім. Баяғы Сұлтанмахмұт Торайғыров атамызша осы сапарда қайтсем де «түрік тілін үйренем, хәм хатымен» деп өзіме-өзім серт бергенмін.

Түрік тілі, жалпы түрік халықтары тілдерінің көптеген ерекшеліктерін бойына сіңірген әрі түсінікті, әрі түсінікке өте ауыр тілдердің бірі. Лексикалық жағынан қазақ тіліне жақындығы

басымдау болып көрінсе де, грамматикалық жағынан ұйғыр, өзбек, әзербайжан тілдеріне жақындығы айқын көрінеді. Мен ол тілдерден әсіресе, ұйғыр тілін жетік білгендіктен түрік тілін меңгеруге сонша зорлана қойған жоқпын.

Біз Стамболда 45 күн түрік тілінен бастауыш білім курсынан өттік те, 45 күн бойы бүкіл Түркияны оңтүстіктен солтүстікке, шығысынан батысына дейін аралап саяхат жасадық, оқу орындары мен теле-радио, газет редакцияларындағы әріптестерімізбен кездесулерде болдық.

«Алатау» каналында бірге істейтін Молдабек ініміз екеуіміз «Һәм зиярат, һәм тижәрәт» дегендей Түркияның көптеген тарихи орындарын камераға түсіріп, сұхбаттар өткізіп, Қазақстанға келген соң сол материалдар негізінде 4-5 құжатты түсірімдер беріп түрік елін танытуға септігімізді тигіздік.

Мен сол кезде көп таралыммен шығып тұрған «Өркен» газетінің редакторы марқұм Алтынбек Сәрсенбайдың өтініші бойынша «Түркия әсерлері» деген айдармен газеттің алты санына жолжазбаларымды жариялаған болатынмын.

Шынын айтқанда, сол тұста Алматыда Фадли Әлиден басқа қазақтан түрікше сауатты адам жоқ дерлік еді. Сондықтан да болар, сол тұста қазақ теле-радио комитетінің төрағасы Ғаділбек Шалахметовтың шақыртуымен Түркиядан келген түрік іскері әрі ақын Ахмет Кочак (батыл, қайсар, жомарт деген мағынаны білдіреді) бастаған төрт адамдық делегацияға аудармашы ретінде мені қосып берген еді. Мен олармен 10 күн бойы бірге жүріп көптеген мекемелердің басшыларымен кездесулерінде аудармашылық жасадым. Соның бірі – Олжас Сүлейменовтың әйгілі «Аз и Ясынын» марқұм Сәбетқазы Ахатаев қазақшалаған кітабының тұсау кесеріне қатысудың сәті түскендігі.

Ахмет Кочак қазақтың жақсы жайсаңдары бас қосқан алқалы топтың алдында бірінші рет сөз сөйлегендіктен болар өте тебіреніп, толқи сөйледі. Менің түрікшем оның бар толқынысты, шабытты әсерін бұзбай жеткізуге жетпей жатқанын сезініп қатты толқыдым. Қамау терім шықты білем.

Келесі күні алдын-ала келісілген уақытта – күндізгі сағат 11-де, сол кезде теле-радио комитетінде бас экономист болып істейтін Серік Пірімбетов бастаған төрт түрік, екі қазақ қадірменді

ақсақалымыз Дінмұхамед Ахметұлының үйін бетке алдық.

Басқаны қайдам, мен ерекше толқып, пірдің қолын алуға бара жатқан мұриттей өзгеше күйге түсіп едім. Құдайым-ау мен шынымен күні кеше ғана теледидардан болмаса қарасын да көрмеген үлкен адаммен кездесетін болғаным ба? Жақыннан көргенде қандай әсер қалдырар екен, қалай болар екен деп қобалжумен болдым

Фурманов пен Қонаев көшелерінің аралығындағы Қонаев ескерткішінің оңтүстік батыс жағындағы кіреберісі теріскейге қараған екі қабатты үйдің екінші қабатына көтеріліп, қарсы есікті ашқанда, ішінен еңсегей бойлы ірі адам – кәдімгі теледидардан көріп жүрген Димаш ағаның өзі шығып көтеріңкі дауыспен:

- Ал, жігіттер, бауырларым, хош келдіңіздер, төрлегіңіздер деп жағалай қол алысып, оң қол жақтағы есікті ашып ішке кіргізді.

Бұл, Димекеннің жұмыс бөлмесі екен. Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған шағын бөлменің бір қабырғасы толған әр кездерде, әр ел басшылары сыйлаған бағалы сыйлықтар, қымбат оттықтар, аңшы мылтықтары, қанжарлар мен пышақ, бәкілер екен. Ал, екінші бір қабырғада кітап сөресі сіресіп тұр.

Димаш аға көсіле сөйлеп отырды. Әңгіме ауаны өзі басшылық еткен жылдарда Қазақстанда қандай өзгерістер болды, қандай ірі құрылыстар салынып, кен орындары ашылды, ауылшаруашылығы мен малшаруашылығы қалай дамыды, оқу-ағарту мен мәдениет-әдебиет қалай қарқындап өркендеді, СОКП делегациясын бастап қандай елдерде болып қайтқаны, сол қатарда Түркияға да екі рет барып қайтқанын тәптіштеп айтып шықты.

Мен шамамның жеткенінше ол кісінің сөзін толық жеткізуге тырыстым, әрине кинала-кинала, осы барыста мен іштей:

- Бұларды мына түріктерге тәптіштей әңгімелеудің не қажеті бар еді, одан да қазақ халқының басынан өткен зұлматтарды айтып, тәуелсіздік жөнінде неге мадақ сөз айтпады, деп ренжігендей болғаным рас еді.

Менің ойымды дөп басқандай-ақ Димаш көкем қазақ халқының басынан өткен не бір ауыртпалықтарды тізбелей жөнелді. 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі жөнінде, азамат соғысы тұсындағы ақ пен қызылдың табаны астында қалып қырылған, қорланған қазақтар жөнінде. 1920, 1930-1933-жылдар аралығындағы қолдан

жасалған ашаршылық барысында қынадай қырылған қазақтардың аянышты тағдыры жөнінде, әсіресе 1937-1938 жылдардағы Сталиндік қан-қасап жөнінде нақты сараптамаға бергісіз дәлдікпен санды мәліметтер келтірді.

- Бауырларым, қазақ халқы шынымен мың өліп, мың тірілген халық, тапқанынан жоғалтқаны көптеу болған. Ең аяныштысы, қазақ ата дінінен, ата дәстүр салтынан, ана тілінен айрылып орыстанып, ұлттық қасиеттерінен біржола айрылып қала жаздадық. Мен билік басында ширек ғасыр отырдым. Осылардың бәрі менің көзалдымда болып жатты. «Сапты аяққа ас құйып, сабына қарауыл қойған» заман еді ғой деген сөздің түрікше баламасын таба алмай қиналғаным әлі есімде.

Менің қолымнан бар келгені, қазақ мәдениетін көтеру үшін қажетті қаржылық, материалдық мүмкіндіктерді молынан қармап қалуға, сондай-ақ жоғарғы және орта оқу орындарындағы қазақ жастарының санын көбейтуге баса назар аудардым. Қазақ жастары Алматы сияқты орталық қалаларда тұрақтап тұрып қалуы үшін қалаға уақытша тіркеуге алуға, сол үшін жатақханаларды көптеп салуға Мәскеудің келісімін досым Л.Брежневтің емеуріні арқылы қол жеткіздім. Бірақ көп нәрсеге қолым жетпеді, жеткізе алмадым Саясаттың әуеніне елтіп асыра сілтеп жіберген кездерімізде аз болған жоқ.. Әсіресе, бір өкінішім, қой санын 50 миллионға жеткізу деген көпірме ұранмен қазақ жастарын жаппай «комсомолдық жастар бригадасы» дегенге жұмылдырып, ісі қазақты қойшы халыққа айналдырып жібере жаздағанымды кеш түсініп, қатты өкіндім...

Димаш аға өз әңгімесіне ынты-шынтымен беріліп кеткені сонша, менің ол кісіге ілесіп аударма жасауым тіпті қиындап кетті. Ол кісі одан әрі де талай әңгіменің басын қайырды. Бір кезде сағатына қарап:

- Ой жігіттер, түскі тамақ уақыты өтіп барады екен ғой, қой, шалдың әңгімесі сендерді зеріктіріп те жіберген болар, сөзді доғарайын. Мұсылманшылықта «алдымен тағам, содан кейін қалам» деген де сөз бар ғой, - деп күліп кірген есігімізден шығып қарсымыздағы шығыстан батысқа қарай созылған ұзын столды қонақ бөлмесіне қарай жүрдік.

Мен үй ішіне бір түрлі таңданыспен, мынаны қайдан, қашан көрдім деген сұраулы көзбен назар аудардым.

Иә, шынымен мына залда, жаңағы өзіміз отырып шыққан бөлмеде бір кезде болғаным анық... Қиял құсым шартарапқа шарлап ұшып шарк ұруда... «Қайдан көрдім» дейтін бұлдыр елес маза берер емес.

...Иә, мынау екінші қабатта, дәл мына шығыс қабырғасымен түстік қабырғасын тұтастай алып жатқан ақ торлама пердені, әйдік терезелер, ұзын ас столы... ішкі бөлме бәр, бәрі маған таныс, иә, көргем, болғам... Бірақ қашан, қай кезде?... О, есіме түсейін деді, иә, сонда, сол кезде... міне ғажап...

Мен өз ойыммен өзім борлып кетіп, қайда тұрғанымды, аудармашылық қызметімді есімнен шығарып алып ұятты бола жаздадым. Димаш аға сөйлеп тұр екен.

- Әй, түрік бауырларым, сендерге Еуропа мен Азияның тіпті Америка мен қара Азияның тағамдары таңсық емес екенін жақсы білемін. Сондықтан мен сендерге қазақтың сүт өнімдерінен жасалған тап-таза қазақы тағамдармен шәйлендіргім келді. Біздің үйдегі шешелерің о дүниелік болып кеткелі біраз болды. Ол кісі болса ғой, жағдай тіпті басқаша болар еді. Мына дастархан мәзірін дайындаған менің келінім, балам Елдардың үйіндегі келін ғой. Кәнеки, дәм ала отырындар деп өзі бастады.

Дастархан мәзіріне сол кезде назар аудардым, жент, ақталған тары, тары, жүгері жармасы, құрт пен ірімшіктің түр-түрі, сары май, кілегей, бал, жеміс-жидектің түр-түрі, тәттілер рет-ретімен тізіліп қойылған екен.

Сәлден кейін Димаш ағамыз маған күлімдей қарап алды да:

- Өй мына жігіттерің Еуропаға жақындау елдің азаматтары ғой, әлгіге қалай қарайды екен?- ішімдіктің ишарасын жасағаны сол екен, Ахмет Кочак бастап:

- Ағамыз у берсе де ішеміз,- деп ду ете түспесі бар ма?

Менің аудармашылығым бұл тұста керек болмай қалғанына таң қалдым.

- Жөн, жөн, өздерің білесіңдер, біз 70 жыл бойы құдайсыз қоғамда, дінсіз ортада өмір сүрдік. Орыстар бізді әбден үйретті жаман әдеттерге, әйтсе де, иншалла біз де мұсылманбыз, ата-бабамыз да мұсылман болған. Біз мұсылманшылықтың Қанафия мазхабын ұстанған халықтың ұрпағымыз.

Қазақта ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады, мұсылманшылық әсте-әсте деген сөз бар. (Ой бұл сөздердің



түрікше мағынасын жұлмалап жүріп әрең жеткізгендей болып едім-ау), орыстардан үйренген әдетіміз бойынша мына ащы судан да дәм татқызайын деп тұрмын, мынау деп, пирамида тақілетті үш бұрышты бұж-бұж өрнекті ақ арақ шишасын көрсетіп тұрып,- мынау біздің кешегі тірі кезімізде, саяси бюро мүшелеріне берілетін айрықша сыбаға болатын. Соның соңғы сарқытындай болып осы қалыпты, - деп шағын хрустал рюмкаларға құя бастады. Өзі сөз бастады.

Димаш ағадан кейінгі сөз кезегін алған Ахмет ақындық леппен біраз шалқи сөйлеп, Түркиядағы шеберлерге арнайы тапсырмамен асыл тастардан жасатқан Түрік мемлекеттерінің картасы түсірілген қымбат тарту-таралғысын ұсынды. Сондай бағалы сыйлықтың біреуін Олжас Сүлейменовке, «Аз и Яның» тұсау кесері өткен жыйында табыстаған болатын. Димаш көкем асыл бұйымды аялай сыйлап, алғысын білдірді.

Кезекті тостар көтеріп жатты. Кезекті сөз, әдеттегідей аудармашыға ең соңында берілді. Мен залды көзіммен көктей шолып Димаш ағаға қарап тұрып былай дедім:

- Аға, мен тос көтеріп, сөз сөйлемей-ақ қояйын, рұқсат етсеңіз осы үйге кіргелі мазамды алған бір елес туралы, нақтылап айтқанда, осыдан түп-тура 23 жыл бұрын көрген бір ғажайып түсімдегілерді өнімде көріп тұрғанымды айтқым келіп тұр. Сіз түске сенесіз бе, ал менің сенбеуге еш мүмкіндігім қалған жоқ,- дедім елпілдеп.

- Иә, айта ғой, ол қандай түс еді? Жалпы өз басым түс туралы өзгеше пікірдің адамымын. Менің әкем де, аталарым да дін іліміне жетік, тақуа адамдар болған. Мені де діни сауаттылар қатарына жатқызуға болады. Ал, түс көру деген, түсті жору деген аса күрделі, тылсыматқа толы бір құбылыс деп білем. Әдетте түс үшке бөлінеді. Алланың рақым-шапағатынан хабар бере алатын сүйіндіріп, қуандыратын түс, жын-шайтан араласып кеткен ренжітуші түстер және адамдар күнделікті көп ойлап, алаңдауларының жаңғырығындай болған қарапайым түстер болады деп отырушы еді, марқұм әкем. Ал, айта ғой, қарағым, ол қандай түс еді? – деді ерекше ілтипат көрсете.

- Димаш, аға мен өзім Қытайда туып-өскен адаммын. Жоғары білімді де сонда алдым. Өзіңіз Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы болып тұрған 1969 жылдың 2-сәуірінде шекара бұзып

Қазақстанға өтіп едім. Ол кездегі жағдайды жақсы білесіз. Біздің қалай, неге келгенімізден жақсы хабардарсыз...

- Е,е, есімде, 1969 жылы Қытайдан біраз жастар шекара бұзып өткенінен хабардармын, солардың ішінде келген екенсің ғой... иә, сонымен түсінді айтшы,- деді Димекен.

- Мен сол жылдың тамыз айының бір түнінде көрген түсімді, осы залды, мына ақ перделі терезелерді, терезе алдындағы анау гүлдер мен ағаштарды көргенмін. Мен осы зал арқылы сіздің мынау жұмыс бөлмеңізде Л.Брежнев екеуіңіз отырған столға алтын табаққа салынған қойдың басын апарып берген болатынмын, мінеки, сол көріністі 23 жыл өткеннен кейін қайталай көріп таңтамаша болып тұрмын. Сол кезде көрген түсімді қасымдағы жолдастарма айтып беремін деп біраз күлкіге қала жаздағанмын. Олар:

- Өй, адам деген түс дегенді, артына қарап көрмей ме екен. Қонаев пен Брежнев кім, сен кім?- деп күлген еді.

- Иә, қызық түс екен. Аяни түс деуге де болар. Ал, айта қойшы. Содан бері өмірің, тіршілігің қалай болды? Бала-шаға, келін бар шығар, жұмысың қалай? Ойлаған ойларыңа, арман-тілегіңе қол жеткізе алдың ба? Әлгі түсінде көрген екі шалдың бір шарапаты тиді деп ойлайсың ба?- деп бастырмалата сұрады.

Мен өз өмір кешірмелерімнен қысқаша мағлұмат бердім, көп қиыншылық та көрдім. Бірақ, сүрінген жерде жығылмай, жығылған жерде үйелеп жатып қалмай ылғи алға жылжып отырдым, шүкіршілік етем осыған да дедім.

- Е, онда жаман болмапсың, келінге, балаларға менен сәлем айт. Мынау шақпақ құрттарды апаң көзі тірісінде өзі жасатқан еді, балаларға ала барып ауыз тигіз, деп 3-4 құрт берді.

- Рахмет, балаларыма, әсіресе келініңізге мақтанып, әлдеқалай болып баратын болдым ғой,- деп күлдім.

Біздің өздеріне түсініксіздеу әңгімеміздің аяқталуын тықырши күтіп тұрған Ахмет Кочак, тамағын кеней сөзге араласты:

- Аға, Сіз, қазақтың ғана емес, бәріміздің, күллі түрік халықтарының ағасысыз, қамқор әкесісіз, біз солай құрметтейміз сізді. Халқыңызға көп еңбек сіңірдіңіз, осы барыста көп қиналып, көп азап та тарттыңыз. Орыстардың ойлағанындай болғанда сіз бұл уақытта түрмеде отырар ма едіңіз, әлде бұл өмірде болмас та ма едіңіз. Аллаға мың шүкір, мінеки, сізбен дидарласып қолыңыздан дәм тату нәсіп болыпты, біздерге. Апамыз иманды болсын, жатқан

жері жайлы болсын. Ол кісінің саусағы тиген құрт пен ірімшіктен дәм таттық.

Сіз әбден шаршадыңыз ғой, қасыңызда апамыз да жоқ. Сондықтан біз сіздің көңіліңізді көтеріп, сергіту үшін, дем алдырып, денсаулығыңыздың жақсаруына септігі тие ме деп Түркиямызға біраз күнге қыдырып қайтуға шақыра келдік. Қолымыздан келгенінше бар жағдайды жасауға тырысамыз, тек сіздің мақұл деген бір ауыз сөзіңіз болса жетеді, - деді.

Мен ол сөздерді толық аударып болғанша Димекең біртүрлі таңданыс сезімін жасыра алмағандай тағатсыздана маған қарап:

- Өй, ол қалай болар екен, оның жөні келмейтін шығар, біз, біз деген, - деп күмілжігендей болған соң, мен дереу өзінің саяси сенімсіздіктен әлі толық азат болмағанын, шетке шығуға рұқсат етпейтінін айта алмай тұрған шығар деп, оны қалай айтса болар екен деп, әре-тәре күй кешіп тұрғанымда, Димекең бәсең дауыспен:

- Өй, балам-ау, бізде, әлгі шетке шыққандар жұмсайтын көк қағаз дегендерің болған емес қой, оның қисыны жоқ та ғой, - деп күмілжігенін түріктер аудармасыз-ақ түсіне қойса керек. Мен де сол жайды түсіндіре бастап едім, Ахмет Кочак асыға сөйлеп былай деді:

- Сіз, ағаға жөндеп айтып беріңіз, мәселе былай, аға сіз бізге келісіміңізді берсеңіз болды, қалған жұмыстың бәрін өзіміз тындырамыз қашан, қанша уақытқа барғыңыз келеді, ұшақпен де, кемемен де, арбамен де, қысқасы қалаған көлігіңізбен, қалаған жеріңізге апарып демалдыруға шамамыз келеді. Қаражат туралы ойланбай-ақ қойыңыз, ол біздің шаруа,- деді

- А, солай ма, сонда қанша адам болып барсақ болады екен, мәселенки, мен өзімнің жеке дәрігерімді алып жүруім керек болады. Елдар бірге бара ала ма, жоқ па, оны білмеймін. Ал, мына келінім ағылшын тілінің маманы ғой, әрі менің жағдайымды жасап, қас-қабағыма қарап жүрген қызым ғой, сонда 3-4 адам болып қалармыз,- деп саусағын бүге бастағанда Ахмет Кочак:

- Аға, кіммен барасыз, қанша адам болып барасыз, 10-15 адам болса да ауырламаймыз. Аға, онда келістік қой, өздеріңіз ақылдасып, нәтижесін мына ағаларға айтсаңыздар болды. Сізді демалдырып, елімізді, жерімізді көрсетіп, көңіліңізді көтеруге дайынбыз, бәрі ойдағыдай болады, - деп рахаттана күліп қол алысты.

Димаш көкем, ризашылығын білдіріп есікке дейін шығарып салып, қош айтысты.

Ахмет Кочак бастаған түрік ағайындар сөзінде тұрып Димекеңді бала-шағаларымен Түркияға апарып, әбден қыдыртып, көңілін көтеріп, аман-есен сүйікті Алматысына шығарып салыпты. Елдік, азаматтық, туыстық деген сондай-ақ болар.

Димаш көкеміздің үйінен алған әсерім ұлан-асыр мол еді. Сол арада мен өз ойыммен, өз әсеріммен болуды қалап келе жатқан болатынмын. Иә, сол минуттарда менің қиял-құсым қайда-қайда шарықтамады дейсің! Түсімдегіні өнімде көру, онда да 23 жыл өткеннен кейін, Димаш көкемнің алдында, дастархан басында, өзіне жорықта айту орайына ие боламын деп ойлаппын ба? Апырау неткен қарапайым, неткен ақ көңіл, неткен адал жан еді. Сонау 40-50 жылдардан бергі мансап баспалдақтарын айтпағанда, Қазақстан компартиясын ширек ғасырға жуық басқарған уақыттарда «көк қағаз» дегенді ұстап көрмегені, Мәскеуден келген жан алғыш тергеушілер қанша қадалса да ілгішек таппай ит болғаны ел басқарған азаматтың тазалығы мен адалдығының, имандылығы мен қанағатшылдығының айғағы ғой.

Бұл күндері, 10-15 жылдың ішінде миллионер, миллиардер аталып, бүкіл дүниені дүрліктіріп жүрген жемқор басшылардың ұятсыз, ынсапсыздықтарын көріп, біліп отырған халық Димаш көкеміздің періштедей пәк қалпын бұзбай бұл өмірден абыроймен аттанғаны қандай құрметке де лайық емес пе?!

Академик Дінмұхамед Қонаевтың: «Тірілер өлгендердің көзін жабады, ал өлгендер тірілердің көзін ашады» дейтін ұлағатты сөзі бар еді. Бұл күндері Димекең де арамыздан кеткенімен өзінің ұлағатты өмір өрнектерімен өнегелі, тағылымды өсиет сөздерімен тірілердің – сіздер мен біздердің көкірек көзімізді ашып, мына алмағайып аласапыраңға толы өтпелі кезеңнің бұрағай бұрыс жолдарына нұр сәулесін шашып тұрғанына шүкіршілік етеміз. Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат көріп келе жатқан, жақсылықтан күдер үзбей, малым жанымның садағасы, жаным, арымның садағасы деп пәктік пен мәрттікті ту еткен ұлы қазақ халқы барда Димаш көкемнің киелі рухы, періште бейнесі өшпейді, қайта асқақтап, аспандай береді деп сенемін.

III БӘНІМ

*Сын - зерттеулер*



## «СОҢҒЫ КӨШ» - ТАРИХ КӨШІ ШЕЖІРЕСІ

*(К.Жұмаділовтың «Соңғы көш» романының журналдық нұсқасы бойынша талдау)*

Романның жазылуы қандай қиын болса, ол туралы төрелік айту да сондай қиын. Ал, кең көлемді бір қанша кітаптан құралған үлкен шығарманың бірінші кітабы жайлы, онда да журналдық нұсқасын негіз ете пікір айту көптеген қиыншылықтар әкелері, тіпті жаңсақ тұжырымдар тудыруы да мүмкін ғой. Бірақ, ақын-жазушылар көлемді дүниелерін журналға ықшамдап жариялағанда «оқырман қалай қабылдар екен, сыншылар қандай ақыл-кеңес берер екен?» деген мақсатты көздейді ғой. Біз жазушының сондай ниетін ескере отырып, әрі өзімізге ерекше ұнаған дүние болғандықтан, ол туралы пікір айтуға бел байладық.

Халқымыздың көшпелі өмірінің тұтас бір дәуірін, онда да ұлы Абай өмір сүрген аса маңызды тарихи кезеңін жан-жақтылы суреттеп әлемге аты әйгілі эпопея жазған Мұқаннан кейін көшпелі тұрмыс туралы тағы көлемді дүние жазу қажетсіз, әрі бос әурелік сияқты сезінуші едік. «Оянған өлке» мен «Қарағанды» көтерген жүкті былай қойғанда, қазақ прозасының тәуір жетістігі деп жоғары бағаланған «Қан мен тер» трилогиясы көшпелілер көшін Қазан төңкерісіне жеткізе тоқтаған-ды. Ал, «Дауылдан кейін» сол көшпенділердің алғашқы отырықты мекен жайындағы айтулы өзгерістер жайынан сыр шерткен 20-жылдар шежіресі еді.

Басқа халықтарды айтпағанның өзінде, қазақстандықтардың өздері үшін бейтаныс, тылсым дүние болып келген бір ұрпақ көші Жоңғар даласы мен таулы Алтай, сулы Іле өңіріне дүбірлете 1950 жылға дейін келген болатын. Сол көштің түйесінің қомында өскен бір баланың бүгін ол туралы – қазақтың «Соңғы көші» туралы келісті дүние жаратарын ешкім де білмеген болар.

Қабдеш Жұмаділов жас та болса тар жол тайғақ кешулердің талайынан өткен, үлкен прозаға мол дайындықпен келіп, жемісті еңбек етіп жүрген талантты жазушы. Талғампаз оқырмандарды елең еткізген «Қаздар қайтқанданың» жақсы әсері қалпында тұрғанда, «Көкейкесті» романымен жарқ етіп топ алдына шыққан жастарын әдебиет әлеміне үлкен жазушының келе жатқанын мойындата бастап еді.

Қабдеш «Көкейкесті» романын біршама сәтті жазғанымен әлі де өзінің көкейкесті тақырыбын таба алмағанды. Талант бар да сол талантты өз орына қолдана білу, яғни көкейкесті тақырыпты таба білу бар. Егер Мұхтар Әуезов Абай өмірін, Абай заманын таңдап алып, эпопея жазбаса бүгінгі әлемге аты әйгілі Мұхтар бола алар ма еді?... Сынар жақтау қорытынды сияқты болса да біз – Мұхтарды Мұхтар еткен Абай да, Абайды Абай еткен Мұхтар дейміз. Өзінің сүйікті тақырыбын таба білу де талант, Қабдешті өзінің көкейкесті тақырыбын табумен құттықтау керек. «Соңғы көштің» өкінішті өткенімен бұлдыр болашағы туралы жазу оның азаматтық борышы еді.

«Соңғы көш» романы бізге қандай қасиетімен қымбат? Ол қазақ прозасына қандай жаңалықтар әкелді? Жазушы қандай соқталы образдар жасай алды?

Романға түсініктеме жазған СССР ғылым академиясы Қиыр Шығыс институтының сектор меңгерушісі Тұрсын Рахымов оқиғасы өткен ортаның ерекшелігі туралы тоқтала келіп: «... Әсілі Циньзиян тарихи оқиғаларға аса бай өлке, оның тарихы ғылымда да, әдебиетте де әлі толық игерілген жоқ. Ондағы ұйғырлар мен қазақтардың өмірі ерлік күреске, халықтың көз жасына толы. Бүгінгі таңда Циньзиян халқы маошылдардың ауыр езгісіне бұрынғыдан да қатты ұшырап отыр, сондықтан қазіргі қытай басшыларының ұлтшылдық-шовинистік саясатын айдай әлемге әшкерелеу, Циньзиян халқының трагедиялық ауыр тірлігін зерттеп жұртшылық назарына ұсыну – ең толғағы жеткен мәселе екені даусыз», - деп жазған болатын. Роман сол тілекті орындау жолындағы алғашқы сәтті кадам. Оқырмандардың романды толығырақ түсінуі үшін сол «Ерлік күреске, көз жасына толы» халық өмірі мен тарихы туралы аздап айта кетпекпіз.

Қытай отаршылдары ХҮІІІ ғасырдың ортасында Шығыс Түркістан жерін отарлап алып, оны «Жаңа шекара, жаңа өлке» деп атағаннан бері жүргізілген барлық саяси, әскери, мәдени, экономикалық өзгерістер тек қана сол «Жаңа шекараны» заңдастыру, оны мекен еткен әр ұлт халқын айдаһарша жұтып жіберу үшін жасалған-ды. Зұлымдық бар жерде оған тегеурінді қарсылық болмақ. Арғысын санап жатпағанның өзінде 1944-жылы Іле, Тарбағатай, Алтай қазақтары мен ұйғыр, моңғолдары

бірлесіп бастаған ұлт-азаттық көтерілісі қытай отаршылдарының шіріген үстемдігінің талқанын шығарып бір қанша айдың ішінде-ақ «Шығыс Түркістан республикасын» құрған болатын. Ұлттық, әлеуметтік, азаттыққа қолы жеткен әр ұлт еңбекшілері қан мен жан бодауына келген еркіндіктің игілігін көріп жан-жақты гүлдену жолына түсті.

Өкінішке орай бұл мамыра жай жаз көпке созылмады. Романда бейнелеп көрсетілгендей 1950 жылдың жазында қытай армиясының «Аяқтарын бір ырғақпен алған кілең сұр киімді ұзын тізбегі, азат өлкеге алып айдаһарға ұқсап» баса көктеп кірді де, орнығып алғансын айбат шеге ысқырып, қит еткенді жалмап жұтып, халықтың тынысын тарылтып жіберген еді.

Бұл кезде Шығыс Түркістан халқының алдында – енді не істеу керек, ұлттық мәселені қалай бір жақты ету керек деген сұрақ көлденең тұр еді. Бұл мәселеге жауап беруде ерекше бір топ – азаттық соғысының бар ауырталығын көтерген Нартай сияқты патриоттар тобы тек дербес Шығыс Түркістан республикасы сипатындағы мемлекеттік билік жүйесінен басқа ешнәрсені ақылына сиғыза алмайтын. Ол заңды да еді.

Ал, СССР-де және сол жердің өзінде оқып, коммунизм идеясын қабылдаған Нұрбек, Жағыпар сияқты зиялылар мен басшылар арасында ұлт мәселесін СССР-дегі сияқты лениндік принцип бойынша шешеміз деп сенушілер бар еді, тағы бір топ адамдар не істерін білмей басы қатып жүрді. Бұлардан бүтіндей басқа «Чини Түркістан», «Қытайлық Түркістан» - соның бағынышты жері деп қараушы сатқындар да бар еді.

Жазушы осындай қым-қиғаш, саяси, тарихи оқиғалар тұсында балалық жастық шағын өткізіп, оның қыры мен сырына қанып өсті.

Романның өзіне тән ерекшелігінің бірі – сол тарихи оқиғаларды замана сырын, халық өмірін жан-жақты қамтып, көркем образдар жүйесін талдағанда олардың әзірше тындырғандарына, әрі болашақта не істей алатынын, кімнің кім болып шығуы мүмкін екенін де ескеруге тырысамыз.

Роман жоғарыда айтқанымыздай қазақтың жартылай феодалдық, жартылай көшпелі өмірінің ең соңғы көші – Циньзиян қазақтарының жол айрығындағы қал-жайын арқау еткен. Көшпелі



өмірдің қыры мен сыры, рулық тартыстың қажыраған сарқыншағы, ескі мен жаңа арасындағы күрес, ұлттық интеллигенцияның қалжайы, маошылардың саяси қитұрқылықтары кеңінен сөз болады.

Роман, кешқұрым төбеде отырған аурушаң, қарғаң Қанағат бидің көзімен көргендері, өткен-кеткен туралы ойлағандарынан сабақтала басталады. Мұнда үлкен мән бар. Жазушы бұл арқылы біріншіден – қазақ ауылының тұрмыс-салтын, ауылдағы бізге қажетті біраз адамдарды таныстырып өту, екіншіден – «Әй, маған енді жер басып жүру жоқ шығар» деп торыққан кәрі бидің бұлдыр болашығын бейнелі түрде ашып көрсету мақсатын көздеген.

Қанағат күрделі, қайшылықты образ. Ол тек Жақып би сияқты қазақы қисынға ғана тайпалған, «уақыттың шытырман соқпағынан жаңыла беретін көне көкірек» емес, «сойып сілттеп шокпар сілтейтін уақыттың өткенін» түсінетін, заман ағымын болжай алатын көнеге де, жаңаға да бірдей жан. Асып бара жатқан дәулеті жоқ. Тек әділдікті, атаның ақ жолын қадірлеуші, жәбірленгендерге қолынан келгенінше көмек бере алатын адам ретінде көрсетілген. Қанағат би былайша айтқанда, үстем тап өкілі. Ендеше жазушының жоғарғыдай етіп сипаттауы өмір шындығы, біздің таптық тұрғымызға үйлесе ме? Біз осы арада билер туралы айтылып, таралып жүрген бір жаңсақ пікірдің басын ашып кетпекшіміз: сөз қазақ даласындағы көшпелі өмір туралы болып отырғанда, өкіметі, партиясы тұрақты армиясы мен милициясы болмаса да миллиондаған адамдарды біртұтас халық ретінде /тілі, салт-санасы, мәдениеті ортақ/ ұстап келген қандай күш? Ол күш, тек тарихта кейі ақылды, кейі аусар болып өткен хандар ғана ма? Қазақ елінің елдігін сақтап, билік істерін жүргізуші, тоқсан сөздің тобықтай түйінін ғана айтатын қаз дауысты Қазбектердің соңғы көш ұрпағы Қанағат билер емес пе екен? Кезінде хандар мен сұлтандардың шашбауын көтеріп, параға сатылған, феодалдық тәртіпті сақтап қалуға барын салған бисымақтар да аз болмаған. Бірақ халық оларды бірден, өзінің төрешісі, жоқшысы деп мойындаған емес. Романдағы «Бас жарылса бөрік ішінде» деп мәймөңкелейтін, ымырашыл Жақып би мен Қанағат бидің шарпысқан тұстары оның жарқын мысалы. Сондықтан Қанағат би сияқты адамдардан әйтеуір би екен деп ат тонды ала қашуға болмайды деп қараймыз.

Қанағат би әділдігімен қоса көреген адам, Сондықтың

болашаққа деген үміті – оқыған, зерделі Естайына өмірлік тәжірибесінен туған қазақы философиясын ұғындырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан «адалдық, қайырымдылық, көпшілдік» қасиеттерді мұра ету.

«...Сен енді маған аландамай өз тірлігіңді ойла балам... біздің әулеттің үміті енді сенде қалып барады. Осыны есіңнен шығарма». Бұл, Қанағат бидің Естаймен қоштасардағы соңғы сөзі. Парасатты әке, нағыз адам ғана өз перзентіне осылай ар аманатын, ұрпақ тілегін айтар болар. Қадірлі қария бұл сөзі арқылы бізбен де мәңгі қоштасқандай болады. Қартпен бірге біз де Естайға зор үмітпен қараймыз.

Естай туралы сөзді кейінге қалдыра тұрып Қанағат бидің төбеде отырғанынан пайдаланып сол маңға қайта оралғымыз келеді. Төңіректі оймен де, көзбен де шолған кәрі би назары бір сәт, дүңгіршектей ақ үйге, алдыңғы дәртесі көкке қараған көк арбамен арқандаулы жирен атқа түседі. «Шөншік қалаға кетті деп еді, келген екен ғой... тілдестіңдер ме? Біздің Естайдан хабар біле ме екен?»

Біз әзірше бірінші кітаптың тұлғалы кейіпкері болмағанымен едәуір сомдалып, дараланған әрі болашақ кітаптарда қала мен далаға таралатын кесір-кесапаттың микробындай қауіпті Шөншік саудагермен алғаш осылай танысамыз.

Шөншік саудагерлер қазақ әдебиетінде көптен бері таныс бейнелердің бірі. Олардың сауда жасау тәсілі, баю көздері қашан да бір. Момын, мұқтаж шаруаны алдап, бірін он етіп, дереу астына ат мініп, басына үй тігіп ала қоятын талай татар, ұйғыр, өзбек, қазақ саудагерлерінің ұнамсыз бейнелері жасалған. Шөншіктің олардан ерекше сипатты даралығы – оның мал саудасын саяси саудамен, жансыздықпен ұштастыра отырып баюында, әрі ауылдағы өкімет билігін өз қолына алып саяси қастандық жолына түсуінде.

Осы арада қайсар Белинскийдің саудагерлерді өлтіре сынаған мына бір сөзінің өміршеңдігіне тәнті болғанымызды айта кетпекшіміз: «Пайдақұмар саудагер пайда түсіруді өмірінің басты мақсаты қып қойған адам... Ол адамдарды жақсы көру дегенді білмейді, адамға жанашырлық істеу жат мінез, ол жыртқыш аңнан да қатал, өлімнен де мейрімсіз. Ол қандай жамандықты болса да жиренбей істей алады.»

Біз Шөншік туралы бұдан асырып ешнәрсе айта алмаспыз. Оның жалдаптықпен жасаған саудасын да «Бүркіт» деген атпен жасаған жансыздығын да, момын шаруаның шырқын бұзып басына қамшы ойнатқан озбырлығын да тек сол «жыртқыш аңнан да қатал, өлімнен де мейірімсіз» азғын табиғатынан екеніне кәміл сенеміз.

Шығарманы талдап, кейіпкерлердің болмысы мен мінез-құлқын ашарда қандай туынды туралы болсын уақыт, адам, ол жасаған әлеуметтік ортаны нысанаға алып отыруға тиіспіз. Әсіресе, «Соңғы көш» сияқты тарихи романдардағы Нартайдай халық батыры бейнесіннің жасалу жолдарын талдағанда ол ерекше есте болуы керек.

Бес жыл бойы (1944-1949) тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып, ұлт-азаттық күресі рухында қалыптасқан Шығыс Түркістанның зерделі азаматтары шілдеде қар жауғандай тосын өзгерістен тосырқап, түрліше толқуларға түсуі сол дәуірдің сипатты ерекшелігі болатын. Пайда үшін неден де болса тайынбайтын арсыз Шөншік, мансапқұмар Ермек пен Хамитовтардың сатқындыққа бейімдігі қандай табиғи болса, кеудесінде намыс оты бар азаматтардың қалай да қарсыласуы, тіпті бес қаруын қайта асынып Нартайша жортуылға шығып кетуі де сондай табиғи қал еді.

Алып қашты сөзбен, гу-гу өсектен басы қатқан қала халқының өкілдері аймақтық өкіметтің мәжіліс залына жиналған. Күн тәртібінде екі мәселе: аймақтық өкіметтің жаңа құрамын сайлау және келе жатқан қытай армиясын бейбіт қарсы алу. Романның бұл тұсы аса тебіреніс пен кескін драмалық тартысқа толы. Ұзақ та азапты толғақпен әрең дүниеге келген бейкүнә сәби – Шығыс Түркістан республикасын өз қолымен жерлегендей, өз қолдарымен құрған жас өкіметті жойып, кеше ғана атысып-шабысқан қытай армиясын қол соғып қарсы ал деу қандай ыңғайсыз, әрі қандай сорақылық еді.

Жаңа өкімет құрамы сайланып та болды. Мінеки, жаңа уәли – Хамитов пандана өктемсі сөйлеп тұр: Кәне, кім сөйлейді?

Қытайдың қаптаған қалың қолы баса көктеп келе жатқанда енді кім, не айта алар дейсің?

- Мен сөйлеймін,- деп саңқ еткен дауыс естілді залдан. Еңгезердей біреу залды қақ жара мінбеге қарай кетіп барады. Жа-

зушы бізді Нартай батырмен осындай қиын жағдайда жүздестіреді.

Қанеки, батыр не айтады екен? Ол өлкелік өкіметтің өкілі Жағыпар полковникке қарап сөйлей жөнелді.

- Мен, өзім, мэймөңкелеп сөйлеуді білмейтін қазақпын. Өті жарылып кетсе де турасын айтамын. Кешегі төңкеріс кезінде сенің қарамағыңда жүріп соғыстым... Айтшы айналайын, сонда не үшін, кім үшін шайқасып едік? Соры қайнаған халықты басқыншылардан азат етеміз, ел болып етек жабамыз деп алысқан жоқпыз ба? Бауырым-ау! Көңілшек әйелдей көрінгеннің бауырына тығылатын болсақ, о баста несіне қан төгіп арам тер болғанбыз?...

Біз бұл үзіндіні әдейі келтіріп отырмыз. Мұнан кейін тағдыр тәлкегіне көп түсіп, аянышты қалге душар болатын трагедиялық образды қимылға бастайтын күштің не екенін, мінез-құлқы қандай жан екенін оның өз аузынан естігендеріңіз жөн деп ойладық.

Нартай көп нәрсені дұрыс түсіне алатын ақыл иесі. Жағыпар айтып тұрған ағымдағы өзгерістерді ол да түсінеді. Бірақ халық батырының мұндайда ойланып толғануға уақыты және құлқы болсын ба? Ақылдылығымен қоса аңғалдығы қатар жүретін батырды таптық, ұлттық, азаматтық кек, қолынан жұлып алынғын жеңіс туының қанды кегі қалай да бір ереуілдетуге тиіс еді. Өкінішке орай, аңғал батыр күрес жолын дұрыс таңдай алмады.

«Енді қатыннан қай жеріміз артық? Бітті ғой бәрі де» деп екі иіні дір-дір етіп, еңіреген күйі, тақтай еденді солқылдата басып шығып кеткен Нартайдың бір пәлеге ұрынарын күні бұрын сезгендей боласың. Характердің табиғилығы, шыншылдығы деген осындай болса керек. Дегенмен осы арада ескерте кететін бір нанымсыз жай бар. Ел ішінде батырлығымен зор абыройға ие болған Нартайдай беделді адамның не істерін білмей іш құста болып дағдарып отырған халық алдында сөйлеген жалынды сөзінің «О, пәлі, батырым-ақ екенсіңнен» асып соңынан ере шығар біраз да болса өжет жігіттердің болмауы мүмкін емес еді. Бұл батырдың бітік тұлғасын сәл де болса аласартып тұр.

Нартай дара тұлға, қыркыншы жылдардағы ұлт-азаттық күресі батырларының жарқын өкілі. Оны Александр Сергеевич Пушкиннің тау сағалап, орман паналаған Дубровскийіне де, Хамза Есенжановтың жортуылшы Құныскерейіне де ұқсатуға болмайды. Нартай Мұхтардың Әбілғазысы мен Базарәлісі тақылетті адам.

Бірақ ол азаттық күресінің жалынына бір кіріп шыққан еркіндіктің дәмін татқан, ендігі жерде сол үшін неден болса да тайынбайтын батыр.

Дубровский, Құныскерей, Әбілғазы, Базарәлі және Нартайларға тән бір ғана ортақ жай бар: Ол қиын қысталаңда істі ойлап алып істеуден гөрі, нартәуекелмен істеп алып барып ойлану, өкінсе де соңынан өкіну.

Романның өзіне тән ерекшелігінің бірі образдар жүйесінің тығыз байланыстылығы, бірін-бірі қолдап, бірінің характерін бірі аша түсетін жан тұтастығы деу керек. Жақсы мен жаманды, аңғал мен арамзаны, ақылды мен ақымақты қайшыластыра, соқтығыстыра характер ашу тәсілін жазушы ұтымды пайдаланған. Біз Нартай образын сәтті шықты дегенде, ешқашан оны дара алып қарастырмаймыз. Қайта арамдығына найза бойламайтын Нұғман бай құрған торға аңғалдықпен түскені Нартай трагедиясының түп себебін аша түсінеміз.

Қараңғы мен жарықтай ашық алшақ жатқан осы екі образ шебер суреттеудің арқасында сомдалып шыққан.

Нұғман әдебиетімізде жаңа тұлға болмаса да жазушының сәтті образы кейбір мінез-құлқы бай адамдармен мәмілелесу тәсілі жағынан Игілік пен Шәкен байларға ұқсап кетеді. Бірақ Нұғман өмір сүріп отырған орта, ол мәміле жасайтын әлеуметтік орта тіптен басқа, тек басқа болғандықтан ғана емес, ол өзінің болмыс бітімімен дараланған образ екеніне көз жеткізу де қиын емес.

Нұғман жазушының сипаттауынша өзге байлардан сәні де, салтанаты да бөлек шалқыған бай, әрі оқыған, көзі ашық деп досы түгілі дұшпаны да еріксіз санасатын адам. Өйткені ол жиырма-сыншы жылдардың аяғында Совет өкіметімен жауласып арғы бет асқан, қар басқан түлкідей қу, өмірдің қараңғы көшелерінде жүруге дағдыланған адам. Ол кіммен қалай байланыс жасауды жақсы біледі. Бедел кетіретін, бет жыртысу жағына жоламайды. Сондықтан ол Қанағаттай беделді биді қалыпты қашықтықта ұстап отырса, Омар сияқты есіріктерді шынжырлап ұстап, жалшыларға айтақтап салып, екі жеп биге шығып отырады.

Нұғман әсіресе өзгерген заман ағымын өзінше бағалап, өзгеше мәміле жасауға шебер. Ол өз ұпайының түгел болуы үшін қандай зұлымдыққа болсын бара алады.

Қытай армиясы Тарбағатай өңіріне кірген соң, қуғын көріп әккі болған жылпос байыз таппай «түлкі заманды тазы болып шалып қалар» орай іздейді. Қытай өкіметі бүгін бе, ертең бе өз қолындағы байлыққа қоя салып, тіпті байқамаса өзін де құртып жіберетінін жақсы білгендіктен ендігі жерде ыққа жығылып сұрағанын беріп, айтқанын істеу керек. Нұғман онымен алаңсыз отыра ала ма? Егер ертеңгі күні сол кезде дүр сілкініп тауға шығып кеткен Қосай батыр бастаған Алтай керейлері Тарбағатайға басып келсе бұл не істейді? Қытайды қолдадың деп Қосай батыр оның басын алмадай қаға салады ғой. Осындайда мылтығын аспанға атып, не істерін білмей құсаланып жүрген Нартай батырды неге керегіне бір жаратпасқа?..

Нұғман Нартайдың осал жерін дәл басты: біріншіден ертең-ақ өткенде жиында сөйлеген сөзі үшін Қытай өкіметі қолға алғалы отыр, екіншіден, Қосай бастаған Алтай керейі көтеріліпті, болашақтан әлдеқандай үміт бар, ал енді не істейсің? Өзің біл?

Не істеуші еді, ызылы әрі торыққан батыр үміт арқанының ұшынан енді айрылмайды.

Міне. Нұғман сұмдығының «салтанаты» да Нартай трагедиясы да осыдан басталады. Жазушы Нұғман мен Нартайдың характерін жарқырата ашатын осы тұстағы андысқан, қызу драмалы жауаптасу сәтіне ерекше мән берген. Біз олардың сөздеріне қарап бір-біріне жанашыр қамқор адамдар екен деп те қаламыз. Бірақ, романның соңын ала Қосай қолға түсіп, Нартай батыр бала-шағасын қимай бас сауғалап Нұғман үйіне келген соңғы оқиға беталысы біздің ол ойымыздың балалық, аңғал, сенгіштік екеніне куәлік етеді.

Қосай көтерілісінен күткен үміті мен кәтері жокқа шыққасын Нұғман енді өзіне берік саяси сауыт киіп алу керектігін бірден сезеді. Шарасыз күйде ақыл сұрап келген аңғал батырды опасыздықпен өкімет қолына ұстап береді. Бұдан өткен жымысқы жүріс, жүзі жанбас жауыздық бола ма? Қанша ызаланса да «қолыма мылтық ұстағанымның алды-арты осы болар. Маған енді бір ұзынырақ шалғы саптап беріндер» деп бейбіт еңбекке араласқысы келген Нартайды үгіттеп Қосай көтерілісіне аттандырып еді. Енді міне, «бір есептен өкіметке өз аяғымнан барып берілсем бе екен деп ойлаймын» деп қайтып келгенде тағы арамза бай оны адал ниеттен адастырып өз торына түсіреді. Нұғман қылмысының жаңа

беті осылай ашылады. Нұғманның жексұрын бейнесін аша түсетін тағы бір факты бар. Оқығансып, жаңа заман ауқымына ілескенсіп шыртығанымен ол барып тұрған топас феодал. Он жасар шолжың ұлына 18 жасар қыз алып беруі, қос-қос қатын алу сыртында Дүриядай жас сұлуды Ермек сияқты қуыс кеуде офицерге болашақ мүддесі үшін беруге келісуі дәл сол Нұғманшылықтың айқын дәлелі.

Көріп отырсыздар. Нұғман дүниедегі бар жексұрындықты өз бойына сіңірген, айлалы, аса қатерлі адам.

Нұғманмен салыстырғанда зерігіп, мәнсіз, мақсатсыз күн өткізіп жатқандай болып көрінгенімен әлдеқайда ары таза, патриот адам Жасыбай. Ол романда екі-ақ рет бой көрсетсе де /бірінші рет, Шәуешек қаласында уәлилік қызметтен түсетін жиында, екінші рет, жайлауда/. Елуінші жылдардағы өткен әлі ұмытылмай, жаңаға бой үйрене алмай жатқан өтпелі кезеңдегі бар үміт-мақсатынан күдер үзген аukatты адамдардың сезім трагедиясын өте нанымды суреттейді.

Ұлы сыншы Белинский шығармалардағы оқиғаның дамуы туралы өте бейнелі түрде былай деген еді: «Оқиға дәннен дамыған өсімдікке ұқсап, идеядан өзінен-өзі туып өрбіп отырады. Сондықтан оқушылар құр елесті емес, жанды кейіпкерді көреді, ол қуанса қуанады, ол қайғырса қайғырады».

Талдап отырған романның жетістігі ретінде табиғи дамыған оқиғалар аясында әрекет ететін жанды кейіпкерлердің қуанышы мен қайғысына бізді де ортақтастыра білуін айтар едік. Сондай сүйікті кейіпкерлердің бір тобы газет редакциясы мен гимназия ауласында жүрген жастар.

Жасатр тобынан біз бұдан бұрын арнайы тоқталуға уәде берген Естай Қанағатұлы болса, әлі азаматтық көп беті ашылып болмаған, ел ішіндегі үлкен бет жыртысуларға белсене араласпаған балаң характер. Дегенмен, тәрбиелі, инабатты үй ішінде өскен алғыр жас бірден Нұрбектей дарқан жүректі, парасатты ұстазбен, Жолбарыстай адал да өжет жолдасқа кездесіп, азаматтық беті тез қалыптаса бастайды.

Естай жазушының ең сүйікті кейіпкерлерінің бірі. Сондықтан оның тәрбиесіне ерекше қамқор көзбен қарайды. Гимназияны жаңа ғана бітіріп, өмірге жолдама алған жас жігіт мына аумалы-төкпелі

заманда қандай күйге тап болар екен деп аландап отырғаныңда газет редакциясынан өнер қамқоры, ақын Хамза достық құшағын ашып, ағалық қолын созады. Естайдың эволюциясы кәдімгі «дәннен дамыған өсімдікке ұқсап» өте табиғи ашылады. Өнер үшін, ізгілік үшін жаралған жас ақынға Хамзамен бірге қызығасың, Нұрбекпен бірге үміт артасың, Жолбарыспен бірге өмір жайлы, махаббат жайлы сырласып мұндасасың, оған қарай алайған көзбен, жайылған жалаға қарсы шығып, ақтауға барсың.

Өмірдің аты өмір ғой, ол күрессіз, қиыншылықсыз, бақталассыз, тіпті құрбандықсыз болушы ма еді? Жігіттің жігіттік қасиеті де осындайда сыналмай ма? Естай әлі үлкен іс тындырмағанымен мысқалдап жиналып келе жатқан қарекет қамы оны тұңғыш рет махаббат бақталасы, азуы алты қарыс капитан Ермекке қарсы келтіріп «көтеріп тұрған аспаның болса, тастап жібер» дегізеді. Заманның «зағип перзенті» Қожан сияқтыларға жирендіре қаратады, ауылдың момын шаруаларын сүліктей сорғанымен қоймай олардың басына қамшы ойнатқан Шәмшіктей сатқынның қолын қағап, арашаға да түсіреді. Ол әділетсіздікке соншалық қас, ал достыққа пейілі кең жас. Сондықтан туған жеңгесі Зипаның Жолбарыспен қосыла түн жамылып қашып кетуіне де тілектес, Хамза мен Нұрбектей өнер адамдары үшін жанын қиюға да разы.

Естайдың достары да, қатары да осал адамдар емес екені анық. Демек, ендігі айқастың қаншалық сұрапыл боларын күні бұрын сезесің. Естай болашақ айқастар үшін тәрбиеленіп жатқан, жазушының келесі кітаптарының негізгі қаһарманы болғандықтан ол туралы бұдан артық болжам айтудың қажеті де болмас. Естайға айтарымыз – тек сапарың сәтті болсын, досыңа жақ бол, дұшпаныңа сақ бол!

Романда енді көріне бастаған байсалды, парасатты жастың бірі – Нұрбек. Шығыс Түркістан тарихын жазуға бел байлаған гуманист адам ретінде сомдала бастаған ол келесі кітаптардың белді тұлғалары болары сөзсіз.

Хамза да өз алдына бөлек тұлға. Ол алдымен талантты ақын. «Ешқайда басылмаған және мұнан кейін де басылмайтын» өлеңдердің авторы... Өлімді көбірек еске алады, шарасыздыққа бой алдырып, егіле береді», - дейді жазушы ол туралы. Хамза өзінің «Бозторғайын» Естайға оқып берген тұсында Естаймен



бірге түршігіп, жаны шыға ышқынып, соңында сенің де «уһ» демеуің мүмкін емес. Автор қарағанның түбіндегі білектей қара шұбар жыланға бозторғайды бекер жұтқызып отырған жоқ. Мұнда үлкен саяси астар бар. Жалпы адамзатқа, оның ізгі қасиеттеріне, өнер атаулыға жанымен қас маошылардың Хамза мен Шәкен мұғалімдей талай «бозторғайларды» арбап жатқаны тарихқа аян. Хамзаның талантына бас ие отырып, оның асқақ романтизмнен тым ерте қоштасқанына өкінесің. Дегенмен, оның «Құлдықтың ис-қоңсысын кетіру үшін алдымен революция жалынымен өртеу керек, сонан соң азаттықтың алтын күрек сары желі ұзақ жылдар тынбай соғып тұруы керек қой...» деген арманына бірге елтисің. Алау өрт пен алтын күрекке кеуденді тосқын келеді. Хамзаның шолақ белсенді Қожан жөніндегі қынжыла айтқан ащы шындығына да иланасың. Дегенмен Хамза да уақыт перзенті. Сол заманда оған торығу да, аңсай-армандау да, оңбағандықтарға жириене тыжырынуы да лайық. Хамза бізге қайшылықты, аласапыран көңіл-күйімен қадірлі.

Нұрбек тектес байсалды ой, байыпты іс адамының бірі – полковник Жағыпар. Ол ұлт-азаттық соғысының от-жалынында шындалған ержүрек офицер, әрі бейбіт уақыттың жалынды үгітшісі. Ол сондықтан «дұшпанымыздың дұшпаны – біздің досымыз, ортақ жауға қарсы бірлікте шайқасқан қытай коммунистері біздің ең сенімді одақтастарымыз... Қытай еңбекшілерімен бір сапта Шығыс Түркістан халқы да социалистік дамудың даңғыл жолына түседі» деген идеяға кәміл сенеді. Басқаларды да сендіргісі келеді. Өкінішке орай, маошы сатқындар адал адамдар мен аңқау шаруалардың сеніміне опасыздық жасады.

Осыған дейін романдағы оқиғалар дүрмегіне екпіндей араласып, жарқырай көрінбегендей болған әйелдер образы туралы сөз болғанда – Естайдай ұл өсірген, ауыл берекесі аяулы ана – Балжан мен Нұрбектей қадірменді ердің жан жолдасы, тәні де жаны да сұлу Ғалия бейнелері көз алдыға келеді.

Балжан Абайдың сүйікті әжесі Зере образын еске түсіреді. Аналық мейірімі мен адамгершілік қасиетіне бай Балжан кейпі кімге де болсын етене, жақын екені даусыз. Айгерім типтес Ғалия сұлу да ертерек дүние салғаны болмас оқушыға ізгі әсер қалдырып кетеді.

Романды тұтас оқып шыққанда «Соңғы көш» легінде келе жатқан адамдар ішінен өз тағдырына риза болып, өмір арнасына өз еркімен түскен, әйтеуір себептен себеп болып дегеніне жете бастаған бір ғана адам бар екенін байқайсың. Алғашқы өмірі тәптәуір басталса да арысы құлап тосын бақытсыздыққа ұшыраған Зипа қалыптасқан қазақы заңды аттап өте алмай, әрі туған шешесіндей болып кеткен Балжанды қия алмай іштей мүжіліп жүргенде тағдыр оны Жолбарысқа жолықтырды. Жалынды жігіт тұтатқан махаббат оты бәрінен де күшті шығып, ақыры түн жамылып қалаға қашуға да батылдык етеді.

Зипа Жолбарысқа қосқан тағдырға ғана риза сияқты. Ал, өмір, болашақ туралы әзірше ойланғысы жоқ. Тек Жолбарыстың себебімен оқуға түседі. қала өміріне бейімделе бастайды.

Зипа әдебиетімізде 20-30 жылдарда көп сөз болған «таным бейтаныстарымыздың» бірі: Бейімбет, Сәкен, Ілияс, Мұхтар, Ғабит, Сәбит шығармаларында талай Зипалар тағдыры сөз болған-ды. Ал, Қабдештің Зипасы олардан басқашарак. Ол қайнаған өмірге басқаша жағдайда Жолбарыс сияқты өжет те, күрескер жігіттің етегінен ұстай келді. Ұрымтал, қайсар, бірбеткей Жолбарыс әзірше жаңа өмір құрысып жатырмын деп беліне алты атар байлап шауып жүргенімен, ертең оны да, Зипаны да үлкен сын көтеріп тұрғанын мөлшерлеуге болады. Жазушы Зипаны оқуға бекер түсірмеген болар. Естай мен Жолбарыс дайындалып жатқан өмір сахнасынан Зипаны да – оқыған қазақ қызын да көрсек дейміз.

Романда мұнан басқа да тағдырына наразылығын ашық етектікпен білдіріп жүрген Жұпар, «бетінен қақсам меселдесі қайтады ғой» деп қанбақшал Ұзақты пір тұтып жүрген Қатша және Нұғманның қызы Дүрия мен он жасар Сәлімнің бейбақ келіншегі Торғын, Нұғманның қос тоқалы т.б. әйелдер бейнесі бар. Жұпар біршама өкілдік сипаты, өзіндік мінезі бар жан. Ал Дүрия өз көркімен өзі өткір пышақпен ойнаған баладай ойнап жүрген, ақыры өзін-өзі жарақаттап алмай тынбайтын ақымақтау салқын сұлу. Оның махаббатын дағтарыңды да, жақтарыңды да біле алмай дал боласың. Кешқұрым көгілжім сәулелі бакта дидары қандай буалдыр көрінсе, жан дүниесі сондай буалдыр күйде қалып қойған.

Айтпақшы, Қатша апайдай еркек бітімді, алып ана пір тұтып сыйлап келген Ұзақ ақсақал туралы айтпай кетуіміз әбес бо-

лар. Томашадай ғана елеусіз шал болғанымен едәуір жүк көтеріп тұрған сүйкімді образ. Сонау Шукарь шалдан бастап әдебиетімізде адалдығы мен аңқаулығы, әлсіздігі мен айбаттылығы, олақтығы мен орақ тілділігі кереғар келіп оқушыны рахат күлкіге батыратын бір топ қанбақшалдар бар екені мәлім. Ғабдол Сланов марқұмның «Дөң асқан» романындағы Шәбік шалдан бермен қарай Ғабиден Мұстафиннің жас баладай қызық қарты Тәукесі, Әбдіжәмил Нұрпейісовтың ащы күлкі мен аяныш әкелетін судыр Ахметі бар бұл қатарда.

Ұзақтың аты аталғаннан бойынды қытық билеп, еріксіз күле бастайсың. Аңғал қарттың балалық қиялына, оғаш кылығына қарап күле отырып, іштей аяйсың. Өзіндей әлденешеу келетін Қатшаға кіжіне қамшы ала жүгіргенінен бастап, қалаға «істі» болып барып қайтқанша күлсең де, Шөншікпен сөз таластырған жерде оған сүйсіне, риза боласын. Жазушының бір ұтқан тұсы дәл осы Ұзақ айналасы. Ұзақ ыңғай келсін, келмесін «жолдасты» қосып сөйлеуге құмар «жаңашыл» адам. Бірақ Шөншік сияқты ісіп-кеппе, шолақ белсенділердің айтқанының бәрін жаңалық екен деп қабылдай бермейді. Ел намысына тисең ол өршіп, үдеп те кетеді. Шөншік «қытайды қытай деп айтпа, хансу /батыр, ер ұлт деген мағынада/ деп айтамыз енді» дегенде:

- Қытайды қытай демегенде Төртул /өз руының аты/ дейміз бе. Айттым қайтесің, – деуі де Ұзақ характерінің бір қыры екеніне нанасың.

Тағдыр ұзақ қартқа ұзақ өмір беріп, болашақ кітаптардан дидарласуға жазсын. Аяулы қартқа айтарымыз тек күлетін жерде именбей күліп, шамырқанар жерде жалт бермесе екен деу ғана.

Романның көркемдік тәсілдері мен тіл ерекшелігі туралы көп тоқталғанымыз жоқ. Ол арнаулы сөз етерлік аса қызғылықты тақырып. Әзірше айтарымыз – жазушының әр сөзі аса мағыналы, парасатты, шешен де бейнелі. Диалогтары терең драмалы тартысқа құрылған. Диалогты адам характерін ашуға, сюжет желісін ширатып, идеяны тұлғаландыруға қызмет еттіруде халықтық тілдің бай қазынасын меңгеруі жағынан «Соңғы көшті» тек «Абай» романымен ғана шендестіреміз.

Кішіпейілділікпен зер салып оқыған әрбір оқушы бұл үлкен қалпақ астына лайық бас барына көз жеткізер деп сенеміз.

Романның бойындағы бір мін деп тапқанымыз, бірінші кітапта өрбіген тұтас оқиғанын негізгі жүгін көтеріп, алдағы кітаптарда дараланып шығар тұлғалы кейіпкердің әлі сомдалып шыға қоймауы, мәреге үйдек-түйдек келген бір топ жүйріктің қайсысына бәйге беруді білмей бас қататыны сияқты бір жағдай бар. Оқиға барынша баяу өрбиді, бас кейіпкер өте сылбыр қимылдайды делінетін «Қан мен тердің» өзінде Еламан бірінші кітапта талай іс тындырып, тіпті момын, қарапайым балықшы кісі өлтіруге дейін барады. Біздіңше, жазушы келесі кітаптардағы тартыстар жүгін көтеретін арқалы көлік тауып өзін де, оқырманды да алаңсыз еткені жөн деп қараймыз.

Сонымен біз романды қысқаша талдап болдық. Қазақ даласындағы ерсілі-қарсылы көшіп жүрген елдің ең соңғы легі туралы – тарих шежіресіндей болған «Соңғы көш» бізге несімен ұнады? Бұл сұрауға ұлы сыншы Белинскийдің мына бір бейнелі сөзімен жауап бергіміз келеді: «Романда тұтас тұлғалы болып көрінетін не? Колорит, өзіне тән өзгешелік, тағы бірдеме. Міне, романның тұтас тұлғасын құратын осылар. Бірдеменің не екенін ашып айтуға біз сөз таппадық». Бұған біздің қосып айтарымыз сол «бірдеме» осы кітапты оқып шыққанан кейінгі алатын эстетикалық ләззатымыз, сүйкімді әсеріміз бе екен?

Соңғы көш қалай бет алар екен? Оның көш басшысы кім болар екен? Көш болған соң жүк аумай, тең жарылмай, ыдыс-аяқ сынбай тұра ма? Тұтқиыл шабуыл жасайтын жауызсыз да болмас. Нартайдай батырынан ерте айрылған момын шаруалардың ендігі тағдыры не болар екен?

Қадірлі достар, бірінші кітаптың соңындағы еңкейген күн, көкжиекті тағы торлаған қап-қара бұлт, сүйекті қапқан суық жел, кешікпей соғатын дауыл, теңселе бастаған жас шынардың төбесінде шырқырай айналған қос қарлығаш туралы ойланып көрдіңіздер ме? Соңғы көш, сапарың оң болсын! Кереге жайып, мекен етер жайлы қонысқа жетуіңе тілектеспіз!

# МАҒЖАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ

## ПОЭЗИЯСЫ

*Мағжан жәйлі бірер сөз*

Осыдан түп-тура жетпіс жыл бұрын кеменгер ойшылдарымыздың бірі - Жүсіпбек Аймауытов «Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Мағжанмен мақтануында сөз жоқ» деп батыл байлам сөзін айтып еді.

Бір сүйініштісі – Мағжан суретшілігімен тек қазақ халқы ғана емес, өзі өмір бойы асқақтата жырлап өткен Тұран даласы – түркі халықтары мақтан тұтып, оның жүз жылдық мерей тойын дүрілдетіп өткізгеніне әлем куә болып отыр. Біз, Мағжан ұлылығына бас ну арқылы, ұлы ақынымызды қайта танып бағалау, тұтас қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзия әлеміне қайта, жаңаша, Мағжанша қарап, бағалау мүмкіндігіне ие болдық. Ең негізгісі – мағжантану ғылымының ертеден қаланса да зорлықпен тоқтап қалған берік ірге тасы негізінде жаңа байсалды өрісін ашып алдық.

Ұлы Мағжан тануда бүгінге дейін қалыптасқан түрліше бағалар мен тұжырымдарға, әдеби құбылыстар мен жеке тұлғаларға сын тұрғысынан ой жүгірте отырып, Мағжан поэзиясының түпкі өзекті ерекшеліктерін тап қазіргі тәуелсіз таным тұрғысынан сөйлетуге талпындық. Егер Мағжанды тануымыз бен бағалауымыз әділ, тура ғылыми әрі ұлттық сипатта болсын десек Мағжан поэзиясының қазақ поэзиясына еткен және бұдан кейінгі жердегі ғаламат әсер-ықпалын дәл басып көре білейік десек, әулие тұлғаға періште көңілмен назар салуымыз, батыл да ашық болуымыз қажет деп таптық. Бұған дейінгі жетпіс жылдық «советтік әдебиетті» қияметтің қыл көпіріне санап өткізбесек те, әділеттің ақ таразысы құрылып, ар сөзі айтылуы керек деген пікірді басшылыққа алдық.

Зерделей ойласақ, мағжантану дегеніміз, қазақтану ұлтты - өзімізді танып білу деген сөзбен пара-пар екен. Ал, ғылым ретінде даралап сөз етер болсақ, мағжантанудың ұзақ та тар жол, тайғақ кешулі тарихы бар екенін, ол шамамен мынадай кезеңдерді басып өткенін байқаймыз:

1. Мағжанның қазақ байтағына барынша танылып, атағы

аспандап тұрған жастық, жігіттік шағында Жүсіпбек, Қошке, Смағұл, Ыдырыс, Мұхтар қатарлы ойшылдар жазып, жариялаған сын-зерттеу, баяндамалар, мағжантандудың мықты да берік, ғылыми негізі қаланған 1929 жылғы голошекиндік репрессияға дейінгі кезең.

2. Мағжанды қазақтың жауы, дұспаны деп қаралап, Мағжанды жамандамай қалам тартпаған большевиктік батырақтық жойымпаздардың шимай-шатпақтары дәуірлеген «советтік дәуір», яғни 1929-1989 жылдар аралығындағы қаралы кезеңі. Бұл кезеңде жазылған сын-зерттеу, кандидаттық, докторлық қорғаулардың тізімін алып талдау жасау керек. Ол әлдекімдерден өш алу, «қара тақтаға» жазу үшін емес. әдебиетіміз, соның ішінде мағжантану ғылымы басып өткен қанды жолдың тағылымдық сұлбасын жасау үшін керек. Бұл тұрғыдан қазірдің өзінде Дандай Ысқақов қатарлы ғалымдырымыз бен зерттеушілеріміз құжаттық із кесу, саралау бағытына түскені құптарлық.

3. Мағжантандудың қайта құру, жариялық басталғаннан, Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылға дейінгі шөре-шөре, тәйтәй кезеңі. Яғни, бұл Мағжанды жақсы да, жаман да етіп көрсетуге ұрынған әрі-сәрі жалбақбайшылық кезеңі.

4. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптаса бастаған нағыз жүйелі, әділ, ғылыми, тәуелсіз мағжантану кезеңі. Ақынның 100 жылдық мерей тойын өткізудің алды-артында жарияланып жатқан көп-көп еңбектер соның дәлелі.

Жоғарыда біз атап өткен кезеңдер мен басқыштар шартты түрде – уақыт аясында қарастырғанда ғана керек шығар, ал, мағжантандудың мазмұны мен жүйесі, оның аңыздай творчестволық ғұмырнамасымен, тамаша поэзиялық, прозалық, ғылыми педагогикалық күрескерлік еңбектері негізінде жасалуы керек екені баршаға мәлім.

Біздің қарастырғалы отырғанымыз – ақынның поэзиялық мұрасы және оның қазақ поэзиясына еткен ықпал-әсері туралы болғандықтан ендігі сөзді тікелей содан бастасақ дейміз.

Бүгінге дейінгі Мағжан поэзиясын зерттеушілердің жазғандарына назар салсақ, оның екі даралық сипатын ашуға талпынысын байқаймыз.

Біріншісі, тек Мағжанға тән асқақ, күрескерлік рух –Алаштық,

тұраншылдық рух. Бұл тұрғыдын өз замандастары да, одан кейінгі мықтымын деп кеуде соққан қайсы ақының да оның шеніне жуи алмасы адамға да Аллаға да аян

Екіншісі, қол жетпестей ақындық таланты тудырған табиғаттың өзіндей тылсым да әсем, адам жанындай терең де, сан қырлы құбылмалы, жайнақы, сыршыл поэзиясы еді. Ақынның соңына шырақ алып түсіп, ит қосып қуалаған оның жаулары да дәл сол екі ерекшелігіне, екі алтын тұтқасына мықтап жармасқанын көреміз. Олай болса бүгінгі мағжантанушы, мағжансүйгіштер де осы екі тұтқадан айрылмай, жас тәуелсіз Қазақстанның отаншыл, түрікшіл – алашшыл жана ұрпағын тәрбиелеп, өсіруде жауынгер құрал етуі керек-ақ.

Қадірлі қауым, біз мағжантанудың төрт түрлі кезеңін атағанда не үшін оның тек 1991 жылдан бері ғана сара бағыт, данғыл жолға түскенін атап айттық? Оған дейін Сәкен бастаған әдеби топ саяси айыптан азат болған, сол қатарда Мағжан да ақталу керек еді ғой?.. Ал, Мағжан поэзиясы тағы қалайша отыз жылдан аса қапасқа камалды? Кім қамады?

Арашаға түсіп, ардың сөзін айтар бір адам қазақтан табылмады ма? Неге табылмасын. Батырақ большевиктер қаһарына мініп, қазақ әдебиетінің екі тізгін, бір шылбырын қолдарында ұстап тұрған 1960 жылдың өзінде ардагер азамат, көрнекті әдебиетші Ілияс Омаров былай деп жазып еді: «Мағжан қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса кейбір «әдебиеттің жұлдызы боламыз» деп жүргендер сөніп қалады. Осы бір кері тартпалардың қырсығынан күніміз әлі күнге дейін нұрын шаша алмай келеді»... Бұдан артық не айтсын-ау енді?

Қазақ университетінің профессоры, ұлты татар, тілші ғалым Хайролла Махмұдовтың Мағжанды жарыққа шығару жолында еткен еңбегі айрықша.

Ал, Башқұрттың ұлы перзенті, Мағжанның – сондықтан қазақтың да үлкен досы Сәйфи Құдаш 1969 жылы Қазақстан Жазушылар одағына жазған ұзақ хатында: «Адам ретінде, ақын ретінде Мағжан қандай болған? Ол ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар. Бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғыық тереңінде», - деп бағалады. Ол және «Қазақ халқының осынау талантты ақынының творчествосы қазақ әдебиетінен

тыс қалғаны дұрыс па?» - деп төте де нақ сұрақ қояды.

Ал, ондай сұрақтарға коммунист «қайраткер», батырақ ақындары ешбір ойланып, толғанып әуре болмай-ақ былай деп жауап беріп жатты: «Буржуазияшыл ұлтшыл жазушылардың ішінде ерекше көзге көрінгені, ақындық таланты мен өнерін түгел байшылдыққа жұмсаған Мағжан Жұмабаев». Бұл аз десеңіз, үлкен ағаларымыздың бірі Ә.Тәжібаев: «Мағжан деген тамаша лирик болыпты ғой, махаббатты, табиғатты ұшқыр жырлапты ғой» деп жаңа жаза бастаған жас ақындардың өзімізден талай сұрағанын білеміз. Демек, әлдеқашан күлталқан болған буржуазияның шаңы аспанға ұшса да, оның жыршыларының көмейіне құм құйылса да, Мағжан әлі күнге дейін әр тұста бой көрсетіп қалып, піспеген бас, орнықпаған жүректерге зиян тигізіп жүрген көрінеді...»- деп қамқорсиды ағамыз. Сондықтан өлі аруақпен бітіспес күрес дабылын қағады: «Біздіңше Мағжан лирикасының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек те, оның жұқпалы, зиянды «күштерін» әшкерелеу керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашақ үшін де қажет».

Ал, мұндай большевиктер қазақ әдебиетінде – Қазақстанда ондап, жүздеп өріп жүрмеуі пе еді, жәй жүрген жоқ, табактай мөрлерін оңды-солды басып жарлықтар жариялап, күндіз-түні жау іздеп, том-том кітап шығарып жүрген бір сүрекейлі заман еді.

Ой, заман-ай кері кеткен,

Мендей ерді еңіреткен,- деп акын Жәркен жырлағандай бұл сайқал заманға, бұл қатігез саясатқа не айтарсың? Биікті аласартып, періштені сайтанға айналдырғысы, құбыжықтан құдай жасағысы келетін бұл оспадарларға не дауа?

Жаман қатын бір келген қонағын кетпестей көреді,

Жаман адам бір күнін өтпестей көреді, - демей ме өнегешіл қазақ. Қанша қарғап-сілеп лағынет айтқанмен жойқын уақыт дауылы Мағжандай жарық күніміздің бетін жауып, нұрын тосқысы келген қара бұлтты түре қуып тастады. Мінеки, көгімізде көк ту, оның зеңгірінде Мағжан бастаған ай-күніміз, сан жұлдыздарымыз самаладай жайнап шыға келді. Бәрі де өтті, кетті!.. «Күркіреп күндей өтті ғой соғыс, қайда екен, қайда, Дарига сол қыз?» - деп аң ұрған Қасым ақынша жоғалтқандарымызды түгендеп, жан-жаққа көз салудамыз.



Сондай бір назалы, қапалы бармақ шайнар тұста кешірімшіл, кеңпейіл болып көрінгісі келетін қазақы ұмытшақтыққа зығырданың қайнайды. Итің жаман десе намыстанғыш, аққан жалғыз көзге ердің құнын даулайтын, жаным-арымның садағасы деп кектесетін қайран ер қазағым, сен неден сонша ез, ынжық, сүйексіз болып қалдың екенсін?

Ол «не дегенге» – Олжас Сүлейменов: «Біз ғалымдарымызды соққылағанымыз, еліміздің миын шайқап есеңгіреткеніміз соншалық, халық құнарлы қыртысынан айрылып қалды», - деп жауап берген еді. Генетикалық жұттың ең басты айыпкері – коммунистік партия еді. Мағжанды көрге тығумен шектелмей, алпыс жыл бойы ақын даусын тұншықтырып тұмшалаған да сол.

*«Жұлдыз» журналы  
1994 №5-6.*



## ТЕАТР ЖӘНЕ КӨРЕРМЕН

(«Бақалар шулаған түн» көмедиясын көргеннен кейін туған ойлар)

Мақаламыздың атына қарап “оқыдық, пікір айтамыз” деген қарыздарлық көңіл күймен жазылған газет тапсырмасының кезекті орындалуы екен деп ойлап қала көрмеңіздер. Ал комедияның көкейде қордаланған кейбір ойлардың жарыққа шығуына себепші болғандығын айту өзінше басқа мәселе.

Ежелгі рим грек дәуірінен бері қарай, әсіресе қайта өрлеу дәуірінің ғаламдық сілкінісінен бермен қарай театр және көрермен дәл бүгінгі таңдағыдай қуатты бәсекелеске жолығып, мүшкіл, дағдарысты күйге түсіп көрмеген еді десек, әрине, шындыққа қианат жасамаған болар едік.

Театр дағдарысының себеп-салдарын саусақпен санап ауре болудың қажеті шамалы. Жалпы одақтық сипаты бар ортақ кінәраттардан басқа, біздің республикамыз, оның ішінде обылысымыз театрымен өнері басынан кешіп отырған күрделі де шиленісті жағдайдың кейбіріне тоқталып өтсек те біраз жәйдің басы ашылады деп ойлаймыз.

Ең алдымен тілге тиек болатын репертуар жұтандығы, клласикалық сахна шығармаларынан басқа бүгінгі көрермен ықыласын өзіне тартып қызықтырар, эстетикалық биік талғам талабына сай төл тумалардың жоққа тән болуы, бар дегендерінің тұрмыстық ұсақ түйектерді тергіштеген мелодрамалық және жеңіл, арзан күлкіні малданған сайқы-мазақ, босаң комедиялар ғана екендігі белгілі ғой.

Театр және көрермен арасындағы жатырқаушылықты, күн санап алшақтауды ең алдымен осыдан көрген жөн шығар. Тегінде біздің халқымыздың сахна өнерінің уызына қанып етене бауыр басып кетпегені де тарихи шындық. 20-30 жылдар бедерінде алыптар тобы қолымен жасалған қыруар рухани, мәдени байлығымыздың бір егеіі жоқтан бар, бардан нар шығарған сахна өнері еді. 30-40-жылдардың зобалаңынан есеңгіреп қалған біздің жалпы рухани дүниеміз сияқты сахна өнері де күні бүгінге дейін сол деңгейден өрге көтеріле алмады десек драматург қауымы шамдана қоймас. Алда-жалда шамданып шамырқанар болса пенделік текіректен аса алмағаныда.

Ендеше премьералық қоймылымның алды-артындағы бір мезеттік дабыр-дұбырдан кейін сахнаға тұрақтап, көрермендердің сүйіктісіне айнала алған қайсы сахналық шығарманы айғайлап айта алар едік? Әрине...

Осыдан кейін көрерменнің шабан-шардақтығы жөнінде не айтуға болар еді? Ал бұдан алар орны, келтірер нұқсаны асып түспесе кем түспейтін тағы бір таудай көлденең бар, ол, қала халқының ұлттық құрамы мен мәдени дәрежесі, тіл игеру дәрежесі, зиялылар, саяси, мәдени және өнер қайраткерлерінің азаматтық белсенділігінің дәрежесі деп қараймыз. Тоқырау жылдары деп аталған тоғышарлық дәурен сүрген заманда біз басқада жоғалтқандарымыз қатарында тіліміздің бет-беделін, сахна өнерімен оның өкілдерінің бет-беделін де барынша құлдыратып жібердік. Сәл шегініс жасап, ойланып көріңіздерші.

Театрлармен концерттік залдарымызға көрерменді қалай жинап әкелуші едік? Баяғыда жылқышылар қысырақ матарда ұшқыр, жарау аттарға мініп, қолдарына құрықтармен сырықтарын сайлап үйірі басқа қалың жылқыны тұйық жыра жарға қарай қиқулап, сойылдап үдере қуушы еді. Адамның қулығымен айбарынан не қашып құтылған. Ақсақалдармен көк сақалдардың көзіне түсіп өнер көрсету үшін сайлы жігіттер барын салар еді.

Біздің іс басындағы, яғни, оқу орны мен жұмыс орнындағы тікелей басшылар өзінен жоғары отырғандардың бірер телефоны мен жіберген бірер парша қағазымен көрермен тағдырын кабинеттерде отырып шеше салатын да, оқудың немесе жұмысының соңында ұрымтал жерлерге тұрып алып клупқа, концерт залдарына қарай шаршаған, тамақтанбаған, құлықсыз адамдарды қиқулап қуалайтын еді.

Пәленбай билет сатылды, пәленшекендерді пәленшеннің үйінде пәленшендер болып күтіп алуға, тарту-таралғымызды ұялмастай етіп ұсынуға дайындалып қойдық деп, қысылып-қымтырылмай баяндап қоюға төмендегілер міндетті еді, ал ол міндетінен құтылмаса, жоғарыдағы көкелер де тыныштық бермес еді.

Бұл, тіпті қазақы дарақы атақ құмарлықпен бәсекеге айналып қазынаның да, халықтың да, бәрінен де рухани мәдени дүниеміздің де берекетін кетіріп тұралатып еді.

Қасиетті өнерді насихаттап жүрген артистеріміз бен актерларымыздың да тiптi мүйiзi қарағайдай ақын-жазушыларымыздың да бұл қошаметке еттерi үйренiп кеткенi сонша, олардың ауылға келiп кетуiнiң өзi ауылдағыларды есiрке-мүсiркегеннен, сондықтан оларға ерекше сый-сияпат көрсету ауылдағылар қашса құтылмас парыз-қарызы деп ұғатын қалге жеткендей.

Ал қаладағы ата қаздай балпаң басқан волгалы азаматтарымыз бен зиялы қауымымыз, олардың ерке тотай бала-шағасы театрға баруды өздерiне намыс санайтын, алда-жалда бiрер лауазымды адам шақырумен келе қалса театр қызметкерлерi әрi қуанып, әрi «япыр ау не деп қалар екен» деп әбiржiп естерi шығатын жәйлардың куәсi болып жүрмiз.

Бұлар қазақ тiлiнiң қолданыс аясының тарылуы, қалалықтардың ол тiлге мұрнын шүйiре қарауы, ұлттық ниглизм әрi қаладағы қазақ жұмысшы табының қалыптасуына мән бермеу, осыдан барып өз жерiнде, өз қаласында қазақ халқының өгей баладай шетке қағылуын өтiрiк деп, жала деп айтуға бұл күнде кiмнiң батылы барар екен?

Бiз жоғарыда атаған әр түрлi себеп-салдарлардың әр қайсысының iшкi астарына үнiлiп , творчестволық оймен байып-тай алған өнер адамы не бiр тамаша трагедиялық та, комедиялық та материалдарға шашы етектен қарық болар едi.

Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше шешен, Тазша баласы бар халқымыздың комедиямен ажуа-күлкiге қалай қарайтыны, оған деген рухани сұранымның қаншалық өткiр екенiне кiм күмән келтiре алады.

Өкiнiшке орай «Бөлтiрiк бөрик астында», одан кейiн бiздiң көрермен толық қанды комедияға жарыған емес, «Күшiк күйеу», «Аюбайдың ажалы», «Дөкей келе жатыр», қатарлы комедиялар қанша табысқа жетседе «Ревизор» сияқты комедия асқар шыңының көленкесiнде жер бауырлап жатқанын намыстанбай-ақ мойындайық.

Тоқырау кезеңiндегi комедия мен өткiр сатираның қайсар сынына, әлеуметтiк ашты күлкiсiне шошына, жатырқай қарау, құныс беликовшылдық, ауыр емен есiк iшiндегi жұмсақ креслоға көмiле құндақталған тоғышар басшылардың беликовшылдығы бұл жанырдың сорын қайнатқаны әмбеге аян.

«Бақалар шулаған түн» күлкіге, күлдіріп тұрып жылататын ашшы күлкіге мысқыл мен ажуаға, іші тырсылдаған томырық қазақы комедия жан күйерлерінің қуанышына айналған, шағын да болса шымыр дүние екенін атап өтеміз.

Көмедиялық кейіпкерге министр түгіл партия - үкімет қызметкерлеріне туысқандығы бар есеп қызметкерлерінің бірерін нысана ету мүмкін болмаған тас құрсау заманның келмеске кеткеніне сене бастағанның белгісі болар ақын жазушыларымыз батылданып қоғамдық санаға ықпал етудің өткір де батыл жолдарына тәй-тәй қадам баса бастағандай.

Көмедия арқауы өте ықшам, үнемді әрі аса зор ұрымтал деталдарға құрылғандықтан айналдырған жеті адамның бір бөлме ішіндегі бір түндік шарпысуы арқылы бір кезеңдік өмір шындығы көрермен алдына көлденең тартылады. Бірақ драматургдің тәжірибесіздігі мен режиссер қиялының ора шалақтығынан көмедиялық тартыстың ішкі мүмкіндігі, логикалық түйін өз дәрежесінде шешілмей қалған.

Шығарма шалғай ауылда сыйлы өскен мырзаштың министір дәрежесінде туған ауылына семьясымен аса мейман ретінде қыдра келуімен басталып, жай бұқара болып абырой қошаметсіз қайтуымен аяқталатын сияқты болып көрінгенмен автордың сүйікті геройы рабочком төлембай және министрдың жалғыз қызы Гүлька мен жетім өскен ауыл азаматы Құрбанға байланысты махаббат шырғалаңы деп білеміз.

Төлембай мен Төлембайшылық біздің қоғамымыздың тоқырау заманы тудырған зағип перзенттерінің бірі. Жоғарыға, күштіге қошамет-құлшылық, төменге, бағынышты мен әлсізге (Құрман сияқтыларға) өктем қожайындық, сол туысы бөлек әлеуметтік топтар арасында жанығып үкідей ұшып жүріп өз есебін туралау, ол жолда ештеңеден тайынбайтын йіт жанды, түлкі ....., мысық табан төлем байшылыққа тән мерездердің түйіні.

Сондықтан да Төлембай үшін өмірдегінің бәр - бәрі, тек жирма жылдық стажды болар-болмас мәнсаптан айрылып қалуға себепші болмаса немесе итшілеп жүріп бір дәреже болсада өрлеуге себепші бола алса ғана мәнді, маңызды. Ал, олары болмаса, атай көрмеңіз, көз алдыңызда-ақ, бірге туып өскен министир құрбысының ұйқысын бұзатын, жаратылысының қайдағы бір қорғансыз әлсіз

махлұхат бақалар мен бұқалардың үнін өшіру үшін ештеңеден тайынбай түн ұйқысын төрт бөле жанталасқан Төлембай, министр әйелінің көңілін тауып риза қылу үшін қандай пасықтыққа баруға дайын Төлембай, досының мәнсапсыз қалғанын естіген минутта қалай құбылғанын көрсен ғой. Жана ғана табанын жалауға дайын тұрған Төлембайдың биік мәнсәп иесін сұқ саусағымен үйден айдап шығуға дейін барғанына таңданбайсың. Өмірде талай көріп, талай жиіркенсе лағынет айтып жүрген итшілік екеніне тағы бір рет көз жеткізесің.

Драматургтің Төлембайға тән іс-қимыл, мимика тағы басқа дербес әрекетінің қыры-сырын қалай ашқысы келгенін білмейміз, әрине, актер Мәжит Илиясқаровтың осынша маңызды рольде ойнай тұра, оны тым жеңіл, ұшқалақ, жын-періге айналдыра құйындай ұшыруы, көзі алақтап, тілін салақтатып (әлде неше рет) солықтауы бізге тіпті де ұнамады. Бізге сахнада жын-пері кейпіндегі ұнамсыз кейіпкерді емес, кәдімгі адам ретінде сөз сөйлеп, қимыл қозғалыс жасап жүріп-ақ ұнамсыздығы мен жексұрындығын паш ете алатын, ақыл-есі орнында тұрған рольдегі актерларды көргіміз келеді. Мұның актер Илиясқаров Мәжит ойнаған барлық рольдерге тән мін екенін атай отырып, жалпы салихалы өнер коллективтерінің қай-қайсысына да ауылды жерлерге гастролге шыққанда өздерін шексіз еркін, талап-талғамсыз ұстап, «ауылға бәрі бола береді» дейтін тоғышар, менмен астамшылықпен талтаңдап құррып қанша абырой-атақтан жүрдай болып қайтатынын, сөйтіп жүріп олар үшін ең өмірлік мәні бар көрермен қауымынан айрылып қайтатынын бар дауыспен айғайлып айтқымыз келеді.

«Ауылға бәрі бола береді» ... талай естіген, талай намыстанып зығырданымыз қайнаған қалалық тоғышарлық ұран. Егер қазақ халқының басым көпшілігі әлі де қалада емес, ауылды жерлерде тұратынын біле тұра сол астамсыған бүгінгі қалалықтардың кешегі ауыл перзенті екенін ілезде ұмыта қалатын, өз халқын өзі қорлайтын пиғылдарға лайықты тойтарыс берілмесе театр мен көрермен тағдыры түгіл тұтас халқымыздың тағдыры қатерлі тұйыққа тірелері сөзсіз.

Сөйтіп, онсызда ұшып-қонып жүрген Төлембайдың текірегін шоқырыққа айналдырып жіберген жәйіт- гульккүлкі мен құрбан арасындағы адам нанғысыз қуыршақ, көбік махаббат еді.

Кез-келген әдеби шығарма оның негізгі арқауы, жаны спеттес қайшылықтар қақтығысымен характер сомдаудың мотивировкасы десек «көбік махаббат» шырғалыңына тек автор мен режиссердің көңілі үшін өзімізді-өзіміз зорлап иландырмасак, логикалы ой оған көнер емес.

Комедияның бізге айтқаны емес айтайын дегені мынау - болар-ау деп шамалайтынымыз бүгінгі картеміш қыздар тағдырына ауыр психологиялық астары мен себеп-салдары сияқты.

Картеміш қыздар мен республикамыздағы әрбір үйленген 4-семьяның бұзылуынан пайда болған тірі жесірлер әрмиясы (1986жылы республикамызда 162864 адам некеге тұрып, оның 44125 айрылысып кеткен жалғызілік аналар 91 мыңға ) демографиялық өсімгеде семиямен қоғамның тұрақтылығынада қатер төдірер күндер әлеуметтік кеселге айналып отырғаны кімге құпия.

Өмірде жолы болмаған осындай әлеуметтік тобырдың өкілі Гулька көзге такаппар, көңілге қораш, әлде неше баланың анасы болатын жасқа келгеніне қарамай ақыл-санасы кемелденбеген нәренту еркетотай Гулька сияқтылардың алдында жалғыз-ақ жол-қандай әдіспен, кімге болса да күйеуге тиюден басқа жол жоқ екені де даусыз.

Картеміш қыздар мен тірі жеірлердің адамгершілік қадір-қасиетімен талғамының дәрежесіне қарай олардың күйеуге тиу комедиясының мазмұны да сан түрлі болады.

Дегенмен, қалай дегенде олардың тағдырын «Бақалар шулаған түн» комедиясының авторы мен режиссерінше ойыншыққа айналдыруға әсте болмайды.

Қисын мен дәлел дегеніңіз ешкімнің бет беделіне де, қулық сұмдығына да көнбейтін рақымсыз, қатал нәрсе. Сондықтан қаншалық күлкілі, комедиялық мәнге ие болғанына қарамай Гулька мен Құрбанның көбік махабатына біздің мейіріміздің түспей қоюын қыңырлықтан емес, қисынсыздықтан іздеген жөн шығар, дәлірек айтқанда авторлық қисын емес, логикалық қисын иландырмайды. Зорланып ыржиудың, өтірік тәлімсудің кімге қажеті болмақ?

Көрнекті сыншы ғалымымыз Зейнолла Қабдолов айтқандай «комедияның күші күлкіде, күлкінің күші шыншылдықпен табиғилылықта».

Сонда, бұл жасанды шала жансар, сәтсіз махаббатқа жетпей тұрған не нәрсе болды екен? Автор дәл таба алмады дегеннің өзінде режиссердің .....жеңгетайлығы септеп жіберер бір нәрсе болуы да мүмкін ғой.

Бізше ол жетпей тұрған нәрсе- отыздың аржақ бержпғына өтіп қойғанына қарамай сағым қуып жүрген Гулька бойжеткенге- министирдің жалғыз еркесіне, болашақ ғылым кандидатына жар болар ауыл азаматы Құрбанның бойындағы жасанды, аңғал, анайылылық пен тұрпайылықтың қара бояғын бттастыра бермей, осы заманның жасына лайық елгезектілікпен қыз, қызығар біреу артықшылықтар (жетім қозыша сүмектеуден басқарак) қасиет дарытудың өзі жетіп жатыр.

Қазақ театр өнеріне жетіспей жатқан үлкен міннің бірі дәл осы образдың ішкі тәбиғатына үңіліп , оны терең зерттемей, өз ыңғайна беімдеп оңай әдіс тәсілдерге үміт арту, профессионалдык әмбебаптылыққа немқұрайды қарау деп білеміз.

Ағаш аяқ, тас мүсін, кинокамен, қолмен, механизмнің көмегімен орнынан қозғап отырғандай, жүрісі де..., сөзі де керанау, ауезі де суық самарқау естілетін министрМырзаш (қазақ СССР халық әртисі) Сапар ...,совхоз директоры Жүмекең (актер Сансызбай ...) жалғыз ілікті кейуана. Кенже (Айша Абдуллина) министрдің әйелі СыңғырБесболовна (Рахымбердио́ва) лардың образы тәбиғиылықтан, көркемдік талаптан әлде қайда алыс жатқанын ашып айту керек.

Кассалыкесептіңқой-көліменелкезіпжүріп, профессионалдык жоғары талап тұғырынан жөнді-жөнсіз сырғақтай берсеңіздер ауыл сахнасындағы әуесқойлар деңгейінен аспай қалу қаупі сіздерді торуылдап жүргенін сүйікті драма театр коллективі бір минут та естен шығара көрмеңіздер .

Сонда театр мен көрермен арасындағы шексіз параллел сызықтарды бір нүктеде қалай қиылыстра алар екенбіз. Ол үшін ең алдымен театр профессионалдык биікке өрлеуден бір сәт те тоқтамауы, репертуар таңдаудағы талғампаздық, көрерменді слай білу, түсіне білуге ұмтылысы, өнерге адалдық ең басты назарда болу керек. Театр өз абройын өзі көтеруі, халыққа, көрермендерге өзінің қажетті екенін творчествовалық жасампаздекпен дәлелдеп беруі керек. Көрермендердің эстетикалық талғамын, театрды



түсініп бағалай білетін кәсіптік білімін жетілдірудің түрлі жолдарын қарастыруы керек. «Мен қоятын ойынымды білемін, көрермен сен келіп көруінді біл» деп шіреніп жатуға болмайды. Ендігі жерде көкелер мен жәкелердің телефонынан да, қошамет-қолпашынан да ешнәрсе шықпайтынын мойындау керек.

Қадірлі қазақ театр көрермендері, әдебиет пен өнер жанкүйерлері обылысымыздағы жалғыз драма театрды тағдыр тәлкегіне жеке-дара тастап, сырттан бақылаушы болып, тіпті оны табалағандай мұрын шүйіріп отырудан ұялуымыз керек, өнер жалпы қоғамдық игілік. Сондықтан оған сол халыққа, ұлтқа жауапкершілік тұрғысынан қарауға үйренетін уақыт әлде қашан болды. Қазақ тілі мен өнерінің бүгінгі мен ертеңі тек өзімізге байланысты екенін дәлелдеп жату кімге де болсын әбес шығар.



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СИНОЛОГТЫҢ ЕҢБЕГІ

*Кәсіби тарихшы Нұржамал Әбдіразақұзының «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» атты көлемді монографиялық еңбегі жарық көрді.*

Кітап Қазақстанмен көршілес Шыңжаң тарихындағы қат-қабат құпиялы, көмескі оқиғалар мен дипломатиялық құйтұрқылықтарды алғаш рет жүйелі әрі ашық айқындықпен баяндап бере алған. Соның аркасында Нұржамал сияқты ғалымдарымыз тарихшылар мен саясаттанушылар тереңдеп бара алмаған кешегі Шығыс Түркістанның тарихына байланысты Ресей мен Кеңестер Одағының, Ман шиң империясы мен республикалық Қытайдың ұлы державалық отарлық саясатын жан-жақты, ғылыми тұрғыдан талдап, зерттеп шығуға қол жеткізіп отыр.

Ғалымның «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» атты монографиясында қол жеткізген жаңалықтарын былайша топтап қарастыруға болады. Тарихшы ұзақ жылғы табанды ізденістері арқылы Ресей мен Қытайдың Шыңжаң мен Орталық Азияға қатысты саясатын, оның әр дәуірдегі өзгерістері мен қат-қабат сырларын жүйелі зерттеп, оның аса мазмұнды ғылыми тарихнамасын жасап шыққан. Сондықтан да ғалымның ел-аралық қарым-қатынас мәселелерін тек қана ұлттық мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарастыру керек деген принципін бүгінгі тәуелсіз қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты үшін маңызы зор деп қараймыз. Зерттеуші тарихи оқиғаларға баға беруде тек қана тарихи деректер мен тарихи құжаттардың өзгеріссіз мәтіндерін бұлжымас негізге ала отырып, Қытай мен Шыңжаң (Шығыс Түркістан) арасындағы қарым-қатынастың тарихи шындығын ашып бере алған.

Қытайдың әр кезеңдегі билеушілері мен үгіт-насихат құралдары тынбай қайталап келген «Шыңжаң – ежелден біртұтас, көпұлтты Қытайдың бөлінбейтін бөлшегі болып келді» дейтін байламды сөзінің тарихи да, ғылыми негізі жоқ екенін американдық синолог Э.Сюдун: «...Дәстүрлі қалыптасқан шындық сол. Си юй (Батыс өңір - Ә.Д.) ешуақытта Қытайдың бөлінбес бөлшегі болған емес, ол әр уақытта оның күшейген кезінде ие болып, ал әлсіреген кезінде жоғалтып отырған шекаралық иелік болып табылады», -

деген тұжырымымен келісетінін жан-жақтылы дәлелдеп береді.

Кеңестік синологтар мен тарихшылардың осынау маңызды мәселеге келгенде табансыздық танытып, әр кездегі Кеңес-Қытай қатынастарының әсіре саясиланған тарихнамасына сын көзбен қарап, зерттеудің тәуелсіз методологиясын жасауы да тәуелсіз тарих ғылымы үшін жақсы жаңалық. Біздің тарихшыларымызға жетпейтіні де сол болатын.

Зерттеушінің зор ыждаһатпен қарастыра келе қол жеткізген айтулы табысы – Кеңес өкіметі мен республикалық (гоминдандық) қытайаралық қарым-қатынастың аса күрделі әрі зұлым империялық құпия сырларын нақтылы тарихи құжаттармен дәлелдеп беруі еді. Шығыс Түркістандағы жергілікті халықтардың өз бостандығы жолында жүргізген үш ғасырлық азаттық күресінің шешуші тұстарында патшалық Ресей мен кеңестік Ресейдің опасыздықпен сатып кетіп отырғаны жүйелі сөз болады. Мәселен ұйғырлар мен дүнгендердің 1756-1758, 1864-1878, 1880-1882 жылдардағы ұлт-азаттық күресі нәтижесінде дүниеге келген үлкенді-кішілі дербес мемлекеттер патшалық Ресейдің тікелей әскери араласуы арқылы құлатылып, отаршыл Ман шинь өкіметіне бағындырылып отырғаны мұрағат деректері арқылы дәлелденген. Ал өзін 70 жыл бойы езілген еңбекшілер мен отар елдердің жанашыр қамқоры ретінде жарнамалап келген Кеңес өкіметі 1931-1934 және 1944-1949 жылдары ұлт-азаттық күрес арқылы құрылып салтанат құрған «Шығыс Түркістан Ислам жұмһүрияттарын» әуелде қолдап, соңынан сатып кеткені де нақтылы тарихи құжаттар арқылы бұлтартпастай дәлелденген. Осы барыста тарихшы ең алғаш рет Алаштың ардагер азаматы Мұстафа Шоқайдың сонау Еуропада жүріп, Қытай мен Кеңес өкіметінің Шыңжаңдағы ұлт-азаттық қозғалысын қатыгездікпен басып-жаншып жатқан мемлекеттік террорын батыл әрі шыншылдықпен әшкерелеп жазған ерлік ісін төл тарихымыздың айналымына енгізіп отыр. Мұнда «Жас Түркістан» журналындағы талдау-сараптау мақалаларын ғылыми айналысқа әкеліп қосқанын айрықша атап өткіміз келеді. Кеңестік және қытайлық тарихнамаларда жергілікті халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы қалайда бір шетелдік (Англия, Түркия, Жапония, т.б.) күштердің араласуымен туындайды дейтін жаланың жалған екенін әшкерелеуі де осы еңбектің үлкен табысы. Мұстафа

Шоқай: «Шығыс Түркістан түріктері өздерінің ұлттық құқықтарын қорғау жолында орталық Қытай өкіметі, дүнген күштері және Кенес өкіметі тәрізді дұшпандардың бірлескен одағымен бетпестеліп отыр. Олар өздерінің ұлттық күресін ешбір сырт күштің көмегіне, тек өз күштеріне сүйеніп жүргізуде» деп, сол кездегі нақтылы жағдайды жазған болатын. 30-жылдардағы Шыңжаңдағы тарихи шындық нақ сондай болатын.

Біз «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» атты монографиялық еңбекті оқи отырып, Қазақстан тарих ғылымына тың, жаңа бір тегеурінді ағыстың келіп қосылғанын сүйіншілеп сезіндік. Ендігі жерде қазақтың кейінгі толқын ғалымдары өткеннің қасаң қағидалары мен атағынан ат үркетіндей кенестік кезеңнің жасанды жалған тарихынан тазаратынына сендік. Сондықтан Нұржамалдың бұл ине-жіптен жаңа шыққан еңбегінде бүгінгі таңда құрметтеп-қолдауға тұрарлық зиялы деғдарлық бар демекпіз.

*«Қазақстан Заман» 28 мамыр, 2004 ж.*

## **АЛАШТЫҢ АЗАТКЕР АҚЫНЫ**

Қандай бір ойшыл, ұлы дарындарға ортақ қасиет – тек өзі өмір сүрген дәуір шындығын дәл басып тани біліп қана қоймай, болашақты да тура болжай білетін уақытпен, тарихпен кіндіктестігі.

Тұтастай алғанда Мағжан ақынның өзіне де, өзгеге де айтар мәлімдемесі сияқты мына бір жолдар асқақтай естіледі.

*Күншығыстан таң келеді – мен келем,*

*Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.*

*Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,*

*Жер жүзіне нұр беремін, күн берем!*

Ұлы Абайдың қорғасындай ауыр ой арқалаған назалы да қаралы жырлары, мыңмен жалғыз алысқан жан кешті ерлік айқасы шамырқандыра шабыттандырған жас Мағжан бұлай асқақтамаса, Мағжан бола ма? ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласын желпіндірген азат ой, еркін қиял, тәуелсіздікке, бостандыққа шақырған алаш рухы желдей есіп тұрған жоқ па? Мағжан шабыты шалқып, жігері тасығанда басқа шауып, төске өрлеп:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте - бұлт, жерде – желмін гулеген.

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?– деп айбат шеге күркіресе несі айып. Ал, отарлық тас құрсау, құлдық бұғау өкпесін қысып, апшысын қуырған ащы өмір алдында өр ақын тағы да өрлікпен, ерлікпен:

Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға-

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі.

Сондықтан жаным күйіп жанады да, - деп мәймөңкесіз айта алады. Осы екі-ақ шумақ өлең жолдарынан сол дәуірде қазақ халқы бастан кешкен трагедиялы хал айқын білінеді.

Алайда, алаштың өршіл, азаткер ақыны өзінің алған бетінен, халқына заманға берген салтанатты антынан ауытқымайды. Мағжанды уайымшыл, зар заман жыршысы, күні өткен ескіліктің жоқшысы деп қаралаушылар ақынның сан қырлы, сан толқымалы, сыршыл да асқақ адуын жан құбылысын, рух сілкінісін түсіне алмағаннан, немесе әдейі түсінгісі келмегеннен айтқан еді. Ал, оның бүкіл өмір-тіршілігінің, арман-мүддесінің, ақындық талғам-талабының бір ғана нәрсеге – алаш пен түріктің азаттығымен тәуелсіздігіне ғана бағындырылғандығын қансыз, ұлтсыз құл-құтандар, жалдамалы большевик қызыл көздері қайдан түсініп, қайдан бағалай алсын-ау:

*Не көрсем де алаш үшін көргенім,*

*Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!*

*Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,*

*Істей берсін қолдарынан келгенін!*

*Қалың елім, қалың қара ағашым,*

*Қайраты мол, айбынды ер Алашым!*

*Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,*

*Ақымақтар байқамаған шамасын!*

Мағжан ақын бұдан артық не десін? ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін тірі жеткен - бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның азат азаматтары ұлы ақынның өр де қайсар рухына, көреген данышпандығына бас иіп тағзым етпеуге хақы бар ма?

«Өзі-ақ құлар, сырын берме, сабыр қыл» дегенде ұлы ой-

шыл қалың кара ағаштай қалың Алашқа, оның айбынды ерлеріне, қайратты азаматтарына зор сенім артып отырғандығы, уақыт пен тарих өкімінің бұлжымастығын меңзегені емес пе еді?

Тарихтың мына бір үрдісіне Алаштың – Мағжанның өлмес, өшпес рух жалғастығына қайран қала тәнті боласың. 1986 жылдың қақаған қанды желтоқсанында азаттық туын – Мағжан туын көтерген қайраты мол, айбынды өр Алаш боздақтары ішінен Қайрат есімді қайсар азамат:

*Қайрат деген атым бар,*

*Он сегіз деген жасым бар.*

*Еркек тоқты құрмандық,*

*Атам десең атыңдар!* – деп отаршыл қызыл империяға кеудесін кере шықпап па еді?

*Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер.*

*Істей берсін қолдарынан келгенін!*

Мінеки, рух жалғастығы, жан-жүрек ұқсастығы! Біздің қазақты Алашты өлтірмей, жоғалтпай бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген Мағжан рухы емей, немене?

Мағжан рухы - өлмес, өшпес көк бөрі - көк түріктің рухы, Тәжібаевша айтқанда «көмейіне құм құйылса да», әр тұстан бой көрсетіп қалып, піспеген бас орнықтаған жүректерге» (Қайрат қатарлы желтоқсаншыларға - Ә.Д.) әсер етіп келген көрінеді. Жас атаулының бірі - «піспеген бас, орнықтаған жүректерге» жатқызылатын болса, сондай піспегендердің бірі – Есенғали Раушанов Горбачев пен Колбин соқтырған «Құйыннан» кейін қасқая шығып «Ғайша бибі» поэмасында:

*Түлігім – жылқы, түбім түркі,*

*Ал тарттық сол түркіден көшті бері – деп және*

*Жақын кел, арғы-бергі жат пен жуық,*

*Алаштың баласының бөтені жоқ,* - деп өжет жыр бастапты. Ол жылдардың кара түнек зұлматында «Түрік, Алаш» ұранын көтеріп, оны ауызға алмақ түгілі, «қазақпын» деуге, оның мұң-зарын айтуға мың-миллиондар арасынан Жұбан, Сафуан сияқты қайсар азаматтар ғана бара алған еді ғой.

Орайшыл. Мансапқор «Интернационал» жалбаңбайлар қанды қол Колбинды «жиырма жыл зарыға күткенін айтса, бәз біреулер «жетімдігін» мұң етіп шағып, медет, жәрдем сұрап жалбарынып

жатқан, ұлт туы табанда – Брежнев алаңында – қанға бөгіп тапталып қалған кез.

Сол заманда өршіл жастарымыз Есенғали жоктауына үн қоса:

*«Қайдасың қара бауыр қасқалдақ,*

*Кері қайт, ұяң қалды иесіз,*

*Қаңғып келген шүрегей*

*Көлге пана болмайды, - деп әндетіп еді.*

Мағжан ақындығы мен түрікшілдігінің қазақ сөз өнеріндегі ізін, әсер-ықпалын, белгі-бедерін іздеу керек болса, Есенғалидан, оның «Ғайша бибі» поэмасының табиғатынан – идеялық мазмұнынан, көркемдік әдіс-тәсілінен, ұшқыр фантазиясынан іздеу керек дегіміз келеді.

Мағжан рухы – көк түрік рухы дегеніміз қандай рух? Ақын шарқ ұрып нені іздеді, неге өз заманына сыймай, сыйғызбай кетті? Мағжан трагедиясы – ұлттың, көк түріктің – Алаштың трагедиясы еді. Азаткер ақын сондықтан:

*Өткен күн таң-тамаша ертегі зой,*

*Ерлері ертегінің өрт еді зой.*

*Айрылып от екпінді ерлерінен*

*Алаштың жанында ауыр дерт еді зой.*

Ақылға сыйымсыздау болып жатырқасаңыздар да дәлел-уәжге назар аударып көріңіздер.

Қазақ халқы ұлт ретінде тарих сахнасына шыққалы бері танылған жырау мен ақындардың ауызша, жазбаша мұраларының Абайға дейінгі сипатына ешкім таласпас, ол даусыз халықтық-ұлттық, сондықтан барша Алаштық.

Ал, Абайдан басталған жазба әдебиеттің (тіпті Абайдың өзінің), әсіресе коммунистік өктемдік дәурен сүрген жетпіс жылдың поэзиясы (әдебиеті) жөнінде басын ашып алмаса болмайтын, қағидаға айналып кеткен қате тұжырымдар мен берілген бағалар шаш етектен келеді. Әдебиетіміздің бүгіні мен болашағы үшін бас қатыратындар бұл маңызды ұлттық-мемлекеттік істен шет қала алмас.

Біз күні бүгінге дейін әлемдік деңгейдегі ұлы ойшылымыз, данышпан Абайды неліктен сол әлемдік деңгейде таныта алмай келеміз? Оның себебін біраз адамдар аудармашылар мен сыншы-зерттеушілердің қырсыздығынан, өресіздігінен (ол да бар скені

шындық) нәсихатының кемдігінен деп, енді ақынның 150 жылдық мерей тойына дейін сол олқылықтың орнын толтырып жіберуге бүкіл әлемді Абай деген ұлы қазаққа бас идіруге құлшынудамыз. Құптарлық-ақ, шама-шарқынша әр қазақ ат салысарлық-ақ қасиетті парыз, қастерлі міндет.

Дегенмен әр нәрсенің шегі, мүмкіндігі, жөн-жобасы деген де болады. Қандай әулие, қандай дарынды Абай сүйгіш аудармашы аударса да басқалар ұлы қазақты сіз бен біз қабылдап, сіз бен біздей эстетикалық ләззәт ала алады деп қарау, соған тыраштану тым аңғалдық болар еді.

Не үшін? Абайды әлемдік ұлы данышпандарға қосатынымыз қалай? Сөйте тұра, оны әлемдік деңгейге біз ойлағандай жеткізе алмаймыз деп кері тартқандай болатынымыз қалай?

Алдымен басын ашып алуға тиісті бір нәрсе – Абай ұлттық, қазақтық акын. Ал қазақ дегеніміз әлемдегі ешбір ұлтқа да ұлысқа да ұқсамайтын өзіндік тұрмыс-тіршілігі, жартылай отырықты, жартылай көшпелі (ұзына тарих бойында) өмір салты, жауынгерлік, ерлік ұғым-түсініктері, мінез-құлқы, ру, ұлыс ара қарым-қатынасы, ел билеу, заң-жосындары, тіпті жалпыға ортақ делінетін махаббат сезімдері, табиғатпен ара-қатынасы, діндік түйсік-түсініктері арқылы басқа ешбір халыққа ұқсамайтын ойлау жүйесін, поэтикалық шарқын, сөз өнерін, поэзиясын, бейнелеу, қол-өнерін дүниеге әкелді ғой.

Адамзат тарихында мәдени өркениетінде өзіндік орны, үлес, есесі бар ежелгі көк түрік әулеті – Алаш ұлысы қазақтың мың-мың жылдық ақыл-ойының қорытынды асылындай Абай поэзиясын басқа халыққа – тас қалаға қамалғанына мың жылдар болған еуропалықтар мен американдықтарға өз деңгейінде жеткізе алмадық деп аһ ұрудың, қасірет шегудің ешбір негізі де, қисын-қиуы да жоқ деп қараймыз.

Егер ұлылық пен өркениетті тек еуропа немесе орыс, қытай өлшемімен. солардың қалай қабылдауымен ғана бағалар болсақ, қазақшыл, түрікшіл, мағжаншыл қазақ деген ұлттан іліп алар ештеңе де қалмайды. Еуропалықтардың, тағы басқалардың аяғына жығыла зар еңіресек те екі ішекті, тоғыз пернелі (тоқсан перне тақсаң да) домбырадан төгілген ғажайып күй әуенін қазақтай тыңдата алмайсыз, киіз үйді қанша алтынға аптап әлем-жәлем



етіп көрсетсеңіз де баланың ойыншығын тамашалаған ересектерден артық сезімге келтіре алмайсың. Сөзді қанша ойнатып, барынды салғанмен ұлы Абайдың теңдессіз туындыларын «Аттың сыны», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктемге» байланысты өлеңдерін теңіздей терең ойлы «Сегіз аяғын» ондағы «атадан алтау», «анадан төртеу» туса да «Моласындай бақысының, жалғыз қалдым тап шыным», деп зарлаған Абай зарын еуропалықтарға тұшынарлықтай, түсінерліктей етіп жеткізіп бере алмайтыныңды білу үшін де ғұламалықтың керегі шамалы.

Ендеше шетке алақтап, етегіміз далақтап шаба бермей, өз қадірліңді өз дәрежесінде қадірлеп, батысқа қарай қисайып кеткен мойнымызды шығысқа - өзімізге бұра алсақ, адамзаттың бізден – Алаш баласынан алары да аз емес. Біз басқалардан керегімізді өз аяғымызбен барып, табан ет, маңдай терімізді төгіп жүріп, мың өліп, мың тіріліп жүріп, инемен құдық қазып жүріп алғанымызды ұмытпайық. Керек болса басқалар да солай етсін (керек болып еді дүниенің төрт бұрышынан байлық іздеген пысық қалталылар Қазақстанға құмырысқадай қаптады ғой). Рухани, мәдени, сол қатарда Абай сияқты данышпандарымызды да іздеп, табатын Еуропа, Америка, Азия зиялы қауымы табылады. Ешкімге менің Абайымды оқи ғой, керемет екен деп тамсана қой деп жәреукелене алмаспыз. Олар бізше бағаламады екен деп Абай өз биігін аласарта қоймас. Әр нәрсенің орны, уақыты бар.

Ұлттық ақын қашан да ұлт игілігі, ұлт мақтанышы, сол қатарда нағыз ұлттық ақын бола алған ол адамзаттың да, әлемнің де ұлы перзенті бола алады.

Ұлтсыз «интернационал»-маргиналдар жөнінде сөз шығындаудың қажеті бар ма?

Олай болса, қазақта ұлттық ақын қанша, көп пе, аз ба? Біздің міндетіміз ол сұраққа саусақ санап жауап беру емес. Шынтуайтқа келгенде, ол он саусақты қайта-қайта санатып шатастыратындай сонша көп те емес екенін ашып айтуға болады.

Ұлы Абайды ұстаз тұтқан көрнекті ұлт ақындары Шәкәрім, Ахмет, Сұлтанмахмұт, Міржақып, Жүсіпбек, Бернияз, Мағжандармен бұл тізімді бір түюге болар. Бұдан басқа шығыстық, жыраулық үлгідегі ұлы ақындарымызды айтпағанда, жоғарыдағы орыс тілі арқылы еуропа әдебиетін үлгі, өнеге тұтты дейтін ұлы

алыптарымыздың бүкіл поэтикалық, бейнелеу, суреттеу тәсілдері тап-таза, қоспа-шатасыз қазақша – ұлттық екенінде шүбә бар ма? Бал арасы қанша алыстап, қандай гүлге қонақтап нәр жиса да, айналып ұясын тауып, тіл үйірер бал беретіні сияқты шынайы дарындар кімнен, қалай үйренсе де, киелі ұлттық поэзия қасиетін үстемесе, үрпейтіп құтын қашырмайды.

Осы арада тілдік қорымызға талайдан еніп, орныққан «Алыптар тобы» деген сөз тіркесіне өз ойымызды білдіре кетсек дейміз.

Біздің басқа да астын-үстін болып, шат-шәлекей шыққан ұлттық ұғым-түсініктеріміз бен ойлау жүйеміз, санамыз сияқты әдебиет тарихында жеке тұлғаларға байланысты баға-пайымдарымызды да, сол қатарда «Алыптар тобы» жайлы бағамызда да ұшқарылық көп сияқты. «Алыптар тобы» - тарихты, тіршілікті тек өзінен ғана бастап, өзін-өзі әспеттеп, қолдан көсем, классик жасауға шебер большевиктік пиғыл мен қазақы жалпақ шешейлік тудырған көп жасандылықтың бірі деп атап айту қажет.

Олай болмаса, қазақ әдебиетіндегі «Алыптар тобына» кімдер жататынын, сол атауды аузынан түсірмейтін ағаларымыз білмеуші ме еді? «Би жоқта құл жүреді жораға» сияқты бір ащы шарасыз шындық шырылдай үн қатады уақыт деген қалың тұман арасынан.

Ендеше бүгінгі мынау ашық-жарқын сөйлей алатын үрей-үркіңсіз азат заманда сол әділет үніне неге құлақ түрмеске? Неге әркімді өз шама-шарқына, еткен еңбегіне, төккен теріне қарай қайта бағалап, тарихи қателіктерімізді түземеске.

Ұлттық ақын ұғымын айқындап, орнықтыру үшін, ұлтсыз ақындар- советшіл. Одақшыл, партияшыл, тапшыл, батырақтар, көлгір интернационал белсенді ақындар жасаған «Қазақ совет әдебиеті» деген қамшиған дөкейді қайта сарапқа, тарих таразысына тартуға міндеттіміз.

Онсыз тәуелсіз қазақ елінің, тәуелсіз жаңа әдебиетіне жол ашылмайды, әділет түпкілікті орнамайды. Қорланған азаптанған әулиелер аруағы бізді кешпейді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегенді біздің науқаншыл шенеуніктеріміз жүздеп (қанша көп болса сонша байитындай) киіз үй тігіп, таудай ет, көлдей сорпамен ас беру, өрден келген асшы-басшыларға қабат-қабат шапан жауып, ат, тіпті машина мінгізіп, шүлен тарату деп анайы ұғатын көрінеді... Біздің жағдайымызда өлі аруаққа

да, тірі қазаққа да ең керегі тарихи әділеттіліктің орнына келуі, обал-сауаптың парқына жетуі, мына гентикалық жұтқа ұшырап, ұлттық санасы өшкіндеген халқымыздың жас-кәрісіне тағылым үйрету, тәубаға келтіру болмақ. Ұлт өзін-өзі тек жақсы жағынан, той тойлап әлем-жәлемденген сахналастырылған ойындар арқылы танып, білетін деу бір жақты, таза ұғым. Ұлт өзінің қаралы, қайғылы, тіпті сатқындық пен екі жүзділіктің құрбанына айналған трагедиясын танып-білу арқылы, қара жүздерін таңбалап, ар сотымен соттау арқылы да танып біледі.

**Жиіркену, жеріну сезімі – қасиетті сезім, ұлттық арнамысын тазартудың киелі дұғасындай десе болар.**

Мағжан, Шәкәрім, Міржақыптар тағылымы бізге соны аманаттайды. Керек десеңіз, кешегі «Советтік дәуірде» алшандаған пәленбай «Жарық жұлдыздардың» қаншасын бір жерге жинағанда, бір Мағжанның алтын басына тұрмайтынын өтіміз жарылып кетсе де айтатын кез – дәл осы кез. Тарих қайта қаралып, қайта жазылып жатқан осынау мүбәрәк күн.

Шіркін, ұлы Мағжанның мынадай ұлы жырларын бар дауыспен оқып, тәңірімен тілдескендей аспандап, асқақтай алатын күнге жеткен бүгінгі ұрпақ қандай бақытты еді!

*Ерте күнде отты күннен Гүн туған,  
Отты Гүннен, от боп ойнап мен туғам,  
Жүзімді де, қысық қара көзімді  
Туа сала жалынымен мен жуғам.*

*Қайғыланба, соқыр сорлы шекпе зар,  
Мен күн ұлы, көзімде күн нұры бар,  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар!*

Күннен, Гүннен туғандай дауылпаз, от екпінді асау дарынның бірі – Иса Байзақов ақын еді. Көкірегі шабыт кернеп, қыстыққан дала перзенті:

*Ойласаң өткен күнді айтады жыр,  
Тыңдасаң естіледі бір терең сыр.  
Ой өліп, өмір сеніп, көп соғылған.*

*Суреті өткендердің алдымда тұр,* - деп Мағжан туысқанша тереңге, тарихқа бойлай шириғады. Әр кәллада бір қиял демекші.

мынау тарихқа айналып бара жатқан қаралы 70 жылдың қараңғы қапастарында өмірі өксікпен, құсалықпен өтіп, ит өлімімен өлтірілген арыстарымыздың суреті көз алдыға келеді. Сонымен бірге сол ала топалаң, қан қасапта бағыт-бағдарынан адасып, уақыт селінің ығында кеткен таза жанды, шын дарындардың еңбегі еш, тұзы сор болған тәлей-тағдырын еске түсіреді.

Илияс, Сәкен, Қасымдардың далаға атқан оқтай, зая кеткен қанша еңбегінің обал-сауабы кімге? Өтеуін қайдан, кімнен сұраймыз?

*Өзге емес, өзім айтам, өз жайымда,*

*Жүрегім жалын атқан сөз дайында.*

*Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,*

*Тербетіп тулатып бір қозғайында.*

Міне, осылайша шалқыған Қасым өзіне-өзі серт ете:

*Құя алман үгітілген балшық өлең,*

*Көңілімде көл жасаман тамшыменен,*

*Серінің семсеріндей сертке таққан*

*Өлеңнің асылын бір алшы менен,* - деп дарқан жүректің ақ, адал сөзін селдете төгеді.

Ал, сөйткен ғажайып тумысты, сертке берік Қасымымыз өзінің көз алдында жалауы жығылып, өлім құшқан қазақтың ұлы перзенті рухын табалап, тәлкек еткендей, сен Гүннен, Күннен тусаң.

*Мен комсомол ортанышы ұлы Лениннің*

*Тұлғам менің тұлғасындай елімнің.*

*Тегеуріні теміріңді жанышқан,*

*Екпінімен емен үзген еріңмін.* - деп жағ әуенмен, дөйдалаға — Күн мен Гүн перзентіне дұспан жаққа әндетіп, қайрылмай кете барады.

Өкінішті, аянышты. Осыдан кейін — бір ұлтты қақ жарып, баланы - әкеге, ініні — ағаға айдап салған коммунистік зұлымдыққа «социалистік реализм» деп әспеттеген әдеби авантюраға қалай ішің жылиды? Ұлт трагедиясы деген сол емес пе?

*Тауына қарай бұланы,*

*Жеріне қарай құланы.*

*Біз дағы теңіз сынды ел едік...*

Иә, Қашаған жырау айтқандай біз сондай зор да асау ел едік. Енді міне, өзін-өзі өзекке теуіп, қайдағы бір діні де, тілі де, ділі

де жат Ленин, Сталиндерге жетім лақша жабысып, оны әлдеқалай мақтан, мәртебе көретін күнге жетіппіз.

Тар заманның зар наласын етегі жасқа тола жырға қосқан Мұрат бабаны тыңдап көріңіз:

*Мен заманнан қорқып барамын,*

*Кейінгі өскен жас бала*

*Кіріптарда қалар деп,*

*Күндердің күні болғанда,*

*Обалы маған болар деп!*

Қормал, көріпкел абызың текке қорықпапты. Обалы кімге болса да кейінгі өскен жас баланың бірі – Мағжан:

*Көрген сайын көп қысым,*

*Зарлы-ащы дауысым*

*Шырқырар Сарыарқада.*

*Өзегінен өтпей ме,*

*Зарлы жырым жетпей ме,*

*Қарағыма – халқыма?! -* деп қараңғы зынданнан зарлай үн катқан еді. Солай, сол күндерде:

*Бәрін айт та, бірін айт,*

*Колхозды ауыл жырын айт!* - деп, колхоз далаларында аштан қырылған миллиондаған қазақтың ақ сөңке өлігінің үстінде маршпен тайрандап жүрген «Советстан, Социалистанның» Мырқымбайларының өзегі де, құлағы да тас керең еді.

Мырқымбай демекші, еңбекқор қаламгердің бірі – Бейімбет Маилиннің ең «сүйікті» кейіпкерінің бірі – Мырқымбай туралы бірер сөз айта кетпей болмас.

Әр нәрсені өз атымен атап, тегін тектеу керек болса – Мырқымбай аты – затына сай кәдімгі мыжырайған, жетесіз Мырқымбай емес пе еді. Оның бойында табиғатында жоқ қанша касиеттерді жапсыра бергеннен Мырқымбайға дарымайтыны беп-белгілі.

Мырқымбай қанша қоразданып, қомданса да:

*Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?*

*Айбынды Алашымдай ел бола ма?* –деп, Мағжанша кеудесін қаға алар ма?

Немесе,

*Ашуы жсауған қардай, шөккен нардай,*

*Қарт қыран қанжығалы қарт Бөгенбай.*

*Бөкеңнің жас жолбарыс – жеткінішегі,*

*Аузынан жалын шлыққан жас Жанатай!* -сынды алаш азаматы болу оның санасына кірер ме?

Біз қалайық, қалмайық, Мырқымбайлар: «ауыл – айтактікі, кой – тоғамбайдікі» - деген ащы мысқылда шенелген қазағынның типтік өкілі, Күннен, Гүннен туылған текті көк түріктің ХХ ғасырға азып-тозып жеткен мәңгүрт ұрпағаның мәзлұм өкілі еді деп қарасақ, ол басқа әңгіме.

Біздің бұл пайымдарымыздан кейбір «тапшыл», «батырақшыл» ағайындар секем алып, сізше нағыз батыр алашшыл, мықты қазақ болу үшін тек бай-бағлан, немесе колына найза ұстаған жаугер болуы керек пе екен, кедейлік, батырақтық айып-мін бе екен деп кінәлауы да мүмкін. Бірақ ондай тисе терекке, тимесе бұтаққаның заманы өтіп кеткен. әділдіктің өлшемі – бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдің қай жағына шығуға байланысты еместігін тарих жетерлік дәлелдеді.

Мағжанның акындық мектебінен дәріс алып, ұлы ақын ағасынша асқақ жырлар жазып қалдырған, нағыз айға шауып, мерт болған өр тұлғаның бірі – Бернияз Күлеев еді. Мырқымбайлар Берниязша сөйлемек түгілі, ол жазған мынадай алау жалынды жырларды оқуға батылы жетер ме еді?

*Келер бір күн таң атар,*

*Ай да тұар күн шығар,*

*Айдаһардай төксем қаһар*

*Айбарыма кім шыдар?*

*Жүрек толғап, қысса ар,*

*Сонда алдыма кім шығар?*

Пайғамбарымыз Мұхаммед Ғалаиссалам өзінің бір хадисінде былай дейді:

**«Дінге үш түрлі адамдардан қауып төнеді: ниеті бұзық ғалымнан, залым патшадан және өзін білермен санайтын сопыдан».**

Дін – қоғам, адам мемлекет дегенді түгел қамтып тұрған қасиетті ұғым деп қарасақ, біздің заманымызда қатерлі үш түрлі адамның бәрі де болыпты. Тіпті бірі-бірінен өткен кеселді болыпты.

«Жүрек толғап, қысса ар» ғана адамдар ондай залымдарды та-

нып, таңбалай алады екен.

Мұндайда Шығыс түркістандық әйгілі сыбызғышы Ақымжан Болдырған ұлының (1864-1941) мына бір пәлсапалық жыр жолдарымен өзімізді жұбатқанымыз жөн:

*Өткенге өкінсең - өміріңді жсейді.*

*Тәуба қылсаң – күнәңді жсейді.*

*Ақылыңды – қулық жсейді.*

*Дәулетіңді – ұрлық жсейді.*

Ең абзалы – барға – қанағат, өткенге – салауат, болашаққа – үміт.

Жоғарыда айтылғандарды топшылай келе, енді Қазақ әдебиеті» деген қасиетті кітаптың мазмұны қандай болу керек? Оның көш басында тұрар «Алыптар тобы» кімдер? Ұлы Мағжан мектебінен үлгі-өнеге алған адуын дарындар бар ма? Бар болса – олар кімдер? ХХ ғасырды тұтастай алғанда Қазақ әдебиеті қандай кезеңдермен дәуірленуі керек, деген сұрақтар төңірегінде оқырмандармен ой бөліссек дейміз. «Құлдан да бір сөз» деген қанатты сөз демеп, сондай шетін, бірақ әрбір қазақ зиялысына, Алаш азаматына қатысты деп білгендіктен, өз ойымызды білдірдік.

Ең алдымен, басын аша айтар сөз бұған дейін ол қалай аталып, қалай бағаланып келгеніне қарамай «Қазақ әдебиеті» - оны жасаған халықтың басынан кешкен қилы-қилы саяси, иктисади, әскери, мәдени оқиғаларға байланысты түрлі сипатта көрінгенімен қауызды дәннен тазалап шыққанда біртұтас, бір ғана әдебиет болғаны. Оның ұлттық – қазақы әдебиет болғаны анық. Түрлі ұран-саясаттың ұшығы бір дұғамен «тәуелсіздік» атты киелі дұғамен та-зарады.

Сондықтан «Қазақ әдебиеті» ХХ ғасырда шамамен былай дәуірленуге тиіс деп қараймыз:

1. Октябрь төңкерісіне дейінгі ұлы Абай негізін қалаған ағартушылық, ұлтазаттық күресі дәуірі әдебиеті. Оның белгілі өкілдері Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Өсет, Ғұмар, Шәді төре, Машһүр Жүсіп, Бернияз, Спандияр, Сәбит Дөнентай...

2. Октябрь төңкерісі мен азамат соғысынан басталып, 1929 жылғы голощекиндік – сталиндік жаныштауға дейінгі дәуір әдебиеті, яғни «Алашорда» туының көтерілуі мен жығылуы және

кызыл империя жағдайында ұлт мүддесін қорғауды мұрат тұтқан жанталас, тайталас дәуірі әдебиеті.

3. 1929-1989 жыл аралығындағы Советтік дәуірдің ала-құла әдебиеті.

4. 1989 жылғы арыстарымызды ақтаудан басталған тәуелсіз Қазақстанның Азат әдебиеті кезеңі.

Мұның бәрі де әдебиетімізді уақыт пен саяси топаландар ықпалында емес, оның мазмұны мен мәні негізінде жіктеп, саралау принциптерінен туындауы керек дегенді басшылыққа алады. Баяғыша НЭП, коллективтендіру, бесжылдықтар, Отан соғысы, тың игеру, т.б. деп коммунистік партия сүйрелеген қанды соқпақпен сүмендеу енді ұят әрі тәуелсіз Қазақстан жағдайында мүмкін емес нәрсе. Өйткені, ендігі жерде қауқиған «Қазақ әдебиеті» оқулығы залалды көң-қоқыстан, көркем әдебиетке үш қайнаса сорпасы қосылмайтын саяси декламациялардан, құлдық ұрған жағымпаз ойлардан біржола, мәңгі бақи арылуға тиіс.

Бұл барыста тапшыл, саясатшыл «социалистік реализмнің» жойымпаз, ымырасыз қытымырлығына бармасақ та біраз жалған беделдер мен жасанды «Жарық жұлдыздарды» өз атымен атап, «ренжітуге» тура келеді.

Ендеше, «Алыптар тобы» деген айбарлы атауға қалай қараймыз? Әрине, дұрыс қараймыз. Қазақ әдебиетінде нағыз алыптар тобы болды. Еуронаша, орысша айтқанда – классиктеріміз болды. Алайда, бүгінге дейінгі қалыптасқан аяға ол сыймайды және қалайда «Алыптар тобы» атауын біржола орнықтыру керек болса, батылдыкпен ой бөлісуге тура келеді.

«Алыптар тобы» - классиктер ұлт әдебиетінің заңғар шоқылары, ұлы данышпан өкілдері,- деп ұғамыз. Ал, ол тізімге енбей қалғанның бәрі ақын емес, жазушы емес деген ұғым тумаса керек. Бұл араға пендешілік пен ағайынгершілік, мүдделестік пен партияластық сияқты эззілдік атаулы жол жүрмегені лазым.

Алыптар тобының қақ басында қасқайып (XX ғасырдағы деп біліңіз) ұлы Абай тұр. Оның айналасында бойлары мен ойларына қарай тізілін Ахмет, Шәкәрім, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбектер тұр. Ал, «Қазақ совет» дәуірінен тек қана Мұхтар Әуезов пен Ғ.Мүсіреповты қосар едік.



Бүгінге дейін «Алыптар тобын» құрап келген Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Габиден қатарлы қаламгерлер өз үлестерінің шама-шарқына қарай тиісті орнын, бағасын ала береді. Бұрынғыдай әспеттеліп «негізін қалаушылар» ретінде оқулықтан оқулыққа жөнкіле алмас, өйткені, сол құрғыр «негіз» дегеннің өзі – негізсіз болып шыққаны дәлелденген мынау заман бетіне тура қарау керек болып тұрған жоқ па?

Осы арада ұлылардан, онда да орыс пен батыс ұлыларынан үзінді келтіре уәжін, дәлелін нықтамаса, илана қоймайтын қазақылығымызға басып, В.Г.Белинскийге жүгінгіміз келіп отыр.

«Данышпандық дегеніміз (алыптар – данышпандар емес пе? - Ә.Д.) жеке адамның творчестволық дамуының ең биік сатысы. Талант – данышпандыққа қарағанда творчестволық кемірек дарындылық. Біріншілер – мезгілінде түсінілмей, танылмай, бағаланбай, көбінесе өз замандастарынан қуғын мен көре алмаушылыққа ұшырайды олардың даңқы келешекте өздерінің сүйектері қурап қалғанда мәлімденеді. Екіншілері - өз дәуірінің сүйетін, беделін жүргізетін адамдары болады. Бірақ тірісінде құрметтеліп, мақтау мен бақытты болып өтсе де, өлген соң бұл маңызды ала бермейді. Ал, кейде көзі тірісінде де олар өз даңқының сөнгеніне куә болады». Ал, ұлы Оноре де Бальзак: «Талантты (Бальзак бұл арада Данышпан мағынасын меңзеу тұр - Ә.Д.) адам адамдардың бәріне ұқсай береді. Ал талантқа ұқсайтын бір де бір адам болмайды» - деп кесіп айтады.

Біздің саясиланған ұғым-түсініктеріміз бен буалдыр эстетикалық талғамымыз барлық адамға ұқсай беретін, ұлы таланттар (Данышпандар - Ә.Д.) мен ешкімге ұқсамайтын ұлыларды ажыратуға келгенде шатасқан сияқты. Көп жазып, көп кітап шығарған, биік мәнсаптарда ұзақ отырып, кеуде толтыра орден, медаль алған таланттар мен «Даңқы келешекте, өздерінің сүйектері қурап қалған кезде мәлімденетін» Мағжан бастаған данышпандар – алыптар тобын шатастыруымыздың себебі енді түсінікті болар.

Ал, көзі тірісінде де, көзі жұмылған соң да барлық шығармаларында: «советтік сөзге қаламы мұқалып көрмеген» жазушылар өзі туралы, өзінің әдебиетіміздегі (тәуелсіз қазақ әдебиеті) лайықты орны туралы айтып кетті емес пе?

Ақын- жазушыларымыздың әдебиетіміздегі орнын анықтауда назарда болатын басты нәрсенің бірі – олардың жеке басындық кемістіктері, немесе талант, дарындарының әр деңгейде болғандығы ғана емес, теріс соққан уақыт желінен ығып, заманға, саясатқа күйлеп, өз халқына, ұлттық мүддесіне қиянат еткенін біле алмаған саяси басырлығында, ұлттық сананы жасанды таптық санаға билетіп жібергенінде еді. Саяси ұранды ең көп айғайлаған сол ағалар, халқына пайдалы мен зияндыны – тәуелсіздік пен бодандықты, империялық пен ұлттық еркіндікті айыра білмегендігі өкінішті. Күні бүгінге дейін «он патшаның тұсында да уәзір болып», қалғысы келетін өлермендік пиғыл өмір сүруде.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолына көз жіберіп көргендеріңіз бар ма? Мұхаң не үшін бар күш-қуатын, ақыл-парасатын тарихи тақырыптарға арнады? Мынау қанқасап сұм өмірден жерініп, безінгендіктен бе, Мағжанша:

«Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,

Толғанып қарауым сол баяғыға», - деп қалам тербеген болар. Ендеше данышпандық, көрегендік дегеніңіз тек нені, қалай мықты жазу ғана емес, нені жазбау, неден жирене білуден де байқалады деуімізге әбден болады екен. Ал, өмірінің соңғы кезінде жазған «Өскен өркенінің» өркенін жаймай-ақ аяқсыз қалғаны қандай сүйінішті! Ұлы дарынды кірлетпей, шатастырмай пайғамбар жасында әкеткен ақ өлімге кейде риза боласың. Әуезов қаламынан шыққан дүниелердің басым көпшілігі қазақ деген халық қанша өмір сүрсе, соншаға созылып, ұлт байлығы болып қалары, өз сөзімен айтқанда (Мағжанға - Ә.Д.), «Келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз» Мұхтар сөзі екені даусыз.

Дегенмен ондай-ондай ханның қызында да бар екендігін дәлелдеу үшін емес, әдебиетіміздің кешесі мен бүгіні және сөзсіз ертеңі үшін айтып арылмаса болмайтын ортақ мін – ұлы Мұхаңда да, оның «Абай жолы» сияқты тарихи эпопеясында да бар екендігі.

Социалистік реализм деп аталған әдеби тәсілдің жаны, тірегі – тап, таптық күрес, сөзсіз болмай қоймайтын социалистік революция, бәрін де саясатқа бағындыру сияқты тоталитарлық өктемдікке апарар иделогия құралы болуында еді.

Ұлы Мұхаң өз алдына қойған ұлы мақсаты – данышпан Абайдың сом тұлғасын сомдау арқылы туған халқын әлемдік

денгейге көтеру, алып эпопеялық көрініс жасау еді. 30-40 жылдардағы қан-қасапта ондай асқаралы мақсатқа төте жетпек түгілі, қара басты аман сақтап қалудың өзі күн сайын, сағат сайын қауіп-қатерге толы еді ғой. Бірақ соның бәріне қарамай «Түстік өмірің болса, кештік мал жый» дегендей, Мұхан жансебілдікпен ұлы ойға, ұлы мұратқа біржола беріліп «Діні үшін болмаса да, күні үшін» біраз бұра тартуларға шарасыз барған еді.

Мәселен, таптық әлеуметтік, саяси жікке бөлу принципіне үйлесейін деп баланы - әкеге, ініні – аға, кедейді – байға орынды-орынсыз ұрындыра беру салдарынан ғасырлардан бері қалыптасқан қазақы өмір салты, от басылық, ағайындық этика нормалары бұзылып көрсетілді. Ең өкініштісі Құнанбайдай қарадан Хан болған әділ де, парасатты, діндар, көпшіл әке Абайдай перзентіне жау образға айналды.

Абай айналасындағы талантты шәкірттері, ет жақын бауырлары Шәкәрім, Көкбай сияқтылар ұнамсыз, жерітартпалар кейпінде көрсетілуі орны толмас өкініш емес пе еді?

**Дүние жүзіндегі барлық өркениетті елдердің әдебиет тарихы, әдебиеттану ғалымдары салған үлгімен жалпы Абай өскен орта, Абай үлгі-өнеге тұтқан әдеби үрдіс пен белгілі тұлғалар шындығы эпопеяда қалай көрінді, шындық қалай еді, деген төңіректе арнайы зерттеу жүргізу аса қажет.**

Кезінде халықтар түрмесі аталған Россияның отарлау саясаты үшін барын салып, шектен шыққан қатігез зұлымдығымен қазақ халқын зар жылатып, торғайдай тоздырған қазақтар мен қара шекпенділер жөнінде айтылар тарихи сөз «Абай» сияқты тарихи романда айтылмай қалғаны да орны толмас өкініш еді. Дәркембай мен Базаралы бастаған жер, мал дауын даулаушы жарлылардың барар жері – орыс поселкелері мен қазақтар хуторы екендігі айтылмай қалды.

Саясат үшін, саясатшыл әпербақан цензураның көзін көлегейлеу үшін жасалған шарасыз бұлталақтың өзі ұлы суреткерлі қандай тығырыққа тіреп, тарихи шындық қалай бұрмаланғаны ендігі жерде ашып айтылуы қажет-ақ. Айналып келгенде, осының бәрі бұдан былайғы тарихи тақырыпқа қалам тартар қаламгердің қай-қайсысына да тағылым боларлық ашы сабақ демекпіз.

Мағжан және поэзия туралы жазып келіп, прозаға - Әуезовке киліккендей болғанымыз жаңылыс емес, мақсатты түрде болғанын ескерте кетейік.

Өйткені тарихи тақырыпқа жазылған поэзиялық туындылардың ең таңдаулысы деп дәріптеп келген «Күй», «Күйші», «Құлагерден» бастап, «Құрманғазы», «Майраға» дейінгілердің бәріне ортақ мін, сол «Абай» романының міні еді. Ал, сөзді одан да нақтылау керек болса, саяси сана қоздырған жасанды тарихтың жасанды геройлары – кара шекпенділер мен миссионер агенттер қатарын молайтқан, өнін айналдырған большевик қызыл комиссарлар, қызыл отаудан жұлынып шыққан жалаң аяқ, жалаң бас әйел белсенділер – Раушан коммунист, Күлтайлар, ауылнай Құрымбайлар мен Қарасартовтар, «періште» орыс өкілдері сірескен «Қазақ совет әдебиеті» кейіпкерлері.

Қазақтың ұзына салқар тарихы өкініш пен қиямет-қайым арпалысқа толы. Оны поэзия тілімен Жұбан Молдағалиев деп басқан.

*Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген.*

*Жөргегімде-ақ тілдескен мұң тілімен.*

Мағжан бастаған алыптар тобы көтерген Алаш туы – поэзия туы 1929 жылдан былай қарай өздерімен бірге зынданға тасталып, 60 жылға созылған полярлық қыс өкім сүрді. Сол зымыстан қыста киімі жылы, қарны тоқ, көңілі шат ырғын өмір сүргендердің көңіліне қаяу түсіп, «беделіне» нұқсан келер болса да, Бұқар абызымыздың көріпкел жырына үн қосуға мәжбүрміз.

*Ай, заман-ай, заман-ай,*

*Түсті мынау тұман-ай,*

*Істің бәрі күмән-ай,*

*Баспақ тана жиылып.*

*Фана болған заман-ай,*

*Күл-құтандар жиылып,*

*Құда болған заман-ай,*

*Арғымағын жоғалтып.*

*Тай жүгірткен заман-ай,*

*Азаматын құлатып,*

*Жұрт талық болған заман-ай.*

Данышпан Бұқар жырау ХХ ғасырда өмір сүрсе де осы жырын, осы қалпында айтары кәміл.

## ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Біз табалдырығын аттағалы отырған жаңа ғасырдың аламан баласына артар жүгі де, тарттырар тауқыметі де, көрсетер қызық шыжығы да аз болмайтыны жөнінде аңыз-әфсаналарды былай қойғанда, талай көріпкелдер, философтар мен саясаткерлер алуан-алуан болжамдар жасап келді. Ғасыр тоғысы да айдың өліарасы сияқты бұрқ-сарқ борансыз, жауын-шашынсыз өтпейтінін тарих әлденеше рет дәлелдеген. Әйтсе де қашаннан «Көппен көрген ұлы той» деп жағасы жайлау, өңірі қыстау болып жүретін бейғам қазақ осынау дүрбелең тұста ғасырлық, наркөздік ұйқысынан оянып, енді ғана шаңырақ көтерген жас отауының аңғал-саңғал жабығынан жан-жағына көз тастасымен бойын да, ойын да үрей билеп абдырап қалғандай. Біз қайда тұрмыз? Былайғы жұрттың көші қайда-қайда ұзап кеткен? Өзіміз қайдан, қалай келіп қалғанбыз бұл араға? Алдағы бағдарымыз қайсы болмақ? Әрбір саналы ұлтжанды азаматтар киялы шар-тарапты шарлауда. Әркім өзіне таныс, қарымы жетіп, қарпуына көнетін саласы бойынша ой тербеп, нақтылы іске кірісіп те кеткелі талай болған. Қашаннан желдің өті мен жаудың бетінде жалаулатып жүретін қалам қайраткерлері не ойда, қандай іс үстінде екен деп соңғы жылдар жарық көрген кітаптарға назар аударғаным бар.

Қаламгерлеріміздің басым көпшілігі дерлік жүрісінен жаңылып-ақ қалған екен. Бұрынғыша жазуға болмайды, жаңаша жазуға әлі дайын емес. Қаржы-қаражат тапшылығы да қол байлау. Әйтсе де көз қуанып, көңіл сүйінер олжамыз да бар екен. Әсіресе, дәстүрлі қара сөздің ықшам да, шағын саласы ретінде онша көзге түсе бермейтін эссенің күні туғандай. Ол тіпті бұған дейін көтеруі мүмкін болмаған ауыр жүкті қиналмай-ақ арқалап шыға келді дегуге болады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде эссеге: «Бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын көлемді әдеби шығарма»- деп, елеусіз ғана анықтама беріпті. Ал, қазақ қара сөзі тарихында Оралхан Бөкейдің «Жылымық», «Жасынынан» басталған эссе жанр ретінде бірден бой көрсетіп, Әзілхан ағамыздың «Ақиқат пен аңызы» арқылы роман эссе болып шыға келгенде талай адам таңырқап та, жатырқап та қалған еді. Эссе

жанырының зор мүмкіндігі бар екенін алдымен сезініп, құлшына іске кіріскен қаламгердің бірі, әрі бірегейі Қойшықара Салғара болды. Ол коммунизмнің полярлық түнегі басып тұрған сексенінші жылдарды басында-ақ тарих тереңіне барлау жасаған «Алтын тамыр» /1986 жыл/ роман-эссесін жазып, жариялауға батылдық ете алып еді. Содан былай қарай арт-артынан «Көмбе» /1989/, «Қазақтың қилы тарихы» /1992/ және «Қазақтар» /1995/ роман-эсселер легін қазақ оқырмандарына тарту етті. Бұл шын мәніндегі баға жетпес қымбат тартулар еді. Жоғарыда атап өткеніміздей жол айырығында аңырған халқымыздың көкәйкесті сұрақтарына берген жауап тәрізді ұлы Әуезов «Ел боламын десең - бесігіңді түзе» деп ұрандаған тұста батырақ қаламгерлер «Бәрін айт та бірін айт, колхозды ауыл жырын айт» өзеуреді. Күллі қаламгерлерді колхоз даласына, зауыт-фабрикаға, шахтаға қарай айлап, ұлттың мұң-мұқтажын ойлауға мұрша бермеді. Ақыры халқымыз тоқыраудың боқырауына тап болып жаппай мәңгүрттене бастады. Соңдай алмағайып заманда, коммунистік цензураның қырағы назарынан сақтану үшін өзіндік тәсіл табу қажеттігі туғандай.

Жазушы Қойшықара Салғара өзіне әдеби тәсіл ыңғайлы форма ретінде роман-эссені таңдап алса, ортақ мазмұн, түп қазық ретінде ел боламыз десеңіз «ұлттық сананы ояту керек» дегенді алға тартты. Ол мақсатқа жету үшін жазушы мынадай жолды нұсқайды: «Халықтық қасиетіңіздің қазығы –тарихи сананы қалыптастырыңыз, тарихи есіңізді жиыңыз! Міне исі қазақ алдында тұрған ең басты міндет осы.» /Қазақтар роман-эссе. Алматы. «Өнер» 1995.6-бет./

Жазушының төрт томдық роман-эсселерінің де алтын арқауы дәл осы идея болатын. Бізге керегі де, біздің жауларымыздың жаны қалмай қорқып, құбыжықтай құнтитып көрсетіп келгені де, дәл сол ұлттық сананы қалыптастырар тарихи санаға деген зобалаңы болатын. Тарихи жадынан айрылған байғұс халық өз тарихын орысқа ХҮШ ғасырдан, тіпті 1917-жылдың қазанынан бастауға мәжбүр болды.

Егер тарихи шындық пен ғылыми шындықтың бетіне тура қарап сөйлер болсақ, орыс халқы да, күллі түркі халықтары да өзін-өзі танып, тарихына ойлы көзбен қарауға бет бұруда кеменгер Лев Гумилевқа қарыздар екендігі, Лев Гумилев ұзақ өмірін бір

ғана мақсатқа —Еуро Азияны дүбірлетіп өткен көшпенділер тарихы мен мәдениетін зерттеу арқылы олардың адамзат өркениетіне қосып кеткен қомақты үлесін саралап, дәлелдеп беруге арнаған ғұлама тарихшы еді. Бізде ондай биік тұғырға таяп барған ғұлама Әлкей Қаханұлы, тарихшы, ақын Олжас Омарұлы мен жазушылар Мұхтар Мағауин, Лияс Есенберлин және Әбіш Кекілбаевтар болды. Олжас түркі халықтары тарихы мен мәдениетін 1000 жылдық қиянға «Игор полкі туралы жыр» заманымен ұштастыруға талпынса, Мұхтар Мағауин ХҮІІІ ғасырдағы бодандық бұғауынан бұрын да кереметтей өнеріміз бен тарихымыз бар екенін жария етті. Ал бір өзі мынмен жалғыз алысқандай болып босағада қалған хандар мен билердің алтын басын төрге сүйреген Лияс Есенберлиннің жан кешті ерлігінің өзі не тұрады?

Қазақтың азғантай аға буын өкілдерінің ұлттық ой-сананы оятып, тарихи санасын қалыптастыру жолында төккен терлері зая кетпеген екен. Олжас ағамызша айтқанда бүкіл әлемге «жаны таза талантты халықтың трагедияға толы ұлы тарихы, болашаққа сақтаған жасампаз күш-қайраты бар екенін» жария еткен «Қазақтар» сияқты роман-эсселер дүниеге келді. Оған іле-шала Тұрсын Жұртбайдың «Дулығасы» қос томдық болып оқырман қолына тиді.

Бір өкініштісі, кезінде Абай ашына әшкерелеп, сынап кеткен қазақы оңбағандықтарымыздың біразынан, әсіресе, өзгенің болмашы нәрсесін тамсана мақтауға, ал өзіміздің одан әлде қайда жақсымызды бағалай білмейтін іштарлығымыздан әлі күнге арыла алмай келеміз. Жылдар бойы архив ақтарып, көз майын тауыса жиған-тергенін жүйелеп халқына ұсынған Қойшықара сияқты қаламгерлердің еңбегін дұрыс бағалаудың орнына оны көшірмеші, тіпті ұрлықшы етіп көрсетуге бейім тұратын ағайындарға не деуге болады? Ойлап көріңіздерші! Бір ғана «Игор полкі туралы» канша аңыздар айтылып, ол туралы жүздеген кітаптар жазылды. Ондаған кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Ал біздер әлі күнге дейін аңыздық Қобыланды мен тарихи қобыландыны айыра алмағанымызбен қоймай, қазақ хандығының құрылған датасын нақтылай алмай әре-тәре болып айтысып келеміз. Олжас Сүлейменов сонау 1972 жылы-ақ: Тарих бәрімізді сынайтын ерекше психологиялық емтихан, осыған қарап суреткердің дүние та-

нымын және оның рухани, саяси түйсігінің салмағын анықтаймыз. Тарих тек біздің өткеніміз ғана емес, өткенмен болашақпен байланыста жатқан бүгінгі болмыс, тарихтың бір үзігі... Қытайдың, мұсылманның, жоңғардың империяларынан ұлы Отан қорғап қалған халық өзінің қасиетті өмірбаянын білуге хақысы бар. «Сол өмірбаян өзін қастерлеуді талап етеді»- деп ашық жаза алып еді. Дауылпаз ақынға тарихшылардан гөрі жазушылар жақын болып шықты. Жазушы Қойшықараның «Қазақтарымен» түйінделген төрт томдық роман-эсселері қазақ халқының «Қасиетті өмірбаянын білуге апарар» соны сүрлеу тәрізді. Ендеше, «Қазақтар» оқырманға несімен қастерлі. Онда нелер сөз болады?

«Қазақтар» негізінен қазақ хандығы құрылғаннан бастап, ыдырағанына дейінгі аралықтағы тарихи оқиғаларды арқау еткен шығарма. Бүгінге дейін әркім әрқалай баяндап, түрлі болжамдар, тұжырымдар жасап келген тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларға өзінше баға беріп, әділ көркемдік шешім шығаруға талпынады. Түйіндеп айтар болсақ: «Қазақтар» бізге мынадай ой тастап, бағадар нұсқайтын сияқты.

1. Қазақ халқы ежелгі хұн, сак, үйсін дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқан өміршең, жауынгер ұлыстың бірі екендігі.

2. ХҮ ғасырдың орта шенінде өз алдына отаулап шыққан қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандар және олардан кейінгі көш бастаған даңқты хандар мен сұлтандардың ерлікке толы өмір жолдары мақтанышпен сөз болатындығы, әрі Өзбек хандығы Шайбанилер дегеннің қазақ хандығымен тығыз байланыстағы түбі бір туысқандар екендігі.

3. Қазақ хандығының тағына отырған үлкенді-кішілі хандардың тектік шежіресін әрі олар жүргізген ішкі-сыртқы саяси-әскери саясаты, жорық жолдарын шыншылдықпен, көркемдікпен айшықтап бергендігі.

4. Орыс және басқа да шетелдік зерттеушілер түрліше атап, түрліше сипаттап келген Ақ Орда, Көк Орда, Алтын Орда, Боз Ордаға қатысты жаңсақ ұғымдарға батыл тойтарыс береді. Шетелдік зерттеушілердің түркі халықтарының өмірі мен дүние танымын білмейтіндігін нанымды түрде дәлелдегендігі.

5. Әсіресе, кеңестік дәуірде ұлы орыс шовинизмі мүддесін қорғап, отаршылдықты ақтау мақсатымен жазылған жалған



саясиланған тарихты әділ сынағандығы, бүгінгі өскелең ұрпақтың әділ, ғылыми тарихқа деген қызығуын оятып, отаншылдық рухын көтеруге қызмет етеді.

«Қазақтар» роман-эссесі көтерген негізгі идея ұлттық сананы қалыптастыратын тарихи санаға жол ашу. Ата тарихымыздың ақтандақтарын толтырып, өзімізді-өзімізге таныту арқылы тарихи жадымызды жаңғырту мақсатына қызмет ету болмақ. Мұндай қасиетті мақсат үшін қызмет етуді мұрат еткен Қойшықараның «Қазақтары» барша қазақтардан қандай құрмет көруге де хақылы.

**Әлімғазы Дәулетхан**

*Қойшықара көкеме мемлекеттік сыйлық беру жолындағы дүбірге үн қосуым еді.*

*Бұл «Заман-Қазақстан» газетіне шыққан болатын. 1996 жылы жаз айларындағы нөмірлерінде.*



## ӘСЕТ НАЙМАНБАЙ МЕН ШЫЛБЫ- ӘЛІМАХҰН КӨБЕКҰЛЫНЫҢ ЖАЗЫСҚАН ӨЛЕҢ ХАТТАРЫ ЖӨНІНДЕ

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Әсет Найманбайдың өмірі мен шығармашылығы жөнінде аз жазылған жоқ. Ақын, сазгердің толық жинағы да таңдамалы топтамалары да жарық көріп келеді. Қазақстанда ғана емес, көршілес Қытай жеріндегі қазақ бауырларымыз да оқшау тағдырлы ұлы тұлға жөнінде зерттеулер жазып жариялады. Соларды ой елегінен де, көз елегінен де өткізіп көргенімде Әсет ақынның тағдыр-тәлейіне қатысты мен білетін қанша өлеңдердің әлі де назардан тыс қалып қойғанын байқадым. Бұл жолы сондай ұмыт қалған бір өлең хаттың жазылу жағдайын айта отырып, өлеңнің мәтінін толық жариялауды жөн көрдім.

Әсет Найманбай 1876 жылы қазіргі Жезқазған өңіріндегі Ақтоғай ауданында (бұрынғы Қарқаралы уезі, Темірші болысына қарасты 6-шы ауылда) туып, 1923 жылы қазіргі Қытайға қарасты Іле қазақ облысының Көкқамыр жайлауында қапыда қаза болып, сол жайлаудың Ыламбура текшесіндегі Тасжота бейітіне жерленген еді. 1986 жылдың тамызында Құлжа аудандық мәдениет мекемесі ұйымдастырған ақындар айтысына қатысқан ақындардың бастамасымен Әсет Найманбайдың басына сәулетті кесене тұрғызып, игілікті іс тындырды.

Әсет Найманбай өмірінің ең бір мағыналы да жемісті жылдарын Тарбағатай мен Іле өңірінде өткізіп, әйгілі әндері мен өлең-толғауларын осы өңірінді жайлаған «төрт Қызай, төрт Саманың» ортасында шығарып елге таратқан болатын. Олардың басым көпшілігі баспа бетін көрді деуге болады. Ал, біз сөз еткелі отырған «өлең хаттың» тағдыры тіпті де өзгеше еді. Ол туралы тоқталмас бұрын үш жүзге аты мәлім Әсеттей өнер несімен бой теңестіре хат жазысып сұхбаттас бола алған Шылбы Көбекұлы жөнінде қазақстандық оқырмандар онша біле бермейтінін ескеріп кеңірек мағлұмат бере кетуді жөн көрдік.

Шылбы Көбекұлы Қытайдағы қазақтардың ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген көрнекті ағартушы, діни ғұлама ақын әрі күйші композитор болған адам.

Ол ән мен күйді ағартушылық, діндік шариғат насихаты үшін қызмет еттірген, ғылым мен өнерді, дін мен ағартушылықты шебер ұштастыра білген еді. Сондықтан да Іле мен Бұратала өңірін мекендеген қазақтардың «төрт Қызай, төрт Сама» (1) атасымен ілелік тараншы, дүнген тіпті моңғол, сібе арасында Шылбы ағлам ақун деген атақпен танымал болса керек.

Шылбы 1860 жылы қазіргі Бұратала Моңғол автоном облысының Құсемшек деген жерінде туылған, азан шақырып қойған ағы Әбілжан болса да жеңгелері мен шешелері еркелетіп қойған аты – Шылбы, кейін сол атымен аталып кетеді. Әкесі Көбек шағын ауқатты, шала сауатты, момын шаруа болған, Ал, шешесі Динаоқыған, көзі ашық, өнер-білімге құштар адам болған көрінеді. Өйткені әжесінің әкесі Жансейіт молда өз заманындағы белгілі діни оқымысты әрі ақындығымен жұртқа танылған адам. Жансейіттің әкесі Орта жүзге танымал Бердікұл күйші болатын. Әйгілі күйші Әшім Дүңшіұлы тартатын «Бердікұлдың сыбызғысы» деген күй әне сол Бердікұлдан бізге жеткен күйдің бірі болатын. Көзі ашық, көкірегі ояу Бердікұл күйші зерделі баласы Жансейітті 13 жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне оқуға жіберіп, төрт жыл оқытады. Еліне сол заман үшін едәуір білімдар болып оралған Жансейіт мектеп ашып, ағартушылықпен бірінғай айналысады. Жүре келе емшілікпен айналысып, сол замандағы апатты дерттің бірі – жабайы шешекті емдеу жолымен көптеген сәбилерді ажал аузынан алып қалады. Жансейіт молданың мына бір өлеңінен оның өмір жолынан хабар табуға болады:

*Баламды бір қалаға жіберсем деп,  
Әкеміз жүреді екен көңіліне алып.  
Сол ниетпен жіберді Семей жаққа.  
Әкеңнің жақсылығын еш ұмытпа.  
Он үшімде оқыдым сабақ алып,  
Он төртімде түрікті алдым танып.  
Әкеңнің жақсылығын еш ұмытпа.  
Әкеміз мұндай жолға бастамаса,  
Бұл жолды табар едім қай уақытта.  
Келдім де төрт қызайға болдым молда.  
Құдай-ау, әр ісімді өзің оңда,  
Иә, Мұхаммед Мұстафа Үмбетіңмін,  
Асан қып әр жолымды өзің қолда.*

Шылбы жеті жасынан бастап осындай оқымысты Нағашы атас Жансейіттен дәріс ала бастайды. Нағашы атасы жиенінің зеректігі мен алғырлығына дән риза болып, ықылас батасын берген екен.

Өнер-білімге қанша құмартса да жас Шылбы әкесінен асып, шырқап оқуға шарасыз қалады. Ағасы Әлжаннан ұсталық үйреніп, теміршілік пен зергерлік өнерді жақсы меңгеріп алады. Өзінің шеберлігіне әбден сенген бозбала Шылбы Іленің сол тұстағы әскери-әкімшілік орталығы болған Күре қадлашығына келіп, дүкенін құрады да, жұрттың тапсыры бойынша ер-тоқым, күмістен әбзелдер, әшекейленген зергерлік бұйымдар жасап аты шыға бастайды. Ұғымтал, зерек Шылбы осы барыста ұйғыр, қытай, маньчжур, моңғол тілдерін үйреніп, сауатын ашады. Уақыт өте келе Күредегі ұлыққа шағымдана келген момын шаруалардың талап-тілектерін жеткізуші, аудармашы, келістіруші болып аты шыға бастайды. Есесі кеткен момын қазақ пен ұйғыр, моңғол Шылбыны жағалап, ел ішіндегі абырой-атағы арта береді. Әйтсе де осының бәрі Шылбыны қанағаттандыра қоймайды. Жасынан нағашы атасы Жансейіт молда жүрегіне ұялатып кеткен исламиятқа қызмет ету, құдай жолын, шариғат өкімін ұстануға аңсары ауа береді. Ұйғыр, дүнген ғұламаларынан ислам негіздерін тереңдей үйрене жүріп, білімін жетілдіре береді. Талай шаршы топтарға түсіп, шариғат айтысып, пікір таластырып, өзіне тән шешен тілмен термелеп, өлеңдетіп, Құл Қожа ахмет Яссауидың «хихметтеріне» еліктеп, хихметтер айтып жұртты өзіне баурап әкеледі. Құлжадағы діни ғұламалардың сынағына толып, шаршы топта Байтолла мешітіндегі жұма намазының соңында, 1912 жылы Шылбыға «Ағлам ахұн» деген атақ береді. Содан бастап қолына дүресін алып, ақ шапан киіп, ақ сәлдесін орап, ақбоз ат мініп, төрт қызай, төрт саманы аралап, әмір мағұрып (діни үгіт-насихат) айтып дін жолына біржола түседі.

Әлеуметтік әділетсіздік, теңсіздік жайлаған отар халықтың көзін ашып, өнер-білімге тарту, мәдениетке үндеу Шылбы Ағлам ахұнның басты мақсаты болып қалады. Ол бір өлеңінде былай деп ой толғайды:

*Шешендер қатияда жол тапқандай,  
Болады ғылым деген шам жаққандай.  
Белгісі ақымақ адам – қарыздарлық,  
Үстіне көріп тұрып боқ жаққандай.*

Шылбы Ағлам ахун дін мен әділеттілік үшін күресті қатар алып жүрген, өз заманының бағыл күрескері болған адам. Маньчжур-Қытай өкіметінің Ілені билеуші генерал мекемесінде төрт ғалдай болған екен. Ғалдай маньчжур-сібе сөзі болып, ол басқарма бастығы дегенді білдіреді. Оның дәрежесі кеңесші уәзірмен шендес болса керек. Солардың бірін қазақтар Шыбар Ғалдай деп атаған.

Шыбар Ғалдай жергілікті қазақ билеушілерінен алған парасын ақтамақ болып солардың шағымымен Шылбы бастаған 17 адамды мырза қамаққа алдырады. Сол кезде ғалдайлар мен төрелерді әшкерелеп:

*«Екі құла жорға атты,  
Тарту қылдық Ғалдайға.  
Яң Тұңлиң (2) кетіп қалған соң,  
Ғалдайлар оны алмай ма?  
Бұл жеменқор мәнсапты,  
Бейуаз елді жалмай ма?  
Осыдан аман бір шықсақ,  
Қағама Ғалдай шатужайға!  
Екі Ғалдай ұлығым,  
Миңго (3) жолы сондай ма?  
Сөйлесерміз әлі де,*

*Тіл барында таңдайда,»*- деп қасқая қарсыласады.

Арты ашылып қалудан сескенген Ғалдайлар Шылбыны шақыртып алдырып, оған жергілікті төре, ақалақшы, мампаңдармен (4) рақайласып тату жүрсе жоғары шен береміз деп алдарқатады. Мұндай сайқал уәдеге сеніп көне қалар Шылбы қайда? Өршеленіп өрши түскен ол:

*Қасқыр келіп жемекке қойға шабар,  
Қотан ит те қасқырмен бірге талар.  
Қасқырмен бірлесіп қойды жесіп,  
Ертең бірдей сақ ит боп қала берер.  
Ешбір адам мұнымды білмеді деп,  
Жамап атын қасқырға артып тойып алар.  
Мұртын майлап, жылмаңдап жемтік іздеп,*

*Қорқау қасқыр, қотан ит ән де салар!* – деп топты төре-қара алдында табан астында осы өлеңді айтады.

Сонда Жаметік деген заңғи ғалдай: «Сізше қасқыр кім, қотан ит кім?» - деп сұрайды. Айылын жиғысы келмеген Шылбы бірден:

«Е, қотан итім мына маңпаң, ақалақшылар да, қасқырым – мына екі ғалдай болар», - дейді.

Ғалдайлар мен мәнсапшылар қанша өшіксе де табан астында еш нәрсе істей алмай дал болады. Өшпенділігін ішке бөккен мәнсаптылар орайлы сәтін күтіп, теке тіреске басады.

Шылбы 1919 жылы Іле қазақтарынан алғашқылардың бірі болып Құлжа ауданына қарасты Белекей-Шолақай деген өз жерінен мешіт-медіресе салдырып бала оқытуға кіріседі. Халықты отырықты болуға үндейді. Шылбының басқан ізін аңдуға түскен өзінің аталас туысы Сламжан ақалақшы Күредегі Ниушы деген генералға мынадай арыз түсіреді: «Шылбы бұзық, хан бұтханасына қарасты жерді тартып алып, сіздердің рұқсаттарыңызсыз мектеп-медіресе салғызды. Қазақ қоржа (жатақ, отырықты) болмайды, көшпенді халық. Шылбы хан жарлығына қарсы шықты...»

Күредегі қытай генералы қаһарланып, дереу 200 әскер аттандырып Нарынсала деген қыстаудағы Шылбы салдырған мектеп, мешітпен бірге бірқанша үйді де қиратып тастайды. Бұған қатты назаланған Шылбы:

*Мешіт, мектеп қираттың сарайымды,*

*Жаратқан көтерсе екен талайымды*

*Қан құмар қара ниет қарақшылар,*

*Құдайым өзі берсін сазайыңды,-* деп мұңаяды.

Шылбы өз ісінің ақтығына, әрі қолының тазалығына сенгендіктен де болар, қазақты майпаң жоға мәнсаптыларынша қытай ұлықтарынан жасқанбай, аузына келген лебізін іркіп қалмаған, істеген ісін жарты жолда тоқтатып көрмеген батыл адам болған екен.

Қазақтың момындығы мен атқа мінерлерінің су жүрек табансыздығын малданған маньчжудың үлкенді-кішілі ұлықтары қазақ арасына барғанда ойына келгенін істеп, елді масқаралап кете беретін болған.

Қытай үкіметінің жергілікті ұлықтары жаз жайлауда мал бажы жинауға топ-тобымен анталай аттанушы еді. Тура асу, Көк камыр жайлауындағы қазақтардан алынар бажыны он күн ішінде жинап бере қоймадың деп қаһарланған маньчжудың ұлығы елдің 20 зәңгісін (кіші ру басылары) қойша көгендетіп, күнге борсытып тастап қойғанын естіген Шылбы ел намысын жыртып тәуекелге бел буады. Алдымен Сламжан ақалақшыға жолығып: «Адамды

көгендетіп қойған деген не сұмдық, сендер осыны көріп тұрғанша өлсеңдер болмай ма, мұны кім істеген? - дегенде, Сламжан:

- Мықты болсаң, анау үйде жатқан ұлыққа айт ол сөзіңді, - деп кекетеді.

Атын ұлықтар жатқан үйдің белдеуіне әдейі тақай байлаған Шылбы үйге аршындай басып кіріп барғанда, құс жастықты құшақтай жатқан ұлық орнынан қарғып тұра:

-Хаума, Ахүн, хаума? (жақсы ма, аман ба) деп қалбақ қағады.

-20 зәңгіні көгендетіп қойған сенің денің сау ма? Сонда өкіметтің бажысын кім жинап бермек? Бұл неткен ақымақтық, елді осынша қорлауғы кім саған құқық берді? – деп көгендегі зәңгілерді түгел босаттырып жібереді.

Осы бір жантүршігерлік кесітушілікке жол берген атқа мінерлерге зығырданы қайнаған ақын былай ширығады:

*Есер жігіт елінен айрылады,*

*Есетескен досынан айрылады.*

*Есті адамның еліне бір іс түссе,*

*Өзіне оқ тигендей қайғырады.*

Шылбы Көбекұлы Ағлам ахұндық атаққа ие болғаннан бастап мағыналы діни уағыздар айтып, елді исламиятқа үгіттеуде . ел ішіндігі әділетсіздіктерді, қарау шығайбайлықты әшкерелеуде өлеңді қуатты қару орнына пайдаланып отырады. Бір қақпай төрт тағандарды былай қойып, «Әтікей-Нұржекей» атты батырлық жыр, «Мәймұна», «Қызыл гүл», «Кәрі жан досым», «Хиамет аху-алы», «Нәсихат» қатарлы дастандар мен бәйіт-жырлар жазып. ел ішіне кеңінен таратқан. Шылбының «Әтікей-Нұржекей» дастаны жөнінде «Қазақ Совет Энциклопедиясының» 12 томында хабарлама жасалған.

Шылбы Көбекұлы Шынжаң қазақтар жазба әдебиетінің негізін қалаушы ардагер ақындар қатарында құрметпен аталады. Оның артында қалған бай әдеби, музыкалық мұрасы мерзімді баспасөзде үздіксіз жарияланып, ғылыми зерттеу мақалаларына арқау болды. Қазақ мектептерінің 11 сыныптарына арналған әдебиет оқулығына ақынның «Өмір сыры». «Жігіттік» қатарлы өлең толғаулар топтамасы енгізілген.

Шылбы Көбекұлының ақындық жолын мынадай үш бағытта қарастыруға болар:

1. Өмірдегі ұнамсыз кертартпа құбылыстар мен надан озбыр

билеушілерді әшкерелейтін мазактап-ажуалайтын өлеңдер мен толғау жырлары.

2. Адамгершілікті, ізгілікті дәріптейтін үлгілі насихат-ғакиялық толғау, термелері.

3. Діни уағызға құрылған иман, ахирет, мұсылмандық қарыз-парыздарды мазмұн еткен толғаулар мен дастандары.

Осынау алуан мазмұнды өлең-жырларының алтын діңгегіндей болған «Арман» атты толғауынан үзінді келтіріп көрелік:

*Жазайын заманымның қылықтарын,  
Амал не көріп тұрмын былыққанын.  
Пұл берсең, мәнсап беріп, сөзің сөйлер,  
Әзіргі бастап тұрған ұлықтарың.*

.....  
*Шамаша мектеп ашып мешіт салдым,  
Елімнің напандығын есіме алдым.  
Қазаққа ғылым, өнер үйретем деп,  
Көп жолдас, ел жұртымнан серік алдым.  
Айтысын елу жылдай ғылым үшін,  
Жетпістің үшеуіне келіп қалдым.*

Осы өлең жолдарында келтірілген «көп жолдас, ел жұртымнан серік алып» деген не сөз екен деп әкем – Шылбыұлы Дәулетханнан сұрағанымда ол кісі мынадай қызықты естелік айтып берген болатын.

Шылбы Ағлам ахұн болып ел аралап жүргенде қызай ішінде Сұлтанкелді руынан шыққан от ауызды, орақ тілді Әубәкір молда бастаған 50-60 өнерпаз сал серілері ерте жүретін болған. 50-60 атты адамды төрт қатарлы сапқа тұрғызған Әубәкір молда топтың алдында исламның ақ туын ұстаған Шылбы Ағлам ахұн соңынан әндетіп маршпен жүргізеді. Өзі әні мен сөзін жазған «Ислам әскерінің маршын» орындаушыларға қолымен дерижерлық жасап былайша тау даланы жаңғыртады екен:

*Сынып құдайға,  
Қиылып қызайға.  
Бір марш бастасаң,  
Исламға ұнай ма?  
Шылбы Әлімахұның,  
Нәсілі жақының*



*Зейін сап қарасақ,  
Өтірік жылай ма?  
Ояншы, қызай-ау,  
Көрсенші құдай-ау!  
Әзіргі тастының  
Көрдің ғой қастығын.  
Жемтікке жиналған,  
Бәрі де құмай-ау.  
Әзіргі байларың,  
Мың-мыңнан айдадың.  
Кеттің-ғой байғұстар,  
Соңынан пайданың.  
Бірлікпен жүрмедің,  
Ғылымды білмедің.  
Бастаған халфемнің,  
Соңынан ермедің*

Бұл өлең жолдарынан Шылбы Әлімахұнның ел ішіндегі абырой-атағы, ықпал-аясы қандай екенін аңғартуға болады.

Шылбы Әлімахұн өз өлеңдерін «бәйіт» деп, ал, жаңадан өлең туар кезде «жамағат бәйіт келіп қалды, тыңдаңдар!» - деп құлақтандырып алып толғайды екен. Бәйіттің ән әуендерін де өзі шығарып айтатын болған. Әкем Дәулетхан ол кісінің төрт-бес мақамы бойынша өлең толғауларын айтып отырушы еді. «Әтген дүние», «Арман», «Күй басы» қатарлы ондаған шертпе күйлері де болған.

Енді бірер сөз «Әтікей-Нұржекей» дастаны туралы. Суанның ер жүрек батырлары Әтікей, Нұржекейді Шылбы өзіне нағашы тұтып, мақтаныш етеді екен. Өйткені Көбектің бір әйелі Әтікейдің апалары болып келеді. Нағашыларының ерлік жолын мақтаныш тұтқандықтан «Әтікей-Нұржекей» дастанын жазған.

«Әтікей-Нұржекей» дастаны жөніндегі алғашқы ізденістер шығыс-түркістандық фольклористері назарына өткен ғасырдың 80 жылдары іліне бастады. Өлкелік «Мұра», «Шұғыла» журналдарында үзінділері жарияланып, оның авторы Шылбы Көбекұлы екендігі анық жазыла бастады.

Ал, Қазақстанда «Әтікей-Нұржекей» (Әтікей шамамен 1870-1902 жылдар аралығында Жәркент өңірінде өмір сүрген Суанның әйгілі батыры еді) «Әтікей-Нұржекей» дастанының бірқанша

үзіктері табылғаны бірақ бәрі де бір-бірінен тым өзгешелеу екендігі жөнінде профессор Сәрсенбі Дәуіт жазып жүрді. Ел ішіндегі аңыздарға қарағанда бұл дастанның авторы жәркенттік Мұқан молда болуы немес әйгілі Бақтыбай ақын болуы мүмкін деушілер де бар.

Жәркенттік Мәлік Рақымберді және ақын Тоқбай қатарлы адамдар аудандық «Ұлағат» газетінде ол туралы мақалалар жариялаған. Мен осы жағдайларды ескеріп, істің анық-қанығына жету үшін республикалық «Алатау» арнасында істеп жүрген кезімде, 1991 жылы осы жағдайлардан жақсы хабардар Тілеужан Сақал мен жәркенттік Тоқбай және ғалым Сәрсенбі Дәуітті шақырып, арнайы телехабар жасадым. Біз әртүрлі пікірлермен ұқсамаған нұсқаларды салыстыра келе «Әтікей-Нұржекей» дастанының авторы Шылбы Көбекұлы деген ортақ уәжге тоқтаған болатынбыз. Сол жылы «Алматы ақшамы» газетінде Сәрсенбі Дәуітұлының «Әтікей-Нұржекей дастаны туралы» деген зерттеу мақаласы мен дастанның ұзақ үзіндісін жариялаған болатын. Содан бергі ширек ғасырға жуық уақыт ішінде біздің сол ортақ қортындымызға өзгеріс енгізген зерттулер бола қойған жоқ.

Шылбы Көбекұлы Ағлам ахұндық атаққа ие болғаннан бастап мағыналы діни уағыздар айтып, елді исламиятқа үгіттеуде, ел ішіндегі әділетсіздіктерді, қарау шығайбайлықты әшкерелеуде өлеңді қуатты қару орнына пайдаланып отырады.

Мен Шылбы Әлімақұнның бел баласы Дәулетқанның ұлымын. Жастайымнан әкемнің айтуынан Шылбы атам мен ақын Әсеттің өлең хаттары жөнінде естіп өстім. Ол хаттардың толық мәтіні сондықтан да маған таныс. Әкемнің айтуынша атам мен ақын Әсет қанша талпынсада жүзбе- жүз кездесіп, сұқбаттас бола алмағанын өкініш пен еске алып, ылғый да дұғасына қосып, пақын рухына бақыштап отырады екен.

1923- жылы қайтыс боларынан жарты жыл бұрын ақын Әсет Құлжа қаласынан 160 шақырым шалғайдағы Шылбы Әлімақұнға арнап алғаш рет жазған өлең хатының толық мәтіні төмендегідей еді.

*Атына хамду Сана жалғыз хақтың,  
Күпуан теңдесі жоқ заты пәктің.  
Исламның панарына жарық жасақан,*

*Көп дүрүт рухына Ахметтің,  
Сен сыйла және төртеу мұсылманға,  
Ішінде әсілі мағлұм неше Баптың.  
Төрт түрлі дін пухаға жол шығарған,  
Боламыз сол жолында Мазһаптың.  
Үмбетпіз ақырзаман мұстафаға,  
Сөндірме дін шырағын әл-Хазреттің.  
Төлегетай – төрт Қызай, бабаң Меңіс,  
Тәңірберді, Құдайназар, Есенкелді.  
Кененбай, Шағырай, Көлбай дін басшысы,  
Асылзат адамысыз мұндай таптың.  
Марқұм Көбекұғлы Шылбы-ағзам,  
Шақырып шариятқа дабыл қақтың.  
Қазақтың қатты көңіл көнбестерін,  
Шарият қанжарымен тура шаптың.  
Бұл күнде жұрт халфесі атаныпсыз,  
Енишәлла құтты болсын бақты-тақтың.  
Бірнеше кірлі тәннің татын қырып,  
Бәйітпен нәжістерге жұпар жақтың.  
Қыла бер Әмір Мағрұп жалықпастан,  
Халыбы (жүрегі - Ә.Д.) қайыл болсын ақымақтың.  
Мұсылман тайпасының ғуламасы,  
Мағызлы-тәтті жеміс бау-шарбақтың.  
Адамы ақырзаман көрмей таныс,  
Мөлшері болып еді сол уақтың.  
Мұхтарам Шылбы халфем, дұғай сәлем,  
Сынарсыз қалыбынан жазған хаттың.  
Аз сөзден көп мағына абайласып,  
Жаршысы сәлем жазды милләттың.  
Ардақты Милләт басы Шылбы ғалым,  
Ғұлама тақуадан алдың тағлым.  
Баласын пәни адам аздырмаққа,  
Жол алған қан тамырдан шайтан залым.  
Арабта дін басшысы Маһди дейді.  
Қыла жүр, Әмір мағрұп келсе халың.  
Пәниге келген адам қайтуы анық,  
Болса да басқа жалған, осы мағлұм.*

Жас жігіт, қайыл болсын – сәби бала,  
Іздеу сізден болғанда, беру бізден деп.  
Аятында айтып тұр хақ тағала.  
Уахырраби зетниялһан демеп не еді,  
Құранда хабар берген сөзі және.  
Сарып қыл қалған жасты ғылым іздеп,  
Жіберген ібілісті жолдан бұз деп.  
Әр адам оқу үшін аянбаса,  
Аямай жаббар алла береді көп.  
Бұл аят оның үшін һазір болған,  
Омай отұл хикмета фаһади утя  
Хаіран-Қасиран, деп.  
Жаға бер жан шыққанша дін шырағын,  
Әл-һазірет үмбетінің жеген қамын.  
Тахтына тарихаттың лайық келіп,  
Жасыңнан тақуаның іштің жәмін.  
Ғауамды бәйітпенен сөле жайлап,  
Өзіңді алла жөндер рахым айлап.  
Жұмбада құтпа оқыған хош әуезің,  
Шаһдінің бұлбылындай тұрған сайрап.  
Ғибадат, шындық ниет қабыл болмақ,  
Дәлел бар бұл туралы айтқан байлап.  
Ерінбей софы Алдыр соқпақ тапқан,  
Атады әлімахұн жұртың сайлап.  
Күнеске мен де биыл бармақшы едім,  
Дәмім мен көтерілсе ризық айдап.  
Мен келсем, Көкқамырдан көшіп кетіп,  
Жүруші едім бір көруге әуес етіп.  
Ешиалла нәсіп болғай, жолығармыз,  
Қалмаса тағдыр жетіп, өмір өтіп.  
Уа лекін айтар жасауап толып жатыр,  
Байқатып көрсетейін сөз өлшетіп.  
Ахуным, хош аман бол жолыққанша,  
Тұрамын өзіңізден қағаз күтіп.  
Тілден сөз, бір күн қалар қолдан қалам,  
Жолыққай жол ашылып азмас әлем.  
Уақыт тар, камал жасауап жаза алмадым,

*Ахұным Шылбы халфем, хош аман бол!  
Бүліктен бұл Мазафан аман болып,  
Тыныштық ұялатқан болсын заман.  
Арғын Шор Әсет ақын қол қоюшы,  
Болмаса көңіл баяу, жүріс шабан.*

### **Шылбы-Әлімахұнның Әсетке жазған хаты**

*Аллаға сансыз хамду зікір айтам,  
Сөзімде айып етпе болса қатам.  
Алыстан келді аңсаған кер құландай,  
Өзіңе сәлем жазып, жауап қатам.  
Алашқа атың шыққан шын жүйріксің,  
Сөзіңде бұралқы жоқ бөтен-сатан.  
Гайыптан мынау сәлем қолға келіп,  
Қойып тұр зор талапты маған қатаң.  
Қызайға меймаң болып келіп қапсың,  
Іздеген кісі емессің ат пен шапан.  
Сөзіңнің сыры терең, бағасы зор,  
Алтынды мыс пен жезге неге сатам.  
Үш жүздің ұрнақтары қайда кетті,  
Жер ауып, ел бұзылып мала-матаң (босқын - Ә.Д.).  
Қайран ел, қайран жұрттың сәні кетті,  
Кәдімгі қаптағандай апат, топан.  
Қызайды келіп қапсың паналауға,  
Ашықсың Ілехуды (Іле өзені - Ә.Д.) аралауға.  
Қонаққа мен шақырып сәлем жаздым,  
Әсеке, әдейілеп кел, денің сауда.  
Ассалаумағалейкум, Әсет ақын,  
Жарасқан тірлігіңе салтанатың.  
Бір алла көрісуді нәсіп етсін,  
Болғанмен ауыл алыс, көңіл жақын.  
Жазыпсың аят-хадис дәлелдерін,  
Мирас қып хақ Расулдың шаригатын.  
Байқасам, шыға салма көрінесің,  
Өн мен күй таңдайыңнан бал таматын.  
Бұлбұл құс ғашық болып қызыл гүлге,*

*Құбылтып тоқсан түрлі ән салатын.  
Сол гүлге сен де гашық, мен де гашық  
Танымас сөз кестесін ділі насық.  
Қызайда қаздай қалқып жүрсем-дағы,  
Кей кезде надандардан қалам жасып.  
Сағынам ақ жүзіңді бір көруге,  
Жаратқан жалғыз алла қылсын нәсіп.  
Тірлік болса бір күні көрісерміз,  
Қалмаса тағдыр жетіп, топырақ басып,  
Мен келдім Күнес-Қызай арасына,  
Бір мың үш жүз қырық бір сәнәсінде.  
Ұқтырып шарияттан жол көрсеттім,  
Ғылымның алла берген панасында.  
Жазыпсың маған сәлем қайран Әсет,  
Терең ой, өткір тілдің шамасында.  
Сағынып бір көруге қағаз жаздым,  
Арғын Шор-қаракесек баласына.  
Мен-дағы туған жерді аңсап тұрмын,  
Дін білмес надандардан шаршап жүрмін.  
Хұбуыл уәтән минал иман демеп не еді,  
Жүруге Көкқамырға жол сап тұрмын.*

\*\*\*

Тағдыр оларға дидарласуды жазбапты. Өне-міне деп жүргенде ай айналып, жыл жылжып өтіп кетіпті. 1923 жылдың жаз жайлауында қайран Әсет дүниеден озды. Қаралы хабар Күнестегі Шылбы-Әлімахұнға жеткенде шер көңіл абыз ақын былайша шерлене толғап жолға шығады:

*Дидарыңды көруге  
Алла нәсіп қылмады,  
Аз ғана берген өмірге,  
Бұл пәни қарап тұрмады.  
Дәм тарттады баруға,  
Жібермей Күнес шырмады,  
Болмайды жалған сенуге,  
Тоқтамай өмір зырлады.  
Топырағың торқа, иманың –*

*Қойыңда болсын, ашығым,  
Көрсем деп аңсап жүргенде,  
Көре алмай сені жасыдым.  
Опасы жоқ сұм жалған,  
Өмір сенің қонағың.  
Алдамиы жалған – амал жоқ,  
Ұқтым өмір шолағын.  
Бағыштан құран оқыдым,  
Алланың халыс жолында  
Халуйнна Лиллаһи,  
Кәләм-шәріп қолымда.*

Назарларыңызға ұсынған осы өлең хаттардағы ел ағаларының, өнер жампоздарының хақ жолында аянбай еңбек етуге деген құлшынысын анық байқауға болады. Болашақ Әсеттанушылар мен оның шығармашылық өміріне қызыққан талапкерлердің жадында болар істің бірі – Қытайдағы қазақтар арасында сақталған ақын шығармаларын жинап, зерттеуге осы бастан жедел кіріссе, әлі де талай көмбеге тап болары сөзсіз демекпіз.

### **Атауларға түсініктеме**

1. «Төрт Қызай – төрт Сама» Қытайдағы қазақтар шежіресінде әбден қалыптасқан тарихи тіркес. Мұндағы төрт Қызай – Қызай ананың Шағыр бабамыздан туған екі ұлы Итемген, Меңіс пен әмеңгері Токтардан туған Бегімбет, Дербіс дегенді білдіреді. Бұл күндері 450 мыңдай жан саны бар Қызай елі сол жұпар кіндік төрт атадан өсіп-өнген ұрпақ болатын. Ал, «төрт Сама» дегені – 1793 жылы Қызайдың Қосет би бастаған әйгілі ел ағалары Абылайханның баласы Әділ Сұлтанның 12 жасар ұлы Саманы Қызай төресі ету үшін қалап сұрай барып көшіріп апарған еді. Сама төреден Ерасыл, Нұрасыл, Әбілпейіз және Қуат қатарлы төрт ұл туады. Төрт Қызайды билеген Саманың төрт ұлының құрметіне «төрт Қызай – төрт Сама» ұран болып күні кешеге дейін құрметтеліп келді.

2. Яң Тұңлиң 1911 жылғы Шинхай (Манжұрлар билігін аударып тастаған Сун Ятсен бастаған төңкеріс осылай аталатын. Шинхай қытай жыл қайыруы бойынша жасыл доңыз жылы 1911 жыл дегенді білдіреді) арқылы құрылған Жұңхуа Минго Минго

өкіметі тағайындаған Іле генерал губернаторы болагын.

3. Мұндағы Мин Го халықшыл мемлекет дегенді білдіреді.

4. Мампаң ақалақшы манжур-сібе сөзі болып, оның мағынасы: Ресейдегі болыс- старшын дегенмен шамалас жергілікті билеушілерге берілген мансаптың аты.

*2013-жыл*





# IV БӨЛІМ

*Мақалалар*



## БОДАНДЫҚТЫ БҰЗҒАН БОЗДАҚТАР

Дүние кезек, жер дөңгелек, соны білмей ғапыл пенде, өлместей-ақ жүр ентелеп...

Иә, халқым, қазағым! Сонымен бұл күнге де жеттік. Он жылдың алдында сыбырлап қана айтылатын каралы шындық, мінеки, күллі әлемге бар дауыспен «Аллажарлап» айтылатын күнді де көрдік. «Жақсы бодандықтан, жаман тәуелсіздік артық» екеніне таласатындар болса, (біздің қазақта ондай нойыстар әлі де баршылық) өзін-өзі әшкерелей беруіне болады.

17 мамыр. Алматы. «Арман» кинотеатры. Екі бірдей ат шаптырым дерлік залда ине шаншар жер жоқ. Үш жарым сағатқа созылған ұлы қасірет шежіресі мыңдаған көзді баурап алған. Күллі қазақ ұлтының ұлы тәніне жара салған, ақ дидарын күйелеген, дархан жүрегіне шемең болып қатқан «Желтоқсан» қасіреті көзден жас болып ағуда. Шеменді, шерлі өксікпен емес, кекті де текті жігерлі ұмтылыс пен жеңімпаз батырдың қанды жортуыл жолын еске алған сүйініш сезімі мен шүкірана көңілмен құрбандар қабірін аймалап, достан дұға құрметін білдіруде.

Осындайда әйгілі Дари патшаның тақ мұрагері Ксеркс айтқан мына бір қанатты сөз еске түседі: «Великие вещи достигаются только через великие опасности».

Ұлттың, мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігінен де ұлы нәрселер болуы мүмкін емес. Ендеше, «желтоқсаншылар» бізге және күллі әлемге сол ұлы шындықты тағы бір рет желтоқсан қарының үстіне қып-қызыл қандарымен жазып беріп кеткен екен.

\*\*\*

Халқымыздың данышпан көсемі, карапайым «қыр баласы» атанған Әлихан Бөкейханов бір кезде: «Қуандым түнде жүріп күн шығар деп» ағынан жарылып еді. Ұлы мақсат жолына өзін арнаған ұлы перзенттері қашан да өмір тауқыметін тарта жүріп, тек ертең үшін, атар таң, шығар күн үшін еңбек етіп, тіршілік етер болар.

Фильмнің сценарийін жазып, лентаға түсірудің басы-қасында бастан-аяқ болған жас киношы Қалдыбай Әбенев «Тұсау кесер» рәсімінде осы фильм үшін табаны күректей 8 жыл уақытын жұмсағанын айтып еді. Қандай жігер, қандай табандылық, не-ткен өлермендік еді десеңізші. Қалдыбай бауырымыздың бұл еңбегі «Желтоқсаншылар» жасаған ерліктің жанды жалғасы деуге

әбден лайық. Өйткені, бұл 8 жыл бойы қаншама тосқауылдарға, қаншама зілді ескертулер мен арандатуға ұшырамады дейсіз. «Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты, жығылғанның үстіне жұдырық болып» дегендей саяси құрсау мен темір пердеден енді құтыла бергенде материалдық, қаржы құрсауына, ашпа-жалап обыр өнештер қыспағына түсіп, төрт жыл бойы дағдарып тұрғанда «Аллажарға» жаршы, жоқшы болып «Матай» корпорациясының президенті Жүзбаев Жанаттай дарқан, ұлт жанды азаматтар білек сыбана көмек қолын созды. Алла жар болсын.

«Аллажар» - қандай тауып қойылған тамаша ат еді. Қорғансыз, иесіз отар елді, оның айға шапқан арыстандай кекті боздақтарын сол бір қатігез қандыбалақ отаршыл орыс империясының шынжыр табанының астынан құтқарып алар қандай күдіретті күш бар еді? Сол бір он екіде бір гүлі ашылмаған бозбалалар мен нәзік жанды, талшыбықтай бұралған бойжеткендерді көктемір құрсанған мейрімсіз жауға қарсы апарған қандай күш еді? Үш күн бойы ақ қар, көк мұзда жан алып, жан бере айқасқанда олар кімге сенді, неге сенді екен? Соншама қан қасаптан аман шыққан мыңдаған қазақ жастарына тек жаратушы күдірет. Алла ғана жар болғаны бұл күнде онша түсініксіз сыр болмаса керек. «Аллажар» сондықтан да фильм авторларының ең тамаша жетістігі деп қараймыз.

Біздің бала күнімізде тәуелсіз Шығыс Түркістан мемлекетінің туы жығылып, шаңырағы кираса да азаттық, бостандық рухы әлі де атойлап, ереуілдеп тұрғандығын айғақтайтын бір марш әуені айтылушы еді:

*Алла жар, алла жар,  
Ислам туы қолда бар.  
Жаңа талап жас шеріктер,  
Жеңіс туын алға апар!*

Таяқты мылтықша асынып сап түзеген өңкей қарасирақтар қара жолдың шаңын бұрқыраға осы өленді жігерлене әндетуші едік. «Алла жар, Алла жарлаған» сол бүлдіршіндер жаңғырығы «Желтоқсан» күндері Алматы көшелерінде атойлап дабыстағандай болды. Бұл кездейсоқтық па, әлде тағдырластық па? Екі отаршыл, астам державалар арасында жанталаса әрекет етіп, бостандық үшін айқасқан боздақтарға Алла жар болып келіп еді, лайым да мұнан былай да жар бола бергей!

«Аллажар» фильмі тәуелсіз Қазақстан кино өнерінің жаңа

көкжиегін ашқандай болды. Фильмнің басты кейіпкері, жиынтық образ азаттың бейнесін сомдауда жас талап Ақан Сатаев көп тер төгіпті. Төгілген тер ақталыпты да. Өмір қашан да күреске, қайшылыққа толы. Әсіресе, жалынды жастық шақтың орны тіпті айрықша ғой. Қан қасап ішінде жүріп те, астана Алматы пана болмай қашып-пісіп жүріп те, ұлан байтақ қазақ даласын кезіп жүріп те Азаттың ой-қиялы, жан рухы аяулы Ләззәтпен бірге жүргендей болуы да табиғи шешімін тапқан. Өйтпесе оның несі махаббат, несі жастық болсын!

Фильмнің негізгі алтын арқауы сұрапыл желтоқсан күндерінің қаны сорғалаған шындығын ашып көрсету болса, сол шындық өз болмыс бітімімен көрермендер көз алдында жарқырай көрініс береді. Ол шындық – қазақ халқының жүздеген жылдар бойы іштей булығып, ширыға қордаланып келген кекті ызасының отаршыл өктемдікке қарсы буырқана шапшып көтерілгені деуге болар. Яғни отаршыл империяның мүлгіген тылсым ұйқысының шырқын бұза дүрліктірген «Желтоқсан» болатын. Ол шындық – ғасырлар бойы тек өктемдікке, зорлыққа сүйеніп бейкүнә халықты аяусыз қырып жою арқылы «тыныштық» орнатуды ғана білетін ұлы орыс шовинизмінің өзін тағы бір рет әшкерелеуі болатын. Ол шындық – ұлт тағдыры таразыға тартылар өлім-өмір айқасы тұсында ешбір ойланып, толғанып жатпастан Отанын-анасын-халқын сатып, жау шапса бірге шабатын ұлттық сатқындардың жексұрын бетбейнесін тағы бір рет әшкерелеген шындық еді. Дос кім, дұшпан кім екенін алдамшы, жалған интернационализмді дәріптеушілердің арамзалығы қазақ халқына не бергенін көріп, білуге жасалған бір ашық сабақтай еді.

Бір сөзбен айтқанда қазақ халқы 1986 жылдың Желтоқсанының үш күнінде өзін-өзі жаңадан танып білді әрі өзгеге де жаңадан таныта алды деуге болады. «Аллажар» фильмін сол тарихи шындықты көркемдік шындыққа айналдыра алуымен құттықтауымыз керек.

Қазақта «нар баласын тарпып сүйеді» деген аталы сөз бар. «Аллажар» фильмін бірде жылап, бірде шүкіршілік ете мақтаныш сезімімен көріп шықсақ та жақсылыққа тойымсыз, бола түссе екен дейтін игі тілекпен кейбір сын-пікірлерімізді батыл айта кетуді жөн көрдік.

1. Желтоқсан оқиғасы қаншама қат-қабат тосын оқиғаларға

бай болғанымен оның бәрін бір фильмде көрсетіп беру мүмкін емес, әрі ол мақсат та емес. Өйткені, қойылым құжатты емес, көркем фильм ғой. Сондықтан қайталанба көріністерді, ұзақ сергелденді, басы артық экспозицияны барынша қысқартып ықшамдау керек еді. Әрі кетсе қойылымды үш сағаттан асырмау керек сияқты.

2. Фильмге өзек болып отырған желтоқсан оқиғасы қанша трагедиялы, айғай сүренге, арсы-күрсі әрекетке толы болса да, сол оқиғаның мәнін ашып, бояуын қалыңдатар әуен, музыкаға барынша көңіл бөлінбегендігі байқалады. Әттен, мұндай шектен тыс ширыққан аламан-тасыр оқиғалы фильмнің алтын арқауындай бастан-аяқ беріліп отыратын төл әні, төл күйі, төл жүрек ритмі болуы, оны бірде жылап, бірде уанып отырған көрермендер залдан шығарда жұмыла бірге айтып шығатындай тарту күші бар сиқырлы қуаты болса игі. Әттең ол жоқ, бары көңіл көншітпейді, жүйке жұлынға салмақ түсіре алмайды. Халқымыздың небір асыл күйлері мен әндері мұндай ұлттық рух салтанатында айрықша, әдейілеп қолданылуы керек еді. Мәселен, «Алаш маршы», «Кісен ашқан», «Көбік шашқан», «Кішкентай» немесе «Қоңыр» бастаған шертпе күйлер өзі сұраныл тұрған жоқ па?

3. Ұлттық сатқындар мен отаршыл өкімет өкілдерінің образы жеріне жете ашылып қалған сияқты. «Желтоқсан» трагедиясының қандықол қарақшылары, қанды мойын күнәкарлары солар емес пе еді? Құжатты әрі көркем фильм синтезі бұл тұста өз мүмкіндігін толық пайдалана алмағандай әсер қалдырды.

4. Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін пайдалану өте дұрыс болса да нақ орнына қолданылмаған сияқты. Оны жап-жас Азаттың аузымен жәй айтқыза салғаннан гөрі монолог немесе кадр сыртынан диктор арқылы айтылғанда оның еліктірер қуаты бұдан да арта түсер ме еді.

5. Жалт етпе, қыстырма көрініс болса да, қиын сәттерде қол ұстасып жұп жазбаған достармен бірге келе жатып, жығылып қалған қызға ешкім қарамай кете беруі жалғыз Азаттың артта қалып мықшия көтеріп алдыңғы топтың сонынан тәлтіректен бара жатқанын көрсету арқылы режиссор не айтпақшы? Не айтпақшы болса да ол экраннан ашылмаған күйінде қалған. Керісінше «Желтоқсандықтардың» жолдастарын жолға тастамайтын ата дәстүріне көлеңке түсіріп тұрғандай әсер қалдырады екен.

Көк ту көкте желбіреген тәуелсіз Қазақстанның жалынды

үгітшісіндей, отаншылдық пен опасыздықтың шек-шегарасын ашып беретін әділқазыдай әділет таразысын қолына алып өнер өріне қадам басқан «Аллажарға» Алла жар болсын! Ата-баба әруағы желеп-жебей берсін! Көрген күнімізден көрмеген күніміз нұрлы болсын деп тілейік, ағайын!

24.03.1996 ж.

## АРАША, АҒАЙЫҢ, АРАША!..

Жақында автобус аялдамасында екі қарттың әңгімесіне куә болып едім. Кешкі сағат сегіздер шамасы болатын. Олар бұрыннан жақсы таныс адамдар болса керек.

– Е, халдың, несін сұрайсың. Жайлауыңды жау алып, қыстауыңды қар алған деген осы да. Өз үйімнен өзім қашып, осылай көше кезіп кетуге мәжбүр болғалы қашан?

Не болды байғұс-ау, баяғы келіннің кикілжіңі ме?

– Жоғ-а тәйірі, келінде нем бар? Көресіні тумай туа шөккір өз ұлым мен немере ұл-қыздарымнан көретін болдым. Апта аралап әрең бір берілетін қазақша концерт пен термені тындап көрейін десең, бәрі де өре түрегеліп теледидардың құлағына жармаса кетеді. Күндіз-түні бір тынбай беріліп жататын айғай-сүрең, атыс-шабыс, алыс-жұлыс, аһ-үһ айқалас фильмдер оларға аздық етіп, менің жарты сағаттық термеме жармасады. Дардай азамат болған немере ұл-қыздарым мен келінім теледидардың ішіне кіріп кете жаздап, сол сұмдықтарды есі кете көруден бір жалықпайды. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» дегендей, ұялмағандардан ұялып, жатын бөлмеме барып, бүркеніп жатамын. Құлаққа тыным болмаған соң көше кезіп кетемін. Е, ұят қалмады ғой, ұят! Мынау мүфти мен өкімет басындағылар қайда қарап отыр? Қазақ халқына, оның жас ұрпағына қандай тәрбие беріп отыр? Түсінсем бұйырмасын...

Сөзге екінші қарт араласты.

– Ой, тұзы кем дүние-ай! Сен үйден, үйдегі жарықтан, жарық әкелген қараңғылықтан безіп көшеге шықсаң, мен үйден, үйдегі қараңғы түнектен безініп, қалаңа келе жатырмын. Өзің білесің, мынау көз күн сайын нашарлап барады. Күн батар-батпастан шам өшіп, түнек орнайды. Мына Алматыңның іргесіндегі ауылдарда

түзге шығып, дәрет сындырудан да қалдық, ұры-қары, жол торуылдаушы бұзақылар қараңғы көшеде өріп жүр. Осында тұратын баламның үйіне бас сауғалап келе жатыр едім. Көлік те жүрмейді уақтылы. Үш-төрт сағатта әрең жетіп тұрмын. Күткен автобусым келді де, жүріп кеттім. Бірақ көпке дейін есімнен екі мұндықтың жанын жаралап, төзімін тауысқан келеңсіздіктер кетпей қойды. Оның үстіне бәрі де әркімнің от басы, ошақ қасында болып жататын үйреншікті кикілжің бітпес дау ғой. Менің де қай-қайдағым еске түсіп, қолыма қалам алуға мәжбүр болдым.

Оу, ағайын, қарттарға ғана емес, тұтас халыққа, қазақ теледидарына араша сұрайтын кез келген сияқты. Шынында не болып барады? Қайда бара жатырмыз? Бұл мемлекет – мың өліп, мың тірілген қазақ деген ұрпақтың атымен аталатын «Қазақстан Республикасы» емес пе еді? Сол Қазақ мемлекетінің өз халқына көрсетер бағдарламасына назар аударып көріңіздерші!.. Қанша арна бар, оның қаншасы, қанша минут (сағат туралы дәмеленбей-ақ қойыңыз) қазақ тілінде хабар таратады? Аз болса, немесе жоқ болса, не үшін? Оған кім жауап береді? Жауап беретіндер табылады. Коммерция, бизнес, ақша тауып, өзін-өзі қаржыландыратын арналар ғана өмір сүруге хақылы! Басқалар, қазақтар өлмесең, одан әрі!.. Бүгіннің қатал да, қатыгез шындығы осы. Ал, сонда ақшаны қайдан табу керек? Жарнамалардан, ақылы түсірілімдерден, (нені, кімді, қалай түсірем десен еркін, тек ақша тап...) онан қалса. ию-кию айғай-сүрең – ШОУ (қазақша ШУ сөзіне жақын-ақ), қорқынышты фильмдер, ит талас, адам талас, қыз-қатын талас... онан басқаның бәрі бекер. Өйткені, ақшасы жоқ.

Қазақ теледидарына бас директор болып келген орысша сөйлейтін бір бастық, қазақ тіліндегі хабарларды келемеждеп былай дегенін әріптестері өкінішпен еске алады: «Один мудрый поэт, десятки умный слушает, это называется тарме» (Терме болар). Мұндай басшыдан қазақ тіліндегі хабарларға, ұлттық өнерге, мемлекеттік тілге араша сұрауға болар ма еді? Термеге тілі келмейтін, немесе оны келемеждейтін басшыны Қазақ теледидарын өрге сүйрейді деп жіберіп отырған өкімет басшыларына не айтуға болады? Араша! Кімнен, араша? Қалай араша?! Жауап таба алмадым.

Қазақтың ұлттық бағдарламасына қосылған көп «жаңалықтың»

бірі қыздар жүргізетін «Гидромет хабарлары». Оны жүргізетін қыздардың сөздерін тыңдап көріңізші: «Ауы райы – ауа райы, қысқа мерзімді жаңбыр жауады - өткінші жаңбыр болар. Суық ауа массасы қар әкеледі – күн суытып, қар жауады болар, ...циклонның ықпалында болып, қар сақталынады... Күн ашылмай қар жауа береді... болар». Тере берсең, олардың әр сөйлемінен әлденеше сауатсыз айтылған, тоқылдақ аударма сөздерді кездестіру киын емес.

Бұрыннан жұрттың көзі үйреніп қалған «Алатау» арнасының ері мойнына кеткелі қай заман. Әлгі ауыл қариясы назалана айтқандай, әзіргі ауылдың күні ғана емес, түні де қараң. Кешке жұмыстан келіп бала-шағамен бас қосарда түнек басталады. Теледидар түгіл, далаға кіріп-шығуың мұң. Көшені аузыңа алмай-ақ қой. Төк беріле бастайтын кешкі тоғыздан соң «НРК» деген бір пәле шыға келеді айғай-шу, атыс-шабысымен. 19-20 сағат арасында «Алита» шығады қыстырылып, сонда қазақ тіліндегі хабарларға қайдан орын табамыз? Кешкі 23-те «TRT» басталатынын айтпасақ та белгілі.

70 жыл бойы «орталықтың» ожауынан қағылған 7 миллион қазақ халқына, өзінің ерікті Отанында басы бүтін бір телеарнаға ие болуға неге хұқы жоқ? Оны нарықты экономика дегеннің парықсыз тәлкегіне тастауға қалай дәтіміз барады? Қазақ тілі мен өнерін, тәрбиесі мен тәлімін, елдің елдігін қандай ақшамен, қанша ақшамен өлшеуге, өтеуге болар?

Қазақ теледидарынан беріліп келген дәстүрлі бағдарламалар орысша сөйлейтін қазақтарға ұнамағанымен, қалың қара халыққа ауадай қажет-ақ еді. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын хабарлар, «Алтын сақа», «Сыр сандық», «Жібек жолы», «Жұмбақ дүние», «Айтыс», «Терме» қатарлы зәру хабарлар көзден кетсе де көрермендер көңілінен кете қойған жоқ. Экранға үміттеніп көз сүзеді. Қазақты рухани ашаршылықтан аман сақтар ұлттық тілдегі халықтық бағдарламаларға араша керек, ағайын. Араша!!!

Ел – ерге қарайды, ер жерге қарамасын. Үміт артқан ел серкелері ел еңсесін көтерер елеулі істерді елеусіз қалдырмаса екен деп қараймыз.

*1995 ж.*



## ҚОРЛЫҚТА ҚОРЛЫҚ, ӨЗ ҚОРЛЫҚ...

- Әттең, астын-үстін болған, қайран қасиетті ұғым-түсініктер-ай десенші! Оның қайсыбірін айтып тауысарсың?! Адамдар тек қаржы-қаражат жағынан ғана емес, алдымен рухани, саяси жағынан тығырыққа тіреліп, жан азабын тарта бастаған тәрізді көрінеді маған.

Бұрынғылар «орыстың мейрамы көп, қазақтың айраны көп» деуші еді. «Ақымаққа шоқын десен, басын жарып алады» деп те, «орыс болу үшін алдымен қазақ болу керек» деп те мақалдап жатады көрші ағайындар. Осылардың қай-қайсысының астарында да ат басындай алтын шындық жатқаны даусыз.

Осы біздер – қазақтар кімбіз? Бұрын кім болып едік, қазір кімге ұқсаймыз? Болашағымыз қандай? Мұндай ой толғағымен толғатып жүрген жалғыз мен емес екенімді білемін. Қайсы бір құлдық қамытын қылғына киіп алған журналистеріміз тәу етіп келген аға газет – «Егемен Қазақстан» болмаса да «нағыз аталық та, аналық та сөзін айтып келе жатқан «Ана тілі» газетінен ол сұрақтарға тұшымды жауаптар тауып, арқа басымыз кеңейіп-ақ қалады. «Әттең, осы газетті басқа «орыс тілді» басшылар болмаса да ел басымыз оқыса еді деп армандаймыз.

Әсіресе, «Ана тілінің» соңғы нөмірлерінде жарияланған, нағыз жалынды көсем сөз серкесі Марат Қабанбайдың «Тал шыбық пен Тас сарай» және Қабдеш Жұмәділдің «Қайраткер қайдан шығады?» (№ 8 (309) 22.02.1996) атты мақалалары ойлай алатын әр қандай қазақты толғандырады сөзсіз. Тәуелсіз жас қазақ мемлекетіне керегі дәл осындай сөз болатын. Қайраткер болу үшін қайдағы бір аты бар, заты жоқ партияның басында қалбайып отыру шарт емес шығар, қадір-қасиетіне жете білсек, қайраткердің сөзін сөйлеп, халқының мұңын-мұңдау дегенің осындай-ақ болар. Бір өкініштісі, осылай ойлайтындардың пәлендей көп бола алмауы ғана еді.

Менің бір таныс әріптесім, «Қой айналайын, қазақ өз алдына ел бола алмайды, бір күштіге бодан болмаса, қазақ бірін-бірі жеп қояды, үшке-үш жүзге, үш мыңға бөлініп жыртқыштарша тала-сады. Қайдағы тәуелсіздікті айтып бас қатырып отырсың?» - деп бұлқан-талқан болды.

Қаным басыма шауып, зығырданым қайнап тұрса да, «сол тәуелсіздігің қазаққа не берді?» деген соңғы сұрақ мені басқа ұрғандай тоқтатты. Шыныменосы «тәуелсіздік» біздерге, қазақтарға не берді? Егер Қазақстандағы қазақ халқының 70 проценті ауыл-қыстақта тұратыны рас болса, онда да ол қазақтарың баяғы Қара шекпенділермен, қазақ озбырлары тықсыра айдап салған шөл-шөлейтті, тау-тасты өңірлерде күні бүгінге дейін тұрып келгені рас болса, тәуелсіздігің де, тәуелсіздіктің көлеңкесін жамылып ентелей жеткен «нарықты экономиканың бел баласы – жекешелендіру де менің халқыма – қазағыма еш нәрсе де бере қойған жоқ. Ендігі жерде бере қояр бір нәрсесі қалмаған да сияқты. Өйткені, ірі зауыт-фабрикалар мен кен орындарың бұрын да қазақтың қолында емес болатын, ендігі жерде ол біржола орыстікі, немесе шет елдік алпауыттардікі. Қолхоз-совхоздың қалған-құтқан жылы-жұмсағы ат төбеліндей коммунист атқа мінерлер үрім-бұтағының құлқынынан әлдеқашан өтіп кеткені баршаға аян. Ұлттық зиялылар қауымы мен мәдениет ошақтарының, баспасөздің әр дәрежелі оқу-тәрбие орындарының мүшкіл халі да баршаның көз алдында. Астанадан бастап, ауыл-қыстаққа дейін қаз-қатарлана тізілген сан алуан маркалы арақ-шарап шишаларымен, бір талы бір-бір сырықтай сорайған шетел темекілерінің суреттері, латынша жазылған жарнамалар мен мекемелердің маңдайшасындағы ешкім түсінбейтін жазулар, онан қалса көшедегі (жүргіншілерді талап етердей еңмендеп, едірендей жорытқан шетел маркалы алуан түрлі машиналар, тізе берсек, мұндай «жаңалықтардың» тізімі шектеусіз созыла берер еді. Әсіресе, жанға батып, намысыңды аяққа басқандай болатыны – қасиетті Абай даңғылы бойындағы жарнамалық суреттер, сырықтай сигаретімен аспанда астамсыған американдықтың кекесінді жымыыспен төбеңнен төніп тұрғандығы еді. Бұл не? Жарнама ма, нені, кімге жарнамалап тұр? Қай елде, қандай орында? Алматының қамқорлары, шенеунік мырзалар. Алматы көшесінде сендей соғылысқан кешегі далалық, бүгінгі қалалық жас қазақ өркендеріне, үйсіз-күйсіз сандалған қазақтарына нені үлгі етіп көрсеттің?

Абай даңғылы – оң жағында неке үйі, болашақ жас отаудың ақ тілсқ, ақ бата алар қасиетті орны, сол жағында рухани, мәдени ордан, ұлы Мұқаң маңғаздана отырған қазақтың жалғыз

академиялық ұлттық театры. Ұлы Мұхтар Әуезовтің онсыз да жатаған тас мүсіні «MagBoge» тістеген американдық бұтының арасында қалғандай болғаны кімді ашындырмайды?

Шын мәнінде, әлгі ашулы әріптесім айтқандай, «тәуелсіздік бізге не берді?» - деп сұрақ қоюға хақымыз бар ма, жоқ па? Ел болам десең, әрбір ақыл-есі дұрыс қазақ бұл сұрақты күндіз-түні аузыңнан тастаушы болма?

Саясат белгілеуші билік тізгінін ұстап отырған әрбір басшы, барлық уақытта әр қандай қаулы-қарар, заң-закон қабылдардан бұрын өзіне-өзі «бұл – менің халқыма, қазағыма не береді?» - деген сұрақты қоюы керек. Онсыз қандай ізгі, өркениетті, ең соңғы жетілген заң да қазақ халқына еш пайда келтіре алмақ емес.

Себебі ме, оның себебі әрі оңай, әрі күрделі!.. Мұндай нәзік те, дертті сұрақтар төңірегіне ойыса бастасаң-ақ «Караван» сияқты сайқал саясаттың кернейлері өре түрегеліп «қазақ ұлтшылдығы» мен «орыс тілділердің» көрешек сұмдықтары жөнінде шу көтеріп ала жөнеледі. Тым болмағанда мүләйімсіп «До словно» деп бас-аяғы жұлынып тастаған үзінділер келтіріп «көрдіндер ме, қазақтардың еркіне жіберсең не істемекші?...» Олай болса біз не істеуіміз керек, ішін білсін, әлу-айға басады. Біздің ұлтсызданған, мәңгүрт ақшаның құлына айналған қазақтарымыз тышқанның інінің аузын аңдыған мысықтай күндіз-түні бес тал қазақ баспасөзінің асты-үстіне үнірейе төніп, тапқан бірер сөз сөйлемін қожайындарына жеткізгенше асығады, мықты болса, ол мақаланы неге толық баспайды.

Қазақта «иттен қорыққан жарапазан айтпайды, шегірткеден қорыққан егін екпейді» деген сөз бар.

Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күресіп келген, мұнан былай оны нығайтып, орнықтыру жолында армай-талмай күресуді мақсұт тұтқан әрбір отаншыл азамат битке өкпелеп, тонды отқа тастамауы керек. Дұшпандық пиғылдағы үгіт-насихатқа алданбауы, жылтыраған кәмпит қағазына оралған заһарге уланбауы, ұлты үшін, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін әлі де жанкештілік пен арыстанша алысып, жолбарысша жұлысуы керек. Қолға келген бостандықтың қадір-қасиетіне жетпесек, оның киесі ұрады, ата-баба аруағы бізді кешпейді.

Ұлттың саналы тобы жанкешті күрескер тобы қашан да аз

санды болған. Бірақ атом ядросындай аса берік те, қуатты болған. Ондай ядро біздің халқымызда да болған, әзір де бар. Мынау ала-сапыран өтпелі кезең тарих үшін қас-қағым сәт қана.

Ертеңді ойлайық, ағайын. Халқыңа, ұлтыңа, айналып келгенде ата-анаңа, өзіңе топырақ шашпа! Қазаққа көңілі толмай қапа болып, мыңмен жалғыз алысқан қаралы Абай да, халқынан безініп еш қайда кетпеген болатын. Болашаққа, халқының келер жас ұрпағына оқыған саналы күрескерлеріне үміт артып, сөзін соларға арнап кеткен болатын.

Ендеше, тас сарайдың іргесіндегі тал шыбықты көгертіп көктететін қайраткерлерді қайдан табамыз? Бұл дүниенің қорлығы, тауқыметі көп-ақ, соның ішінде «жат қорлық және өз қорлық» деген болады. Оның ішіндегі ең ауыры – «өз қорлық» деген қорлық. Қазақ халқы соңғы ғасырда көбірек «өз қорлықтан» көресісін көріп келе жатқан тайқы маңдайлау халық болды. Бір сүйінерлігі – осы бір іш сүргізердей ащы дәріні тауып, ашырқанбай ішіп, өзін-өзі емдеп сауықтыруға деген талпыныстың күшейіп келе жатқандығы еді. Қазақстан Республикасында тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің ар-ұяттарына, татқан дәм-тұздарының қадір-қасиетіне салмақ сала, аманаттаймыз, ал қазақ республикасының азаматтарынан батылдықпен, қатаң әрі нақтылы талап етеміз! Қазақ халқының тәуелсіздігімен бостандығы, мемлекеттік мәртебесі ешкімнің де тәлкегіне түспейді, түсірмейміз! Ол жолда ең қымбатты, қасиетті жанымызды да қиюға дайынбыз! Тарихтағы және бүгіндегі барша ұлыстар мен ұлттар осы жолдан өтіп, осы заманғы озық тәуелсіз, құдіретті мемлекеттерге ие болып отыр.

Қазақ халқы, қазақ мемлекеті сенің де ертеңің, нұрлы, бақытты, ұлы держава құрарлық қауқарың жетерлік екеніне кәміл сене бер!

*01.03.1996 ж.*

*«Заман-Қазақстан»*

## ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ

Үміт алға жетелейді, ал үрей алдан кесе көлденеңдейді. Жеке адам да, ұлт пен ұлыс та, мемлекеттер мен алуан түрлі атпен аталып жүрген одақтар да сол екі ұғымға тәуелді түйсікпен ғана өмір сүретін тәрізді. ХХІ ғасыр босағасына жақындаған сайын адамзатты үміттен гөрі үрейлі әбіржу билеп бара жатқандай сезіледі. Біздің кеше ғана шаңырақ көтеріп, тәй-тәй басқан жас мемлекетіміз түгілі әлемдік үстемдікке таласып отырған державалардың өзі ертеңінің не боларынан үрейленбей, бейғам жатпағаны беп-белгілі. «Әркім өз қамында, кәрі қыз ер қамында, балапан басына, тұрымтай тұсына» дейтін жанталас шақта өмір сүріп жатырмыз. Әлемнің бүгінгі бет алысына, ұлттық мемлекеттер мен федерациялық, конфедерациялық, отарлық, жарғылай отарлық мемлекеттердің бүгінгі мен ертеңіне назар салып, шындықтың бетіне тура қарай сөйлегіміз келсе, тарихшы Геродот сызып беріп кеткен мына бір заңдылыққа жүгінуге мәжбүрміз:

«Что в историй наций наблюдаются три стадий: успех, последствия успеха – высокомерие и несправедливость а затем уже как их следствие падение».

Адамзат қоғамы мыңдаған жылдардан бері дәл осылай өмір сүріп келді. Жер апшысын қуыра дүркіреп келіп, күркіреп өте шыққан, тек тарихи кітаптарда ғана ізі қалған ондаған, жүздеген патшалықтарды еске алып көріңіздерші бір сәтке.

Ұлтының, мемлекетінің тағдырына бас қатырып, оның болашағы үшін бүгіннен бастап кам жасағысы келетін саналы отаншылдар, мемлекет қайраткерлері тарихтың жапсарында тұрып, тарихи сабақтарды таразыламауға хақысы жоқ.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев та осынау алмағайып заманда – «Ғасырлар тоғысында» қазақ халқы не істеу керек, оның болашағы қандай болар екен деген сұраққа жауап іздеп шарқ ұрады. Оның жауабын: «... бір кезде біреудің еркінің тұтқыны болып едік, енді біреудің пікірінің тұтқыны болмайық... Халқымыздың көпшілігі қолдан отырған Қазақстандық жол – біреудің таптауырын ізімен кету емес, өз соқпағымызды тауып, сонымен жүруге талпыну... Өз халқымызға өзіміз тәжірибе жасағымыз келмейді» деп береді. Өте тауып айтылған дана сөз. Бірақ, «біреудің пікірінің

тұтқыны болмау» үшін, біреудің таптаурын ізімен кетпей, өз соқпағымызды тауып алу үшін нақтылы не істеу керек, нелер істеліп жатыр сол істен халқымыз, қазағымыз қандай игілік көріп отыр? Бұл сұрақтың жауабы сан алуан. Біздің кейбір әсіре бөспелеріміз ешбір негізге сүйенбей-ақ «XXI ғасыр Түрік ғасыры болады, немесе XXI ғасыр қазақ ғасыры болады», деп даурығады. Жақсы тілектің бәрі жақсы нәтижеге жеткізе бермейді. Егер де бүгінгі кателіктер мен ауытқушылықтар дер кезінде түзетіліп, айқын да тура ұлттық, мемлекеттік саясат жасалмаса XXI ғасыр қазақтың ұлт ретінде азғындап генефоны да, тілі мен мәдениеті де, салты мен дәстүрі де жоғалып, не қазақ емес, не қазақ емес те емес бір дүбәра, мәңгүрттерге айналатын трагедиялы ғасыр бола ма деп үрейленемін. Оған жетерлік қауіпім бар, негізім бар.

Ұлттың ұлттық сипатын айырудың Сталин шегелеп беріп кеткен төрт шартының алдында тұруға тиісті негізгі бір шарт бар. Ол болса – діндік тұтастық. Дін, оның ішінде ислам діні ұлттың сауығы, берік қамалы, сыртқы қорғаныс лыпасы. 70 жылдық атеизм заманында сол қорғаныс сауығынан айырылған қазақтың бүгінгі аянышты қал-жәйін көз алдыға келтірудің өзі қорқынышты. Сондықтан да бүгінгі қазақ үшін кіммен үйлену (неке еркіндігі) қандай дінге немесе идеяға сену (ұждан бостандығы) не ішіп, не жеу (адам құқы) қай елге, қай жерге барып тұру (адам құқы) ата-ана, бауыр туыс алдындағы парыз-қарыз (от басылық кодекс тағы да адам құқы) дегендердің ешбір парқы, қадір-қасиеті, мән-манызы болмай қалды. Еуропалық батыстық өркениетке көзсіз еліктеудің белең алып кеткені сонша, өзінің қазағынан іліп алар еш нәрсе таппай оскырынған мәңгүрттер төбемізге тайрандап жүрсе де, оларға қарсы еш нәрсе істей алмастай бейшара күйге түстік. Өйткені бүгінгі таңда ұлттық нигилистер дегеніңіз ұлттық буржуазия айдарымен шетелдік буржуазияны делдал компродор буржуазына айналып қойған. Сыйынушысынан сүйенушісі мықты екенін жақсы біледі.

Н.Назарбаев нұсқаған «өз соқпағымызды» Акселеу Сейдімбеков «Бағыстың өмір салты заңмен (мәжбүрлеумен) реттелсе, шығыстың өмір салты салт-дәстүрімен реттеледі. Мұның өзі экономикалық гүлденіп көркею мен технократтық өктемдіктің мәдени-рухани айғақ бола алмайтынын аңғартады.» - деп ұғады.

(Ұлттың ұлы мұраттары. 4.IV «Түркістан» газеті. 1996 ж.) Демек, ұлттық мемлекет өзінің ішкі-сыртқы саясатын тек ұлттық салт-дәстүрге арқа сүйей жүргізгенде ғана, ұлт мүддесін алдыңғы орынға шығара қорғап, қолпаштағанда ғана табысқа жете алады деп айтуға хақымыз бар.

Қазақ мемлекетінің ішкі-сыртқы саясатын белгілеушілердің назарында болар бір басы ашық шындық бар. Ол болса – көреген Геродот айтып кеткендегідей: маңайымыздағы астам державалар мен өктем ұлттардың бүгіні мен ертеңі туралы айқын тұжырымдама ұстану керек. Яғни, біз қалайық-қаламайық қазақ халқының болашағын құлдырауға, өзінің астамшылығының зардабын тартып азып-тозуға бет бұрған. Орыс империясына бағынышты етіп қалдыра алмаймыз. Бір қарағанда күннен-күнге дамып, күшейіп бара жатқандай болып көрінген, болашағы түгілі, ертеңі де бұлдыр Қытайға да үміт арта алмаймыз. Біз тек қана діндік, тілдік, салттық, дәстүрлік білікке, мың жылдық ата-баба жолына бастайтын түріктік, мұсылмандық орталықтарға қарай табандылықпен жылжып отыруымыз керек. Қазақстанның болашағы тек сонда ғана үрейден арылып, үкілі үмітке иек арта алады.

Көршілес Қытай елінде «өз күшіне сүйеніп өмір сүру керек» деген қайсар сөз бар. Жекешелендіру, нарықты экономикаға өту, мүлікті мемлекет иелігінен алу, қысқасы әр кімді тек өз күшіне сүйеніп қана өмір сүруге үндеп отырған саясатшыларымыз Қазақ мемлекетін біресе ана көршіге, біресе мына көршіге еміндіріп, шетел несиесіне қол жайғызып, немесе неше түрлі одақтарға кіру арқылы басқаның есебінен күн көруді дәріптеу ақылға сыймастай кереғар нәрселер болып табылады. «Өз соқпағын табу» дегенді тұманда адасып кетіп, бір ізді шиырлай беретін балаң жолаушының кебін кию деп білмеуіміз керек. Осы орайда батыстықтарға ұнамаса да біз үлгі етіп, саралап көруге тұрарлық жолды өзбек ағайындар, көрсеткенін атап айтқымыз келеді: Жақында (22 мамыр, 1996) Өзбекстанның Қазақстандағы елшісі Насыр мырза «Түркістан» апталығының тілшісіне берген сұхбатында «Өзбекстанның өз жолы бар» екенін. Ол жолдың мәнісін: «...Бұл пайымдаудың түп төркіні – қазіргі кезеңде біздің дамуымызға жат тәжірибелерді іріктел, екшеп алуға, көзсіз көшірмесін қайталауға жол бермеуге саяды. Бұл жолда ешқандай саяси үндеудің, одақтардың, интегра-

ция мен соған ұқсас дүниелердің бәрі біздің проблемаларымызды шешуде өзіміз экономикалық дамуда жеке дара еркіндікке қол жеткізбейінше мүмкін болмайтындығын түбегейлі түсінгендіктен, соған есеп беру беруімізден туындап отыр».

Өз күшіне сүйену дейсің бе, өз жолын, өз соқпағын табуға іздену дейсің бе, соның бәрі де осыдан табылатын сияқты. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаудың пайдасын көрген халық қана осылай түйіндер болар. Бір өкініштісі, біздің саясатшыларымыздың басын қатыратын нәрсе, қайткенде шет елге, әсіресе, он екі де бір ұқсастығы болмаса да, шама-шарқы алшақ жатса да еліктеп, оның саясатымен заң актілерін тезірек көшіріп әкелу, ал біз ешқашан да өзбек ағайындарша алдымен нелерін алмауымыз керек, біздің дамуымызға нелері кесір-кедергі келтіруі мүмкін» деп ойланып көрмеген сияқтымыз. Егер біз сәл де болса солай ойланып көрген болсақ, қазақ халқын дәл бүгінгідей бейшаралыққа душар етпеген болар едік. Біздің бұл пікірімізбен келіспейтіндер болса, баспасөзде ашық сөйлесуге әзір екенімізді айта кетпекшіміз.

«Үміт пен үрей» тек біздің ғана проблемамыз емес. «Қауіпін неден болса, ажалың содан» демекші, ең үлкен үрей орыс шовинистерінің тұла бойын билеп алған деуге болады. Солжинцын мен Жириновский, Зюганов пен Ельциндер бастаған сайлау алдындағы саяси науқан орыс ұлтшылдарының шын сиқын күн өткен сайын жалаңаштай көрсетуде.

НАТО-ның шығысқа қарай жылжуынан үрейленгенін жасыру үшін, әрі күні ертең арасы алшақтап кетіп, алшандап жүре алмай калудан қорыққанын білдіріп қоймау үшін «Наш адрес советский союз» әнін, жәйлап «Наш адрес интеграциялық союзға» айналдыра мінгірлей бастағанын сезе білейік, ағайын.

«Батыр болсаң – бопсаға шыда» дейді халқымыз. Шешінген екенсің, судан тайынба үрейді аулаққа қуып, үкілі үмітке жармасайық. ХХІ ғасырды жеке-дара иемденбей-ақ, жаңа ғасыр көшінің шаңында қалмай, лайықты орнымызды сақтап қалсақ та жарар. Ол үшін елбасымыз Нүрекеңмен қол ұстаса «өз жүрер соқпағымызды табуға» жұмылайық.

Осы арада жұрттың назарын жаңадан бой көрсете бастаған «Азамат» қозғалысына айрықша аударғым келеді. Кімнің кімге қалай қарауы, биографиясы мен географиясына бас қатырмай,



өзімізден-өзіміз жау іздемей, отан тағдыры жолында қол ұстаса ілгерілеуді үйренейік.

Үрей - әлсіздіктің, қолы да, жүрегі де таза емес, күмәншылдарға тән психологиялық сипат. Үміт, таза көңілден, кең пейілден, болашаққа сенімнен туса керек. Ал, дәмегөйлік, сұғанақтық тіпті де басқа-басқа тумысы жат нәрселер емес пе еді.

31.05.1996.

*«Заман Қазақстан»*

## **«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН» МАЗАҚ ӘДЕБИЕТКЕ АЙНАЛДЫРҒЫМЫЗ КЕЛМЕЙДІ»**

Барша қазақтың маңдайына біткен жалғыз әдебиет газеті «Қазақ әдебиетінің» әрбір санын асыға күтіп, ақтара оқып шығатын тілеулестерінің бірі ретінде /№ 30, 26.07.1991/ айқарма бетке айқындап басқан «Қос жетім» әңгімесіне назар салмауым мүмкін емес еді.

Қандай шығарма жазып, оны қай басылымға ұсыну мал иесінің еркіндегі шаруа. Ал, қазақ акын-жазушыларымен оның миллиондаған талғампаз оқырманы бар «Қазақ әдебиеті» сияқты басылымның абырой-атағын аспандатар талантты шығармалар басудың орнына газетпен байғұс халқымыздың абыройын айрандай төгер шимай-шатпақтарды жалаулата басып жату деген не сұмдық?

Ендеше сөзден іске көшелік: «Қос жетім» тағдырын оқырмандарға таныстыра отырып кінәласайық. Автордың жазуынша Айдар деген лауазымды, зейнеткерлікке жақындаған «Шал» түсінен шошып оянады. Сөйтсек, таяуда қайтыс болған жалғыз қызы түсіне кіріп: «Көке, халыңыз қалай, қос жетімнің аман ба? Мамам да қалжырады-ау» деп тіл қатқан екен. Неде болса әрнәрсені атымен атау керек болатын шығар, қос жетімнің бірі – жалғыз қыздың ойнастан туып, кемпір-шалдың қолында қалған «Олжаба-ла» болғанда, бірі – марқұмның «мамасы» көрінеді. Жазушының тіл солақайлығын арнайы сөз ететіндіктен туған шешесін ішінен

шыққан өз қызы «Жетім» деп атаған «жаңалығына» тоқталмай-ақ, әкесін түсінен шошытқан аруақ пен жетім бала жәйін сөз етейік.

Орташа лауазым иесі Айдардың Манаш атты жалғыз қызы бұла өсіп, бұлықсып бой жетеді. Өке-шеше бетінен қақпапты, қаққызбапты да. Соқталдай болған еркекетотай әке-шеше ақылына: «Ал, мен қай еркегіңнен осалмын», бізді құртып жүрген осындай қазақшылық қой. Ондай күндер ұмыт болған. Айттым – бітті. Кестім – үзілді деп әңгімесін шолақ қайырады».

Біздіңше автордың да, әке-шешенің де бақытсыз Манаштың да қасіреті дәл осы келтірген үзінді төңірегінен туындап жатқан сияқты. Үйткені автор әңгімесінің өн бойында Манаш тағдырының қорғаушысы, тілеулес қамқоры, ал, әке-шеше қызының өмірлік қатесін түсінбеген, қызы айтқанын керісінше осылардың бәрін «құртқан қазақшылық» емес, қасиетті қазақы тәлім-тәрбиемен дәстүрден қол үзіп «ондай күндер ұмыт болғандығында» еді. Яғни қасиетті қазақшылықтың киесі ұрып мәңгүрт қыз, мәңгүрт ата-ананың оң босағасында отырып ойнастан бала туып маскара болады.

Біздің шымбайымызға бататыны – сол маскара қасіретті не автордың, не оқығансымақ әке-шешенің, не ұяты төгілген қыздың сезінбеуі, азған-тозған «зәуазаттық жадымыз» бен аяққа басылған ұлттық, елдік ар-намысымыздың жоғын жоқтайтын «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінен айпарадай орын беріліп, марапатталуы еді.

Ендеше, фактіге жүгініп көрелік. Ерке қыз бен қамқор әке сөзіне назар аударыңыз.

–Көке, /папа емес/ бір нәрсе айтқым келіп тұр.

–Айта ғой, жаным.

–Тек ұрыспасаңыз ғана айтамын.

–Қызым-ау, саған ұрысқан кезім болды ма?

–Немерелі болатын болдыңыз.

Жүрегің жарылып кетер болса да айтылар сөз айтылып кетті. «Әкесі кім, ол қайда» мұнымен оқыған мәнсапты ХХ ғасыр қазағының шаруасы не? «Әкелік мейірім, жанашырлығы оянып кеткен» Айдарың беті бүлік етпестен:

–Ақымақ-ау, осындай жақсы хабарға да кісі ұрыса ма екен, не деп тұрсың өзің, жоқ, әкенді соншалық қатігез деп ойлайсың ба?» деп өзінің «кім екенін» жариялап тұрса не істейсің?

Біз бұл үзінділерді бетімізбен жер басқандай болсақ та қағаз бетіне қайта түсіруге мәжбүрміз. Әкесі өлгенді де естіртеді. Қайран, намыскер, құландай шадыр мінезді қазақтың, бүгінгі салдақы қыздары оң жақта отырып ойнастан харами бала туғанынан ұялмақ түгілі, шешесі тірі тұрғанда, әулиедей көрінуге тиісті әкесін жеңгетай, кіндік шешедей көріп «немерелі болуымен құттықтайтын да болыпты.

Итің жаман десе намыстанып, у ішсең руыңмен деп ұрандасатын, қызға қырық үйден тосқауыл қойып, қарқарасына жықпай, бет моншағын төкпей құтты орнына бүкіл ел болып қондырғанша жаны жәй таппайтын елімнің бүгінгі маскара халіне қалай бей-жай қарауға болады.

Қадірлі оқушым, сіздер мен біздер әлі біраз сабыр сақтап «диалогтар» таңдауымызға тура келеді. Енді «Харами немере» дүниеге келгенін естіген «бақытты» кемпір-шалдың қуаныш сөздеріне назар аударып көрелік.

«—Кемпір, сүйінші, немерелі болдың! Бұйырса енді тұяғымыз болады. Тойыңа дайындал, тыққыштап адам баласына бермейтіндеріңді енді шығар... ағайын-туғандарға хабарла. қуанышымызға ортақтассың.»

Самбырлап сөйлеп жүр.

Кемпір мен шалда ес жоқ.

Біздіңше осы сөздерді шатпақтап тұрған Қоланда да, жасына жетпей алжыған «кемпір-шалда да «Ес жоқ», немесе намыс. ұят жоқ.

Кезінде данышпан Шыңғыс Айтматовқа қазақты «мәңгүрт» деп жала жаптың десіп ұрандасып, Мәскеулетіп шағымданып шала бүлінген «қазақ намысшылары» Қолан Аманов пен оның «Зиялы» кейіпкерлерін қандай атпен атауға кеңес берер екен? Ендігі жерде «Мәңгүрт» деген сөз біздің ішкі запыранымызды шығара айтуға қабілетті ме?

Осы арада біз өзіміздің кейбір аккөңіл, сенгіш қазақтарымыз айтар даулы «дәлелдерге» тоқталып өтпесек «Қос жетімнің марқұм шешесі бір Айдармен Қоланның ғана емес, бәріміздің түсімізге кіріп ұйқымызды бұзып жүрер.

Баяғыда жаны күйген жарлы қазақ «Байтал мінсең – құтын жоқ, саумал ішсең – қымыз жоқ» деп налыған екен сусынға жарымай.

Баспасөздің куәлігіне сенсек қазақ 1991 жылдың кірісіне 10 миллионға енді жетіпті. Сол әр үш қазақтың бірі республикамыздан тысқары тұрады екен.

25-35 жас арасында 80,000 кәрі қыздарымыз ку тізесін құшақтап оң жақта /жатақхана деген үйдін/ отыр екен. Өзіне лайық жігіт табудан күдер үзген кейбіреулері газеттерге «Тоқалдыққа дайын екенін» мәлімдесе, біреулер жетімектер асырап алуға, тіпті ойнастан болса да бала туып алуға бел байлағандарын ашық айтуда. Ал біздің демограф ғалымдарымыз бен ұлтжанды қайраткерлеріміз ұлы ойшыл Бальзақтың «Бойдақтық қоғамға жат құбылыс» деген қағидасын ұстанып «Не қылсаң о қыл, әйтеуір бұқа кімдікі болса онікі болсын, бұзау өзіміздікі» деп ақ батасын беруде.

Суға кеткен тал қармамай қайтпаушы еді? Төбемізден 60 проценттік демографиялық қысым төніп тұрғанда, қазақты халық, ұлт ретінде қалай сақтап қалуға болады? – деп шарқ ұрған азаматтар әр қиырды шарлап ізденуде.

Біз Қолан Аманөвты сондай ізденушілер, жанашырлар қатарына қосайық десек те қатты айтсақ қарындастың көңілі қалады болып, жәй айтсақ есеміз кетіп барады болып тұр. «Өгізге түйенің терісі де жүк» деген сөз бар. Қозы көрпешті айта алмаған бұзып алады. Жақсы вьеттің бәрі – жақсы нәтижеге қол жеткізе бермейді.

«Қос жетімді» жоқтаушылар арамыздан табылмайды деп мен айта алмаймын. Тіпті біреулер жазушы, мүмкін, қалалық кейбір дүбәра қазақтардың басындағы қайғылы тағдырларды жазғысы келген болар» деген жорамалмен арашаға түскісі келетін шығар?

Бірақ, арашаға алты таяқ ұруға дайынбыз. Себебі – авторда ондай тұрғы, ниет атымен жоқ, тіпті автор мен кейіпкерлердің қайғысы мен қуанышы арасында шек-шекара жоқ.

Автордың көз жеткізе жазып айтқысы келетіні – Манаштың әкесі Айдар мен шешесі Мәукенің «Жоғары адамгершілігі», ата-аналық мейір-шапағаты ұрпақ қалдыруға құштарлығы, керек десең діндәр, ырымшыл қазақшылығы болып көрінеді. Әдеби сын лекциямыз бойынша айтқанда олар автордың ұнамды кейіпкерлері еді. Сондықтан біз де оларды трагедиялық, бақытсыз кейіпкер қатарына қосып арашаға түсуге қарсымыз.

Ал, шындықты өз атымен атау керек болса автор /жазушы

деген үлкен сөзді кимай отырғанымызды жасырғымыз келмейді/ да, оның «ұнамды, мейірбан» кейіпкерлері де» нағыз трагедиялы бақытсыздар еді.

Қазақтың ұлттық қадыр-қасиетін, жан жүрегін, отбасылық мінез құлқын, ер мен әйел, әке мен бала, шеше мен қыз, ағайын ара қарым-қатынастың әлеуметтік және психологиялық сыр-сипатын білмейтін адам, оның бай да шешен тілін де білмейді деген сөз.

Олай болса сол асыл қазынадан жұрдай адамдарды бақытсыз, мәңгүрт демей кім дейміз?

Тағы да фактіге жүгінейік: Автор шағын әңгімесінің өн бойында Айдар мен Мәуені, одан қалса Манашты сегіз-тоғыз жерде үй-ішілік қатынасқа байланысты діни және салттық ырым түсінікке соғып өтеді.

«Аяғын әзер басып жүрген мына шалдын» деп жазуына карағанда зейнеткер болмағанымен /астында мәшинесі бар білдей бастық қой/ Айдар да бәйбішесі де жасы келген адамдар. Сондықтан болар, олар әрі діндар, әрі ырымшыл да. Мысал келтірелік:

- «Апырау, беймаза /?!/ уақта Манаштың түсіме кіргені несі? Қой, ертең үйден түтін шығартып /?!/ бауырсақ пісіртпесем болмас.

Бұл арада менің айтайын дегенім – біріншіден Айдар – кәдімгі түске сенгіш кәрия.

Бірақ, не айтып отырғанын түсіне білмейтін парықсыз кәрия. Біздіңше, қазақ жәйсіз түске байланысты «Беймаза уақ» емес. «Беймезгіл уақта» деп айтса керек, «үйден түтін шығартып». сол майға бауырсақ «емес» жеті шелпек пісіріп құдайы таратады көршілеріне.

Дінді білмеуден – тілді білмеу, ал тілді білмеуден халқын, салтын, қалпын білмеу шығады.

«Жамылғышы бар адамды жалаңаштар елінде жынды дейтіннің» керін келтіріп өзімізге жабыса кетпесін деп тағы да авторды куәге тартамыз.

Қаланың бүгінгі шал-кемпірі от басында былай сөйлесетін көрінеді.

«Шал-ау тұрсаңшы, мына Қайратты шомылдырайық оның шешесі пышақ үстінде марқұм болып кеткен Ә.Д./ су жылы. Сүт жоқ, әлгі парашогыңнан сүт дайында».

Ал, сонда ошақ иесі кемпір не істеуі керек? Қазақтың от басылық жазылмаған заңы не айтады? Жоғарыдағы бұйрық тапсырмаларды азырқансаңыз, елпек-телпек отағасы» маған берші, сенің қолыңнан түсіп кетіп, масқара болармыз» деп баланы өзі шомылдырып шығады.

Оларды аз десеңіз шал мен кемпір өлер шағында жалғыз қызынан абыройсыздық пен өлімнен күшті ұяттан жұрдай болып отырғанына селт етпейді. Қайта жолдан тапқан жолдыбай шарананы әлде қалай «тұяқ көріп» «Құдай мазасыздықтан сақтасын, уайым-қайғының бетін аулақ қылсын» деп төрт құбыласы тең адамдарша «шүкіршілік» етіп отырған сүйексіздікке зығырданың қайнайды екен.

Авторды одан әрі тыңдап көрелік: босанар уақыты жақындаған қызын әкесі «мешітке бекер барып жүрген жоқпын, қызым, бұл дүйсенбі емес пе, Осы күні ғой, пайғамбар дүниеге келген /24 мың пайғамбардың қайсысы? Ә.Д./ сол себепті құдай сәтін салар!» деп жұбатады.

Бүгінгі жұрттың дінге деген көңіл ауанына үйлестіргенінің сыйқы болса керек. Ал, шын діндар мен дінді құрмет тұтатындар Алланың елшісі болған қасиетті Пайғамбардың туған күнін ойнастан туашақ дүбәраға тенеудің қаншалық күнә, қаншалық дөрекілік екенін аза бойы қаза бола нәпірат айтатыны белгілі. Бірақ, Қолан мен Айдарға, әрине, бәрі бір.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Нұржан Наушабайұлы бұдан бір ғасыр бұрын-ақ:

*Жаңбыр жаамай, күн күркірен, жерді алдап,*

*Қатып үйде –*

*Тыста жүрген ерді алдап.*

*Қалайы, мыс, алтын, күміс, жезді алдап,*

*Бағасыздың бағалы болған заман-ай!* - деп налыған еді. «Қазақ әдебиеті» мен момын халқыма осы өлең жолдарымен тағы да «Заман-ай» деп бас шайқауға мәжбүрміз.

Газеттің қос бетін тұтас алып тұрған «Қос жетімге» тағы сонша көлемде сын айтуға болар еді. Шынымды айтар болсам, оғымызды дәй далаға атқандай осынша әуреленгеніміз де жетер.

Тек, «Қазақ әдебиеті» сияқты 10 миллиондық оқырманы бар әлемдік таралымға ұлтымыздың ар-ұяты, елдік мәртебесімен Има-

нын жерге ұратын дүбәра шимайларға орын берілмесе екен. Редакторлар жора-жолдастың көңілін табамын деп жүріп, пысықай авторлардың қанжығасында кетпесе екен деген тілек айтқымыз келеді.

## **АЗАТ ЕЛДІҢ АСҚАҚ ӘУЕНІ ҚАЙДА?**

(қысқаша анықтама)

Бұл мақала 1993 жылы жазылып «Түркістан» газеті редакциясына, 1994 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне, ол баспаған соң «Жас Алаш» газетіне жіберіп едім, ол газеттің редакторлары да жауапсыз қалдырды. Содан бері де талай жыл өте шығыпты.

Ал, мен көтерген проблема күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Өйткені, «Азат елдің Асқақ әуені» әлі туа қойған жоқ. Елдің ән ұранын ауыстыру жөніндегі белсенділіктің қарқыны әлдеқашан тындым болған. Өйткені жағымпаздық пен жандайшаптың ғұмыры қашан да қысқа болған ғой.

Егер лайық көрсеніңдер осы қосымшаны келтіре отырып, кезінде жолы болмаған мақаланы толық жарияласаңыздар жақсы болар еді. Шындық қашан да мәймөңкөге бара алмайды. Шындықтың дәмі кермек, жүзі өткір, даусы өктем келеді. Бұл күндері жалған қошамет пен аяр күлкінің базары жүріп тұр ғой.

Бір мезгіл ащы-тұщыға да кезек бере қойсақ ешкімнің табеті бұзыла қоймас.

*2004 жыл.*

### **Қысқаша анықтамаға қосымша**

Мен 1996 жылдың желтоқсанынан бастап ҚР. ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының «Ерте және орта ғасырлар бөліміне» ғылыми қызметкер болып орналасқан едім. 1999 жылдың басында директорымыз академик Манаш Қозыбаевпен болған бір әңгіме үстінде мемлекеттік Әнұранмен президенттік оркестрдің бүгінгі жәй-күйін сөз етіп едік.

Сонда ол кісіге бүгінгі жағдайдың Кеңестік кезеңнен еш айырмасы болмай тұрғанын, сондықтан мына туысқан Түркия елінің

700 жылдық бай тәжірибесін ескеріп солардың жорық маршруты мен әскери шеру әндерін орындайтын әртүрлі аспаптарының бізге жақындауларын сараптап пайдалансақ, өзіміздің дәстүрлі үрмелі, ұрмалы аспаптарымызды көбірек қолдана отырып, ұлттық оркестрлерімізді жасактасақ болар еді дегенімде, академик ағамыз өзінің де сондай толғаныста жүргенін айта келе, бірден сөзден іске кірісіп маған қолма-қол тапсырма берген болатын.

Нақтылап айтқанда, алдымен Түркия мен басқа да Түрік Республикаларының президенттік оркестрлерінің тарихы мен аспаптарының құрамы жөнінде мәліметтер топтамасын әзірлеу, содан кейін өзіміздің президенттік оркестірдің жағдайы жөнінде жазбаша мағлұмат дайындау, сонымен бірге Алматыдағы музейлердің мұраға мамандары және белгілі композиторларымен пікір алысу т.б. істерді қолға алуды тапсырды. Осыларды тиянақтап алғаннан кейін президенттің өзіне ұсыныспен шығатынын да ескертті.

Мен шама-шарқымша ізденіп, оркестрлер тарихы мен ерекшеліктері жөнінде едәуір материал жинадым. Бірақ ол тұстағы менің жағдайым бұл жұмыстың соңына індете түсуге мүлде жар бермей-ақ қойды. Сөйтіп жүргенде Манаш ағамыз о дүниелік болып кетті. Бұл ізденіс сонымен аяқсыз қалды.

Тәуелсіз казак елінің рухын көтерер асқак әуендер дүниеге келіп жатса, оны нәшіне келтіре орындап бере алар ұлттық бояуы қанық, нағыз қазақы оркестр жасакталып ұлы мерекелерімізбен, шетелдік құрметті меймандарды қабылдаулардың мәртебесін аспандатар мүбәрәк күндерге жетсек деп армандап едік.

Құдайға шүкір, содан бергі ондаған жылдар мұғдарында бұл салада да ауызға алар жетістіктер де баршылық екен.

Ең сүйінерлігі Кеңестік науқанмен үйірлі акын, топты композиторлар тапсырмамен жазып, жарты ғасыр бойы жұртқа жарты жолын жатқа айтқыза алмаған «Советтік гимннен» құтылып, «Менің Қазақстанымдай» елдік Әнұранымызды тандап ала алдық. Әйтсе де бұл салада қолға алар мемлекеттік әрі қоғамдық іс-шаралар көп-ақ.

Замандастарым мен кейінгі толқын бауырларыма ой салар ма екен деген ниетпен дер кезінде баспасөзге жол таба алмаған шағын мақаламды ұсынғанды жөн көрдім. Уақыт бәріне төреші ғой.

*Әлімғазы Дәулетхан.*

*11.09.2010.*



Бұрынғылар «Адам жылқы мінезді» деп отырушы еді. Олардың адам деп отырғаны – қазақ екендігі сөзсіз. Бұл қанатты сөз жылқының шаршап шалдыққанында тобанаық болып, аркасы ошақтай жауыр болса да тыңайып, жетілген соң ойнақтап шыға келетін асыл тектілігін, жадау күндерін тез ұмытып, жанына торсық байлатпас асаусыған мінезін қатар қамтитын. Ал, соңғы орыс отаршылдығы тудырған тағы бір жаңа «қанатты сөз» шықты. Ол – «қазақ қой мінезді» деген теңеу, жүректі жаулап, көндіру үшін алдымен құлақты үйрету керек екенін ол ағайындар жақсы білген. «Көп қорқытады, терең батырады» деген рас. Кешегі қазақтың - көк түріктің «көшкен селдей, ескен желдей» өр екпіні басылып, асау жылқы мінезі – қойшының қой торысына, тіпті, айдаса жүретін, иірсе тұратын қойға «баранға» айналған заманының куәсі болып отырмыз.

Қазақтың қай мінезін айта берерсің? Ол Абайдай данышпан мінеп-сынап, түзете алмай зар еңіреп кеткен елдің мінезі емес пе? Мұртына ұстара тимей кеткен, оған енді қауғадай сақалы, әйелден парықсыз ұзын шашты қызтеке, еркекшоралары қаптаған қазағы қосылған мына заманда не айтарсың?

Қазақ шын қуана да, шын ренжіп, жылай да алмайтын бір тобырға айналып қалған ба деп шошынасың. Тұтас халқым – бала-бақшаның мерекеге дайындалған әлем-жәлем киімді балалары құсап әндетіп, неге, қайда бара жатқанымен де шаруасы жоқ сияқты. Ең қорқыныштысы - осы ғой.

Біз бұларды неге қазымырлап, тәптіштеп отырмыз? Қазақты сынағыштар бізсіз де көп еді ғой.

Басқасын айтпай-ақ, біз осы шынымен тәуелсіз, азат елге айнала алдық па? Бұрынғы Қаз ССР -і мен әзіргі Қазақстан Республикасы қанша алысқа ұзай алды? Айырма неден көрінеді? Бәрі де жұрттың көз алдында сайрап тұр ғой. Мекемелердің төбесінде желбіреген көк гудан басқа не атында, не затында, не басқарып отырған басшысында қандай айта қаларлық өзгеріс болып еді?

Жылқы ма, қой ма, әйтеуір хайуан текті ұмытшақ мінезімізге баспасақ мәз болатындай, тойдан-тойға жарыса, шашыла қоятындай не тындырып тастадық? Тым құрыса сол әлем-жәлем салтанаттарда көпшілік болып, немесе оркестрмен, хормен айтар

жаңа азат елдің, азат тұрмысын, рухын танытар бір жүріс, шеру әні – марш жасай алдық па?

Біз қашанғы Құрманғазы мен Нұрғиса, Шәмшілердің мұрасын малданып, сал бөксе дайын тап болып қала береміз? Обломовтың өлі ұйқысынан қашан оянып, серпілеміз?

Азат елдің – азат, асқак, өр әуені қайда? Азаттық, бостандық, тәуелсіздік – бұл қасиетті, айбарлы сөздер! Ол үшін тарихта мың-миллиондардың қыршын жаны қиылып қандары судай аққан. Үш ғасырға созылған орыс, қытай отаршылдығына қарсы Тұран даласында, ер түрік ұрпағы аз құрбандық бермеген еді! Шіркін Мағжандай ұлы қазақтың – көк түріктің мынау сөзі көжеден көп композиторлардың біріне ұнамады ма?

*Түркістан - екі дүние есігі зой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі зой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің – Тәңірі берген несібі зой.*

*Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен!*

*Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял.  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?*

Бүгінге дейін біреудің қолы зар жылап әрең жетсе, біреудің қолы әлі жете алмай еңіреген қайран азаттық, Махамбеттер, хан Кенелер, Бекболаттар, ұзақ батырлар, Шәкәрім қажы, Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбектер, Таңжарық, Ақыт қажылар, желтоқсаншылар армандап қол жеткізе алмай кеткен, көз жасы боздақтар қанына толы Азаттық, сен қалай да біз көзбен көріп, қолмен ұстағандай болған Азаттық едің. Саған қол жетіп көгімізге көк Ту көтерілген күні, сол бір қасиетті мүбәрәк, құт күні – шырқап салар ел ұраны (гимн) – азаттық әні жаңадан дүниеге келмеуі, шерушілер жұм бола гүрілдете айтар жорық, жүріс әуендерінің ту-мауы Алаш баласы сені, ел ағалары сіздерді ойландырған жоқ па? Әй, қайдам?..

Бізде не көп, қыңсылаған, ыңыранған, қаралы жесірдің жоқтауындай зарлап, жылаған әуендер, одан қалса төбенді оярдай, құлағынды тесердей одыраңдаған, тасыраңбай, әкіренбай, әңгүдік, шалық тиген ию-кию бірдеңелер көп. Қайда барсаң да қашып құтыла алмайсың.

Құдайға шүкір, Қазақстан нешме Орденді, меделды, лауреат иелері композиторларға (сазгер дей көрменіз, ол кісілердің мәртебесі түсіп кетеді) әнші, күйшілерге, әуеской әншілерге кенде емес. Олар бұдан он жыл бұрын қай әуенге басып жүрсе бүгін де дәл сондай, тіпті, үдеп, елеуреп, еркінсіп алған.

Оларға азаттық, тәуелсіздік дегеннің ешбір қатысы жоқ. Үйткен өнерде әсіресе эстрада даңғазасында «шекара жоқ» қолдан жасалған «Қазақстан патриотизмі» дегеннің арқасында бұл күндері Қазақстанныңызды қойып азияшыл (Тұранмен шатыстыра көрменіз) жанкүйерлер қаптап кетті. «Азия пресс», «Азия газеті», «Азия даусы», «Азия банк», Азия... Азия... болып жалғаса береді. Осы қаптаған азияшылдардың ішінде Азия перзенттері жоқтың қасы, болғанда да тілден, ділден, салт-санадан, ұлттық саз, әуенінен жүрдай «интернационалдар», ныспысы ғана қазақтар.

«Азия даусы» деген бір «ғажайып» пайда болғалы 4 жыл. Біз бұған дейін «Америка даусы» дегенді білуші едік. Ол әрине, әуенге емес, сөзге, әңгімеге арналған. Сөздің түп мәніне назар аударсақ «дауыста» әуеннен гөрі ауыз екі сөзден шыққан дыбыстық қасиет басым.

Ал, тіпті әуенге қойылар ат болғанда да «Азия даусы» деп айдар қоюға кім өкілеттік беріпті оларға? Азия даусы қашаннан бері эстрада селкілдегімен селкілдеп, ию, кию жын ойнаққа айналып еді? «Азия» деген өзі не нәрсе? Азияда тұратын қай қазақ, қай ұйғыр, өзбек, қырғыз, миллиард қытай мен индия, жапон мен корей менің «дауысым» деп Фаномарев, Ергалисвшылар дауысын мойындай қояды екен? Сұғанақтықтың да, еркінсудің де шегі, шеңбері болуы керек қой.

Біздің музыкалық, әуендік мәңгүрттенуіміздің шектен асқаны сонша бұқардай әулиелеріміздің, сары майдай жұғымды, майда халық әуендеріміздің құтын қашыра бақсының зікіріне айналдырған әншісымақтарға қолы ауырғанша шапалақ соғағын, газет пен эфирден марапаттап тандай қағатын күнге жетіліз.

Ал, елбасыларымыздан бастап ақ жол тілеп бата берген «Азия даусы» келешек бес-он жылда қазақы үнімізбен әуенімізді тапап тұншықтыра, Латин Америкасы мен Африканың өкіріп-бақырған зәңгілері сахнамызды жаулап алмасына ешбір кепілдік жоқ.

Қазақтың түбіне әлі де болса осындай науқаншылдық, көрсеқызар тексіздік, әсіре белсенділік жетеді. Ән, саз өнерімізде де жағдай солай.

Сонымен Азт елдің Азат әуені қайда? Ол өзі қазақ топырағында болып па еді?

Неге болмасын? Болғанда қандай! Жауынгер көк түріктің, Алаштың жортуыл жолын басып, жәй ойнап, жалын шашқан ұзақ тарихында бәрі де болды ғой.

Қасиетіңнен айналайын аруақты Ақтамберді бабамыздың толарсақтан қан кешіп жүріп:

*Жауға шаптым ту байлап,*

*Шепті бұздым айғайлап.*

*Дұспаннан көрген қорлықтан,*

*Жалынды жүрек, қан қайнап.*

*Ел-жұртты қорғайлап,*

*Өлімге жүрміз бас байлап,* - деген жыр жолдарының әуені, сазы жоқ еді деп кім айта алады? Христиан, католик шіркеулерінен шыққан хор, опера, оркестрмен орындалмаса, ол көпшілік айтуға арналмаған деуіміз керек пе?

Егер тарихтан сәл хабардар адам болатын болса жорық жырлары, әндері, тіпті марштар көк түріктің қайтпас жауынгерлері сүрен салу, аруақ шақыру, іс-қимылды бірлікке келтіру үшін айтатын хор түрінде қолданылған. Ал, әлемдегі тұңғыш жорық маршы мен оркестрді дүниеге әкелген әйгілі Османлы императорлығы екендігін зерттеушілер теріске шығара алмас. Сонау ХҮІІ ғасырдың өзінде немістің атақты ғалымы Хаммер: Түрік әскерінің музыкасы, жорық жырлары Еуропа ұлттары жағынан қарызға алынғандай ауысып бүгінгі әскери музыкасын жасады», - деп жазған еді. «Османлі дәулеті тарихы» II т. 182 б.

*Шер батса кім іздемес туған елін,*

*Тұттар да көксемей ме туған жерін?*

*Арқаның ардагері қалың Алаш.*

*Тұран да біле-білсең сенің жерің,* - деп алаштың ардагер аза-

маты Мағжан жырлағандай, біле-білсек қазаққа тұтас Тұран, исі түркі, сол қатарда Түркия елі орыс пен қытайдан жақын емес пе еді? Оның қан ойнатың, жігер жаныр тамаша жорық маршруттарын үйреніп, шерулерде неге шырката салмасқа? Әскери музыканттарға неге үйретіп ойнатпасқа? Мұндай істерге келгенде жалған намыс, жақын мен жатты айыра алмайтын шата өгейлікке жол бермеу керек.

Кешегі Колбин мен Камалдиновтар қаһарына мініп, Алаш баласын арпаның қауызына сиғызамын деп құтырынып тұрған күндерінде көгілдір экраннан Ақтамберді бабаның «Күлдір, күлдір кісінетіп» жырын тегеурінді өр екпінмен қаршадай Бекболат бауырымыз күніренте айтқанда бойында ұлттық қаны бар Алаш азаматы қандай серпіліп еді десеңші!

*Күлдір, күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз.  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол төңкерер ме екенбіз!  
Жалаулы найза жанға алып,  
Жау қашырар ма екенбіз!*

Желтоқсаншылардың Орталық Алаңда жығылған ереуіл туын қайта көтергендей Бекболат бауырымыз көгілдір экранға шыққанда қуанғанымызды неге жасырайық. Бірақ, Бекболаттың сол ерлігін біреу бағаласа, біреу елей қоймағаны да шындық емес пе?

Шіркін, сондай ел басына күн туған алма ғайып заманда, баяғы ұмыт болған «Алаш маршын» аспандата айтып аруақ шақырар ма еді деп армандайсың. Ең өкініштісі, ол марш күні бүгінге дейін азат, тәуелсіз Қазақстанның эфиріне әлі шыға қойған жоқ, таяуда шыға да қоймас. Үйткені, «Қазақстан халықтарының» достығына нұқсан келуі, достар ренжіп қалуы мүмкін... Ендеше азаттықтың алтын күрек желі соғып еді, шын тәуелсіз Қазақстан құрылып еді деп қайтіп айта аламыз? Әйтпесе:

*Арғы атам ер түрік,  
Біз қазақ еліміз!  
Самал тау, шалқар көл,  
Түркістан жеріміз.*

*Сай-сайлап, мал айдап,  
Сайранда ел жайлап.  
Ерке өскен Түркістан,  
Еркесі серіміз.*

*Бұғаудан босанған,  
Біз долы арыстан.  
Залымды жоямыз,  
Қайтпаймыз намыстан!*

*Ат мінсек жел болып,  
Зауылдап шабамыз.  
Лап десе от болып,  
Лауылдар жанамыз!*

*Түріктің жолына,  
Қызмет етеміз.  
Ақиқат жүректе,*

*Осылай санамыз!*- деп асқақтата әндетсек керек еді ғой.

Қадірлі оқырман қауым, ақ түйенің қарны жарылып, азаттықтың алтын арай таңы атты деген 1991 жылдың желтоқсанынан күні бүгінге дейін шерулерде айтылар, тіпті мектеп оқушылары айтар, әскери жүрістер мен көжеден көп той, мерекелерде топтала айтар бір әуеннің әлі туа қоймағаны сіздерді толғандырмай ма? Күллі баспасөзі мен эфиріміз ондай қажеттілік жоқтай, жұмған аузын ашпауы қалай?

Санды ақпарға құмар әдетімізге бассақ мыңдаған жоғары білімді маман музыканттар мен композиторлары, пәленбай лауреаттар мен халық әртістері бар Қазақстандай алып елдің таразы басарлық, толымға толарлық елдігін, азаттық қуаныш шаттығын білдірерлік жаңа ән ұраны ма, ел ұраны ма, гимні ме әйтеуір бір асқақ әуен тудыра алмауы қай жетіскендігіміз дей алармыз?

Сонау Сталиндік диктатура заманында қорқыныш пен үрейден аяқ қолы қалтырап жүрген сазгерлер, қырық құрау құраммен жазған «ұлы орыстық, советтік қызыл империяны мадақтайтын сөзге лайықтап жазылған ел ұранды ескі шапанның астарын аударып кигендей қайта пайдалануымызды ешбір әдемі мадақпен ақтай алмасымыз баршаға аян. Ол керек десеніз елдігімізге,

тәуелсіздігімізге ауыр сын. Үш жүз жылда әрең бір жеткен азаттық күннің салтанатын бере алатын, жаңа жас мемлекетіміздің азаматтарын өрлікке, ерлікке шабыттандыра алатын тың да қаһарлы саз әуені – ел ұраны ауадай қажет-ақ еді.

Республика күні, жанару күні, ұлттық ұлан, ұлттық әскер дүниеге келген күн т.б. құдайға шүкір мерекеге кемдік жоқ. Бұрынғылар «орыстың мейрамы көп, қазақтың айраны көп» деуші еді, әзір оның керісінше болды десек те артық болмас.

Тәуелсіздік дегеніміз, әлде, жүздеген күіз үйді бір ауданнан бір ауданға, бір облыстан екіншісіне тасып, тіз қатар тігіп балалардың ойынындай айқай-сүрен, алашапқын ересектер ойынын көрсету ме? Жерді, құрылық араны қойып, космостық-жұлдызды соғыс заманында ХХІ ғасырдың табалдырығында отырған адамдарға шошаңдаған найза, даңғырлаған қалқан мен ерлігімізді, елдігімізді насихаттамай-ақ қойсақ еді. Оның есесіне осы заманға лайық жасампаздық істермен айналыссақ болмас па? Яғни сауыт, қалқан, найза, ат-әбзелге кеткен миллиондардың біразын біз айтқан жорық, шеру әндері мен саз әуендеріне, отаншыл марш әуендеріне бәйге жариялап ұйықтап жатқан сазгерлерімізді сыйлықпен болса да оятып, желпіндіріп, қолына қалам алуға түрткі болсақ еді!

Бізді қайран қалдыратын тылсымдай тымырайған бір сұрақ бар: Кешегі бізге сырттан зорлап таңылған, жапсырылған партия, комсомол, көсемдер мен шешендерге, колхоз бен бесжылдықтың балғасын солқылдата соққыштарға, пәленбай кәсіптік мерекелерге тіпті алжыған Леонид Ильичтерге дейін ән-жыр арнағыш, «шаттық отанында» масайрап «коммунизм оттарын» алаулатқыш сазгерлер мен олардың «талантты» шәкірттері қайда жүр?

Мынау азат, тәуелсіз Қазақстанның сазын жасайтын сазгерлерді 30-жылдардағы үрдіспен шетелден енді Америка, Қытай, Кореялардан импорт жасауымыз керек пе? Әлде, «Азия даусынан» тапсырыс береміз бе? Намыс - елдік, ұлттық намысымыз қайда ағайын?! Желге желіндеп, мұзға бұзаулаған қайран отандастарым-ай құр тұлыпқа мәңірегенді қойып, өз төліңе өз қаның мен жаның араласқан ақ, адал перзентіңе ийітін уақытың болды ғой. Туған Отаның, өз анаң, азат елдің азат та асқақ, туселсіз қазақ әуенін сендерден күтуге қақылы әрі оны сендер беруге міндеттісіңдер!

Бізге азат елдің асқақ әуені ауадай қажет, ағайын!

*1994 жыл.*

# КЕДЕН – КЕДЕН БОЛДЫ, КЕДЕРГІ НЕДЕН БОЛДЫ?...

30.07.1991 жыл.

Иә, қазақ елінің 1991 жылғы 16 желтоқсанынан бұрын да, бір кездері тәуелсіз мемлекет болғанын, оның заңды құқығын, ішкі-шекарасын қорғап, өткен-кеткен жолаушылар мен сауда керуенін тіркеп-тексеріп тұратын Кедені (бүгінгілерше айтқанда Таможнясы) болғанын айғақтайтын осынау жасамыс, тарихи сөздің астарына үңіліп қойғанның артықтығы жоқ сияқты.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің II томында: «Кеден сөзіне: Шет елге апара жатқан, немесе шет елден алып келе жатқан тауарларды тексеретін орын (мекеме)» деп анықтама беріпті. Ал, Кеденнің екінші мағынасы: «Ұрыс-керіс, қақтығыс, соқтығыс, қиындық, кеден-кеден болды, кедергі неден болды» деп түсіндіріпті (543-бет, «Ғылым» баспасы, Алматы, 1979жыл).

Өзгермейтін, жаңаланып, толықтанбайтын еш нәрсе де болмайтынын дәлелдеп жатудың жөні жоқ. Тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз кеденінің нақтылы іс-тәжірибесі тудырған «Кеден» атауының жұрт танып-білген тағы бір мағынасы бар, ол болса, жолаушылардың қалтасын қағу, шет елден алып келе жатқан және шет елге әкетіп бара жатқан кез-келген тауар мен заттан үлесін жырып алып қалу, беті бүлік етпестен, қолы қалтырамастан, әлтектәлтек кадамды жас, тәжірибесіз, қорғансыз Отанының абыройы мен мүддесін АҚШ долларына сата салу, қайтсе де жаяу-жалпылап жеткен Кеден мекемесінен бірнеше ай ішінде шет ел машинасын мініп қайту, сөйтіп жалғанды жалпағынан басатын нан табар орын» деген үшінші мағынасы болмақ.

Иә, бұл күндері кейбіреулер қит етсе «намысыма тиді, құқығымды аяққа басты, мекеменің мүддесіне зиян келтірді деп бірін-бірі сотқа беріп жатады ғой. Кеден мекемесі де мені сотқа бере жатар, егер мен жөнсіз, жолсыз соқтыққан болсам.

Егер естір құлақ, көрер көз, селт егер жүрек болса Қазақстанның кез-келген газет-журналы мен теледидарында, кез-келген Кеден мекемесіндегі келеңсіздіктер жөнінде жазылып, айтылып жатқан жанайқайына назар аударар еді. Көзге бадырая көрініп сорақылықтарды көрмеу үшін көр соқыр, не керең-мылқау болу керек шығар.



Жұртым-ау! Кеден деген бір елдің бет-бейнесі, шарайнасы емес пе еді? Сырттан алғашқы келген кез-келген жолаушы бірінші рет жүздесіп-тілдесер адамдардың түр-тұлғасы мен тәртібі, кісілігі мен тәрбиесі, жөн-жоралғысы мен заң-заңының таразы басына тартылар жері де дәл сол кеден емес пе?!

Ал, біздің кеденшілердің не істеп жүргенін, басқаны қойып, күніге мың сан адам ары-бері сапырылысқан Алматы әуежайы мен Қорғас (кейбіреулерше Каргос) кеденінен өткен адамдардан сұрасаңыз немесе өзіңіз тәжірибе жасау үшін өтіп көріңіз. Қазақтың сайдың тасындай нән жігіттері шекесінен қарап оқырып тұрады. Олар шетінен балпаң, шой желкелі шомбал, беттерінен майы шыққан жылтыр, жүрістері талтаң-талтаң. Келген-кеткен жолаушыны ықтырып, бұқтырып алуға әбден төселіп алған. Соны білетін тәжірибелі шет елдіктер алдын-ала қас қағысып, нық көрсетісіп, ымдасып әлгілердің қаһарлы жүзін жылыта қояды.

Көк қағаздар паспорттың арасымен де, қалтадан-қалтаға, тіпті жазу столының суырмасына да сырғып кіріп жатады. Топпен жүрген жолаушылардың жетекшілері тіпті еркін. Қайындарына кезіккен шолжаң күйеудей ойқастап кіріп-шығып жүріп-ақ істі тындырып болады. Ал, қалтасынан артық ақша шыға қоймаған (дұрысы шығара қояр еш нәрсесі жоқ) жұқалтаң жолаушының күні қараң, оны ақырып-жекіріп шетке айдап шығады, таңертең ертелетіп жетсе де кешке әрең итшілеп өтеді. Таяуда менің бір інім Қорғас кеденінен көрген қорлығын айтып түңіліп келді. «Бұл не сұмдық, Қазақстан үшін мен ұялғанымнан жерге кірердей болдым. Бұл елде заң-тәртіп деген шыныммен жоқ болғаны ма? Мына кеденші қазақтарың заңнан қорқып аяғын тартуды білмейді екен ғой. Көтергенім бір сөмке, құжаттарымның бәрі заңды. Мені төрт сағат қақпайлап өткізбей ұстап тұрды. Ең соңында «Ей, бірдеңе беріп кетпейсің бе, не деген жөн білмейтін адамсың өзін» деп қарап тұр. «Бірінші рет келе жатырмын. Онсыз да шиедей болып шашылып әрен жеттім осы жерге, немді берем» - деп едім, әлгі қандас кеденшім ақырып: «Ей, баршы, кетші, тез өтші зарламай, өзің бір «жадний дурак» екенсің», - деді. Бері шыққан соң барып басқалардан әлгі орысшаның не сөз екенін біліп, намыстан жарылып кете жаздадым», - деп менен «бұл қалайға» жауап күтеді?

Қадірлі газет оқырмандары, «бұл қалайға» сіздер қандай жа-

уап берер едіңіздер? Ал, мен ешбір мардымды жауап айта алмай мінгірледім. Оның жауабын мүмкін бас министр Қажыгелдин мырза айтар немесе бас Кеден басқармасының бастығы Дербісов немесе Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев немесе күллі жемқорлар мен бұзақылардың соңына арнайы түсіруге құрылған атағы дардай «ГСК» дағы жауапты адамдар берер.

Өткен қантарда көшеде сөйлесіп бара жатқан үш қытай азаматының сөзін құлағым шалып қалды. Алматы көшесінде өзін білетін шет елдіктің сөзін есту әлде қалай қызығушылық тудыра-ры табиғи емес пе?

Онсыз да даңғырлап, саңғырлап сөйлемесе басы ауыратын қытайлар бейне Бейжін көшесінде келе жатқандай-ақ қытайша шекара, кеден әңгімесін айтып келеді екен. Жаңа келген біреуіне бұрыннан келген біреуі түсіндіріп жатыр: «Ой, оған алаңдамай-ақ қой. Қазақстанда долларың болса Сара Назарбаеваны да айтқаныңа көндіруге болады» - деп көкіді. Мен шыдай алмай, «Ей хайуандар, не оттап тұрсындар өздерің, тілдеріңді суырып алайын ба дәл қазір» деп жекіріп едім, әлгілер сілейіп тұрды да қалды. Біреуі ыржалақтап, кәнігі қытайлық зымиян ыржиысқа басты. Біреуі өтіп бара жатқан бір машинаны дереу тоқтатты да зыта жөнелді.

Бұған не айтасындар, ағайындар? Намыстан жарылып өлердей болсаң да ол сөзде белгілі шындық жатқанынан қайтып жалтарарсың?

Ұлы Абай қара сөздерінің 2-ші бөлімінде «Қулық, сұмдық, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ, өнерсіз иттің ісі» - деп ашына жазып еді. Ал, мынау өнерлі, дипломды, ерекше куәлікті, иттің ісімен айналысушы адам сауғыш, мемлекеттік тілемшілерге не айтуға болады? Оларға доллардан басқа қадірлі де қастерлі еш нәрсе қалмағанмен қазақ мемлекетіне, оның арлы, намысты азаматтарына, ел басына қастерлі, ел намысы, мемлекет мүддесі бар емес пе еді?

*16.08.1996 ж.  
«Заман-Қазақстан»*

## ҚАЗАҚТЫҢ АСҚАРЫ...

Мен осы уақытқа дейін қазақтың біраз жақсы жайсандарын көзіммен көріп, сұхбаттас, дәмдес, тұздас болған адамдардың бірімін.

Солардың ішінде ешбір дабыра мақтансыз-ақ, кісілігімен ұлылығына нық сенген байсалдылықпен өзін қазақтың Асқары деп таныстырған адамды бірінші кездестіруім болғандықтан алғашында өзімнен өзім ыңғайсызданып қалғаным әлі есімде. Шынымды айтсам мен сол сәтке дейін Асқар Тоқпанов жәйлі онша біле бермейтінмін.

1991 жылдың 22 ақпаны күні, сол кездегі «Алатау» арнасы редакциясы орналасқан алып ғимараттың 3-кабатындағы журналистер бөлмесіне, басында әдемі сусар бөркі бар, орта бойлыдан биіктеу, аққұба өңді бір келісті қария «Ассалаумұғаләйкүмді» соза дауыстап, оң қолын сілтей сермеп кіріп келді.

Бөлмеде өз жұмыстарымен отырған бес-алты журналист сардарын көрген сарбаздай бірден өре түрегеліп, жамырай сәлемдесті.

Қария жағалай қол алысып амандасты. Әлі қайратты көрінеді, қолыңды салалы саусақтарымен қыса салмақтай тұрып, көзіңе көзін қадай, айбарлана қарап, жан-дүниенің барлау жасай бастағандай әсерде қаласың. Әсіресе, дауысы тым қуатты, күмбірлі, өктем екен. Бірауыз сөздің өзін құмыға, керенауланып сыздап әрең айта-тын бастықсымақтар мен байшікештердің ыңырануынан бүтіндей басқа-жарқын, мерейлі үн мені өзіне баурай ала бастағанын анық сезіп тұрдым.

Біздің суықтау, бұйығы, күңгірт бөлмемізге жылу мен жарық бірден лап қойғандай жанданып сала берді.

Асекен бейне күнделікті оқып жүрген лекциясын жалғастырып тұрған ұстаздай өнер туралы, өнер адамдары туралы ағындаға сөйлей жөнелді. Дауысы айтылар ой ағысына қарай сан құбыла шалқып, аспандап бара жатты. Сөзді қандай анық, әуезді айтса, оның үйлесімді мазмұнын да нықтан, қатал өкімдей етіп, жалтақсыз ащы айтады екен.

Мұндай адал да ажарлы, шын сөз естімегелі қай заман? Япырау, мынау кім өзі? Ол неге ешкімнен, ешнәрседен именіп, сақтанбай, тұспалдап, ишараламай батыл сөйлейді? Әлде, ішіп алып батыр-сынатын мылжың шалдардың бірі емес пе?

Мен шынымды айтсам, біразға дейін сондай әрі-сәрі көңіл-күйде болғаным рас. Бірақ, мынау өктем үн, шешен тіл, оттай ыстық лебіз, інжу – маржандай төгілген аталы-баталы сөздер, бет жыр-татар, көзге шұқыр ащы шындықтар легі мені алды-артыма қаратпай билеп-төстеп алғанын анық сезіне бастадым.

Мен дереу күнделікті жұмыс жоспарын жазып жүретін қалың қатерімді ашып, ол кісінің сөздерін үлгергенімше аттап-бұттап жаза бастадым. Амал қанша, оған дейін қаншама қанатты сөздер далаға ұшып кетті-ау! Әлі күнге дейін өкінемін. Менің бір байқағаным ол адам кімді де болса өз атымен, атақ-лауазымымен анық айтады екен. Жек көретін адамы кім болса да атын атап тұрып, оның ұнамсыз мінез-құлқын дауысын келтіре, соның бейнесіне кіре, әртістік құбылыммен орындай айтады екен. Қандай әңгіме айтса да мақал-мәтелмен, Абай мен Шәкәрімнен үш дана биден, әйгілі хандар мен шешендерден мысал келтіре әрлей, дәмдеп айтады екен. Сахнадан декламация тыңдап тұрғандай, немесе жазылып қойылған мәтінді тоқтаусыз оқып тұрғандай әсерде, таң-тамаша күйде тұрғаным әлі есімде.

Сол аралықта Асекеңнің зор, қуатты дауысы талай жерге жетіп тұрды-ау деймін. Есікті әлденеше адам ашып-жапты. Кейбіреулер емен-жарқын сәлемдесе кіріп жатты. Ал, кейбір бастықсымақтар кідірместен есікті жаба салып тайып тапырақтай қашқанын да көрді.

Сондайды байқап қалған Асекең:

1991 Малға жем-шөптен басқаның керегі не, Абай данышпан – малға достың мұңы жоқ, малдан басқа деген ғой баяғыда-ақ, итке темірдің керегі не демей ме атам қазақ... деп өршеленіп, өжеттеніп кетеді екен. Мен содан былай қарай кейбір сөздерін жазып алып-пын.

\*\*\*

Қазақтың үш ауруы бар: ақымақтық, оған дауа жоқ, ол құдай берген ауру. Жалқаулық, қорқақтық, бұл екеуінің емшісі табылса, дауа бар. Маған дауала десе әттен, маған хүкім құзіретін берсе шіркін, қазақты бір жылда-ақ зыр жүгірген елгезек, таудан да жаудан да қайтпас ер жүрек етер едім. Қайтіп дейсің ғой, дайырды суға салып тұрып қайқайта салар едім, арқа-жоннан...

Қазақты Абайдай таныған, Абайдай сүйген әрі Абайдай жек

көрген қазақ бар ма екен. Егер ондай қазақ бар болса, ол тақ мына алдарыңда тұрған пақырларың болар...

Дана халқым айтқан-ақ қой: Көп байланған бұзаудан бұқа шықпайды деп, қазағым көп байланған бұзау ғой... Тағы оған өкпе артамын-ау!

\*\*\*

Құдай бір бала беріп еді, оны да жырық қылып бергені-ай. – деп, жылапты ғой бір бейбақ...

Осы арада марқұм тайсалмай айтқан жырық ботаны дәл айтуға біздің ерлігіміз жетпей отырғаны-ай!

\*\*\*

Мен 73 спектакльдің режиссерімін. Қазақтың тұңғыш режиссерімін. Станиславскидей корифейлердің шәкіртімін.

\*\*\*

Екі әйел қатар жатқаннан не шығады?

\*\*\*

Қасиетіңнен айналайын Жамбыл бабам өте тапқыр, өткір юморист, әзілкеш адам болған ғой. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ мәдениетінің 10 күндігі бар емес пе? Па, шіркін, ондағы қазақ өнерінің салтанаты қандай еді? Қайран, арманда кеткен ағаларым, Темірбек /Жүргенов/ Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Қаллеки /Қалибек Қуанышбаев/ Қанабек, Күләш, Серке, Ғарифолла, пайпай, әрқайсысы бір тау еді ғой...

Қазан вокзалында мәскеуліктер салтанатпен қарсы алады. Орыстың небір сылқым сұлулары, әртістері мен ақын-жазушылары құшақ-құшақ гүлімен қарсы алып, бәрі де алдында келе жатқан 90-дағы Жамбыл қартқа ұсынып қалғысы келеді ғой. Сонда Жәкем ойын-шыны аралас:

–Ой, мына қызынды ұрайындарын қайтеді ей, мұның бәрін мен қайтемін. Оны жейтін ешегім Ұзынағашта қалғанын білмейді ғой деймін, – деп күліпті.

Басқан жері алуан түрлі гүлге оранған жер жәннәті Жетісуда туып-өскен дала серісінің көңіл-күйін сендер түсіне қояр ма екенсіңдер! Қазақ көкті жұлмайды, жұлғызбайды. Гүлді аялайды.

оны әспеттеп жырға қосады. Бірақ жұлмайды, ешқашан да...

Ұлттық – қазақтық менталитет дегеннің не екенін сендер сезесіңдер ме ей, әй қайдам...

\*\*\*

–Ей, Закаш сен мұнайдың иісін әлдеқашан ұмытып қалғансың. Әкең – Беріш, шешең -- татар... Сенің айналаңда кімдер жүр? Сен де білесің, иә, мен де білемін. Кәззәп еврей Устинов жүр домаланып, матадай жылпылдап Камал...

\*\*\*

Жаз шықса жақсы-ау, жыланы бірге шыққаны жаман-ау!

\*\*\*

Маңдайдағы сор мен бақ,  
Өзімдегі тіл мен жақ...

\*\*\*

Ұғысайық – ұрыспайық, таласайық, түбінде табысу үшін!

–Е. сендер ХХІ ғасырға, жаңа ғасырға, жақсы ғасырға жетесіңдер! Иә, ол кезде менің сүйегім қурап қалады ғой, ә? Бірақ та сендермен менің рухым бірге өмір сүруі керек қой!..

Көкірегі дана қартымызды мен содан кейін бір-ақ рет көрдім. Сол кезде «Алатау» арнасында редактор болып істейтін Роза Мырзалиева Асекең туралы хабар түсіріп жүрген еді. Соған асығып тез кетіп қалды. «Алатау» арнасының бас редакторы марқұм Айтан Нүсіпхан екеуіміз Асекеңнің өмірі мен ой-толғаныстарын кеңінен қамтитын көп сериялы құжатты лента дайындасақ кайтеді, мынадай қарттарымыз көп емес қой, тіпті жалғыз деуге де болады. Көненің көзі, асылдың сынығы, деген осындай-ақ болар. Би деген әділ би, шешен десең төгілген қара тілді шешен, режиссер десең нағыз дарынды режиссер, ақсақал десең нағыз дуалы ауыз қария осындай-ақ болар десіп едік.

Ол кезде о кісінің айтқандарын эфирге толық шығара алмасымызды да білуші едік. Бірақ қазып алып қалу керек екенін барынша сезіндік.

Әттең тонның келтесі-ай демекші, ой-жоспар қағаз түрінде қалды. Дер кезінде түсіретін техника ала алмадық. Шынын айтқанда жоғары басшылықтан қолдау таба алмадық. Уақыт кімге қарап тұрсын. Ендігіміз тек өкініш ғана.

*13.12.2001 ж.*

## **АҚ – АҚҚА ҚҰДАЙ ЖАҚ**

Менің қолыма қалам алдырып, осы мақаланы жазуыма түрткі болған «репортер независимый информационный порталда» жарияланған Сергей Михеев дегеннің «Как черное становится белым» дейтін мақаласы еді.

Сергейдің жанын түршіктіріп, санасын сансыратқан «Ақ пен кара» жөніндегі философиялық ұғым-түсінік те, өмірдегі әділдік пен әділетсіздік, дұрыс пен бұрыс та емес, қазақ халқының, тіпті тұтас түрік әлемінің ұлы тұлғасы – ар-намысы, бостандығы мен тәуелсіздігінің қастерлі символына айналған Мұстафа Шоқайдың жағасына жармасып, оны каралау үшін қолданғаны болатын.

Мұстафа Шоқайды 70 жыл бойы қудалап, жаппаған жаласы, таппаған айыбы қалмаған қарғыс атқан Кеңестер Одағы келмеске кеткеннен бергі 20 жылда тәуелсіз Қазақ мемлекетінде болып жатқан іргелі өзгерістер мен саяси, мәдени, рухани жаңғырулар, әлемдік қауымдастық бір ауыздан мақұлдап, мойындаған жетістіктеріміз қайдағы бір Михей-Сихейлердің теріс азу бұралқыларына ұнамайды екен деп қарап отыра алмаспыз.

Бұл әлемде ақты кара етіп көрсетуге ұрынушылар қашан да аз болмаған. Бірақ, ақ уақытша кара болып қорланғанмен ең ақырында жарқырай ағарып отырған.

Михеев Сергейдің ардагер Мұстафаның періштедей пәк тұлғасына жапқан жалалары мен жапсырған қараларына бір-бірлеп тойтарыс беру керек деп ұйғардым.

Михеев тілге тиек еткен «Мұстафа Шоқай жолымен» атты деректі фильмнің Алматы қалалық әкімшілігі мен «Қазақ фильм» басшылары өткізген тұсау кесеріне біз де қатынасқанбыз. Алматының зиялы қауым өкілдерінің қызу қарсы алып, қуана құттықтаған жүрек жарды лебіздерін тыңдап қол соққанбыз. 70

жыл бойы НКВД мен Сталин, Ежов, Бериялардың қудалауында караланған ұлы тұлға туралы тарихи шындықтың бетін аша түсуге себепкер болатын «Мұстафатану» дәуіріне батыл кадам басуымен ақын Қасымхан Бегмановқа алғыс айтқанбыз.

Ақ пен қараның ара жігін ажыратуда негізгі өлшем – адмның ниеті мен пиғыл-харакеті, ар-ұяты мен адалдығы болса керек. Сергей сенде осылардың бірі де жоқ-ау, сірә. Егер олай бомаса, сен былайша еркінсіп аузыңа келгенді көкімеген болар едің. Мәселен:

1. Мұстафа Шоқай «... прежде весьма сомнительным личностям ради идеологической перековки населения», деп бастайды Сергей мақаласын. Сонда автордың «Аса күмәнді тұлғаның қандай күмәнді іс-әрекеті болғанын дәлелдейтін дерек көзінің сыйқына қараңыз.

«Представим»... 1945 год. Поверженная Германия. Филтрационный лагерь для военнопленных и пособников фашизма. Смершовец ведет допрос пожилого господина азиатской внешности.» Мінеки, осы азиат пен тергеушінің арасындағы сұрақ-жауап мақаласымақтың жарты көлемін құрайды. Сонда, ол сұрақ-жауаптың Мұстафа Шоқайға қатысты деген тұсына назар аударыңыз. Әлгі азиаттың министр Альфред Розенбергке жазған хаты дегеннен үзіндісі: «...Необходимо организовать из мусульман-советских военнопленных – особую армию. Задачей ее станет свержение Казахстана и Средней Азии Советской власти. **Я, Мустафа Шоқай готов в случае согласия возглавить это благородное движение.**»

Сергей, сен айта қойшы, атын да білмейтін азиаттың аузымен айтқызыған «Я, Мустафа Шоқай готов» деген күмәнді сөзге бола алаш ардагерін каралауға қалай аузың барды?

Одан да сорақысы, 1945-жылға дейін өмір сүре алмай дұшпандардың қастандығынан қапыда қаза болған Мұстафаның аруағын қорлап «Вот примерно такой допрос мог состояться в 1945 году. Но не состоялся. По причине смерти... Мустафа Шоқай умер 27-декабря 1941 года в Берлине. Через три недели после начала контрнаступления красной армии под Москвой. Возможно, этот факт ускорил кончину, такое потрясение и стресс...» деп оттайды.

Қадірлі отандас бауырларым, ақ ниетті адам баласы,



айтындаршы: Орыс Михеев тұтас түріктің ардақтысы, фашизмнің қас дұшпаны болған Мұстафа Шоқайға неге сонша өшігеді, неге оның рухын қорлап аузына келгенін күйсейді? Сонда Михеев Мұстафа Шоқайдың неміс тұтқын лагерін аралау барысында көрген сұмдықтарына жаны төзбей жазған мына хатынан бейхабар ма еді? Деректі фильмде ол бадырайта жазылып көрсетілмеппе еді? Ақыл-есі дұрыс, ар-ұяты бар ет жүректі адам Мұстафаның басын бәйгеге тіге, ашу-ызаға толы мына сөзін қан жылай отырып оқымауы, ұлы қайраткердің рухына бас имеуі мүмкін бе?

«Сіздер, немістер өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыздар, егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көргендерім болса, онда мен сендерге де тұтқындардың шеккен азабын тілеймін. Сіздер ХХ ғасырда өмір сүре отырып, ХІІІ ғасырда Шыңғысханның жасаған зұлымдығынан асырып жібердіңіздер. Мәдениетті халық екендіктеріңізді айтуларыңызға хақыларыңыз жоқ.»

Осы хатпен танысқан SS офицерінің «Пікірлеріңді өте тура айтыпсың. Мұның артықтау емес пе» дегенде еш тартынбастан: «Егер сіздер осыған байланысты маған ату немесе асу жазасын берсеңіздер де разымын. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен көрі өлгенім артық. Бұл қорқынышты жағдайлардан соң өмір сүргім келмейді», - деп жауап хат жазады.

Бұл үзінділер «Қайнар» баспасынан 2007 жылы шыққан Мұстафа Шоқайдың үш томдығынан, Мұстафаның сүйікті жары Мария Яковленаның «Менің Мұстафам» атты естелігінен алынып отыр. Қазақтың ұлы перзентінің алып жүрегі қайдағы бір «Потрясеня мен стрестен емес, осындай ұлы қасіретке төзе алмай тоқтап еді десек жөн болар.

Сергей мырзаның қазаққа, күллі түрік адамының сөзіне сіре сенбесін, тіпті «троицасына» құлай беріле салмасын білсек те, өзінің қандасы, орыс священнигі Яков Горина мен Анастасия Корзинкиноның қызы Мария Яковленаның Мұстафадай ақ некелі адал жарының адал сөзіне күмәні бола қоймас деп дәмеленіміз.

Аю тоңмойындыққа ұрынғанның өзінде, сүйікті анамыз Мария Яковленаның ағынан ақтарыла жазған мына жүрек сөзіне қарсы айтар уәж таба алмасына кәміл сенеміз.

«С Мустафой Чокаем мы прожили 23 года совместной супру-

жеской жизни. Это была тяжелая, но счастливая пора. В эмиграции нам приходилось играть самые разные, порой непривычные для нас, роли. Бог миловал нас: низкие роли клеветников и подхалимов мы никогда не играли. Наша совесть чиста.»

Михеев сияқтыларға бұл аз көрінсе Мария Яковлевна марқұмның бұ дүниеден өтер алдында Әлім Алматов ақсақалға айтқан мына бір жалынды сәлемін де келтіре кеткеннің артықтығы болмас:

«Сен жассың ғой, бәлкім жақсы-жарқын күндерге аман-сау жетіп те қаларсың, солай бола қалған күнде Мұстафаның отандастарына айта бар, ол ешқашан да өз халқының жауы болған емес, ол өзінің бар болмысын ұлтының азаттығы жолындағы күреске арнап өтті.»

2. Михеев ешбір негізсіз жаптым жаламен «Прежде весьма сомнительный личность» деп қаралаған Мұстафа Шоқайдың нағыз адами һәм саяси бет-бейнесі, тарихтағы орны осылай нақтыланса керек. Ақ ешқашан қара бола алмайды.

Сергей мырза, сенің өз халқыңның өткені мен бүгіні жөніндегі ұғым-түсінігің де, білім-білігің де тіпті, саяси сауатың да өте төмен, орыс держимордасынан бір қадам ілгерілемеген бейшаралығыңды көріп жаным ашыды. Сен өзі кешегі «халықтар түрмесі» атанған патшалық Ресейдің, отаршыл орыс самодержавиясының жоқтаушысы екенінді мойындайсың ба? Міңгірлемей ашық айта бер.

Мұстафа Шоқайдың балалық шағын еске алған мына бір жалынды сөзі Михейдің баласына жакпай калыпты:

«Мы хлестали плетками по этим столбам, пролеженным русскими переселенцами, наивно надеясь, что до русского царя дойдет боль за причиненные русской колонизаторской экспансией страдания моего народа.» Сөйтіп «...судьбоносный пролог всей жизни пламенного борца за независимость, а вместе с тем и фильма, определился с самой начале – по направлению борьба с русской колонизаторской политикой и ее последствиями» деп азаткердің ақ дидарына қарабожак шашқысы келеді.

Сергейдің казак қоғамы мен казак тарихы жөніндегі сауаты кешегі кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған ұлы орыс шовинизмі деңгейіндегі надан қалпынан өзгермеген. Ол

Мұстафаның оқу, білім іздеп орыс қалаларына бару ниетіне күйе жакқысы келіп, оның бай, ақ сүйек отбасынан шыққандығын айыптап: «...Мустафа привык с детства чувствовать собственное привилегированное положение в обществе, застрявшем в феодально-робовладельческой формации, и не мог не понимать, что с присоединением края к России прежняя бесконтрольная власть над народом для правящей верхушки ханство постепенно будет сужаться» деп кешегі шовинист тарихшылар мен тап күресіне табынушы коммунистер жазып берген оқулықтар тілімен Мұстафа Шоқайды айыптаудан ұялмайды.

Білгішсінген Михеев орыстардың 1860 жылға дейінгі нағыз құлдық қоғам деңгейіндегі крепостнойлық самодержавиялық түнектен шыққанын ұмытқаны ма? Қазақ қоғамы ешқашан еуропалық және славяндық құлдық қоғамды бастан кешірген емес. Нағыз далалық демократияға негізделген өркениетті заңдар мен дәстүрлерді кастерлеген исламдық-түріктік ашық қоғам үлгісінде өмір сүргенін білгісі келмейді.

Ал, «Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған» дейтін сандырақты тәуелсіз Қазақстанның 20-жылдығын қарсы алып жатқан бүгінгі таңда қайталап жату тіпті де заңсыздық әрі барып тұрған арсыздық қой. Оған қалай бей-жай қарап отыра бермекпіз?

Осы арада қазақ елінің суын ішіп, нанын жеп отырып, түз тағысынша орманға қарап ұлып тұрған Сергей Михеевке мынадай сұрақ қоя ой өрбітудің реті келген сияқты.

Мұстафа Шоқай өмірін зерттеп-зерделеген адамдарға талайдан бері таныс бір атышулы № 145 дело деген бар, ол 1926-жылы Восточным отделом ПП ОГПУ Казахской ССР жағынан арнайы ұйымдастырылған FRANCE деп аталған сыртқы барлауға қаратылған операциялық жоспар болатын. Ол 1941 жылға дейін үздіксіз жүргізіліп отырған. Бұл іске байланысты НКВД жансыздары Мұстафа Шоқайшыларға қарсы нелер жазбады дейсін. Бұдан басқа 1972 жылы Серік Шәкібаев дейтін КГБ полковнигі жазып, орысша жариялаған «Үлкен Түркістанның күйреуі» (Падение «Большого Туркестана») дейтін құжатты повесті арқылы Мұстафа Шоқайды жексұрын етіп көрсетуге барын салған.

Сергей Михеев қаруланған тарихи-саяси білім негіздерінің сыйқы осымен шектелсе керек. Ал, 1989 жылдан бергі қазақ

тілінде жазылып жарияланған том-том зерттеулер мен Мұстафа Шоқайдың өзі жазған бес томдық мақалалар топтамасы мен Мария Яковлевнаның естеліктері жөнінде Сергейдің мүлде сауатсыз екені айдан-анық.

Егер де Кеңес өкіметі тұсында Мұстафа Шоқайға таңылған айыптаулар мен қылмыстық істердің сыйпатын Михеевше қабылдар болсақ, ол большевиктердің ұлттық саясатын лағнаптайтын кері үгіт жүргізуші, шетел тыңшысы, сондай-ақ «Түркістан легионын» ұйымдастырып, басқарушы Вермахтың адамы болып шығады. Ал, Мұстафа өмірбаянының нақты шындығын мойындаған адам, оның Кеңестік отаршылдықты қатігездікпен жүргізген большевиктердің ұлы срыстық шовинизмнің батыл әрі аса сенімді ғылыми дәлелдермен әшкерелеп, айыптаушы жалынды күрескер, ұлы түркістан идеясына бастан-ақыр адал болған ұлт патриоты екеніне көз жеткізеді.

Сергей мырза, сен Мұстафа Шоқайдың мына бір жалынды сөзін қалай қабылдар екенсің?

«Сталин мен Гитлердің екеуі де залымдар. Мен осылардың қайсысы күш алып құтырынар екен дегенге бас қатырудамын. Олар саясатта да, озбырлықта да (коварство) бір-бірінен қалыспайды. Бірі - нацист, бірі – марксист. Егер олар күш біріктіріп, әлемді билеп-төстеуді ойлар болса, онда бүкіл дүние қанға бөккен болар еді. Бүкіл халықтар атасы мен неміс ұлтының атасы арасындағы достық дегенің уақытша ғана бірдене.»

Өз халқының тәуелсіздігі жолындағы аяспас, ымырасыз күрес жолын таңдаған Мұстафа Шоқай сол тұста Еуропада өмір сүріп жатқан орыс эмигранттарына Гитлерді қолдап, есебін түгендеуіне де болар еді. Қытайларша айтқанда «ақ мысық, қара мысықтың қайсысы тышқан аулап берсе, сонысы жақсы мысық» деуге Мұстафаның ары бармайды. Большевизм мен нацизмнің арасында таңдау болмайды.

Ендеше ардақты Мұстафа Шоқайды шовинистер қандай дәлел, қай айыппен шетел агенті немесе «Түркістан легионын» ұйымдастырушы етіп шығармақшы? НКВД – КГБ мен С.Шәкібаевшілдер 70 жыл бойы дәлелдей алмаған жалалы делоны Михеевшілдер қалай дәлелдемекші? Данышпан халық айтпақшы, «Аққа құдай жақ, ит үреді, керуен көшеді.» Пілге үрген кандендер болған, бола да береді...

Михеевшілдердің есіне мына бір айдай ақиқатты да сала кеткіміз келеді. Мұстафа Шокай тек өз халқының, тұтас түрік дүниесінің жалынды патриоты ғана емес, құдайы көрші орыс елімен тең дәрежелі достық қарым-қатынас орнатуды армандаған үлкен жүректі адам еді. Ол былай деп жазады: «**Думаю, что каждый должен отдавать себе отчет в том, что может дать безоглядная вражда к одной и столь же безоглядная дружба с другой страной. Я знаю одно: безоглядная вражда к России была бы для нас политикой неблагоприятной. С какой –то Россией мы должны как-то дружить. Это, конечно, не значит, что мы отказываемся от борьбы за национальную свободу. Особенно это нужно помнить в Туркестане, который еще политический неорганизован.**»

Біздің Мұстафа данамыз осылай ағынан ақтарылады. Ал, Михеев сияқты тонмойын шовинистер ешбір ұялмастан Мұстафа Шокайды да, оның тар жол – тайғақ кешулі өмір жолымен жүріп өтіп тамаша құжатты фильм ұсынған талантты, ұқыпты документалист Қасымхан Бегмановты қаралап фильмде: «И ни слова опреловутом «Туркестанском легионе», одним из идейных руководителей которого был, с убедительной доказательностью сего факта, Мустафа Шокай»,- деп одан бетер өршеленеді.

Ендеше, шешінген судан тайынбайды, Михеев мырза, сен қолыңда бар «убедительной доказательстволарынды» баспасөзге жариялап өзінді көрсетерсің. Құр бопса – далбаса ғана ғой.

Бұл күндері Қазақстанда да, Ресейдің өзінде де Михеевшілдер (кешегі Солженицын мен Жириновскишілдердің қазаққа, түрік халықтарына өшпенділік пен ұлтаралық жанжал ұрығын себушілер) аз емес. Юрий Алябьев, И.Н.Михеев, М.Акимов т.б. орыс шовинистері соңғы кездері тіпті құтырына шабуылға көшкені баспасөзден белгілі. Олар Қазақстанның әлем мойындаған тәуелсіздігін, мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқын, оның мемлекеттік тілін мүлде мойындағысы келмейді.

**Сергей Михеев мақаласымағының «Эпилог и резюме» деп аталатын соңғы бөлігінде былай деп шабаланады: «Автор фильма на протяжении всей ленты пытаются прикрыться солидным мнением как можно большего количества различного рода специалистов –Шокаевидов. Перед зрителями мелкают**

доморощенные историки, журналисты, родсвенники, потомки белоэмигрантов и даже такой представитель антисоветизма, которому посчастливилось участвовать в похоронах СССР, как Эдвард Шевернадзе, впрочем настоящего пиара не получилось, по причине отсутствия в нем, действительно авторитетных персонажей и специалистов.»

Қадірлі оқырман қауым, мынау Михейдің көзін шел басқан Сергейі не деп оттап кетті? Қазақтың аса көрнекті тарихшысы, алаштанушы, шоқайтанушы профессор Мәмбет Қойгелдиев бастаған бетке ұстар ғалымдары «көрермендердің алдында жыптындаған қолбала – тұрпайы тобыр» болып көрінгені ме? Ал, қанды қол большевиктер орнатқан қызыл террордың тамұқ мекені - Кеңестер одағына қарсы күрескендер, қызыл террор құрбандары ХХІ ғасырдың осы жылдарында тағы да «антисоветизм» айыбымен қаралануы керек па? Одан да сорақысы, аса көрнекті грузин қайраткері Эдвард Шевернадзени «СССР ді жерлеуге қатысу бақытына ие болған антисоветшілдер өкілі деп кекете маскараалағысы келгені еді.

Сергей Михеев, сонда сен өзі кімсің? Келмеске кеткен қарғыс атқан Кеңестер одағын жақтаушы, қорғаушы неме болсаң мына біздің қасиетті, тәуелсіз қазақ мемлекетінде, оның азаматы болып қайдан сандалып жүрсің? Сен іздеп фильмнен кездестіре алмай қойған нағыз «авторитетных и влиятельных персонажей и специалистов» дегендерің кімдер еді? Әлде, қара ниет Ежов, Берия, Шәкібаев, В.А.Крючков, Андроповтардың, Горбачев пен Язовтың құбыжық елесін іздеп жүрген бейбақтың бірі боларсың.

Сергейді сергелдеңге түсірген ең басты бас ауру «Мұстафа Шоқай жолымен» деректі фильмінің халыққа әсіресе, Қазақстан жастарына ететін қайдағы бір «кері» әсері болса керек. Ол былай деп көлгірсиді: **«Фильм для кого? Конечно же расчет делался на неискушенную в исторических тонкостях публику и прежде всего молодежь, которые в силу своей легковерностей и некритического доверия к пропагандистским матерьялам, польно могут удовлетворится показанным и рассказанным на экране. На этот эффект и делается расчет современными идеологами. Так в сознание молодого поколения входит искаженная порой до абсолютной не логичности, история собственного народа.»**

Біз Сергейдің бықсық ойларын жарнамалау үшін емес, парасатты оқырмандардың ойланып, толғануына, һәм арандатушы автордың түпкі мақсатын толық танып білуіне жағдай жасау үшін осылайша ұзақ үзінді беруге мәжбүр болдық. Біздің бүгінгі өскелең ұрпағымыз Сергей қорашсына сөз еткендей не болса соған сене салатын, ысылмаған бос белбеу, бошалаң, ашық ауыздар емес екенін сеніммен айта аламыз. Бүгінгі тәуелсіз қазақ елі өзінің 20 жылдық мерейлі тойын лайықты тойлау үшін тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұлттық, мемлекеттік тарихымыздағы ақтандақтардың орнын толтыруға бұрмаланған, қараланған Алашорда тарихын қалпына келтіруге бар күшін салып жатқанда, біздің мемлекеттік идеологиямызды табандылықпен жүргізіп келе жатқан Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев пен Өскемен қаласының әкімі Ислам Әбішұлы бастаған идеология қызметкерлерінің жарқын істеріне көлеңке түсіргісі келетін Михеев сияқты арандатушылардың жымысқы әрекеттеріне дер кезінде тойтарыс беріп отыру қажет-ақ.

Михеевтер не деп міңгірлесе, міңгірлей берсін. «Мұстафа Шоқай жолымен» деректі фильмі үлкен жолға шығып қойды. Алда оны мәңгілік сапар күтіп тұр. Таяу арада Астанада, Көкшетау мен Қызылорда, Шымкент қалаларында «Тұсау кесер» салтанаты өтуі жоспарланып отыр. Михеев шошына алаңдағанындай одан әрі ұлан-байтақ қазақ жерін шарлап халқымен қауышпақшы. Сонымен бірге мектеп пен жоғары оқу орындары шәкірттерінің көрнекі құралдары қатарына еніп, Қазақстан жастарының жүрегіне бұрмаланбаған, қараланудан мүлде құтылған нағыз Мұстафа Шоқай образы орнарына кәміл сенеміз.

Мұстафа Шоқай рухын қастерлеп, ол жүріп өткен сегіз мемлекеттің архиві мен мұражайын тінте ақтарып, халқына осыншама бағалы мәдени, рухани азық сыйлаған бауырымыз - Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері, Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, көрнекті ақын, журналист Қасымхан Бегмановты осынау абыройлы еңбегімен құттықтауды жөн көрдік.

Мен ендігі сөзді орыстың ұлы перзенті, езілген халықтардың шын жанашыры Петр Николаевич Чаадаевтың (1794-1856) сөзімен тиянақтағым келеді. П.Н.Чаадаев менің отандастарыма қарата

«Құлдыктан қорынбаған халық шіріп өлсе – сауап» деп қатаң ескерту жасап тұрғандай. Ал, самодержавие мен тоталитарлық Кеңес өкіметін ансаушыларға қарата «Өзінді анық-танық көрмек үшін не істемек керек? Өзіңе өзгенің көзімен қарамақ керек» екенін ескерте келе Сергей Михеевтерге былай деп үн қатып тұрғандай.

«...Сізге, сіздерге қояр сауалым бар. Біздің ақылмандар, абыздар, ойшылдар қайда? Біз үшін кезінде ойлағандар, біз үшін дәл қазір ойлап жүргендер қайда? Ой шоршиды – бір жағымыз Қытай, бір жағымыз – Германия, Батыс пен Шығысты тел еме тұра біз рухани табиғаттың терең бір тылсымдарын ашуға, тануға, игеруге керек едік. Бірақ, бұл рөл біздің нешенеге жазылмаған болып шықты. Ұлаңғайыр тарихтың тауқыметі мен тәжірибесі бізге зәредей әсер қылмаған болып шықты. Ықылымдар, ғасырлар, ұрпақтар легі біз үшін бос өткен болып шықты. Қайран қаласың: Біз ғалам үшін оңған бір, оңтайлы бір дәріс-сабақ бермеппіз. Адамзаттық идеяға, адам санасының прогресіне үлес қоспақ түгіл, сол прогрестің қайсы бір жемістерін, жеңістерін кемтар етіппіз. Қоғамдық аренада тірлік кешкелі бері біздің отанның топырағында бір де бір пайдалы ой бүршік жармапты, ешбір ақиық ақиқат бой көтермепті. Біз өзіміз ойға кенде болған соң, өзгелердің ойының сырт жалтылы мен шең-шекпенге құмар құштарлығын ғана алыппыз.

... Россия хақында ойға қалғанда, Россия – Россия болғалы бері жеке адамның зорлығы мен зомбылығына құмбыл болған еді. ... Россия бүкіл адамзат мойындайтын заңдарды, шарттарды, жарғыларды жұла тартып, бұра тартып, өзінің мұрат-мақсатарына жұмсайды, әсіресе өзімен қапталдас-жапсарлас өзгелерге құлдықтың қамытын кигізуді мақсұт тұтады. Бұл орайда өзінің де өзгелердің игілігі үшін де Россияны тізеге салған жөн, оған ізгілік пен ізеттің құбыласын нұсқаған жөн.»

Қадірлі оқырман қауым, бұған алып-қосарларыңыз болса бірлікте ізденіп ақылға қонымды, пайдалы ойлармен бөлісуге дайынбыз.



## «ПАНТЮРКИЗМ» ШЫНЫМЕН ДЕ «ҚҰБЫЖЫҚ» ПА?

Ойды ой ой қозғайды. Бұл күндері ойсыз жүрген жан бар ма? Әр калллада бір қиял емес, мың қиял сапырылысып жатқаны анық. Мені көптен толғандырып жүрген ойдың бірі - қазақ баспасөзі мен радио-теледидарындағы әріптестерімнің Мәскеу мен батыстағылардың Ислам-Түрік дүниесі жөнінде сөз болса болды, ағаш атқа мінгізіп ала жөнелетін «Ислам фундаментализмі», «Ислам террористері», «Панисламизм» және «Пантюркизм» деген сияқты тіркестерді ешбір талғамсыз, ойсыз қайталай салатындығы еді. сонда олар кім туралы айтады дейсіз ғой? Мың жылдық ата-мекені, сүйікті отаны - палестинадан қырып-жоя қуып жіберілген Палестін-Араб халықтарының израиль басқыншыларына қарсы азаттық күресін жүргізіп келе жатқан дін-қарындастарымыз, немесе басқыншы орыс армиясына қарсы күресіп келген ауғандық мождахедтер мен Тәжікстандағы мождахедтер, сондай-ақ екі жылдан бері өз отанының бостандығы үшін қанды соғыс жүргізіп келе жатқан шешен бауырларымыз, т.б. еді. Сонда бұл қалай? Ненің байыбына барып, не біліп солай тақылдап жүрміз? Мен осы сұрақтарға берер жауабымды сайлап жүргенімде Ахас Тажутовтың «Новое поколение» газетінің №3 (137) (19-26 января 1996) «Пантюркистский ажиотаж и действительность» деген мақаласы жарық көріп, қолға қалам алуға қозғау салды.

Өз ой-толғамымызды айтар алдында, әлде бір зұлым ойлы отаршыл ойлап тауып, айналысқа қосып жібергелі бергі екі ғасырдан аса уақыт бойы, талай ұлт жанды боздақтарымыздың қайғылы өлімі мен қасіретті тағдырына себепші болған Құбыжық «Пантюркизм» сөзінің мағынасын ашып алғымыз келді. «Кемелденген социализм» кезінде шыққан көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 7-томында: «Барлық түркі халқының нәсілі бір, біртұтас ұлт-мыс, сондықтан Түркия туы астында біртұтас мемлекет болуы керек деген шовинистік, нәсілшіл буржуазиялық кертартпа идеология» (617-бет) деп жер жебіріне жете жамандапты. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл сияқты жалалы, байбаламға есі дұрыс қазақ немесе түрік онша мән бере қоймаса да кезінде ешкім де оған «неге» деген сұрау қоя алмай іштей тынғаны анық.

Бір ғажабы, дәл жоғарыдағы «пантюркизм» сипаттамасы екі ғасырдан бері қанша патша ауысып қандай саяси бағыт ұстағанына қарамай, түрік халықтарын отарлап келген орыс, қытай билеуші топтарының бәріне ортақ ұран болып келгендігі еді. Түрік халықтарын бөлшектей билеп-төстеп алғаннан кейін, енді «пантюркизм» және «фундаментализм» деген құбыжық атауларды тіркей ұрандап, күллі мұсылмандардың «дін-қарындастықтай» қасиетті ұғымдарына шабуылға өтті. «Бір өтірікті мың рет айтса, шынға айналады» деген де рас-ау деп қаласың, жоғарыда айтқанымыздай Ахас сияқты бауырларымыз да жау шапса бірге шабатын жағдайға жеткенін білмей қалған сияқты. Әйтпесе ол білгішсініп: «На сколько мне известно, казахский народный фольклор (эпические сказания, сказки, т.д.) не выделяет как-то тюркское происхождение казахов и не даст никакой установки на Туркскую солидарность. Так что утверждать, будто туркизм как идеология для масс имело в Казахстане сколь-либо продолжительную историю, не приходится» - деп жазбаған болар еді. Сонда, Ахас мырза қазақ фольклорының қаншасын оқып, зерттеу арқылы «на сколько мне известно» деген қорытындыға келді екен? Алдымен, қазақ халқының басқа бауырлас түрік халықтарымен «нәсілдес, тілдес, саяттас» болған ба, жоқ па деген қарапайым, әліппелік сұрақтың басын ашу керек сияқты. Ахас бауырымызша сатамсып сөйлемесек те, өз халқымыздың тарихы мен фольклоры жөнінде білетіндерімізді топшылар болсақ, сонау Қиыр Шығыстан бастап, Дунай өзеніне дейін барып жеткен жауынгер далалықтар - Хундар мен Сақтар, яғни, түркі тайпалары тілі де, салты да, фольклры да негізінен ұқсап келетін туыстас халықтар екені анық. Егер, осынша шетсіз, шексіз тау мен далаға шашырап жайылып кетпей, тығыз отырып, күдіретті бір патшаның құзырында болғанда, бүгінгі пәленбай ел ұлт болып, пәленбай обыр отаршылдардың шылауында кетпегенде, әлдеқашан «түрік» немесе «ғун, хұн», т.б. бір ортақ атпен бір ұлт болып дүниені дүр сілкінтіп отырар ма еді?

Мұндағы проблемалық мәселе - түрік халықтарының туыстас халық болған болмағанын анықтаймыз деп арам тер болуда (туыстас, нәсілі бір екені ендігі жерде кімге құпия?) емес, түбі бір, нәсілі бір халықтарды бір-бірінен алшақтатып, «бөліп ал да билей бер» ұранын үнсіз айғайлап келген ұлы орыстық, ұлы қытайлық шовинизмді батыл әшкерелеп, әр нәрсені өз атымен атауға аузы-

мызды да құлағымызды да үйрету болып отыр.

Қытай халқында «байлардың өрт қоюына болғанда, кедейлердің шырпы жағуына неге рұқсат жоқ» дейтін қанатты сөз бар. Құдай жаратқанда тілі де, діні де, салт-санасы да, қоныс-қопасы да бір болып жаратылған түрік халықтары, өз тарихын зерттеп біліп, «нәсілдес, тілдес, салтас бір халық екенбіз, түбіміз бір екен деп айтуына неге болмасқа? Мың сөз деп, бір сөзі, мың салт-дәстүрде» бір ұқсастығы жоқ, орыс пен қытайдың «кіндігі бір жаралған бауырлас» еді деуге қалай ұялмаймыз? Түбі, тегі бір болмағандықтан ғана бұл халықтар бір-біріне жау болуы керек дегенді ойлап тапқан кім, өзі?

Ахас бауырымыз мақаласына бас әріптермен бадырайта: «пантюристский» ажиотаж и действительность» деген тақырып қойыпты, ол аздай қосымша «Турция и Казахстан» деп және оның астына «Параллели и расхождения» дегенді де тіркеп қойыпты. Осы қосарланған үш тақырыпшаның түйіндей, қадап айтары мынаған саяды:

1. Түркия мен Қазақстан арасында параллель де алшақтық қатар өмір сүруде. Оған дау бар ма? Бірақ, қандай ұқсастықтар? Мәселе, оның жауабында.

2. Пантюристік ажиотаж деген тым екі ұшты. Тіпті, достық, туыстық сезімге жатқыза алмастай кекесінді табалаған сыңайлы. Өйткені, ажиотаж сөзінің қандай мағынада қолданылып тұрғаны белгісіз. Орысша-қазақша сөздікке жүгінсек ажиотаждың 1-капиталистік (?) елдерде бағалы қағаздарды биржалық алып-сату арқылы ақшаның құнын қолдан төмендету, қолдан көтеру, 2- ауыспалы мағынада: ашу қысу, долдану - деген мағыналарын беріпті.

Бізше болғанда, Ахас бауырымыз ажиотаждың асты сызылған екі мағынасын да ішің білсін әлуайлап әдейі қолданып отырған сияқты. Пантюризм ушықтыру да, оған деген өзінің (неге?) деп долдануы қоса берілген бе деп қалдық. Өйткені, Ахасқа қазақ-түрік бауырластығы, нәсілдес тілдестігі мүлдем жат, жақындамайтын ұғымдар ғой. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің болашағына жаны ашып, қамқорлық жасағысы келген әрбір отаншыл азаматтың ортақ ұрыны - «түріктің түріктен басқа досы жоқ» екенін ашық айту болмақ. Бұл сөздің кең мағынасын ашар болсақ - күллі түрік халықтарының түбі де бір, тілі де бір, діні де бір екендігін ешкімнен де жасқанбай, жауаңдап жетім көзденбей айту деген сөз. «Түрік

бірлігі» ешкімнің де бірлігімен тірлігіне көз алартып, ырызғысына қол сұқпайтынын, «Түрік бірлігі» телім болып тентіреп кеткен түрік халықтарын жойылып, ассимиляция болып кетуден аман сақтап қалу үшін керек болып тұр. Біз тойып секіріп жатқанымыз жоқ, тоңып секіріп жатырмыз, ағайындар!

Түркия жұмхуриятымен ара қатысымызға келер болсақ, біздің қолымыз да, жүрегіміз де таза, адал болуы керек деп қараймыз. Ұлы державаларды долдандырып алады екеміз деп қыбыжықтау, жұмсартып айтқанда құлдық, тексіздік болар еді.

Біздің ең адал, ең сенімді досымыз да, туысымыз да - Түркия! Сондықтан түрік елінде болып жатқан саяси экономикалық ажиотаж жөнінде, біз де, яғни, Қазақстан азаматтарында шама келсе сәтсіздігіне өкініп, әттеген-айлау, қолұшын беруге ұмтылыс, ал табысына қол соғып қуану сезімі болуы керек деп қараймыз. Олай болмағанда Ахас Тажутовша «страна сейчас стоит на перепутье» деп немесе «...скатится с заложенного еще Ататюрком 70-летнего пути лайцизма к исламизму» деп табалағандай болғанымызды не білмей қаламыз, немесе әдейі жұртты шатастырамыз. Бәрінен де жаманы - дос пен дұшпанды айыра білмеу. Өзің білмеу, білгеннің тілін алмау!

Соңғы кезде баспасөзде және күнделікті өмірде Түрік республикасын, түрік халқын құстаналап, жаман көрсеткісі келетін теріс пиғыл белең алғандай.

Түркияға оқуға барған жастар таратқан түрлі-түрлі аңыздар да оған себепші болуда. Коммунист насихат қалыптастырып кеткен бір кеселді дерт бар - бар кінәні басқаға адару, өліге арту т.б. Менімше Түркияның жамандықтарын тергіштегенше, өзіміздің Түркияға оқуға кімдерді жібергенімізді ой елегінен бір өткізіп көруіміз керек сияқты. Түркияға шынымен білім, өнер іздеп барған жастар ешқашан да тамақ пен киім, жатақханадағы қос қабатты төсек және стажының аздығы жөнінде шағымданбайды. Бар айғай-шу Түркияға қыдырып ел көру, жер көру, ырғын тұрмыс, сәукілдек жүріс іздеп барған шенеуліктер мен байшікештердің тоғышар, бос белбеу, бос мойындарынан шығып жүр. Түркияға барған сапарымызда ол шындыққа көзіміз әбден жеткен болатын. Шетелге балаларын «шен алсын, шекпен алсын» деп жібермейтін ата-ана көбейсе шағым да азаяры сөзсіз.

Ал, Түркиядағы және Қазақстанға келген іскер топтардың

арасындағы туыстық пен достықты перделеп тек пайда табуды көздеп, бірді-бірге соғып жүрген кейбіреулерді көріп, күллі түрік ағайындарға сенімсіздік білдіру тым аңғалдық, әрі өресіздік болар еді.

«Ешкіні апа, тексіні жезде қылып» елеске елтіп, жаман үйренген қазақы тақыстық пен тұтынушылық пиғылды қайырып қойып, шындықтың бетіне тура қарауға дағдылану керек шығар. Шындықтың шырайы тек шырылдатып, ашық айтқанда ғана көрінер болар!

V БӨНІМ

*Сұхбаттар*



## **ЖАЛҒАН ТАРИХ ЖАСАУ – ЖАЛҒАН АҚША ЖАСАҒАНМЕН БІРДЕЙ СОРАҚЫ ҚЫЛМЫС**

– Сізді сұхбатқа шақырудың төмендегідей үлкен себебі болып тұр...

Мұхтархан Оразбай деген «оқымысты» ең әуелі «Қытайды қайран қалдырған қандасымыз Елдібай ақын туралы не білеміз?» деген мақала жариялады (2007 жыл). Содан кейін «Елімен қауыпқан Елдібай ақын» атты арнайы кітап («Әдебиет» баспа үйі, 2008 жыл) шығарды. Бұл кітапқа Елдібай ақынның өлеңдерін бастырды. Осыдан біраз бұрын «Елібай. Ли Бай. Ли бо» деген кітап басылып шықты («Қазақпарат», 2009 жыл). Бұл кітапқа беташар-мақаланы қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді жазыпты. Осы кітапқа енген «Жыр жұлдызы» атты мақаланы Сауытбек Абдрахманов жазған. Бұл кітапқа Елдібай ақынның өлеңдері мольшан беріліпті. Міне, осыдан кейін-ақ біздің редакциямыз хаттың астында қалды: «Қытайдың VIII ғасырда өмір сүрген классик ақыны Ли Байдың тегі шынымен-ақ қазақ болып шықты ма? Осының анық-қанығын нақтылап берсеңіздер екен». «Бұл қайдан шыққан қазақ ақыны? Елдібай ақын жөнінде қытай тілін, қытай тарихын жетік білетін қазақ ғалымдары не дейді? Солардың пікірін білгіміз келеді...» және т.т.

Осындай пікірлермен қатар Қытай тарихын, жалпы Шығыс тарихын жақсы білетін ғалымдар (мәселен, Зардыхан Қинаятұлы, Нәбижан Мұхаметханұлы, Талас Омарбеков және т.б.) редакциямызға арнайы телефон соғып, мұның ғылыммен, өнермен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жалған, жасанды, қолдан жасалған қойыртпақ екенін ескертті. Содан «Жас Алаштың» редакция алқасы ақылдасып-кеңесіп, Сізден сұхбат алу керек деп шешті. Біріншіден, Сіз Қытайда туын-өстіңіз. Сонда жоғары білім алдыңыз. Нақтырақ айтсақ, қытай филологиясын тәмамдадыңыз. Екіншіден, Сіз Қытай тарихын, әсіресе, Ли Бай өмір сүрген Орта ғасыр тарихын жетік білесіз. Сіздің ғұн, түркі, қазақ тарихына қатысты зерттеулеріңіз бен кітаптарыңыз (әсіресе, Атлақ – Талас шайқасы, Батыс Түрік қағанаты, Түркен қағанаты туралы және Үйсін мен Дулаттың қытай тарихындағы зерттелуі жөніндегі еңбектеріңіз) қазақ тарихшылары тарапынан жоғары бағасын да алды.

*Енді айтыңызшы, біресе Ли Бай, енді бірде Ли Бо, ал Мұхтархана айтсақ, Елдібай болып жүрген кім?*

– Ли Бай (орыстар мұны Ли Бо деп жазып жүр) – қытай халқының ұлы ақыны. 701 жылы туылып, 762 жылы қайтыс болған. Таң империясы үш жүз жыл (618-907 жылдар) өмір сүрген. Таң дәуірінде әдебиет пен мәдениет ерекше дамып, 5 мың жылдық қытай тарихында, әсіресе қытай поэзиясының тарихында «Алтын ғасыр» деп айрықша бағаланады. Сол Таң империясы тұсында өмір сүрген ақындардан үш ақын бүкіл қытай мойындаған классик ақын деп есептеледі. Олар: Ли Бай, Ду Фу, Бай Жүй й.

Ал енді Ли Байдың қазаққа да, оның ішінде Үйсінге де, Дулат руына да ешқандай қатысы жоқ. Ли Бай туралы қисынсыз «деректерді» ойдан шығарып, қиялдан тауып, қазақ ақыны етіп жүрген – Мұхтархан Оразбай.

Мұхтархан Оразбайдың Ли Байды қазақ, оның ішінде Дулат етіп көрсеткісі келген тыраш тірлігіне қарап отырып, одан еріксіз жиіркенесің, тіпті намыстанғаннан не айтарынды білмей қиналады екенсің.

Ли Байдың «Ху у Рын – ғұндардан жұрнақ қалмады» деп аталатын өлеңі бар. Оны Мұхтархан жұқалап «ғұндар» деп аударсалады. Бұл өлеңде Ли Бай «ғұндардан тұқым қалдырмай қырдық, олардың ішк-қарнын шұбалтып, басын кесіп, ұлы қорғанның түбіне көміп таптадық. Енді Таң патшалығы асқақтайды» дейді. Ғұндардың кім екенін өзің де жақсы білесің. Ғұндар – біздің ата-бабаларымыз. Міне, осы ғұндарды Ли Бай иттің етінен әрмен жек көрген. «Қанішер, сұмырай» деп сөккен. «Ғұндарды біз тып-типыл етіп құрттық» дейді мақтаныш сезіммен ақын. Бұл жерде Ли Байды «Сен неге олай жазасың?» деп сөгу де қиын. Өйткені, қытай мен ғұндар көп жауласып, көп дауласқан ел ғой. Ал Ли Бай – қытайдың патриот ақыны. Кезінде қазақтың патриот ақын-жыраулары да жоңғарды, қалмақты жерге тығып өлең жазды емес пе?! Бұл да сол сияқты. Ли Байдың жоғарыдағы өлеңінде қытай ақынының ғұндарға деген шексіз қарғысы, жек көрушілігі, дұшпандығы айқын сезіліп тұрады. Ал енді осы өлеңді Мұхтархан мүлде өңін өзгертіп, бұрмалап аударып, Ө.Байгелді беташар-мақала жазған «Елібай. Ли Бай. Ли Бо» деген кітапқа енгізген (524-бет). Ал енді Мұхтархан Оразбай ғұндарды, жалпы түркілерді иттің етінен жек



көрген Ли Байды қазақ етіп шығарам деп тыраштанғанша. Ду Фуды неге қазақ етіп шығара салмады екен?

– *Неге бұлай дейсіз?*

– Қытайдың ұлы ақыны Ду Фудың «Қаңлының биші қызы» дейтін өлені, одан кейін «Киіз үй» дейтін өлені бар. Ду Фу қаңлының биші қызының мың бұратылған биіне таңдай қағып, киіз үйдің әдемілігі мен оңтайлылығына тамсанады.

– *Не десеңіз де, Өмірбек Байгелдіні де және оны қостан-қуаттап жүрген қазақ азаматтарын да адастырып жүрген Мұхтархан Оразбай екені анық. Мұхтархан Оразбай қайдан шыққан ғалым? Бұл кім? Осылай адастырудан, арандатудан Мұхтархан Оразбай не таппақ? Өзінің атын шығармақ па, жоқ әлде басқа себеп-мақсаты бар ма?*

– Мұхтархан Оразбайдың не ойы бар екенін айтудан бұрын, оның Ли Байды Елдібай деген қазақ етіп шығаруға тырысқан «еңбегін» жоққа шығарып алуымыз керек. Өйткені, бұл – өте зиянды «еңбек». Бұл – тарихқа да, өнерге де, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне де қиянат.

– *Апыр-ай, ә...*

– Қытайдың жазуына тарихта үш рет реформа жасалған. Ал Ли Байдың тұсындағы қытайдың жазуын түсіну өте қиын, оны тек арнаулы ғалымдар мен мамандар ғана толық оқып, түсіне алады. Өз басым М. Оразбайды қытайдың ежелгі жазуын судыратып оқи алады деп айта алмаймын.

Қытай халқында мынандай мәтел бар: «Үштің бірі – Жаң, төрттің бірі – Ли». Бұл «Ли» деген фамилияның Қытайда өте көп тарағанын көрсетеді. Орыстардың «Ивановы» сияқты. Ли – ежелгі қытай ақсүйектерінің фамилиясы. «Ли» деген фамилияның пайда болғанына 5 мың жылдан асты. Ал оның қағазға түскеніне 3 мың жылдан асты. «Ли» деген фамилиясы бар адамдар Қытайда, Құдай біледі деп айтайын, жүз миллионнан асып жығылатын шығар. Бұл фамилияны ешқандай тілге аударуға болмайды. Аударам дегенді өзі – сауатсыздық, надандық. Міне, осы Ли Байды Мұхтархан Оразбай «Елдібай» деп аударады. Ли Бай мен Елдібайдың арасында ешқандай тарихи да, грамматикалық та, лексикалық та байланыс жоқ. Бұл «Чили» деген мемлекет атауын «Шиселі» деп қазақшалағанымыз сияқты бірдеңе. Немесе дыбысталуының

ұқсастығына қарап «Иванды» «Иман» деп аударумен парапар нәрсе. Бұл – ғылымға мүлде жат, жабайы нәрсе!

– «Ли» деген фамилияны аударуға болмайтынын білдік. Бірақ, дей тұрғанмен, «ли» деген қытай сөзі қазақша қандай мағына береді?

– «Ли, «Лизы» жеміс ағашы («алша») деген мағынаны білдіргенімен, бұл сөз көбінше фамилия ретінде қолданылады.

Ал енді Ли Бай әкесінің аты – Ли Кы. «Лидің» қазақша қандай мағына беретінін білдік. Ал «Кы» ше? Оның сөзбе-сөз мағынасы – қонақ деген сөз. Міне, осы Ли Кыны Мұхтархан «Алқа», «Алқа би» деп аударды. Қандай ғылымға, нендей тұжырымға негіздеп бұлай аударды? Бұл жөнінде ләм-мим демейді.

Мұхтархан Оразбай тағы да былай дейді: «Елдібай ақынның әкесі – Алқа деген адам. Ол қазіргі Тараз қаласындағы белгілі ел билеген шонжар мен шайқыларға жататын оқымысты, аса зиялы адамдардың бірі болған» («Елімен қауышқан Елдібай ақын». «Әдебиет» баспа үйі, Алматы, 2008 жыл, 10-бет).

Мұхтархан осылайша «Алқаны» колдан туғызғандай етіп баяндай келе оған мынандай мінездеме де беріп тастайды: «...ірі шешен, белді ғалым, қылышкер, қамшыгер, өнерлі билердің бірі болған. Сол себепті Алқа шақырған басқосуларға бармайтын жан баласы болмаған деседі тарихи деректерде» (12-бет).

«Мұхтархан мырза, сен тұмандата сілтеме жасайтын «тарихи деректерді» қайдан, қалай табуға болатынын айта аламысың? Егер ондай бұлтартпас «жазба деректерін» болса, неге бір рет болса да үзінді келтіріп кетпейсің? Мен, дәл сол дәуірді, яғни Орта ғасырды жүйелі зерттеген адаммын. Сондықтан қытай жазба деректері мен Орхон-Енисей тас жазбалары мәтіндерін қытай, түрік, ұйғыр, қазақ, орыс түркологтарының зерттеу еңбектерімен салыстыра қарастырған тарихшы болғандықтан, сен емексіткен «Қытай тарихи жазбаларынан» Ли Кы – «Алқа би» ғана емес, жалпы «Ли» әулетінің қазақ жеріне қатысы жөнінде ешбір жазба дерек жоқ екеніне куәлік ете алатынымды ашық мәлімдеймін. «Доктор» мырза, өзің қолдан жасаған «Алқа биінің» артына қалдырған қандай шешендік сөздері мен ғалымдық еңбектерін атай алар едің? Сенің мұндай өтірігіңе аңғал адамдар болмаса, тарихтан хабары бар ешкім сене алмайды!». Бұл – менің Мұхтарханға арнап айтып отырған сөзім.

Тарих ғылымында қалыптасқан, бұлжымас заңға айналған зерттеу әдіс-тәсілдері бар. Тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы сөз болғанда, сол заманда, тіпті болмаса, одан кейінгі дәуірлерде қағазға түскен жазба деректерге арқа сүйей отырып, зерттеуші өз тұжырымын айтатын еді. Біздің Мұхтархан ондай-ондайларыңа пысықырып та қарамай, қызыл сөзді қыпығымен сапыра береді. «Аңқау елге арамза молдалықтың» қазақы үлгісіндей болған бір амалы «Ол жөнінде көптеген мәліметтер бар. ... Ол жөнінде қытай жазбалары жан-жақты сырлар шертеді» деген сияқты бопсалы бос сөздермен тарихты, тарихи жазба деректерді оқып-пайдалана алмайтын оқырмандарының басын қатырады. Шын тарихшы, тарихқа адал зерттеуші алдымен сол «жазба деректерді» бұлдамай, бұлдыратпай оқырман назарына ұсынуы керек. Ал қолында ешқандай тұрлаулы дерек-дәйегі жоқ Мұхтархан осылайша орғып, орағытып өте береді.

Бұдан түйер түйініміз: Қытай жазба деректерінде Мұхтархан қолдан жасаған «Алқа биге» қатысты ешбір сөз жоқ! Болуы да мүмкін емес!

Ендігі сөз – Мұхтарханның Ли Кыны (Алқа биді) Шу-Суябтан Қытай қорғаны ішіне көшіріп апаруы жөнінде ойдан шығарған, тарихты шатастырған нағыз арандаулары туралы. Мұхтархан өзі жете білмей шатасумен қоймай, жұртты да шатастырып, Түркештер туралы мынандай қате ақпар таратады: «Қазақ даласын бір замандарда билеген Батыс түрік қағанатының Түркеш хандығы, жетінші ғасырдың соңынан бастап, тұс-тұстан жасалып жатқан әртүрлі шабуылдар салдарынан ел ішіндегі саяси, экономикалық жақтарда күрделі жағдайға тап болды» (13-бет) дейді.

Мұндағы «Батыс түрік қағанатының Түркеш хандығы» деген не жаңылтпаш? Дұрысы – Батыс түрік қағанаты аумағында, ежелгі үйсін жерінде «он оқ бұдунның» белді тайпасы Түркештер құрған (692-766 жылдар) қағанат. Хандық пен қағанат – мәртебесі жөнінен бір-бірінен мүлде өзгеше мемлекеттік құрылымдар.

VII ғасырдың соңынан бастап Түркештер, Мұхтархан жазғандай, азып-тозуға емес, өз алдына шаңырақ көтеріп, жас мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту жолында табанды күрес жүргізіп, Орталық Азиядағы ықпалды күшке айнала бастады. Мен бұл жөнінде «Түркеш қағанаты» деген монографиямда жан-жақты әрі жүйелі түрде тоқталған болатынмын.

Сонымен, Мұхтархан Алқа би мен Елдібай ақынды Шу, Талас өңірін тастатқызып, Қытай қорғанына көшіреді. Неге? Өйткені, Мұхтарханға сенсек, бұл кезеңде Шу, Талас өңірінде «қара түнек заман» орнапты. Осы ретте Мұхтарханға төмендегідей екі сұрақ қойғым келеді.

Бірінші сұрақ: Жетісу мен Орталық Азияда қалыптасқан түрік халықтарына, оның ішінде, Мұхтарханша айтқанда «мыңдаған жылдық бай мәдениетке ие қазақ-дулаттар, оның ғұлама ғалымы, айтқаны екі болмайтын Алқа билеріне» туған қолайлы тарихи жағдайда, «Алқа би» неге туған жерін тәрк етіп, үрім-бұтағын арқалап мыңдаған шақырым шалғайға қаша көшеді?

Екінші сұрақ: Дулаттардың ақылгөй қамқоры, асқан патриот, «Алқа би» Жетісуды тастай қашуға мәжбүр болғанның өзінде, ол неге қандас, тағдырлас көк түріктерге, осы көк түріктер құрған Түрік қағанаты аумағына кетпей, түркі халықтарының ата жауы болған Таң империясы иелігіндегі Шу-Сычуан жерінен пана іздейді?

Халқымызда «өтіріктің өзіне сенбе, қисынына сен» дейтін мысқыл сөз бар. Мұхтарханның «қырық өтірігінен» сол құрғыр қисынды таппай дал болады скенсің?!

– *Жоғарыда аты аталған кітаптарға енген Ли Байдың өлеңдерін қазақтың белгілі ақындары аударғанымен, оның жолма-жол аудармасын (қытайшадан) Мұхтархан Оразбай жасаған. Сіз қытай тілін білесіз ғой, осындағы бұрмалаулар қандай дәрежеде?*

– Қытайларда «Ши Ванму» деген ұғым бар. Мұны қазақ, ұйғыр аудармашылары «Батыс хан ана» немесе «Хан ана» деп аударып жүр. «Батыс хан ана», «Хан ана», «Алтын ана», «Батыстағы кіндік шеше» – қытайдың ертегі-аңыздарында айтылатын мифологиялық перизат. Міне, осыны Мұхтархан «Ұмай ана» деп аударады. Бұған не деуге болады енді?!

Мұхтархан тағы да былай дейді:

«Елдібай ақынның асқақ Алатау, Тияншан-Тәңіртау, Қастау (?) деп тамсана өлең жазып, ерекше тебіренген тұстары да баршылық. Ғұн, Ұлы жүз, Кіші жүз, Алшын жөнінде жазған жыр жолдарын оқығанда, оның нағыз қазақ даласының ақыны екені, ел деп еңіреген таудай талантты азамат тұлға екені есіңді тандырып, ойыңды оқыған сайын аспандатып, алаулатып отырады» (18-бет).

Ли Бай өлеңдерін Мұхтарханша он жасымызда жаттап өспесек те, қытай ақынының шығармаларында Алатау, Қастау немесе Ұлы жүз, Кіші жүз, Алшын руларына арналған сағыныш сазы мүлде жоқ екенін кесіп айта аламыз. Ал әлемге әйгілі Тәңіртау, Памир, Гималай туралы Ли Бай ғана емес, сол дәуірде өмір сүрген қытай ақындарының бәрі де жазған.

Енді Мұхтархан жолма-жол аударған және өзі тікелей аударған бірнеше өлеңдегі қасакана бұрмалауларға тоқталайық.

Бұл өлеңдердегі негізгі ойды бұрмалауда Мұхтархан екі түрлі қулыққа басқан. Біріншісі – Ли Байдың қазақ даласында туғанына дәлел болар жеке сөздер мен жер-су атауларын мейлінше қазақыландыруға тырысады. Екіншісі – Ли Байды туған жерін, қазақ елін сағынып, қамығып, зарығып өткен мұнлық ақын ретінде дәріптеуге күш салады. Мәселен, Мұхтархан Ли Байдың аузына «Жусанды теріп көп жүрдім. Асылым қашан табады» (95-бет) деп өлең мәтінінде жоқ сөзді салып жібереді. Демек, Елдібай жусанды жырға қосса, ол қазақ даласын еске алып аһ ұрмағанда қайтушы еді деп емексіткені ғой. Бірақ, қытайша мәтінде «жусан» деген сөз атымен жоқ, онда «Кун шан сай Шиюң руй» деген тіркес бар. Мұның қазақшасы былай болады: «Күн тауынан (Гималай тауы мензелген) асыл тастар немесе әсем гүлдер жинадым».

Ли Байдың «У суң шан етегіндегі Шүнау кейуананың үйінде түнеу» деген өлеңінің бірінші жолын жолма-жол аударма жасаған Мұхтархан «У суң тауы (Үйсін тауы) етегінде түнедім» деп соғып жібереді. Шын мәнінде, мұның қытайшасы – «У суң шан». Мұны қазақшаласақ, «Бес қарағай тауы» болып шығады. Халықтың тарихи жадын шатастыру дегеніміз бұдан басқаша қалай болушы еді?

Ли Бай өлеңінің қытайшасында мынандай тармақ бар: «Бес жаста алты жияны жаттап алдым». «Алты жия» деген не? «Алты жия» – қытайдың ескіше жыл, ай қайыруы. «Алты жия – Лю Жия – Люшы жиязы» деген тіркестің қысқарған түрі. Яғни, «60 жиязы» дегенді білдіреді. Қытайлар ерте заманда реттік сан орнында қолданған екі топ иероглиф болған. Оны ықшамдап «жоғары ондық» және «төменгі он екілік» деп те атайды. Осыларды топтастыра есептегенде, 60 жыл – қытайша бір мүшел болады. Бұл тәсіл ай, күндер есебіне де қолданылады. Ертеде қытайлар 7-8 жасар балаға осылайша Ай, Күн есебі мен жыл қайыруды үйретуді

«Алты жияны жаттату» деп атаған. Мұны қарапайым түрде әрі қарабайырландыра айтсақ: кәдуілгі төрт амал. Біздің бастауыш мектепте өтетін қосу, алу, көбейту амалдарына ұқсатуға болады. «Алты жияны» Мұхтархан қалай аударған десенізші?! Былай аударды: «Бес жаста жатқа айттым дастандарды». «Дастан» қайда, біреу қайда, «алты жия» қайда?

Ал енді ең сорақысы, Мұхтархан Оразбайдың өтірігіне имандай сенген Өмірбек Байгелді былай деп жазады:

«Біз осы ойды дәлелдей түсу үшін:

– Қытай халқының поэзиясында дастан деген жанр бар ма? – деген сұрақты қойдық. Оған ол кісілер:

– Қазіргі Қытайға кіретін бірен-саран халықтарда бар шығар, бірақ Қытайдың өз халқында мұндай жанр жоқ және бұрын да болмаған, – деді.

Онда ол кісінің өзінің балалық шағы туралы жазған мынандай бір өлеңін тыңдаңыздар деп ақыл бердік:

*Бес жаста жатқа айттым дастандарды,*

*Он жасымда дос еттім асқандарды.*

*Қатталып хатта жатқан сырды ақтардым,*

*Таныдым тарих нәрін татқандарды.*

Мұндай дастандарды әуендерімен жатқа айту кең тараған ел – біздің қазақ елі. Екіншіден, бұл кісі өз елінде болмаса, 10 жасында басқа елдің азаматтарымен араласа алар ма еді дегенімде, ол кісілер:

– Бұл өлеңіне біз шын мәнісінде жөнді назар аудармаған екенбіз. Ал сіздер тура тапқан екенсіздер. Дәл осы өленді ол кісінің өмірбаянын бұрынғыдан да анықтай түседі екен, – деп келісті («Елібай. Ли Бай. Ли Бо», 55-56-беттер).

Өмірбек ақсақал жолыққан қытайлар әлде «Алты жия» дегеннің не екенін мүлде білмейтін көшеде арба сүйреп жүрген біреулер немесе көп надан шенеуніктердің бірі, немесе күліп тұрып жан алатын ішмерез қытайлардың дәл өзі. Қалай болғанда да, Өмірбек Байгелді осы сөздері арқылы өзін де, қазақ елін де, оның зиялы қауымын да үлкен ұятқа қалдырғаны анық. Бұл «болды, қоя ғой» дейтін нәрсе емес, ағайын!

«Дастан» парсы сөзі емес пе еді. Ли Бай өмір сүрген дәуірде, әсіресе, оның бес жас кезінде парсының «дастан» сөзі түгілі, иран-

ирак әскері аяғының Жетісу, Қаратау, Сыр өңіріне жете қоймағанын білмеу, осы адамдардың білім-білігінің қай деңгейде екенін хабарлап тұрған жоқ па?

Ал тарихтан, қытай филологиясынан аздап сауаты бар, ниеті дұрыс бір қытайдың «Алты жияның» поэма, дастан, баллада жанры түгілі, тұтас поэзияға, тіпті қоғамдық ғылымдардың ешқайсысына қатысы жоқ екенін, арифметика мен аспан іліміне, табиғатқа байланысып жатқан әліппелік сауаташар екенін білмей қалуы, сөйтіп, «лю жияның» (алты жияның) мәнін «сіздер тура тапқан екенсіздер» деуі ақылға мүлде қонбайды. Апыр-ай, өз шамамызға карамай, қытайларға «мынадай ақыл бердік» деп ақылгөйсiгенiмiз тiптi ұят болды-ау, өзi...

– *Байқап отырмын, мұндай сорақылықты әлі де тізе беретін түріңіз бар. Мұхтархан Оразбайдың шектен шығып кеткені, бетімен жайылғаны көрініп-ақ тұр...*

– «Бетімен жайылған» деген сенің сөзіңнен шығады, Ө.Байгелді беташар-мақала жазған «Елібай. Ли Бай. Ли Бо» деген кітапқа Мұхтархан Ли Байдың ата тегінің шежіресін береді (99-бет). Әрине, қытайша береді. Мұны ол қытай ғалымдарының еңбегінен алған. Ал енді осы қытайша деректің мазмұны берілген суреттің астына Мұхтархан былай деп жазады: «Ақынның шежіресі. Бесінші атасы Түрік қағанатының ханы болған дейді». Ал енді қытайша жазылған шежіреге қарасаңыз, Ли Байдың ежелгі қытай ақсүйектерінің ұрпағы екені анық-қанық жазылған. «Түрік ханы» деген сөзді қанша іздесеңіз де мұнан таппайсыз. Мұхтарханның мұнысы несі? «Қазақстанда ешкім қытайша білмейді, мұны кім көреді?» дегені ме, мүлде түсіне алмадым. «Бетімен кеткендік» деген де осы емес пе?!

– *Ли Байды Шу төңірегінде, ежелгі Таразда туған дегенді Мұхтархан Оразбай қайдан алған? Ойдан шығарған ба?*

– Ли Бай ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде зерттеулер негізінен ақын өмірден өткеннен кейінгі ІХ-Х ғасырлардан былай қарай қолға алынып, тарихи кітаптарға енгенімен, ол туралы нақтылы жаппай ізденіс тек ХХ ғасырдан, одан да нақтырақ айтсақ. 1950 жылдан былай қарай басталды. Бұл зерттеулермен ертеден таныспын. Сондағы көзім жеткені мынау. Біріншіден, Қытайлар Ли Байдың ешқашан да, ешбір жерде біздің елдібайшылар айтқандай

«қытайша өлең жазған қазақ ақыны» болғанын айтқан да, жазған да емес.

Екіншіден, Ли Байды – Елдібайға, Елібайға, әкесі Ли Кыны – Алқа биге, 9-атасы Ли Хауды – Дулат бабаға айналдыру жолындағы әрекеттердің ғылымға, тарихқа, шежіреге мүлде қатысы жоқ. Бос әурешелік. Тіпті, халықты арандатып, адастыруға бастайтын жат кылық.

Үшіншіден, Ли Байдың туған жері туралы айтылып жүрген «Шу-Талас» нұскасын біздің елдібайшылар қандай ізгі ниетпен айттық десе де, еліміздің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына қатер төндіретін, қазақ-қытай қарым-қатынасына сызат түсіретін әрекет деп түсінеміз.

Төртіншіден, Ли Байдың ата тегі мен туған жері туралы қай заманда, қай елдің қандай ғылымдары не жазса да, олар негізге алар Ли Байдың қолымен өзі туралы жазылған деректік материал саналуы ғана екенін естен шығаруға болмайды. Ол «Ли Байдың Анжоу аймағының әкімі Пэиге жолдаған хаты» және «Хан Жиң жоушу» деген хаты. Онда ақынның өзінің Шу өлкесінде (Біздің Шу емес, Қытайдың Шуы) тұратынынан басқа сөз жоқ.

Біз Ли Байдың ата шежіресі мен туған жері туралы аңыз бен ақиқаттын қаншалық дұрыс-бұрыстығын айыруда ең ақылды, ғылыми, парасатты ой айтқан белгілі қытай оқымыстысы Ли Жияленнің сөзіне тоқталғымыз келеді. Ол өзінің «Ли Байдың әулет тарихы және туған жері туралы» атты еңбегінде: «...Осынау құжаттар ұсынған мәліметтердің көбі нақты шындық болмай отыр. Сондықтан тың құжаттар, жаңа деректер табылмайынша, бұл мәселе туралы жаңа пікір айту өте қиын. Ендігі жерде қолда бар деректерге қайталай зерттеу жүргізіп, сол негізде қайтадан ой жүгірту ең байыпты, ең ақылды қадам болар еді» («Сы Чуан пед. институтының ғылыми журналы,» №4 1997 жылы) деген болатын.

Ендеше, қолында ешқандай нақтылы жазба дерегі жоқ, ақылға қонатын ғылыми ой-пікірі жоқ Өмірбек Байгелді мен оған жалған материал берген Мұхтархан Оразбайдың ішкі есебін түсіну өте қиын болып тұр...

Енді қорытынды сөзді айтар болсақ, Ли Бай – Қытайдың ежелгі Шу, бүгінгі Сышуан өлкесінде, Ли Кы атты қытай отбасында дүниеге келген қытайдың ұлы ақыны. Ал оны «Орта Азиядағы



Шу-Суяб қаласында, Алқа би деген ойдан шығарылған, өмірде болмаған адамның отбасында туған. «Дулат бабаның 9-ұрпағы» деп айту – тарихка еш жанаспайтын арандатушы сөз.

– *Осы тұста манағы сұрағымды тағы қайталаймын. Мұхтархан Оразбайдың қытайдың ұлы ақыны Ли Байды қазақ етіп шығаруға тырысуында не мақсат жатыр?*

– Жақында «Қазақстан» газетінде (№43, 26 қараша) тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбектің «Жалған ғалымның жетегінде кетпейік» деп аталатын аса салмақты ғылыми мақаласы жарияланды. Онда Т.Омарбек «Қазақстанның тарих ғылымында Мұхтархан Оразбай деген тарих ғылымдарының докторы, мұндай есімді профессор өмірде жоқ», – деп кесіп айтты. Менің бұған қосарым, Мұхтарханның Қазақстанда аңқау елге арамза молдалық жасап, жоқтан бар, өтіріктен тарих құрастырғысы келгені, саяси бағыты аса қауіпті, ниеті шикі, есебі күйкі алаяқ екені Қытайдағы, Түркиядағы, сондай-ақ Қазақстандағы Мұхтарханды білетін адал ниетті, отаншыл азаматтардың бәріне белгілі. Бір өкініштісі, оның сиқырлы дұғасынан басы айналып, күні бүгінге дейін тарихшылар мен қытайтанушылар айтқан, дәлелдеп жеріне жеткізген тарихи шындық алдында көздері тұманданып, санаулы адамдардың Мұхтарханның кім екенін білсе де білмегенсіп жүргені.

– *Осыдан біраз жыл бұрын біздің газеттеріміз «VIII-IX ғасырда өмір сүрген түркі (ұйғыр) ақыны табылды. Аты-жөні Кан Мэн Эр екен» деп шулады емес пе? Ол туралы не айтар едіңіз?*

– Бұл бүгінгі елдібайшылардың 90-жылдары жүргізген алғашқы барлауы болатын. Мұны істеп жүрген кімдер? Дүкен Мәсімхан мен Мұхтархан Оразбай. Дүкен Кан Мэн Эрдi Кехменьер деп жазса, Мұхтархан одан да асырып «Қамбар ақын» деп жазып жіберді. Дүкен тіпті Кан Мэн Эрдi Кетпен тауындағы суан етіп шығарды. Содан Кан Мэн Эр оқу құралына да кіріп кетті ғой. Т.Кәкішев құрастырған оқу құралына. Мұны айтасың. Ә.Нысанбаев құрастырған «Екі мың жылдық дала жыры» атты кітапқа да еніп кетті.

Ал енді осы Кан Мэн Эр қайдан шыққан? Соны айтайын. Қытайда Го Моро деген академик болған. 1982 жылы 82 жасында қайтыс болды. Үлкен ғалым, түрколог, аудармашы.

драматург. Жапон тілін де жетік білген. Міне, қытай идеологтары осы байғұсқа қартайғанда, өткен ғасырдың 60-70-жылдарында, Қытайда жүргізілген атышулы «Мәдениет төңкерісі» кезінде ұлы қытайлық шовинистік саясатқа қызмет істетіп, талай арандатушы мәлімдемелер жасатты. Ол жөнінде тарихшы Сағынтай Сұңғатайұлы «Қазақстан» газетінде (№40) жарияланған «Қытайтанушылар ғылымды неге былғайды?» деген мақаласында жан-жақты тоқталды да. Го Моро Кан Мэн Эр деген түркі (ұйғыр) ақынын қолдан жасап, Кан Мэн Эр туралы еңбек жазады. Неге? Бұл кезде ұйғырлар тәуелсіздік туралы жиі айта бастаған еді. Сол кезеңдегі Ресей мен ҚХР арасында басталған жер дауына байланысты қытай идеологтарына Кан Ман Эр деген саяси өлікті тірілту керек болды. Сөйтіп, «ежелгі ұйғыр ақыны Кан Мэн Эр: «Мен осы Қытайда тудым, Қытайда өстім. Қытайға рахмет, маған білім берді, камқор болды...» деп «жыр» жазып шыға келді. Қазіргі ұйғырларға «Әне, сендердің ата-бабаларың қытайға қарыздар болған» деп айту үшін бұл – таптырмас саяси құрал, Міне, қытай идеологтары өмірде болмаған Кан Мэн Эрді осылай «жасады» ғой. Бірақ, Қытайда ғылыми зерттеудің өзіндік дәстүрі, үрдісі, мектебі бар. Шын ғалымдар Го Мороны қатты әшкереледі. 1982-83 жылдары. Ғылымды саясатқа қолжаулық қылғаны үшін. Ал енді осыны Дүкен Мәсімхан мен Мұхтархан Оразбайдың білмеуі мүмкін бе? Мүмкін емес!

Мұхтархандар қытай идеологтарының баяғы ескі әуендерін жаналап айтып жүрген жоқ па екен деп те күдіктенемін.

«Батыс өңірді игеру» – Қытай империясының неше мың жылдан бергі арманы еді. Енді Мұхтархан Оразбай қытайдың Ли Байын Таразда тудырып, қазақ ақыны етіп жатса, Қытай бұған тек қуанады. «Батыс өңірді одан әрі игеру» үшін.

Біздің момын да сенгіш қазағымызға Алла жар болсын! Өзәзілдің арандатуынан сақтасын.

«Бір түйе сиген жерге мың түйе тайып жығылады» дейді қазақ. Мұхтархан Оразбай адасты екен деп, енді біз адаспайық. Кейінгілер адаспасын!

– *Өңгімеңізге рахмет.*

*Өңгімелескен: Әмірхан МЕНДЕКЕ.*

## **РЕДАКЦИЯДАН:**

*Біздің елімізде, Құдайға шүкір, таласты мәселелерге, оның ішінде әдеби-тарихи мәселелерге ғылыми тұрғыдан төрелік айта алатын, оның ақ-қарасын ажыратып бере алатын салмақты, білікті ғылыми орталықтар аз емес: Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан тарихшылар қауымдастығы және т.т. Мұның сыртында А.Байтұрсынов атындағы Тіл институты, ҚР Ғылым Академиясы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тағы бар. Біздіңше, осы мекемелер Ли Бай туралы талас-тартыстың ақ-қарасын біржолата айырып беруі керек деп ойлаймыз. Естуімізше, М.Оразбайдың сөзіне сенген бір топ қазақ азаматтары Ли Бай ақынға Таразда ескерткіш орнатып, көп сериялы фильм түсірмек көрінеді. Көрінілес елдерге, қала берді күллі әлемге масқара болмас үшін бұл дау-дамайға нүкте қоюымыз керек-ақ сияқты. Асқынбай, ушықпай тұрғанда!*



# «БІРДЕ ЖЕҢІП, БІРДЕ ЖЕҢІЛІП ӨМІР СҮРДІМ»

## ҒАСЫРДАН ҰЗАҚ 24 ЖЫЛ

-Менің өмірім шексіз-шетсіз хикаядай көрінеді өзіме. Қазақстанға келгеніме 37 жыл. Қытайдағы 24 жыл өмірім бір ғасырға татитын шығар. Мен тап-таза көшпелі қазақ қоғамында дүниеге келдім. Жаннан бұрын айтылатын малдың бәрі кейін коммунаға алынды. 13 жасымда «болат балқытуға» қатысқанымның өзі неге тұрады?! Тамыздан қаңтарға дейін тауда болдық. Жеке үйде түтін түтетуге хақың жоқ. Қақаған қыста жалғыз көйлекпен қайттық үйге. Казармадағы өміріміз лагердің өмірінен ары болмаса бері болмаған шығар. Бір жыл бойы бүкіл ел болып болат балқытқанда соның бір тоннасы да іске жарамады ғой. Астық жиылмай ол қалды. Оның аяғы апарып ашаршылыққа соқты. Келесі жылымыз тұтасымен торғай аулаумен, тышқан өлтірумен, көктемде құс біткеннің бәрін шулатып, олардың жұмыртқасын шағумен, жыландардың көзін жоюмен өтті. Сонда бүкіл қытай халқы екі-үш жыл ішінде мәңгіріп, барлық тарихи жадынан айрылып шыға келді ғой. Елдің сол кездегі басшыларын дені сау емес деу аз, жынды дегеннен дұрысы жоқ шығар.

*-Қазақтар болса да «алдыңғы шептен» табылған шығар?*

- Сөз жоқ қой! Біз әдеттегідей шаш орнына бас алдық, барлық жағынан қытайлардан асып түсіп жаттық. Сол үш жылда бәрін бастан кештік. Миллиондаған адам аштық пен суықтан қырылды. Кейін ойлап отырсам, бес жыл өмір сүрген «Шығыс Түркістан» деген мемлекет болғанын есте ұстамақ тұрсын, адамдар өзінің атын өзі ұмытып қалған екен ғой. Мен Үрімшіде университетке оқуға түстім. Әкемнің айтуымен қытай тілі мен әдебиеті мамандығын таңдадым. Ол кісі «жалпы әдебиет атаулыға жолама, химия, физика секілді мамандық таңда» деп еді... Екінші курстан соң каникулда жайлауда жүріп Қасымхан Уатхан өлеңін, мен әуенін жазып «Достық жыры» деген ән шығардық. Екі күннен соң еліріп үйге келдік. Мақтанып әкеме жеткізіп жатырмыз. «Ал, айтшы» деді әкем.

*Кейде шырын дүние, кейде қышқыл,  
Кейде рахат болғанмен, кейде мүшкіл.  
Қандай күйде сол кезде жүргеніңді  
Тек достарың сезеді сезімі ұшықыр.*

*Жалған-ай  
Таусылар ма екен арман-ай!*

*Әлі сезіп-білмеген тағдыр сызын,  
Жас көңілің шарықтар берсең тізгің.  
Жан достардың думанды ортасында,  
Аз да болса келеді еркін жүзгің.*

*Жалған-ай,  
Таусылмас сірә, арман-ай!*

Мақтайды, қуанады деген әкем жылап отыр. «Ойпыр-ай, қасірет біткен бізбен кетсе қайтер еді? Он екіде бір гүлі ашылмаған сендер не деп жырлағансыңдар? Неге шақырып тұр мына ән? Құритын жолға тұскен екенсіңдер ғой сендер де!» Сол әнді 1970 жылы осы жаққа жүріп Шыңжан радиосынан тыңдасам «халық әні» деп беріп жатыр. Ол кезде әлі бері өтпеген Қасымханның күні күн емес қой. Әнге ие болу қайда?! 1967 жылы Жалаңашкөлдегі қақтығыстан соң Қытаймен екі ара күрт бұзылды. Шекара тарс жабылды. Қазақстанның оқулығымен оқып келген біз сол күнде әлі де асаумыз, Қытайда тұрып, қытай тілін үйренгіміз келмейтін. Ақын Жәркен Бөдеш қытайша үйрене алмай дайындық курсында екі жыл отырған. Енді оқулықтың бәрі қытайдікі болатын болды. Жаппай қытайша үйренуге мәжбүр болдық.

Одан кейін мәдениетті, қазақтың зиялы қауымын түп-тамырымен құртқан «мәдени революция» келді. Адамзат өз тарихында мұндай сұмдықты білген емес. Қазақтар бұл төңкерісті «төрт көнені жою» деген атпен жүргізді. Оған жататындар: көне идея, көне мәдениет, көне әдебиет және көне тұрмыс-салт. Ағаш ыдыс-аяқтан бастап домбыраға дейін бәрі көненің көзі ретінде өртелді. «Домбыра күйген сай», «Шелек күйген сай» деген жер атаулары сол кезде пайда болды. Қазықтың ұлттық киімінің бәрі

жойылып, жұрт тегіс әскери киімге көшті. Халық әнінің бәріне тыйым салынды.

Бұдан соң Қытайда «төрт анықтау» науқаны басталды. Тегінді, идеянды, дүние-мүлкінді және тарихынды анықтау. Бұған ілінбей қалған тірі жан жоқ! Анықтап болғаннан кейін әркім өзін-өзі әшкерелеу науқаны келді. Маоның «Қайшылықтар туралы» деген еңбегін жаттаймыз. Содан соң ішкі қайшылық және сыртқы қайшылық деген Маоның іліміне сәйкес менің өз өмірімде қандай қайшылықтар болды, сонымды әшкерелеуім керек. Бір жиналыста мен аузымнан қағынып сөз сөйледім. «Негізгі қайшылық – ішкі қайшылық деп үйрететін Маоның бүкіләлемдік ақиқат пікіріне «Іле-Шәуешек оқиғасы» (қытайлар қазақтың ұлт-азаттық соғысын осылай атайтын, Шығыс Түркістан дегенді ауызға алдырмайтын) неге сәйкес келмей қалды, неге бұл жерде сыртқы қайшылық басымдыққа ие болып кетті, осыны маған түсіндіріп беріңіздерші» дедім. Сол сәттен бастап менің басыма қара бұлт үйірілді. Біз дайындық курсына жүргенде «Жас күштер» деген қазақ жастарының ұлтшыл жастар ұйымы болған еді. Басшыларының бәрі ұсталып, 25 жылға кесіліп кеткен болатын. Мені апарып соған тіреді. Мен де айдалып па, атылып па кетер ме едім, Қытайдың саясаты тағы бір төңкеріліп түсті. Бұрынғы жүргізілген желі дұрыс болмай шықты да, біз бақылаусыз қалдық. «Хунвэйбиндер дауылда, суықта шынықсын» деген саясат пайда болып, олар бүкіл Қытайды кезіп кетті. Тамақ тегін, жол тегін, қонақ үй тегін, біз де кездік. Ішкі Қытайды аралап шықтық. Одан келіп «Үш қызыл ту» деген ұйым құрдық. Бүкіл ел «Маоның жағындағылар, оған қарсылар» болып екі лагерьге бөлініп айтысып жатыр. Біз Маоға қарсылар лагеріндеміз. 1967 жылдың мамырында тура екі ай Пекинде болдық. Маоның әйелі, Чжоу Эн-лай бастаған бес мықтының қабылдауында болдық. Ішінде сол кездің ең мықтысы, Маоның мұрагері саналып жүрген Қорғаныс министрі Бан Гяо да бар. Елге келсек азамат соғысы басталып кетіпті. Қаланың іші баррикадаға толы, кешегі Бейрут секілді көшенің соғысы ғой. Соғыс 1968 жылдың ақпанына дейін созылды. Ішкі Қытайда танкіге дейін көшеге шығып кетті ғой, бізде оған бара қайған жоқ. Армия соғысқа араласпай қарап отырды. Дұрысы оның өзі екіге бөлініп, екі

жағымызға да қарумен көмектесумен болды. Мен біздің лагердің 11 адамнан тұратын штабының мүшесімін. Мүшенің бірі Айтан Нүсіпхан қызбалау жігіт еді. Сол бір күні «Қабанбайлап!» қоян-қолтық ұрысқа кіріп кетіпті. Ажалы жоқ, аман қалды. Содан үш-төрт жігіт ойға қалдық. Мен сөз бастадым: «Біз кім үшін, не үшін соғысып жатырмыз? Күресу керек болса өзіміз үшін күресейік». Сонда қалай күресеміз?

Біз ол кезде күні кеше ғана күркіреп өткен Шығыс Түркістан мемлекетінің тарихынан мақұрымбыз. Қазақтың азаттық күресін, оның тәуелсіз бес жыл өмір сүрген мемлекетін орыстардың сатып жібергенінен мүлдем хабарсызбыз. «Ұлт-азаттық көтерілісіне шықсақ кеңес өкіметі қалайша қолын созбайды?» деп жүрміз ғой... «Ақыры Кеңес Одағымен соғысайық деп жатырмыз, біз неге іштен көтерілмейміз?» деп ойлаймыз. «Отанды құтқару радиосы» деген бар, ол күніне кешке 45 минут қазақша, қытайша, ұйғырша өкіметке қарсы партизандардың хабарын таратады. Сөйтсек, ол кеңес өкіметінің әдейі шекараның бержағынан істеп отырған ісі екен, біз оны да білмейміз. Біз болсақ «міне, басталды!» деп жасырын ұйым құрдық. Шығыс Түркістан халық-революциялық партиясын қалпына келтіреміз деп іске кірісіп кеттік. 1968 жылы жыл бойы сонымен айналыстық. Хунвэйбиндер мемлекеттің ыркынан шығып кетті. Бұл кезде партия да, Лю Шао-цидің жағына шығып кетті деп милиция да түгел «тазаланған». Осы кезде армия да екіге бөлініп, бір-бірімен соғысуға айналды. Сондықтан әскери бөлімдер елдің ана шетінен мына шетіне көшірілді. Әрі бәленің бәрі зиялы қауымнан шығады деген оймен оның барлық өкілі, жоғары курс студенттеріне шейін алыс қыстақтарға айдалды. Шыңжаңда біз қарсыластарымызды оңтүстікке жіберуге қол жеткізіп, өзіміз солтүстікке бет алдық. Барған жерімізде жасырын жағдайға көшіп кеттік те, тікелей қарулы көтерілісті дайындау ісімен шұғылдандық. Қару-жарақты кеңестен алмағанда қайдан аламыз? 1969 жылдың 23 ақпанында Айтан бастаған бес жігітті бергі бетке өткіздік. Олар хабарсыз кетті. Орталықтан бұйрық бойынша олардың артынан іздеп екі адамды ертіп мен өттім. Бес күн адасып, артқа қайттық. Кейін сегіз күн жол жүріп, арып-ашып, қар төсеніп, мұз жастанып шекараға жеттік. Айтан-

дарды сұрасақ білмейді. Бізді 36 күн КГБ тергеді. Сосын барып Айтандарға қосты. Содан 1970 жылдың ақпанына дейін КГБ-ның таудағы санаторийінде болдық. Бізден бір айдаң соң 27 адам болып Жәркендер өтіпті. Оларды бізге көрсеткен жоқ.

*-Санаторийде не істеп жаттыңыздар? Көтеріліс қайда?*

-Бұл тақырыпқа бізге әлі де айтуға болмайды, құпиялық мерзімі өткен жоқ. Тек айтарым, КГБ бізді өздеріне керекті барлау мәліметтерін алу үшін ғана пайдаланыпты. Орыстарда көтеріліске көмек ету, қазақты құтқару деген ой атымен болмапты ғой. Көкшетауға анарып үш жыл қой бақтырып қойды. «Сәл шыдай тұрындар, әліптің артын бағайық» деп алдады бізді.

*-Бәріңізге қой бақтырып қойды ма?*

-Жалпы, біздің ұйымнан 200-дей адам бері өтіпті. Арғы жақта біздің артымызша тұтқындау басталыпты. Негізі қару алып шығуға жүз мың адам дайындаған едік. Тұтқындалғандардың ішінен екі жүзден астамы ағылыпты. Ал, әкеңнің аузын ұрайын бұл жақтағылар ойыншық қылды ғой бізді. Себебі, сұрауы жоқ адамдармыз біз! Майда-шүйде тапсырмамен әр жаққа жібере береді. Ұсталып қала жаздап, басымызды бәйгеге тігіп жүреміз. Мен студентпін. Каникулда жұмсайды. Көтерілістің иісі шықпаған соң мен КГБ-ға жұмыс істеуден үзілді-кесілді бас тарттым. «Неге сендер мені, партияның жетекшілерінің бірін тәлкек қыласндар? Бұндай жұмысыңды анау келген жылқышы менен әлдеқайда жақсы істеп береді ғой? «Шығыс Түркістанға» байланысты болмаса, енді атсандар да бармаймын!». Шошып кетті бәрі. Екі жыл әбден дайындықтан өткенбіз. Біздің арқамызда бұлар қызметтен жоғарылап жатыр. Мені қорқытты. Көнбедім. Біздің жоғымызды жоқтау үшін Алматыға кеткен Айтан қайтпай қалды. Мені Шымкентке жіберді. Ол жаққа барып жұмысқа тұрғаным, оқуға түскенім тұтас бір хикая.

*-Шет-жағасын айтсаңызшы.*

-Әсілхан Оспанұлы деген кісімен ойламаған жерден танысып, ол кісі менің Қазақстандағы басылымдарға жолымды ашты. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1974 жылғы маусымындағы алты санына «Сырымды айтам» деген повесім жарық көрді. Өзім абитуриентпін. Сол Шымкенттің пединститутына түскенімде Мырзахан Сәрсенбаев деген ректоры бар екен, көрмегенді көрдім. Обкомның хапшысы араша түскеннің өзінде.



## «ЖАҚСЫДАН – ШАРАПАТ, ЖАМАННАН - КЕСАПАТ»

*-Қайта оқыдыңыз ғой іс жүзінде?*

-Мен тек бірінші курста өліп-талып оқыдым. Өзімді көрсеттім. Қалған курстарда жазумен айналыстым. Үш повесть, он шақты әңгімем облыстық газетте басылды. Үшінші-төртінші курста негізінен аспирантураға түсу қамымен жүрдім. Алматыға келіп жүріп, Жазушылар одағының хатшыларымен келістім. Дипломыңды қолыңа алсаң кел деген уәде болды. Мәскеудегі Шығыстану институтына барып едім, олар біздің Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына хат жазып берді, бізге биыл осы жігітті жолдамамен жіберсеңіздер деп. Диплом беретін күн де келді. Сәрсенбаевтан басқа проректорларға шейін қолыма дипломымды алатын болып келісіп қойғанмын. Жеме-жемге келгенде ешқайсысы ректорға айтпаған болып шықты. Сәрсенбаев маған жолдамамен Қарақалпақстанға барасың деді. «Осылай да осылай еді, ғылыммен айналысайын, жастардың біреуін жіберсеңіз, мен бармасам болмай ма» деген талай өтініш сөзім зая кетті. Ақыры айқайға ұласты. «Атаңа нәлет, сен құдайыңды танымай жүр екенсің. Мен сенің көзіңе көк шыбын үймелетіп, милициямен жіберемін!» «Милиция тұрмақ, дивизиямен де жібере алмайсыз. Отыз екіме дейін оқыдым, тағы бір жерге барып оқып аламын. Миллиард қытайға таптатпаған намысымды сізге таптатпаймын. Пұлдағаныңыз диплом болса тығатын жеріңізге тығып қойыңыз!..».

Айта берсем әңгіме көп, обкомда Дүйсенкүл Бопова деген апайдың көмегімен Сәрсенбаевтың қолынан тартып алғандай етіп алып кеттім ғой дипломды. Диплом қолға тиіп, алып-ұшып Алматыға, уәде бойынша Әдебиет институтының директоры Әди Шәріповке келдім. Аспирантура бөліміне барып құжаттарыңды тапсыр деді. Дәл сол уақытта академик Зәки Ахметов кіріп келмесе бола ма! Әди мені мақтап таныстырып, Олжас Сүлейменов, Санжар Жандосов секілді жігіттер өтініп еді деп жатыр. Олжас Жазушылар одағының жетекшісі, Санжар Орталық Комитеттің білім және ғылым бөлімінің бастығы ғой. Зәки: «анау Ибрагимов жайлы уәдеміз қайда?» деді. Әди: «ой-бұй, солай екен ғой! Бол-

майды бала, ендігі жылы келесің!» деп жалт бермесі бар ма. Бұл қырсықты қойсайшы. Тағы да ары айтамын, бері айтамын, «ғылым үшін отырған болсаңыздар биылғы жол менікі, ағайын үшін отырсаңыздар оны айтыңыздар» дедім. Бәрібір ештеңе шығара алмадым. «Әди сенің де, Зәки сенің де атаңа нәлет» деп шығып кеттім! Шықтым да не істерімді білмей далбасалап Олжасқа бардым. Олжасым «я всегда не любил этих буквоедов, карьеристов-академиков. Ты же писатель, иди женись и пиши! Все!» деді. Содан елге келіп, келер жылы, аспирантураның бірінші курсынан соң қосылуға уәделескен Мәриямға үйлену қамына кірістім ғой!

*-Өмірдің прозасы басталды?*

-Үйлену жайын қалай етеміз деп Исраил Сапарбаевпен ақылдасқанда мәселені Нұғмановтан бастайық деді. Одан бұрын да бір жұмыспен Нармахан Бегалиевтің үйіне барғанда Нармаханның ауданның барлық басшыларына шай беріп отырғанының үстіне түскенбіз. Өте бір көңілді отырыс болды. Ауданның бірінші хатшысы Рашид Нұғмановтың тенор мен баритонның арасында керемет даусы бар екен, сол әдемі дауысымен өзі бастап ән салды. Маған да ән салдырды. Бірінші әнім қытай қазақтарының әні болды. Содан Рекеңнің ықыласы маған қатты ауды. Содан жақсы араласып қалдық, менің жоспарымды сұрады. Аспирантураға барсам деген ойымды айттым. Құп көрді оны. «Бірақ реті келмей қалып жатса өзіме кел, бір адамға қамқорлық жасауға шамамыз жететін шығар, жұмыс табуыңа, жазумен айналысуыңа жағдай жасаймын» деді. «Мен де жетімханада өскенмін, өмір дегеннің қандай болатынын білемін». Содан тағы да Нармағанның үйіне барсақ, тағы да ауданның барлық шөлкетішарлары Нарекеннің үйінде екен. Қонақтар түгел «қызылтұмсық» болып қалыпты... Нұғманов тұр ортада «Қараторғайды» аңыратып. «О-о, келіндер, келіндер!». Отырыс одан да гөрі қызған бір мезетте Исраил Рекеңе қарап «біз осындай үлкен шаруамен келіп отырмыз» деді. «Құтты болсын!» жауып кетті. Құр сөз ғана емес, бәрі ішіп отыр ғой, шетінен сақы, шетінен жомарт. Нұғмановтың өзі қалтасынан 500 сом шығарып, ортаға тастады. Бір сиырдың құны! Ауданның басшысы жаңағыдай жомарттық көрсеткен соң қалғандары қарап қала ма, біреу үш жүз, біреу екі жүз, біреу жүз сом тастап жатыр. Бәрі өз заманының

қалталы қызметкерлері, әрі преферанс ойнайтын кез, соған сақтап жүрген ақшалары болуы да мүмкін. Не керек, табан астында 3000 сомнан аса ақша жиналды.

*-Тойдың ақшасы табылды!*

-Ақшасы ғана емес, азық-түлігі де табылды. Өйткені, Нұғманов тағы да «жігіттер, Исраил мен Нармахан менің атымнан барып ауданнан тойға керектінің бәрін алатын болсын, шүкір, бізде бәрі де бар ғой» деді. Сонымен, мәселе шешілді. Үшеуміз Нармаханның машинасына мініп алдық. Бір жерден қой, бір жерден май, бір жерден қауын-қарбыз, жеміс-жидек алдық. Бәрін алып қорғасын зауыттың қасындағы Сүгірәлінің үйіне түсірдік.

Айтпақшы «дәулер» жаңағы отырыстың үстінде менің қызмет мәселемді де шешіп тастады. Мектепке директор қоятын да болды. Мен айттым: «бірден бұлай бастау маған ауыр тиер, одан да басымызға баспана мен жазуға мүмкіндік беретін жұмыс болса жетіп жатыр». Нұғманов сол жерде Шұбардағы кәсіптік-техникалық училищенің директоры Әмзібек ағайды шақырып алды. «Мына жігіт менің інім. Бүгіннен бастап сенің карамағыңда. Жатақханаң бар, басқаң бар, екі бөлмелі үйден кем болмасын. 150 сомнан кем жалақы алмасын. Отау етіп шығарасың». «Болды, орындалады!» Тойға бір машина қауыны мен бір қойын алып келді болашақ бастығым. Елде жоқ тамаша той өтті. Таң ата зорға тарастық қой. Сөйтіп, Нұғмановтың арқасында үйлі болдым, әйелді болдым. Тек қайын жұрттың алдына қалың мал да қоймадық. «кешірімге» де бармадық, тіпті оларды тойға шақыру да екеуміздің ойымызға келмейті. Дүниеміз түгел болып жүрген кезіміз ғой ол біздің. Сонымен он үш жыл өмірім арқандаулы күйде Шұбар ауылында өтті.

*-Арқандаулысы қалай?*

-Мен КГБ-ға жұмыс істеуден бас тартқан күннен бастап олар менің соңыма түсіп алды. «Сен бізге көмектеспедің бе, біз де саған көмектеспейміз!» «Адамның тағдыры сендерге ойыншық болғаны ма? Анау түрмеде отырған баскесер қарақшыда паспорт бар, анау әр дуалдың түбінде домалап жатқан шарамыгада паспорт бар, біздің солар құрлым құнымыз болмағаны ма?» Паспорт аламын деген әрекетімнен түк шықпады. Он жыл бойы Жоғарғы Кеңеске арыз жазамын, ол жақтан бір жыл уақыт өткенде барып «временно отказать!» деген бір жапырақ жауап келеді.

*-Не үшін екенін түсіндіре ме?*

-Е, жоға! Елшілікке шақырады да оқыдым деген кол қойдырып алып қайтарып жібереді. Бір ауданның аумағынан шығаруға, саулауға, сайлануға да хақың жоқ.

*-Алматыға қалай барып жүрсіз онда?*

-Ұрланып. Паспорт бермегені өз алдына, менің соңыма «салпанқұлақтарын» салып қойды ғой КГБ. Оның біреуі өзімнің марқұм Камардин досым. Ол ішіп алғанда айтып қояды. «Аналар» маған анадай тапсырма берді, мынадай тапсырма берді» дейді. Сөйлейді де «маған сеніп жүрген оларда ми жоқ!» деп қарқылдап күледі. Училищенің комсоргы да соларға жұмыс істеді, парторгы да. Айыппұл салады аямай. Себебі, қанша жерден жасырын кеттім дегеніммен ауданнан сыртқа шыққаным білініп қалып жатады ғой. Әурешілікпен «Сырымды айтамын» деген повестер жинағын 1978 жылы шығардым ғой. Үйді келіп КГБ тексеретін болды. Бір күні мен жоқта әйелім мен бала-шағамның зәресін алыпты. «Қайда, табындар!» Құдай-ау, мен қашып жүрген қылмыскер емеспін ғой! Ешкімге барып шағынып, жөндемді жауап ала алмайсың.

Өстіп, шыдамым шегіне жетіп, үзіліп кетуге шақ қалып жүргенде Горбачевтің демократиясы мен «қайта құруы» келді ғой. Содан бір күні үш дана етіп хат жаздым. Бірсуін әкеме, біреуін Қытайдың Премьер-министрі Чжоу Эн-лайдың атына, біреуін Біріккен Ұлттар Ұйымына. Менің жағдайымнан еміс-еміс хабары бар әкеме «осылай да осылай, Шығыс Түркістанды азат етпек болған балаң, өз басын азат ете алмай, кеңсс өкіметінің үй тұтқыны болып отыр қазір. Бұл дүниеде жолыға алмасақ кешіріңіз мені» дедім. Чжоу Эн-лайдан да кешірім сұрадым. «Өздеріңіз 1978 жылы «фашистік диктатура» деп баға берген мәдени төңкеріске қарсы күресіп едік біз, одан бері заман өзгерді, заң өзгерді, енді еліме қайтуға рұқсат етіңіз». БҰҰ-ға «Қытай мен КСРО-дан бөлек кез келген үшінші бір демократиялық елге кетуіме жәрдем етіңіздер» дедім. Осы үш хатты қалтама салып алдым да облыстық КГБ-ға бардым. Бастығына жолықпақпын. Ертелеп барып аңдыдым. Оның кеңсеге кіргенін көзіммен көрдім. Кірейін десем мені жібермейді. «Ол кісі жоқ» дейді. «Бізге айтыңыз» дейді. «Мен тек бастықтарына айтамын, аса құпия, аса маңызды

мәлімет менікі». Жарты күн ұстады есіктің аузында мені. Түстен кейін «сізді тыңдау үшін генерал пәлен жерден тікұшақпен ұшып келді» дейді маған... Басы қазандай, бойы екі метр кісі екен Мұстафин деген, кабинетінің жартысынан күтіп алды мені. Ауыл-аймақ, бота-тайлақ, келін-кепшік, түк қалдырмай сұрап жатыр. Алдына үш хатты қойдым. «Бұл не?» «Оқып шығыңыз». Оқыды. Бетіме қарады. Түсінбей отыр. «Мені осынша қорлайтындай мен не істеп қойдым сіздерге? Қытайдың тыңшысы болатындай мен не жақсылық көріппін? Қытайдан ата-анам не жақсылық көріпті? Неге осыны ойламайсыздар? Сіздің адамдарыңыз керемет сақтығымен мені Шұбарда ұстап отырған секілді. Анық солай дейтін болсаңыз бәстесейік, мен шекараның аржағынан сізге телефон шаламын, аңдып, ұстап көріңіздер мықты болсаңыздар. Керек болса ақшасын беремін, сіздің өзіңіздің офицерлеріңіз жеткізіп салады мені керек жеріме. Сатылмайтын не қалды бұл елде?» «Сен неге біздің қызметкердің бәрін сатқын дейсің?» Айқайласып қалдық екеуміз. «Мен жалпы жолын табатынымды айтып отырмын. Сіздің офицерлеріңіз болмаса басқа біреулер жеткізіп салады, сатылатын адам табылады. Маған бір жағдай болса осы үш хатты да жеріне жеткізеріме күмәніңіз болмасын. Мен өзім іздеп келген тарихи Отанымның, Кеңес өкіметінің артын ашпайын, мынадай маскара жай әлемге жайылмасын деп алдыңыздан өткелі келдім». «Не демекшісің сонымен маған?» «Менің сізден бір ғана өтінішім бар – анау сейфтен өрмекшінің торы басып кеткен менің жеке ісім жиналған папкіні алыңыз. Сөйтiңiз де қайта тергетiңiз. Сонау Алматы мен Көкшетаудан бастап Шымкентке дейiн iстiң әдiлдiгiне көз жүгiрткен бiр тергеушi болған жоқ. «Мысыққа ойын керек, тышқанға өлiм керек». Менiң тағдырым сiздер үшiн ойын. Әйтпесе, күрессем Қытай үкiметiмен күрестiм. Кеңес өкiметiмен күрескен жоқпын ғой?! Маған әдiл тергеуге көмектесемiн деп уәде берiңiз. Олай етпесеңiз не iстеу керектiгiн өзiм бiлемiн. Рас, мен өкiметтiк аппарат деген машина үшiн бiр құмырсқамын. Сiз де құмырсқасыз. Қорқыта алмаймын ешкiмдi. Олай ету ойымда да жоқ. Тек мен ажалыңнан да, азабыңнан да, ешнәрседен де қорықпайтын шекке жеткен, әбден ашынған адаммын».

Содан бір жыл төрт ай дегенде паспорт алатын болдым.

Сөйтсем, КГБ өзінің екі қызметкерін Ташкенттегі университеттің қытай тілі бөлімі бойынша стажировка өтетін аспиранты деген құжатпен Құлжаға жіберіпті. Олар сол жерде оқитын менің немере ініммен танысып, достасып алыпты. Біздің үйге барыпты. Орыстардың «мир - тесен» дегеніндей ол екі жігіттің біреуі Шұбардың қасындағы Тоқсансай деген ауылдың жігіті екен. Інім ағама деп хат жазып жіберіпті. Оны КГБ-ның бастықтары маған бергізбей қойған. Бұл жайлы әлгі жігіт «Әлекеңнен обал болды, інісінің хатын бере алмадым» деп әкесіне айтып отырған жерінен қарындасы естіп қалыпты. Ал, ол менің әйеліммен бірге кітапханада жұмыс істейді. Келіп менің әйеліме айтыпты. Міне, көрдіңіз бе, КГБ-ның құпиялары қалай ашылады!


*-Паспортыңызды алдыңыз ғой?*

-Жок. Бір күні екі «жаналғыш» үйге келді. «Сүйіншіңізді дайындаңыз, паспортыңызды алатын болдыңыз» деп. Мен айттым: «Сендердің алдарыңа қоятын бір шартым бар, соны орындасаңдар ғана аламын паспортты!»

*-Ініне кіре алмай жүріп құйрығына қалжауыр байлаған тышқан сияқты сізге «қайдағы шарт» деген жоқ па «жаналғыштарыңыз»?*

-Айтты оны. «Мен 16 жылдан бері өзімді кім сатқанын біле алмай, достарымның көзіне күмәнмен қарап келдім. Кім екенін білгім келгендегі мақсат – кек алу емес, ендігі қалған өмірімді күмәнсіз өткізгім келеді. Кім екенін айтып, менен кешірім сұрасаңдар ғана аламын паспортты. Олай етпесеңдер осы Шұбардан шықпай-ақ өмірден өтуге, анау төбеге барып жатуға белімді байлап қойған адаммын». «Ой, сіз қызықсыз ба, 37-жылғы ұстатқандардың да кім екені айтылмайды. Ұрпақтары жауласып кетпесін деген ой». «Менің айтқаным айтқан». «Онда әке-шешеніз мұнда келмейді». «Келмесе қойсын, о дүниеге барғанда жолығармыз». Кетті екеуі. Үш күннен кейін паспортты алып келіп тұр үйге. «Ақымақ болмаңыз, бәрібір айтымайды ол адамның аты сізге. Құжатыңызды алыңыз да ел қатарлы өмір сүріңіз». Мен де ойланып-ойланып отырып, айтарымды айттым ғой, алсам алайын дедім.





*Әкем Дәулетхан Шылбыұлы, шешем Жұмахан Қабылбекқызы.*



*Күнес орта мектебін тәмамдаған жылдан естелік, 1961 ж.*



*Шынжақ университетінің  
4 курс студенті, 1965 ж.*



*Жалынды жастық  
шақ. 1973 ж.*





*Жұбайым Мәриямгүл Орынбайқызымен, 1976 жс.*



*Жұбайым Мәриямгүлмен шаңырақ көтерген күн, 1976 жс.*



*Отбасымен бірге, 1990 ж.*



*Көкшетаудағы Қытайдан бері өткен Айтан, Әбілхақ, Балтабек, Ахмет, Қариялардың қойшылық өмір естелігі, 1971 ж.*





*Солдан оңға қарай: алдыңғы қатарда Қалибек Бабай, Қасымхан Уатхан. Артқы қатарда Әлімғазы Дәулетхан, Айтан Нүсіпхан. 1965 ж.*



*Шымкет пединститутында бірге оқыған курстестар, 1973 ж.*



*Айтан  
Нүсіпханов  
және Балқаш  
Аятаевпен  
бірге, 1974 ж.*



*Әйгілі  
сазгер Шәмші  
Қалдаяқов  
және Жолбарыс  
Сарбасовпен  
1987 ж.*



*Тарихшы  
Зардыхан  
Қинаятұлымен  
бірге,  
2008 ж.*





*Академик Оразақ Смағұловпен,  
2012 ж.*



*Этнограф Жағда Бабалақовпен  
бірге, 1973 ж.*

Ш. Уәлихановтың 175 жылдығына арналған  
“Ш. Уәлиханов: ғылыми мұрасы және қазіргі заман”  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
Көкшетау қаласы 2010 жыл, тамыз.



*Көкшетау, 2010 жылы тамыз*



*Ұлдары мен келіндері және  
немере-жесендері.*





## ҰСТАЗ БЕН ДОСТАРҒА ЖАРЫҒАН АДАММЫН МЕН

*-Құжатты алдыңыз, көңіліңіз жайланды. Енді жазуға отырдыңыз?*

-Жоқ. Мен ештеңе жаза алмадым. Өйткені, сол жасқа келіп, сонша өмір көрсем де мен ауыл тіршілігін білмейтін болып шықтым. Үй салу керек екен, мал ұстау керек екен, егін егу керек екен... Оның үстіне училищеде де үнемі мұрнымнан су жетпей жүретін. Қай мұғалім жоқ болса орнына мені қояды директор. Таңертеңнен кешке дейін болашақ трактористерге эстетиканы, қазақ тілі мен әдебиетін үйретумен мен жүремін. Файзуллаев деген бір есерсоқтау бала бар еді, сол маған «ағай, біз трактор айдаймыз ғой, әдебиеттің бізге не керегі бар?» деп қоймайтын...

Баракта тұрып екі балалы болдық. Өзіме үй салайын деген ой келді. Сөйтсем, өзбектер «үй сал!» деп бекер қарғамайды екен жек көрген адамын. Үйге төрт-бес жыл өмірім кетті. Ол екі ортада талай тартыс болды ғой, біреуінен Жетісайға ауысып кеткен Нұғмановтың көмегімен кқұтылдым. Оның қайсыбірін айта берерсің...

*-Осының бәрі жиылып жазуға отырғызбаған ғой сізді?*

-Ол да бар. Бәрінен бұрын мен тоқырауға, күйзеліске, үмітсіздікке ұшырадым. Оның үстіне тағы бір тәлкекке, соққыға тап болдым. Мен студент шағымнан бастап, Жағда Бабалықұлы, Айтан Нүсіпхан үшеуіміз Қытайдағы қазақ революционерлерінің осы жақтағыларымен кездестік. Әрқайсысымыз кіммен кездесетінімізді бөліп-бөліп алдық. Көп материал жинадық. Менде «Шығыс Түркістандағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпқа зерттеу мен тағы да сол елдің тағдырына байланған романға материалдар дайын болды. Бірақ, сол романым «қолды» болды. Қытайдан келген қандас жазушының біреуі ол романды басыбайлы иемденіп алған бүгінде.

*-Ғылымдағы жол қалай өрбін жатты?*

-Ол да жүре қоймады. Айтып отырмын ғой мен бір айқастан соң біреуіне тап болдым да жүрдім. 1988 жылы ауырып жатқан әкеме Құлжаға барғанда тонаушылармен төбелесемін деп көп ау-

ырдым. Ғылымның соңына түсуге 1989 жылы Алматыға келдім.

Ақырында сол кезде телеарнаның бастығы Ғаділбек Шалахметовке барып жұмысқа тұрдым. Басшылыққа 1992 жылы Шерхан Мұртаза ағамыз келді. Содан жеті ай үйде жұмыссыз отырдым. Өмірбаяндық кітабымның екі жүз бетін жазғанымда Мағжанға ауысып кеттім де бірнеше ай бойы тыпыр етпей соған шұқшидым. Жүз беттен астам «Мағжан және қазақ поэзиясы» деген мақалам «Жұлдыздың» 1994 жылғы 5-6 сандарында басылды. Сөйтіп жүргенде дүниежүзі қазақтары қауымдастығына жұмысқа тұрып, ол жерден де телеарнадағыдай айқаймен кеттім. Содан «Заман-Қазақстанға» жұмысқа тұрдым. Сол жерде Қойшығара Салғарин деген ағамыздан түрік тарихшысы Бахауддин Өгілдің «Ұлы ғұн империясы» деген екі томдық кітабын аудару туралы өтініш түсті. Аударуды мойныма алсам да қатты қиналдым. Кітаптың бұлақ көзінің бәрі түгел қытайдікі. Газеттің жұмысын істей жүріп бірінші томды тура бір жыл дегенде аударып шықтым. Екінші томға жүз күн уақытым кетті. Ырза болған Қойшекең «ғылыми орталық ашып жатырмын, Нүрекеңнің өзі бір миллион аударып берген «Жәрдем» деген қорым бар, маған жұмысқа келесің бе?» деді. Неге бармайын?! Бірақ соның аяғы созылып кетті. Бір күні сұрасам Қойшекең «мен саған айта алмай жүр едім, сенің құжаттарың Нұртай Абықаевты білетін бе едің, соның алдынан қайтты. Қайтқан себебі – сенің қытайлық болғандығың. Оның келгеніне отыз жыл болды ғой десем де айтқанымға көндіре алмадым» деді. Ғұн тарихына ғашық болғанымнан кандидаттықты содан қорғаймын деп екі жыл жүріп қалдым. Нәбижан Мұхаметханұлы секілді жігіттер «жұрт баспаған тың жерді игерсеңізші» деп, Түркеш қағанатынан қорғадым. Ақыл берген Нәбижан жинаған материалдарын беріп те көмектесті. Атасына рахмет!

*-Мынау бір ғалымдар арасында сирек кездесетін керемет үрдіс екен!*

-Яссауи институтына келген соң «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» деген үлкен дүние шығардық. Енді «Түркі халықтарының азат күресінің тарихы» деген сүбелі еңбекті еңсеріп жатырмыз. Мен Шығыс Түркістандағы азаттық қозғалысының тарихын жазып жатырмын. Мекемтас ағам «докторлық қорға» дейді. 150 беттік кандидаттық еңбек жазып, 89(!) бет құжат жинағаннан кейін ғылымнан бетім қайтып қалды.



*-Артыңызға бұрылсаңыз не көресіз?*

-Мен қатарынан бірнеше өмір сүрген секілдімін. Алпыстан асқан жасымда 5-6 формацияны бастан кешіппін. Бірде қашып, бірде қуып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп, өмірім өтіпті. Мен енді ғана пісіп-жетілген секілдімін. Бес-алты тілді меңгердім. Тарихтан да айта алар сөзім бар. Бірақ, менің алдымда енді 40-50 жыл өмір жоқ қой. Толысқан кезде, көз майынды тауысып жинаған бойындағы бар нәріңді берерге келген кезде еңіске құлдилап бастауың, денсаулықтың сыр бере бастауы жаныңа батады екен. Айтан бастаған керемет достарым болды менің. Адам боламын деген жігіт дос таба білуі керек екен...

*-«Құдаң - Құдайдан, досты өзің табасың» деген мақал да бар ғой.*

-Екіншіден, маңдайына ұлы Мұхаңның аспиранты болуды жазған, арын кіршіксіз таза ұстап өткен Әсілхан Оспанұлындай асыл адам бастаған, Әділ Ермековтей, Әбіш Байтанаевтай теңдессіз ұстаздарға жарыған адам болдым мен.

Үшіншіден, еркекті еркек ететін де, телпек ететін де әйелі. Мәриямға тап еткен тағдырыма ризамын. Оған жолықпасам өмір жолым мүлде басқаша болып кетуі мүмкін еді...

*Сұхбаттасқан:  
Өмірзақ АҚЖІПТ,  
«ЕВРАЗИЯ-KZ».*

*№49, (104) 8-желтоқсан 2006 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

### I БӨЛІМ

#### Әңгіме, повестер

Каникулда .....	4
Сырымды айтам .....	11
Арулы ағаш .....	45
Бесінші постулат .....	80
Гүл мен Ара .....	161
«Бозторғай» .....	163
Кілтсіз сандық .....	167
Ақша қар .....	178
Тұтқын жолаушы .....	182

### II БӨЛІМ

#### Естелік, эсселер

Дос туралы толғанғанда... ..	195
Өзі де от еді, отқа оранып кетті!.. ..	249
Шәкеннің орындалмаған бір арманы.....	276
Дархан талант иесі .....	284
«Цыган серенадасының» мен білетін қыры мен сыры .....	293
Өң мен түстің арасы... ..	302

### III БӨЛІМ

#### Сын – зерттеулер

«Соңғы көш» - тарих көші шежіресі .....	312
Мағжан және қазақ поэзиясы .....	327
Театр және көрермен .....	332
Қазақстандық синологтың еңбегі .....	340
Алаштың азаткер ақыны .....	342
Ұлттық сананың алтын тұғыры .....	359
Әсет Найманбай мен Шылбы-Әлімахұн Көбекұлының жазысқан өлең хаттары жөнінде .....	364

## **IV БӨЛІМ**

### **Мақалалар**

Бодандықты бұзған боздақтар .....	380
Араша, ағайын, араша! .....	384
Қорлықта қорлық, өз қорлық... ..	387
Үміт пен үрей .....	391
«Қазақ әдебиетін» мазақ әдебиетке айналдырғымыз келмейді» .....	395
Азат елдің асқақ әуені қайда? .....	401
Кеден – кеден болды, кедергі неден болды?... ..	410
Қазақтың Асқары... ..	413
Ақ – аққа құдай жақ .....	417
«Пантюркизм» шынымен де «құбыжық» па? .....	427

## **V БӨЛІМ**

### **Сұхбаттар**

Жалған тарих жасау – жалған ақша жасағанмен бірдей сорақы қылмыс .....	433
«Бірде жеңіп, бірде жеңіліп өмір сүрдім» .....	446

*Кітаптың шығуына жасаған азаматтық көмегі үшін  
кәсіпкер Сабыржан Мұхаметханұлына шексіз алғысымды  
білдіремін!*

*- Автор*



---

Басуға 13.09.2013 жылы қол қойылды.  
Форматы 84x108<sup>1/24</sup> Қағазы офсетті.  
Баспа табағы 29.  
Таралымы 300 дана.  
Тапсырыс №46.

**Әлімғазы Дәулетхан**

## **ТАРТУ**

---

Редакторы: Ғалым Қалибекұлы

Корректоры: Зәуірбекова Ұлжалғас Бексұлтанқызы

Көркемдеуші редакторы: Адал Манапов

Тех редакторы: Нүрила Әділбаева





## ӘЛІМҒАЗЫ ДӘУЛЕТХАН

1943 жылы ҚХР Іле қазақ автономиялы облысы Күнес ауданында туылған.

Шыңжаң университетінің қытай тіл-әдебиеті факультетін және Шымкент мемлекеттік педагогика институтының қазақ тіл-әдебиеті факультетін тәмамдаған.

Қазақ теле-радио комитетіне қарасты «Алатау» бағдарламасында редактор, еларалық «Заман-Қазақстан» газетінде аудармашы-тілші болып жұмыс істеді.

1997 жылдан бүгінге дейін ҚР ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих-этнология институтының «Ежелгі және орта ғасыр» бөлімінде жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп келеді.

«Түркеш қағанаты», «Ғұн-түрік-қазақ тарихы зерттеу мәселелері», «Шығыс Түркістан халықтары ұлт азаттық дәуірі әдебиеті», «Ежелгі түркілер» қатарлы монографиялары мен «Тарту» атты әдеби шығармасы жарық көрген.